Бастауыш сынып оқушыларын шығармашылыққа баулуда ең алдымен баланы шығармашылық іс-әрекетке қатыстыру үшін қажетті жағдай туғызу керек. М.Монтессори, Л.С.Выготский, Н.С.Лейтес және т.б. психологтардың айтуынша бастауыш саты жасындағы балалардың әуесқойлығы, қабылдағыштығы ерекше дамитын уақыт, сондықтан осы кезеңде оқушыларды шығармашылыққа баулу едәуір белсенді жүргізілуі қажет [5].

«Шығармашылық» ұғымына энциклопедиялық сөздікте «ешқашан бұрындары болмаған жаңа сапалы нәрсені тудырушы қызмет» деген анықтама берілген. Ал қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде «шығармашылық ойлаудың» субъективтік жаңа өнімнің жасалуымен және оны жасау жөніндегі танымдық іс-әрекеттің өзіндегі жаңа түзілімдермен сипатталатыны, бұл жаңа түзілімдердің мотивацияға, мақсаттарға, бағамдауларға, мағына-мәндерге қатыстылығы айтылады. Сонымен қатар, оның дайын білімдер мен біліктерді қолдану процестерінен, репродукциялық ойлаудан ерекшеленетіні де аталып өтеді. И.П.Волков шығармашылық ұғымын тереңдете келіп, бастауыш сынып оқушысы үшін шығармашылық деп «оқушы игерген білімін, білігін, әдістерін тиісті жерде қолдана отырып, баланың өзі үшін пайдалы және жаңалық болып есептелетін іс-әрекеттің нәтижесін» атауды ұсынады. Біз де осы анықтамаларды негізге ала отырып бастауыш сынып оқушысын шығармашылыққа баулу деп оқушыны қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың себеп-салдарларын өз бетімен түсіне білуге ұмтылуға итермелеу, оған қажетті жағдайлар тудыруды айтуды дұрыс көреміз. Жалпы педагогикалық әдебиеттерде оқушыларды шығармашылыққа баулу мәселесі бұрыннан қарастырылған. Мәселен, педагогика ғылымының негізін салушы Ян Амос Коменский «Ақылы өткір, білімге талапты, алғыр шәкірттер болады. Олар басқаларға қарағанда оқуға аса қабілетті, зерек болмақ. Ондай шәкірттерді ақылды түрде қолдап, асықпай, білім алуына, уақыттан озып, күшін ретсіз сарп етіп, қажырын кемітіп, қанатын қайырып алмасына жәрдемдесу» керектігін ескерткен қағидасы оқушының қиялына қозғау салатын адам ұстаз екендігін, ұстаздың да шығармашылық тұлға болуы қажеттілігін көрсетеді. Я.А.Коменскийдің идеяларын әрі қарай дамытушылар Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталлоци, А.Дистервег болды.

Шығармашылыққа баулу іс-әрекет үстінде дамиды. Тұлғаның даму процесінде шығармашылық белсенділіктің орын ерекше. Тұлғаның дамуы – адамның сандық және сапалық өзгерістерінің барысы мен нәтижесі. Даму нәтижесінде адам биологиялық түр және әлеуметтік тіршілік иесі ретінде жетіледі. Адамның биологиялық сипаты морфологиялық, биохимиялық, физиологиялық өзгерістерді қамтитын тән-дене дамуынан көрінеді. Ал әлеуметтік даму оның психикалық, рухани, интеллектуалдық кемелденуінен байқалады. Іс-әрекет барысында адамның жан-жақты және біртұтас тұлғалық дамуы жүріп жатады, оның қоршаған дүниеге көзқарасы, қарым-қатынасы қалыптасады. Балалар іс-әрекетінің негізгі түрлері – ойын, оқу, еңбек [6].

Мектеп оқушыларының шығармашылық қызығушылығын қалыптастыру өте маңызды, күрделі және көп салалы мәселе болып есептеледі. Шығармашылық дегеніміз – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу

үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен саналы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі [7].

Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, оны шығармашылыққа баулу әсіресе оқу барысында белсенді жүргізіледі. Ол шығармашылық қабілетке ие оқушының іс-әрекетінен байқалады. Шығармашылық қабілеттің белгілері қандай? Жалпы, шығармашылық қабілет туа пайда бола ма? Осындай сұрақтарға жауап алу үшін бірнеше пікірлерді салыстырып қарау қажет. М.Мұқанов, Қ.Жарықбаевтар нышан мен қабілеттің бір-бірінен ерекшелігін ескеру қажеттігін көрсетеді. М.Мұқанов нышан адамда іштен туа пайда болатын нерв жүйесінің кейбір анализаторларының ерекшеліктері екендігін дәлелдей келіп, нышанды тұқым себумен салыстырады. Себілген тұқымның өсуі топыраққа, ылғалға және күн нұрына байланысты. Өсудің бұл түрін қабілеттің даму процесімен ұқсастыруға болады.

Шығармашылық процеске даярлауды мектеп қабырғасында жүзеге асыру мәселесі педагог-ғалымдардың назарында болды. Білім беру жүйесінің негізгі міндеттері ретінде қоршаған әлемді шығармашылықпен қабылдауды дамыту үшін қажетті өз бетінше ойлана алатын мектеп оқушыларын қалыптастыру қарастырылды. XX ғасырдың 70-жылдарында мектеп оқушыларын проблемалық оқытуды ұйымдастыру тәжірибеде жүзеге асырыла бастады. Н.Г.Алексеев пен Э.Г.Юдин оқытудың проблемалық түрде ұйымдастырылуы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруды бірден жақсартады деп санады. Ол жөнінде ізденушілер: «Бұл жердегі ең қажетті мәселе мынада: оқытуда зерттеу әдісін қолдану талап етіледі. Оқушылар негізгі ғылымға байланысты дайын білімнің жиынтығын біліп қана қоймауы керек. Оқушылар оқытушының басқаруымен білімді немесе оның қажетті элементтерін өз беттерінше игере алуы керек жағдайда болуы қажет. Бұл өз кезегінде оқытуды ұйымдастыру процесінде оқушылар алдына жаңа мәселелерді үздіксіз қойып, оларды біртіндеп қиындату процесіне айналдыруды көздейді. Басқаша айтқанда, оқыту процесінің құрылымын проблемалық жағдаяттар құрайтын болады. Сондықтан да бұл тәсіл осылай аталады», - деп жазды [8].

XXI ғасыр білімін адамның шығармашылық қызығушылықтарының дамуы, оның өзінің жеке тұлғалық дамуы деп түсіну қажет. Бұл - әр адамның өзін-өзі жасампаздықпен қайта құра алуы, қоғамдық талаптар тұрғысынан өзіне сыни баға бере алуы, айналаны өзгертуге қатыса алуы. Білім арқылы адамның интеллектуалдық, рухани күші артып, жеке тұлғасы қалыптасады. Шығармашылық қызығушылық әлеуеттің дамуы жаңашылдықтың қажеттілігін сезіну арқылы, оған деген өзінің сенімдерін қалыптастыру арқылы көрінеді де, өз білімін, танымын кеңейтуге негіз болады.

Оқушының шығармашыл тұлғасын қарастыру оның көптеген сапалық қасиеттерінен тұрады:

1) *когнитивтік (танымдық) сапалары* – қоршаған әлемді түсінуі, құбылыстардың мәнін білуге ұмтылуы, танымдық ынтасының тұрақтылығы т.б.

2) *креативтілік (шығармашылық) сапалары* – ойлау белсенділігі, шығармашылық шабыт, қиял, болжай білу, ой тереңдігі, қарама-қайшылықтарды көре білу немесе сезу; өзекті мәселені табу; шығармашылық қызығушылығының тұрақтылығы т.б.;

3) *әдіснамалық (ұйымдастырушылық) сапалар* – тапсырманың мақсаты мен мәнін түсіну, мақсатқа жетуде іс-әрекетті оңтайлы ұйымдастыру, нәтижеге жетудегі табандылық, рефлексиялық ой-санасы, коммуникативтік қабілеттері т.б.

Шығармашылық іс-әрекетке деген ынта-ықыласты оятуда мынадай оқыту қызметтерінің маңызы зор: оқудағы жетістікті қамтамасыз ету; оқыту формаларының түрлерін жетілдіру, оқу материалының мазмұнын оқушылардың ерекшеліктеріне сәйкес құру, білімді меңгерудің әдіс-тәсілдерін оңтайландыру, жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану, мұғалім мен оқушының жағымды ықпалды әрекеттерін жетілдіру, шығармашылық оқытуды кеңінен пайдалану т.б.

Бүгінгі бастауыш мектебінде оқу әрекеті басым. Сабақтарда әсіресе тіл және математикадан оқушылар үнемі білімдік жаттығулар типтес есептер шығарумен айналысады.

Әрине мұндай жағдайды қанағаттанарлық деп айтуға болмайды. Мұндай жаттығулар орындау, бір шешім іздену, оны өз күшін байқау мүмкіндігінен айырады. Ал ілуде бір кездесіп қалатын тыс жаттығулар тек өте жақсы оқушылардың орындауы үшін беріледі, өйткені ол бірақ бала үшін міндетті тапсырма емес.

Біздің ойымызша бүгінгі бастауыш сынып оқушыларының кез келгені шығармашылық тапсырмалар шешуді табыспен меңгере алады. Ол үшін мына төмендегі шарттар орындалуы тиіс:

Біріншіден, баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту ісін ерте бастан қолға алу. Мысалы біз тіл үйрету үшін баланың туған сәтінен бастап сөйлесе бастаймыз. Немесе музыканттар жан-ұясында үнемі музыка естіп өскен баланың сол өнерге қабілеті өте ерте ашылады. Осыны басқа қабілеттер дамытуға пайдалануға болады.

Екіншіден, баланың жүйелі, тұрақты ұйымдастырылған шығармашылық әрекеттер, жағдайында болуы. Ерекше ойды талап ететін әлеуметтік қарым-қатынастар шығармашылық қабілеттер дамытуға тиімді әсер етеді деп ойлаймыз.

Үшіншіден, шығармашылық жұмыстар баланың ойлау мүмкіндігінің ең жоғарғы деңгейіне жетуі керек. Күн асқан сайын ол деңгей биіктей беретіндей болуы қажет. Осындай тынымсыз ой қызметі ғана бала дамуына үлкен нәтиже береді.

Төртіншіден, және ең негізгі шарт-бала әрекеттің әр түрімен айналысуға, тыңдауына деген еркіндігінің болуы. Баланың жұмыс пен айналысуға деген қызығушылығы, қанша уақыт айналысамын десе де өз еркі болуы керек. Мұндай қызығушылық, қажеттілік, табысқа жетудің бірден-бір кепілі болып табылады. Бірақ балаға берілетін еркіндік үлкеннің, қамқорлығын, көмегін талап етеді. Міне, бұдан шығармашылық қабілеттер дамытудың бесінші шарты шығады. Сондықтан мұғалімдерге оқушылардың мектепте оқып жүрген кезінде олардың ойлау белсенділігін дамытып, білім мен біліктерін өмірдің жаңа жағдайында пайдалана білуге үйрету қажеттілігі туындайды. Бұл міндеттердің жүзеге асуы оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін оңтайлы ұйымдастыруға тікелей байланысты. Шығармашылық танымдық іс-әрекет нәтижесі болып табылады. Танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру мәселесі бойынша зерттеу жұмыстарын ғалымдар А.Әбілқасымова, Р.Омарова, С.Смаилов, Ж.Караев, С.Бағалиева, Т.Сабыров және т.б. жүргізгені белгілі.

Бастауыш сынып оқушылары шығармашылыққа баулу әдістемесін жүзеге асыру бастауыш сыныптар мұғалімдерінің бұл істі дұрыс ұйымдастыра алуымен тікелей байланысты. Сондықтан, шығармашылық іс-әрекетін жүргізуге, оқушыларды шығармашылыққа баулуға болашақ мамандарды даярлау өз алдына жеке, өзекті мәселе болып табылады.

Осыған орай, бұл тақырыпта болашақта психологиялық эксперименталдық әдістердің көмегімен зерттеу жұмысы, мақсат ретінде қойылды. Себебі дарынды, бәсекеге қабілетті тұлғаларды оқытып, психологиялық тұрғыда қалыптастыру, қандай аспектілерге көңіл бөлу керектігін қажет етеді. Сол себепті, бұл тақырыпты эксперименталдық сипатта өрбіту жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қоянбаев Н.П. Педагогика. – Алматы, 2003. – 154 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Әлеуметтік –экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты мақсаты. Қазақстан халқына жолдауы. - Астана, 2012. – 7 б.
3. Мұқанов М.М. Ақыл-ой өрісі. – Алматы: Жазушы, 1989. – 171 б.
4. Кішібаева Д.Ж. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін пәнаралық байланыс негізінде қалыптастыру. – Шымкент, 2006. – 142 б.
5. Фридман Л.М., Кулагина И.Ю. Психологический справочник учителя. - М.: Просвещение, 1991. – С.124.
6. Альтшуллер Г.С. Творчество как точная наука. -М.: Советское радио, 1979. - 179 с.
7. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. - М.: Просвещение. 1987. – 256 с.
8. Абульханова-Славская К.А. Структура совместной деятельности. – М.: Наука, 1988. – 24 с.

Султанова Г.А.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ОҚУ ЖҮЙЕСІНДЕ ПРОГРАММАЛЫҚ ҚАМСЫЗДАНДЫРУДЫ ҚҰРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Компьютердің дамыған уақытында кез-келген кәсіпорындар ресурстарға қойылатын жоғары талаптардан тұратын мәселелерді шешу үшін пайдаланылатын деректердің көлемдерінің ұлғаюымен және ақпараттық жүйелердің күрделілігінің артуымен байланысты мәселелерге жолығуда. Жүйелердің бір қалыпты жұмысты атқару үшін, есептеу инфрақұрылымының жұмыстарын оңтайландыруға және қолдап отыруға бағытталған тиімді программалық қамтамасыз етудің бар болуы тиіс. Ақпаратты қолдануда программалық қамсыздандыруға, программалық өнімдерге, құралдарына қойылатын талаптар өте көп. Осыған байланысты сенімділік, жедел жұмысты орындау, мүмкіншіліктерді барынша қолдану, құжаттың толық болуы, даму мүмкіндіктері секілді қажеттіліктер программаны толық қамтамасыз ете алмауы мүмкін емес.

Ең алдымен, негізгі терминдер мен анықтамаларды қарастырып өтейік. Техникалық сөздікте технология сөзі грек тілінен «techne» өнер, шеберлік, ал «логия» сөзін ширек мағынада алатын болсақ өнім өндіру әдістері, оны жасау, құрастыру, жағдайдың өзгерісі, материалдардан дайын өнім алу үшін қолданылатын үрдістер делінген. Ғылыми тілде айтатын болсақ, «шикізатқа» әсер ету тәсілдері, өндірістің жұмыстарына сәйкес келетін материалдар мен жартылай материалдар және жартылай фабрикаттар дейміз. Энциклопедиялық сөздікте технология ғылымының тапсырмасы мен қорытындысын физикалық, химиялық, механикалық және т.б заңдылықтарда анықтамалық және өндірістік үрдістер кезінде тәжірибе жүзінде шынайы экономикалық тиімді жолын табу болып табылады. Түсіндірме сөздігінде технология – “белгілі бір салада өндірілетін үрдістердің кешені, сонымен қатар өндіріс тәсілдерінің ғылыми түсіндірмесі” делінген [1].

Сонымен, аталған түсініктемелер негізінде программа құру технология түсінігін барлық технологиялық үрдістердің ортақтасуы, бұл программаның құжаттылығын басталатындығын ұғынуға мәжбүрлейді. Әрбір үрдіс кейбір әдістер мен құралдарды қолданумен негізделеді. Көптеген әдебиеттерде басқа да технология мен программалау жайлы түсініктер кездеседі. Сонымен қатар программалық инженерия түсінігі өндіріске жақын, яғни программа әзірлеуге жүйелік тәсілде пайдалану, программалық құралдарды құру және жою мағынасына сәйкес келеді. Программалау технологиясында мен инженерияның оқу пәні негізіндегі айырмашылығы, тану мен материалды жүйелеу болып табылады. Программалау технологияда және инженерияда ең алдымен барлық әдістері мен тәсілдері және программалық құралдардың қажеттеліктері орындалады. Негізгі талап программалық құралдар құру үрдісін құру және олардың құрылу реті мен орындалу құралдарына қойылады. Екі жағдайда да қажет тәсілдер қолданылса да оларды шатастыруға болмайды.

Бұл жағдайда сенімділік программалық құралдардың ең қажетті ерекшелігі деген мағынада қолданылады. Программалау технологиясын программалық құралдардың технологиясы ретінде қарастырамыз, ал программалық кескіндемесі адам ойынан құрастырылады. Сонымен, соңында технология өнімі негізінде сенімді программалық әдіс пайда болды. Алдыңғы айтылған қажеттіліктердің барлығы өнім өндіруде, программа дайындауға қолданылады. Белгілі бір программалық өнім құру кезіндегі басты мақсат бұл программаның сенімді, жүйелі, өмір сүруі ұзақ болуға негізделеді [2].

Программалық қамсыздандыруды құру технологиясы бұл компьютерлерде тиімді және сенімді жұмыс істейтін, үнемді программалық қамсыздандыру құру үшін инженерлік

принциптер жүйесі. Программалық қамсыздандыруды құру технологиясында рәсімдері және құрылғылары болып бөлінеді. Келесі әдістер мәселені шешуде қамтамасыз етеді:

- жоспарлау және жоба құны;
- жүйелік және программалық талаптарды талдау;
- деректердің және программаның құрылымын, алгоритімін жобалау;
- кодтау;
- тестілеу;
- жеткізу.

Программалық қамсыздандыруды құру технологиясында сайман құрылғылары автоматтандырылған немесе автоматты түрде қолдау көрсететін әдістерді қамтамасыз етеді. Сайман құрылғылары программалық қамсыздандыруда автоматтандырылған кескіндеме жүйесіне қосылуы мүмкін.

Қолданушыларға программалық қамсыздандырудың құрылуы мен кеңінен қолдану негізіне, оны басынан бастап қолдану мен қолданыстан шыққанға дейінгі жағдайына әсер ететін құрылу моделі және өмірлік циклі жатады. Программалық өнімнің мезгіл сайын қайталанатын өңдеу, енгізу және даму үрдісі оның өмірлік циклы дейміз. Программалық қамсыздандырудың қазіргі замағы нарығы программалық қамсыздандырудың тез және сапалы болуын, ал оның ары қарай іске асуы ұзақ мерзімді және сенімді болуын талап етеді. Осыған жету үшін программалық өнімнің өмірлік циклын жақсы ұйымдастыру және ұқыпты жоспарлау керек [2]. Өмірлік циклінің бірнеше модельдері бар және олардың әр қайсысының өзіндік әдістемесі болады. Сонымен қатар өмірлік циклінің өзіне тән бес кезеңі бар және олардың арасындағы модельдері мен қорытындылары тығыз байланысты. Әрбір кезеңнің атауы мен қысқаша мазмұнына тоқталайық:

1. Техникалық тапсырма:
 - тапсырма қойылымы;
 - тиімділік критерияларын таңдау;
 - ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу;
 - техникалық тапсырманы өңдеу.
2. Сызбалық жоба
 - кіріс және шығыс деректерінің құрылымы;
 - тәсілдердің шешімін анықтау;
 - жалпы алгоритм;
 - сызба жобасының құжатын өңдеу.
3. Техникалық жоба:
 - кіріс және шығыс деректерінің құрылымын анықтау;
 - алгоритмдерді өңдеу;
 - деректер формасы;
 - тілдің семантикасы және синтаксисі;
 - программа құрылымы;
 - техникалық құралдар кескіндемесі;
 - жұмыс жоспары.
4. Жұмыс жобасы
 - программалау;
 - құжаттардың құрылуы;
 - сынақтан өткізу үшін жобаны дайындау және жүргізу;
 - сынақтың нәтижесі бойынша құжаттарды және программаларды түзету.
5. Енгізу
 - жолдау үшін құжаттар мен программаларды жеткізу;
 - актілерді рәсімдеу;

– алгоритм және программа қорына жеткізу [2].

Жоғарыда аталған кезеңдерге сүйене отырып программаны қамсыздандыруды құруға мүмкіндік алынады. Аталған бес кезеңді орындай келе, жұмыстың нәтижесінде белгілі бір дайын программалық орта алынады.

Нәтижеде программалық қамсыздандыруды құру үрдісінде мамандар немесе ұйымдастырушылар кәсіби ойлау қабілеттері біршама жоғары деңгейде қалыптасады. Программалық қамсыздандыруды құру тиімділігін талдау және жобалау, іске асыру және де оның сапасын бағалау деген сияқты дағдылары қалыптасады. Сонымен қатар, программалық өнімнің жобалау және шығару әдістері, құру принциптері, программалық қамсыздандыруды қолдайтын сайман құрылғыларымен жұмысты қабылауы және құрылымы, программалық қамсыздандыруды құрушылар ұжымында жұмысты ұйымдастыру әдістері қалыптасады. Программалық қамсыздандыруды құруды жетілдіру еңбек нарығында аса қажет. Программалық қамсыздандыруды құруды жобалаудың және жетілдірудің күрделі мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін кәсіби білім мен машықтарға қол жеткізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рудаков А.В., Технология разработки программных продуктов. СПб.: Академия, 2006. – с.208.
2. Гагарина Л.В., Кокорева Е.В., Виснадул Б.Д., Технология разработки программного обеспечения. Учебное пособие / под.ред. Л.В. Гагариной. СПб.: ИД «ФОРУМ», ИНФРА-М, 2012. –с.400.

УДК 004.588

Тюлепбердинова Г.А., Исабаева С.Н.

Египетский университет исламской культуры «Нур-Мубарак», г. Алматы

РОЛЬ ДИСЦИПЛИНЫ «ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ» ПРИ ПОДГОТОВКЕ ПОЛИЯЗЫЧНЫХ КАДРОВ

Поскольку одним из существенных направлений модернизации системы подготовки инновационных кадров является подготовка полиязычных кадров для нашего государства, то и стало основанием для смены парадигмы образования, которая уходит своими корнями в систему образования Казахстана, позиционировавшуюся как «Знания, умения, навыки», к парадигме компетентного подхода. Этому фактору также способствуют перемены жизненного уклада всего общества, где рыночные отношения делают актуальным вопрос постоянного саморазвития уровня подготовки специалиста после окончания вуза.

Особенно это проявляется в сфере информационно-коммуникационных технологий как в наиболее динамично развивающейся отрасли. В этой связи следует отметить, что система профессионального образования должна не только давать знания, умения и навыки, но и формировать личность специалиста таким образом, чтобы он был способен поддерживать необходимый уровень своей компетентности в профессиональной деятельности, путем постоянного саморазвития и адаптации к тем реалиям, которые диктуют рынок, общество и технологии.

В исследованиях работ В.И. Звонникова, М.Б. Чельшевой и др. отмечается, что в основе компетентного подхода заложена ориентация «свободного развития человека», основанная на творческой инициативе личности и профессиональном саморазвитии, что должно впоследствии повысить конкурентоспособность и мобильность специалиста на сегодняшнем рынке труда [2, 8].

Вышесказанное свидетельствует об актуальности вопросов формирования у студентов-бакалавров профессионального обучения таких качеств и компетенций, необходимых, с одной стороны, для ведения профессиональной деятельности

непосредственно в области информатики, информатизации, педагогики и т.д., с другой стороны, необходимо сформировать компетенции, ориентированные на воспитание профессионального саморазвития личности будущих специалистов. Для этого необходимо развивать компетенции личностного характера, которые в дальнейшем могут способствовать формированию новых компетенций, необходимых для поддержания конкурентоспособности специалиста в выбранной сфере деятельности, либо для получения смежной квалификации.

Сущность понятия «компетенции личностного характера» отражено как надсистемные компетенции или метакомпетенции. По нашему мнению, на воспитание профессионального саморазвития личности оказывают влияние такие метакомпетенции, как самопознание и самореализация.

Мы считаем, что выделенные метакомпетенции составляют мотивационную часть организации учебного процесса и проявляют себя на протяжении всего учебного процесса, который может проявляться как в одной дисциплине, цикле дисциплин, так и обучении в целом, в то время как профессиональные компетенции формируются ближе к окончанию учебного процесса. С этой позиции метакомпетенции можно рассматривать как фактор, способствующий формированию профессиональных компетенций.

Проведенный анализ определений и понятий «самопознание» и «самореализация», представленных в педагогической литературе, позволяет нам вывести следующие определения – метакомпетенция, самосознание представляет собой осознание и накопление потенциала личности студента в предстоящей профессиональной деятельности, которая формируется через такие компоненты, как самообразование, самоорганизация и самовоспитание личности. Накапливаемый потенциал личности формирует некий фундамент, от «прочности» которого зависит качество и многообразие формируемых в дальнейшем профессиональных компетенций.

Метакомпетенция самореализация – является продолжением самопознания, проявляющаяся в реализации накопленного потенциала личности студента, через самовыражение и самоутверждение. Самовыражение протекает в тесной связи с формированием профессиональных компетенций, и чем лучше сформированы компетенции, тем выше будет самовыражение. По мере того как крепнут профессиональные компетенции, возрастает и самоутверждение.

В рамках поставленной задачи исследования нами определено, что формирование метакомпетенции самореализация в свою очередь открывает дальнейшие перспективы для саморазвития личности, генерируя процессы самопознания. Таким образом, сформированные метакомпетенции на одной дисциплине способствуют формированию компетенций на другой смежной или продолжающей цикл дисциплине, проявляя метапредметную функцию.

В соответствии с учебным планом задачей дисциплины «Информационно-коммуникационные технологии» становится формирование общекультурных и профессиональных компетенций, таких как – способность осуществлять подготовку и редактирование текстов, отражающих вопросы профессионально-педагогической деятельности; – способность самостоятельно работать на компьютере (элементарные навыки); – готовность к применению технологий формирования креативных способностей при подготовке специалистов; – способность проектировать и оснащать образовательно-пространственную среду для теоретического и практического обучения специалистов.

Анализируя компетенции, которые должны быть сформированы на выходе дисциплины «Информационно-коммуникационные технологии», можно заключить, что компетенции могут быть сформированы генерацией когнитивных процессов, организованных во время аудиторных занятий, по традиционной форме обучения. Однако, чтобы сформировать компетенции, традиционных форм обучения будет недостаточно, так как для их формирования необходимы методы, генерирующие стратегическое мышление или метакогнитивные процессы не только на аудиторных занятиях, но и при выполнении самостоятельной работы.

Содержание рабочей программы дисциплины при применении метода проектов вносит свои специфические коррективы, каковыми являются такие особенности, как организация самостоятельной работы студентов таким образом, чтобы проектирование не имело хаотичный характер, а поддавалось отслеживанию траектории выполнения проектов преподавателем, при этом нужно «вооружить» студентов необходимым инструментарием.

Для этого при разработке содержания рабочей программы дисциплины «Информационно-коммуникационные технологии» была произведена инверсия модулей таким образом, чтобы в начале изучаемой дисциплины можно было ознакомить студентов с инструментами для дальнейших разработок проектов. В качестве инструментов применяются: облачные технологии, технологии создания презентационного материала и технологии создания электронных конспектов. После чего идет классический перечень тем изучения дисциплины, однако построенных на основе метода проектов, то есть студенты при изучении какой-либо темы самостоятельно, но под контролем преподавателя изучают её, разрабатывая электронный конспект, презентационный материал и размещают его на своих облачных ресурсах. Затем на «догоняющих» аудиторных занятиях идет обсуждение самостоятельно изученного материала.

Облачные технологии в основном применяются как облачные хранилища файлов и папок проектов студентов. Удобство технологии связано еще и с тем, что есть возможность ведения мониторинга на какой стадии находится проект студента путем предоставления доступа к файлам и папкам различным пользователям. Эта же особенность дает возможность сбалансировать уровень группы студентов путем ознакомления отстающих студентов с материалом успевающих студентов. Кроме того, некоторые поставщики облачных ресурсов предоставляют услугу SaaS или предоставление программного обеспечения как сервис, что дает возможность использования офисных программ в режимах многопользовательского доступа и режиме on-line.

Технология создания сайта при помощи конструктора позволяет создавать свои персональные сайты без затрачивания времени на изучение технологий web-программирования. Для студентов первых курсов изучение этой технологии будет первым шагом для изучения таких дисциплин, как web-дизайн и web-программирование, а также созданный персональный сайт будет служить в качестве электронного портфолио студента, на котором будут размещаться все завершённые электронные конспекты, презентационные и рабочие материалы.

Вышеописанные технологии позволяют осуществить связь «студент – преподаватель», что существенно повышает контроль за выполнением заданий. Кроме того, эти технологии «вооружают» студентов новыми инструментами, которые за счет предоставленного удобства в использовании и генерируя интерес к новому могут использоваться в дальнейшем при обучении или в профессиональной деятельности.

Для закрепления теоретического материала используется методика, в основе которой заложена идея представления теоретического материала в виде опорных сигналов. Студенты сначала знакомят с технологией опорных сигналов, а затем сами структурируют изученный материал, публикуя его на своем сайте и размещая в облачных ресурсах.

При создании презентационного материала студентам сначала представляются рекомендуемые преподавателем различные технологии, позволяющие разрабатывать презентационные материалы. Затем дается задание самим найти и изучить одну или более альтернативных технологий с последующей разработкой на их основе презентационных материалов. Все разрабатываемые материалы размещаются в облачных ресурсах, а готовые демонстрируются на персональном сайте.

Таким образом, студенты в течение обучения данного предмета выполняют несколько индивидуальных проектов с последующей защитой каждого проекта.

Защита проектов проходит в виде доклада по какой-либо теме с демонстрацией своих разработок, в которые входит: персональный сайт, опорные конспекты и презентационный материал.

Выполнение проектов оценивается по балльно-рейтинговой системе. Это дает определенные преимущества по расстановке приоритетов при распределении учебной нагрузки студентов.

По дисциплине «Информационно-коммуникационные технологии» баллы распределены таким образом, чтобы простимулировать самостоятельную работу студентов и их активность на аудиторных занятиях. Самостоятельная работа студентов стимулируется установкой временных рамок по выполнению различных заданий, при этом качество выполнения работ оценивается группой студентов. Активность на аудиторных занятиях стимулируется путем поощрения участвующих в обсуждении студентов.

Установка на приоритет изучения материала самостоятельно генерирует процессы формирования метакомпетенции самопознания. Самопознание формируется за счет существенного увеличения времени, затрачиваемого на самоподготовку. При этом установленные критерии позволяют студентам самоорганизовать свое время, затрачиваемое на выполнение заданий. С каждым последующим заданием чередование процессов самоподготовки и самоорганизации приводит к более рациональному использованию затрачиваемого времени на его реализацию. Таким образом, проходя неоднократный цикл, эти процессы приводят к самовоспитанию личности студента. По истечению какого-то времени начинает формироваться метакомпетенция самопознание, выражаясь в возникновении целеполагания на приобретение студентами профессиональных компетенций.

По мере постепенного формирования профессиональных компетенций начинает выделяться формирование метакомпетенции самореализация. Самореализация накопленного потенциала находит свое отражение в самовыражении при демонстрации выполненного задания или проекта. При этом оценивание выполненной работы группой студентов приводит к генерации метакогнитивных процессов, направленных на личностное саморазвитие студента для формирования профессиональных компетенций. Те студенты, чьи работы нашли хороший отклик в аудитории, начинают самоутверждаться, проявляется это в выполнении еще лучших работ. Таким образом, по мере накопления опыта в самостоятельном изучении материала и адаптировавшись под построение аудиторных занятий, студенты начинают «раскрывать» свой потенциал, постепенно формируя метакомпетенцию самореализация.

В свою очередь, чем лучше самореализовалась личность студента на дисциплине «Информационно-коммуникационные технологии», тем увереннее будет формироваться метакомпетенция самопознание при изучении более сложных профессиональных дисциплин.

Благодаря применению метода проектов, качество сформированных компетенций студентов существенно повысилось и решило дилемму применения концепции «Чему учить по дисциплине «Информационно-коммуникационные технологии» – информационным технологиям или базовым знаниям информатики?». Ответ стал очевиден – надо учить базовым знаниям информатики при помощи информационных технологий.

Подводя итоги, приходим к выводу о целесообразности применения методики обучения на основе метода проектов для формирования метакомпетенций, позволяющих систематизировать мотивационную составляющую компетентностной модели обучения.

ЛИТЕРАТУРА

1. Николаев А.М. Методика формирования метакомпетенций у студентов-бакалавров по дисциплине «Информатика» на основе метода проектов // Современные наукоемкие технологии. – 2015. – № 9. – С. 158-161;
2. Тюлепбердинова Г.А., Жусупова А.Б. Информатизация системы технического и профессионального образования// Материалы научно-практической конференции «информационно-коммуникационные технологии в образовании взрослых» Алматы 19-20 мая 2011 года, С. 192-193.
3. Тюлепбердинова Г.А., Унайбаева Р.К. Особенности подготовки специалистов технического образования // Материалы научно-практической конференции

УДК 681.3

Сладкова М.Ю., Махатова В.Е., Бекбаева З.А.
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ

Мультимедиа термині латын тілінің “multy” (көп) және “media” (орта) деген сөздерінің бірігуінен құралған екендігі белгілі. Сондықтан да, мультимедиялық жүйеге арналған оқулықтарды, ғылыми еңбектерді саралай келе бұл терминге “Ақпараттық орта” деген мағына беруге болады. Ал, ақпараттық орта түсінігін белгілі бір ортада ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы ақпаратты ұсыну мен өңдеуге бағытталған арнайы ұйымдастырылған процесс деп қабылдай аламыз.

Қазіргі таңда мультимедиаға зерттеуші ғалымдар түрліше анықтама береді, атап айтсақ:

Мультимедиа - әртүрлі типті ақпараттарды компьютердің ұсыну мүмкіндігін дамытатын және адамның мультисенсорлық табиғатына негізделген технология (D.Little).

Мультимедиа - екі не одан да көп типті ақпараттарды интерактивті формада біріктіру (D.H.Jonassen).

Мультимедиа - әртүрлі формада ұсынылған ақпараттарды біріктіруге мүмкіндік беретін компьютердің аппараттық және бағдарламалық құралдары кешені (И.И.Косенко).

Мультимедиа - графика, гипермәтін, дыбыс, анимация, бейнемәліметтерді пайдалануға мүмкіндік туғызатын аппаратты-бағдарламалық құрал (И.Вернер).

Осы орайда, мультимедиаға және оған қатысты ұғымдарға өздігімізше анықтама бере кетейік.

Мультимедиа - компьютерлік графикамен, суреттермен, бейнеақпараттармен, анимациямен, мәтіндермен, жоғары сапалы дыбыстармен жұмыс істеуді қамтамасыз ететін интерактивті жүйе.

Кез-келген қарым-қатынас тілінде әртүрлі мағынада қолданылатын сөздер бар. Сол секілді «Мультимедиа» сөзін де бірнеше мағынада қолдана аламыз.

Яғни, мультимедиа –

- әртүрлі типті ақпараттарды өңдейтін құралдарды жасаудың, пайдаланудың тәртібін анықтайтын технология;
- әртүрлі типті ақпараттарды өңдеу мен ұсыну технологиясы негізінде құрылған ақпараттық ресурс;
- түрлі типті ақпараттарды өңдеу мен ұсынуға мүмкіндік беретін компьютерлік бағдарламалық жабдық;
- пайдаланушыға барынша тиімді әсер ету мақсатында түрлі бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдаланатын ақпараттық технологиялар спектрі.


Мультимедиялық технологиялар - әртүрлі типті мәліметтерді дайындау, өңдеу, біріктіру, ұсыну әрекеттерін аппараттық және бағдарламалық жабдықтарды пайдалану арқылы жүзеге асыратын технологиялар (әдістер мен тәсілдер) жиынтығы.

Білім берудегі мультимедиа - біріншіден, таным процесінің жоғарылауына септігін тигізетін, екіншіден, білім беру мазмұнын интерактивті формада ұсынатын дидактикалық аппаратты-бағдарламалық құрал.

Мультимедияның бағдарламалық құралдары – кез-келген типті ақпаратты интерактивті режимде пайдалануға мүмкіндік беретін компьютердің бағдарламалық жабдықтары.

Мультимедиалық ресурстар - мультимедиалық құралдар және арнайы бағдарламалық жабдықтар көмегімен дайындалған ақпараттық өнімдер.

Мультимедианың дамуы бейнетехникалық және дербес компьютерлік технологиялардың өркендеуі нәтижесінде жүзеге асуда. Мультимедиа статикалық (мәтіндік, кестелік, графиктік) және динамикалық (анимациялық, бейнелік), дыбыстық ақпараттарды талапқа сай дәрежеде ұсынуды іске асырады. Оның жалпы сипатын 1-ші суреттегідей бейнелей аламыз.



Сурет 1 - Мультимедианы құрайтын әртүрлі типті ақпараттар

Мультимедиа түрліше ақпаратты ұсынудың немесе пайдаланудың әртүрлі әдістерін қолдануға мүмкіндік береді. Біз қазіргі күнге дейін мультимедианың кейбір түрлерін күнделікті тұрмыста қолданып келдік. Мысалы, бейне-сабақтар - мультимедианың құрамдас бөлігі. Бейне-сабақтарды қолдану мен презентацияларды демонстрациялау оқу құралы ретінде қиялды, абстрактілі ойлауды, оқытылатын оқу материалына және пәнге қызығушылықты арттырады. Презентациялар бір жағынан оқушыларға жаңа материалды (иллюстрация, фотосуреттер, бейнелік, дидактикалық материалдар, т.с.с.) көрнекті түрде көрсету құралы болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалдарды және оны қолдану арқылы сабақты меңгерту процесін жеңілдетеді. Бейне-сабақтар педагогикалық технологияның алға басқан тағы бір қадамы.

Мультимедиа құралдарына, оқыту процесінде әртүрлі типті ақпараттарды ұсынушы, кез-келген оқыту құралдарын жатқызуға болады. Олар:

- дыбыстық құралдар (CD-ойнатқыш, магнитофон т.б.);
- телерадио жүйелері (телеқабылдағыш, радиоқабылдағыш, оқыту теледидары, DVD-ойнатқыш т.б.);
- проекциялық құрылғылар (графопроектор, мультимедиалық проектор, оверхед проектор, бейнепроектор, интерактивті проектор);
- интерактивті тақта;
- ақпарат көбейткіш құралдар (микрофильмдеу құралдары, ксерокс, ризограф);
- компьютерлік құралдар;
- телекоммуникациялық жүйелер мен желілер (кабельдік, спутниктік, оптоволокондық желілер т.б.).

Мультимедиалық технологияларды білім беруде қолдану мынадай педагогикалық мақсаттарға бағытталады:

- 1) Ақпараттық қоғамда студенттің, оқушының тұлғалық іс-әрекетін дамыту:
 - жеке тұлғаның ойлау деңгейін жоғарылату, оның бойында білім қорын қалыптастыру мақсатында психологиялық-педагогикалық әрекеттер қарқынын арттыру;

• қабылдау, есте сақтау секілді іс-әрекеттерді жүзеге асыру іскерлігін қалыптастыру және дамыту;

• имитациялау, модельдеу процестерін ұйымдастыру негізінде студенттер мен оқушылардың экспериментті-зерттеушілік қызметтерді орындау ебдейлігін қалыптастыру.

2) Үздіксіз білім беру жүйесіндегі оқыту процесінің барлық деңгейін жандандыру:

• мультимедиалық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану есебінен оқыту процесінің тиімділігін, сапасын арттыру;

• түрлі пәндік ортада ақпарат өңдеу құралдарын пайдалану арқылы пәнаралық байланысты тереңдету;

• мультимедиа-ресурстарды тиімді пайдалану негізінде ашық білім беру идеясын дамыту.

Қазіргі таңдағы өзіндік іс-әрекетті қалыптастырудағы мультимедиалық технологиялар:


• микро және макроәлемдегі күрделі құбылыстар мен процестерді модельдеу арқылы оқытуды жүзеге асыруға;

• әртүрлі физикалық, химиялық, биологиялық, әлеуметтік т.б. өте жылдам немесе жай өтетін құбылыстарды кез-келген уақытта оқып үйренуге мүмкіндік беру мәселелерін шешуге бағытталуы керек.

Мультимедиа технологиясын оқытуда пайдаланудың жаңа бағыттарының бірі – компьютерлік желілерде теле және бейнеконференциялар ұйымдастыру.

Мультимедиалық технологиялар интернет-технологияның да дамуына тікелей әсер етіп отыр. Электрондық пошта арқылы дыбыстық және бейне хабарларды қабылдау, жіберу немесе интернет арқылы байланысқа түскен адамның бет-бейнесін компьютер мониторынан көріп отыру - мультимедианың жемісі. Бейнеконференциялар ұйымдастыруда дыбыстық және бейнелік хабардың сапасын төмендетпей ұсыну мультимедиалық құралдардың жүзеге асыратын іс-әрекеті. Мультимедиалық технологиялардың көмегімен бүгінгі таңда кез-келген адам өзі жөніндегі мәліметтерді, фотосуреттерді, тіпті, өз дауысын интернет желісіне шығаруға мүмкіндік алып отыр. Интерактивті негіздегі мультимедиалық технологиялар интернет желісі және CD-курстар арқылы ауыл мектептерінің әлемдік ғылым, білім жетістіктерінен оқшау қалып қою мәселесін де шешуге мүмкіндік береді.

Мультимедиалық технологияларды пайдалану мен дәстүрлі оқыту әдістері арасындағы айырмашылықты 2-суреттен көруге болады.



Сурет 2 - Мультимедиалық технологиялардың оқыту процесіндегі тиімділігінің көрсеткіші

Диаграммадан көріп отырғанымыздай, мультимедиалық технологияларды пайдаланып оқыту, атап айтқанда, мынадай нәтижелерге қол жеткізеді:

- оқуға кететін уақыттың үнемделуіне;
- оқу мотивациясының жоғарылауына;
- зейін аудару нәтижесінде оқу материалын толық түсінуге;
- алынған білімнің ұзақ уақыт есте сақталуына.

Сонымен, мультимедиалық технологиялардың тиімділіктері мынада:

- әрбір пайдаланушының қабілеті мен ерекшелігін ескере отырып, олардың оқу мотивациясын арттыруға септігін тигізеді;

- түрлі типті ақпараттарды біріктіріп ұсыну арқылы оқытудың интерактивтілік ұстанымын қамтамасыз етеді, өйткені, әртүрлі типті ақпаратты пайдалану адамның әртүрлі сезім мүшелері арқылы оқу материалын жан-жақты қабылдауына ықпал етеді;

- нақты, күрделі де қиын, белгілі көлемде шығын мен ұзақ уақытты қажет ететін экспериментті модельдеуді жүзеге асырады;

- құбылыстар мен процестерді динамикада көрсету арқылы абстрактілі ақпараттарды көрнекі тұрғыда ұсына алады;

- макро және микро әлемдегі нысандарды визуалдауға мүмкіндік береді;

- білім беруге жұмсалатын шығынның азаюына ықпалын тигізеді.

Заманауи мультимедиялық құралдармен жұмыс істеу оқушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аударуға баулиды, сондай - ақ, мультимедиялық құралдармен жұмыс істеу оқушылардың өзінің жеке іс - әрекетін дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді.

Қорыта айтқанда, мультимедиялық технологиялардың қай түрін алсақ та, олардың тиімділігі тек қана мұғалімнің шеберлігімен және осы шеберлікті шыңдай түскендігімен ғана шын күшіне ие бола алады. Сондықтан білім алушылардың ынтасын арттыруға арналған әдістемелік құралдардың жүйесі мен амалдары әр мұғалімнен оларды терең игеруін, іске асыруын және оған сай болатын іскерлікті талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Григорьев С.Г., Гриншкун В.В. Использование мультимедиа-технологий в общем среднем образовании// Интернет-издание, <http://www.ido.rudn.ru/nfpk/mult/>, 2008.
2. Есжанов А. Электрондық мультимедиа: ресурстары мен құралдары //Қазақстан мұғалімі, 16 сәуір, 2008.
3. Егорова Ю.Н. Теоретические и практические аспекты мультимедиа технологии: монография.-Ч.:НАНИ ЧР, 2009.
5. Досжанов Б.А. Мультимедиа және оның техникалық құрамы. Оқу құралы. – Қызылорда:ҚМУ, 2009.
6. Вымятнин В.М., Демкин В.П. и др. Мультимедиа-курсы: методология и технология разработки. -Томск, 2011.

УДК:671.13

Курманбекова Г.А.

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНА БІЛЕЙІК

Қазіргі білім беру саласындағы өзгерістерді дұрыс қабылдап, оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, бүгінгі заман талабына сай ұстаз болу мүмкін емес. Осы орайда белгілі педагог К. Ушинскийдің «Мұғалім- өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады» деген пікірімен келіспеске болмайды. Ұстаздардың ортақ мақсаты жеке тұлғаны

қалыптастыру болса, оқушы бойынан табылатын жақсы қасиеттің бәрі мұғалімнің бойында болуы керек. Республикамыздың қазіргі таңдағы білім беру саласындағы әртүрлі инновациялық технологиялардың өмірге келіп, оларды жетілдіру ісініңкең қанатжаюы бүгінгі заман талабына лайықты елеулі жетістік болып саналады. Мұның өзі ең алдымен жаңа технологияны меңгеру барысында оқытушы-ұстаздың кәсіби білімін арттырып, интеллектуальдықденгейін көтеруге игі әсерін тигізетіні хақ. Өйткені, өзін -өзі дамытып, маман ретінде оқу – тәрбие үрдісін тиімді жолмен жетілдіре білген ұстаз студент жастардың игеруге тиісті пән материалына деген олардың ерекше ықыласын оятады. Ал, инновациялық технологиялар студенттердің өз бетінше ойлай білуіне, сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау барысында өздігінен пайымдауға, алдарына қойған мақсат-міндеттерін жүзеге асырып, қорытынды жасай білуіне дағдыландырады. Міне, осындай жүйелер арқылы «өзіндік даму» жүзеге асады. Соның негізінде өзіндік тәрбие, білім алу жүйелері қалыптасады, яғни жекетұлғаның барлық қасиеттерінің ерекше дамуына жол ашады. Білім беру жүйесі білім беру қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігін ішкі, сондай – ақ халықаралық рыноктарда қамтамасыз етуі, Қазақстан халқының басым көпшілігінің бәсекеге қабілеттілік проблемасын саналы түрде қалыптастыруы, адамдардың бәсекеге қабілетті болуға, бәсекеге қабілетті ұйымдар мен кәсіпорындарда жұмыс істеуге, бәсекеге қабілетті елде өмір сүруге талпыну қасиеттерін қалыптастыруы қажет. Білім беру модернизациясы тиімді және сұранысқа не кәсіптік білім беруді дамытуға жаңа серпін беруі керек. Білім беру жүйесінде инновацияны енгізу, қабылдау мен жетілдірудегі тоқтаусыз үрдіс ретінде, күнделікті білім беру қызметінің бөлігі ретінде қарауды талап етеді. Білім беру жүйесі құрылымының өзі қоғам үшін, өмір сүріп отырған деңгейінде сақтап қалу үшін оның тамыры табиғатта, біздің қоғамның негізінде жатқанын түсіну керек. Дәл сол себептен қоғам құрылымындағы әрбір маңызды өзгеріс өзімен бірге білім беру жүйесін де жаңалыққа тартады. «Тәуелсіз елге – білікті маман» демекші, педагогикалық шеберліктің негізі, білім мен тәрбиені ұштастырумен қатар – педагогтардың инновациялық қызмет, жаңа технологияны меңгере білуінде және оны өз тәжірибесінде қолдана алуында. Педагогикалық білім беруді реформалау, педагогикалық кадрлардың көп деңгейлік дайындығына көшу, парасатты еңбек нарығында мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету жағдайларында болашақ мұғалімдер мен оқуды енді ғана бітірген жас ұстаздардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі өзекті мәселелердің біріне айналды. Педагогтың міндеті – рухы мықты, жан дүниесі бай, жан – жақты жетілген жеке тұлғаны қалыптастыру. Жас ұрпақтың дарыны мен талантын ашу, шығар-машылық ойлау қабілетін жетілдіру, олардың өзіне деген сенімін нығайту, бір сөзбен айтқанда өмірде өз жолын өзі таңдауына түрткі болу – ұстаздар қауымының бүгінгі таңдағы абыройлы борышы. Жақсы педагог-оқытушы - қазіргі таңда қоғам үшін аса қымбат қазына болып есептелмек. Бәсекеге қабілетті Қазақстан, бәсекеге қабілетті қазақстанның қарышты экономикасы десек те, жақсы экономикадан демеу алатын, қуатты әлеуметтік мемлекеттің қабілетті халқы үшін де ең қажеттісі – білімділік. Қазіргі таңда кез-келген оқыту технологиясы мұғалімнен терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, өз шәкірттерінің жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді. Сондықтан студенттің рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын педагогтар ғана бүгінгі қоғамның мүддесі мен әр баланың үрдісінен шыға алады. Оны ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, жеке тұлғаны тек қана педагог қалыптастыра алады. Инновация – жаңалық, жаңашылдық, өзгеріс деген ұғымды білдіреді. Инновация құрал және процесс ретінде әлдебір жаңалықты ендіру деген сөз. Педагогикалық процесте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері мақсаты мен мазмұнына, мұғалім мен оқушының бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізуді білдіреді. Оқыту жүйесінің қандай түрі болмасын, олар белгілі бір әдістемеге негізделеді. Әдістеме жан-жақты және өз орнында дұрыс қолданылса, өтілетін әрбір тақырыптың мазмұны да ойдағыдай ашылып, оқушылардың меңгеруіне жеңіл тиеді. Әдетте әдістеме өз-өздігінен келе қоймайды. Ол көп жылдар бойғы ұстаз қызметінің іс-тәжірибесімен, күнделікті сабақ беру процесімен тығыз

байланысып жатады. Осылардың негізінде әр мұғалімнің бойында, ойында әдістеменің озық үлгілері жинақталады. Сонымен қатар олар күнделікті жұмыс тәжірибесінде озат мұғалімдердің шеберліктерінде пайдалана алатын болады. Бұлардың барлығы, сайып келгенде, әдістеменің белгілі бір жүйелікті қалыптастырады. Жаңашыл мұғалімдер практикум, конференция, іскер ойын сияқты әдістерді енгізіп отыр. Мұның өзі оқытушының бірыңғай мақсатын - өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеудегі еңбегін ортақ арнаға тоғыстырады. Сондықтан да оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелеуде. Жаңа технологияны меңгеруде мұғалімнің жан-жақты білімі қажет. Мұғалім жаңа педагогикалық технологияны біріншіден – оқып үйренеді, екіншіден – меңгереді, үшіншіден – жаңа педагогикалық технологияларды тәжірибеде қолданады, төртіншіден – оны дамытып, нәтижесін тексереді. Жоғары оқу орны өміріне еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі - өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі оқушы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән береміз. Жүйелі білім беру мен студентті жан-жақты дамытуда инновациялық технологиялардың бүгінгі таңдағы ролі өте жоғары. Оқытудың инновациялық технология бойынша әдістемелік жүйесі, осы мақсатта сапалы нәтижеге жеткізуге мүмкіндік беретін танымдық іс-әрекеттер түрлерінің мазмұнымен тікелей байланысты. Сондықтан инновациялық әдіс-тәсілдерді оқыту үрдісіне енгізу барысы танымдық іс-әрекеттер түрлерінің мазмұнын, белгілі деңгейде белсенділігін көздейді. Инновациялық оқыту: оқушының мүмкіндігі мен шамасына қарай мәселенің байыбына барып, үлгі көрсетер өнегелеріне еліктеп, тағылымдық жолдарын қабылдау, оған шығармашылық тұрғыдан пайымдау жасауға үйрету. Сонымен қатар шығармашылық ойлау мен бастамашыл іс-әрекеттегі саналылықты өрістетуге зерттеушілік тұрғыдан белсенділігін жетілдіріп, іс-әрекетке бейімділігін, қызығуын қалыптастыратын жол. Инновациялық оқытуда мұғалім көшбасшылық міндет атқарғанмен, жүзеге асырылатын істің бәрін өз қолына алмайды, менің айтқанымдай болсын деп қарамайды, әміршілік жолды ұсынбай режиссерлік міндет атқаруға бейімделеді. Теориялық, мазмұндық мәнді меңгеріп, шығармашылықты дамыту барысында мұғалім бағдар бергенімен, оған тікелей жетекшілік жасамайды, қайта қалым қалып, ретіне қарай қатардағы рөлді ойнайтын, шәкірттерімен тепе-тең құқықтығы серіктес болады. Сабақ барысында шығармашылық басқарушы рөлдерді бөлгенде, диалогте өмірдегідей нақтылыққа жақындауына мән береді. Инновациялық оқыту дәстүрлі дидактикамен қатарласа жүргенімен, оның өзіндік айырмашылықтарымен өзгешеліктеріне мән беруге тура келеді. Мәселен, оқытудағы ұстаным мектептегі оқыту бағдаламасында көсетілген нұсқауды орындап, ондағы мағлұматтарды беру, оны қайталап пысықтап меңгерту болса, инновациялық оқытудағы мақсат-іс-әрекет барысында оқушының қабілетін оятып, түрлі жағдай жасау арқылы олардың өзінше әрекеттенуіне бағдар беріп, шығармашылыққа талпындыру. Жаңа ақпараттық технологияны қолдану арқылы оқушылардың танымдылық іс-әрекетін ұйымдастыра отырып кәсіби құзыреттілігін дамыту. Еліміздің білім беру жүйелерінде ХХІ ғасыр жастарына білім беру мен тәрбиелеу бағытында сан алуан жұмыстар жүргізілуде. Сол себепті, оқушыларға білім беруде жаңа ақпараттық оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай талап етілуде. Соңғы жылдары жаңа ақпараттық технологиялар заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда қолдану айтарлықтай нәтиже беруде. «Қазіргі заманғы жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, – Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында жаңа ақпараттық технологияны қолдану арқылы оқушылардың танымдылық іс-әрекетін ұйымдастыра отырып кәсіби құзыреттілігін дамыту оқу үрдісінде пайдаланудың маңызы зор. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағат-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Кез-келген кәсіп иесі жаңа тұрмысқа,

жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына енуді ұмытпауымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбілқасымова А.Е., СадықовТ.С. «Жоғары мектепте білім берудің дидактикалық негіздері» Алматы., ғылым, 2003

Біз өзіміздің зерттеулерімізде іс-жүзінде тәжірибеден өткізе отырып бесінші және жетінші сынып оқушыларын жауынгер болып қалыптасуында төмендегідей ойындарды ойнатып және олардың мазмұнымен таныстырдық.

- Тартыспақ - арқан тарту, садақ тарту, аударыспақ;
- Шабыстық - қылыштасу, сермелесу;
- Тастамақ - арқан тастау, шалма түсіру, бұғау салу;
- Атыспақ - тас ату, мылтық ату;
- Алыспақ - белдесу, күресу.

«Дәлдеп атып жауды өлтір, дәлдеп айтып дауды өлтір», «Сегіз қырлы балықты, тоғыз

қырлы жігіт алады» дегендей жасөспірімдерді жауынгерлік өмірге дайындайтын ұлттық ойындар ерекше орын алады.

Қазақ халқы - рухани зор байлықтың мұрагері. Халқымыздың ежелгі спорт ойыны «Қазақ күрес» Бұл ойын адамның денесін ширатып, бұлшық еттерді қатайтады, төзімділікке, батылдылыққа, ептілікке, керек кезінде тез ойланып, шешім таба білуге машықтандырады. Сонымен қатар ол ел қорғаудың ұлттық өнері.

Осы орайда ұлттық өнерімізді жасөспірімдер арасында дамытып халқының спорттық күресін мадақтау, насихаттау, жетілдіру мақсатында жасөспірімдер арасында «Қазақ күрестен» көптеген жарыстар өткізілді. Бұл дегеніміз қазақтың ұлттық күресін жасөспірімдердің жалпы қазақстандықтардың ұлттық мақтанышына айналдыру.

Бабаларымыздың мирас етіп қалдырған ұлттық күрес өнерін жоғалтпай шымыр батыр ұрпақ тәрбиелеу. Осы айтылғандардың барлығы жасөспірімдерді тәрбиелеуде ұлттық спорт өнерінде көп жылдар жиналған мұра ретінде пайдалану арқылы даярлықты қалыптастыру үшін өте маңызды деп есептейміз. Біз халқымыздың ұлттық спорт мұрасын пайдалану үлгісінде қазақ халқының дене шынықтыру мәдениетін әлеуметтік, тарихи, шаруашылық өмір аясында қарауға талпыныс жасадық.

Сондықтан да дене шынықтырудың маңызы еңбек етудің мән – мағынасымен өзара байланысты қазіргі таңда қарастырылды. Қазақ халқының дене шынықтыру дәстүрін жүйелеу жұмысы, оның әлеуметтік – мәдениеттанушылық және педагогикалық мән-мағыналарына жасалған талдау көрсетіп бергендей, олардың жасөспірімдерді дене шынықтыру саласында тәрбиелеудің қажеттілігіне жауап береді.

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихында жасөспірімдерді адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу мен қатар жалпы дене дайындығы жоғары маңызға ие және дене сапаларын дамытып жетілуіне дәстүрлі ұлттық ойындар шешуші міндет атқарған.

Жасөспірімдердің тұлғасы мықты, денесі шымыр, қимылы ширақ, әрі епті болуы үшін ұлттық ойындар арқылы түрлі – түрлі дене шынықтыру әдістерін қалыптастырған.

Бұл істердің жүзеге асуы оқытушылардың оқу-тәрбие жұмысына шығармашылық көзқарас тұрғысынан келуімен тығыз байланысты. Қазақстан жағдайындағы патриоттық тәрбие оқу және оқудан тыс тәрбие жұмыстарының бірлігінде, жасөспірімдердің дербес ерекшеліктерін есепке ала отырып, тәрбие әдістерін және тәрбие ісі жіктемесін мақсатты түрде таңдап, олардың үздіксіз өзгеруі мен күрделенуінің, көп түрлі болуының нәтижесінде ғана жүзеге аспақ.

Ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әрбір оқытушы өз тәрбие жұмысының негізгі мақсатын от жүрегі Отан деп соғатын жастар тәрбиелеу деп алса, ұлт болашағына, ел тыныштығына сеніммен қарауға болады.

Сонымен, жас ұрпақты тәрбиелеу жұмысы қазіргі білім жүйесінің қажетті компоненті болып табылады. Тәрбиенің күрделі процесінің маңызды бір қыры жасөспірімдердің патриоттылыққа бағдарланған тұлғасын тәрбиелеу болуы тиіс. Жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу тек қоғам мен мемлекеттің сұраныстарына ғана емес, әрбір жас өреннің дара тұлғалық дамуына бағытталған педагогика ғылымының қазіргі бағыттарына да сәйкес келуі қажет. Өйткені отанға сүйіспеншілік адамның өзін тұлға ретінде сезінуіне, өз елін мақтан тұтуына, өзін онымен байланысты сезінуіне мүмкіндік береді, ал бұл болса, оның өмірде өзіне сенімді болуына, рухани және адамгершілік құндылықтарының артуына септігін тигізеді.

Ғылыми зерттеулерді оқып-үйреніп талдауда, педагогикалық тәлім-тәрбиеде, жасөспірімдерге патриоттық тәрбие беру ғылымының теориясын өз алдына дербес проблема ретінде анықталғанын және ол үнемі зерттеп отыруды қажет ететіндігін көруге мүмкіндік берді.

Біздің ойымызша патриотизмге негізделген тәрбие жұмысын жүргізуде мектеп оқушыларының проблемасы ерекше мәнге ие болады. Себебі оқушылар болашақ маман ретінде қалыптасып, өмірлік ұстанымын айқындап, өркениетті елдер қатарына қосылуда өздерінің үлкен септігін тигізеді.

Өркендеудің құтты қасиеті іспеттес бір ұғым бар. Ол - патриотизм. әрине, мәселе көп шуылда емес, бүлкілдеген күре тамырды бойлап қуалап, санды- санаға бәтуаны-берекеге айналдыруға көмектесетін сиқырлы сезім жайлы. Ол томағы-тұйыққа емес, салмақты саликалыққа бастайды, жансызға жан береді. Ортақ иманға айналса, алмайтын қамалы жоқ. Осының бәрін бір ғана «патриотизм» деген» ұлы ұғымға сиғызсақ, уақыттан алыс кетпес едік деп ойлаймыз. Өйткені ол өзің жаралған топырақпен өскен ортаға деген ізгі сезімді ғана білдірмейді. Аясы әлдеқайда кең ұғым. Тіршілікте төл табиғи орта ерекшеліктерін тиімді пайдалану, алғы ұрпақтар тәжірибиесі арқылы жинақталып, тарихи зерде кілтіне айналған патриотизмді өркениет мүддесіне қолдана білу де сол тектен. Ең бастысы елдің бірлік, халықтың қасиет - қазыналарын қастерлеу мен ертеңге деген сенім сияқты сезімдерді оятатын да осы патриотизм. Оның қоғам дамуына айрықша орын алатын құдіретті рухани факторға айналуының сыры да осында жатыр.

«Бірінші байлық - денсаулық» - деген қағиданы пір тұтқан халқымыз тән сұлулығына ерекше мән берген. «Тәні саудың - жаны сау!», «Ауру - астан», «Тән жарасы мен жан жарасы - егіз», - деп дене тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Сәби жарық дүние есігін ашып келген сәттен бастап оны күн сайын тұзды сумен шомылдыру, маймен сылау, қазы мен қойдың құйрығын сорғызу, саумал беру оның шымыр да ширақ болып өсуіне ықпал жасаған. «Шынықсаң шымыр боласың» деген ұстанымға сүйенген көшпелі жұрт жас ұрпақтың дене күтіміне бей-жай қарамаған. Ұлттық ойындар ата-бабамыздан бізге жеткен, өткенмен бүгінді байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан оны үйренудің, күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуде пайдасы зор. Сонымен қатар, ұлттық ойындарды дене шынықтыру сабағында қолдана білу қажет.

Ұлтымыздың қимыл-қозғалыс ойындары өзінің мазмұнымен көлемі жағынан тәрбиелік әрекет болып табылады. Ұлттық ойындарды игере отырып, қимыл-дағдыларды тірек ететін әр алуан ойын қимылдары қолайлы дәлдікпен қалыптасқан ерекше ептілікпен көрінеді [4].

Білім - бүгінгі өмірдің ең үздіксіз дамымалы сатысының бірі. Жас ұрпаққа осы заман талабына сай білім мен тәрбие беретін сауатты, патриот мамандар даярлау мәселесін шешу жолдары Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі «Білім беруді дамыту тұжырымдамасында» кеңінен қарастырылған. Мысалы «Білім беру саласында қалыптасқан ахуал республиканы дамытудың қазіргі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларына және жоғарғы дамыған елдердің прогресшіл тәжірибесіне сәйкес келеңсіз құбылыстарды болдырмау, түбегейлі ұжымдық құрылымдық қайта құрулар, білім берудің мазмұнын жаңарту және мамандар даярлаудың сапасын жетілдіру қажет екенін көрсетеді» деген жолдар жоғарыдағы айтылғандардың дәлелі [5].

Біздің зерттеуіміздегі көкейкесті мәселе болып отырған ұлттық спорт мәселесі жөнінде көптеген ғалымдар еңбектерінен көрніс табады деп сенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қасымбеков Ж.А. Спорт және дене тәрбиесі арқылы жасөспірімдердің патриоттық қасиеттерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: автореф. ... п.ғ.к.: 13.00.01. – Түркістан, 2006. – 30 б.
- 2 Төлеубеков Р.К. Қазіргі әлеуметтік мәдени ортаның жеке тұлғаның қалыптасуына ықпалы // Ұлағат. - 1999. - №2. - Б. 3-7.
- 3 Ғ.Тәшімбаев «Күш атасы естеліктер». - Алматы, 1990. - 336 б.
- 4 Құралбеков Н. Халық педагогикасындағы қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы, 1994. – 3 б.
- 5 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім берудің дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі. – 2004. - №2-3 (3141), 20 қаңтар. – 2 б.

Садвакасова Н.А., Сонникова Н.С., Касымова Н.У., Казизова Д.В.
Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова

ПРИЧИНЫ ДЕФОРМАЦИИ ОПОРНО-ДВИГАТЕЛЬНОГО АППАРАТА У ДЕТЕЙ И ИХ ПРОФИЛАКТИКА

С позиции физиологических закономерностей осанка ребенка является динамическим стереотипом и в младшем возрасте носит неустойчивый характер, легко изменяясь под действием позитивных или негативных факторов. Неодновременное развитие костного, суставно-связочного аппарата и мышечной системы в этом возрасте служит основой неустойчивости осанки. Такая неравномерность развития уменьшается со снижением темпов роста, а с прекращением роста человека стабилизируется. Осанка зависит от состояния нервно-мышечного аппарата ребенка, психики и степени развития мышечного корсета, от функциональных возможностей мышц к длительному статическому напряжению, эластических свойств межпозвоночных дисков, хрящевых и соединительных образований суставов позвоночника, таза и нижних конечностей. В различные возрастные периоды жизни ребенка осанка имеет свои особенности.

Бытовыми причинами деформации опорно-двигательного аппарата являются: отсутствие навыков правильного стояния (равномерного распределения тяжести тела на обе ноги); неумение сохранить правильную позу во время сидения за столом или партой (сильный наклон плеч вперед); длительная опора на левый или правый локоть; большой угол наклона спины при далеко отодвинутом стуле.

Все это является результатом недостаточного внимания взрослых к формированию общей культуры поведения ребенка, включающей владение правильными позами, умение равномерно распределять вес своего тела, сохранять вертикальное положение.

Профилактика нарушений осанки – процесс длительный, требующий от ребенка осознанного отношения и активного участия. Ребенку необходимо неоднократно объяснять (на доступном уровне) и показывать, что такое правильная осанка, что необходимо делать для ее поддержания. А дети подготовительных групп уже могут сами характеризовать правильную осанку.

Профилактика нарушений осанки у дошкольников осуществляется на занятиях по физическому воспитанию, плаванию, музыкальных занятиях и т. д. Большое влияние на формирование правильной осанки оказывают родители. В старших возрастных периодах родители осуществляют контроль за навыками правильной осанки в быту и различных видах деятельности и отдыха. Детям необходимо как минимум:

1. Обеспечить условия для формирования правильной осанки – прежде всего перечисленные выше меры профилактики ее нарушений и хорошее общее физическое развитие.

2. Знать, что такое правильная осанка, как именно надо правильно стоять, сидеть и двигаться не сутулясь.

3. Сознательно относиться к своему здоровью и одной из главных его опор – позвоночнику. Доводить навык правильной осанки до автоматизма с помощью специальных упражнений. Их в арсенале лечебной физической культуры очень много [1].

Основным средством профилактики нарушения осанки является правильная организация статико-динамического режима, который включает в себя полный спектр ситуаций, связанных с регулированием нагрузок на опорно-двигательный аппарат ребенка. По направленности эти воздействия могут иметь как повреждающий характер (например, длительное нахождение в неправильных статических позах), так и лечебный (физическая культура и лечебная гимнастика).

Принимая во внимание ситуацию широкого распространения нарушений осанки среди современных детей, можно сказать, что статико-динамический режим, направленный на предупреждение или устранение нарушений, должен сопровождаться постоянным и тотальным «ортопедическим надзором» со стороны родителей и преподавателей.

Выработка и закрепление навыка правильной осанки происходит и во время выполнения различных общеразвивающих упражнений, при которых обязательно сохраняется правильное положение тела, а также упражнений в равновесии и на координацию. Широко используются игры с правилами, предусматривающими соблюдение хорошей осанки.

Так же значительную роль в образовании нарушений осанки играет внешняя среда. Влияние неблагоприятных факторов внешней среды на формирование неправильной осанки велико. К таким факторам относятся: удержание родителями ребенка за одну руку на прогулке, что способствует формированию поясничного сколиоза; привычка спать на одном боку; мягкая постель, высокая подушка служат моментом для бокового искривления позвоночника; неправильная осанка в детском саду и дома, а также длительное сидение неблагоприятно влияет на ребенка, т.к. ослабляет связочно-мышечный аппарат и понижает его сопротивляемость к различным статическим отягощениям.

Утомляясь, ребенок теряет способность поддерживать необходимое для прямого положения тела сокращение разгибателей спины. Возникает условный рефлекс, сопровождающийся принятием неправильной позы.

Осанка не бывает врожденной – она формируется в течение всего дошкольного детства и закрепляется в школьном возрасте. Систематические, целенаправленные занятия физическими упражнениями укрепляют опорно-двигательный аппарат ребенка [2].

Занятия лечебной физической культурой содействуют укреплению и повышению сопротивляемости организма к рецидивам болезни, а также к последующим заболеваниям и их осложнениям. Главное средство лечебной физической культуры – специально подобранные, методически оформленные физические упражнения. Они, подобранные в соответствии с особенностями нарушения, при определенном темпе и последовательности (с учетом резервных возможностей организма), оказывают многогранное физиологическое воздействие. Под влиянием физических упражнений активизируются дыхание, кровообращение, обмен веществ, улучшается функциональное состояние вегетативных центров, повышается устойчивость организма к нагрузкам и неблагоприятным влияниям внешней среды.

Физические упражнения подбираются в соответствии с возрастом и физической подготовленностью занимающихся. Продолжительность занятий в среднем от 15 до 45 мин. На занятиях используется принцип рассеивания нагрузки, когда для выполнения упражнений последовательно вовлекаются различные группы мышц; кроме того, в занятия включаются дыхательные упражнения, которые, как правило, ведут к снижению физиологической нагрузки. Как правило, темп в занятиях должен быть средним, все упражнения следует выполнять ритмично, без рывков и чрезмерных усилий.

Физические упражнения могут быть с предметами и без них, они могут быть направлены на выработку координации движений, на равновесие, могут быть связаны с преодолением сопротивления или с расслаблением мышц или же проводится в статическом напряжении. Эффективность определяется показателями общего состояния занимающегося, его адаптацией к нагрузке, состоянием внутренних органов, координацией движений, тонусом мышечной системы.

В лечебной физической культуре используются главным образом гимнастические упражнения в связи с тем, что они легко дозируются. С помощью гимнастических упражнений можно изменить скорость, темп, амплитуду движения, рычаг, и.п. (исходное положение), площадь опоры, усиление. Все это обеспечивает точный характер движений и целенаправленное воздействие на организм.

Гимнастические упражнения делят, в свою очередь, на: общеразвивающие для определенных мышечных групп (мышц верхних конечностей, нижних конечностей, мышц брюшного пресса, спины); упражнения с предметами и без предметов; рефлекторные упражнения – для детей первого года жизни, основанные на безусловных рефлексах; пассивные упражнения – выполняемые инструктором без усилий со стороны ребенка; активные – выполняемые ребенком самостоятельно; пассивно-активные – выполняемые частично с помощью инструктора, частично самостоятельно; упражнения в расслаблении – выполняемые с максимальным снижением тонуса мускулатуры; дыхательные – упражнения с изменением характера или продолжительности фаз дыхательного цикла; при этом выделяются статические и динамические дыхательные упражнения (статические дыхательные упражнения с изменением ритма, глубины дыхания, с произнесением звуков, с сопротивлением; динамические – дыхательные упражнения, сочетающиеся с движением конечностей или туловища); изометрические упражнения – гимнастические упражнения, выполняемые в статическом режиме, без изменения длины мышечного волокна; корригирующие упражнения – специальные гимнастические упражнения, направленные на устранение деформаций опорно-двигательного аппарата, коррекцию осанки и стоп; упражнения на координацию; упражнения в равновесии; упражнения прикладного характера – в основных двигательных действиях естественного типа (ходьба, бег, прыжки, лазания, метания); спортивные виды физических упражнений – элементы спортивных игр, плавание, велосипед, лыжи; подвижные игры – занимают особое место в физическом воспитании ребенка, комплексно воздействуя на организм, развивая двигательные навыки, обеспечивая высокую эмоциональную насыщенность занятия.

В.К. Добровольский, выявил четыре основных механизма лечебного действия физических упражнений: тонизирующего влияния, трофического действия, формирования компенсаций, нормализации функций [3].

Действие физических упражнений многообразно. Оно проявляется комплексно (например, в виде одновременного тонизирующего и трофического влияния). В зависимости от отклонения осанки можно подобрать такие специальные физические упражнения и такую дозировку нагрузки, которые обеспечат преимущественное действие одного механизма.

Задачи лечебной физической культуры при нарушении осанки:

1. Нормализовать трофические процессы;
2. Создать благоприятные условия для увеличения подвижности позвоночника;
3. Способствовать правильному взаиморасположению частей тела;
4. Систематически закреплять навык правильной осанки;
5. Выработать общую и силовую выносливость мышц туловища и повысить уровень физической работоспособности.

Основные средства лечебной физической культуры, используемые при нарушении осанки у детей, - это физические упражнения и массаж.

Физические упражнения (ФУ) – ведущее средство в профилактике нарушений осанки. Общеразвивающие упражнения (ОРУ) используются при всех видах нарушения осанки и вызывают улучшение кровообращения и дыхания, улучшают трофические процессы. ОРУ используются из различных исходных положений, для всех мышечных групп, регулируя общую нагрузку занятия. Они могут выполняться с предметами и без них, с использованием тренажеров. ФУ подбираются в соответствии с видом нарушения осанки. Упражнения, обеспечивающие коррекцию имеющегося нарушения осанки, называются корригирующими (или специальными), их выполнение приводит к устранению дефекта. Корригирующие упражнения различают: симметричные, асимметричные.

1. Симметричные упражнения. При выполнении данных упражнений сохраняется срединное положение линии остистых отростков. При нарушении осанки во фронтальной плоскости выполнение данных упражнений выравнивает тонус мышц правой и левой

половины туловища, соответственно растягивая напряженные мышцы и напрягая ослабленные, что возвращает позвоночник в правильное положение.

2. Асимметричные упражнения способствуют выравниванию остистых отростков в срединное положение. Чаще всего используются при сколиозе и требуют высокого профессионализма при подборе. При нарушении осанки во фронтальной плоскости и в грудном отделе изменяется исходное положение верхних и нижних конечностей, придавая телу асимметричное положение [4].

Следовательно, всегда есть шанс исправить положение, используя корригирующие приемы и движения, которые следует применять при заболеваниях опорно-двигательного аппарата. Под влиянием регулярных занятий физическими упражнениями мышечная система ребёнка укрепляется, что предупреждает формирование неправильной осанки. Под влиянием специальных физических упражнений позвоночник делается более подвижным, устраняются дефекты физиологической кривизны, укрепляются мышцы спины и грудной клетки, также создаётся мышечный корсет, который удерживает позвоночник в правильном положении.

ЛИТЕРАТУРА

1. Козырева О.В. Лечебная физкультура для дошкольников при нарушениях опорно-двигательного аппарата. М.: Просвещение, 2003
2. Козырева О.В. Комплексная физическая реабилитация дошкольников с нарушением осанки// Дошкольное воспитание-№12-1998
3. З.С. Макарова «Проблема здоровья детей с нарушением развития» М. 2001
4. Епифанов Е.А. Лечебная физическая культура: Учебное пособие. ГЭОТАР-Медиа. 2006

ӘӨЖ 796.41:37.035.6

Бөжиг Ж., Дуйсебаев Б., Саликов Н.К., Альхан А.
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІН ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕПТЕРІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҚСАТЫ

Дене тәрбиесі - пәнін оқытудың басты мақсаты оқушының дара қабілеттерін айқындауға, өздігінен жетілуіне ықпал етуге бағытталған оның тән мәдениетін қалыптастыру, жалпы дамытушы бағыттағы дене жаттығуларымен қаруландыру. Дене тәрбиесі пәнін оқытудың басты міндеттері:

- дене жаттығуларымен шұғылданудың мәдени-тарихи, физиологиялық негіздері туралы оқушылардың білімдерін қалыптастыру;
- саналы түрде қимыл-қозғалыстар орындауға, оларды дене мүшелеріне нақтылы ықпал ету жолдарына үйрету;
- таныс жаттығуларды күрделендіріп, жаңа жаттығуларды үйрету арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибесін жинақтап, қимыл әрекетін дамыту;
- дене жаттығуларын орындау біліктілігін арттыру арқылы дене бітімін қалыптастырып, қимыл-қозғалыс мәдениетін, қабілеттерін жетілдіру;
- дене жаттығуларымен өз беттерімен шұғылдануға жағдай жасап, ұйымдастырушылық біліктілігін қалыптастыру.

Дене шынықтыру пәнінің көпқызметтік санаттары төмендегідей құрамды бөліктерден тұрады: қимыл-қозғалыс реакциясы; дене тәрбиесі; спорт.

Қимыл-қозғалыс рекреациясы - экологияның адам ағзасына жайсыз әсерінің алдын алу құралы ретіндегі әр түрлі физикалық жаттығулар және ол әсерлердің зардаптарын болдырмау, жаңа әлеуметтік жағдайларға бейімделу.

Дене тәрбиесі: жалпы дамытушылық бағыттағы дене шынықтыру әрекетін оқушылардың меңгеруі арқылы дене тәрбиесі мәдениетін қалыптастыру. Дене шынықтыру әрекеті әлеуметтік тәжірибеге негіз-деледі, оның құрамына білім, қимыл әрекеттері тәсілдері және қажеттіліктер енеді [1].

Бастауыш мектеп оқушыларының дене тәрбиесі мәдениетін қалыптастыратын дайындықтың басым түрлері: теориялық (ғылыми түсініктер), дене тәрбиесі саласындағы заңдылықтар туралы мәліметтер; практикалық (жеке дара қимыл-қозғалыстық қабілеттілік қалыптастыру); қимыл-қозғалыс әрекеттері тәсілдерінің қалыптасуы; қимыл-қозғалыс сапаларының дамуы.

Спорттың кең таралған түрлерінің ең қарапайым элементтері (жеңіл атлетика, гимнастика, спорттық ойындар, шаңғы спорты, жекпе-жектер, жүзу). Дене тәрбиесі пәнінің мазмұны негізгі мектептегі "Дене тәрбиесі" пәнінің мазмұны негізінде дамытылады. Дене тәрбиесі пәні дене тәрбиесі білім саласына енеді. Дене тәрбиесі пәні оқытудың бастауыш сатысындағы мемлекеттік білім берудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Дене тәрбиесі пәні базистік оқу жоспарында мектептің бастауыш сатысында міндетті түрде оқытылатын пән ретінде берілген. Дене тәрбиесі пәні бойынша оқу бағдарламаларының түрлері дене шынықтыру пәні білім берудің негізгі бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Дене тәрбиесі пәнінен білім беру бағдарламасының мазмұны мына бөлімдерді қамтиды:

1. Дене және спорт жаттығуларының негізгі түрлері.
2. Сауықтыру мен салауатты өмір сүру жолдары.
3. Дене бітімін дұрыс қалыптастыру, қимыл-қозғалыс қабілеттіліктерін жетілдіру.
4. Әлеуметтік, материалдық және арнаулы жағдайлар.

Дене тәрбиесі пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі базалық оқу жоспарында дене тәрбиесі міндетті пән ретінде көрсетілген.

Дене тәрбиесінің теориясы - дене тәрбиесі ілімі мен әдістемесінің қоғамда алатын орнын зерттейді. Дене тәрбиесінің әдістемесі - дене тәрбиесінің ерекшеліктерін, заңдылықтарын белгілеп, талдайды. Спорттық жаттықтыру-оны өткізу әдістемесін, мерзімі мен кезеңдерін, артықшылықтарын айқындайды. Бұл дене тәрбиесі маманының кәсіптік деңгейін көрсетеді. Ғылыми мәні мен тәжірибе нәтижелерін жинақтай отырып, бұл ілім адамның дене тәрбиесі үрдісінің заңдылықтарын ашып береді.

Дене мәдениеті - адамдардың дене қуатының жетілуі үшін пайдаланылатын қоғамдық - материалдық (спорт ғимараттары, құрал-жабдықтар) және рухани (арнаулы білім, ғылыми тәжірибе) байлығын құрайтын халықтың жалпы мәдениетінің бір саласы. Ол негізгі дене мәдениеті, спорт, сауықтыру, қолданбалы дене мәдениеті болып табылады. Негізгі дене мәдениеті - адамдардың өз шама-шарқына қарай таңдап алған кәсіби және спорт мамандығын жетілдірудің негізі. Ол жалпы білім беретін мектептерде, оқу-тәрбие мекемелерінде қолданылады әрі егде кісілерге денсаулығын нығайтуға, жұмысқа ынтасын, төзімділігін арттыруға көмектеседі. Спорт адам психологиясының орнықтылығын, дене қуатының жетілуін қамтамасыз етеді. Спорт қимылының негізгі мақсаты - спорттың бір түрінен жоғары жетістіктерге жету, сол арқылы адамның қабілет-қарымын, ептілік қасиеттерін қалыптастыру. Қолданбалы дене мәдениеті - кәсіптік және әскери дене мәдениеті деп екіге бөлінеді. Ол өмірге аса қажет сан алуан қимыл-әрекеттерді игеруге, дене тәрбиесі арқылы әскери және азаматтық мамандықтарды жақсы меңгеріп, терең түсінуге бағытталады. Сауықтыру дене мәдениетіне - емдеу дене мәдениеті жатады. Оның мақсаты организмнің уақытша жоғалған функциялық мүмкіндіктерін қалпына келтіру. Гигиеналық дене мәдениеті - жаттығушылар организмдерінің жұмыс істеу қабілетін арттыруға қызмет етеді. Сабақ барысында, жұмыста (дене шынықтыру, өндірістік гимнастика) күнделікті демалыста (таңертеңгі бой жазу, серуендеу, саяхат т.б.) қолданылады [2].

Дене мәдениеті қызметтерін - арнаулы және жалпы дене мәдениеті қызметтері деп екіге бөледі. Жалпы дене мәдениеті қызметтеріне мыналар жатады: Нормативтік қызмет-адамның қимыл-әрекетін тиімді мөлшерлеген оқу бағдарламасынан, президенттік

сынамалардан және еліміздегі спорт разрядтарының нормаларынан тұрады. Эстетика қызметі - әсемділікке деген құштарлықты дене сымбаттылығы, әсем қимыл-қозғалыс арқылы қанағаттандыру. Хабарлау қызметі - адамның мүмкіндігін жетілдіру жолдарын жинақтап хабарлау. Қарым-қатынас қызметі-адамдардың бір-бірімен араласуы, өзара түсінісу жолдары, тәрбие қызметі - адамның эстетикалық, адамгершілік, зейіндік, еңбек сүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру.

Арнаулы дене мәдениеті қызметтері: білімділік қызметі - дене мәдениетін оқу-білім арқылы қимылдың ептілігі мен дағдысын қалыптастыруға пайдалану. Қолданбалы қызмет - келешек жұмысқа дайындау үшін қолданылатын арнаулы дене тәрбиесінің жүйесі. Тынығу қызметі - дене тәрбиесі жаттығуларын қолдану арқылы белсенді демалыс, адам организмінің уақытша жоғалтқан функциялық мүмкіндіктерін қалпына келтіру. Спорт дегеніміз-әр түрлі жаттығулардың көмегімен жоғары жетістіктерге қол жеткізуге бағытталған өнер түрі. Спорт, бұқаралық спорт (барлық адамдар қатыса алады) және жоғары көрсеткіштер спорты (чемпионаттар, олимпиадалар т.б.) деп бөлінеді. Дене қуатының тынығуы - жаттығу жасау арқылы белсенді демалыс ұйымдастыру. Ол дене тәрбиесі жаттығуларының көмегімен адамның көңілін көтеріп, бір әрекеттен екінші әрекетке көшіреді. Дене қуатын қалпына келтіру - адам организмінің ауырған жеріне массаж жасау, булау, су процедуралары арқылы емдеп, қалпына келтіру, дене қуаты қасиетін үйлесімді дамытып, жан-жақты дайындығын жоғары деңгейге жеткізу. Дене қуаты білімі - адамды қимыл ептілігі мен дағдыға үйрету және теориялық біліммен қаруландыру [3].

Дене тәрбиесі жүйесі дегеніміз - әлеуметтік - экономикалық, заңдылық пен ғылыми әдістемелік, нормативтік бағдарлама негіздерінің жиынтығы және республикада дене тәрбиесі мәселесін үйлестіріп отыратын әрі басшылық ететін ұйымдар мен мекемелер. Дене тәрбиесі жүйесінің басты мақсаты - күш-қуаты мықты, жан-тәні сау, елімізді қорғауға әзір, шығармашылық жұмысқа құштар, жан-жақты дене тәрбиесі дайындығынан өткен адамдар тәрбиелеу. Бұл мақсат төмендегідей жалпы міндеттерге негізделеді: Білім беру міндеттері - қимылдың ептілігі мен дағдысын меңгеру және дене тәрбиесі көлемінде арнайы білім беру.

Сауықтыру міндеттері-дене тәрбиесі жаттығулары көмегімен денсаулықты күшейту.

Тәрбиелік міндеттер - адамгершілік-жігерлілік қасиеттерді қалыптастыруға, өнегелі, көркемдік танымдарды үйренуге негізделген. Дене тәрбиесі жүйесінің мазмұны қоғамның әлеуметтік-экономикалық, заңдылық, ғылыми-әдістемелік, бағдарлама-нормативтік және ұйымдастыру негіздерінен көрінеді. Дене тәрбиесі жүйесі қоғамымыздың басқа әлеуметтік-экономикалық жүйелерінен, саясатпен, ғылыммен, мәдениетпен тығыз байланысты. Бұл байланыстардың, объективті негізі - дене тәрбиесі жүйесінің қоғамдық өндіріске кіретіндігінде. Жүйе қоғамдық өнім шығармаса да сол ортаға өндірістік қатынастардың иесі-адам арқылы әсер етеді. Ол адамның әлеуметтік жағдайын қалыптастырып, қоғамдық қатынастарды жетілдіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тұрыскелдина М.Т. Дене шынықтыру оқыту әдістемесі. –Алматы., 1999. /б.83/.
2. Қасымбекова С., Тайжанов С. Дене тәрбиесі. –Алматы. 2005. /б. 32/.
3. Тойлыбаев Б. Бастауыш мектеп оқушыларына дене тәрбиесін беруде халықтық педагогика элементтерін пайдалану. пед. ғыл. канд. дис. автореф. Алматы,1998, /б.14-16/.

ОСОБЕННОСТИ ШКОЛЬНОГО ОСНАЩЕНИЯ В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Центральное положение инклюзивного образования – право родителей на выбор форм обучения детей-инвалидов на основании медико-социального заключения: интегрированное, на дому, в стационарном лечебном учреждении. Тем самым перед родителями впервые открывается узаконенная возможность отдать ребенка-инвалида в обычную школу – в специализированный класс или для совместного обучения со здоровыми детьми.

Школа как инклюзивное сообщество: быть инклюзивным - означает искать пути для всех детей, быть вместе во время обучения (включая детей с инвалидностью). Инклюзия – это принадлежность к сообществу (группе друзей, школе, тому месту, где живем) Инклюзия означает - раскрытие каждого ученика с помощью образовательной программы, которая достаточно сложна, но соответствует его способностям.

Инклюзия учитывает как потребности, так и специальные условия и поддержку, необходимые ученику и учителям для достижения успеха. В школе с инклюзивным образованием каждого принимают и считают важным членом коллектива. Ученика со специальными потребностями поддерживают сверстники и другие члены школьного сообщества для удовлетворения его специальных образовательных потребностей. Существуют некоторые правила в школе с инклюзивным образованием: все ученики равны в школьном сообществе; все ученики имеют равный доступ к процессу обучения в течение дня; у всех учеников должны быть равные возможности для установления и развития важных социальных связей; планируется и проводится эффективное обучение; работники, вовлеченные в процесс образования, обучены стратегиям и процедурам, облегчающим процесс включения, т.е. социальную интеграцию среди сверстников; программа и процесс обучения учитывает потребности каждого ученика; семьи активно участвуют в жизни школы; вовлеченные работники настроены позитивно и понимают свои обязанности [1]. Обычный учитель может быть успешен при условии, если: он достаточно гибок, ему интересны трудности и он готов пробовать разные подходы; он уважает индивидуальные различия; он умеет слушать и применять рекомендации членов коллектива; он чувствует себя уверенно в присутствии другого взрослого в классе; он согласен работать вместе с другими учителями в одной команде.

Система инклюзивного образования включает в себя учебные заведения среднего, профессионального и высшего образования. Ее целью является создание безбарьерной среды в обучении и профессиональной подготовке людей с ограниченными возможностями. Данный комплекс мер подразумевает как техническое оснащение образовательных учреждений, так и разработку специальных учебных курсов для педагогов и других учащихся, направленных на развитие их взаимодействия с инвалидами. Кроме этого необходимы специальные программы, направленные на облегчение процесса адаптации детей с ограниченными возможностями в общеобразовательном учреждении [2].

Школьное оборудование для детей-инвалидов - необходимая составляющая инклюзивного образования, открывающая детям с ограниченными возможностями путь к обучению вместе со своими сверстниками.

Необходимо для детей-инвалидов с нарушением опорно-двигательного аппарата у входа в школу установить пандус. Пандус должен быть достаточно пологим, чтобы ребенок на коляске мог самостоятельно подниматься и спускаться по нему. Ширина пандуса должна быть не менее 90 см. Необходимыми атрибутами пандуса являются ограждающий бортик (высота - не менее 5 см) и поручни (высота - 50-90 см), длина которых должна превышать

длину пандуса на 30 см с каждой стороны. Ограждающий бортик предупреждает соскальзывание коляски. Двери должны открываться в противоположную сторону от пандуса, иначе ребенок на коляске может скатиться вниз. Вход в школу рекомендуется оборудовать звонком для предупреждения охраны.

Для детей-инвалидов по зрению крайние ступени лестницы при входе в школу необходимо покрасить в контрастные цвета. Лестницы в обязательном порядке должны быть оборудованы перилами. Дверь тоже необходимо сделать яркой контрастной окраски. На стеклянных дверях яркой краской должны быть помечены открывающиеся части.

Коридоры по всему периметру школы необходимо оснастить поручнями. Ширина дверных проемов должна быть не менее 80 - 85 см, иначе человек на инвалидной коляске через нее не пройдет. Для того чтобы человек на коляске смог подняться на верхние этажи, в школьном здании должен быть предусмотрен хотя бы один лифт (возможно, понадобится ограничить доступ в него остальных учащихся), а также подъемники на лестницах. Если в школе есть телефон-автомат, его надо повесить на более низкую высоту, чтобы ребенок, на инвалидной коляске смог им воспользоваться.

Для детей-инвалидов по зрению необходимо предусмотреть разнообразное рельефное покрытие полов: при смене направления меняется и рельеф пола. Это может быть и напольная плитка и просто ковровые дорожки. Крайние ступени внутри школы, как и при входе, нужно покрасить в яркие контрастные цвета и оборудовать перилами. Названия классных кабинетов должны быть написаны на табличках крупным шрифтом контрастных цветов. Необходимо дублировать названия шрифтом Брайля.

В школьной раздевалке детям-инвалидам нужно выделить зону в стороне от проходов и оборудовать ее поручнями, скамьями, полками и крючками для сумок и одежды и т.д. Также можно для этих целей выделить отдельную небольшую комнату.

В столовой следует предусмотреть непроходную зону для учащихся-инвалидов. Ширину прохода между столами для свободного передвижения на инвалидной коляске рекомендуется увеличить до 1,1 м. Желательно, чтобы эти столы находились в непосредственной близости от буфетной стойки в столовой. В то же время нежелательно детей-инвалидов сажать в столовой отдельно от остальных одноклассников.

В школьных туалетах надо предусмотреть одну специализированную туалетную кабинку для инвалидов с нарушением опорно-двигательного аппарата (в том числе и инвалидов-колясочников) размерами не менее 1,65 м на 1,8 м. Ширина двери в специализированной кабине должна составлять не менее 90 см. В кабине рядом с одной из сторон унитаза должна быть предусмотрена свободная площадь для размещения кресла-коляски для обеспечения возможности пересадки из кресла на унитаз. Кабина должна быть оборудована поручнями, штангами, подвесными трапециями и т.д. Все эти элементы должны быть прочно закреплены. Не менее одной раковины в туалете следует предусмотреть на высоте 80 см от пола. Нижний край зеркала и электрического прибора для сушки рук, полотенце и туалетная бумага располагаются на такой высоте.

В читальном зале школьной библиотеки часть кафедры выдачи книг необходимо понизить до уровня не выше 70 см. Несколько столов также нужно сделать на такой высоте.

Книги, находящиеся в открытом доступе, и картотеку рекомендуется располагать в пределах зоны досягаемости (вытянутой руки) человека на коляске, т.е. не выше 1,2 м при ширине прохода у стеллажей или у картотеки не менее 1,1 м.

В учебных классах ребенку-инвалиду необходимо дополнительное пространство для свободного перемещения. Минимальный размер зоны учебного места для ребенка на коляске (с учетом разворота инвалидной коляски) - 1,5 x 1,5 м.

Детям-инвалидам с нарушениями опорно-двигательного аппарата около парты следует предусмотреть дополнительное пространство для хранения инвалидной коляски (если ребенок пересаживается с нее на стул), костылей, тростей и т.д. Ширина прохода между рядами столов в классе должна быть не менее 90 см. Такая же ширина должна быть у входной двери без порога. Также желательно оставить свободным проход около доски,

чтобы ребенок на коляске или на костылях смог спокойно перемещаться там. Если занятия проходят в классе, где доска или какое-либо оборудование находится на возвышении, это возвышение необходимо оборудовать съездом.

Детям-инвалидам по зрению нужно оборудовать одноместные ученические места, выделенные из общей площади помещения рельефной фактурой или ковровым покрытием поверхности пола. Необходимо уделить внимание освещению рабочего стола, за которым сидит ребенок с плохим зрением и помнить, что написанное на доске нужно озвучивать для того, чтобы он смог получить информацию. Парты ребенка со слабым зрением должны находиться в первых рядах от учительского стола и рядом с окном. Когда используется лекционная форма занятий, учащемуся с плохим зрением или незрячему следует разрешить пользоваться диктофоном - это его способ конспектировать. Пособия, которые используются на разных уроках, должны быть не только наглядными, но и рельефными, чтобы незрячий ученик смог их потрогать.

Детям-инвалидам по слуху необходимо оборудовать ученические места электроакустическими приборами и индивидуальными наушниками. Для того чтобы слабослышащие дети лучше ориентировались, в классе следует установить сигнальные лампочки, оповещающие о начале и конце уроков.

Для обеспечения безопасности и беспрепятственного перемещения детей с инвалидностью по школьной территории следует предусмотреть ровное, нескользкое асфальтированное покрытие пешеходных дорожек. Имеющиеся на пути небольшие перепады уровней должны быть сглажены. Ребра решеток на пешеходных дорожках должны располагаться перпендикулярно направлению движения и на расстоянии друг от друга не более 1,3 см. В нескольких местах с бордюрного камня тротуара должен быть устроен съезд шириной не менее 90 см. Для этого рекомендуется покрыть поверхность дорожки направляющими рельефными полосами и яркой контрастной окраской. Оптимальными для маркировки считаются ярко-желтый, ярко-оранжевый и ярко-красный цвета [3].

Итак, понятие «включающее образование» представляет собой такую форму обучения, при которой учащиеся с особыми потребностями: посещают те же школы, что и их братья, сестры и соседи; находятся в классах вместе с детьми одного с ними возраста; имеют индивидуальные, соответствующие их потребностям и возможностям учебные цели; обеспечиваются необходимой поддержкой.

Следовательно, у учеников есть возможность активного и постоянного участия во всех мероприятиях общеобразовательного процесса, адаптация как можно менее навязчива и не содействует выработке стереотипов, мероприятия направлены на включение ученика, но достаточно для него сложны. Индивидуальная помощь не отделяет и не изолирует ученика. Появляются возможности для обобщения и передачи навыков.

ЛИТЕРАТУРА

1. Актуальные проблемы интегрированного обучения. М.: Права человека, 2001.
2. Екжанова Е.А., Резникова Е.В. Основы интегрированного обучения: пособие для вузов. М.: Дрофа, 2008.
3. Инклюзивное образование: право, принципы, практика / Н.В. Борисова, С.А. Прушинский. М., 2009.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН АРҚЫЛЫ ЖАЛПЫ ДАМУ ЖАТТЫҒУЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Дәстүрлі дене шынықтыру жеке адамның жүйкесі мықты, тәні сау болып қалыптасуының құралы ғана емес, келешек ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің маңызды сыңары адам өміріне, қоғамға, этностың өзін-өзі сақтауына қатысы бар мәдениеттің элеуметтік қажетті элементі болып табылады. Дәстүрлі халық ойындарын дене шынықтыру сабағында спорттық жаттығулармен ұштастыру үшін мектеп жасына дейінгі 7-жастағы балаларға тепе-теңдікті сақтауға арналған жаттығу ойындары және жалпы даму жаттығулары арқылы ұлттық ойынды кірістіре отырып сабақ өткізу әдістерін ұсынамыз.

Салмақты тепе-теңдікте ұстау қызметі ағзаның қалыпты өміршеңдігін қамтамасыз ететін маңызды көрініс. Салмақтың тепе-теңдігін сақтау шеберлігі кеңістікте орын ауыстыруға оның ішінде баланың ойын ойнауына, басқа да кез-келген қызметіне қажеттілік болып табылады. Тепе-теңдікті ұстау қасиеті балада қозғалыс тәжірибесі жинақталған соң, бірте-бірте қалыптасады. 7-жастағы баладан тепе-теңдікті сақтау жаттығу ойындарын нақты орындау талап етілмейді [1].

Тепе-теңдікке арналған ойындардың жаттығу элементтері әр түрлі тәсілмен орындалады, сондықтан үрдіс барысында баланың айрықша көңілі бөлініп, тер төгіп киналып, мықшындап жұмыс жасауына тура келеді. Тепе-теңдік жаттығулары тек қана спорттық негізде үйретілсе бала зерігіп, шаршап жалығуы мүмкін сондықтан оны әсерлі, эмоционалды ұлттық ойын түрлерін кірістіре отырып ойнатқанда олар тез қабылдап машықтанады. Мысалы: «Арынды арқан» ойынын ойнау барысында балаларға ағаш көпірден өтіп су жылғасынан өтіп, арқан үстінен басып орындықта жатқан ойыншықтарға жетіп, оны алып жаңағы жүрген жолын кері қайталап тәрбиешіге ойыншықты әкеліп беруі керек. Осылай бір қимыл қозғалысты бірнеше рет қайталағаннан кейін ол бекиді. Ойын барысында әр түрлі ойын құралдарын пайдалану қажет. Мысалы: жерге сызылған сызықтан аттау, шеңберлерден адымдау төртбұрышты резина құрал үстімен жүру т.б. Ойынды үйрену сәтінде бала бірден оң аяқ одан кейін сол аяғын адымдап басады деп күтуге болмайды. Кейбір бала сызықты /шеңберді/ бір аяқпен аттап, екінші аяғын бірге көтеріп алып өтеді. Осыған байланысты ойын сәтінде ойналатын құралдарды бір-бірінен 40-50 сантиметр қашықтықта орналастыру керек. Сонда бала бір шеңберден өтіп, екінші шеңберге келгенде аяғының арасын ашып аттап, адымдап өтуге ыңғайлы болады. Тепе-теңдікті сақтай отырып бірнеше ойын құралынан ұзын жіңішке рейка ағаштарынан, биік емес бөренелерден /ара қашықтығы 20-30 сантиметр/ екі аяқты да жұмыс жасатып адымдап аттауды қайталаймыз. Күн өткен сайын ұлттық ойын элементтерін күрделендіреміз, балалар заттан затқа мысалы, жәшіктен-жәшікке, не болмаса астын көтеріп қойған жақтауы жоқ орындық үстінен адымдап өтеді. Тепе-теңдікті сақтауды дамытатын келесі бір ойын элементі бір орында тұрып өз денесін айналдыруды барлық балаға бір сәтте өткізген пайдалы, бірақ тапсырманы әр бала өз деңгейінде, ыңғайлы қарқынымен орындап, керек болса, қозғалысты тоқтатқысы келген сәтте тоқтатады [2].

7-8-жастағы балаларға арналған ұлттық ойындар негізінде берілетін жалпы дамыту жаттығулары құралсыз, азғантай сағат көлемінде өткізіледі. Бұл жастағы бала ағзаның буын сүйектерінің барлығын қимылдатып, қозғалысқа келтіре алмайды. Олардың қозғалыс координациясы әлсіз дамыған, өз денесінің жеке бөліктері: тұлға, қол, аяқтарына әлі дұрыс басшылық жасай алмайды. Көбіне тіпті бала тәрбиешінің көрсеткенін де қайталап сол қалпында жасай алмайды. 7-8-жасар балалармен жалпы даму жаттығу элементтері бар ұлттық ойындарды өткізген сәтте ұсақ заттар мен ойыншықтарды қолдана отырып, имитациялық еліктеу сипатындағы қимыл-қозғалысты дамытатын нақты тапсырмалар беру керек. Отырып тұру жаттығу ойындарын бала орындық арқалығынан, гимнастикалық ағаш

/рейка/ кабырғадан, ұзын таяқтан қолымен ұстап тұрып орындайды. Бұндай ұлттық ойын түрлері: Сақина салу, Қайықта, Қоңырау, Балық аулау, Қамшы тағы да басқа халық ойындары баланың арқасын тіке ұстап, басын төмен түсіріп жүрмей тепе-теңдігін сақтауға көмектеседі. Келесі отырып тұру элементтері бар ойындар аяқтың ұшымен тұрып емес, табанға күш түсіріліп орындалады. Алға қарай ұмсына иілу ойындарын ойнау барысында балаларға аяқтарын бүкпей ойнауды естеріне салу керек, себебі көбіне бұл ойын элементінде аяқты бүгіп орындаудан отырып-тұру жаттығулары қайталанып кетеді, ал егер бала тапсырманы ұмытып, мән бермей немесе рефлекспен аяғын бүгіп ойнаса, оны ескертусіз солай қабылдаған жөн, бұл талаптың мүлтіксіз орындалуы міндетті емес.

Жалпы дамыту жаттығу элементтері бар ұлттық ойындар негізінен баланың тұрған қалпында екі аяқтың арасы аздап ашылып, параллелді қойған жағдайда орындалады. Бала қолдарын төмен жіберіп, арқасына жасырып, болмаса бүйіріне таянып тұрады. Ойын барысында көптеген жаттығулар жерге арқасынан жатып, етпетімен ішімен жатып, отырып, екі тізесімен төрт тағандап отырып орындалады. Сабақ барысында балаларға таныс заттар қолданылады. Керісінше білмейтін нәрсемен жұмыс жасауға тапсырма берген жағдайда балалар өте қатты алаңдап, таныс емес затты сипап, онымен ойнап, тәрбиешінің айтқанын нашар тыңдап айтқанды орындамайды. Педагог балаларға қандай бір затпен ойнауды ұсына отырып, балаларға оның қасиеті мен ерекше сипатын айтып таныстырады. Мысалы: қамшының ағаш саптан тұратынын, оны сермеген сәтте қолда мықты ұстау керектігін, сабынан ұстамаса түсіп кететінін, ертедегі ата-бабамыз қамшыны не үшін пайдаланғанын, немесе ұршық доп дегеніміз не?, ол жүннен қалай иіріліп тоқитын жіпке айналады, бұрыңғы көшпенді өркениет әлеміндегі балалардың резеңке доптың орнына ұршық допты қалай пайдаланғанын түсіндіреді. Төменгі топтарда сабақ барысында ойнауға пайдаланылатын заттар бала санына сәйкес болу керек. Ал егер заттар барлығына бірдей жетпей қалса (доп, ойыншық т.б.) ол бала өте ренжіп, сабаққа деген ынтасы азайып, не болмаса агрессивті көңіл күймен басқа бала қолындағы ойыншықты тартып алуға әрекет жасайды. Заттармен жұмыс барысындағы ең қарапайым ойын жаттығулары қамшымен, орамалмен жасалатын жұмыс түрлері. Әр түрлі-түсті орамалдармен, ойыншықтар, қамшы, доптар балаларды өзіне тартып, қызықтырады. Ойын барысында: негізінен сары, жасыл, көк түсті орамалдар, ойыншықтарды енгізуді ұсынамыз. Ойын сәтінде заттарды жерге қойып жаттығатын болған соң қызыл, ақ түстен жасалған орамалдарды (ойыншық, доп, қамшы) пайдалану керек емес. Ойын барысында орамалды (допты т.б.) бір түстен бір-бірден берген тиімді. Ал әр түрлі түсті зат қолдарына тисе балалар өзді-өзді салыстырып, ашық өнді таңдап, өздеріне ұнаған реңі бар нәрсе қолдарына тимесе реніш басталады. Бұл сабақ барысында ойын жаттығуларын орындап, ойнауға өз кедергісін тигізеді [3].

Жыл басында балалар бірін-бірі танымайтын, бір-біріне үйренбеген кезде тәрбиеші ойын бастамас бұрын оларды атын атап қасына шақырып, ойын құралдарын қолдарына айтып отырып ұстатады. Мысалы, «Ақниет мына ойыншықпен сен ойнайсың, Ақмерей мына ұршық сенікі, Алдияр осы қамшы саған жоғалтпа. Кім ойыншықты алды кейін тұрың. Ал кім алған жоқ, Алшын сен неге алмайсың? Кел мына ойыншық қамшы сенікі» деп балаларды тартамыз. Кейін балалар өздігінен дербес үйреніскен кезде педагог ойын құралдары салынған жәшікті бөлменің ортасына қойып, балалар оған жақындап өздері алады. Ойын аяқталған соң балалар өз беттерімен ойын құралдарын алған жерлеріне апарып салып, тәрбиешіге жинақтауға көмектеседі. Жалпы даму жаттығу ойындары сәтінде бір-екі заттан артық нәрсе пайдаланудың қажеті жоқ. Ең бастысы осы ойын сәтінде бала өз демін ішінде ұстап қалмау керек. Баладан дұрыс дем алуды қимыл-қозғалыспен ұштастыруды талап ету әлі ерте. Баладан ойын барысында нақты қимыл-қозғалысты анық орындауды талап етуге де болмайды. Балалардың барлығының бір сәтте қозғалысын дұрыс қамтамасыз ету үшін «Қайықшылар» ойынын ойнатамыз. Мысалы, балалар ұзын орындықта немесе жерге (кімнің үстіне) бірінің артына бірі ыңғайланып отырады.

Тәрбиеші оларға қарама-қарсы отырып, күтуші апай соңғы баладан кейін отырып, ұзын екі таяқпен екі жақтан ұстайды. Ортада отырған балалар әлгі таяқтың екі жағынан оң

қолмен және сол қолмен ұстап, апайлардың таяқты көтерген бағытына қарай алға, артқа, екі қапталға қозғалып, шайқалып, қимылдайды. Бұл ойынды тұрып орындауға да болады. «Қайықшы» ойыны баланың қалыпты дем алуын жақсартып, аяқ қол бұлшық етін дамытады [4].

Тепе-теңдікті сақтауға арналған жаттығу ойындары және жалпы даму жаттығулары арқылы ұлттық ойындарды ойнау дағдысы бір күнде емес, бірнеше жыл аралығында меңгеріледі. 3-жастағы балаларға осы тепе-теңдікті сақтау және жалпы даму жаттығулары негізінде жалпылама қарапайым элементтері бар ойындарды үйретіп, оны әр түрлі тәсілмен бірнеше рет қайталап, баланы дұрыс қимыл-қозғалыс негізінде шыдамды болуға үйретеміз.

Мектептің табалдырығын жаңа ғана аттап отырған балалар бақшасында болмаған, топтасып әрекет жасап халып таспаған балалар үшін дене шынықтыру сабағын бірден бастап кету мұғалім үшін де қиындық келтіреді. мысалы, бағдарлама бойынша бірінші кластың оқушыларына гимнастика сабағы «Сапқа тұру және қайта өзгеріп тұру сабағынан басталады. Осындағы сабақ тұру колоннада бір – бірден жүру т.б. толып жатқан ұғымдарды оқушыларға бірінші күннен бастап түсіндіре қою қиынға соғатыны белгілі. Дене шынықтыру сабағында халық ойындарының пайдалану мұғалімнің күнбе-күнгі сабағына әзірлеген кезінде белгіленіп, сабақ жоспарында көрсетеді. Халық ойындарын сабақтың басында да, ортасында да, сонында да пайдалануға болады. Меселе оның мұғалім үшін қиыншылығында емес, балалардың бірден күрделі ұғымдар мен қимылдарын меңгеріп алуының күрделігінде. Сондықтан алғашқы он-он бес минут уақытты мұғалім халық ойындары мен бастап балалардың қимыл бірлігі халыптасып, бір-бір біріне жақындата бастаған кезде ойының сабаққа біртіндеп көшкені жөн. Алғашқы бірнеше сабақ бойы мұғалім ойыннан негізгі материалға, одан қайта ойынға одан әрі және ойынға көшіп, қайтадан негізгі материалды өтеді де сабақтың аяғын ойынмен бітіреді. Бұл әрине мұғалімнің шеберлігіне, оқу материалдарын өткізуді күн ілгері егжей-текжелі ойластыруына, сабаққа мұқият әзірлігіне байланысты зертеулермен тәжірибилерге қарағанда халық ойындарын сабақтың ортасында пайдалану оқушылардың дене шынықтыру сабағындағы арнайы материалдарды дұрыс түсініп ұғынуына негізделеді. Бастауыш сынып оқушылардың дене шынықтыру сабағындағы арнайы материалдарды дұрыс түсініп ұғынуына негізделеді [5].

Бастауыш сынып оқушыларының назары тұрақты болмайды. Көп жағдайларда дене жаттығуларын мұғалімнің көрсетуі бойынша қайталай береді. Ал, мұғалім балалардан жаттығуды өз бетерімен жасайын талап еткенде олардың көпшілігі дұрыс орындамайды, сондай-ақ олардың қимыл бірлігі бұзылады. Балалардың назарын сабаққа аудару үшін мұғалім сабақтың ортасында 5-10 минут осы сабаққа ұқсас халықтық қимыл халықтық ойындарын ойнатып, олардың көңілдерін басқа жаққа аударады да, осының негізінде пайда болған ерік – жігерлерін негізгі материалға аударады. Ал, ойында сабақтың аяғында көбіне оқушылар негізгі оқу материалдарын меңгерген кезде қолдануға болады. Сабақ бітуге бес он минут қалғанда біртіндеп ойынға көшкен жөн. Сабақтың аяғында ойын элементтерін пайдаланғанда мұғалім өте ұқыпты болса мұндайда көбінесе, баяу қимылды ойынды пайдаланған жөн. Өйткені, оқушылардың үзіліз кезінде байсалды дем алуына нұқсан келмеу жағын ескерген орынды.

«Ойын дегеніміз жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді» деген П. Ф. Лесгафтың пікіріне көңіл бөле отырып біз мектеп табалдырығын алғаш аттап отырған балалардың ұжымын ұйымдастыруға, олардың дене шынықтыру сабағын сүйіп оқуына жету үшін халық ойындарын тәрбие құралы деп таптық халық ойындарын бағдарламаның қимыл ойындары деген бөліміне ғана пайдаланып қоймай, әр сабақтың мақсатына қарай, сонымен бірге мазмұнына сай, сабақ кезеңдеріне қарай пайдалануға тырыстық халық ойындарының бағдарламада көрсетілілген ойындардың орнына қолданумен бірге оқу сағаттарын оқу жылды барысындағы ауарайының алмасуына байланысты және мектептің материалдық жағдайын ескеріп жоспарлауға тырыстық. Олай дейтініміз, жоғарыда аты аталған мектептердің тек біреуінде ғана арнайы дене шынықтыруға арналған спорт залы бар.

Қалған мектептердің бәрінде де мұндай мүмкіншілік жоқ. Осыған орай халық ойындарының көбінесе күзде, жазғы тұрымғы ауа райының қолайлы уақыттарына келтіруді ойластырдық [6].

Сонымен бірге мұғалім де өз шәкірттерінің мінез – құлқын, қабілетін ой өрісін қимыл- қозғалысын тексереді, зертейді. Осыған орай кластағы оқушыларды бірнеше шағын топтарға бөліп, оларды бір-бірімен теңесіп, бірдей дамып жетілуін қамтамасыз ету жағын ойды. Кластағы оқу үлгерімінің жоғарғы көрсеткішке жетуінің ең басты шарттарының бірі- оқушыларды мақсаттас бір ұжымға біріктіру болып табылады. Берік ұжым- саналды тәртіптің сапалы оқудың бірінші клас оқушыларының алғашқы күннен-ақ оқу мен тәртіпке, ұйымшылдыққа қалыптастырудан басталады. Сыныпта жүргізілетін тәрбие жұмыстарының негізіне халық ойындары жатады деп біз батыл айта аламыз.

Бірінші сынып оқушылары үшін (алғашқы күннен бастап) қимыл ойындарының ішінен алдымен көпшілік болып ойнайтын ойындарды таңдап алу керек.

Осындай халық ойындарының бірі – «Сүзеген бұқамен айқасу». Ойын мектеп ауласында, дене шынықтыру сабағына арналған кең алаңда өткізіледі. Мұғалім оқушыларды қатар тұрғызып, алдымен ойынның атын атап, мазмұнымен таныстырады. Ойнау тәртібін, ойын ережесін ойында әркім өзін қалай ұстайтынын, т.б.

Мұғалім балалардың жеті қимылдауын қолдарының жұмыс істеу қабілетінің тездету мақсатымен, олардың нерв жүйелерін жетілдіруге арналған, ойылар жүйелерін дамытуды көздейтін ойындарды басқа пәндеде қолданады.

Егер ойында таппақ болса, онда мұғалім оқушыларға сол таппақты алдымен өзі айтып сонан кейін хор мен айтқызады. Жеке оқушыларға айтыпқызып, түсінбеген сөздеріне көңіл аударады. «Сүзеген бұқамен айқасу» ежелгі халық ойыны, ол туралы балалар отпасында айтылатын әңгіме ертегіден таныс. Бұл балаларды ойынға ынталандырмай қоймайды. Олар мұғалімнің әр сөзін ұғып алуға тырысады, ойындағы таппақты тез жатап алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дулатұлы М.шығармалары., мақалалар мен зерттеулер. 2-томдық, Алматы., Ғылым, 1997, /б.30/.
2. Ушинский К.Д. избр..пед.. соч., Т.1. М., АПН РСФСР,1994. /б.26/.
3. Мендалиев Б.М. Ұлттық дәстүрлі халық ойындарының қазіргі кезеңдегі қажеттілігі // Ұлт тағылымы., 2005 №6 /б.52/.
4. Мендалиев Б.М. Халық ойындарының этнопедагогикалық маңызы// Қазақстан мектебі., 2004 ж. №5 /б.29/.
5. Мендалиев Б.М. Дәстүрлі халық ойындары мектеп жасына дейінгі баланың өсіп-қалыптасуындағы негізгі фактор ретінде // Ғылым және жастар IV –ші Республикалық ғылыми –тәжірибелік конференция материалдары,-Ақтау., 2005 ж. /б.90/.
6. Чернышевский Н.Г. избр. пед. Произведения. М., АПН РСФСР, 1993, /б.97/.

ӘОЖ 327(47)(510) “18”

Наубаева Х.Т., Қанғабыл І.К.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
Талдықорған қаласы

ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАСЫ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Қазақ халқының ұрпақ тәрбиелеу жөніндегі сонау көне ғасырлардан келе жатқан тәжірибесін, қазақ хандығы құрылған кезеңнен (XIV-XV ғ.ғ.) бастап қарастыру, тарихи-әлеуметтік тұрғыдан алып қарағанда дұрыс емес. Өйткені кешегі өткен тарих беттері -

Шығыс мәдениетінің қайнар көзі болып саналатын ұлы Даланы мекендеген түркі тектес (тілдес) халықтардың, одан әрі ғұндар мен сақтардың бір елді, бір жерді мекендеп, оны сыртқы жаулардан қорғап, бір тілде сөйлеп, бір дінге сеніп, әлем мәдениетінің қалыптасуына тендесі жоқ үлес қосып, бүгінгі түркі халықтарына ортақ мәдениет пен тарихтың көне бастауы болғанын бүгінгі ұрпақ өмір тәжірибелерінен көріп отыр.

Зерттеуші ғалымдар А. Қасымжанов, Ж. Алтаевтың: “Біз тарихқа ХІҮ-ғасырдың басынан бастап “қазақ” деген атпен еңсек те, мыңжылдық мәдениеті, философиясы, әдебиеті, тарихы бар халықпыз...” деген ғылыми тұжырымдары жоғарыда айтылып кеткен ойларымызға дәлел болып тұр.

Қазақ халық педагогикасының тарихын адамзат дамуының қоғамдық құрыл бірнеше кезеңге бөліп қарастыру қажет. [1]

Алғашқы қауымдық құрылыс кезеңі тапсыз қоғам болды. Адамдар өздерінің іс-әрекеттерін көпшілік болып топтасып, бірге атқарып отырған. Мұндағы тәрбие жас пен жыныс ерекшеліктеріне қарай қоғамдық сипат алды. Ұл балалар садақ тарта білді, аң аулауға көмектесті, қыз балалар үй жұмыстарына араласты, киім пішті, тұрмыстық салт-дәстүрлердің рәсімдеріне қатысты.

Алғашқы адамдар Қазақстан территориясының Арпаөзен, Қаратау, Тәңірқазған, Шарбақты және Ұлытау өңірлерін мекен еткен.

Қағанат сол кездегі өркениетті Византия, Араб Халифаты және Қытай империяларымен дипломатиялық қарым-қатынас жасап отырды. Ұлы Түркі қағанаты бүгінде Түркия, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Ресейдегі — Татарстан, Башқұртстан, Якутия (Саха), Чувашия т. б. Қытайдағы Шығыс Түркістан (Шынжаң өлкесі), Еуропадағы Венгрия, басқа да Шығыс Еуропа территориясын мекендеген халықтардың бастарын қосып, шығысында Алтай таулары, батысында Карпат таулары, солтүстігінде Сібір жондары, ал оңтүстігінде бүгінгі Қытай қамалына (Темір қақпа) дейінгі орасан зор территорияны иеленген. [2]

Тәуелсіз Қазақстандағы жаһандану үдерісі әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар алдына түбегейлі реформалау міндетін қойып отыр. Әлемдік өркениетке ену жағдайында түбірлі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің негізінде ұлттық мәдениет пен руханиятты жаңғыртудың мүмкіндіктерін толық жүзеге асыру қажеттілігі туындап, педагогика ғылымын әрбір халықтың ұлттық ерекшелігіне сай жетілдіру мәселесін қарастыру көзделуде.

Кеңес дәуірінде педагогика ғылымы шектен шыққан идеологиялану нәтижесінде үлкен дағдарысқа ұшырағанын жоққа шығаруға болмайды. Педагогиканың идеологиямен етене теңестіріліп, түгелінен мемлекеттік бола түсуі әлеуметтік шындықтың нақты қайшылықтарын сыни және объективті түрде талдау мүмкіндігін шектеді. Педагогика ғылымының тұжырымдамаларын қоғамдық өмірдің ағымын өзгертуге болатын әлеуметтік технология ретінде қолдану бұрынғы кеңес заманындағы педагогикалық білімнің тиісті деңгейде дами алмауына себепші болды.

Педагогика ғылымы саласындағы дағдарыстың себебі болатын тағы бір құбылыс рухани мәдениеттің бедерсізденуі болып табылады. Бұл үрдістер қазақ халқының ұлттық дүниетанымының өзіндік қайнар көздері мен түп-тамырларын елемеуге әкеліп соқтырды. Педагогикалық ілімдер тәрбиенің абстрактылы, қайшылықсыз үлгілері ретінде қарастырылды. Мұндай жағдайлар ресми мәдениеттің идеологияланған кеңістігінде ғана қалыптасуы мүмкін еді. Ал нақты өмірде, әсіресе қазақ халқының бай рухани әлемімен және ұлттық психологиясымен түйіскенде бұл теориялар әр түрлі қайшылыққа толы қорытындылар жасайтыны айғақталды. Сырт көзге дұрыс болып көрінетін абстрактылы қағидаттар халықтың тіршілік әлемінен, тәрбие ортасынан оқшау тұрғандықтан, өзінің дүниетанымдық маңыздылығы мен әлеуметтік құндылығын жоғалта бастады.

Педагогикалық теорияның мемлекеттік идеологияның ықпалында болуы, ұлттық рухани мәдениеттің ерекшеліктерін елемеушілігі отандық педагогикалық ілімнің әлемдік педагогикалық бірлестіктен оқшаулануына алып келді. Әлемдік педагогикалық мектептердің

негізгі бағыттарымен идеялық текетірістік жағдайында болу өзара тиімді дүниетанымдық және әдіснамалық үнқатысуды жүргізу мүмкіндігін шектей түскен болатын. Біздің педагогиканың томаға-тұйықтығы тәрбие мен білім беру мәселелерінің практикалық шешімін іздеуде догматизм мен әдіснамалық әлсіздікке әкеліп соқтырды. Екінші жағынан, педагогика ғылымындағы осындай қайшылықтардың тамырлары әлеуметтік жаттану үдерістерімен астасады. Бұл адамның меншіктен жаттануы, өзінің ұлттық тарихы мен халықтық педагогикасынан жаттануы, тіпті адамның өз мәнін, тарихы мен мәдениетін, тілі мен дінін жатсынуы болып табылады. Соның салдарынан адамдар әлеуметтік үдерістердің қарапайым құралы мен объектісіне айналды. Сондықтан қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында халқымыздың рухани ахуалына сәйкес педагогика ғылымы өз мазмұнын әлеуметтік жаттануды еңсеру жолдары мен ерекшеліктерін анықтауға бағыттауы тиіс. Мұның өзі біздің ұлттық болмысымызға сай қазақ педагогикасының әдіснамасын жасауды қажет етеді. Қазақ педагогика ғылымы әлемдік педагогика тұрғысынан қазақтың ұлттық рухы, менталитеті мен тәрбие ерекшеліктерінің қалыптасуы мен даму тарихын тұжырымдай отырып, өз бойында әлемдік мәдениеттің жетістіктерін жинақтап, жалпыадамзаттық тәрбие тәжірибесін танытатын ғылым болуы тиіс.

Біздің ойымызды Әзірбайжанның белгілі түріктанушы-ғалымы З.Наджип: “...түркі тілдес халықтардың көне жазба әдебиетін қалыптастыруда бүгінгі татар, башқұрт, өзбек, қазақ, қарақалпақ, түрікмен, әзірбайжан халықтарының ата-бабалары белгілі дәрежеде үлес қосты”,— деп, дәлелдей түседі. Ал белгілі ғалым Айдаров: “...Орхон ескерткіштерінен түркі тайпаларының тарихы, мәдениеті, тілі мен әдебиеті, әдет-ғұрпы, салт-санасы жөнінде толып жатқан деректер табылады...”,— деп, ұлттық салт-дәстүр мен тәлім-тәрбие жөнінде маңызды пікірлер тұжырымдайды.

Көне мұралардың ішіндегі бізге кеңірек мәлім болғандары Орхон-Енисей бойынан табылған, тасқа қашап жазылған VI-VIII ғ.ғ. ескерткіштер: түркі көсемі Білге қаған, Күлтегін батыр мен ақылгөй Тоныкөк құрметіне қойылған құлпытастар. Оларда ұлы Түркі қағанаты халықтарының тұрмысы мен салты, мәдениеті мен жауынгерлік жортуылдары айшықты да мәнерлі тілмен өсиет сөз үлгісінде баяндалады. Бұларда қазіргі қазақтардың сөз саптау үлгісіне жақын шешендік өнердің дәстүрлі формалары айқын байқалады. Орта ғасырлық түркі тілді әдебиеттің таңдаулы туындыларынан да ұшыраспайтын бұл жазуларда тәңірінің “Жарлығымен” болатын бектер мен қара халықтың қағанға адал берілгендігі, қағандардың қараларды билеп-төстеуі жайында сөз қозғалады. Мәселен, “Егер сен, түркі халқы, өз қағаныңнан, өз бектеріңнен, өз отаныңнан жырақ кетпей, бірге жүрсең, сен өзің де бақытты өмір сүресің, өзіңнің отбасыңда болсаң, ешнәрседен мұқтаждық көрмейсің...” деп, бек пен қара халықты бірлікке шақырады. Түркі халқына қамқорлық жасау мәселесі де тас жазулардың өзекті арқауы (“Ер жүрек халық, күшті халық”, “Бізге жеңіс әперген жер-суымыз (Отанымыз)) деп білу керек” т. б.

Ежелгі түркілердің ауызекі поэзия дәстүрі бізге IX ғасырда ғұмыр кешкен әнші, әрі сазгер небір тамаша күй шығарған Қорқыт атаның есімін жеткізді. Ол адамзат өмірінің соншалықты қысқалығына наразы болып, пенде атаулыны ажал құрығынан құтқармақ болды. Қорқыт өзінің жанын жегідей жеген ой-сезімдерін қазалы жанның үрейін, өлімнен қашып құтылудың амалын қобыздың азалы күйімен, поэзиялық көркем тілмен баяндайды. Ол эпос үлгісіндегі поэзиялық мұра ретінде біздің дәуірлерімізге жетті. Онда Сыр бойын мекендеген көшпелі тайпалардың тұрмысы мен әдет-ғұрпын, діни наным-сенімдерін бейнелейтін мәліметтер көптеп кездеседі. Олар тәлімдік жағынан да аса қызықты дерек болып табылады. Мәселен, “Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман... Менмен, тәкаппар адамды тәңірі сүймейді... Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ... қонағы жоқ, қараша үйден құлазыған тұз артық.. Әйелдің төрт түрі болады: оның бірі ниеті қара әйел, екіншісі — нысапсыз әйел, үшіншісі - үйдің құты болған әйел, төртіншісі – кесірлі әйел...” деп келетін Қорқыттың нақыл сөздері өз мәнін күні бүгінге дейін жоймай келеді.

IX—X ғасырларда ұлы Түркі қағанаты бірнеше мемлекеттерге (карлұқ, Түркеш, Қарахан, Қыпшақ, Ұйғыр, Хазар, Қимақ т.б.) бөлініп, Араб Халифаты империясының Орта Азия мен Қазақстан территорияларына үстемдік жүргізулеріне әкеліп соқты. Арабтар ислам дінін уағыздаумен бірге ғылым мен білім де әкелді. Нәтижесінде түркі халықтарының ұлы ғалымдары: Фараби, Фердоуси, Авиценна, Бируни, Низами, Науаи, Қашқари, Яссауи, Баласағұн және басқалары араб тілі мен мәдениетін меңгерді. Оның үлкен прогрессивтік маңызы болды. Көптеген шаһарларда діни медреселер ашылды, ғылым мен білім деңгейі артты. Медреселер діни ілімдермен ғана шектеліп қалмай, арифметика, медицина, жақаннама (философия), дінтану, астрология сияқты әлемдік маңызы зор дәріснама беруді басты мақсат етті. Бұл жерде қазақ топырағындағы Отырар қаласында дүниеге келген, Шығыстың екінші Аристотелі атанған ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің (870-950) еңбегіне ерекше болды. Ол математика, музыка, логика, философия, психология ғылымдарының негізін салды. Өмір бойы ғылым жолына беріліп өмірінің көбін Сирия, Дамаскіде өткізді. Ол бірнеше ұлттардың тілін білген, ғылым-білім жолында бар өмірін сарп еткен ғалым.

Адамгершілік, азаматтық жолды, ғылым-білімді мақсат тұтқан ғалым шетте жүрсе де атамекенін бір сәт естен шығармаған шынайы патриот азамат болды.

Көне мәдениет көздері – Отырар, Сығанақ, Исфиджаб қалалары жалынға оранды. Қалалар қиратылып, мешіт, медреселер, сауда дүкендері, кітапхана қорлары талқандалып жоқ болды [3].

Тарихтың бұл беті — Шыңғысхан империясының тарихымен бірге өрбиді. Бір кезде Шыңғысхан, Бату, Жошы, Тоқтамыс, Ақсақ Темір империясының отар елі болған Ресей, кейін сол империядан ыдырап, бөлініп шыққан халықтарды (өзбек, татар, ноғай, Сібір (Көшім), Қырым, Астрахан хандықтарын) өз империясының отар еліне айналдырды[4].

Қазақ хандығы жаңа мемлекет болып қалыптасуы барысында (1470-1718 ж.ж.) 250 жылдай тәуелсіз ел болып, дербес өмір сүрді. Бірнеше ауыр қасіреттерді, жойқын соғыстарды басынан кешіріп, тіпті жер бетінен жойылып кете жаздады.

Қазақ жерінің байлығына қызыққан Ресей мен Қытай империялары құпия келісім-шарт жасасып, қытай — жоңғарларды, ал Ресей — қалмақтарды бізге қарсы айдап салды.

Осындай саяси оқиғалар қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық дамуын тежеді. Көне ғасырлардан бері қалыптасып келе жатқан ғылым мен білімнің, тарих пен мәдениеттің одан әрі дамуына қажетті жағдайлар туғыза алмады.

Қазақ халқының өзіндік мәдени, рухани, әдеби ұлттық дәстүрі қалыптасты. Қазақ ұлтының дамуы мен қалыптасуына зор үлес қосқан хандар мен сұлтандар, билер мен жыраулар, батырлар мен ақындар: Жәнібек, Керей, Асанқайғы, Мұхаммед-Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыр, Қасым, Есім, Хақназар, Тәуекел, Тәуке, Қазтуған, Ақтанберді, Шал, Әнет, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Әбілқайыр, Абылай, Бұқар, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Райымбек, Сырым т.б. көптеген адамдар болды. Аузы дуалы ақылгөй жыраулар мен шешен билер жалпы жұртқа өнегелі сөздерімен, өлең-жыр толғауларымен зор ықпал етіп, халықты ел болуға, берекелі бірлікке шақырып, қоғамдық өмір сахнасына шыға бастады.

Қазақ жырауларының толғау тебіреністері, билердің шешендік-қанатты сөздері өзінің тәлімдік шарапаты жағынан ғана емес, сонымен бірге рухани, эстетикалық, отаншылдық мәні жағынан да аса маңызды болды. Жыраулар жауынгерлік заманда хандар мен бектердің, қолбасшы батырлардың ақылгөй кеңесшісі болып, жорыққа бірге аттанды, ру-тайпаларына басшылық етті, сұрапыл қанды майдан көріністерін жырға қосты, ерлікті мадақтады, шейіт болған батырларды жоқтап, ел қайғысын бөлісті.

XV-XVII ғасырлардағы жыраулар шоғырынан өздерінің тәлімдік идеяларымен Асанқайғы, Шалкиіз, Жиёмбет, Бұқар жырау секілді дала философтары ерекше көзге түскен еді. Халқының қамын жеп, оның береке-бірлігін, келешектегі бағытын, келер күнін аңсаған Асанқайғы (XV ғ.) өз отандастарының алдағы тағдыры не болмақ деген толғаныспен күн кешті. Содан да болар, ел аузында оның есіміне “қайғы” деген ат қосақталып, аңызға айналды.

Қазақтың халық педагогикасының ең алғашқы іргетасының қалана бастауына негіз болған Асанқайғының, Мұхаммед-Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыр, Қазтуған, Шалкиіз, Үмбетей, Сыпыра, Доспамбет, Бұқар, Жиёмбет, Марғасқа т.б. көптеген ақын-жыраулардың шығармаларын атап өткен жөн.

XV-XVII ғасырларда өмір сүрген қазақ ақын-жырауларының поэзиясынан ғасырлар сырын, халықтың салт-дәстүрін, ой-арманы мен тілек мақсатын айқын аңғарамыз. Өйткені, жыраулар толғауларынан халықтың небір нәзік сырлары, мұң-мұқтажы, ой-толғанысы, қуаныш-сүйініші, келер ұрпаққа айтар өнегелі өсиеті өзекті орын алған. Яғни, олар халықтың тәлім-тәрбие мектебінің ұлағатты ұстаздарының рөлін атқарды.

Бұл жайында “қазақтың көне тарихы” атты кітапта: “XIX ғасырдың 20-жылдарында Ресей өкіметі қазақ арасында хандық үкіметті біржолата жойып, ел басқарудың жалпы ресейлік тәртібін жақындатуға тырысты...”, — деп, қазақ елінің отар елге айналғаны жайында әңгімелейді.

Қазақ жеріне қоныстана бастаған орыстар шұрайлы егістік жерлерді, мал жайылымдарын заңсыз тартып алды, бағынбағандарды жазалады. Мектептер мен шіркеулер салынып, балаларды шоқындыру мен орыстандыру саясатын жүргізді. Патшалы Ресей бай-сұлтандардың балаларына арнап орыс-қазақ мектептерін ашты.

Осындай мақсаттағы оқу орындары Қазақстанда 1789 жылы Омбы қаласында “Азиатское училище” және 1841 жылы Батыс Қазақстандағы Бөкей ордасында қазақ бай-феодалдарының мектептері ашылды. Орыстандыру, отарлау саясатын қатты сынаған Мұрат Мөңкеұлының, Шортанбай Қанайұлының, Дулат Бабатайұлының шығармалары халық арасында кең тарады. Отарлау саясатына қарсы Сырым Датұлы, Исатай Махамбет, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі Қазақстан даласында 15-20 жылға созылды.

Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А. Құнанбаев сияқты қазақ демократ-ағартушыларымен достасып, олардың саяси-идеялық, ағартушылық көзқарастарының қалыптасуына игі әсерін тигізді.

Қазақ даласында білімнің дамуы мен қалыптасуына белгілі қоғам қайраткері, педагог, этнограф, жазушы және ағартушы Ыбырай Алтынсарин өте үлкен еңбек сіңірді. Ы.Алтынсарин патшалы Ресейдің орыстандыру, шоқындыру және байлардың балаларына жеке мақсаттары үшін білім беруді көздеген саясаттарын батыл айыптады. Орыс-қазақ мектептерін ашу туралы мәселелерді насихаттаумен қатар, Алтынсарин тәрбие жұмысы барысында қазақ халық ауыз әдебиетінің үлгілерін пайдалануды қуаттады. Осы принцип негізінде құрастырылған өзінің “Қазақ хрестоматиясын” (1879 ж.) жазып, ұсынды.

Сөйтіп, педагогика, психология және әдістеме ғылымдары жеке ғылым болып шықты. Алайда Кеңестік педагогикалық ғылыми-зерттеу жұмыстарында халық педагогикасына терең мән берілмей, көп жағдайда коммунистік тәрбие тұрғысынан зерттеу талап етілді. Балалар мен жастарға жан-жақты тәрбие беруде үлкен жауапкершілікті мойындарына алған пионер-комсомол ұйымдары негізінен коммунистік тәрбие принциптеріне сүйенді.

Қазақ мектептері, негізінен, ауылды жерлерде орналасқандықтан, оның материалдық-техникалық базасына көп мән берілмеді. Мектептегі оқу-тәрбие жұмысының бағдарламалары, әдістемелік нұсқаулар ұлттық тәлім-тәрбиенің ерекшеліктерімен санаспаған, орыс тілінде жазылған еңбектердің аудармалары арқылы жүзеге асырылды.

Педагогика бұл-адамзат ғылымының ең ежелгі және қоғам дамуының ажырамас саласы болып табылады. Себебі: педагогикалық білім ұғымы ұрпақты білімге дайындау немесе тәрбиелеу мен байланысты адам әрекетінің ерекше аймағына кіреді. Педагогика барлық ғылымдар сияқты философия ғылымы аясында қарастырылды. Ежелгі грек философтарды Гераклит, Демокрит, Фальс, Сократ, Аристотель, Платон, т.б. ғылымдарының педагогикаға қосқан үлесі зор. «Педагогика» деген ұғым көне грек елдерінде б.э.б. 2,5 жылда пайда болған дейді. Педагогика деген сөз, яғни тәрмин, көне грек тілінен шыққан, ол балаларды ертіп жүру, баланы жетектеп мектепке апаруы деген сөз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. – Алматы: “Білім” 2004 ж.-21б.
2. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: “Санат” 2001 ж.-154б.
3. Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. “Этнопедагогика” - Астана. 2005 ж.-45б.

ӘОЖ 37.01:813.2 (7Қ)

Жұмағалиев О.Ж.

«№8 жалпы орта білім беретін көркемдік-эстетикалық білім және тәрбие беру мектеп-кешені» КММ, Семей қ.

БІЛІМ БЕРУДЕ КЕМБРИДЖ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

“Өзге емес, өзім айтам өз жайымды...”

Қасым Аманжолов

«Ұстаздың биігі ойлана қарасаң биіктей береді, үніле қарасаң, тереңдей береді, қол созсаң қарсы алдында, айналсаң артында тұрғандай» - деп Сократ айтқандай Егеменді еліміздің алдыңғы қатарлы отыз мемлекеттің қатарына қосылуға табандылықпен жылжу саясаты қоғамымыздың барлық саласында түбегейлі өзгерістер енгізіп, жаңа талаптар қойылып отыр. Соның ішінде болашақ ұрпаққа әлемдік деңгейде білім беру мақсатына орай білім мазмұнына жаңаша қарау - басты міндеттердің бірі.

Бүгінгі күні заман өзгерісіне ілесемін деген ұстаз Кембридж жобасы бойынша курстан өтуде. Мен де 2012 - 2013 оқу жылында Өскемен қаласындағы «Өрлеу» БАҰО АҚ ШҚО ПҚ БАИ базасында біліктілік арттыру курсынан өтіп, біліктілігімді арттырдым. Заман өзгерген сайын білім беруде қолданатын әдіс - тәсілдер де жаңарып, түрленіп отырады. Курстың негізгі жаңалығы - мұғалімнің балаға дайын білім беруінен алшақтап, баланы білімді өз бетімен игеруге құлшындырады. Білім ала отырып, бала осы білімін өмірде қолдана алуға әрекет етеді. Ұлы Абай 15 - ші қара сөзінде « ... есті адам орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен - дағы...» - дейді [1,4 б]. Жас ұрпақты іздендіру, ізгілендіру әр ұстаздың шеберлігін талап етеді. Бағдарламаның басты міндеті - мұғалімдерге педагогикалық тәжірибесін жетілдіру мен бағалауға бағыттау, оқыта отырып, баланың ерекшелігін қалыптастыру, белсенділігін арттыру, өз бетінше шешім қабылдауға, ой түйіндеуге дағдыландыру.

Білім беру саласында түбегейлі өзгерістер болып жатыр. Бұл өзгерістер мұғалім жұмысына жаңа талаптар қоятыны белгілі. Қазіргі білім беру үдерісі мұғалімнен балаға білімді «дайын күйінде» беруді емес, керісінше, білімді әр оқушы өз мүмкіндігі шегінде өзі ала алатындай орта туғызуды талап етеді. Мерсер (2005) құрдастар тобындағы өзара қарым - қатынас оқуда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Оқушылар жұпта немесе топтарда жұмыс істегенде, олар «мұғалім - оқушы» сұхбаты түріндегі өзара іс қимылға қарағанда мейлінше «симметриялы» болып табылатын өзара іс қимылға тартылады, осылайша, негізделген дәлелдерді әзірлеуде және қадағаланатын оқиғаларды сипаттауға түрлі мүмкіндіктерге ие болады деген. Ынтымақтастық оқу - өзара іс - әрекет жасау философиясы, ал бірлескен жұмыс соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге ықпал етуге бағытталған өзара әрекеттің құрылымы болып табылады [1,7 б].

Ынтымақтастық оқу - оқыту мен оқуға білім беру тәсілі, бұл проблемаларды шешу, тапсырмаларды орындау немесе әлдебір өнім жасау үшін бірлесіп жұмыс істейтін жұмысшылар тобы дегенді білдіреді. Ынтымақтастық оқу - оқуды табиғи әлеуметтік әрекет ретінде қабылдауға негізделген, оған қатысушылар бір - бірімен әңгімелеседі және осы әңгімелесу арқылы оқуды жүзеге асырады.

Ынтымақтастық оқыту жағдайында білім алушылар түрлі көзқарастағы пікірлерді естіп, өздерінің идеяларын дұрыс қалыптастыруды және оны қорғай білуді үйренетіндіктен, олардың алдына әлеуметтік, сондай - ақ эмоционалдық тапсырмалар қойылады. Сол арқылы, білім алушылар өздерінің ұғым - түсініктерін қалыптастырып, және де оқулықта ұсынылған түсініктерге немесе сарапшылардың пікірлеріне ғана сенуден бас тартуды үйрене бастайды. Ынтымақтастық оқыту барысында білім алушылар құрбы - құрдастарымен қарым - қатынасқа түсуде, өз пікірлерін айтуға және оны қорғауға мүмкіндік алады [2,25 б].

Әрбір сабақта топтық жұмыс арқылы бірлесе әрекеттенген тиімді. Ж.Пиаже бұл туралы былай жазады: «Адамның ақылы өзін таниды, яғни психологиялық тілмен айтқанда, басқа заттармен немесе басқа ақылдармен қатынаста ғана болады». Қарым - қатынас дегеніміз - өзімізді басқаларға бейімдеу деген сөз. Топтық жұмыс оқушыларға ұжымдық жұмыс қалыптастырып, бірлескен жұмыстың қызықты, әрі тартымды әрекет екендігін көрсетеді, оқушылардың жалпы еңбекке деген ынтасын арттырады. Өмірге «мен» қағидасынан гөрі «біз» тұжырымының анағұрлым пайдалы екенін аңғарады.

Оқушыларды психологиялық тұрғыдан оқуға дайындау қажет. Әдетте сабаққа келгендердің бәрі дерлік оқуға белсене араласып кетуге дайын емес, өйткені олардың өздерін ыңғайсыз сезінуі мүмкін. Мұның себептері де баршылық:

- өзіңе көтеріңкі жауапкершілік жүктеуі және содан қаймығу, жүрексіну;
- оң нәтиженің шығуына күмәндану, жазалаудан немесе күлкі, мазаққа жығылудан қаймығу;
- еріншектік пен шаршағандық
- назарын жинақтай аламау.

Оқушылардың сабақ барысында барлық шарттылықтардан арылып, ойлау аппаратын белсенділендіріп, жұмысқа толық ниеттеліп, қызу кірісіп кетуін бірінші мезетте ойсергектер арқылы жүзеге асыруға болады. Ойсергектер арқылы оқушылар өздерін жеңіл сезінеді, ашылады, әрқайсысы біртұтас ұжымның өкілі ретінде алда күтіп тұрған бірлескен күрделі жұмысты атқаруға дайындалады [3,19 б].

Сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру оқушылармен бірлесе топ ережесін құрудан басталады. Ережені оқушылар жеке - жеке құрып, топта талқылап, ортақ топ ережесін шығарып, сол ережені ұсынады. Бұл оқушыларды өз - өзін реттеуге, бір - бірлерінің пікірімен санасуға үйретеді. Сабақта оқушылардың бір - біріне деген сенімдерін арттыру, достық қарым - қатынас, ынтымақтастық қалыптастыру мақсатында бір - біріне бүгінгі күнге жақсы тілектер айту, т.б тренингін өткізуден бастаған жөн. Осындай тренингтерді өткізу арқылы оқушылардың бір - біріне деген жақсы көзқарастары қалыптасып, бір - біріне құрметпен қарауға дағдыланады.

Оқушылар қандай да болмасын жұмыс пен тапсырманы орындау үшін және сәтті нәтижеге жеті үшін бір - біріне тәуелді (жағымды тұрғыдан) екендігін, бір - бірімен байланысты екендігін сезінуі керек. Оқушылар бір - бірімен әрекеттесуі үшін тиімді жағдайлар жасау қажет: парталарда оқушылар бір - біріне қарап отырып, оларда бірлескен әрекеттердің нәтижесін көрсетуге болатын материалдар болуы керек, оларға өзара әрекеттесуді қажет ететін тапсырмалар беру керек. Оқушылар бір - біріне жәрдемдесу, өзара пікір алмасу, бірін - бірі демеу, бірін - бірі үйрету арқылы өз оқуын жақсарта түседі. Жауапкершілік тек жақсы оқитындарға жүктеліп қана қоймай, барлық оқушыларды да қамтуы қажет. Сабақта жоғарыда аталғандар ескерілсе, сабақта ынтымақтастық атмосферасы нағая түседі, сабақтың сапасы арта түседі. Өз тәжірибемнен мысал келтірер болсам, ойлан, жұптас, талқыла әдісін қолданған кезде, алдымен оқушылар жеке ойлап, жұппен диалог құрып, топта талқылау арқылы бір - бірінің пікірімен санасып, жетпеген жерін толықтырады. Осылай бір - бірімен байланысқа түсуі арқылы ынтымақтастық қалыптасады.

Топтық жұмыс оқушыларға бірігіп жұмыс істеу мүмкіндігін тудырып қана қоймай, ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Топқа бөлініп, бірлесіп жұмыс жасау - ынтымақтастықты қалыптастырудың бірден бір жолы. Сол себепті күнделікті сабақтарда оқушыларды топқа бөліп отырғызу керек. «Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас» - деген мақалдың

мағынасын түсініп, жолдастарына көмектескен жөн. Сабақта топпен орындайтын тапсырмалар жиі берілуі керек. Мысалы, постер дайындау, мәтін беріп, бір - біріне түсіндіру, бірлесіп топта талқылау, т.б. Осындай тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары оянып, әр берген жауабына ұпай жинап, сол сабақтың соңына топ басшысының бағалауына әсер ететінін біліп, сабаққа белсене қатысуға барынша талпынып отырады. Топ мүшелерінің кезекпен сөйлеуі де, бұрын сабаққа көп қатыспайтын оқушыларды ашылуына да септігін тигізеді. Топпен бірлесе жұмыс істеу барысында оқушылар алған білімдерін қорытындылай, талдай, жүйелей отырып, шығармашылық қабілеттерін, білім, білік, дағдыларын қалыптастырады [4,53 б].

Оқушылар бірлесе жұмыс істеуде өз ойымен қатар өзгенің ойымен де санаса отырып, бір - біріне түсіністікпен қарауды үйренеді. Бір - бірін тыңдап, сенім артып, қолдау көрсетуді үйренеді. Ұжыммен бірлесе еңбектеніп, өздерінің осы жұмысқа өз үлесін қосқандығын сезінгендері олардың қандай да болмасын жетістікке жеткендігі.

Сондықтан Кембридж тәсілдерін сабақта қолданудың маңызы өте зор. Кембридждік бағдарлама бір - бірімен байланысты жеті модульден тұрады:

- 1) Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер;
- 2) Сыни тұрғыдан ойлау;
- 3) Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау;
- 4) Білім берудегі АКТ пайдалану;
- 5) Талантты және дарынды балаларды оқыту;
- 6) Оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес білім беру және оқыту;
- 7) Білім берудегі басқару және көшбасшылық.

Кеңестік білім жүйесінен келе жатқан мектептердегі дәстүрлі сабақ оқушылардың танымын жетілдіруге кедергі жасайтын еді. Бағдарлама аясындағы жеті модуль бойынша өткізген сабақтарымда оқушылардың сабаққа қызығушылығы артқанын байқадым. Сабақтың бір сарынды өтпей, сабақты ұйымдастыруда сыныпты сабаққа психологиялық дайындаудан бастап, тренингтер арқылы шағын топтарға бөліп, сондай - ақ жұппен жұмыс жасату оқушының белсенділігін арттыратынына көзім жетті. Сондықтан білім беру мен оқытудың қазіргі заманғы әдістер мұғалімнің күнделікті тәжірибесінде қарастырылуы тиіс [5,79 б].

Бұл модульдің барлығын бір сабаққа кірістіру мүмкін емес, бір сабақта кемінде үш - төртеуін кірістіруге тырысамын. Атап айтқанда: білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер. Мен жаңа әдістер ретінде «Диалог арқылы оқытуды» басты назарға алуға тырысамын. Оның негізінде оқушы мен оқушы, оқушы мен мұғалім арасында өзіндік ой - пікірді жүйелеу амалы қарастырылады. Ол ұжымдық және өзара білім алмасуға жағдай туғызады. Бұл тәсілмен оқыту топпен әңгімелесу, сұхбаттасу, «миға шабуыл» логикалық сұрақ - жауап әдістері арқылы жүзеге асады. Топпен жұмыс жасау арқылы тұйық балалардың да тапсырманы талқылауға еркін араласа бастағанын аңғарып жүрмін [8,2 б].

Сын тұрғысынан ойлау стратегияларын пайдалану оқытудың әр түрлі формаларын қолданып, оқушылар өз ойларын анық жеткізуге, қателесуден қорықпау керектігіне, өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруді, ізденіске баулып, естіп, көріп, білгенін түйіндеп, пайдалана білуге үйретуді көздейді. Әр уақытта сабақта оқушылардың сыни ойлауын дамыту мен сындарлы көзқарасты қалыптастыруды басшылыққа аламын. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы - білімнің дайын күйінде берілмеуі. Осы арада оқушылардың арасынан дарынды оқушылар анықтала бастайды. Дарынды оқушылар топта өзіндік пікірлерімен ғана емес, көшбасшылық қасиетімен таныла бастайды. Олар топтық жұмыста белсенділік танытып, қасындағы серіктесіне бағыт беріп, кей жағдайда белсенді емес оқушылардың ашылуына да көп көмегін тигізеді [6,112 б].

Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау - білім сапасының нәтижесі, яғни көрсеткіші. Оқушыға оқыту үшін бағалаудың маңызы зор. Мұғалімдер мен балалар үшін өздерінің қандай мақсатқа жетуді көздейтінін, мақсатқа жету өлшемдерін түсіну не үшін керек екенін білу маңызды. Осыған байланысты бағдарлама критерийлі бағалау тәсілдерін де

қарастырады. Мен өз тәжірибемде қалыптастырушы бағалаудың бір неше түрін қоданамын. Әрине, қалыптастырушы бағалаудың нақты түрлері жоқ, сондықтан қалай түрлендіремін десе де, ол - мұғалімнің өз шеберлігі. Алғашқы сабақтар топтамасынан - ақ мен оқушыларды бір - бірін «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы бағалауды ұсындым. Бұл бағалауды қолданғандағы менің ең негізгі мақсатым - өзгені бағалау арқылы өзінде жоқты табу немесе өзгенің жетістігі арқылы өз кемшілігін тауып, оны түзетуге бағыттау. Бұл - оқушыларды ынталандыратын бірден - бір тәсіл екендігіне көз жеткіздім. Оқушының жетістігін қолдану оның өзіне деген сенімділігін арттыра түседі. Кері байланыс жасау - оқушының оқуын жақсарту үшін қажет нәрсе. Жалпы аталған тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізу арқылы баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылар оқудың қызықты жеңіл өткендігін, ұжымда белсене жұмыс жасауға үйреткендігін, білімнің тереңдігі, әрі тиынақтылығы артатындығын баяндайды. Яғни, оқушы өз ой - пікірін ашық еркін айтады, бір - бірін тыңдауға үйренеді [7,27 б].

Білім берудің мазмұнына енгізіліп жатқан өзгерістер мен жаңалықтардың барлығы да оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, қажеттіліктері мен қызығуларына сай білім беруге бағытталып отыр. Сабақ беруде мұғалім оқушылардың жас ерекшелігін негізге алуы керек. Тапсырмаларды да меңгере алатындай, сұрақтарға дұрыс жауап іздей алатындай етіп қою керек. Сол кезде сабақ күтілген нәтижеге қол жеткізеді.

Сабақ барысында мынандай талаптар басшылыққа алынуы қажет:

1. Мұғалім оқыту кезінде билік жүргізу әдісінен арылуы қажет;
2. Оқыту кезінде сабақта басты білім беретін тұлға мұғалім емес, осы білімді қызыға қабылдауға дайын оқушы болуы тиіс;
3. Оқушы дербестігін, белсенділігін дамыту қажет;
4. Оқу, дамыту жұмысын ұтымды жүргізу үшін баланың табиғи талабын, қасиетін дер кезінде айқындау керек.

Бағдарлама аясында мен қалай өзгердім дейтін болсам:

- дәріс оқудан өз бетімен білім алып, өз тәжірибемді жетілдірдім;
- топтық, диалогтық тренингтер жүргізуді үйрендім;
- АКТ технологияларды тиімді пайдалануды үйрендім;
- оқушының тұлғалық дамуын жетілдіру қажеттілігін түсіндім;
- қалыптастырушы және жиынтық бағалауды, өз - өзіне есеп беруді, рефлексивті кері байланысқа түсуді үйрендім;
- әр адамның айтылған ой - пікірі құнды болатындығын ескердім;
- мұғалімдердің көшбасшылығын дамытуға бағыт көрсеттім.

Сонымен сөзімді қорытар болсам, болашақта жоғарыда атап өтілген өзгерістерді жетілдіріп, сабақ өткізудің техникасы мен тәсілдерін түрлендіріп, оқыту үшін ресурстар көздерін толықтыруды жоспарлаймын.

Әр уақытта бала білімін алға қоюшы ұстаз үлкен көрсеткішке қол жеткізу жолында талмай талаптанып, шаршамай еңбектенеді. Сол кезде ғана еліміз көкке шарықтап, басқа елге елді танытады. Елді өсіретін де, елді төмен түсіретін де - білім. Сондықтан қолда бар амалдарды тиімді пайдана білу сіз бен біздің үлесімізде, құрметті әріптестер!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының 2015 – жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Егеменді Қазақстан, 28 – желтоқсан, 2003 ж.
2. «Қазақстан мектебі» ғылыми- педагогикалық журналы. № 12, 2002.
3. Б. Әбдіғұлова «Білім берудегі жаңа үрдістер» // «Қазақ тарихы» журналы, №5, 2005 ж.
4. М. Валиева «Білім беру технологиялары және оларды оқу – тәрбие үрдісіне енгізу жолдары» /Әдістемелік нұсқау/.
5. З. Қарабаева «Жаңа педагогикалық технология негізінде оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру» // «Қазақстан тарихы» әдістемелік журнал, № 12, 2004 ж.

6. «Жаңа педагогикалық әдістер», - «Ресей баспасы», 2011
7. Тарих журналы, 2010
8. Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқытудың тиімділігі bilimdiler.kz/.../1569-syn-turgysynan-oylau-arkyly-okytudyn-tiimdil...

УДК 372.878

Байделинова А.Т.
Школа-сад № 14, г. Семей

ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ В РАБОТЕ С ДЕТЬМИ ДОШКОЛЬНОГО И ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА НА УРОКАХ МУЗЫКИ

В современном мире технический прогресс развивается очень активно, с каждым днем появляются все более новые и новые технологии. Почти каждый современный человек имеет дома компьютер, сотовый телефон, умеет обращаться с фото- и видеокамерами. Сегодня в каждой школе есть компьютеры, компьютерные классы. Человечество использует новые технологии себе во благо, в том числе, и для обучения.

В школах есть предмет «Информатика», где учащиеся учатся работать на компьютере, постигают азы работы в Интернете, создают различные программы, тесты и т.д.

Многие считают, что использование компьютера возможно на «технических» предметах, например, на физике, математике, химии и т.д. На мой взгляд, использование компьютера возможно на любом уроке, например, на музыкальном. Важно, что вы будете использовать. Сам компьютер не дает никакой информации по предмету, нужны определенные программы.

Музыка и компьютер – совершенно совместимые вещи. Хотите, чтобы учащиеся ходили к вам на уроки без пропусков, ловили каждое ваше слово? Используйте современные технологии, и результат не заставит вас ждать.

Очень часто на уроках музыки применяются такие формы работы, как подготовка учениками докладов и рефератов. Появление Интернета и наличие в нем текстовой и иной информации позволяет учащимся довольно легко получить интересующий их материал и монотонно рассказать его на уроке. При работе над презентацией это становится невозможным. Для подготовки презентации ученик должен провести огромную научно-исследовательскую работу, использовать большое количество источников информации, что позволяет избежать шаблонов и превратить каждую работу в продукт индивидуального творчества. Ученик при создании каждого слайда в презентации превращается в компьютерного художника (слайд должен быть красивым и отражать внутреннее отношение автора к излагаемому вопросу). Данный вид учебной деятельности позволяет развивать у ученика логическое мышление, формирует навыки. В процессе демонстрации презентации ученики приобретают опыт публичных выступлений, который, безусловно, пригодится в их дальнейшей жизни. Включается элемент соревнования, что позволяет повысить самооценку ученика, т.к. умение работать с компьютером является одним из элементов современной молодежной культуры.

При закреплении знаний, используя программу Power Point, можно организовать групповую деятельность учащихся: совместное творчество по созданию слайдов учителя и учеников создает благоприятный психологический климат, формирует умение работать в группе. Также с помощью разнообразных технологий, реализуется гуманистическая философия образования, целью которых является не только трансляция знаний, а выявление, развитие, рост творческих интересов и способностей каждого ребенка, стимулирование его самостоятельной продуктивной учебной деятельности. Одной из таких технологий и является проектная методика. Сегодня метод проектов позволяет эффективно решать задачи личностно-ориентированного подхода в обучении подрастающего поколения. Проектная

методика характеризуется высокой коммуникативностью и предполагает выражение учащимися своих собственных мнений, чувств, мыслей, активное включение в реальную деятельность, принятие личной ответственности за продвижение в обучении. С помощью проектной методики на уроке можно достичь сразу нескольких целей - побудить ребенка к творчеству, закрепить изученный материал, создать на уроке атмосферу праздника и украсить кабинет красочными работами детей. Подготовить, оформить и представить проект – дело гораздо более долгое, чем выполнение традиционных заданий. Проект ценен тем, что в ходе его выполнения, школьники учатся самостоятельно приобретать знания, получать опыт познавательной и учебной деятельности. Организуя работу над проектом важно вовлечь в работу всех учащихся класса.

В своей практике я использую следующие виды проектов:

Игровые – ролевые проекты, например, драматизация песен. Ролевая игра имеет большое значение для развития личности школьника: принимая на себя различные роли, он сопереживает, начинает ориентироваться в отношениях между людьми, проявляет заложенные в нем творческие возможности.

Информативно-исследовательские проекты - рефераты, презентации. Например, «Виды русских народных песен», «Жизнь и творчество композитора», «История одного музыкального инструмента».

Творческие проекты – создание видеоклипа в программе Movie Maker.

Одни проекты оформляются дома самостоятельно, другие, требующие помощи со стороны учителя, создаются в классе. Главное – не подавлять инициативу ребят, с уважением относиться к любой идее, создавать ситуацию «успеха». Кроме того, самостоятельный выбор содержания и способов деятельности способствует развитию эмоциональной сферы личности, ее способностей, склонностей, интересов. Ориентируясь на те цели и задачи, которые стоят перед учителем музыки, и зная запросы учащихся в современном мире, я и применяю в своей работе данную методику.

(Опыт работы в школе показал, что в развитии интереса к предмету нельзя полагаться только на содержание изучаемого материала. Если учащиеся не вовлечены в активную деятельность, то любой материал вызовет у них созерцательный интерес к предмету. Для того чтобы разбудить в школьниках активную деятельность, им нужно предложить проблему интересную и значимую. Метод проектов позволяет школьникам перейти от усвоения готовых знаний к их осознанному приобретению.

Применение компьютера и других технических средств на уроке музыки – это не самоцель. Развитие общества сегодня диктует необходимость использовать новые информационные технологии во всех сферах жизни. Современная школа не должна отставать от требований времени, а значит, современный учитель должен использовать компьютер в своей деятельности, т.к. главная задача школы - воспитать новое поколение грамотных, думающих, умеющих самостоятельно получать знания граждан.

Применяя новые информационные технологии на уроке музыки, нельзя забывать о том, что это урок общения с искусством. Вот почему так важно не «подменить» его общением с компьютером, не «засушить» урок, не превратить его в технический практикум. Для этого есть уроки информатики. Увлеченный новой методикой, мудрый учитель использует только те её открытия, которые помогут раскрыть, развить и реализовать способности ребёнка.

ЛИТЕРАТУРА

1. Атласова Е.А. Инновационные технологии в музыкальном воспитании дошкольников. – Москва. 2016 г.,
2. Самышкина Т.А. Инновационные технологии на уроках музыки. - Волгоград. 2016 г.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ МАТЕМАТИКАНЫҢ РӨЛІ

Заманауи жоғарғы мектеп білім беруді және жалпы қоғамды дамытуда біршама өзгерістердің орын алуымен сипатталады. Жаңа заманның бояулары анықырақ көріне бастады. Қазіргі ғасыр - ғылыми-техникалық прогресс пен жоғарғы технологиялар ғасыры. Жоғарғы оқу орындарында ғылыми жұмыстарды жүргізу барысында жинақталған тәжірибенің үлесі санның жаңа сапаға өтетін шекке жетті. Жоғарғы оқу орындарында педагогикалық үрдістердің ғылыми шығармашылығы толық жинақталған концепциялары жаңа ғылымға толы жана технологияларды меңгеру мен құрудың жаңа жетістіктеріне жетуге көмектеседі және қоғамды мәдени және экономикалық тұрғыдан дамытуға мүмкіндік береді.

Қарастырылып отырған мәселелердің өзектілігі мына төмендегі себептер арқылы анықталады:

- ғылыми-техникалық прогресстің дәуірі;
- ЮНЕСКО құжаттарының декларацияларында жоғарғы білімді дамыту негізгі бағыты кадрларды кәсіби дайындаумен байланысты болуы қажет сонымен қатар бітірушілердің ғылыми өндірісті толық қамту жүйесін құру қажеттігі көрсетілген;
- Қазақстан Республикасының инновациялық экономикасын құрумен;
- біріңғай еуропалық білім беру және ғылыми кеңістікті және Қазақстанның Болонск процесстеріне ұмтылуын құру [1].

Қоғамды әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамыту кезінде білімнің рөлі біршама кеңейді. Білім бұл қоғамды дамытуда заманауи қозғаушы күш болып табылады. Сол себептен де алға басушылыққа болжау жасау үшін біздің елдегі және әлемдегі білім беру жүйесі туралы қарапайым түсініктерді білу қажет. «Педагогика» және «Психология» ғылымдары құнды тарихи тәжірибелерді жинақтады, олар қазіргі заманғы ғылыми білім мен адам мәдениетінің бір бөлігі болып табылады, сол себептен де әлемнің толық ғылыми суретін педагогика мен психология бойынша білімі жоқ маманды дүниетанымындағы бұл ғылымдарды қоспау мүмкін емес болып отыр. Заманауи қоғамның ізгілендіру мен ізгілігі өмірдің барлық саласында психология мен педагогиканың әдістерін кең көлемде қолдана бастады. Адамның кәсіби және өмір сүруде табыстарға жетуге ұмтылуы әлемде болып жатқан өзгерістерді үнемі зерттеуді, олардың қозғалысының заңдылықтарын анықтауды, болжамдар жасай білу мен осы болжамдардың нәтижесінде нақты жобаларды жасай білуі қажет.

Психологиялық білімсіз педагогикалық жұмыстың ізгілік сипаттамаларын қамтамасыз ету мүмкін емес. Психологиялық зерттеулердің нәтижелерінің педагогикалық зерттеулермен сәйкестендіру арқылы жеке тұлғаның қалыптасу механизмдерін, психикалық үрдістердің даму заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, педагогика білі туралы жалғыз ғылым, оның құрамына психологиялық білімнің мағыналы массиві мен «жұмыс жасаушылардың» педагогикалық ғылым мен білім беру тәжірибелерін жетілдіру жұмыстары кіреді [2].

Педагогикалық зерттеулер туралы айту кезінде ең алдымен оның нәтижелерінің қолданбалы сипаттары туралы айтамыз, ал психолого-педагогикалық зерттеулер туралы сөз қозғаған кезде - білім беру жүйесі мен оның қалыптасу жүйесінде адам туралы алынған білімді объективті сипаты туралы айтамыз.

Ғылыми шығармашылық жаңа білімді өндіру саласы ретінде ғылыми ізденістің анықталған тиімді бағдарламасын талап етеді, сонымен қатар жалпы білімнің теориясы мен практикасының рөлін қарастырады. Ол үшін психолого-педагогикалық зерттеулер түсініктерінің айырмашылықтарын ажырата білу қажет және сонымен қатар бұл

түсініктердің нысанды, затты, мақсаттар мен тапсырмаларды және білім берудің теориясы мен практикасынның қатынастарын анықтау кезінде көрініс табады.

Білім беру үрдістерін талдау, үлгіге келтіру және жобасын жасау үшін педагог-практик немесе психолог-практик, педагог-психолог, зерттеу жүргізушілер сәйкес бағдарламаны таңдауы туралы сұрақтар маңызды жұмыстардың бірі болып табылады.

Қазіргі заманауи түсінік бойынша басқаруды жоспарлау жұмыстары болашаққа болжам жасауға негізделген әрекеттер болып саналады. Анықтаушы әрекеттерді жүргізу, бағалы-мәнді болжамдар, оларға негізделген болжамдар толық бағдарлама негізінде сипатталады.

Білім беру жүйесінде тиімді бағдарламаны жасау психолого-педагогикалық зерттеулердің сапасымен анықталады, ол өз кезегінде білім беру жүйесінде педагогика мен психологияның бірлесіп жұмыс жасауының нәтижесі арқылы анықталады.

Білім берудің теориясы мен тәжірибесінде негізгі үш бағдарлама бөліп көрсетіледі: дәстүрлі кейде оны классикалық, гуманистік немесе дәстүрлі емес және гуманитарлы.

Біздің жұмысымызда «ғылым» түсінігі қарастырылады. Ғылым деп әдетте әлемнің ғылыми суретінің негізінде жатқан негізі бар және тексеруден өткен жүйені айтады [3]. «Ғылым» деген термин арқылы сонымен қатар ғылыми білімнің белгілі бір саласын айтады. Бірақ ғылым – бұл іс-әрекеттер туралы объективті білімнің теориялық тұрғыдан жүйеге келтіру мен таңдау бойынша адам әрекетінің саласы болып саналады; қоғамдық білімнің негізгі формасы болып табылады.

Білім- адамның танымдық әрекеттерінің нәтижесі мен ақпарат-мәлімет арасындағы айырмашылықты білу қажет. Білім үнемі жүйелі және жүйелілігінің нәтижесінде құрал-саймандық болып табылады. Дәл осындай түсінік арқылы білім адамның тиімді әрекеттерінің және оның дүниетанымының бір бөлігі болып табылады.

Ғылымның мына төмендегі белгілерін бөліп көрсетуге болады:

- 1) ол қоғамның қажеттіліктерінің нәтижесінде пайда болады;
- 2) әрбір ғылымның өзіндік зерттеу пәні бар;
- 3) ғылымға өзіндік категориялық құралдарының болуы тән;
- 4) әрбір ғылымның өзіндік зерттеу әдістері бар;
- 5) ғылым табиғаттың объективті дамуы заңдылықтары, қоғам, адам және оның түйсігі туралы дұрыс және жалпыланған білім жүйесін қарастырады;

Бұл белгілерге сәйкес психолого-педагогикалық ғылыми пән жүйесі мына төмендегі түрде көрініс табады.

Психолого-педагогикалық білімдегі қажеттіліктер жеткіншек ұрпақтарды тәрбиелеу қажеттілігімен бірге пайда болды. Алғашқы кезде мұндай білімдер халық ауыз шығармашылықтарында түрленеді (ертегілер, аңыздар, дастандар, мұраларда және т.б.), содан кейін – философиялық зерттеулерде қолданылды. Педагогика жеке ғылым ретінде XVII ғасырларда бөлініп шықты, монофактуралық өндірістің өсу кезеңі пайда болған кезде адамдардың көп санын станоктарда жұмыс жасауға үйретуді жылдам жүргізу қажеттілігі туындады. Ғылыми білім оқыту үрдістерін технологияландыруға мүмкіндік берді. Соңғы төрт мың жылдықтың ішінде педагогика жалпы ортақ нысаны бар ғылымның жүйесі болып қалыптасты, бірақ зерттеу пәндері түрлі бағытта болып (оны қарастыру аспектілері) [4].

«Психология» түсінігі XVI-XVII ғасырларда ғылыми қолданыста пайда болды; көбінесе неміс дінтанушысы Гоклениус есімімен байланыстырылады. Ғылыми-философиялық тіл түсінігін алғаш рет неміс ғалымы Х.Вольф XVIII ғасырда енгізді. Алғашқы кезде философиялық пән ретінде дамып, кейін экспериментальді физиологияның ойларының арқасында ол кезде сана түсінігі ретінде жанды зерттеудің тапсырмаларын алға қойған жеке ғылым ретінде дамыды. Психологияның жеке ғылыми пән ретінде дамуы 1879 жыл болып саналады. Бұл жылы В.Вундт Лейпциг университетінде философия кафедрасының жанында экспериментальді психология зертханасын ашты, содан кейін осы күнге дейін жұмыс жасап жатқан алғашқы психологиялық институтты ашты. Содан кейін осы сияқты институттар

әлемнің көптеген елдерінде ашыла бастады. Осылайша академиялық психология қалыптаса бастады, яғни ғылыми-зерттеу психологиясы өз алдына өзіндік танымдық тапсырмаларды қойды.

XIX ғасырдың соңында психологиялық білімдерді педагогика, медицина, еңбек шығармашылықтарында және басқа түрлі салаларда қолдана бастады. Осылайша адамның тіршілік саласын жетілдіру үшін ұсыныстар түрінде өзінің жұмыстарын ұсынатын қолданбалы психология пайда болды. XX ғасырдың басында психологияның басқа формалары қалыптаса бастады, өмірде қатты қиыншылыққа түскен және ауыр зардап шеккен адамдарға көмек беретін- психологиялық практика саласы пайда болды, адам өмірінің түрлі салаларында экспериментальді тәжірибе мен академиялық білім нәтижелері арқылы психология салаларын біріктіретін психология салалары пайда болды.

Академиялық, қолданбалы және практикалық құраушылар қазіргі таңда бір-бірімен өзара байланысқан негізгі салаларды білдіреді, олар толығымен «психология» түсінігіне біріктірілген.

Әрине есептер жүйесін бұлай екіге бөлу шартты түрде ғана. Себебі бұл оқу материалдарының күрделілігіне, сыныптың мүмкіндігіне тікелей байланысты.

Өзара байланысқан есептер жүйесі келесі әдістемелік шарттарды қанағаттандырулары қажет.

1. Есептер қарапайымнан күрделіге қарай реттелуі керек. Бұл кезде оқушыға мөлшерленген түрде көмек көрсетілу жағдайы міндетті түрде қарастырылуы қажет.

2. Оқушылардың есептер жүйесімен жұмыс жасауы ойлау процесінің негізгі кезеңдерін модельдеуі қажет.

3. Оқушылардың математикалық мүмкіндіктерін дамытуға ықпал етуі қажет.

4. Есептер жүйесі дифференциациялық оқытуды жүзеге асырушы қызметін атқаратындықтан, жүйе, есептердің кең диапозонын қамтуы, қарапайымнан күрделіге қарай ауысуы, сонымен қатар олимпиадалық есептерді қамтуы қажет.

5. Планиметриядағы өзара байланысқан есептер жүйесі стереометрияда жалғасын табуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбілқасымова А.Е. және т.б. Орта мектепте математика есептерін шығаруға үйретудің әдістемелік негіздері. – Алматы, 2004. – 125 б.

2. Искакова Л.Т. Методическая система дифференцированных задач как условие контроля и учета результатов обучения математике в средней школе: автореф. дис. ... д-ра пед. наук. – Алматы, 2005. – 42 с.

3. Билялова Ж.Т. Бастауыш сыныптарда математиканы оқытуда оқу есептерін пайдалану әдістемесі: пед.ғыл.кандидаты ... дис.авторефераты. – Алматы, 2000. – 26 б.

4. Шуакбаева Р.С. Жоғары сынып оқушыларын көпжақтарға берілген есептерді компьютер көмегімен шығаруға үйрету әдістемесі: пед.ғыл.кандидаты ... дис.авторефераты. – Шымкент, 2007. – 26 б.

5. Баймаханова Л.А. Педагогикалық бағдарламалық құралдарды қолданып бастауыш мектеп оқушыларын математика есептерін шығаруға үйрету әдістемесі: пед.ғыл.кандидаты ... дис.авторефераты. – Алматы, 2009. – 27 б.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ОРТА МЕКТЕПТЕРІНДЕ МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР

Қазіргі уақыт тәуелсіздігін алған Қазақстан Республикасы үшін ғылыми-техникалық, инновациялық ілгерілеуге негізделген әлеуметтік-экономикалық дамуымен сипатталады. Осы бағытта ақпараттық технологиялардың, әртүрлі бағыттарда арнайы дайындалған компьютерлік бағдарламалардың қоғам салаларына тереңінен енгізілуі білімі мен кәсіби біліктілігі ғылым мен техника дамуына сәйкес келетін мамандарды талап етіп отыр. Сондықтан да болашағына немқұрайлы қарамайтын әрбір ел өзінің білім беру жүйесін жаңа әдістер мен технологияларды қолдана отыра жетілдіруге назар аударады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында елімізде білім беру жүйесі міндеттерінің бірі ретінде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау анықталған [1]. Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» Заңы еліміздегі ақпараттандырудың құқықтық негіздерін белгілейді, электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді құру, пайдалану және қорғау кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді [2]. Осы орайда жалпы білім беретін орта мектептердегі гелметрия пәнін барынша жеткілікті көлемде түсіндіру математика пәніндегі көкейкесті мәселеге айналды.

Жалпы білім беретін орта мектептің «Алгебра және анализ бастамалары» пәнін оқытуда ақпараттық технологиялардың жаңа мүмкіндіктерін, оның ішінде пәнге арнайы дайындалған компьютерлік бағдарламаларды қолдану қазіргі кезде қай қырынан алсақ та аса тиімді. Компьютерлік бағдарламалар арасындағы үйретуші бағдарламалар жаңа ұғымдарды беруге үлкен мүмкіндіктер береді, яғни оқытудың дәстүрлі әдістемесін сақтай отыра, жаңа сапаны қамтамасыз етеді. Оның негізінде көрнекіліктерді жаңарту, яғни тиімділігін арттыру, оқушының танымдық қызметінің белсенділігін көтеру, бейнелі ойлау механизмдерін жетілдіру жатыр.

Қарастырылып отырған алгебра пәні бойынша «Функциялардың негізгі қасиеттері» тақырыбын оқытуда мұғалім келесі тақырыптарды оқушыларға жеткізіп, мәні мен мағынасын түсіндіруі тиіс: функциялар және олардың графиктері; функциялардың графиктерін қарапайым түрлендіру; жұп және тақ функциялар; тригонометриялық функциялардың периодтылығы; функциялардың өсуі мен кемуі; тригонометриялық функциялардың өсуі мен кемуі; функцияларды зерттеу.

Бұл тақырыптар мектеп оқушыларының игеріп әкетуіне жеңіл берілетін тақырыптар емес екендігі аян. Сондықтан да мұғалім дәстүрлі әдістемемен қатар ақпараттық технологияларға жүгіне отыра оқушылардың білімі мен іскерлігін дамытуға бағытталған үйретуші компьютерлік бағдарламаларға сүйене алады.

Негізінен алғанда компьютерлік бағдарламалар көмегімен оқыту бұл динамикалық үрдіс. Оның дамуындағы негізгі тенденциялар компьютерлерді оқу үрдісінде пайдалану аясын кеңейтуге байланысты. Бүгінде еліміздің нарығында кездесетін компьютерлік бағдарламаларға зерттеу жүргізсек арнайы математика пәніне жасалған саналуан фирмалар мен жеке қолданушылардың өнімдері бар. Мысалы Ресейде дайындалған «Математика 5-11 классы. Практикум» («1С»), «Все задачи школьной математики» («Просвещение-Медиа»), «Математика абитуриенту» («Новый диск»), «Математика 5-11. Новые возможности для усвоения курса математики» («Дрофа»), «Интерактивная математика. 5-9 классы» («Дрофа»), «Курс математики базовый. Для школьников и абитуриентов» («Медиа Хаус»), «Алгебра. 7-

11 класс» («КУДИЦ», «Кордис & Медиа»), Зеленоград мектебінің математика пәнінің оқытушысы Ю.М.Астратовтың бағдарламалары: «Теорема Виета» (8-9 сыныптар үшін), «Решение линейных уравнений» (5-7 сыныптар үшін) «Решение линейных неравенств» (8-9 сыныптар үшін) т.с.с., Біздің елімізде электрондық оқулықтарды шығарудағы таныс ұйым ол – Ұлттық ақпараттандыру орталығы. «Математика» (1-10 сыныптар үшін) электрондық оқулықтары көптеп жасалып қолданыс табууда. Осындай бағдарламалардың басым бөлігі: 1) оқыту, 2) жаттығу, 3) бақылау деп аталатын алгоритм негізінде дайындалған. Сондықтан да мұндай бағдарламалар мұғалім мен оқушыларға жақсы көмекші ретінде қызмет етуде.

Кез келген өнімнің артықшылықтарымен бірге кемшіліктері де қатар жүретін болғандықтан да арнайы бағдарламалық өнімді таңдағанда олардың сабақтың мақсатына, міндеттеріне, формасына, сабақ түріне сәйкес келуін ескеру қажет.

Арнайы бағдарламалық құралдарды алгебра және анализ бастамалары пәнін оқытуда пайдалану: оқушылардың мотивациялық негізін арттыруға; шығармашылық қабілетін дамытуға; математикалық ойлауын қалыптастыруға; оқушыларды зерттеу жұмыстарына жұмылдыруға; өзін-өзі басқаруға; есте сақтау қабілетін, логикалық ойлауын дамытуға мүмкіндік береді.

Белгілі бір бағытта жасалған компьютерлік бағдарламалар қазіргі заманғы компьютерлік технологиялардың жетістіктерін, яғни жоғары сапалы графиканы, анимацияны, дыбыстық қолдауды, бейнероликтерді және мультимедияның басқа да құралдарын пайдалануы тиіс. Оқытудың тиімді жүйелерін жасағанда компьютерлік жүйе мен оқушының өзара қатынасындағы дидактикалық және психологиялық талаптар мен принциптерді ескеру керек. Өзін-өзі оқытуға арналған компьютерлік бағдарламалардың айрықша ерекшелігі мұғалім мен оқушы арасындағы тікелей немесе қандай да бір техникалық құралдар бойынша сұхбаттық өзара әсердің болуында. Осы себепті де арнайы бағдарламаларды таңдағанда компьютерлік оқыту бағдарламаларының интерактивтілігі, яғни оқушының сұрақтары мен іс-әрекетіне дереу жауап беру мүмкіндігі бар екенін, оның үстіне мәселені анықтай түсуге, мәліметтерді беруге, оқушыға ақпаратты ұсына алатындағын да ескеру керек.

Егер оқушы мен компьютер арасында тығыз қарым-қатынас байқалса, бұндай оқытуды интерактивті деп атайды. Әдетте, мұндай қарым-қатынас оқушылар қандай да бір тапсырманың шешімін табуға тырысқан кезде байқалады. Интерактивті оқытудың басты мақсаты – оқушыларды өз бетінше тапсырманың жауабын табуға үйрету. Оқушыларға дайын жауаптарды берген кезде олардың ақыл-ой белсенділігі өспей қалады. Ал әлдебір мәселені өздері шешіп үйренген кезде ақыл-ой белсенділігі артады.

Пәнді оқыту кезінде қолданбалы бағдарламаларды қолдану арқылы нақты бір ақпаратты бергенде төмендегі принциптерді қанағаттандырылуы тиіс:

1. қолданбалы бағдарламалық жабдықта оқу материалдары белгілі бір жастағы оқушылардың меңгерген білім жүйесіне сәйкес келіп, оқушының үйренген тілінде жатық баяндалуы қажет. Басқаша айтқанда, оқу материалдарының баяндалуы оқушыға түсінікті болу керек, бірақта, өте жеңіл болмауы тиіс. Өйткені, материал жеңіл болса, оқушының оған деген қызығушылығы азаяды.

2. қолданбалы бағдарламалық жабдықтар ақпаратты көрнекі қабылдауға, ал жоғары сыныптардың оқушыларына арналғаны ақпаратты логикалық ойлау арқылы қабылдауға бағытталған болуы керек.

3. қолданбалы бағдарламалық жабдықтар оқушылардың көрнекі, сондай-ақ, логикалық ойлауын да дамытуы қажет.

Мұғалім оқушыларға белгілі ақпаратты хабарлайды, яғни түсіндіріп айтып береді. Және де мұғалім барлық оқушылар ол ақпаратты толықтай қабылдады деп ойлайды. Бірақ, мұғалім бір мезгілде 25-30 оқушыны оқыта отырып, оқыту қарқынын, ақпаратты түсіндірудің мән-мағынасын әрбір оқушының ерекшеліктеріне сәйкестендіре алмайды, себебі ол ерекшеліктер саналуан. Көптеген мұғалімдер сабақты «орташа қарқынмен» жүргізіп, орташа оқитын оқушылардың «ыңғайына» қарайды. Мұндай қарқынмен сабақ

өткізу барлық оқушылар үшін ыңғайлы емес. Себебі нашар оқитын оқушылар бұл «орташа қарқынға» ілесе алмай, яғни мұғалімнің айтқанын меңгеріп түсіне алмай, қалып қояды. Бұл жағдайда мұғалім «асығыстық» жасады деуге болады. Ал, мұғалімнің айтқанын тез қабылдайтын оқушылардың дамуында тежеу басталып, ол оқушылар меңгеретін материал «жеңіл» болып, мұғалім оны «баяу» баяндағандықтан жалыға бастайды. Сонымен қатар, мұғалім «орташа» оқитын оқушының білім деңгейін ескере отырып сабақты жүргізетіндіктен білімнің белгілі бөлігі меңгерілмей қалады. Ал қолданбалы бағдарламалық жабдықтың көпдеңгейлілігі дидактикалық критерилерге жауап береді. Білім алу мазмұнын таңдауда ғылымилық, жүйелік, түсініктілік, үздіксіздік, бірізділік, өміршеңдік сияқты оқытудың негізі принциптерін басшылыққа алу керек; оқытудың әдіс-тәсілдерін таңдауда көрнекілік, оқытуда оқушылардың белсенділік пен саналылық принциптерін, оқытудың мазмұны мен міндеттеріне байланысты оқытудың әр түрлі әдістерімен үйлестіру басшылыққа алынады.

Бүгінгі күнге дейін жасалған әртүрлі талдарулар, жүргізілген сауалнамалар неізінде нақтылай айтатық болсақ «Тригонометриялық функциялар» тақырыбын өткенде «Үздіктерге арналған тригонометрия» бағдарламасын қолдануға болады, яғни оқушы теориямен танысқаннан кейін тесттік тапсырмаларды орындай бастайды. Керек кезінде оқушы жауабын тексереді немесе теориясын оқиды, графикті немесе шешімін көре алады. Әрбір оқушы өз темпімен жұмыс істейді, бір есепті түсініп шешкеннен кейін екіншісіне өтеді. Берілген бағдарлама бойынша оқыту ұйымының формасы өзіндік жұмыс дәрежесі өзгермелі жеке жұмыспен сипатталады. Программаның қолданылуы қарапайым. Технологиямен таныс оқушы компьютерде мұғалімсіз де жұмыс істей алады, сонымен қатар программада көптеген нұсқаулар беріледі.

Алгебра сабағында ақпараттық технологияның екі түрі қолданылады: *презентация* және *слайд-шоу*. Олар оқушыларға материалды түсінікті және көрсетілімді түсіндіруге мүмкіндік береді.

Презентация мұғалімнің фронтальді жұмысының ақпараттық қамтамасыз етуі болып табылады және де ол слайдтардан тұрады. Берілген ақпараттың негізгі формалары – мәтін, суреттер, сызбалар [3].

Сабақта электрондық құрылғылардың әр түрлері қолданылады:

- аудио-видео түрдегі бейнелеулер мен көрсетілімдер;
- алынған болжамдар мен шешімдерді қайтадан тексерумен, проблемалық сұрақтарды қою және өзінде иллюстративтік материалдардың үйлесуі бар қосымша;
- тест, кроссворд, басқатырғыш түрінде білімді өзіндік және фронтальды тексеру;
- бір сабақта білімнің әр түрлі саласын кірістіре отырып, әлемді қабылдау бейнесін қамтып, материалды толығымен көрсетуге мүмкіндік беретін тақырып бойынша сабақтың формасын жасап шығару;
- Visual Basic бағдарламалау тілін қолдана отырып, сабақтарға электрондық берілімдер жасап шығару ол оқушының компьютермен үздік байланысына (объективті-бағытты программаны қабылдаған, оқытушымен орындалады) болады.

Оқыту үрдісінде жиі қолданылатын ақпараттық технологияларды екі топқа бөлуге болады:

- Жергілікті желі мен әлемдік INTERNET – (методикалық нұсқаудың электронды түрі, дистанционды оқытудың сервері, қосымшалары) қолданатын желілік технологиялар.
- Жергілікті компьютерге бағытталған технологиялар (оқу-үйрету бағдарламасы нақты процестегі компьютерлік модельдер, демонстрациондық бағдарламалар электронды тапсырмалар, бақылаушы бағдарламалар, дидактикалық материалдар) [4].

Оқытуға бағытталған құралдар. И.В.Роберт дәстүрлі оқыту процесіне тиімді деп, оқытуға бағытталған бағдарламалық құралдарды пайдаланудың келесі методологиялық мақсаттарын көрсетті:

- Оқыту процесін жекешелендіру және дифференциалдау;
- Қателерді диагностикалаумен және байланыспен бақылау жасауды іске асыру;

- Оқу әрекетінің өзін-өзі бақылау және өзін-өзі коррекциялауды (түзету) іске асыру;
- Қиын есептеу жұмыстарын компьютермен орындау есебімен оқу уақытын ұту;
- Оқу ақпаратын визуаландыру;
- Оқу процесін немесе көріністі модельдеу;
- Шынайы тәжірибе немесе экспериментті компьютерде жасанды түрде жүргізу жағдайында лабораториялық жұмыстар жүргізу;
- Әртүрлі жағдайда қолайлы шешім табу біліктілігін қалыптастыру;
- Белгілі бір ойлау түрін дамыту (мысалы: бағдарламалық бейнелеу құралдары арқылы немесе ойын жағдайларын қою арқылы);
- Танымдық әрекет мәдениетін қалыптастыру және т.б.

Оқытудың ақпараттық технологиясы – білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау (педагогикалық іс-әрекетті өзгерту), білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияның қосымшасы деп түсіну керек.

Білімді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – «оқушыларды ақпараттық қоғам жағдайында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби салалардың іс-әрекетіне толық, тиімді араластыру» болып табылады.[5]

Алгебра және анализ бастамалары пәніндегі жоғарыда біз атап өткен тақырыптар арасында функцияның графигімен жұмыс істеуге алып келетін тақырыптар бар. Бұл тақырыптардың барлық оқушылар үшін игеруге жеңіл емес екендігі анық. Сондықтан да тақта алдында графиктерді сызып көрсету мүмкін болғанымен де анимация араластыру арнайы бағдарламаларсыз мүмкін емес.

Мысалы

- функциялар және олардың графиктері;
- функциялардың графиктерін қарапайым түрлендіру;
- тригонометриялық функциялардың периодтылығы;
- функциялардың өсуі мен кемуі;
- тригонометриялық функциялардың өсуі мен кемуі;

функцияларды зерттеу тақырыптарына арнайы анимациялық бағдарлама «Flash анимация бағдарламасын» қолдану орынды. Бұл бағдарлама бүгінде өзінің құралдары бойынша ыңғайлылығымен ерекше сұранысқа ие болып отыр. Аталмыш бағдарлама құрамында:

- векторлық графика;
- анимацияларды қолдау;
- интерфейстің интербелсенді элементтерін құру мүмкіндігі;
- әртүрлі графикалық форматтарды қолдау (сонымен қатар растрлы графикалы да);
- Flash фильмдерді HTMLформатына қосу;
- Flash фильмдерін Web- браузерде көру мүмкіндігі;
- әртүрлі визуальді саймандардың болуы арқасында функция графигінің барлық қырын ашып көрсету мүмкіндігі болады.

Білім мен ғылым салаларындағы ақпараттық жүйелердің негізгі міндеті – білім беру мен ғылыми салада ақпараттық жүйелерді қолданудың ғылыми негіздемесін жасау, білім берудегі ақпараттық жүйелердің ғылыми бағыттарын анықтау, ол: ақпараттық жүйелердің білім саласындағы әлеуметтік үйлесіміне талдау жасау; компьютерлік техника, жаңа ақпараттық технологияларға байланысты пәндерді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету; оқу орындарын уақыт ағымына байланысты аппараттық құралдармен қамтамасыздандыру; мамандарды даярлаудың педагогикалық-психологиялық негіздерін анықтау; дүниежүзілік білім стандартына жақындау, ашық оқыту әдісін пайдалану.

Қай қырынан алып қарасақ та оқу үрдісінде ақпараттық технологиялар мен бағыттары бойынша арнайы компьютерлік бағдарламаларды қолдану өзінің тиімділігін танытады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы // [www. zakon.kz](http://www.zakon.kz)
2. Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру туралы Заңы // www. zakon.kz
3. Абильдин Е.Г., Балапанов Е.Қ. Интернетке кіріспе. –Алматы: Бастау,1999. – Б.30-31.
4. Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании.- Москва: Академия высшей школы, 2003. -С.12-13
5. Фридман Л.М.Педагогический опыт глазами психолога.- Москва: Педагогика, 1987. – С.224-225

УДК: 371.13

Жунисова И.Ж.

Алматинский Технологический Университет

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ

Современные подходы к обучению английскому языку подчеркивают важность использования компьютера на уроках, а проект и презентация - это возможность выразить свои собственные идеи в удобной для детей творчески продуманной форме.

Использование информационных технологий в сочетании с методом проекта позволяет школьникам практически применять свои знания, умения и навыки, потому и является одной из форм организации исследовательской и познавательной деятельности, при которой успешно реализуется кооперативная коллективная деятельность, позволяющая повысить мотивацию изучения английского языка.

В центре внимания такого рабочего процесса стоит сам ученик с возможностью свободного выражения своего мнения. Дети находят практическое применение знанию иноязычной речи.

Для меня, учителя, такой метод открывает безграничное поле деятельности для организации работы над самыми разнообразными темами, на разных шагах обучения, с детьми разных возрастов. Пользуясь своим личным опытом, могу сказать, что такая организация учебной деятельности дает возможность каждому ребенку не только выразиться, показать свои умения, знания и навыки, но и получить положительную оценку.

Более того, в своей педагогической деятельности я пришла к выводу, что в современных условиях, учитывая большую и серьезную заинтересованность учащихся информационными технологиями, я могу использовать эту возможность в качестве мощного инструмента развития мотивации на уроках английского языка.

Из своего опыта, могу утверждать, что учитель, который применяет образовательные компьютерные программы на уроках английского языка, обязан знать, что любая образовательная технология должна соответствовать следующим методическим требованиям:

- *концептуальность*: научная концепция, включающая психологическое и социально-педагогическое обоснование достижения образовательных целей;
- *системность*: наличие всех признаков системы (логичность построения процесса взаимосвязь всех его частей целостность);
- *эффективность*: гарантия результатов, соответствующих образовательным стандартам;
- *гибкость*: возможность варьирования в содержании для обеспечения комфортности и свободы взаимодействия педагога и учащихся с учетом конкретных условий педагогической деятельности;
- *динамичность*: возможность развития или преобразования используемой технологии;

- *воспроизводимость*: возможное использование технологий другими учителями в данном учебном образовательном учреждении или в других.

При этом, хочу заметить, что несомненным преимуществом использования компьютерных технологий является перенос центра тяжести с вербальных методов обучения на методы поисковой и творческой деятельности учителя и учащихся.

На уроках английского языка я придерживаюсь применения “проникающей технологии”, иными словами для меня применение компьютера не самоцель, а эффективный инструмент развития умений и навыков детей.

Кроме того, в процессе работы я использую нестандартные методы обучения: ролевые игры, дискуссии, интерактивные обсуждения, круглые столы, интегрированные уроки, которые развивают языковую компетенцию учащихся и их социально активную позицию.

Уроки с использованием презентаций Microsoft Power Point.

На мой взгляд, современные педагогические технологии такие, как формы уроков с использованием презентаций Microsoft Power Point

- помогают реализовать личностно-ориентированный подход в обучении,
- обеспечивают индивидуализацию и дифференциацию обучения с учётом способностей детей, их уровня обученности, склонностей и т.д.

При традиционных методах ведения урока главным носителем информации для ученика выступает учитель, он требует от ученика концентрации внимания, сосредоточенности, напряжения памяти. Не каждый ученик способен работать в таком режиме. Психологические особенности характера, тип восприятия ребенка становятся причиной неуспешности. При этом современные требования к уровню образованности не позволяют снизить объем информации, необходимой для усвоения учеником на уроке.

Применение компьютерных презентаций в учебном процессе позволяет интенсифицировать усвоение учебного материала учащимися и проводить занятия на качественно новом уровне, используя вместо аудиторной доски проецирование слайд-фильмов с экрана компьютера на большой настенный экран или персональный компьютер (ноутбук) для каждого учащегося.

Эффективность воздействия учебного материала в виде презентаций на учащихся во многом зависит от степени и уровня иллюстративности материала. Визуальная насыщенность учебного материала делает его ярким, убедительным и способствует интенсификации процесса его усвоения. Компьютерные презентации позволяют акцентировать внимание учащихся на значимых моментах излагаемой информации и создавать наглядные эффектные образцы в виде иллюстраций, схем, диаграмм, графических композиций и т.п. Презентация позволяет воздействовать сразу на несколько видов памяти: зрительную, слуховую, эмоциональную и в некоторых случаях моторную.

Использование компьютерной презентации на уроке позволяет:

- повысить мотивацию учащихся;
- использовать большое количество иллюстративного материала;
- интенсифицировать урок, исключив время для написания материала на доске;
- вовлечь учащихся в самостоятельный процесс обучения, что особенно важно для развития их общеучебных навыков.

В данном случае компьютер служит средством для поиска необходимой информации, а также стимулом для формирования речевых высказываний.

В своей педагогической практике я широко использую презентации.

Красочно оформленные презентации вызывают большой интерес на начальном этапе обучения. Презентации решают проблему использования наглядного материала. Например, если раньше приходилось вырезать и приклеивать картинки на доску, то сейчас с помощью Интернет можно найти картинки и рисунки и сразу вставить на слайд. Если картинок много, то оформить несколько слайдов. Детям очень нравятся презентации.

Создание презентаций требует творческого подхода со стороны учителя и просто хорошего знания компьютера.

Таким образом, компьютер не заменяет учителя на уроках английского языка, а является эффективным помощником, позволяющим повысить качество обучения и эффективность контроля. В настоящее время использование компьютера в учебном процессе очень актуально.

Сегодня новые методики с использованием презентаций Microsoft Power Point противопоставляются традиционному обучению английскому языку. Эта форма организации уроков является наиболее доступной для работы учителя и применения ее на уроках в нашей школе. Формы работы с использованием презентаций Microsoft Power Point на уроках английского языка включают:

- изучение лексики;
- обучение диалогической и монологической речи;
- отработку грамматических явлений.

К числу современных образовательных педагогических инновационных технологий можно отнести:

- технология подготовки учащихся к Единому государственному экзамену по английскому языку;
- ИКТ на уроках английского языка;
- технология развития критического мышления;
- проектные методы обучения;
- технология использования в обучении игровых методов: ролевых, деловых другие видом обучающихся игр.

Освоение новых технологий - процесс довольно длительный: учитель не только должен познакомиться с этими технологиями, но и принять их и постепенно включать в свою практическую педагогическую деятельность, чтобы организация учебного процесса проходила творчески, с использованием интересных форм работы, основанных на использовании новых педагогических технологий.

Согласно стратегии модернизации образования, одной из главных целей общего образования является формирование ключевых компетентностей в интеллектуальной, коммуникационной, информационной и прочих сферах. Применение информационных технологий позволяет сочетать фундаментальные и практические знания, развивать способности мышления, изучать процедуры и технологии, а не просто факты. Использование информационных технологий на уроке английского языка способствует развитию у учащихся самостоятельности и способности к самореализации, развивает способность к созидательной деятельности, готовность к сотрудничеству, терпимость к чуждому мнению, умение принимать решение.

В процессе информатизации образовательного учреждения создается качественно новое информационно-образовательное пространство, в котором увеличивающийся информационный поток заставляет всех участников процесса переходить от модели накопления знаний к системе овладения навыками самообразования. Возрастает значение мотивированности обучаемого и его способности работать самостоятельно.

Использование возможностей компьютера на уроках английского языка трудно переоценить: использование мультимедийных обучающих программ с использованием английского языка создает прочную основу для учащихся, так как мы живем, работаем и учимся в мире этих технологий. Выполнение проектных заданий и письменных работ с применением ИКТ способствует развитию умения работать с клавиатурой, выполнять различные операции на компьютере, искать, оценивать и отбирать необходимую информацию в Интернете.

Эффективность использования ИКТ дает нам умелое сочетание передовых технологий при обучении английскому языку:

- общекультурное развитие учащихся;
- совершенствование навыков владения компьютером;
- совершенствование языкового уровня;

- индивидуализацию обучения;
- самоутверждение учащихся;
- повышение мотивации в изучении иностранного языка;
- эстетичность презентации учебных материалов;
- совершенствование процесса проверки работ учащихся;
- повышение авторитета учителя («идет в ногу со временем»).

В наше время расширение возможностей использования ИКТ и Интернета позволяет сделать уроки более разнообразными.

1. Обобщающие уроки по страноведению позволяют расширить представления учащихся о стране изучаемого языка.

2. Уроки-презентации нового материала по различной тематике помогают сфокусировать внимание учащихся на изучаемом материале, лучше его запомнить и усвоить.

3. Уроки с использованием интерактивных досок и специально разработанного к ним программного обеспечения.

4. Уроки с использованием Интернет-ресурсов повышают интерес учащихся к предмету, позволяют привлечь большое количество полезного и актуального материала.

5. Уроки по формированию отдельных видов речевой деятельности отличаются от традиционных уроков своей необычностью и новизной, повышением самостоятельности учащихся.

6. Уроки с использованием онлайн тестирования, которое широко представлено в Интернете, стимулирует самостоятельную работу учащихся, формирует навыки работы в Интернете.

7. Проектная деятельность – создание своих собственных проектов – включает поиск информации в Интернете, ее отбор, оформление результатов поиска в виде мультимедийных презентаций, документов MicrosoftWord и т.п.

8. Использование обучающих программ и игр вносит разнообразие в учебный процесс, облегчает подготовку учителя и помогает учащимся лучше усвоить и закрепить изучаемый материал.

Использование новых информационных технологий расширяет рамки образовательного процесса, повышает его практическую направленность. Повышается мотивация учащихся в образовательном процессе и создаются условия для их успешной самореализации и социализации в будущем.

1. Обобщающие уроки по страноведению позволяют расширить представления учащихся о стране изучаемого языка.

2. Уроки-презентации нового материала по различной тематике помогают сфокусировать внимание учащихся на изучаемом материале, лучше его запомнить и усвоить.

3. Уроки с использованием интерактивных досок и специально разработанного к ним программного обеспечения.

4. Уроки с использованием Интернет-ресурсов повышают интерес учащихся к предмету, позволяют привлечь большое количество полезного и актуального материала.

5. Уроки по формированию отдельных видов речевой деятельности отличаются от традиционных уроков своей необычностью и новизной, повышением самостоятельности учащихся.

6. Уроки с использованием онлайн тестирования, которое широко представлено в Интернете, стимулирует самостоятельную работу учащихся, формирует навыки работы в Интернете.

7. Проектная деятельность - создание своих собственных проектов - включает поиск информации в Интернете, ее отбор, оформление результатов поиска в виде мультимедийных презентаций, документов MicrosoftWord и т.п.

8. Использование обучающих программ и игр вносит разнообразие в учебный процесс, облегчает подготовку учителя и помогает учащимся лучше усвоить и закрепить изучаемый материал.

Они позволяют:

- тренировать различные виды речевой деятельности и сочетать их в разных комбинациях,
- помогают осознать языковые явления,
- сформировать лингвистические способности,
- создать коммуникативные ситуации,
- автоматизировать языковые и речевые действия,
- обеспечивают возможность учёта ведущей репрезентативной системы, реализацию индивидуального подхода и интенсификацию самостоятельной работы учащегося.

Использование новых информационных технологий расширяет рамки образовательного процесса, повышает его практическую направленность. Повышается мотивация учащихся в образовательном процессе и создаются условия для их успешной самореализации и социализации в будущем.

Таким образом, современность предъявляет всё более высокие требования к обучению и практическому владению английским языком в повседневном общении, профессиональной сфере. Объёмы информации растут, и часто рутинные способы её передачи, хранения и обработки являются неэффективными. Использование информационных технологий раскрывает огромные возможности компьютера как средства обучения.

Более того, внедрение в учебный процесс использования мультимедийных программ вовсе не исключает традиционные методы обучения, а гармонично сочетается с ними на всех этапах обучения: ознакомление, тренировка, применение, контроль. Но использование компьютера позволяет не только многократно повысить эффективность обучения, но и стимулировать учащихся к дальнейшему самостоятельному изучению английского языка

ЛИТЕРАТУРА

1. Нурлыбаева А.Н. Возможности проектных технологий в формировании умений самоуправляемого обучения // Иностр. языки в школах Казахстана. - 2003. - №4
2. Полат Е.С. Метод проектов на уроках иностранного языка // Иностр. языки в школе. - 2000. № 2-3.
3. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология А. 2004
4. Селивоник С.В., Янюк Н.А Проблемы использования интерактивных методов в школе [электронный ресурс]. http://www.rusnauka.com/23_D_2009/Pedagogica/49550.doc.htm

УДК: 371: 316. 647.5

Мұсабаев Д.Қ., Садыков Қ.И., Бөдеев М.Т., Назарова Ю.М.
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕПТЕРІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бір әлеуметтік субъектінің өзге де әлеуметтік, саяси, этностық, конфессиялық және әлеуметтік субъектілердің ерекшеліктеріне төзімділікпен қарауын, яғни дүниетану, діни, әлеуметтік-саяси, мәдени, ұлттық және этикалық плюрализмді мойындауды толеранттылық деп түсінуге болады. Ол әлеуметтік серіктестердің теңдік, өзіндік дербес ерекшеліктерді сақтай отырып өзара қарым-қатынас орнату, біреудің ар-ожданына нұқсан келтірмей, келісімге келе отырып әрекет етуді болжайды.

Сонымен қатар толеранттылықты адамгершілік құндылықтардың мәнін құрайтын құндылық ретінде де қарастыруға болады. Толеранттылық жеке тұлғалардың өзара қарым-қатынасы кезіндегі адамгершілік ұстанымдары, басқа адамды түсіне білу, күнделікті тұрмыс-

тіршіліктегі әлеуметтік-мәдени қарым-қатынастың барлығында жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттеріне сүйене отырып диалог орнату құралы ретінде қызмет етуі мүмкін.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің ел халқына жолдаған Жолдауында «Біз қазақ халқына, біздің мәдениетіміз бен тілімізге қатысты тарихи әділдікті қалпына келтірдік. Этникалық, мәдени және діни әралуандыққа қарамастан, елімізде бейбітшілік пен саяси тұрақтылықты сақтадық. Қазақстан 140 этнос пен 17 конфессияның өкілдері үшін туған шаңырағына айналды. Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім – біздің басты құндылығымыз. Көпұлтты еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылған»-деді [1].

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдардан бастап, өзіндік ұлттық және діни сананың көтерілу кезеңіндегі және қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы көптеген өзгерістермен сипатталатын жаңа тарихи даму кезеңді бастан өткеруде. Қазақстанның өзге көршілес мемлекеттермен салыстырғанда басты ерекшелігі – түрлі ұлт пен ұлыс өкілдерінің бейбіт өмір сүрулерін, қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етудегі мемлекеттік керемет саясатты ұстануы.

Жеке тұлғаның толеранттылығын тәрбиелеу мәселесінің күрделілігі мен ауқымдылығы нақты да, дәл құрылған үйлесімді іс-әрекеттерді талап етеді. Ол үшін білім беру мекемелерінде оқушылардың толеранттылығын қалыптастырудың педагогикалық технологиясын құрған дұрыс. Ал ондай технология құру үшін балалардың бойында толеранттылықты қалыптастырудың бағыт-бағдар беруші жолдарын қарастырған жөн.

Оқушы жастардың толеранттылықтарын қалыптастыру, олардың толерантты әрекет етуді саналы түрде түйсінулеріне, басқа адамдармен қарым-қатынас орната білу, шыдамдылық, сезімталдық, жауапкершілік секілді құндылықтарды игеруіне бағытталған педагогикалық іс-шара. «Толеранттылық», «толерантты іс-әрекетке дайын болу» секілді түсініктерге жүргізілген зерттеулер мынадай басты жолдарды анықтауға мүмкіндік берді:

- толерантты тұлға – өзін және өзін қоршаған адамдарды түсінетін, алайда өзінің ұстанымына сүйенетін, жеке пайдасы үшін идеал құндылықтарынан бас тартпайтын тұлға;
- білім берудің қазіргі таңдағы даму сатасында, жастардың толеранттылықтарын мақсатты қалыптастыру мәселесін қою және оны шешу мүмкіндігі жоғары.

Жеке тұлғаның толеранттылығын тәрбиелеу мәселесі күрделі болып саналатындықтан, аталған бағыттағы жұмыстарды нақты жоспарлау керек. Ондай жоспарды құру үшін балалардың толеранттылықтарын қалыптастыру іс-шараларын қайта құрып, ол процесс сәтті іске асуға қажет ерекшеліктерді анықтау қажет.

Толеранттылықты қалыптастыру мәселесі төңірегінде зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдар қоғамтану және тарих пәндерін жастардың толеранттылықтарын қалыптастырудағы шешуші факторлар деп санайды. Олар әңгіме-сұхбат, іскер ойындар, дебаттар, алға қойылған мәселелерді шешу, туындаған жағдайды түрлі қырынан қарау секілді дербес тұлғаны бағыттайтын-бағдарлайтын қағидаларды ұйымдастыруды қарастыратын білім беру процесіне ерекше орын береді. Білім беру процесін жобалау үшін оқушы өзін танымдық іс-әрекеттің нағыз субъектісі ретінде сезінетін кеңістіктің болуын, оның белгілі бір міндеттерді шешуін және қатысуын ескеруі керек [2, 3].


АҚШ мемлекетінің атақты ғалымы, балаларға арналған философияның дамыту институтының директоры М. Липман балалардың философиялық білімдеріне арнап құрылған технологиясын ұсынады. Ол құндылықтар білім мен бейбіт өмірді сүюді тасымалдаудың рефлексіті іс-әрекетті әдісіне сүйенеді. Оның пікірінше тасымалдаудың тиімді байланысы – бұл балаларда ақыл-ой және әдептілік дағдыларын дамытатын философияны жүйелі түрде оқыту. Ғалымның теориялық-педагогикалық және философиялық тұжырымдамасы екі алғышартқа сүйенеді: біріншіден, адамның саналылығына, екіншіден, білім адамның зорлық-зомбылық көрсетуін едәуір төмендететін қоғам институтына айналатынына сену [4].

Жоғарыда аталған авторлар мектеп оқушыларының бойында толеранттылықты пән арқылы қалыптастыру жолдарын ұсынады және тұжырымдамаларын құрады. Ал біздің

пікірімізше балаларды толерантты, сабырлы болуларын қалыптастыруда алғашқы әскери дайындық сабағының алатын орны ерекше болуы тиіс. Себебі өз елінің қорғаушысы өз жерін қорғап қана қоймай, сонымен қатар әскери қызмет жолында кезігетін қиындықтарға төзу, өзге ұлт өкілдеріне құрметпен қарау, өз қызметін жауапкершілікпен атқару секілді қасиеттерді бірінші кезекте алғашқы әскери дайындық сабағында бойына сіңіреді.

Осыған орай, орта білім беру мекемелерінде оқушылардың білім деңгейлерін тереңдете түсуі, атап айтқанда алғашқы әскери дайындық пәнінің атыс және саптық дайындық, тактикалық дайындық, әскери топография секілді бөлімдерін игерумен қатар, Отан алдындағы борыш, әскери қызмет атқаруда кезігетін қиындықтарды жеңе білу, қын жағдайда көмекке келе білу тақырыптарына қосалқы семинарлар, кездесулер ұйымдастырған дұрыс. Бұл білім алудың ғылымилығы, жүйелілігі, саналылығы және беріктігі сияқты дидактикалық қағидаларға сәйкес келеді. Демек, алғашқы әскери дайындық пәні арқылы оқушылардың толеранттылығын қалыптастыру және нығайта түсу процесі ғылыми дидактикалық тұрғыдан дұрыс әрі жүйелі құрылуы тиіс.

Аталған мәселе бойынша жүргізілген ғылыми-әдістемелік еңбектерді талдай келе, білім беру жүйесінде жеке тұлғаның толеранттылығын тәрбиелеуде қолдануға болатын қағидаларды 1-суретте беріп отырмыз.



1-сурет. Білім беру мекемелерінде оқушының толеранттылығын қалыптастыруда қолданылатын қағидалар

Осы қағидаларға сүйене отырып, қоршаған ортамен жақсы қарым-қатынас орната алатын, өзге ұлт өкілдеріне, олардың салт дәстүрлерін құрметтейтін тұлға қалыптастыруды болжаймыз.

1. Субъективтік қағидасы – баланың белсенділігіне, оның өздік тәрбиесін ынталандыруға, басқа адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатудағы әдептілікке сүйенуді болжайды.

2. Сәйкес келу қағидасы – тәрбие процесі ұйымдастырылатын әлеуметтік жағдайды тәрбиелеудің мазмұны мен әдіс-тәсілдерінің сәйкес келуін болжайды.

3. Дербестендіру қағидасы – әрбір оқушының өмірде өз орын табуын және жан-жақты ашылуына мүмкіндік беретін, толерантты сана-сезімге тәрбиелейтін дербес жолды анықтауды болжайды.

4. Қарсы тұру қағидасы – балалардың бойында кез-келген қиындыққа қарсы тұра білу, оған қарсы әрекет етуді қалыптастыруды болжайды.

5. Толерантты орта құру қағидасы – оқу орнында ізгілікті қарым-қатынас орнатуды қалыптастыру.

Толерантты мәдениеттің өмірлік тәжірибесінен туындайтын білім беру кеңістігінің үлгісін құрып, сол процеске қатысушылардың толерантты қарым-қатынастарын қамтамасыз ету үшін мынаны ескеру қажет:

- оқушылардың сана-сезімдерінің мәндік құрылымын дамытуға бағытталған және оларды өмірде кездесетін қиыншылықтарды жеңе білуге даярлаудың мақсатты параметрлерін өзгерту;

- білім беру процесінің мазмұнын толеранттылық идеяларымен толықтыра отырып қайта құру;

- балалардың толерантты сана-сезімін дамытуға арналған білім беру және тәрбиелеу процесінің технологиясын жаңарту;

- білім беру процесінің алуан-түрлілігін, өзгергіштігін, ұйымдастырылу жүйесінің икемділігін, сондай-ақ балалардың қызығушылығын ескеруге қабілетті бағытқа өзгерту;
- оқытушының ізгілікті педагогикалық ұстанымға көшуін іске асыра отырып, сылбырлықты жеңе білу.

Сонымен, жалпы білім беру мекемелерінде жастарды толеранттылыққа тәрбиелеу үшін келесі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізу керек: жалпы орта білім беру стадианттарында қарастырылмаған әлеуметтік-гуманитарлық пәндер бойынша (философия, әлеуметтану, психология, өлкетану, этнография) білімді тереңдету, балалар мен жасөспірімдермен сабақ өткізу, сауық кештерін ұйымдастырудың дәстүрлі емес әдіс-тәсілдерін белсенді түрде қолдану. Аталған бағыттар бойынша жұмыс жүргізу үшін жалпы білім беру мекемелерінде арнайы педагогикалық технология құру керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Никольский А.В. Историко-обществоведческое образование как фактор формирования толерантности // Преподавание истории и обществознания в школе. - 2002. - № 5.- С.25 -31.
3. Кинкулькин А.Г. О толерантности в курсе обществознания // Преподавание истории и обществознания в школе.- 2002.- №8. - С. 21-27.
4. Липман М. Обучение с целью уменьшения насилия и развития миролюбия // Вопросы философии. -1996. - № 5.- С. 110-121.

ӘОЖ: 929:82

Сұлтанғалиева Р.Б.¹, Мұханбетова Ж.Ө.²

ф.ғ.к,¹ 2 курс магистранты², М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қаласы

С.ЕЛУБАЙДЫҢ «АҚ БОЗ ҮЙ» РОМАН-ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ КЕЙІПкерлер ӘЛЕМІ: Ұлттық болмыс және ұлттық характер

Ақиқатты жазар жазушы, қаламы үшкір қаламгер Смағұл Елубай өзіне тән жазушылық үнімен, ұлт тарихының қилы кезең көріністерін, ұлттық болмысты, ұлттық кейіпкерді шебер сомдауымен ерекшеленіп, жаңашыл ізденістерімен дараланып, қазақ прозасында өзіндік із қалдырды.

Жазушының ұлт тарихын насихаттайтын, сұрапыл кезеңнің сұсты көріністерін көз алдымызға әкелетін, тарихи ақтандақтарды бүгінгі жас ұрпақтың санасына жеткізетін шоқтығы биік туындыларының бірі – «Ақ боз үй» роман-трилогиясы. Трилогия ХХ ғасырдың жиырмамыншы-отызыншы жылдарындағы қызыл үкіметтің асыра сілтеушілігінен туған зобалаң жылдардың ауыр зардаптарын, қылышынан қан тамған озбырлықтарын, қуғын-сүргін оқиғаларын, ұлттық дәстүрімізді, рухани құндылықтарымызды жоғалту көрініс тапқан тоқырау заманынан сыр шертеді.

Шығармадағы әр кейіпкердің ішкі жан-дүниесіне терең үңіле білген жазушы шиеленіске толы оқиғалар арқылы кейіпкерлердің өзіндік тұлғасын таныта түсуді мақсат етеді. «Ауыл жастары Хансұлу, Шеге, Ждақай, Қозбағар, Бұқарбай, Сұржекей, бұлардан ересек Бұлыш, Балқия; Мажан балалары Мотан, Шотан, Қапан – бұлардың қасында Әзберген (Пахраддиннің бауқеспе болып кеткен інісі); Шәріп, Қауқаш, Мажан бай мен Пахраддин бай (бұлар орташа болып есептеледі); Асан, Апанас, Қалашников – большевиктер, партия қызметкерлері; ескілікті көп білетін, көпті көрген Дәу апа (Бұлыштың шешесі), ауыл-үй арасының сөзшең кемпірі Торқа (Қозбағардың шешесі) – бәрі де бүгін мен келер күнді бірге атқарысып жатқан, бірақ, ойы да, ісі де әрқилы, қарама-қарсы мінез-пиғылдың адамдары.

Осы кейіпкерлер шыққан тегіне, өскен ортасына қарамай, өмірді түсінуі, ұғуы жағынан ойда жоқта топтасып, жұптасып, ойда жоқ тұстан дара кетіп, адасқанның алды жөн, арты соқпақ жайларды бастарынан кешіреді» [1, 56 б.]. Автор осы секілді әр қилы кейіпкерлердің мінез-құлықтары, іс-әрекеттері арқылы жаңадан орнап жатқан саясаттың, тәртіптің тигізер зардабын шынайы суреттейді.

Романда Пахраддин бейнесі асқан шынайылықпен сомдалған. «Пахраддин кең иықты, мол денелі, сақал-шашы көкбурыл тарта бастаған ат жақты, сұлу көзді, келбетті кісі» [2, 18 б.]. Бұл портрет арқылы кейіпкердің сыртқы түр-әлпеті, кескін-келбеті ғана емес, сонымен бірге оның мінез-құлық ерекшеліктері, толық образы айқындалады. «Айрықша сұлу мінезді Пахраддин – байлығы тасып бара жатпаса да, ел арасында әділ билігімен, тілді, шешендігімен атағы шыққан сырбаз да сұңғыла жан, ауыл ағасы» [3, 80 б.]. Романның өн бойында сан қилы оқиғаға кезіксе де, кәмпескелеуге ұшырап, қуғындалса да, құлазыған елсіз далада аштықтың азабын тартса да, Пахраддин көркем мінезімен, байсалдылығымен, шыдамдылығымен, кеменгерлігімен көрінеді. Автор «Пахраддиннің портреті белгілі әдебиет зерттеушісі, академик Зейнолла Қабдоловтан алынды. Сол кісінің мәдениеті, сөйлеу тәсілі, сөз саптауы, жүріс-тұрысы, кеменгерлігі, ақылдылығы, кербездігі – бәрі Пахраддинге берілді» [4],- дейді сұхбатында. Ел сыйлаған би қалпынан, қуғындауға ұшырап, елсіз шөл далада нәр боларлық азық таба алмай шыбын жаны шырқырап жатса да, сабырлы, байсалды қалпын сақтай білген Пахраддинге таң қаларымыз анық. Пахраддиннің шыдамды болуына қиын күнде қолдаушысы болып, әрдайым жанынан табылған аяулы жары, Хансұлуының анасы, сұлу мінезді Сырғаның да септігі бары айқын.

Жүрегіне ізгілік ұялаған, ибалы да инабатты Сырға образы жазушы тарапынан ерекше ілтисипатпен суреттеледі. «Босаға жақта ас қамымен үнсіз қозғалып жүрген ашаң тұлғалы Сырға бәйбіше бұрқылдап қайнаған самауырдың оң бүйірін ала сызыла кеп тізе бүкті. Жаңа түскен келіндей бір тізерлей отырып шайсандықтан су жаңа орыс фарфорын шығарып, қытай жібегімен сүртіп, жұмыртқадай тізілтіп қойып жатыр» [2, 55 б.]. Сырбаз талғам иесі Сырға үсті-үстіне шиеленіскен оқиғалардың бәріне түсіністікпен қарайды, Пахраддинге кінә тақпайды, болып жатқан қиындықтың бәрін заманнан көреді. Пахраддиннің де ханшасындай сыйлайтын жарының аштықтан бұратылып, көз алдында солып бара жатқаны жанына батады. «Жүрегі шымырлады Пахраддиннің. Жан дүниесі алай-дүлей болды. «О, кер заман! Кер заман!» - деп іштей күңіреніп кетті. Мына Сырға аяғын керіліп басатын кербездің өзі емес пе еді?! О, кер заман, көрмегенді көрсеттің-ау, сен заман! Қайран асығым, асылым, Сырға. Әйел затының падишасы – Сырға. Қыз күнінде сені жұрт бейіштен үзіліп түскен гүл ме деуші еді. Сені қолға түсіру көктегі жұлдызды көксегенмен тең еді. Қайран кермиығым, кербезім! Керілген кер маралым! Кенеп дорбаны иығыңа салғаныңды көргенше, Пахраддиннің шыққыр көзі неге шықпайды» [2, 224 б.]. Бұл – жаралы арыстандай аһ ұрған Пахраддиннің ішкі жан айқайы.

Романда асқан шеберлікпен суреттелген образ – ақ боз үйде сыланып бой жеткен, Пахраддин бай мен Сырғаның қанаттыға қақтырмай өсірген қызы Хансұлу образы. «Ай сырғасы дір етіп, ақ тамағы бүлкілдеп төмен қарап ойлана қалыпты Хансұлу. Қасы, көзі қиылып бір тізерлеп, шоқиып қана отыр» [2, 259 б.]. «Қарлығаштың қанатындай дірілдеген қиғаш қас. Тұнық, қара нәркес көз. Қайқы кірпік. Алма мойын. Омырауы толық. Құмырсқа бел» [2, 373 б.]. «Хансұлу.... үстінде белін шүберекпен қынай бұған қара-барқын камзол. Басында ақ жаулық, иегінің астынан орап тартып алған. Бұтында – шалбар. Аяғында – етік. Аш белі бұрандаған, арық, сұңғақ бойлы Хансұлу» [2, 395 б.]. Шебер сомдалған образ. Романның өн бойында ерке, наз қылығы мен тік мінезін қатар, үйлесімді ұстай білген Хансұлу өмірі өзгеріп, сан-саққа жүгіріп отырады. Бірақ, өмірі әр алуан күйге түссе де, мінезі, жан-дүниесі, өмірге деген құлшынысы, басқалардың оған деген көзқарасы еш өзгермейді.

Сыншы Б.Сарбалаұлы роман-трилогиядағы Хансұлудың ерекше болмысы турасында былайша тұжырымдайды: «Бойжеткен Хансұлу. Нағыз Ару, Ана, Адам Хансұлу. Хансұлу десе, Хансұлу! Бұл енді Смағұлдың ғана сәтті сомдаған кейіпкері емес, қазақ әдебиетіндегі

өзгеше бір Қазақ қызы, Қыз Жібек, Баян сұлу, Ұлпан, Әйгерім, Тоғжандар қатарын толықтыратын дара тұлға десек дұрыс» [5, 11 б.]. Хансұлу өмір қиындығын көп көреді. Мәпелеп өсірген әке-шешесінен, ақылшы Дәу апасынан да айырылады, қорғаны боп жүрген күйеуі Шеге де «шпион» деген жала жамылып, бірнеше рет қамалады. Бұның бәріне Хансұлу қасқайып қарсы тұрып, балалары Түгелханын ержеткізуді, Үмітін бойжеткізуді ғана ойлайды. Алғашқы «Ақ боз үй», «Мінәжат» романдарында бетінен жел қақпай, етегіне шаң тимей, тал шыбықтай бұралып, ойын-сауықтың ортасында қол жетпес жақұттай жарқырап бой жеткен Хансұлу, соңғы «Жалған дүние» романында жасы жетпіске жетіп, самайын ақ шалған, қарақаттай жанарын мұң торлаған кәрі бейне ретінде көрінеді.

Шығармадағы Хансұлудың жары, Түгелхан мен Үміттің әкесі Шеге Қаспақовтың образы қарама-қайшылықта суреттелген бейне. Бір кезеңдерде билікке араласып, жаңашылдықты қолдап, ел алдында құнды пікір айтып жүрген саналы, салиқалы, білімді, ақылды жігіттің тағдырдың тәлкегіне ұшыраған, «таптық жау», «шпион» деп айыпталып, азапты күндерді басынан кешіп, жарынан, балаларынан алыста жүрген халі кімді де болса бей-жай қалдырмайды. Еш айыбы болмаса да тройканың шешімімен жеті жылға Сібірге айдалған Шегенің көрген азабын, мына суреттеуден-ақ көруге болады. «Жүдеу, арық. Сақал-шашы өсіп кеткен. Үстінде – көнетоз пиджак, шалбар. Аяғында – сірісі жырық, қисық табан етік. Басында біреуден қалған ескі кепкі. Жел «уф» десе ұшып кетердей әлсіз, жадау. Тірі аруақ, көлеңке тәрізденіп жылжиды, баяғы Шеге жоқ, тепсе, темір үзетін» [2, 391 б.]. Тіпті, түрме ішіндегі төбелестер, бастықсымақтардың соққыға жыққаны, күйзеліс, қайғы Шегенің жүйке жүйесіне әсер етіп, талма ауруына шалдықтырады. Оған себеп, Шегенің істемеген жұмысы, жұмсалмаған жері қалмайды. Ангара жағасындағы Богучан деген жердегі лагерь бұны тіпті азапқа салады. Ағаш кеседі, кескен ағаштарын атпен жағаға сүйрейді, сорттап сал жасап, өзенге ағызады. Шеге күннен-күнге қияли болады, өзімен-өзі сөйлесетін жағдайға жетеді, Хансұлу мен Түгелханның бейнесін көз алдына елестетіп тілдесіп жүреді. Осы бір суреттеулер қызыл үкіметтің асыра сілтеушілігінен туған зобалаң жылдардың шырмауына шырмалған дәрменсіз ұрпақтың ауыр тағдырынан мағлұмат бергендей. Шеге бостандыққа шықса да кеңеске деген сенімі жоғалады. Кеңеске үркіп, болашағына күмәнмен қарайды, ертеңі не боларын білмейді, енді қай күні қандай айып тағар екен деген ой маза бермесі анық.

Жазушы рухы биік, өр кейіпкер ретінде Бұлыштың анасы Дәу апаны алады. Жасынан ерлігімен, батылдығымен танылған Дәу апаға ешкім қарсы шыға алмайды. «Дәу апаның бейнесі екі адамның бейнесінен жасалды. Оның мінезі менің шешемнің мінезі болса, дәулігі, биіктігі Алуаш жеңешемнің түр-келбетінен алынды» [4] - дейді жазушы. Қызыл үкімет «бандит» деп жала жапқан Бұлыш қаза тапса да, жайына қалдырмай артында аңырап қалған анасы Дәу апаны қамауға алады. Батыл ана ол кезде де беріспейді, соңғы демі қалғанша қарсыласып бағады. «Қайда әлгі, Сұржекей дегендерің?! Шақыр бермен, көзіме көрінсін! Әкесінің құны қалғандай атқа мінгелі аңдығаны Бұлыш болып еді. Күн бермеп еді, құмға қашса да қуғындап, елден, жерден бездіріп, ақыры өліп құтылып еді, осы «қызыл көздің» құрығынан. Енді Бұлыштың өзінен ала алмаған өшін шешесінен алмақ екен ғой. Құдайдан безген жендет. Шақыр бермен. ЕНКВ болмақ тұрмақ, анау мұртты құдайы – Сталиннің кіндігінен салбырап түссе де, ит терісін басына қаптайын, харам неменің!» деп, Дәу апа ат қора түрмені басына көтеріп дар-дар айқайлады» [2, 357 б.]. Жүректілігін танытқан Дәу апаның қайсар мінезі, қайтпас қиқарлығы, шынайы болмысы оқырман бойында батылдықты оятады, «арам қолмен берген ас» деп, нәр татпаған күйі теріс қарап алты күн жатып, тар қапаста жан тапсыруы таң қалдырады.

2. Беляева И.Р., Самойлова Л.И. Библиотека вуза - центр распространения знаний, духовного и интеллектуального общения [текст] /И.Р. Беляева// университетская книга. - 2006.-№6.-с.31-34
3. http://rtlservice.com/ru/company/blog/ispolzovanie_rfid_v_bibliotekah/. Использование RFID в библиотеках

ӘӨЖ :371.13

Сағымова А.С.

Алматы технологиялық университеті

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

«Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп «Қазақстан Республикасының Тіл туралы» заңында анық көрсетілген.[1]

Қазақстанның әрбір азаматына қазіргі заман талабына сай жан-жақты білім беріп, өз бетімен ой тұжырымдайтын, өздігінен ойлай білуге талпынуда ықпал ететін – оқытушы қауым. Сондықтан да ұстаздар мен оқытушыларға сабақ түрлерін жетілдіріп, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалана сабақ беру, оқыту үдерісін ізгілендіру, оның практикалық бағытын дамыту, яғни «*инновациялық процесс*» немесе педагогикалық жаңалықтар енгізу сияқты маңызды әрі жауапкершілігі жоғары міндеттер жүктеледі.

Білім беру жүйесі алдында тұрған талаптарды жүзеге асыру жолында ғалымдар мен педагогтар танымдық іс - әрекетті дамыту әдістерін іздестіруде

И. П. Павлов «жақсы әдіспен талантты емес адам көп нәрсе жасайды, ал нашар әдіспен ұлы адамның өзі де текке жұмыс істейді» - деген болатын. Міне, сондықтан да жеке тұлғаны оқыту мен дамытудағы белгілі әдістердің рөлін бағалай отырып, қоғам дамуының әр кезеңінде адам ақыл-ойының «терең қайнарына бойлай алатын» әдістерді пайдалану жолындағы ізденістер мен ұсыныстар бүгінгі таңда өзекті деп саналады. Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесіндегі ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне көшу арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Қазіргі заман талабына сай пән оқытушысы ғана болу аз, оқытушы - ұстаз, инноватор, иннотехник болуы тиіс. Мұғалім иннотехник дәрежесіне көтерілу үшін инновациялық технологияларды меңгеру керек, содан кейін пән бойынша қандай тақырыпқа пайдалану керектігіне тиімді зерттеу жүреді. Яғни әрбір инновациялық технологияларды меңгереді, содан кейін меңгерген технологияларды апробациядан (сабақ барысында қолдану) өткізеді, мұғалім талдау жасай отырып, тақырыпқа сай технологияны таңдайды.

Білім берудің төрт қағидасын ұсынған ЮНЕСКО:

- білім алу – өзін-өзі тану;
- білім алу – іс-әрекет жасау;
- білім алу – білу, үйрену;

– білім алу – бірге өмір сүру бағыттары, деп көрсетіп берді.

Бұл бағыттар білім алушының қоғамын кеңейтетіні сөзсіз. Оқытудың жаңа технологиясы оқу орындарында оқу үдерісіне қажетті әдіс, тәсіл, амал, дидактикалық талап секілді психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттердің жүйелі кешені ретінде пайдаланылады. Ол тіл үйренушінің тәртібіне, оқу ынтасына, оқу іс-әрекетіне игі әсер етумен қатар, педагогиканы нақты ғылымға жақындату, мұғалімдердің интеллектуалдық, шығармашылық қызметі болып табылатын педагогикалық іс-тәжірибесінің нәтижелілігіне, жинақылығына ұтымды әсер ететіндей оқу-тәрбие үдерісінің басты күре тамырының рөлін атқарады. Олай болса, педагогикалық технология – оқу тәрбие үдерісінің шығармашылықпен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігі, оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас компоненті[2].

Оқытуды жаңаша ұйымдастыру, әрбір пәннің ғылыми сипатын арттырып, жоғары деңгейге жеткізу тәжірибеде өз нәтижесін берері сөзсіз. Өзге тілді аудиторияларда инновациялық үрдістерді меңгерту, қолдану мен жүзеге асыру педагогтан үздіксіз шығармашылық ізденісті талап етеді. Білім беру жүйесінде инновациялық үрдістер мәселесін қазіргі кезде көптеген қазақстандық – Е.Ш.Қозыбаев, Д.Н.Күлібаев, С.Д.Мұқанова, Н.А.Әбішев, Н.Д.Хмель, Ш.Т.Таубаева, И.Безруков, И.А.Носков және шетелдік Л.Е.Капто, В.С.Лазарев, А.М.Моисеев, М.М.Поташник, Т.И.Шамова сияқты ғалымдар көтеріп келеді.

Инновациялық үрдіс білім беру сияқты күрделі әлеуметтік жүйе үшін аса қажет екендігін өмірдің өзі-ақ дәлелдеп берді. Жаңа технологияны меңгеруде педагогтардың жан-жақты әрі терең білімді болуы шарт және олардың алдында сапалы білім беру міндеті тұр. Осы орайда Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Білім беруді жаңартуды жалғастыру қажет. Жоғары оқу орындарының инновациялық қызметке өту тетіктерін әзірлеу, білімнің сапасын көтеру және қолжетімділігін кеңейту үшін білім беруді қолдаудың жаңа қаржылық –экономикалық құралдарын енгізу керек. Сапалы білім беру Қазақстанның индустриалдық-инновациялық дамуының негізі болуы тиіс», - деп атап көрсеткен [1]

Енді инновация ұғымына тоқталайық. «Инновация» ұғымы кейбір ғалымдардың еңбектерінде «жаңа», «жаңалық енгізу» деп көрсетілген.

«Инновация» термині ағылшынның «innovation» деген сөзінен шыққан, аудармасы «жаңашылдықты енгізу»[3] Бұл терминді «жаңалық», «жаңашылдық», «өзгеріс» деп түсінуге болады.

Инновация, сонымен, жаңалық жеткізуші, жаңаланып жатқан жүйеге өзгеріс беретін құрал. Жаңалығы болмаса, инновация мәнсіз.

С.Тілеуова мен А.Әліпбектің еңбектерінде «білім жүйесіндегі инновация – білім мақсатына жаңашылдықты енгізуді көздейді. Ол – оқыту мен тәрбиенің жаңа әдісі мен түрлерін, жаңа мазмұнын әзірлеуге қолданылып отырған педагогикалық жүйені тарату мен енгізу, жаңа технологияларды әзірлеу, білім беру жүйесінің мақсатын, мазмұнын, әдісін, түрлері мен басқа компоненттерін көздейтін жүйелі сипат » деп анықтама берілген.

Озық педагогикалық тәжірибенің бір түрі болып табылатын жаңашылдық (инновация) және педагогикалық зерттеудің бірегей үлгісін көрсеткен Ресейдің ғалымдары мен педагогтары И.П.Волков, Т.И.Гончарова, И.П.Иванов, Е.Н.Ильин, С.П.Лысенкова, Н.П.Шетинин, В.А.Кериновский, Е.А.Ямбург, В.А.Кериновскийдің және т.б.еңбектері мұғалім қауымның игіліктеріне айналды.

Инновациялық үдеріс – бұл күнделікті тәжірибеде өз алдына бөлек жаңалық ретінде танылған нақты ауқымды бірлік. Инновациялық үдеріс – нәтижесі қолданымға енген теориялық және практикалық идеялар. Оқытушы бұл орайда жаңалық авторы, зерттеуші, дайындаушы және оны пайдаланушы[2] Инновация көптеген ізденістер мен үлкен қауым педагогтардың іс-тәжірибесінің нәтижесінен пайда болады. Жаңа технологиялардың өркендеуі оқу үдерісінде интербелсенді әдістер мен интербелсенді оқытумен жалғасады. «Интербелсенді әдістер» тіркесін оқушылардың өзара әрекет етуіне жағдай жасайтын әдістер, ал «интербелсенді оқытуды» өзара әрекет етуге негізделіп құрылған оқу деп түсінуге

болады. Интербелсенді әдістердің мәні – әрбір оқушының өзге оқушылармен өзара белсенді байланыста болып, оқытушымен бірлесе отырып, түрлі техникалық құралдарды да пайдалана белгілі бір нәтижеге жетуі интербелсенді оқуда студент білімді өздігімен игереді. Оның мақсаты – күнделікті болмысты адам мұқтаждарына сәйкес түбегейлі өзгерту, «кұзырлылық» (компетенция) тұжырымы бойынша құзырлардың (компетенциялардың) қалыптасуына тиімді орта мен жағдай жасау. Мұнда студент өз біліміне деген жауапкершілікті түсінеді, білімді өздігімен игереді, өзіне қажет білімді айқындайды. Ал оқытушы студенттердің қабілеттерін дамытуда олардың өзіндік көзқарастарын қалыптастыруға, оны дамытуға, ақпаратты өздігімен игеруге, талдауға, шешім қабылдауға, мазмұн құруға, мәселелерді анықтап, оны шешу жолдарын қарастыруға, келіссөздер мен пікірталастар жүргізе білуге, өз пікіріне басқаны иландыра білуге және бітімге келуге әрекеттендіреді. Осылайша студенттің өз біліміне деген жауапкершілігі артады, бастамашыл, белсенді болуға дағдыланады.

Тәжірибеде жиі қолданылатын әдістер рөлдік, іскерлік, оқыту ойындары, түрлі тапсырмалар мен жаттығулар, топсеруендер (экскурсия), жарыстар, көрмелер, қойылымдар, интерактивті әдіс, білім алушы оқытушы ретінде, көрнекі құралдар қолдану, талқылау, пікірталас, симпозиум, келіссөздер мен медитация т.б.

Сапалы білім беру жолы тек қана белсенді және интербелсенді әдістерді қолдануда ғана емес, оқыту үдерісінде барлық әдістер мен оқу деңгейлері маңызды. Сабақты жүргізу әдісі әр жағдайда оның мақсатына, білім алушылардың дайындық деңгейіне, оқытушының тәжірибесіне байланысты таңдалған жөн. Оқытудың жаңа технологиясы студенттің адамгершілік қасиеттерді иемденуінің басты тәсілі өзара сұхбаттасу, қоғамда қарым-қатынас жасау, басқаны түсіну дегенді меңзейді, яғни диалог – оқу мен оқытудың басты құралы деп айтуға болады. Әлемді тануда сұхбатты өмірдің мәні деп ұғу ерте кезден-ақ белгілі болған. Қазақ халқының ұлттық философиясы да диалогтық, сұхбаттасу (диалог), қатынасу әрекеттерінің тұлғаның танымдық қасиетін дамытатынын дәлелдей түседі.[3]

Осы орайда білім беру үрдісінде қолданылатын инновациялық әдіс-тәсілдердің бірнеше түріне тоқтала кетейік.

1. «Дизайн» мамандығы бойынша білім алушы студенттерге арналған Кәсіби қазақ тілі оқулығында «Дизайн түрлері» тақырыбы бойынша «Сән үйінде» деген тақырыпта сұхбат берілді.

Сұхбатты негізге ала мынадай тапсырмалар орындалды:

1. Сұхбатты оқыңыздар.

2. Сән үйі қызметкері мен қонақ арасындағы диалог бойынша өзара жұптасып сұхбаттасыңыздар.

3. «Дизайн түрлері» тақырыбы бойынша өздеріңіз сұхбат құрыңыздар.

4. Сұхбаттағы кездесетін кәсіби сөздерді тауып, мағынасын түсіндіріңіздер, жазып алыңыздар.

Осы тақырып аясында студенттердің оқытушының жетекшілігімен өздік жұмысын орындау барысында, ең бастысы, оқушылармен эвристикалық, шығармашылық мақсат-міндеттерді іске асыруға болады. Қазіргі кезде бұларды «ашық», ал шетелде «креативтік» деп те атайды. Оларды іске асыру үшін «миға шабуыл» (ары қарай – МШ) технологиясын қолдануға болады. Бұл технологияның мақсаты – шығармашылық тұрғыда ойлауды дамыту. МШ технологиясының тиімді жақтары:

1) оқушылар өз ойын қысқа әрі нақты айтуға дағдыландырады;

2) МШ негізінде іскерлік ойын ұйымдастыруға болады;

3) шабуылға қатысушылар бір-бірін тыңдауды үйренеді (бұған басқа сөйлеушінің жауабын толықтырған, өрбіткен оқушыларды ынталандырып, қолдап отыратын оқытушы болысады);

Оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген тәжірибелі және жаңашыл ұстаздар сұхбаттың (диалогтың) оқу үрдісінде алар орнының ерекше екенін атап көрсетеді.

2. Көрнекілік оқытушылардың шығармашылық ізденісін, әдістеме жаңалықтарына сергектікті, оны сабақ өткізу барысында шебер пайдалана білуді талап етеді. Бұдан біз сабақта қолданылатын көрнекілікке үлкен жауапкершілікпен қарау керек екенін байқаймыз. Көрнекілік әдісіне Я.К.Коменский мен К.Д.Ушинский жоғары баға береді. Көрнекілік дерексіз түйсіктер мен сөздерге емес, оқушы тікелей қабылдайтын нақты бейнеге құрылатынын, нақтыдан дерексізге, түйсінуден ойлауға қарай оқыту соншалық табиғи және айқын психикалық заңдылыққа негізделетінін айтады. «Көрнекі оқытудағы басты мақсат – байқағыштыққа, оймен топшылауға жаттықтыру және өзінің байқағандарын сөзбен айтып бере білуге, сондай-ақ одан логикалық қорытынды шығаруға үйрету болып табылады», – деп жазды К.Д.Ушинский. Оқыту сапасының төмендігі осы көрнекілік принципіне аса мән бермеуге де байланысты екені тәжірибеден де байқалуда.

Оқытудың көрнекілігі дидактиканың негізгі принциптерінің бірі екені белгілі. Әсіресе қазақ тілі сабақтарында көрнекілікті дайындаудың маңызы ерекше. Сабақта қолданылатын көрнекілік тілдік ұғымдарды (материалдарды) түсіндіруді жеңілдететін, көрнекілік арқылы түсіндірілген тақырып оқушының ойында берік сақталатынын, білім алушының елестету қабілетінің дамитынын, теориялық білімінің практикамен байланысын нығайтатынын көреміз. Сабақтың қызғылықты өтуінің бірден бір кепілі деп те осы әдісті айта аламыз. Көрнекілікті сабақтың кез-келген бөлімінде, атап айтқанда, жаңа сабақты түсіндіру, бекіту, қайталау, жаттығу жұмыстарында да қолдануға болады.

Теориялық білім мен практикалық дағды алуда оқытушы сөзі мен көрнекіліктің қабысып жатуы оқыту жұмысындағы тіл үйретушінің білгірлігі мен шеберлігін байқатады.

Қазақ тілі сабағында қолданылатын көрнекіліктердің түрі көп. Олар: кескінделген және экранды-дыбыстық болып екіге бөлінеді. Кескінделген көрнекі оқу құралдарына кесте, сызба-сұлба, фото-сурет, оқиғалы картиналар, үлестірме дидактикалық кеспе қағазы т.б. жатады. Экранды-дыбыстық құралдарға кинофильм, диафильм, диапозитив, фонохрестоматиялар, таспа жазулары, күйтабақтар, графопроекторға арналған транспаранттар, электронды оқулықтар мен электронды оқу құралдары, компьютер, интербелсенді тақта жатады. Өмір сүріп отырған ғасырымыз – ғылым мен техника ғасыры, жаһандану ғасыры. Осыған сай білім беру жүйесінің құрылымы, мазмұны білім берудің әдіс-тәсілдері мен құралын тиімді пайдалануды, көп еңбекті, ізденісті қажет етеді. Жоғары оқу орындарында жаңа технологиялар арқылы инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдана білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Соңғы уақыттарда жиі қолданылатын, тиімді нәтиже беретін көрнекі құрал – **интербелсенді тақта мен проектор**. Интербелсенді тақта білім алушының жұмысын жеңілдетеді, мейлінше терең жұмыс істеуге, уақытты үнемдеуге үлкен мүмкіншілік тудырады.

3. Оқытудың белсенді әдістері мен тиімді түрлерінің бірі ретінде **түрлі ойындарды** айта аламыз. Д.Б.Эльконин, Л.С.Выготский, В.Я.Платов, Е.И.Пассов, М.Люшер сияқты психологтар мен әдіскерлердің тұжырымдауынша, ойындар жеке тұлғаның әлеуметтік тұрғыдан қалыптасуында үлкен рөл атқарады және жас ұрпақтың бір-бірімен қарым-қатынас жасауына ерекше ықпал ететін құрал ретінде қолданылады. Сабақтың сапалы да қызықты өтуінің бірден-бір жолы – оны түрлі ойын элементтерін қолдана жүргізу. Өтілетін тақырыптарға байланысты мазмұны мен мағынасы сәйкес келіп жататын ойындар тіл үйренушінің сабақ үрдісінде жалықпай серги түсуіне әсер етеді, шығармашылық қабілетін оятады. Ойынның маңызы туралы В.А.Сухомлинский былай деп жазды: «Ойын дегеніміз – орасан зор жарық терезе, осы терезе арқылы баланың рухани дүниесіне қоршаған дүние туралы түсініктері, ұғымдардың ширақ тасқыны келіп құйылады. Ойын дегеніміз – ынтымақ пен құмарлықтың отын жағатын ұшқын, – дейді. Өзін қоршаған ортаны, өмір сүріп отырған айналасындағы заттар мен құбылыстарды, адамдар арасындағы қарым-қатынасты білу, сезіну ойын негізінде жүзеге асады.

Қазақ тілінде сөйлеуге, қарым-қатынас жасауға, қатысымдылыққа үйрету кезінде әрі ойын, әрі тапсырма ретінде ойынды қолдану кеңінен өріс алып келе жатқан үдеріс десе де болады.

Оқытушы ойынды өткізер алдында өзі жоспар құрып алуы қажет. Ол жоспар әдістемелік тұрғыдан алып қарағанда мынадай шарттарға жауап беруі тиіс:

- ойынның өтілетін сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сәйкес келуі;
- ойынға бөлінетін уақыттың нақты белгіленуі;
- ойынның ойлану түрінің топ болып ойнау, кішірек топ болып ойнау т.б. нақтылануы;
- ойынға қажетті материалдардың түгел дайындалып қойылуы;
- қолданатын сөздер мен сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, тақпақтар, өлеңдердің таңдалып алынуы;
- пысықталатын грамматикалық, фонетикалық, лексикалық материалдардың анықталуы;
- өтілетін ойынның өту барысының жоспары жасалуы.

Өзге тілді студенттердің сөздік қоры да, білім қоры да аз болады, сондықтан олар мен мұғалім қазақ тілінде еркін тілдік қарым-қатынасқа түсе алмайтыны белгілі. Мұндай жағдайда жаңа сабақты өту, өткен сабақты пысықтау қиындығы туындайды. Егер мұғалім осы кезде сабаққа балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында қатысымдық (коммуникативтік) ойындарды дұрыс пайдалана білсе, сабақ нәтижелі болары сөзсіз. Ол үшін қатысымдық ойындардың негізгі талаптарын есте сақтау керек.

Біз сапалы білім беру мәселесі төңірегінде белгілі ғалымдардың ой-пікірлерін саралай келе, оқытудың бірнеше инновациялық әдіс-тәсілдеріне тоқталдық. Оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдалану – бүгінгі күннің басты талабы. Педагогикалық жаңа технологияны қолдану сабақты сапалы түрлендіруге және жаңашыл жобалар жасауға негіз болады.

Жаңа заманның жан-жақты дамыған адамын тәрбиелеудің оңай еместігін ескеріп, педагогтар оқытуды ізгілендіру аспектілерін тиімді пайдаланып, шығармашылықпен еңбек етуге тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстан Республикасының Тіл туралы» заңы 1997ж.11 шілде № 151-1.
2. Кішібаева Д Ж., Н.Есмұрзаев. Жаңашыл педагогтардың шығармашылығын оқу-тәрбие үдерісінде қолдану жолдары. Білім беру және ғылым: даму көкжиегі. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы.- 2010ж. 26.03. 250-252
3. ҚР-ның Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Астана:- 2011ж. 28.01.66
4. Тілеуова С, Әліпбек А. Сыртқы бөлім студенттеріне арналған оқу-әдістемелік құрал. Шымкент.- 2006ж. «Педагогика».
- 5.Назирова А. Мектептегі инновациялық технологияның орны. Алматы: Бастауыш мектеп. 2004. №2. 34 б.
7. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Алматы: 2009. 81-83 б.

ӘӨЖ 371.01 Б87

Жұмабаева Б.Н, Буханова Д.У.
КММ №47 жалпы орта білім беретін мектеп

ЖАС ҰРПАҚ – ЕЛ ТІРЕГІ, ЕРТЕҢІМІЗДІҢ КЕПІЛІ

Әр адамның күнделікті тіршілігіне ерекше өзгеріс енгізе қоймаған қоғамнан кетіп, жаңа ғасыр өз өмірімізде жаңа бір дәуірдің басталғанын мойындатуда. Көкжиегімізде көрініп тұрған нұрлы болашағымызға жету жолдарының жақсы нышандары бүгінгі қоғам тіршілігінің әртүрлі салаларынан көрініс табуда. Солардың бірі-әлеуметтік орны мен ақпараттар қызметінің салмағы жағынан ерекше болып табылатын білім беру жүйесі. Олай

дейтініміз бұл саладағы әрекет қоғамның бір жеке мүшесінің тағдырына қатысты емес, еліміздің ертеңгі күнгі әлеуметтік күшіне, тұрмыс деңгейіне, өркениеттілігіне әсер ететін кешенділігімен сипатталады.

Даму жолындағы қоғамда ең алдымен білім дамуға тиісті. Ал білімді дамытатын сол үрдістің субъектілерінің принципті түрдегі жаңа әрекеттері мен жаңа қарым-қатынас нормаларын меңгеруі болып табылады. Жаңа қоғамдағы білімге айырықша көңіл аударарлық мәселе білім емес, оны меңгеруге деген қабілеттілік, есте сақтау емес, психиканың негізгі механизмі-ойлау, шыдамдылық емес, оқу үрдісіне деген белсенділік, оқу нәтижелеріне жету арқылы өз орнын анықтау; жауапкершілік; жай оқу емес, жеке, қоғамдық, кәсіби өмірді нұрландыру үшін оқу.

Білім-тоқтаусыз, толассыз үрдіс. XXI ғасыр білімін адамның қызығушылық-тарының дамуы, оның өзінің дамуы деп түсіну ләзім. Бұл-әр адамның өзін-өзі жасампаздықпен қайта құра алуы, қоғамдық талаптар тұрғысынан өзіне сыни баға бере алуы, айналаны өзгертуге қатыса алуы. Білім арқылы адамның интеллектуалдық, рухани күші артып, тұлғалылығы қалыптасады.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру – он екі жылдыққа көшу және кәсіби міндеттерді өздігінен, шығармашылықпен шеше алатын, қызметтің жеке және қоғамдық мәнін түсінетін және оның нәтижесіне жауапты қарайтын құзырлы, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім берудің тиімді жүйесін құруды көздейді.

Еліміздегі білім беру саласын дамытуда мемлекет тарапынан зор қолдаулар табылып, реттеліп жатыр. Сондай-ақ, қазіргі таңда білім берудің жаңа үлгісін ендіру тұлғаны дамыту үдерісі ретінде тәрбиеге баса назар аударылуда. Соған байланысты мұғалім мен оқушының тұлғалық-бағдарлы өзара қарым-қатынасы маңызды орын алып отыр. Мұнда тұлғаны рухани тәрбиелеуге, адамның адамгершілік жағынан келбетінің қалыптасуына ерекше мән беріледі. Сондай-ақ, білім беру факторларының: мектеп, отбасы, әлеуметтік ортаның кірігуі көзделеді.

Еліміздегі білім беру жүйесін жетілдірудің басты мақсаты — еліміздегі білімнің сапасын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Бұл мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер

-оқу процесіне заманауи әдістемелер мен технологияларды енгізу;

-«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының тәжірибесін қазақстандық білім беру жүйесіне тарату;

-педагогикалық кадрлардың кәсіби дайындық деңгейін арттыру;

-педагогикалық базалық білім беру стандарттарын, мектеп мұғалімдері мен ЖОО оқытушыларының біліктілігін арттыру талаптарын жаңарту;

-мектепке дейінгі тәрбиенің жаңа сапасына көшу. Қазіргі кезде әлемде мектепке дейінгі тәрбие мектепке дейінгі білім беруге ауысуда. Балаларды ерте жастан оқытуға көшу жүзеге асуда;

-кадрлар даярлауды экономика қажеттілігіне сәйкес келтіру;

-білім саласына әлемнің үздік жетістіктерін енгізу;

-Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесін дамыту;

Білім беруді жаңарту оқушылардың білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда, функционалдық сауаттылығын немесе құзыреттілігін қалыптастырады.

Елбасының тапсырмасы бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың ұлттық жоспары әзірленіп, бекітілді. Қазіргі заман талабы – көптілді оқыту және көптілді меңгерген маман дайындау.

Жас ұрпақ-ел тірегі ертеңіміздің кепілі. Әрбір ұстаздың міндеті мектеп оқушыларын отан сүйгіштікке, ақыл-ойын жан-жақты дамытуға, ұмтылуға тәрбиелеу. «Қыран-түлегіне қайыспас қанат сыйлайды, ұстаз-шәкіртіне талап сыйлайды» деген халқымыздың қанатты сөзі ұстаз арқылы дарыған талаппен ұрпақтың алысқа ұшатынын меңзеген. «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында» деп білім қызметкерлерінің бірінші құрылтайында сөйлеген сөзінде Елбасы айтқандай ұстаздарды өз

Отанын шексіз сүйетін, еліміздің болашығына, оның гүлденуіне аянбай үлес қосатын білімді жеткеншектерді даярлау міндеттері күтіп тұр.

Қазіргі таңда біздің Республикада білім берудің жаңа жүйесі дайындалып, әлемдік білім беру кеңістігінде енуге батыл қадамдар жасалынауда. Білім берудің мазмұны жаңарып, оларды технологиялық-педагогикалық тұрғыдан жетілдіру қажеттігі туындауда. Білім беру деңгейіндегі озық технологияларды пайдаланудың мақсаттұйрете жүріп, үйрену.

Білім беру саласында озық технологиялардың енуі мұғалімнің ойлану стилін, оқыту әдістемесін өзгертеді. Менің математика пәнін оқытуда озық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты – оқушыларға білім беру процесінде көмектесу. Оған: оқыту бағдарламалары, оқытуда қолдануға арналған электрондық оқулықтар, тексеру бағдарламалары мен тестік, өзіндік жұмыстар ерекше орын алады.

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс– тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты- бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі- мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар : бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі-рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындайлап отыр.

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс-әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады

Қорыта келгенде, мектептің мемлекет алдындағы жауапкершілігі жоғары болуы қажет. Өйткені жас баланың бойына адамгершілік негіздерін қалыптастырып, білім нәрінен сусындатар, өзінің дәстүрінен алшақтатпай, туған тілін, салт-дәстүрін қажетті деңгейде үйрету-басты міндет. Осындай мақсат, міндеттерді үнемі ұстанып отырған мектептің жетер жетістігі, бағындырар биігі зор болмақ.

Мектеп еш уақытта қоғамның, мәдениеттің, ғылым мен білімнің жаңалықтарынан тыс қалып қоймай, үнемі оқушылардың бойына іскерлік пен дағдыларды қалыптастырып, дүниетанымдарының кең болуын қамтамасыз етіп отырғаны жөн. Ал қоғамның

жаңалықтарынан алшақтау, дамыған мектептен білім алған оқушының теориялық және практикалық білімдері, ақпараттың дамып отырған уақытында жеткіліксіз болып қала бермек. Міне сондықтан мектептің білім мазмұнын қайтадан қарап, заман талабына сай өзгерту, бүгінгі таңдағы басты мәселеге айналып отыр. «Елдің дамуы оның білім беру жүйесі арқылы бағаланатын болады»-деп Елбасы айтқандай, шынында да білім беру бүгінгі таңда үлкен капиталға айналу үстінде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауынан. (www.akorda.kz);
- 2.«Болашағы зор балапан» мақаласы, «Айқын» газеті, 1.03.2013.
3. Еркебаева Г.Ф.Қазақстан Республикасының ұлттық білім беру жүйесінің міндеттері, бағыттары мен мазмұны. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Шымкент, 2011. – Б.6-9.
4. Смирнова С.А. Педагогика: теории, системы, технологии. –М., 2006.

ӘӨЖ: 371.01

Нуркенова Г. А., Байжулданова Г. Б.

«№34 жалпы орта білім беретін мектеп»ЖММ бастауыш сынып мұғалімдері, Семей қаласы

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ОҚУ МЕН ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Бастауыш мектепте оқытудың мақсаты: оқушыларды оқуға сауатты жазуға үйрету, негізгі тілдік ұғымдармен таныстыру, өз ойымен пікірін еркін жеткізе алатын жеке тұлғаны тәрбиелеу» деп атап көрсеткен. Осы мақсатты жүзеге асыруда педагог-ғалымдар оқытудың жаңа технологиясын іздестіріп, ұсынып, бізге таңдау мүмкіндігін туғызып отыр. Кез келген технология терең теориялық білім, үлкен педагогикалық шеберлікті, баланы түсіне білетін психолог болуды талап етеді.

«Технология – практикада іске асатын нақты педагогикалық жүйе, жоба» деп белгілі ғалым В.П. Беспелько, ал Ф.М. Монахов: «Педагогикалық технология дегеніміз – оқыту үрдісін жобалау, ұйымдастыру мен жүргізудің ойластырылған моделі» - деп түсіндірді.

Ал, жиырмасыншы ғасырдың басында ұлттық ойшылымыз Ж. Аймауытов: «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңаны табатын өнер» - деген екен. Осы технологиялар тарихын, оның элементтерін, құндылығын, қажеттілігін айқындау бізге қалып отыр. Осыған дейінгі оқытылып келген дәстүрлі оқыту балалардың оқуға деген ынтасын төмендетті. Осы кемшілікті толтыру мақсатында көптеген жаңа технологиялар пайда болды.

1. «Дамыта оқыту технологиясы» авторлары: Д.В. Эльконин, В.В. Давыдов, Занков тағы басқалар.

Олар мынадай мақсат қойды:

- Оқу мақсаты қойылады. Мысалы: а – дауысты. Неге? Балалар - өздері «а» -ны созып айтып көрсетеді. Не байқадың? Дауысымыз еркін, ашық шықты, созық деп оқушы өзі айтады.

Ғылымилығы:

- Төсек-төсегі. Не байқадық? Төсек деген сөзге і – ні қосып едік к әрпі г әрпіне өзгерді. Ендеше «Дауысты і әрпі түбірге қосылғанда түбір соңындағы дауыссыз к-г дыбысына өзгереді. деп ережені оқушы өзі қорытады. Осы әдісті 3-сыныпта өткен «Тұрлаусыз мүшелер» тақырыбында қолдандануға болады. Бастауыш пен баяндауыш

тақырыбымен таныс оқушыға Болат келді. Оқушы оқыды. Екі сөйлемге бір сөзден қос деген тапсырма беремін. Болат **сабақтан** келді. Оқушы **тез** оқыды. Сол сөздерді қосып, алып тастап сөйлемді оқыту. Не байқадық? Қандай сұрақтар қойдық? Белгілі атқаратын қызметі бар ма? Ол тұрақты ма, тұрақсыз ба? дей келе «Тұрлаусыз мүшенің» даяр ережесін бере салмай өздеріне іздетіп, жауапты салыстыртып, саралап, содан қорытындыны шығарттық, сондықтан оқушы тұрлаусыз мүшені қиналмай табатын болды. Дамыта оқыту жүйесіндегі қойылатын сұрақтар проблемалы, ойлауды, пайымдауды қажет ететіндей етіп берілуі тиіс.

- Оқиға ары қарай қалай жалғасады?

- Қандай өзгеріс болар еді?-деп сұрап, мәтінді әр оқушы түрліше жалғастырды.

Соңынан «ұнаған кейіпкерге хат» жаздыруға болады. Бірнеше оқушы жағымсыз кейіпкерге арнап жазыпты. Оқушының қатесіз жазуға, әдемі жазуына да әсері зор. Талдау-бірлескен ізденіс. Ізденіс барысында мұғалім оқушының көңіл-күйін, ой-пікірін байқап, бағыт беріп, шығарма ойының бала жүрегіне жетіп, ар-ұят, қайырымдылық т.б. тамаша қасиеттер бала бойына жұғысты болады.

Үнемі сабақта ғылымилық жағына көңіл бөліп отырған дұрыс.

Д.О. ерекшелігі: сұрақ проблемалы, ойлауды, пайымдауды көздеу керек. Кез келген мәтінді салыстыра білу керек. Баланың қиялын дамытады. Салыстыру арқылы өткен материалдар мен жаңа білім арасындағы логикалық байланыстарды анықтауға үйренеді. Тиімді пайдаланса, оқуға деген қызығушылық артады.

Дамыта оқытуда мұғалім тек танымдық іс-әрекетті ұйымдастырушы ғана болуы тиіс. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамыту дегеніміз- оқушының шығармашылық қабілетін ойлау мен практикалық әрекет арқылы дамыту. Ойлауға үйрететін сабақ- дамыта оқыту сабақтары деп білеміз. Осы орайда «Әдебиет үйірмесін» ұйымдастыру тиімді. Сыныптағы оқушылардың оқу жылдамдығы нашар болды. Осы тәсілден кейін артты

«Әдебиет үйірмесі» сынып 2 немесе 3 топқа бөлінеді. Әр бала өз нұсқауын топта бөліп алады.

1. Сілтеме табушы- Қызықты жерін тауып, дауыстап оқиды.

2. Іздеуші- Мәтінге қатысты қызықты ақпарат . шырша неге жасыл, шегірткенің түрлері т.б мәліметтер жинады

3. Дәнекер- Мәтінді өмірмен байланыстыру

4. Сұрақ қоюшы- Кім мәнді, ерекше, ұтымды сұрақ қояды

5. Сөз тапқыш- Қызықты жұмбақ, мақал-мәтел ұсынады. Кейіннен мақал –мәтелге байланысты сурет салу, мәтін мазмұныны сай жұмбақ, жаңылтпаш құратып күрделендірдім.

6. Мінездеме беруші-

7. Суретші- Өз қалауынша сурет салады, одан көрме ұйымдастыру

8. Жазушы- Мәтін ішінен жазушының негізгі ойын білдіретін сөйлемді көшіріп, оған өз ойын қосып, пікірін білдереді.

3. Осы технологияның негізін салушылар: А.С. Выготский, С.Л. Рубиншеин, П.Я. Гальперин де жеке тұлғаның барлық сапаларын тұтас сәйкестікке дамытуға арнаған. Сол себепті оқытушы балаға әсер етер 3 факторды да білу керек.

1. Биологиялық фактор (туа біткен, оқу кезіндегі қабілеті)

2. Әлеуметтік фактор (өмір сүретін орта, мінез-құлық, ақыл-ой)

3. Баланың белсенділігі

Мысалы: 3-сыныпта Абай «Қыс» өлеңі

- Ең ұтымды сұрақ иесі

- Киелі деп отырғаны не? (қар, қатқан мұз)

С. Шәймерденов «Қар» мәтіні тек қарға байланысты тапсырма қар ұлпалары қызық Қар ұлпалары қалқып келеді. Қар ұлпалары құсша қонады. Қар жұлдыз сияқты. Қар жабысқақ. Су болып сырғанады»- деп мәтін ішінен қарға байланысты сөздерді теріп алады. Осыны шығарма жазуда қолданады.

б) 3-бөлім «Әдістеме» ғылыми негізде құрылады. «Әліппе» оқулығы бойынша сөз, мәтін оқу

- теріп оқу
- буын санына қарай оқу
- Әріп санына қарай оқу
- Көлденең оқу
- Тігінен оқу
- Тауып оқу
- Бір буынды сөзді оқу т.б.

Математика

	0				

-4	+7	+4	0-6	1	+4	-6
				Д		

Өзін-өзі тану үшін оқушы тапсырманың қатесін табу керек. Кестедегі «сандық» сөзі шықпаса, н, ы, с, д, а, қ әріптері болмай, басқа әріп шықса тапсырма дұрыс емес. Бала ойланады, өз қатесін табады. Қазір осы бағытта мектептерде «Өзін-өзі тану» пәндік сабақтар өтуде.

2. Ж. Қ. Қараевтің «Денгейлеп саралау» технологиясы Жаңа буын оқулықтары осы технологияға негізделген.

- мүмкіндік деңгей
- міндетті деңгей


Бұл технологиялардан ұтарымыз: жеке дара қабілетін айқындаймыз, дамуы көрініп тұрады, сабаққа қызығушылығы артады. Бірақ осы технологияның қиындығы бар. Мұғалім барлық тапсырманы тексеріп үлгеруі, қатесін түсіндіру керек, оны айтпаса келесі деңгейге көтеріле алмайды. Бүкіл сыныпты тексеру өте қиын. Алайда мұғалім өзіне кімге қандай көмек керектігін айқындауына болады.

Білім сапасын арттырудың маңызды құралы – жаңа технологияны енгізу. Әуелі оны мұхият зерттеп, саралап алу керек.

Педагогика ғылымының кандидаты, «**Модульдық технологияны оқытудың**» авторы Марал Мәденқызы Жанпейісованың еңбегімен таныстым. Соның жеке элементтерін сабақта қолданып көрдім, жақсы нәтиже берді. Күнтізбе календарлық жоспарды бірнеше модульға бөлеміз.


«Сөз» тақырыбын бастағанда 1 модульға бірнеше тақырып кіреді.

- «Сөз» дегенде не айтуға болады?
- Сөз таптары




Ары қарай осы модульдың жеке мағыналары ашыла береді. Әр тақырыптарды өткенде алдыңғы ұғым қайталанып, пысықталып отырады. Бұл технологияның ерекшелігі: басты тұлға оқушы, оқулық, сонан кейін барып мұғалім.

1-сыныпта суретті модуль қолданамын



(Осындағы доп орнына кез келген затты қойып оқушы талдай береді. Кейін оқушы «Заттың атын білдіретін сөздер», «заттың сынын т.б.», «Заттың қимылын – ді өткенде оқушы ережені өзі айтып, өзі қорытады.

Ал 2-сыныпта суретті модуль сызба модульге ауысады.



Бұл бақылау нысаны. Осыған қарап оқушы өзін-өзі тексереді. Міндет- мақсат жүктеледі. Оны орандау үшін оқушы ойланады. Сөз орнына басқа сөз қойып, білімді тәжірибеде сынап білуге икемделеді.

Сызба модуль «Ана тілінде» мәтінді талдау кезінде түрлендіріп өткізуге болады. Соңынан әр оқушы өз сызбасын сызып ұсынады, топ сол сызбаны салыстырып, өз сызбасын қосып «баяндама» жасайды. Қай топта мәтін мазмұны кең ашылса сол жеңеді.

«Абай» мәтінін талдау үшін 3 топ құрылады.

1 топ – «Әдебиет лотосын», 2 – топ «Сызба модуль», 3 – топ «Болжау кестесін» құрады. Даяр мәтін бойынша мысал, ертегі мәтін құрауға болады. Қорыта келгенде жаңа технологияның элементтерін енгізу мемлекеттік стандартта жылжымалы көп бағыт, нақта міндет, еркін көзқарас, іздену, пікір айту, жеке оқушы, топпен жұмыс істеуге, баланы өзін-өзі тексеріп бағалауына әсерін тигізеді.

Мысалы: Рейтинг бойынша топқа бөліп бағалаймыз. 1 топта (4 оқушы) онда даму деңгейі әр түрлі оқушы отырады, олардың даму сапасы да әр түрлі, нашар оқушы топ ішінде отырып ұпайды көп алуы мүмкін. Топ жетекшісіне соңында сөз беру керек. Ол кімнің белсенділік көрсеткенін, кімнің көп қатыспағанын айтып береді. Оқушы өзара сынға үйренеді. «Білім биржасын» да қолдануға болады. Жаңа экономикалық ұғым, мамандықпен таныса отырып, өз ұпайын санап, жеке жауап парағына жазып, биржадағы қорын біліп, мүмкіншіліктерін саралайды.

Ол үшін ойын ережесін алдын-ала бекітіп алу керек. Осы ережені бұлжытпай орындауға оқушы даяр болсын.

Ойын ережесі:

- Адал, әділ ойна;
- Жеңілгенді табалама;
- Жеңсен қуан, бірақ мақтанба;
- Білмегеніңді басқадан үйрен;
- Өз қатеннен қорытынды шығар.

Осы технологиялар жемісті болу үшін мынаны есте ұстауымыз керек

1. Уақыт керек.
2. Ойын ашық айтуға рұқсат беру
3. Әр түрлі пікірді қабылдау
4. Белсенді әрекетін қолдау

5. Қолайсыз жағдайда баланы әжуаға айналдыруға жол бермеу.

6. Сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жанпейісова М. М. Модульдік оқыту технологиясы, Алматы, 2006 ж
2. Кукушин В. С. Современные педагогические технологии. Ростов – на – Дону, 2003 г.
3. Серімбетова С. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, Бастауыш мектеп журналы, Алматы, 2008 ж, №5
4. Рахымжанова А. Т. Оқушылардың ойлау процесін және шығармашылығын жаңа технологияны пайдалану арқылы дамыту, Әдіскер мұғалім журналы, Алматы, 2007 ж, №4
5. Занков Л. В. Беседы с учителями М. Просвещение, 1998 г
6. Элькони - Давыдов В. В. Проблемы развивающего обучения М. Просвещение, 1998 г.
7. Бизяева А. А. Ойлайтын мұғалім психологиясы: педагогикалық рефлексия, Алматы, 2004 ж
8. Таубаева Ш. Т. Оқытудың қазіргі технологиялары. Бастауыш мектеп, 2005 ж. №3

УДК 372.8

Карташёва А.Н.

Атырауский государственный университет имени Халела Досмухамедова

ПОТЕНЦИАЛ РУССКОГО ЯЗЫКА В ДЕЛЕ ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ СТУДЕНТОВ

В Законе Республики Казахстан «Об образовании» указывается, что одним из основных принципов государственной политики в области образования является единство обучения и воспитания [1].

Воспитание гражданственности и патриотизма - главная задача системы образования. В Концепции воспитания в системе непрерывного образования Республики Казахстан под патриотическим воспитанием понимается систематическая и целенаправленная деятельность организаций образования и воспитательных структур по формированию гражданской позиции и патриотического сознания, чувства верности своей Родине, правовой и политической культуры, развитого национального самосознания, любви и уважения к языку, истории и обычаям казахского народа, сохранения и развитию его лучших традиций, изучения, приятия и освоения культур других народов Казахстана, готовности к выполнению гражданского долга и конституционных обязанностей по защите интересов страны [2].

Русский язык на неязыковых факультетах обладает большими возможностями в деле воспитания у студентов чувства любви к родному краю, гордости за свой народ. Одним из ведущих направлений в обучении русскому языку должна быть ориентация на формирование функциональной грамотности студентов, в частности, грамотности чтения.

Отбор учебного материала для формирования коммуникативных навыков, его адаптация в соответствии с конечными целями обучения заключается не просто в упрощении грамматической и лексической стороны текста, но и в использовании определенных фреймов, позволяющих закрепить речевые навыки студентов для применения их в стереотипных ситуациях.

Содержание таких лексических тем и микротем, как «Республика Казахстан», «Символы государства», «Халел Досмухамедов», «Астана - столица РК», «Наш город», «Казахстанские олимпийцы», «Казахские народные традиции, обычаи и обряды» и др., изучаемых по предмету «Русский язык» на занятиях и в рамках самостоятельной работы студентов под руководством преподавателя, представляют большие возможности для работы по воспитанию у студентов активной гражданской позиции, чувства гордости за свою Родину.

Известно, что базовой, структурной единицей обучения русскому языку является учебно-научный текст, его понимание, анализ, умение выполнить задания по тексту, ответить на вопросы (грамотность чтения).

Покажем этапы работы с текстом «Казахстан – суверенная республика».

I. Предтекстовые задания:

1. Объясните значения слов патриотизм, патриот, гражданственность.
2. Что означает понятие казахстанский патриотизм?

II. Прочитайте текст.

Суверенитет – это совокупность прав наций на свободу выбора социального и политического строя, на территориальную целостность, экономическую независимость и т.д.

Верховный Совет Казахстана 25 октября 1990 года принял Декларацию о государственном суверенитете Республики Казахстан. Этот акт выразил волю народа, стремление к созданию достойных и равных условий жизни для всех граждан республики

Суверенитет провозглашён. Он проявляется и осуществляется в охране и защите национальной государственности, а именно, в возрождении и развитии самобытной культуры, традиции и языка.

С момента провозглашения суверенитета Казахстана утверждается неделимость и неприкосновенность его территории.

Суверенитет проявляется в том, что в собственности Казахстана находится земля и её недра, вода и воздушные пространства, растительный и животный мир и другие природные, культурные и исторические ценности. В этой связи суверенная Республика Казахстан самостоятельно организует экологическую защиту природы и её населения.

Декларация о суверенитете содержит утверждение о том, что Казахстан имеет право на собственные внутренние войска, органы государственной безопасности и другие учреждения, способные обеспечивать суверенитет Республики.

7 мая считается Днём создания армии Республики Казахстан.

16 декабря – День независимости Республики Казахстан.

Республика Казахстан принята в ООН и представлена на уровне посольств во многих странах мира.

Суверенная республика Казахстан имеет свои символы – герб, флаг, гимн, которые являются священными и подлежат охране.

Благодаря Президенту Н.А. Назарбаеву впервые Казахстан обрел юридически оформленный статус независимого государства, признанного мировым сообществом.

За 25 лет суверенного развития Казахстан вошел в число 50 самых развитых стран мира, досрочно реализовал Стратегию-2030, начал осуществление Стратегии-2050, Плана нации "100 конкретных шагов: современное государство для всех".

Сегодня Казахстан – лидер модернизации и развития среди стран СНГ.

Триумфальное Председательство в Организации по безопасности и сотрудничеству в Европе, Астанинском саммите, председательство в Организации «Исламская конференция», Шанхайской организации сотрудничества, Совещании по взаимодействию и мерам доверия в Азии, Евразийском экономическом союзе – это выдающиеся свершения, которые стали возможны благодаря мудрой и эффективной политике Елбасы Н.А. Назарбаева.

III. Послетекстовые задания:

1. Объясните значение слов и словосочетаний суверенитет, территориальная целостность, независимость, декларация, самоопределение, правовое государство, природные ресурсы.
2. Определите способ образования слов суверенит, самоопределение, триумфальный.
3. Подберите синонимы к слову независимость, флаг, гимн, герб, республика.
4. Что означают аббревиатуры ООН, СНГ? Определите их род.
5. Переведите на русский язык слово елбасы.
6. Составьте вопросы к тексту

7. Подберите определения к существительным, определите тип связи слов в словосочетаниях: флаг, гимн, герб, символы, суверенитет.

8. Выпишите из текста сложноподчиненные предложения, сделайте синтаксический разбор одного из предложений.

9. Определите тип и стиль текста.

10. Определите тему текста.

11. Разделите текст на микротемы

12. Назовите средства связи предложений в тексте.

13. Найдите слово-тему.

14. Определите коммуникативную задачу текста.

15. Найдите данное и новое текста.

16. Составьте тезисный план текста, подготовьтесь к пересказу.

17. Напишите эссе на одну из предложенных тем: «Мой независимый Казахстан». «25 лет Независимости Республики Казахстан: мой взгляд на страну и мир», «Как я понимаю казахстанский патриотизм», «Новый Казахстан в новом мире».

На занятиях в качестве дидактического материала широко используем пословицы, поговорки, цитаты, которые способствуют патриотическому воспитанию учащихся. Даем студентам русские пословицы с заданием найти в казахском языке их эквиваленты: Любовь к Родине сильнее смерти. На чужой стороне Родина милей вдвойне. Родина – мать, умей за неё постоять. Любовь к родине на огне не горит и на воде не тонет. В родном краю сокол, в чужом – ворона. Человек без Родины, что соловей без песни. Где не жить – Родине служить. Родину, как и родителей, на чужбине не найдёшь и др.

Аналогичную работу студенты выполняют с казахскими пословицами о Родине (объяснение их значений, перевод на русский язык, нахождение эквивалентов). Например: Гүл өз жерінде ғана – гүл, адам өз отанында ғана - адам (Цветок лишь на своей поляне – цветок, человек лишь на родине – человек). Үйде оңбаған, Түзде де оңбайды (Если не нашёл счастье дома, не обретешь и на чужбине). Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас (Нет земли лучше Родины, нет людей лучше, чем на Родине) и др.

Одним из приемов изучения русского языка является заучивание стихов. Студенты заучивают и выразительно читают такие стихи, как «Песня Казахстану» Сырбая Мауленова, «Отчизна» Фаризы Унгарсыновой, «Моя Республика» Сабита Муканова, «Казахстан» Жамбыла Жабаева и др.

Воспитанию у студентов чувства патриотизма способствует также работа с текстами краеведческой тематики, проведение экскурсий в музеи, по достопримечательностям города и области, посещение мемориального комплекса «Хан Ордасы Сарайшык», знакомство с биографией знаменитых земляков, так как «любовь к родному краю, знание его истории - основа, на которой только и может осуществиться рост духовной культуры всего общества» [3].

Включение в учебный процесс текстов и материалов патриотического дискурса способствует духовно-нравственному становлению студенческой молодежи.

ЛИТЕРАТУРА

1. Закон РК «Об образовании» от 27 июля 2007 г. № 319 (статья 3, п.5).
2. Концепция воспитания в системе непрерывного образования Республики Казахстан от 16 ноября 2009 года № 521 [Электронный ресурс]: Концепция // Режим доступа: gipkso.kz/files/pages/43/Концепция.doc, свободный.
3. Лихачев Д.С. Любить родной край // Отечество. Краеведческий альманах. Вып. 1.-М.: Профиздат, 1990. - С. 7.

Қырықбаева С.М.

өнертану кандидаты, қауым.профессор, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

**БОЛАШАҚ ӨНЕР МАМАНДАРЫНЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН
ЖЕТІЛДІРУДІҢ МАЗМҰНЫ**

Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады.

XXI ғасырда әлемдік өркениет төрінен орын алуы үшін, Қазақстанның жан-жақты дамуының бірден-бір жолы ғылымды әр қырынан меңгеру қажет болып отырғаны белгілі. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ!» атты Жолдауында: «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр ... Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды» - деген [1]. Қазіргі заман талабына сай, Елбасының халыққа Жолдауы білім беру ісінде де жыл сайын өзгерістер енгізіп отыр. «Жаңа технологиялық құзірет» бағдарлай білу өз бетінше білім беруде стратегиялық міндеттерін табысты шешуге мүмкіндік береді: таңдай білу, талдай білу, өзгерте білу, сақтай білу, жеткізе білу, жүзеге асыра білу», -деп атап көрсеткен. Осыны жүзеге асыруда жаңа формацияның педагогы қажет. Мұғалімдердің жаңа ұрпағы, білім деңгейі жөнінен әрдайым саналып келгендей, біршама емес, әлдеқайда жоғары болуы тиіс.

Рухани бай, жан-жақты дамыған жеке болашақ өнер мамандарындағы ең басты қасиеттердің бірі – кәсіби құзыреттілік. Бұл – бүгінгі күннің талабы. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Инновациялық іс-әрекетті бойына сіңірген болашақ өнер мамандарының кәсіби өкзыреттігін жетілдіру жолдары: *өзін-өзі өзектендіру, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамушы тұлға* ретінде қалыптастыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасының егемендік алуына сәйкес білім беру саласында, соның ішінде мұғалімдерді кәсіби даярлауда да бірқатар өзгерістер болды. Осы орайда, білім берудің сапасын көтеру жоғары білім беру құрылымдарын реформалауда оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын ендіруді, педагогикалық процесті жетілдірумен қатар, болашақ өнер мамандарының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда үздіксіз педагогикалық білім алуының маңызы мынадан көрінеді:

- кәсіби даярлық кезеңінде оның бойына педагогикалық тәжірибенің шынайы жағдайларында қажетті білімдер мен дағдыларды өз бетінше алуға мүмкіндік беретін қабілеттерді қалыптастыру;

- өзінің кәсіптік-шығармашылық әлеуетін жетілдіру;

- студенттердің мектепте технологиялық білім алу жағдайлары мен мазмұнын дамытуға ықпал ету.

Мұндай жағдайларда болашақ өнер мамандарының жетекші кәсіптік қасиеттеріне мыналар жатады:

- шығармашылық ойлауын дамыту;

- кәсіби белсенділік;

- ақпаратпен жұмыс істеудің әдіснамалық білімдері мен тәсілдерін меңгеру;

- іс-әрекеттің жаңа түрлерін меңгеруге дайындығы мен қабілеттілігі;

- кәсіби-тұлғалық даму мен жетілуге деген қажеттілік.

Сондықтан, бүгінгі күнде болашақ өнер мамандарының отандық білім беру жүйесіндегі жаңа идеялар мен өзгерістердің маңызын түсінуі және оны жастардың еңбек дайындығы барысында жүзеге асыруы ерекше сипат алып келеді [2, 55 б.].

Педагогикалық процесс - еңбек процесі. Ол қандай болмасын еңбек процесі тәрізді, қоғамның қажетін айқындайтын мақсатты шешуге бағытталуы керек. Педагогикалық процестің ерекшелігі тәрбиелеуші мен тәрбиелеушінің еңбегінің бірлігінде шешіледі. Онда олардың өзіндік қарым-қатынасынан келіп, өзара педагогикалық ықпал жасалады.

Жеке тұлғаның кәсіби даярлығын қалыптастыру тұтас педагогикалық процестің негізінде іске асыруға болады деген - педагог, ғалым Н.Д.Хмель. Олай болса, сәндік-қолданбалы өнер туындылары жас жеткіншектерді, ұрпақты жақсы мінез-құлықтарға, адамгершілікке, батылдыққа, Отан алдындағы, ата-ана алдындағы парыздыққа, адалдыққа, қырағылыққа, байқампаздыққа т.б. оқытып тәрбиелеуде зор үлес қосатынына сеніміміз мол [3].

Жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ өнер мамандарының кәсіби құзыреттіліктерін жеделдету критерийлерін ажыратып көрсетуге болады:

1) *Объективті критерийлер* (болашақ өнер мамандарының өзінің кәсіби іс-әрекетіне қаншалықты сәйкес, әлеуметтік тәжірибеге қосар үлесі қандай екендігіне қатысты). Жоғары тігін бұйымдарын құрастырудағы еңбек көрсеткіші, әртүрлі мәселелерді шығармашылықпен шеше алу біліктері, конструкциялау даярлау негіздері, т.б жататындығын атап өтеді.

2) *Субъективті критерийлер* (болашақ өнер мамандарының мамандығы қаншалықты оның табиғатына, қабілеттері мен қызығушыларына сәйкес қаншалықты ол өз ісінен қанағат табатындығымен байланысты). Болашақ өнер мамандарының еңбегіндегі субъективті критерийлерге кәсіби-педагогикалық бағыттылық, кәсіби құзыреттілік, кәсіптің маңыздылығын, оның құндылығын түсіну, маман иесі ретінде өзіне позитивті көзқарастарының болуы жатады.

3) *Нәтижелі критерийлер* (болашақ өнер мамандары өз ісіне қоғам талап етіп отырған нәтижелерге қол жеткізіп отыр ма деген мәселе тұрғысынан қарастырады). Біреулер нәтиже ретінде студенттер білімдерінің стандартқа сай болуын алса, енді біреулер олардың қарым-қабілетін дамытуды алады, ал кейбіреулері студенттердің өмірге дайындығын басты назарда ұстайды, ал оқыту нәтижесі біз үшін баланың психологиялық функцияларын жетіліп, өзінің педагогикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуге қолдана алуы.

4) *Шығармашылық критерийлер* (болашақ өнер мамандары өз кәсібінің шекарасынан шыға алуы, сол арқылы өз тәжірибесін, еңбегін өзгерте алуы жатқызылады). Шығармашыл болашақ өнер мамандары үшін біреудің тәжірибесін қайталағаннан гөрі өз жаңалықтарын, білгендері мен түйгендерін басқаларға ұсына алуының, шығармашылық бағыттылықтың болуының мәні зор.

Кәсібиліктің бірден келе салмайтындығы белгілі, оны әр болашақ өнер маман ерте ме, кеш пе меңгеруі тиіс. А.Маркова оның кезеңдерін төмендегідей етіп бөледі:

- болашақ өнер мамандарының өз мамандығына бейімделу кезеңі;
- мамандықта өзін-өзі өзектендіру кезеңі;
- мамандықты еркін меңгерген кезең;
- мамандықта шығармашылық деңгейге жеткен кезең

Осылайша ғалым кәсіби құзыреттіліктің сипаттамасын шебер- мұғалімнің, жаңашыл-мұғалімнің, зерттеуші- мұғалімнің, кәсіби дәрежесіне көтерілген мұғалімдердің жиынтық бейнесі ретінде қарастырады.

Сонымен қатар болашақ өнер мамандарының «өзіндік жаңалығы» болуы қажет. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірибесін толық көшірмей, жаңа ортаға икемдеп, өзіндік іс-әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек. Қазіргі кәсіптік-педагогикалық қызмет қандай мұғалімді талап етеді. Болашақ өнер мамандары – студенттердің жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, ақпараттық оқыту өнерін терең меңгерген жан-жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді.

Ал, білім беруде **кәсіби құзырлы маман** иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, студенттің шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды таңдап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби болашақ өнер мамандарын айтамыз.

Жаңа технологияны меңгеруде болашақ өнер мамандарының жан – жақты, білімі қажет. Қазіргі болашақ өнер мамандарына қойылатын талаптар:

- 1) педагогикалық процесте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;
- 2) педагогикалық өзгерістерге тез төселетін;
- 3) жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
- 4) білімді, іскер, шебер болу керек – деп түйіндейміз

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан –жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы студент тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі студент – өздігінен білім іздейтін жеке тұрға екендігіне ерекше мән беруіміз керек [4, 35 б.].

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда білім ордасы – мектеп, ал мектептің жаны – мұғалімдердің басты міндеті - өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу.

Бәрімізге белгілі, біздің қоғам аса күрделі жағдайларды бастан кешірді. Өтпелі кезеңге тән өмірдің ауыртпалықтарын ешкім жоққа шығара алмайды. Бірақ адам қандай жағдайда да өзінің биік адамгершілік сипаттарын, кісілік қасиеттерін сақтап қалуға тиіс. Тәрбиенің осы жақтарын қазақ жастарының санасына кішкентайынан терең енгізу қажет. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында да мектеп студенттары бойында адамгершілік және тұрмыс негіздерін қалыптастыру, азаматтыққа тәрбиелеу және олардың ақыл – ойын айқындау басты міндет екендігі айтылған. Олай болса, қоғам болашағы- жас ұрпақтың бойына адамгершілік, ізгілік, мейірімділік, ақыл-ой, сана-сезім қалыптастыратын салауатты тәрбие беру мазмұнын жаңаша құру қажет. Осы орайда, «Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол – үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» деген, Жүсіпбек Аймауытовтың сөзін айта кету артық болмас.

Кәсіби білім беруде болашақ маман иелерінің іскерліктері мен дағдысын өз мамадығына дұрыс қалыптастыру үшін кадрлар даярлауда дәрістер жүргізудегі жаңа технологияларды қолданудың маңыздылығы оларды нарық жағдайы мен әлемдік өркениеттегі даму бағыттарымен, ел, аймақ, экономикасына тигізетін әсері, рөлі, туралы мәліметтерді терең меңгереді.

Жаңа технологиялық тәсілдерді меңгерген сайын, шебер студент қабілетіне лайық жаңа шеберлік көкжиегіне қарай бағыттап, ізденіске жетелейді. Жаңа ақпарат көздерін пайдалану студенттерге ғылым негіздерін өз бетінше жүйелі жинауға үйретеді. Ал сыни ойлауға үйрету, кез-келген бұйымды жетілдіру мүмкіндігі бар екенін ұғындыру, өз кәсіби білім кеңістігін, кәсіби шеберлік деңгейіне жеткізіп, өнертапқыштық жолында өз ізденісін түпкі нәтижеге дейін апару қасиеттерін қалыптастырады. Жеке тұлғаның саналық қасиеттері оның белгілі кәсіп саласы аймағындағы қызметінде айқындалып, ашылады. Жеке тұлға белгілі бір техникалық үйірмелерге қатысып, өз идеяларын жүзеге асыру үшін ұдайы ізденісте, өз білім қорын танымдық қабілетін ақпарат көздері арқылы және жаңа технологиялармен танысып, білімдерін үнемі толықтырып отырғанда ғана кәсіби шеберлік шыңына жете алады, және тұлғаның саналық қасиеттері оның белгілі кәсіп саласы аймағындағы қызметінде айқындалып, ашыла түседі.

Қазіргі техниканың дамып жатқан заманында өскелең ұрпаққа білім беру талаптары өзгерді. Болашақ өнер мамандары заман ағымына байланысты алдындағы отырған студентке саналы емес сапалы білім беруге көшті. Нәтежеге бағытталған білім беру жағдайында болашақ өнер мамандарының ақпараттық-коммуникациялық құзырылығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Оның ең басты себебі оқу үрдісінде студенттің бойында барлық керек ақпаратты қалыптастыру қиын, өткені егер осыдан 50-60 жыл бұрын мектепте ақпарат беруші жалғыз мұғалім болса, қазіргі таңда студент ақпаратты теледидардан, Интернеттен, ең құрғанда радиодан ақпаратты алады, студенттің сабаққа деген қызығушылығы төмендейді, бойына білім қалыптастыру ауырлай түседі. Көмекке ақпараттық-коммуникациялық технологиялар келеді, қазіргі заманның студентін кәсіби құзырлы маман ретінде тәрбиелеу үшін болашақ өнер мамандарының ақпараттық құзырлығын қалыптастыру ең өзекті мәселе болып отыр.

Болашақ өнер мамандар компьютерлік сауаттылықпен, кәсіби құзырлықты аражігін ажырата білуі керек. Компьютерлік сауаттылық дегеніміз мұғалімдердің ақпараттық технология құрылғылары бойынша жалпы түсінігі, дербес компьютер ішіндегі орналасқан Windows операциялық жүйенің стандартты қосымшаларымен Office-тік бағдарламаларымен жұмыс жасай алатындығы, онда өз деңгейлері қарастырылған. Көп мұғалімдер Word текістік редакторында мәтін жаза алса, PowerPoint бағдарламасында презентацияларды жасай алса, сол жасалған дүниесін педагогикалық процесте қолданылмаса, онда ол өзінің компьютерлік сауаттылық деңгейін көтерген болады да ақпараттық құзырлығы қалыптаспайды. Компьютерлік технологиялардың даму жағдайындағы ақпараттық сауаттылыққа К.А.Каймин «компьютермен өз бетінше жұмыс істей білу, компьютерлік техниканың көмегімен есептеу, жазу, сурет салу, ақпараттарды іздеу дағдылары мен біліктерінің болуы» деп анықтама береді.

Соңғы жылдарда білім беру жүйесіне енген «құзырылылық» немесе «құзіреттілік» ұғымы- жеке қасиеттері мен білім, білік, дағды, іс-тәжірибесі, түсінігінің бірлігін сипаттайды.

Қазіргі уақытта құзырылылықтың бірнеше түрі бар, соның бірі-ақпараттық – коммуникациялық құзырлылық М.В.Лебедев мен О.Н. Шилова болашақ өнер мамандарының ақпараттық-коммуникациялық құзырлылығын «оқу, тұрмыстық, кәсіби міндеттерді ақпараттық жән коммуникациялық технологиялардың көмегімен шеше білу қабілеттілігі» деп анықтайды

Құзырлылық бұл күнделікті өмірдің нақты жағдайларында пайда болатын проблемалар мен міндеттерді тиімді түрде шешуге мүмкіндік беретін қабілеттілік. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімділік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Білім беруді ақпараттандыру білім салаласының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты.

Аталған бағыттарды дамыту үшін құқықтық-нормативтік, материалдық-техникалық, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық жағынан қамтамасыздандыру болашақ өнер мамандарын даярлаудың негізгі бағыттарының біріне айналып отыр.

Білім беруді қайта құру болашақ өнер мамандарынан үлкен дайындықты талап етеді. Олай болса, олардың тұлғалық қасиеттері мен мамандық құзырлықтарына жоғарғы талап қойылады. Қазіргі уақытта мұғалім білім беру жүйесіндегі кез келген қайта құрулардағы педагогикалық процестің негізгі субъектісіне айналып отыр.

Қазіргі мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген мамандық шеберлігі қалыптасқан болашақ өнер маман қажет. Бір уақытта педагог, психолог және оқу-процесін ұйымдастырушы технолог бола білуі қажет. Сонымен қатар студенттің шектеусіз қабілетін дамыта алатындай білім берудің әлемдік кеңістігін құруға қабілетті білуі шарт.

Басқаша айтақанда, білім беруді ақпараттандыру процесі болашақ өнер мамандарының дайындық деңгейі мен мамандық сапасына үлкен талап қояды. Ол мұғалімнің өзін-өзі дамуына, өзіндік білім аулына және шығармашылық түрде өздігіне қызметтерін іске асыруға мүмкіндік береді. Сондықтан мұғалімдер үшін жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне еркін пайдалана білуіне, оқыту құралы ретінде пайдалану бағытары бойынша білімдерін көтеру және қайта даярлау курстарының мазмұнын өзгертіп, жасақтау қажеттілігі туындады. Педагог мамандардың біліктілігін көтеру және қайта даярлауда ақпараттық әлемде оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудан негізгі құралдарын, және әдістермен формаларды кез-келген уақытта таба білуіне мүмкіндік тұғызу. Мұндай жағдайда болашақ өнер мамандары өзін-өзі дамытуына және өздігінен білім алуына мүмкіндік алады.

Бұл жағдайда дамытудың өзектілігі - жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу- тәрбие процесіне жан-жақты, әрі еркін пайдалана білуге үйрету дайындау кезеңдерінің сапалығымен анықталады.

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Осы орайда келешек қоғамымыздың мүшелері – жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет деп санаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә.«Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 14 желтоқсан 2012.
2. Хузина С.А. Новые информационные технологии как фактор повышения квалификации начального профессионального образования: диссер.на соис.ученой степени кандидата пед.наук. – Екатеринбург,1997. С. 112.
3. Хмель Н.Д. Педагогикалық процесс – біртұтас оқу негізі //Хабаршы. Педагогика сериялар. – Алматы, 3 (18) 2003. – Б. 39-45.
4. Құдайбергенова К. Құзыреттілік тұғырының басты басымдылықтары //Жоғары мектеп. – Алматы, № 3(3) 2010. – Б. 30-36.

ӘОЖ 376 – 056.26:004

Қырықбаева С.М.¹, Абилова А.Д.²

өнертану кандидаты, қауым.профессор¹, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.²

СТУДЕНТДЕРДІҢ КӨРКЕМ ШЫҒАМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

«Жаңа технология» ұғымы Ресейде жиырмасыншы ғасырдың соңғы он жылдықтарында ақпараттың қалыптасу процесінде пайда болды. *Жаңа технологияның басты мақсаты* – адамның ақпараттық технологияға талдау беруі үшін ақпаратты жасауы және соның негізінде белгілі бір әрекетті жасауда шешім қабылдауы. Ақпараттық технологияны ақпараттың тараушылық түріне, оны өңдеудің құралына әдістеріне қарай екі түрге бөліп қарастырады: *дәстүрлі* (қағаздағы - адамның жұмысындағы құжаттарды пайдалануға негізделеді) және *жаңа* (компьютерлік) – есептегіш техниканың құралдарын кең көлемде пайдалануға негізделген.

Оқыту процесінде жаңа технологияны пайдалану:

- оқу-тәрбие процесінің барлық деңгейлерін белсендендіруді;
- болашақ мамандарды көпсалада дамытуды;
- қоғамды ақпараттандыру жағдайында болашақ еңбек мамандарын өмірге даярлауды;

- көлемді ақпарат процесіне негізделген әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруды қамтамасыздандырады.

«*Жаңа технология*» ұғымы компьютердің пайда болуымен және кең көлемде білім беру жүйесіне ендірілуімен байланысты. Компьютерді кәсіби тапсырмаларды шешу үшін пайдалана білу маман даярлығының міндетті компонентінің біріне айнала бастады. Сондықтан білім берудің алдына студенттерді жаңа технологияны көркем шығармашылықта пайдалану міндеті қойылып отыр.

«*Жаңа технология*» болса, жиырмасыншы ғасырдың соңында, ғылым мен техниканың ерекше дамып, ғылыми-техникалық революцияның негізі қаланған кезеңде кең өріс ала бастады. В.М.Глушковтың пайымдауынша, компьютерлік технология кешенді ғылым мен инженерлік, немесе арнайы пәндерден тұрады, шығармашылықты, жобалауды, ойлап табуды, баға берудің, жасап шығаруды, компьютерленген жүйені функционалдау (іске қосу), олардың әлеуметтік тәжірибедегі әсері мен қолдану аясының негізі болып табылады. ЮНЕСКО-ның құжаттарында «*компьютерлік технология*» терминіне үлкен мағына берілген: ақпарат жинау, талдау мен өңдеу, оған қоса ақпаратты өңдеу құралдары, микропроцессорларды басқа да электрондық жүйелермен үйлестіре білу.

Жаңа технологияны былайша топтастыруға болады: көркем компьютерлік технология; инженерлік-компьютерлік технология; иллюстративті-компьютерлік технология, іс-құжаттық компьютерлік технология, когнитивті-компьютерлік технология және т.б.

Солардың ішінде «*Жаңа технологияны көркем шығармашылықта қолдану*» дегенді – бағдарламалық әрі дербес компьютердің аппарат құралдарын кең көлемде көркем сурет өнерінің дәстүрлі түрлерінде пайдалану деп түсіну қажет. Жаңа технология түрлерінің атқаратын міндеттері әртүрлі.

Көркем-компьютерлік технология негізінен кескіндеме, сурет, сәндік-қолданбалы өнер, көркем және кітап графикасы, мүсін және т.б. графикалық пәндерге бағытталады. Әйтсе де, ол компьютерлік пәндерді толығымен ауыстыра алмайды. Өзіне тән «Adobe Photo Shop», «Adobe illustrator», «Corel Draw». «Fractal Design Painter», «3D Studio Max» және т.б. мүмкіндіктеріне қарай бағытталап жасалған арнайы бағдарламалармен шектеледі.

Иллюстративті-компьютерлік технология белгілі бір ақпаратты (текст, аудио жазбалар және т.б.) көруге бағытталады немесе оқуға көмекші құрал ретінде пайдаланылады. Компьютерлік технологияның бұл түрі арқылы білім алушы бағдарламаны үйренеді және мультимедиа технологиясының көмегімен кез-келген пәндегі ақпараттарды алып қарауға мүмкіндік алады. Иллюстративті компьютерлік технология, сондай-ақ ғылыми ізденістердің нәтижелері мен графикалық мазмұнда жиі қолданылады.

Іс-құжаттық компьютерлік технология офистік тапсырмаларды шешуде: графиктер мен диаграммалар құрастыру, кесте таблицаларды көркемдеу және т.б. құжаттарды өңдеуге графикалық көркемдеу, факстарды, фирмалық стиль жасау және т.б. қолданылады.

Когнитивті-компьютерлік технология болса, бағдарламалық қамсыздандыру мен бағдарламаның интерфейстерін жасауға, әсіресе, тестік шешімдерді қабылдайтын бағдарламаларға бағытталады [1].

Сонымен, жоғарыда айтылғанның бәрі жаңа технологияны күнделікті өмірде (киноиндустрия, компьютерлік моделдеу және дизайн, білім беру саласы, полиграфия, үш көлемдегі графика және анимация, сәулет, видео өндіріс, мультимедиа және т.б.) кең көлемде пайдалануға болатынын дәлелдейді.

Жаңа технологияның даму деңгейі, алдымен, түбегейлі жаңару мен жетілдіру тенденциясына апаратын ақпараттық және бағдарламалық құралдардың жағдайымен айқындалады. Ақпараттық-бағдарламалық сипаттама арқылы білім жүйесіндегі дидактикалық процесті дамыту бағытына септігін тигізіп отырады.

Жаңа технология құрамы үш бағытты қарастырады: жеке техниканы пайдалану арқылы ақпараттық жүйенің техникалық жағдайын қамтамасыз ету, ақпаратты бағдарламалық өңдеуден өткізу техникасы және негізгі ақпаратты белгіленген бағдарлама бойынша техникадан өндеп шығару.

Барлық өндірістік міндеттер, алдымен, *функционалдық жүйе* бөліктерімен біріктіріледі. Ал, функционалдық жүйе бөліктері басқарудағы міндеттермен және іс-әрекеттің түрлерімен белгіленеді. Жүйе бөліктері немесе міндеттері өндірістік, маркетингтік, қаржылық, есептік, кадрлық, шұғыл болып келеді. *Функционалдық міндеттерді атқаруда үш жүйе бөліктері қызмет атқарады*: бағдарламамен қамтамасыз ету, ақпаратпен және техникамен қамтамасыз ету.

Жаңа технологияны пайдалану, оқытудың мақсаты мен мазмұнын өзгертіп, оқытуды ұйымдастыруда жаңа әдістер мен формалардың төмендегідей мүмкіндіктерін байқатады:

- студенттердің-болашақ еңбек мамандарының жеке қабілеттерін ашуға және олардың жеке тұлғалық қасиеттерінің жетік дамуына;
- студенттердің танымдық қабілеттерінің қалыптасуына және шығармашылығының, өздігімен жетілуіне ұмтылуға;
- оқыту мен тәрбиелеу процесі мазмұнын, формалары мен тәсілдерін үнемі жаңартып отыруға септігін тигізеді [2].

Студент жастар жаңа технологияны толық меңгермей, оның күрделі де қызықты әдістері мен жолдарын зерделемей, алдында тұрған жаңа технологияға қатысты тапсырмаларды шешуі мүмкін емес.

Жоғары оқу орындарында мамандардың кәсіби даярлығын ұйымдастыруда компьютерлік технологияны пайдалану реттілікті болжайды: оқытудың құралдары, пәнді зерттеу, кәсіби тапсырмалардың шешімін іздестіру. Сонымен бірге білім алушыларға мынадай білім дағдыларын меңгертуді көздейді: педагогикалық аспаптық құралдардың тұжырымдамалық тұрғыда жасалуын; оқу-ақпараттық ортаның жас маман даярлығының өзінің кәсіби ортасына бейімделе білуін; жаңа технология арқылы студент жастардың көркем шығармашылық тапсырмаларды шешудегі даярлық деңгейін. Болашақ мамандардың компьютерлік технологияны пайдаланудан практикалық білім негіздерінен тәжірибе жинақтауын қажет етеді.

Жаңа технологияны меңгеру: олардың атқаратын міндеттерін; жұмыстың негізгі қағидаларын, қолдану саласын білуді; технологиялардың ұсынған негізгі функционалдық мүмкіндіктерін білуді; бағдарламалық құралдармен жұмыс жасау тәсілдерін жетік білуді, оларды шығармашылықпен практикада пайдалануды қарастырады.

Жіктеме шартты түрде төрт бағытты қарастырады: компьютерлік технологиялар, компьютерлік технологиялардың құралдары, кәсіби іс-әрекет түрлері, ғылыми-зерттеу жұмысы.

Бірқатар ғалымдардың еңбектерінде осы проблеманың кейбір бағыттары бойынша мынадай компоненттер қарастырылған:

- мазмұнды компоненттер – бұл бүгінгі білім беру мазмұнына компьютерлік технология негіздерін енгізуді, компьютерлік технология құралдары мен әдістерін барлық оқу пәндеріне пайдалануды болжайды (А.П.Ершов, В.С.Леднев, Е.И.Машбиц, И.В.Роберт, А.Я.Савельев және т.б.);
- іс-әрекеттік компонент - ақпараттық процесте өнер жүйесіндегі ақпараттық процестердің мәнінде және басқарудың жалпы теориясының негізінде оқыту процесінің ақпараттық моделін құруды көздейді;
- компьютерлерді математикалық статистика әдістерін жүзеге асыру үшін пайдаланады;
- оқытудағы формальды және технологиялық мақсаттарға, нәтижелерге және т.б. оқыту технологиясы компоненттеріне мазмұндық сипаттама беріледі (А.И.Берг, В.П.Беспалько, Н.Ф.Талызина, Б.С.Гершунский және т.б.).

Жоғарыда айтылғандар студент жастардың жаңа технологияны көркем шығармашылыққа пайдалануға даярлау проблемасының теориялық зерттеулерде әлі де болса, нақты шешімін таба қоймағанын, мамандар жаңа технологияны көркем шығармашылыққа пайдалануға даярлау процесінен бірегей тұжырымдаманың жоқтың қасы.

Әдетте, қайсыбір міндеттердің шешімі болмасын, зерттеуді *әдіснамалық тәсіл* ретінде, зерттеу объектісін қарастыратын көзқарас ретінде, зерттеудің жалпы стратегиясын басқарудың принципі ретінде, іс-әрекеттің жалпы мақсаты мен стратегиясын анықтайтын тәсілдердің жиынтығы ретінде қарастыратын стратегиялық таңдауды болжайды. Зерттеушілер мұндай тәсілді зерттеудің негізгі *әдіснамалық бағдары* ретінде анықтайды (В.А.Беликов, И.В.Блауберг, Т.А.Ильина, Э.Г.Юдин және т.б.).

Бүгінгітаңда студенттердің жаңа технологияны көркем шығармашылыққа пайдалануға даярлау нақты тәсілдер кешенінің көмегімен шешімін табады. Біз соларды негізге ала отырып, мынадай тәсілдерге аса мән береміз: жүйелілік, технологиялық, тұлғалық-бағдарлық және іс-әрекеттік. Бұл тәсілдер студенттердің – болашақ кәсіптік білім мамандарының жаңа технологияны көркем шығармашылық қабілетін қалыптастырудың жоғары тиімділігін қамтамасыздандырады. *Жүйелілік тәсілдің* негізгі міндеттері: объект мақсатының тапсырмаларын нақтылау, зерттеу объектісінің құралдарын жасау; жүйелі талдаудың әдіс-тәсілдерінің көмегімен қорытындыланған модельді құру болып табылады. *Технологиялық жүйеде* Т.А.Ильинаның, В.Д.Симоненконың, Н.В.Фоминнің қағидалары негізге алынады: педагогикалық технология жеке және дербес принциптерді, адамдардың және материалдық-техниканың мүмкіндіктерін оңтайлы жүзеге асыруды ескере отырып іс-әрекет тәсілдің негізінде құрылады; педагогикалық әрекеттер мақсатқа сәйкес құрылады; негізге алынатын педагогикалық технологияның элементі, *бір жағынан*, жаңадан өндірілуі керек, *екіншіден*, жоспарлаған білім алушылардың жетуіне кепілдік беруі керек; іс-әрекет нәтижесінің көрсеткіштері, диагностикалық жоспарлары, өлшемдері педагогикалық технологияның құрамдас бөлігі болып табылады. *Тұлғалық-бағдарлық тәсіл* болашақ өнер маманының тұлғалық көзқарасын, оның кәсіби білімі мен іскерлігін бірлікте, яғни тұлғаны білікті маман ретінде қарастырады. *Іс-әрекеттік тәсіл* білім беру стандартының жобасында көрініс алады және технологиялық білім беру тұжырымдамасын әдіснамалық тұрғыда бағдарлаушының бірі болып табылады. Іс-әрекеттік тәсілдің негізгі қағидасы – бұл білім беру процесіндегі және тұлғаны дамытудағы іс-әрекеттің жетекші рөлі.

Жаңа технологияны оқытуда пайдалану – уақыттың талабы. Бүгінгі күннің басты міндеті, компьютерлерді оқытуда жинақталған тәжірибелерге жан-жақты талдау бере отырып, компьютерлік оқытуды бағдарламалық және әдістемелік тұрғыда қамтамасыздандыру болып табылады.

ҚР-ның «Білім беру туралы» заңының басты міндетінің бірі – білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, бүкіләлемдік коммуникация желісіне шығу мәселелесі. Бұл *тұжырымдаманың* негізінде студентті қазіргі қоғам сұранысына қарай, өзінің күнделікті әрекетінде компьютер құралдарын қажетті деңгейде пайдалана алатындай, жан-жақты дамыған тұлға ретінде тәрбиелеуді; информатика мен коммуникациялық техника құралдарын пайдалану дағдысын қалыптастыруды, шығармашылық қабілетін іскерлігін дамытуды, компьютерлік даярлықты тұрақты түрде, үздіксіз оқудың барлық кезеңдерінде жүзеге асыруға бағыттаймыз. Ақпараттандырылған қоғамда өнер саласы мамандарының *үздіксіз компьютерлік даярлығының басты мақсаты* болып:

- студенттерді ақпараттық орта жағдайында компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерге пайдалануға даярлау;
- ақпараттық қоғам тұлғасының менталитетін қалыптастыру;
- ақпараттық қоғамда компьютерлік технологияның теориясы мен практикасын меңгерген тұлғаның өзін-өзі дамытудағы қабілетін қалыптастыру;
- әлеуметтің ақпараттануының тез өзгермелі жағдайында өз-өзінің үздіксіз білімін жетілдіруге қажеттілігі мен қабілетін қалыптастыру табылады[3].

Үздіксіз компьютерлік даярлықты біз, ақпараттық және компьютерлік технологияны кәсіби мақсатта меңгеру мен пайдалану және білім беру стандарттарының пәндер саласында компьютерлік технологияны пайдалану талаптарына сәйкес білім беру мен кәсіби іс-әрекетті ақпараттандыру міндеттерін шешу арқылы қоғамды ақпараттандыру мақсаттарын жүзеге асырудың көпсатылы процесі деп түсінеміз.

Әдетте, студенттерді компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлау процесі *күрделі ұйымдастырылатын объект болып* саналады. Мұндай объектіні зерттеудің аса ынғайлы әдісіне жүйелілік тәсілін жатқызуға болады. Іс-әрекеттің түріне қарай тұлғалық әлеуеттің құрылымы өзгереді. *Тұлғалық әлеует* адамның кәсіби даярлығының жиынтығы және іс-әрекет субъекті ретіндегі физиологиялық, психологиялық, әлеуеттік қасиеті деген түсінік береді.

Тұлғаның қалыптасуы, оның сапалық өзгерісі іс-әрекет барысында жүзеге асады. Тұлғаны іс-әрекеттің алғы шарты, нәтижесі деп қабылдауға болады. Студенттердің компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлығын қамтамасыздандыратын оқу-танымдық әрекеттерді жобалау психологиялық-педагогикалық міндеттің бірі болып табылады.

«Компьютерлік технологияны пайдалануға даярлық – тұлғаның компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдаланудағы тәжірибесін меңгеру деңгейін көрсететін және мотивациялық, интеллектуалдық-мазмұндық, эмоционалды-еріктік, эксперттік-аналитикалық компоненттерін біріктіретін тұлғаның қозғалысты дамудағы сапасы. Мотивациялық компонент кәсіби іс-әрекеттерде компьютерлік технологияны пайдалануға мотивтік, қызығушылықтың, қажеттіліктің, құндылықтардың болуын болжайды. *Интеллектуалдық-мазмұндық компонент* компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалану ерекшеліктері мен пайдалану іскерліктерін меңгеруі туралы білімінің болуын көздейді. *Эмоционалды еріктік компонент* компьютерлік технологияны іс-әрекеттерде пайдалану қажеттігін олардың біліктілігін арттырудың шарты ретінде түсінуді.

Шығармашылық-іс-әрекеттік компонент компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерде шығармашылықты үйлесімділікте пайдалану іскерлігі мен дағдының болуын қарастырады. *Эксперттік-аналитикалық компонент* компьютерлік технологияны пайдаланудағы өзінің іс-әрекетіне оң баға бере білу қабілетінің болуына назар аударады [4].

Біз сонымен бірге студенттердің компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлығын қалыптастыру мақсатында *оқу мазмұнына* аса мән береміз. Оқу мазмұнының негізін жалпығылыми және кәсіптік білім, іскерлік, дағды жүйесі құрайды. Бұл ҚР-ның Жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көрініс алады. Мамандардың пайымдауынша, қабылданған стандарттар мен пәндер жүйесі, *бір жағынан*, білім беруде күні бүгінге дейін, жаратылыс ғылымы мен техникалық сала мамандарының даярлығында көрініс алып келе жатқан технократтық тенденцияларды жоюға мүмкіндік берсе, *екіншіден – тұлғаның ұжымнан оқшауланбай, бірге қалыптасуына, оның өзін-өзі көрсету үшін жағдайлар жасауға септігін тигізеді.* Олар білім алушыларға білім алу бағдарламасын, әлем көрінісін, бүгінгі қоғамның деңгейінен шығатындай білімді меңгеруін, қазіргі мәдениеттің кәсіби, әлеуметтік-гуманитарлық және техникалық компоненттерін меңгеруін қалыптастыруды қамтамасыздандырады, кәсіби біліктілігі жоғары, қоғамның бүгінгі өміріндегі күрделі проблемаларының шешімін таба білетін мамандарды даярлауды көздейді.

Бұл студенттердің компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлау процесі, кәсіби даярлық мазмұнының бір компоненті болып табылады. Яғни, оларды оңтайлы басқарған жағдайда ғана, басқалар сияқты тиімді жүзеге асатын болады. Бұл студенттер үшін компьютерлік технологияны өздерінің іс-әрекетінде пайдалану даярлығын, тұлғаны қалыптастыруды қажет ететін жаңа сапа болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Грузенберг С.О. Гений и творчество: Основы теории и психологии творчества.- М.:Красанд, 2010.-264с
2. Кадирбаева Р.І. Болашақ мұғалімдерді оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға кәсіби даярлаудың ғылыми педагогикалық негіздері. Пед.ғыл.док.дисс. Алматы.2010.
3. Исабек Н.Е. Студенттердің компьютерлік графиканы кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлау. Пед.ғыл.кан.дисс.Алматы.-2005.

4. Исабек Н.Е. Студентерді компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттрде пайдалануға даярлаудың теориялық және практикалық негіздері. Пед.ғыл.док.дисс.Алматы.-2010.

УДК: 372.8

Отешова А.К., Әйімбетов Б.С., Отекова Н.А.
Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, Ақтөбе қаласы

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақтың кең - байтақ өлкесінде білім ісінің пайда болып, даму тарихы да өзінің ішкі бастауларын сонау ерте замандардан алады. Қазақстан жерінде, әсіресе, оның отырықшы аудандарында орта ғасырлық ерте дәуірінде-ақ (ҮІІ-ҮІІІ ғ.ғ.) көптеген мектептер (мұсылманша бастауыш оқу орны) мен медреселер, діни білім беретін ортадан жоғары оқу орындарында жұмыс істей бастағаны тарихтан белгілі. Ертедегі Испиджаб, Тараз, Сайрам, Түркістан, Отырар, тағы басқада қалаларында көптеген медреселер болған, олардың жалпы саны 84-ке жеткен. Ауылдық жерлерде мектепте молдалар (татар, башқұрт, т.б.) ұстаздық еткен. Оқыту ақысы халықтан жиналған. Балалар қыс, күз айларында оқыған. Оқу мерзімі 4 жыл, оқуға 7 жастан бастап қабылдаған, жыл аяғында емтихан тапсыру мектеп бітіргені үшін балаға ресми куәлік тапсыру тәртібі сақталмаған. Медреселер мұсылмандық рәсімдерін таратушы оқу орны болып қана қоймай, ірі мәдениет орталығы ретінде де қызмет атқарған. Бұл оқу орындарында заңтану, тарих, логика, философия, математика, астрономия, медицина, т.б. пәндер енгізілген.

1922-23 оқу жылдары Академиялық орталық ұлт мектептері төл оқулықпен, бағдарламамен қамтамасыз етуде біраз шараларды іске асырды, төл тілімізде 14 оқулық шығарылды. Олардың ішінде "Физика", "Грамматика", "Алгебра", тағыда басқа бар. Бұл оқулықтарды жазуға қазақ зиялыларының алдыңғы қатарлы топ өкілдері: А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, С.Асфендияров, Т.Жомартбаев, Қ.Сәтбаев, Ә.Ермеков, Т.Жолдыбаев, т.б. қатысты.

Республикада жоғары білімді кадр даярлауда Алматы қаласында тұңғыш ашылған Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институты үлкен рөл атқарды. 1929 жылы араб алфавитінен латын графикасына көшті. 1940 жылы латын алфавитінен орыс жазуына көшу ісі өркениет жолындағы тағы бір үлкен соққы болды. Оқу-ағарту саласындағы осындай үлкен бұрмалаулар ұлт мәдениетінің дамуына кері әсерін тигізді. Неміс-фашист басқыншылары шабуылына байланысты көпшілік ер мұғалімдер майданға, Отанды жаудан қорғауға аттанды, оқушылар болса колхоз, совхоз шаруашылығына көмектесіп, майдан қажетін өтеуге ат салысты. 1945-60 жылдары мектептер мен онда оқитындар саны күрт өсе бастады. 1950-60-шы жылдары тың игеруге байланысты мектептердің саны күрт өскенімен, қазақ мектептері көбірек жабылып, оның орнына орыс-қазақ және орыс мектептері көбірек ашылды. 1980-90 жылдары елімізде жаппай халыққа орта білім беру саласында біраз жұмыс жүргізілді. Соның бірі-мектепке 6 жастан бастап қабылдау. Еліміз егемендік алғаннан кейін білім негіздерін демократиялық, интеграциялық принциптерге орайлас әр баланың жеке-дара ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, оқытып, тәрбиелеу талап етілді. Осы жайттар ұлт мектептерінің жаңа бағдарламаларынан елеулі орын алды. Арнаулы білім салаларына икемі бар балаларға арналған лицей, гимназия, колледж, медреселер сияқты мектептің жаңа түрлері ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы Заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді. Осы Заң және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес мемлекеттік саясат принциптері айқындалады [1].

Кәсіптік мектепте оқу мерзімі - 2-3 жыл, кәсіптік лицейде - 3 жыл, ерекше күрделі кәсіптер бойынша, сондай-ақ бірегей жабдықтарға қызмет көрсетуге байланысты жұмыстар

үшін - 4 жылға дейін болады. Кәсіптік бастауыш білім, кәсіптік мектептер мен кәсіптік лицейлерде негізгі жалпы білім беру базасында алынып, жалпы орта білім алумен ұштастырылады және ол еңбек қызметінің түрлі бағыттары бойынша білікті еңбек қызметкерлерін даярлауға бағытталған. Кәсіптік орта білім колледждерде, училищелерде негізгі, жалпы білім беру базасында конкурстық негізде алынып, жалпы орта білім алумен ұштастырылады және ол кәсіптік орта білім алып шығатын мамандар даярлауға бағытталған. Колледжде, училищеде оқу мерзімі - 3-4 жыл. Ұқсас мамандықтар бойынша жалпы орта және кәсіптік бастауыш білімі бар азаматтардың қысқартылған, жеделдетілген бағдарламалар бойынша кәсіптік орта білім алуына болады. Кәсіптік орта білім колледждерде, негізгі жалпы орта білім алумен ұштастырылады және ол кәсіптік орта білім алып шығатын мамандар даярлауға бағытталған. Жалпы және кәсіби орта мектептерді бітірген жастар университеттерде, институттарда, академияларда және соларға теңестірілген оқу орындарында білім алады. Жұмысшылар мен мамандардық басшы қызметкерлердің біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау арнаулы білім асыру мекемелерінде, кәсіпорындарында, ғылым мен оқу орталықтарында ұйымдастырылады. Қосымша білім беру үшін дене шынықтыру-сауықтыру, техникалық, мәдениеттану, тіл және басқа бағыттағы мекемелер жүйесі құрылады. Оларды Білім министрлігі және жергілікті өкімет басқару органдары бекітеді. Сонымен, білім мен тәрбие беру - бұл республика азаматтарының құзыретін және адамгершілік, ақыл-ой, мәдени дамуының жоғары деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған үздіксіз педагогикалық процесс. Қазақстан Республикасында жастарға білім беру процесі халқымыздық ұлттық дәстүр салтына, мәдениетіне, экономикасына және саяси өміріне негізделіп іске асырылады. Республикада "Білім туралы" Заңды жүзеге асырудың маңызды жолының бірі - болашақ мұғалімдерді мектепте халықтық педагогика негізінде жүргізілетін тәлім - тәрбие ісіне даярлау. Бұл бағыттағы басты мақсат - оқушыларды адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу болып табылады [2].

Қазіргі Қазақстан қоғамында әлеуметтік-лингвистикалық жүйені реттеу мен жетілдіру жүріп жатыр. Адам өз бейімділігіне лайықты жұмыс істегенде, барын сала кіріскенде ғана еңбегінің жемісін көреді. Ғалым Қ.Жарықбаевтың айтуынша: “Адам үшін іс-әрекетінің қашан да қоғамдық әлеуметтік мәні зор. Іс-әрекеттің саналылығы мен мақсаттылығы, жоспарлылығы мен жүйелілігі оның ең басты белгілері болса, алда тұрған міндетті шешу, яғни ойлаған істен белгілі бір нәтиже шығару – оның екінші бір басты белгісі болып табылады”. Сондықтан ересектердің мемлекеттік қазақ тілін үйренуге бейімділіктері мен белсенділіктерін айқындау мәселесінің зор әлеуметтік мәні бар. Өйткені қоғамымыздың болашақ даму деңгейі осы мәселенің қай дәрежеде шешілуіне тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер және жүріп жатқан күрделі жаңғыру үдерісі жағдайында бүгінгі таңдағы түбегейлі мәселе – адамды іс жүзінде қоғамдық дамудың басты тұлғасы ету заңды құбылыс. Ересек тіл үйренушінің әлеуметтену үдерісі де заман талабына сай болып отыр. Д.В.Ольшанский: “Тұлға дегеніміз – қарым-қатынастың, сонымен бірге адамдармен байланысудың толып жатқан басқа да түрлерінің нәтижесі”, - деген пікір білдірген. Б.Г.Ананьев тұлғаның дамуының әлеуметтік мәселелеріне тоқтала келіп: “Тұлға – тарихи дамудың белгілі бір кезеңінде, белгілі бір қоғамдық-экономикалық формацияда, белгілі бір ұлттық құрамы бар елде қоғамның жеке адамға көптеген экономикалық, саяси, құқықтық, адамгершілік және т.б. әсерлерінің нысанасы”, - деген анықтама береді. Демек, ХХІ ғасырдың бастапқы кезеңін басынан кешіріп отырған 120 ұлттан құралған тәуелсіз Қазақстан қоғамы да тіл үйренуші мемлекеттік қызметшілерге жан-жақты әсер етеді. Қазақ тілін мемлекеттік қызметшілерге жеделдете оқыту үдерісіне тіл үйренушінің тұлғалық дербестігіне баса көңіл бөлу, оқыту мен тәрбиелеуде оның өзіндік дамуын жеке тұлғаға бағдарланған тәсіл арқылы жүзеге асыру тән. Осыған байланысты қазіргі білім мен біліктілікті арттырудың дамуында жаңа тенденциялар байқалады. Негізгі күш тіл үйренушінің тілдік тұлғасын дамытуға, оның қалыптасуы мен жетілуіне жұмсалады.

Қазақ тілін жеделдете оқытудың мақсаты - тілдік тұлғаның өзін дамытуы мен өзін жетілдіруіне мүмкіндік жасау. Оқытудағы бағдар материалдың құрылымы мен нақты жағдайларды логикалық тұрғыдан түсініп, талдау және өнімді қатысымдық әрекет нәтижесінде жаңа білім алудың тәсілдерін ашу, қоғам алдындағы нақты мәселелерді шеше білуге бағытталады. Қазіргі уақытта біліктілікті арттыру жүйесінде мемлекеттік тілді оқытуда жеке тұлғаның өмірі, құқығы мен бостандығы жоғары құндылық болып саналатын Қазақстан Республикасының Конституциясы басшылыққа алынады, білім беруді ізгілендіру мен демократияландыру ұстанымдары анықтайды. Ол «білгір адам» парадигмасын ауыстыратын «білікті тұлға», «қатысымдық тұлға», «құзыретті тұлға» парадигмасы болып табылады.

Әлемдік практикада өткен ғасырдың 40-жылдарында қолданысқа ене бастаған «үздіксіз білім беру» термині ересек адамдарға білім беру жүйесі ретінде қарастырылады. Дәстүрлі өмірлік білім беру идеясының орнына өмір бойы білім алу идеясын басшылыққа алудың дұрыстығы заман талабынан туындап отыр. Жеделдете оқыту жүйесі педагогикалық жүйелердің бөлігі бола отырып, адамның белгілі бір деңгейдегі еркіндік дәрежесін жүзеге асырады, яғни оны сол мезетте қажет болатын белгілі бір іс-әрекетке бағыттайды. Өз кезегінде жеке тұлға өз қатысымдық құзыреттілігін дамытуға ұмтыла отырып, тілдік тұлға деңгейіне көтеріледі. Өз бетімен білімін жетілдіру жеке тұлғаның барлық ішкі жүйелерін біртұтастыққа жұмылдыруға мәжбүр етіп, оған жаңа қырынан танылуға, құндылықтары мен қызығушылықтарын жаңадан бағыттауға және өзін жетілдіріп, қайта құрылуға мүмкіндік береді. Адамзат дамуының тарихи және әлеуметтік тәжірибесі дүниетаным, шығармашылық, терең білімділіктің негізі – тіл екендігін көрсетті. Тіл жеке тұлғаның даму ұстанымдарын, сенімін жүзеге асырады, дүниеге деген қайталанбас көзқарасын білдіреді, болып жатқан жағдайға әсерлену қабілеттілігін көрсетеді.

Мемлекетіміз жүргізіп отырған тіл саясаты бойынша қоғамымыздағы әрбір азаматтың мемлекеттік қазақ тілін тегін үйренуіне толық құқығы бар. Бүгінгі тіл үйренуге мұқтаж ересек қауым мемлекеттік тілді меңгеру арқылы өздерінің экономикалық жағдайларын жақсарту мүмкіндіктерінің кеңейетініне толық көзі жетіп отыр. Сонымен қатар, өздері мекендеп отырған елдің, отандас болып отырған ұлттың тілін меңгеру арқылы қазақ топырағының, қазақ ұлтының алдында адамгершілік борыштарын ақтап шығатындарын сезінуде. Ерназарова бұған қатысты: “Оқытудың мазмұны тілді үйренушінің мақсатынан туындайды. Ал мақсат экстралингвистикалық факторлардың ықпалымен қалыптасатын қоғам мүшесінің қажеттілігінен туындайды. Қажеттілік мазмұны тілді үйренушінің қарым-қатынас жасайтын ортасының әлеуметтік сипатына тәуелді болып келеді”, - деп жазады. Ал білім беру мазмұнында тілді оқытудың маңызы ерекше, адам тіл арқылы қоршаған ортаны таниды, басқалармен тілдік қарым-қатынасқа түседі, логикалық ойлау қабілеті дамиды, ақпараттар қабылдайды, өз ойын ауызша да жазбаша да жатық жеткізе алу мүмкіндігіне ие болады.

XXI ғасырда әлемдік өркениет төрінен орын алуы үшін, Қазақстанның жан-жақты дамуының бірден-бір жолы ғылымды әр қырынан меңгеру қажет болып отырғаны белгілі. Елбасымыз Қазақстан халқына «Бәсекеге қабілетті халық үшін», «бәсекеге қабілетті экономика үшін» - деген жолдауында: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдың бірі» - деген. Қазіргі заман талабына сай, Елбасының халыққа Жолдауы білім беру ісінде де жыл сайын өзгерістер енгізіп отыр. «Жаңа технологиялық құзірет» бағдарлай білу өз бетінше білім беруде стратегиялық міндеттерін табысты шешуге мүмкіндік береді: таңдай білу, талдай білу, өзгерте білу, сақтай білу, жеткізе білу, жүзеге асыра білу», -деп атап көрсеткен. Осыны жүзеге асыруда жаңа формацияның педагогы қажет. Ыбырай Алтынсарин сөзімен айтқанда мектептің жұмыскер жүрегі – ұстаз. Яғни, негізгі білім қазығы –бастауыш сынып мұғалімдерінен үлкен үміт күтері сөзсіз. Осы міндеттерді жүзеге асыруда әр сыныптың ерекшелігі білім деңгейіне сай болуы қажет.

Оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруда әр сабақ мазмұнына сәйкес суреттер салу, диафильмдер жасау, ребус, сөзжұмбақ құрастыруды дағдыға айналдырып отыру. Есте сақтау қабілеттерін арттыруда берілген мәтіндерді, өлең-шумақтарды, аңыз-әңгімелерді оқушы есінде көбірек сақтап қалу мақсатында түрлі кестелер толтырылды. Бұл ретте басты ұстаным - бастауыш сынып оқушыларына сабақты жоғарғы қызығушылықпен өткізу екендігін баса айту қажет. Әр тақырыпты өткенде, таңдау кезінде алдымен ой қозғалады. Сабақтың кейбір кезеңдерінде оқушылардың сабаққа белсенділігін арттыруда өз ойын жазбаша жазуын, логикалық ойлауын үнемі қарастырылады. Оқушылардың сөйлеу мәдениетін, өзін-өзі ұстауын, өз ойын еркін жеткізуі, оқушы бойында инабаттылық тәрбиесінің қалыптасуына үнемі көңіл бөлініп отырады.

Болашақтың бәсекесіне қабілетті ХХІ ғасыр шәкіртін тәрбиелеу білім беру саласының еш назарынан тыс қалған емес. Соған сай ұстаз - ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, тынымсыз еңбеккер, ортаның ұйтқысы, жан-жақты шебер, терең қазыналы білімпаз, гуманист, белсенді патриот болғанда ғана қоғамның мықты да білікті, жоғарғы мәдениетті, жан-жақты дамыған, шығармашылығы жоғары жеке тұлғаны қалыптастырып, тәрбиелейтінімізге нық сенімдімін. Әр ұстаз – ХХІ ғасыр мұғаліміне сай болу үшін – ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, жан-жақты шебер, тынымсыз еңбеккер, терең қазыналы білімпаз, кез-келген ортаның ұйытқысы болу керек.

Сондықтан баланы жеке тұлға ретінде өздігінен дамуға итермелеуіміз керек. Себебі жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білім алу арқылы өз бетінше дамуын қойып отыр. Бұл мақсатқа жетуде өз бетінше жұмыстардың алар орны ерекше.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Білім туралы. Об образовании: Қазақстан Республикасының Заңы – Алматы: Литера, 2000.
2. Г.Қ.Нұрғалиева, С.Мусин. Салыстырмалы педагогика – Алматы: Ғылым, 1999.
3. К.Құдайбергенова. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. 2008.

ӘӨЖ: 159.9.018

Сатиева Ш.С., Нұрмұхамет А.Т.

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

«САНДЫРАҚ ГЕНЕРАТОРЫ» (DELIRIUM GENERATOR) ТЕХНИКАСЫ НЕМЕСЕ «МАҒЫНАСЫЗ КӨП СӨЙЛЕУ» ҚАБІЛЕТІ

Қазіргі заманғы Қазақстанның жастары – ХХІ ғасырда еліміздің болашағын айқындайтын жаңа ұрпақ. Мемлекет Басшысы кезекті Жолдауында жастарға ерекше назар аударып, «... Жастар – болашағымыздың тірегі. Мемлекет жаңа буынның алдында барлық есіктер мен жолдарды ашты [1]. Мемлекеттік жастар саясатының бір бөлігі креативті ырғақты жастарымыздың күш-жігерін ояту. Соның бір формасы ретінде біз өзіміздің жастармен жұмыс жүргізуде нейролингвистикалық бағдарламаны пайдаланудамыз. Нейролингвистикалық бағдарламаның, «Сандырақ генераторы» (delirium generator) техникасы немесе «мағынасыз көп сөйлеу» қабілетін пайдалану арқылы жастарда креативті ой қалыптастыру қарым – қатынаста қажетті техниканың бірі бола бастады.

Сандырақ — шындыққа сәйкес келмейтін, түзетуге болмайтын ойлар немесе шындыққа сәйкес келмейтін қате пікір [2]. Осы техниканың атауы сәл ерекше болып келеді, бұл «мағынасыз көп сөйлеуді» білдіреді. Немесе сандырақ тудыра алу қабілеті деп айтуға да болады. Бұл техника кімге және не үшін керек, десек, бұл техниканы пайдалану барысында креативті ассоциативті ойлау, аяқ асты шешім табу мен тығырықтан жаңа идея мен жол таба алу қабілетін дамытуға болады. Бұл техника нейролингвистикалық бағдарламалауды (НЛБ)

дамытуға, кез келген мәселе бойынша кез келген адаммен қарым-қатынас дағдыларын дамытуға арналған. НЛБ техникасының басты ерекшелігі мына преамбула болып табылады: кез – келген әңгіме, заттардың бір– бірімен байланысы бар ма, жоқ па, ол туралы ойланбастан, мылжындап сөйлей беру барысында жаңадан ой тудыру. Бұл НЛБ – дың Мега-Техникасы – сандырақ генераторы деп аталады. Ережеге сәйкес, бұл техника «НЛБ-Тәжірибе» курсының 2-ші сегментінде «Сөйлеу үлгісі» сөйлеу әдістерін үйренген кезде орындалады. «Мағынасыз көп сөйлеу» қабілеті – бұл тұлғааралық тартымдылықтың негізі болып табылады. Көпшілділік, бұл өз-өзімен, адамның табиғи қабілеті және қарым-қатынас жасау мүмкіндігі болып табылады. Бұл табыс дағдысын кәсіби тұрғыда да, жеке қатынастарда да анықтайды. Кейбір адамдарда бұл қабілет жүйелі даярлауға байланысты жақсы дамыған, кейінірек олар осы қабілетті қолдайтын психологиялық ортаны қалыптастырады. Ал бұл дағдыны даярламайтын басқа адамдарда, басқа психологиялық «қорғау» дамыған, ол – сәтті қарым-қатынас жасау қабілеті болмағанға сену. Жеке тұлғаның табысты, көпшіл болып қалыптасуының алғышарттары неден тұратынын білесіздер ме? Кез келген адаммен кез келген тақырыпта әңгімелесу негізі, өз алдына дамыған, ұқсастыққа байланысты, қарым – қатынас механизміне көшу болып табылады. Яғни сөз тіркесін, әңгімені ассоциативті құрастыра алу. Сонымен, оқып жүргенін шың мәнінде пайдалы және қажетті ақпарат екеніне кәміл сенімді болу үшін, алған ақпаратынды әрқашан тәжірибе жүзінде тексеру керек. Төменде берілген жаттығулар жүйелі сөйлеу механизмін дайындайды. Сандырақ генераторын оқу кезіндегі ең маңыздысы – бұл жүйелі жаттығуларды міндетті түрде орындау. Американдық психологтар есептеуінше вербалды қарым қатынаста сөздік ақпарат 1/6 құрайды, ал денелік тіл (интонация, қарқын, екпін, тыныс алу) сөздік емес 5/6 яғни 55% (қимыл, ым – ишара, 38% - дауыс (қарқыны, тембрі, ырғағы), ал 7% өз сөзі вербалды бөлімге 5-20 % ақпарат береді, ал қалғандары вербалды емес бөлімге жатады.

Осыған орай, қотыр торғайдың лингвистикалық тұзағын құрдық. №1 жаттығу: Лингвистикалық пирамидалар. Алдымен пирамиданың басты көлемі қаланады. Ол басқа деңгейге қызмет көрсетеді. Адам өз өмірінің құндылықтарын белгілейді, ол біреуге материалды жетілу және ертеңгі күнге деген сенімділік болса, келесіге –жақсы отбасы, сүйікті жар мен бақытты балалары. –атақ және әлеуметтік бедел, билік, таным. Бұл тізімді жалғастыра берсек болады, себебі адамдағы құндылықтар сан түрлі. Өмірлік құндылықтарды белгілеу кезеңі, пирамиданы құрастыруда басты назар мен маңызды болып табылады. Осы кезеңде қателік жіберілсе, онда адамның өмірлік қағидалары да өзгеріске түседі[3].

Мысалы, қотыр торғай (Казак ертегісі). Бір қотыр торғай шеңгелге қонып отырса, қотырының қатпарланған аузын шеңгелдің тікенегі сыдырып кетіпті. Торғай ашуланып: – Қап бәлем, сені ешкіге айтпасам! — деп, ешкіге келіп: – Ешкі, ешкі, ана шеңгелдің сылдырмағын неге жемейсің?



Қотыр торғай өміріндегі лингвистикалық пирамида

Бұл жаттығу ұқсас объектілерді, заттарды, адамдарды іздеу үшін миыңызды жаттықтырады. Сіздің ойлау қабілетіңіздің ерекшелігін тезірек дамытуға мүмкіндік береді. Жаттығудың мақсаты: жалпылау дағдысын дамыту (фреймды үлкейту), бір рет жалпылау (фреймды кішірейту) және ұқсастыққа көшу. Фрейм (Frame) — санада концепт түзеуші оқиға бірліктерінің бірінен кейін бірінің жүйелі, тәртіпке сай өтілуін қадағалайтын ақпараттар жинағы, концептілік жүйенің құрылымдық элементтерін танытатын қарапайым нобай [4]. Жаттығуды бастамас бұрын, мынаны түсініп алу керек, сөздерді (біздің әңгімемізді құрайтын) олардың мағыналарына байланысты әртүрлі топтарға бөлуге болады (лингвистикалық пирамидаларға). Мысалы, қотыр торғай – ол ертегідегі кейіпкер немесе торғай (кімге қалай көбірек ұнайды) болады. Егер бұл ұғымды жалпылайтын болсақ, фреймды үлкейту, онда ертегі кейіпкері, ал егер одан да үлкен фреймды қолдансақ ол мультипликация болады. Немесе құс - сүтқоректілер тобынан болады. Ертегі мазмұнын талдасақ, Ешкі: – Оны жемек түгіл, өзім лақтай алмай жатырмын. Торғай: – Қап бәлем қасқырға айтпасам! – Қасқыр, қасқыр, ана ешкіні неге жемейсің? Қасқыр: – Оны жемек түгіл, өзім байдың жабағысын жеп, тауыса алмай жатырмын. Торғай: – Қап бәлем, сені жылқышыға айтпасам! – Жылқышы, жылқышы, ана қасқырды неге ұрып алмайсың? т.с.с. Егер бұл ұғымды жекелендірсек, фреймды кішірейтсек, онда ертегі кейіпкері жайлы мынаны айтуға болады: ертегіде бейнеленген торғай, ол шеңгелді жақсы көреді, ол ертегіде бәріне не себепті ашуланғанын айтады: «қатпарланған қотыры барын айтады». Оның көлемі кішкентай. Ол ұшқанды жақсы көреді, т.с.с. Егер ол торғай болса, онда оның түрлері көп: дала торғайы, үй торғайы, үнді торғайы, шөл торғайы т.с.с. Қотыр торғай үлкейтілгенде, жалпыландырылған фреймда – ол құс. Онда осы санатқа мыналарды да жатқызуға болады: бүркіт, қарлығаш немесе сұңқар. Зерттеуші В.А.Маслова «... елестету, схема, картина, фрейм, сценарий (скрипт), гештальт» сияқты бірліктерді адам танымындағы ақпараттарды сыртқа шығаруда қолданылатын тілдік құрал деп есептеген [5]. Қотыр торғай өміріндегі кешенді эквиваленттілік техникасын қарастырсақ, бұл жаттығу әртүрлі заттардың немесе заттың эмоциямен байланысы үшін ұқсастығын тудыру арқылы миыңызды жаттықтырады, сөздік қорды жинақтауға мүмкіндік береді. Жаттығудың мақсаты: әртүрлі заттар немесе эмоциялар үшін ұқсастықтарды құрап үйрену. Тапсырманы бастамас бұрын, әр адамда ойлап табатын бірегей қабілеті бар екенін түсініп алу керек. Осыған орай екеуінің (және одан көп), алғашқыға қарағанда, заттармен және оқиғалармен мүлде байланысы жоқ ұқсастық тізбегін құрай алады. Қызғылт сары көңіл – күй қотыр торғайға көңілді өмір сүруге көмектеседі. Бұл

жаттығу әңгімеге барлық мүмкін заттарды, түсініктерді, эмоцияларды қосқанда, ассоциативтік қатар ойлап тауып, сіздің миыңыздыңзаттарға «баламалы» қарау арқылы дамуына мүмкіндік береді. Қызғылт түс. Бұл түс жайлы, көңілді, бақытты өмірді бейнелейді. «Қызғылт» өмір- бұл бақыт, тепе- теңдікті білдіреді. Сары түс – жеңілдік пен қуанышты, сабырсыздықты, нұр сәулені білдіреді. Қуаныштың, күн шапағатының нышаны. Сары түс адамды болашаққа бағыттайды, жаңалыққа талпындырады, заманауилыққа, дамушылыққа құштар етеді. Бұл түсті таңдаған кез келген адам қиындықты тезірек жеңуге құлшынып, тезірек босап шығудың амалын іздеп тұрады. Өзгерісті жиі қалап тұрады, сары түске құмар адамға тұрақсыздық тән. Тілдесу дағдысының және жосықсыз тақырыптарға арналған сандырақ генератор әңгімелерін дамыту. Қотыр торғай үнемі өз «Сандырақ генераторын», жолына түскеннің барлығын, әңгімеге қосу арқылы айта отырып (оның жағдайында – ренішін айтып) жаттығады. Осылайша, «Сандырақ генераторы» техникасы барысында, серіктесіңіз, тақырыпқа мүлде сай келмейтіндей, сөз немесе сөз тіркесін айтады. Серіктесіңіз айтқан сөзді немесе сөз тіркесін естігеннен кейін, бірінші қатысушы оны өз әңгімесіне қосып жіберуі керек. Одан кейін оның әңгімесінде «логикалық ойлау» арқылы айтқан затты немесе тіркесті тапқаннан кейін, серіктесіңіз келесі сөзді айтады. Тапсырманы біткеннен кейін, ұқсастық арқылы жаттығуды орындап, басқа тапсырмаға көшеміз. Жаттығуды орындау үшін 5-10 минут керек. Сол үшін кездейсоқ сөздер әңгімеге логикалық тұрғыда қосылуы маңызды. Өзін – өзі жетілдірудің немесе дамытудың шегі жоқ.

Тұлғаның өзіндік сана-сезімі өзін іс-әрекеттің субъектісі ретінде сезінетін психологиялық үрдістер жиынтығы. Өзіндік сана-сезім адамның шынайы бітімін көрсетеді. Жастардың өзін шынайы және дұрыс, қалыпты бағалауға үйренгені маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы
2. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. — Алматы: "Сөздік-Словарь", 2006. - 384 бет. ISBN 9965-409-98-6
3. Қотыр торғай Ақтөбе 2009ж.
4. Википедия сайты. www.wikipedia.org (дата обращения 10.11.16)
5. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика.-М., 2003.

УӘЖ 371.01

С22

Сарина Н.У., Жумабаева Б.Н.

№47 жалпы орта білім беретін мектебі, Семей қ.

12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ОҚЫТУ ПӘНДЕРІНЕН ОҚУШЫ БОЙЫНА АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МҮМКІНДІКТЕР

Білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгеймен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай – ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім , таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады. Орыс педагогі К.Д. Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін

жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол - өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты, өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан, шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі- рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғалық, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құзыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға. Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындай отыр. Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс-әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді. Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр. Француз қайраткері «Адамға оқып – үйрену-өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні- пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу, оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашыл-дығына жағдай туғызу, субъективтік позицияны қалыптастыру. Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып, тек «кәсіби икемділігін

оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады. Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқытындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен, жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты.

Бүгінгі таңда Қазақстан бүкіл әлемдік білім кеңестігіне енуде. Білім беру жүйесінің моделі өмір талабына қарай өзгеруде. Сондықтан заман талабына сай жаңа мазмұнда білім беруді ұйымдастыру 12 жылдық оқытуға көшумен тікелей байланысты. Ондағы өзекті мәселе әлемдік білім кеңестігіне шығудағы Қазақстанның жаңа ұлттық білім моделін қалыптастырудың тиімді жолын анықтауында.

12 жылдық білім берудің негізгі мақсаты - еліміздегі білім беру жүйесінің құрылымы мен мазмұнын толықтай өзгерте отырып, заманына сай мектеп құру және дамып келе жатқан қоғамда өмір сүруге икемді, қоғам пайдасына қарай өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын білімді, шығармашылыққа бейім, құзыретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Олардың білімді де, білікті, саналы да сапалы азамат боп жетілуі мұғалімге тікелей байланысты. Демек, өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, ұлттық қасиеттеріміздің асылдарын асқақтата отырып, шәкіртінің жанына құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы деуге болады. Жаңа формация педагогы рухани байлығы мол, жаңашылдыққа талпынатын шығармашыл тұлға болуы керек. Білім берудің бұл моделі әлемнің 80% астам елдерінде қолданылады екен. Еуропа Кеңесінің Декларациясына (1992ж) сай дүниежүзінде 136 мемлекетте 12-жылдық білім жүргізілуде, оның ішінде АҚШ, Жапония, Германия, Франция, Финляндия, ТМД елдерінен Украина, Өзбекстан, Балтық мемлекеттері көшті. Бұл – соңғы жиырма-отыз жылда ғылым мен техниканың орасан жетістіктерге қол жеткізіп, жаңа технологиялардың қоғам өмірінің әртүрлі саласында кеңінен енгізілуіне байланысты туындаған жағдай. Сондықтан жастарды жаңа кезеңнің талаптарына сай тәрбиелеу үшін оларға жаңа мазмұнды, жоғары деңгейде білім беру қажет. Дәстүрлі орта білім беру әрі қарай оқудың, мамандық алу мен өмірде табысқа жетудің негізі болып табылады. Мектеп түлектері әрі қарай оқу мен өздігінен білім алуы қалыптастыратын, нарық экономикасы жағдайында олардың бәсекеге қабілеттілігі факторы болып табылатын сапалы білім алулары керек. Республиканың дамуына жаңаша қарқын беруді қамтамасыз етуге және оның әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елдің біріне айналуына бағытталған Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін маңызды құралдардың бірі. Бізге экономикалық және қоғамдық модернизация қажеттілігіне сәйкес, қазіргі заманғы білім беру жүйесі қажет»- деп айтылған. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу» - делінген.

Осыған орай бүгінгі ұстаздардың алдында оқушыға білім, білік, дағдыларын игертіп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімдерін, ерік-жігерлерін, яғни жан-жақты,

азат, шығармашыл, өз бетімен жұмыс жасай білетін, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дамыту міндеттері де тұр.

Оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы -бір-бірімен егіз ұғым. Соның бірі «Нені оқыту керек?», «Не үшін оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздесе, ал оқыту технологиясы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселенің шешімін іздейді. Олардың мақсаты бір, яғни оқытудың тиімді жолдарын қарастыру. Оқытудың тиімді жолдары оқытудың әр түрлі әдістері арқылы анықталады.

Көптеген жаңа технологиялармен қатар соңғы кездері барлық оқыту пәндерінен ақпараттық технологияларды жиі қолданылуда. Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудың негізгі құралы компьютер болып табылады, сол себепті қазіргі мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жетік меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан, жаңа ақпараттық технологиялардың тілін білетін мұғалім қажет.

«Ақпараттық технология» терминін академик В.М. Глушков енгізген. Білім беру процесін ақпараттандыру оқушыға білім беру мен байланысты болғандықтан, В. Глушковтың анықтауынша, «Ақпараттық технологиялар» ақпаратты өңдеу мен байланысты процестер болып табылады. Ал білім беруде компьютерді және оның құралдарын пайдалана бастаған кезде оқытудың ақпараттық технологиялары ұғымы пайдаболды. А. Горячевтің тұжырымдауынша, «Ақпараттық технология»- мәтіндік редактор, электрондықкесте,мәліметтербазасы, графиктік редактор, мультимедия және коммуникациялық технологиямен сипатталады. Р. Әбдірәсілова болса, «Ақпараттық технологияны» оқыту құралдары жүйесінің элементі деп қарастырады. Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз-өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Ол үшін мұғалім өткізетін сабағының түрін дұрыс таңдай білуі қажет. Пәнді оқытуда ақпараттық технологияларды қолданудың мүмкіндіктері өте мол. Мысалы:пәнді оқытуда интерактивті тақтамен жұмыс жасауда оқушылардың қызығушылығын танытып қана қоймай, шығармашылық қабілеттерін дамыту мен қатар жаңа ақпараттық технологияны меңгеруге, оны пайдалана алуына мүмкіндік береміз. Сабақта интерактивті тақтаның элементтерін пайдалану, дайындалған арнайы тапсырмаларды тыңдап қана қоймай, көздерімен көріп, оны жетік түсінуге дағдыланады.Ақпараттық технологияларды жүзеге асырудағы тағы бір мүмкіндігі – ол электронды оқулық. Электрондық оқулық - бұл дидактикалық әдіс – тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе. Электронды оқулықпен оқыту оқытушының оқушымен жеке жұмыс істегендей болады. Дәстүрлі оқытуда кейбір оқушылар түсінбей қалған материалды оқытушыдан қайталап сұрай беруге кейде қысалады, сол себептен оқушылар тақырыпты дұрыс қабылдай алмауына әкеліп соғады. Ал электронды оқулықпен жеке жұмыс істеуінің арқасында сол тақырыпты бірнеше қайталап оқуына, тыңдауына, тіпті түсінбеген сөзді бөліп анықтама бөлімінен қарауға көмегін тигізеді, оқулықты тек сабақта ғана емес, оқушы үйіне алып та пайдаланады.

1. Электрондық оқулық тек қана оқушы үшін емес, мұғалімнің дидактикалық әдістемелік көмекші құралы да болып табылады
2. Жаңа ақпараттық технологияның басты тиімділігі – бұл мұғалімге сабақтарын оқу үрдісін түбегейлі өзгертуге, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейте отырып, оқушылардың дүниетанымдарын кеңейтуге және қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасауы..
3. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдерден шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді.
4. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырады

5. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары болмақ.
6. Ақпараттық технологияны сабақта қолданып, жақсы жетістіктерге жетуге болады.
7. Оқу үдерісінде сабақты жаңа ақпараттық технологиялар негізінде, яғни электронды оқулықпен өту, оқушы мен оқытушы үшін де тиімдірек. Мұнда оқушылар сабақ мазмұнын, яғни лекция тезисін оқулықтан емес, компьютерден оқып, сол бойынша дидактикалық тапсырмаларға жауап береді.
8. Сабақтың тапсырмалары интерактивті тақтада көрсетіліп тұрады және әр оқушы алдындағы компьютерден де көре алады. Төмендегі жүйені оқушы әр блокқа мұғалімнің көмегімен немесе нұсқауымен кіре отырып, қалаған тапсырмаларын орындай алады.
9. Сабақтың тақырыбы жазылған блокқа кірген уақытта, онда сабақтың тақырыбы жазылып тұрады
10. Сабақтың мақсаты жазылған блокта сабақтың мақсаты, міндеті айқындалады
11. Лекция тезисі блогында лекция материалдары беріледі.
12. Ақпараттық материалдар блогында интернеттен алынған немесе қосымша әдебиеттерден алынған материалдар енгізіледі.
13. Білім бақылау тапсырмаларында оқушылар тест тапсырмаларына жауап береді және оның жауабын бірден көре алады.
- Құқықтық нормативтік құжаттар блогында сабақтың стандарттары, типтік оқу жоспары, перспективлік жоспары ұсынылады
14. Сабақтың типі, түрі блогында сабақтың практикалық немесе лекция, жаңа білім беру т.б. түрлерін көре алады.
15. Зертханалық жұмыстар блогына кіргенде, жұмыстың орындалу барысымен, қолданылатын құрал-жабдықтармен танысады.
16. Жаттығу жұмыстары, есептер блогына кірген оқушы есептер шығарып, жаттығу жұмыстарын орындайды.
17. Дидактикалық тапсырмалар блогына қалаған оқушы онда кестелер, хронологиялық кестелер, сызбалар, ребустар т.б. тапсырмалар түрімен танысады.
18. Нәтижесінде құзыреттілік-бағдарланған білім беру моделін жүзеге асырудың ерекшелігіне оқушылардың түйінді және пәндік құзыреттерін қалыптастырады
19. Жалпы алғанда, жаңа білім беру моделінің жүзеге асырылуы мектептегі білім берудің мазмұндық та шынайы вариативтілігін жүзеге асыруға және білім беру сапасын үздіксіз жетілдіру принципін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін болады деп есептейміз.

Қорытындылай келе, сабаққа қойылатын қазіргі заман талаптары мұғалімнен зор шеберлікті қажет етеді. Мұғалім сабақ үрдісінде материалды дайын күйінде бермей, оқушы ізденісіне жол ашатындай әдіс –тәсілдерді таңдап алуы қажет. Сонда ғана оқушы шын мәнінде өзіндік ойлау қабілеті бар жеке тұлға болып қалыптасады. Сабағымыздың тәрбиелік мәнін ұлы ойшыл, қытай философы Конфуцийдің «Естігенді ұмытпаймын, көргенді есте сақтаймын, ал өз ақыл-ойыммен істеген ісімді түсінемін» деген сөздері дәлелдей түспек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруде оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған инновациялық технологияны меңгеріп, жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануымыз қажет. БҰҰ- ның шешімімен «XXI ғасыр- ақпараттандыру ғасыры»- деп аталды. Сабақта жаңа ақпаратты технологияларды пайдалана отырып, оқушылар бойынан төмендегі қабілеттерді дамытуды өз алдымызға мақсат етіп қоямыз:

1. *Білім, білік дағдыларын дамытуға қызығушылығын арттыру;*
2. *Жауапкершілікпен міндеттерін қалыптастыру;*
3. *Есеппен талдау жасау дағдыларын үйрету;*
4. *Логикалық және ақпараттық ойлау қабілеттерін дамыту;*
5. *Өз бетінше ізденуге үйрету және компьютерлік сауаттылыққа тәрбиелеу;*
6. *Алған білімдерін өмірде қолдана бідуге тәрбиелеу.*

Өйткені, мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа инновациялық технологияларды ендіруді міндеттейді

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Білімзаңы. Алматы, 2007 ж.
2. С.Т.Мұхаметжанова, Ж.Ә. Жартынова, Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008ж.
3. Т. Жұмажанова, С. Дүйсебаев, Ә. Мамырова, З. Көпбаева, «Қазақ әдебиетінің» әдістемесі. Алматы «Білім», 2003.
4. А. Иманбаева, Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі. Қазақстан мектебі, №2, 2000
5. Педагогика журналы №2-2009ж.
6. Бөрібаев Б, Балапанов Е. Жаңа ақпараттық технологиялар. – Алматы, 2001.
7. Сарыпбеков Ж. Информационные технологии – будущее образовательной системы // Казахстанская правда -1996. №6165. 2-августа
8. Б.Ә. Әбдікәрімова. «Жаңа ақпараттық технологияларды кредиттік оқыту жүйесі бойынша студенттің өздік жұмысын ұйымдастыруда қолдану» // ҚарМУ Хабаршысы: Педагогика сериясы. Қарағанды. №3. 2005. Б.100-105.
9. Абылайхан С.М. Қазіргі педагогикалық технологиялар. Лекциялар жинағы. Қарағанды 2008ж.
10. Манабаева А.Ш., Абылайхан С.М., Алшынбаева Ж.Е. Қазіргі білім беру технологиялары. Оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды, Санатбаспасы, 2007, 80б.

УДК-81'221.2

Бимурзина А.А., Арынбаева Р.А.

Южно-Казахстанский государственный университет им.М.Ауэзова, г.Шымкент

СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ В ОБУЧЕНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ РУССКОМУ ЯЗЫКУ В УСЛОВИЯХ КРЕДИТНОЙ ТЕХНОЛОГИИ

В данный момент процесс объединения казахстанской системы образования в европейское образовательное пространство делает актуальным вопросы увеличения социальной компетентности студентов и создания благоприятных условий для их личностного, профессионального и социального развития в условиях кредитной системы обучения. Известно, что в основе кредитной технологии обучения лежат личностно-развивающиеся отношения, которые напрямую влияют на формирование профессиональной компетенции будущих специалистов. Личностно-развивающиеся отношения становятся своеобразной средой для современного человека, который познает мир, формируется как профессионал. Главным критерием качества подготовки специалистов должна быть конкурентоспособность выпускников на рынке труда и их востребованность.

Основной целью университета является предоставление студентам качественного обучения. И в этом плане преподаватель играет главную роль. Стремление к улучшению качества преподавания, изучение современных инновационных технологий, использование интерактивных методов обучения, приспособления к современным условиям рынка - все это работает на улучшение качества преподавания, т.е. на выполнение общей цели университета.

Университет является составной частью общества, поэтому не может не реагировать на изменения внешней среды. Изменения внешней среды влияют и на процесс обучения, который наталкивает на поиск новых методов преподавания. И в связи с этим программа практического курса русского языка обновляется, адаптируется к изменениям, происходящим в обществе.

И все очевиднее, становится проблема внедрения в учебной процесс новых интерактивных технологий обучения. Мы придерживаемся того определения, что

интерактивная технология обучения - это технология активного взаимодействия студентов с субъектами обучения, основным принципом организации которого является включенность каждого обучаемого в учебный процесс.

К интерактивным методам относятся: метод беседа-полилог, презентации, дискуссии, работа в группах, дебаты, учебные конференции, метод критического мышления и другие. Эти методы способствуют развитию коммуникативных навыков студентов, творческому переосмыслению полученных сведений из науки и другие.

В процессе работы со студентами особое внимание уделяется творческим заданиям, которые вызывают у них интерес, пробуждают инициативу и активность, развивают самостоятельность. На основе такой работы делается обобщение итогов формирования умений и навыков.

Здесь студенты показывают свою творческую активность, реализуемую на русском языке: умение выступать на заданную тему, умение понимать и слушать других, умение правильно задавать вопросы, аргументировано отстаивать свою точку зрения и т.д.

Использование различных, активных методов обучения приводит к выводу о том, что индивидуальная и групповая работа студентов - это взаимодополняющие процессы активизации познавательной и коммуникативной деятельности обучающихся.

Основной целью преподавания дисциплины «Профессиональный русский язык» в казахских группах университета является совершенствование русской речи в различных сферах словесной коммуникации, но с приоритетом речи учебно-профессиональной. Профессиональная направленность преподавания русского языка предполагает обучение языку специальности, освоение студентами общенаучной и узкоспециальной терминологии, развитие навыков работы с учебно-научной литературой по специальности, но при этом студенты должны научиться применять полученные знания в конкретных ситуациях. Изучение русского языка помогает студентам проникнуть в тайны изучаемых наук, прочитать в подлиннике произведения как русской, так и зарубежной художественной литературы, воспринимать новую информацию с помощью СМИ, Интернета на русском языке.

Но как добиться результативности на занятиях русского языка? Каким образом нужно включить каждого студента в процесс познавательной деятельности? Сформировать эти умения у студентов можно, выполняя на занятиях по русскому языку различные ситуативные упражнения, так называемые учебно-педагогические игры, сближающие реальную коммуникацию.

Обилие информационных источников, новейшие средства обучения и инновационные технологии представляют большие возможности для формирования поликультурной личности в контексте современного образования. Умение компетентно и плодотворно обсуждать жизненно важные проблемы, умение доказывать и убеждать, аргументировано отстаивать свою точку зрения и опровергать мнения оппонентов, т.е. владения культурой дискуссий и полемики, должно стать обязательным качеством у наших студентов. Сегодня преподаватель использует в своей деятельности и нетрадиционные формы обучения студентов. На наш взгляд, это связано с изменением стиля педагогического мышления, ориентированного на эффективное решение образовательно-воспитательных задач, на усиление самостоятельной творческой деятельности студентов.

Поэтому в учебном процессе с целью формирования культуры речи, мы стараемся активно внедрять интерактивные методы обучения: диспут, дискуссия, интервью, ролевая игра, учебная конференция и т.д. Необходимость приобретения студентами опыта ведения диалога, дискуссии, приобщения к творческой деятельности, способность к моделированию ситуаций приобретают все большее значение в нашей жизни. И все это ориентирует на проведение творческого занятия, способствующего активным методам работы студента.

Игра - это форма деятельности в условных ситуациях, направленная на воссоздание и усвоение общественного опыта, фиксированного в социально-закрепленных способах осуществления предметных действий [1, 106]. Действительно, чтобы жить и действовать в

реальном мире, человек моделирует действительность. Даже люди самых серьезных профессий «проигрывают» наиболее ответственные ситуации своей деятельностью. К игре мы обращаемся, например, когда планируем предстоящий важный разговор или анализируем причины какой-либо неудачи.

Игра - простейший и очень эффективный способ моделирования, поэтому ее с успехом можно применять в учебной практике, создавая необходимые условия, имитирующие или воспроизводящие реальное общение. Игра дает возможность облечь познание мира в формы, не похожие на обычное обучение: здесь и фантазия, и самостоятельный поиск ответа, и новый взгляд на известные уже факты и явления, пополнение и расширение знаний, установление связей. С возрастом, пишут психологи, потребность в игре не исчезает, меняется лишь ее характер и уменьшается время, которое ей уделяют.

Игра на занятии становится активной формой учебного процесса, в ходе которой моделируется определенная ситуация. При этом во время такого занятия важно создать у учащихся игровое состояние - специфическое, эмоциональное отношение. Знания, приобретаемые во время игры, становятся для каждого учащегося лично значимыми, эмоционально окрашенными, и это помогает ему глубже понять и усвоить изучаемый материал. И такая трудная задача требует от студента мобилизовать все умения, побуждает осваивать и расширять свои знания, расширяет его кругозор и, самое главное, заставляет овладевать комплексом важных умений, в первую очередь, коммуникативных.

В методике преподавания языка выделяется несколько разновидностей учебных игр: имитационные, символические и исследовательские. Имитационные игры ассоциируются с игровым моделированием реальности. Символические игры основаны на четких правилах и игровых символах, а исследовательские игры связаны с новыми знаниями и способами деятельности [2, 80]. На практических занятиях по русскому языку со студентами мы стараемся использовать ролевые (имитационные) игры, игры-дискуссии, так как они предполагают достаточно высокий уровень владения языком. Ролевые игры представляют собой ряд проблемных задач, в которых основная цель – прийти к согласию или наладить взаимодействия с партнерами. В таких играх обязательно формируется социально-ролевые отношения участников. Каждая деловая игра является как бы завершением и обобщением пройденного материала, так как знание программного материала позволит студентам с определенной активностью принять участие в проводимой игре. Успешность проведения игры на занятии в целом зависит от преподавателя, который должен тщательно подготовить игру, организовать ее, умело ввести студентов в нее, заинтересовать их.

Деловая игра делится на три части: подготовку, собственно игру и подведение итогов. Перед началом учебной игры дается задание по ситуации, максимально приближенной к реальным условиям будущей работы. В подготовку условий игры должно входить уточнение количества участников, определение роли каждого из них. Избрав тему, преподаватель разрабатывает сценарий игры, в котором определяет цель и содержание ситуации, взятой из практики будущей специальности студентов. Далее на предшествующем занятии преподаватель объясняет студентам: что представляет собой данная игра, описывает начальную ситуацию, распределяет роли, выдает каждому необходимую «стартовую» информацию, рекомендует нужный справочный материал. В ходе самой игры студенты поступают так, как будто все происходит в действительности: по каждой конкретной ситуации они стараются принять правильное решение. После проведения игры подводятся итоги: достигнута ли цель, дается характеристика каждой из выступавших команд, отмечается активность отдельных студентов, делается обобщение по теме игры.

Как показывает практика, игра на занятии - дело серьезное. Методически верно организованная игра требует много времени для подготовки, максимальной активности учащихся, способствует сотрудничеству преподавателя и студентов в процессе обучения.

Дискуссия как активная форма обучения основывается на проблемной ситуации, создаваемой на занятии. В ходе проведения дискуссии происходит развитие критического

мышления у студентов, которые находят ошибки в рассуждениях противника, которые вникают быстро в мысли оппонентов и находят ответы на них. Как известно, существуют три вида дискуссии: проводимые самими студентами без ведущего; под руководством студента-ведущего, с участием преподавателя.

Дискуссия - это коллективное обсуждение конкретной проблемы, вопроса или сопоставление разных позиций, информации и т.д. Мероприятие это сложное, и его эффективность зависит от следующих причин:

- актуальность выбранной проблемы;
- информированность, компетентность дискуссантов;
- владение ведущим методикой дискуссии;
- адекватное восприятие дискуссантами друг друга и руководителя дискуссии;
- соблюдение правил регламента и т.д.

Во время дискуссии оппоненты могут либо дополнять друг друга, либо противостоять один другому. В первом случае больше будут появляться качества, присущие диалогу, во втором - дискуссия будет носить характер спора, т.е. отстаивание своей позиции. Как правило, в дискуссии присутствуют оба эти элемента.

Остановимся на методике проведения дискуссии. Каждая дискуссия обычно проходит три этапа развития: ориентация, оценка, консолидация. На первом этапе происходит процесс «ориентации» и адаптации участников дискуссии к самой проблеме, друг к другу, к руководителю, общей атмосфере. Стадия «оценки» представляет собой ситуацию сопоставления информации, различных позиций. На последнем этапе «консолидации» предполагается выработка единых или компромиссных решений, мнений.

На занятиях по русскому языку мы проводим игру - дискуссию, способствующую формированию у студентов навыков правильной русской речи. Для того, чтобы студенты были хорошо проинформированы и подготовлены к предстоящей дискуссии, необходимо до начала занятия сообщить тему и вопросы, выносимые для обсуждения. Преподаватель проводит консультации для контроля над подготовкой, для разъяснения возникших вопросов. Кроме того, создаются команды с позициями «за» и «против».

Из числа студентов выбирают ведущего для руководства и контроля за ходом дискуссии. Он должен уметь руководить выступающими, оппонентами, организовать коллективное обсуждение и т.д. В начале дискуссии студент - ведущий произносит вступительное слово, в котором определяет цель и задачу занятия, дает краткую характеристику темы, ее значимость в курсе. Затем группа - докладчик точно и кратко излагает основные положения рассматриваемой проблемы, используя для этого конкретные факты или примеры. Группа - оппонент задает вопросы группе - докладчику, критикует за логику изложения, аргументацию и т.д.

После каждого выступления участников дискуссии студент - ведущий подводит итог сказанному. В конце дискуссии подводятся итоги студентом - ведущим, и объявляется та точка зрения, к которой пришли дискутирующие группы.

Мы считаем, что наиболее удачными для развития учебно-профессиональной речи и для отработки профессионального общения являются занятия, проводимые в форме учебной дискуссии и конференции. Так, студентам была предложена тема для обсуждения предстоящей дискуссии «Вполне допустимо употребление жаргонной и нецензурной лексики на страницах художественных произведений». Предварительно на предыдущем занятии была проведена работа по тексту «Лексические единицы текста»: чтение текста, знакомство с содержанием текста, составление глоссария текста, т.е. определение значений незнакомых слов. Кроме того, обсуждались вопросы касающиеся этой темы: что такое жаргонизмы? надо ли разрешать употреблять жаргонизмы в учебных и госучреждениях? и другие.

На практических занятиях по русскому языку можно проводить обучение научному стилю и в форме беседы-полилога. Для организации такой работы студентам предлагается текст по политологии «Субъективные основы и субъекты политики».

Студенты выписывают терминологическую лексику, слова-организаторы, слова-конкретизаторы и определяют их значения, логические функции. Кроме выделения в тексте терминов, активизации знаний студентов о словах- организаторах и словах-конкретизаторах с ними проводится работа по использованию в речи, в беседе-полилоге синтаксических конструкций сложноподчиненных предложений. Затем преподаватель объясняет, что наиболее характерные для научного стиля СПП представляют из себя синтаксические конструкции, которые организуют высказывания, выстраивают в определенной последовательности лексико-фразеологический материал. На занятии также активизируются знания по СПП, повторяется порядок его разбора. После этого разбирают несколько придаточных предложений, идет опрос по СПП, выясняется его специфика. В заключение преподаватель подводит студентов к осознанию того, что СПП используется в научном стиле в большей степени потому, что обладает большими возможностями для передачи мыслей и суждений, им свойственна строгая логичность.

Студенты выполняют упражнения по составлению из двух простых предложений СПП с придаточными причины; по замене придаточных предложений распространенными обстоятельствами. Обращается внимание студентов на то, что в научной речи широко используются СПП с придаточными причины, поскольку в науке раскрываются причинные связи явления действительности.

Вся рассматриваемая работа организуется с учетом подготовленности аудитории и задач, поставленных преподавателем для организации беседы- полилога. Беседа-полилог организуется системой вопросов следующих в композиционной последовательности информации предложенного политического текста. Завершающим этапом беседы-полилога является написание сочинения с использованием СПП и лексических средств научного стиля русской речи на одну из предложенных тем: «Современное состояние русского языка характеризуется «загрязнением языковой среды», «Нужны ли заимствованные слова в русском языке».

Итак, использование на занятиях по русскому языку дидактических игр разного типа является формой обучения, значительно активизирующей процесс формирования коммуникативной компетенции в учебно-профессиональной сфере общения.

ЛИТЕРАТУРА

1. Краткий психологический словарь. – М.,1985
2. Ахметов Н.К., Хайдаров Ж.С. Игра как процесс обучения. – Алма - Ата, 1985
3. Гойхман О.Я., Надеина Т.М. Речевая коммуникация . – М.,2009

ӘӨЖ: 947.1/9

Дәуметова С.Т., Шаихова Ж.Е., Абдыкаримова А.П.
Алматы технологиялық университеті

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТҰҒЫРЫ БІЛІМДІ ЖАСТАРДА

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының арғы-бергі тарихына көз жүгірткен адам ұлтымыздың биіктерге талпынысын байқары анық. Өткен ғасырда Сұлтанмахмұт Торайғыров:

«Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып күн болам.
Қараңғылықтың көгіне,
Күн болмағанда кім болам,»

-деп жазған еді. Ол кезде қазақтың басым бөлігі сауатсыз болса, қазір ұлтымыз сауаттылық жағынан әлем мемлекеттерінің ішінде он сегізінші орынды иеленеді.

Тәуелсіз мемлекеттің шаңырағын көтеруші Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев егемендік алған жылдардағы алапат дағдарыстың қарқынына қарамастан «Болашақ- жастардікі», «Болашақ – білімде» деген бастауымен өз алдына қойған мақсаттарын күні бүгінге дейін ел игілігі үшін атқарып келеді. Ұлт Көшбасшысы жергілікті жердегі билікке, оқу орындарының басшыларына қатаң талап қоюының нәтижесінде біз – ғылым жолындағы ырғақты дамуымызды сақтап қалдық. 1997 жылдан кейін экономика қайтадан даму ырғағын бастаған кезден, толығымен түскен бюджеттен Елбасының қаражат бөлген басты саласы осы ғылым-білім жүйесі болды. Тәуелсіздік жылдарынан бастап білім саласындағы елеулі өзгерістер 1- кестеде көрсетілген [1].

Кесте -1 Тәуелсіздік жылдарындағы білім саласының бірқатар инновациялық жаңару қарқындылығы

Жылдар	Ғылым -білім саласының жетістіктері
1993	«Болашақ» бағдарламасы бойынша талантты жастардың шет елде ең таңдаулы оқу орындарында білім алуы үшін мемлекеттен арнайы қаражат қарастырылды
1997	«Қазақстан -2030» Қазақстан азаматтарының білімін, денсаулығын, әл-ауқатын жақсартуға бағытталған даму стратегиясы
1999	Білім саласының заңдары қайта қаралып, қабылданды
2000	Барлық Жоғарғы оқу орындары толық компьютерлендірілді
2005	Қазақстан білім ошақтары тегіс компьютерлендіріліп, бұл саладан ТМД аумағында жеке дара көш бастады
2007	Мектептерге интерактивті тақталар қойылып, оларды интернет жүйесіне қосу жұмысы басталды
2008	Елімізде «Жүз мектеп жүз аурухана бағдарламасы» өз жұмысын бастады
2010	Елбасының бастамасы бойынша Қазақстанда білім мен ғылыми-зерттеу қызыметінің дамуына мүмкіндік беретін Назарбаев зияткерлік университеті алғашқы студенттерін қабылдады
2012	Ел Президентінің «Қазақстан – 2050» Стратегиясы Мәңгілік ел болу мұратына негізделген Қазақстан халқына жаңа Жолдауы
2013	Дамыған 30 елдің қатарына қосылудың алғы шарттары EXPO -2017 белгіленді

Тәуелсіздік дәуірінің алғашқы кезеңінен бастап Қазақ елінің ішкі сыртқы мемлекеттік саясатын анықтауда ұлтаралық қатынас мәселесіне аса ыждаһаттылықпен қарауға үндейтін Елбасының күретамыр көзқарасы оң сипатын тауып келеді. Мемлекет басшысы өнер мен әдебиет қайраткерлерінің еңбегін бағалап, мемлекеттік тілді, ұлттық өнер мен мәдениетімізді жан-жақты игерумен қатар, өзге ұлт тілдері мен өзге де ұлт мәдениеттерін құрметтеуді қатар ұстап келеді [2].

Білім саласындағы Қазақстанның жарқын болашағы үшін Ғарышты игеру мақсатының маңызы зор. Өйткені, қазіргі замандық ғарыштық спутниктердің және олардың қызметтерінің тұтас инфрақұрылымдарын әзірлей отырып, ғарыш кеңістігіне шығу дегеніміз елдің бәсекелестік қабілетінің басты өлшемдерінің бірін айқындаушы факторлардың бірі болып табылады. Қазіргі күні әлемнің ең мықты елдерінің арасындағы басты тайталастардың бірі осы кеңістікті игеру мәселесіне қатысты. Болашақта осы кеңістіктегі өз орнымызды айқындай алатын болсақ, бұл біздің қорғаныс қабілетіміздің артуына, ұлттық қауіпсіздігіміздің нығаюына, ақпараттық байланыс құралдарының дербес дамуына, ауа-райын болжау мүмкіндігіміздің жетілуіне, геодезия және картография жұмыстарының дамуына, табиғи ресурстарымызды барлау, іздестіру және қорғау жұмыстарына жалпы

экономикамыздың дамып, оның артуына үлкен ықпалын тигізеді. Өзінің заманға сай ғарыш қызметін ұйымдастыруда Қазақстан әлемнің көптеген елдерінен оза отырып, қазіргі күні төмендегідей нәтижелерге қол жеткізді:

– Құрамында «KazSat-2» «KazSat-3» ғарыштық аппараттары және оларды жерден басқарудың екі кешені (негізгі және резервтік) бар спутниктік байланыс және хабар таратуға арналған ғарыштық жүйесі құрылды.

– «KazEOS-1» және «KazEOS-1» оптикалық ғарыштық аппараттары мен спутниктерді жерден басқару кешені және Жерді қашықтан зондтау (байқап көру) деректерін қабылдап, өңдеп, оларды дайын өнім түрінде түпкілікті тұтынушыға дейін жеткізе алатын екі арнаулы жер үсті кешені бар Жерді қашықтан зондтаудың ғарыштық жүйесі құрылды.

– Қазақстан Республикасының аумағында тұтынушыларға сапалы және кепілдігі бар координаттық – уақыттық және навигациялық қызметтерді көрсетуге арналған жоғарғы дәлдікті спутниктік навигациялаудың жерүсті инфрақұрлымдары қалыптасты.

– Ғарыш саласының білікті кадрлық ортасы және сала кәсіпорнының ғылыми-инженерлік құрамы қалыптасып, жетіліп келеді. Ғарыштық техникалардың арнаулы конструкторлық-технологиялық бюросы жасақталынды [3].

Экономикада болып жатқан күрделі үдерістер, өндірістің жеткілікті емес деңгейіндегі қайтарымы, әсіресе дәстүрлі түрде әлеуметтік сала деп аталатын бағыттарда күрделі ахуал қалыптастырды. Осы жылы айтарлықтай қаржылық қиындықтарға қарамастан, бізге білім берудің мемлекеттік мекемелері желісін сақтап қалу мүмкін болды. Аталған саладағы ахуал аса күрделі күйінде қалып отыр. Білім және ғылым қызметкерлері жұмыстарын ұйымдастырудың қанағаттанғысыздығы, материалдық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі салдарынан олар өздерінің жұмыс орындарын тастап кетуде. Кез-келген қоғам үшін бұл – апатты жағдай. Осы үдерісті тоқтату үшін бізге жедел түрде білім беру жүйесінің жалпы мемлекеттік негізгі қағидаттарын қалыптастыру мәселесін айқындау керек (Н. Назарбаев).

Қалыптасқан әлеуметтік -экономикалық реформаларды жүргізу білім беру жүйесі мен отандық кадрларды дайындауға оң ықпалын тигізді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстан елді халқаралық аренада ілгері жылжытуға және әлемдік стандарттарға сәйкес келетін экономиканы, қаржыны, саясатты, мәдениет пен мемлекеттің толыққанды қызметі үшін өмірлік маңызы бар басқа да бағыттардағы реформаларды жүзеге асыруға қабілетті мамандарды қажетсінді.

90- жылдар мен 2000- жылдардың басындағы тұрғындардың миграциясы, оның ішінде жоғарғы білікті кадрлардың шет елдерге көптеп кетуі оларды тез алмастырумен және халықаралық деңгейдегі жаңа мамандарды дайындаумен байланысты ел алдында күрделі проблемалар тұрды. Тәуелсіздіктің 20 жылында жеке адамдардың, қоғам мен мемлекеттің сұранысын қанағаттандыруға, адам ресурсы дайындығы сапасын жоғарылатуға бағытталған бірқатар прогрессивті құрылымдық реформалар жүргізіліп, нәтижесінде білім берудің жаңа жүйесі қалыптастырылды 2- кестеде көрсетілген [4].

Білім саласының 20 жылдық даму процесі

Білім беру жүйесі

Жылы, % үлесі, саны

Жылы, % үлесі, саны

Интернетке қосылған мектептер үлесі	2001ж. - 17%	2010ж. - 98%
-------------------------------------	--------------	--------------

Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері саны

1991ж. - 718 мекеме

2010ж. - 894 мекеме

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту нысандарының саны	1991ж. -0 мекеме	2010ж. - 167 мекеме
---	------------------	---------------------

Орта білім беру нысандарының саны

1991ж. - 9 мекеме

2010ж. - 770 мекеме

«Болашақ» бағдарламасы стипендиаттары саны	1994ж. - 187 білім алушы	2010ж. - 7611 білім алушы
--	--------------------------	---------------------------

Соңғы жылдары білім беру жүйесін қаржыландыру 7,5 есеге өсті. Егер 2001 жылы білімге арналған бюджет шығындарының үлесі ІЖӨ-нің 3,2 пайызын немесе 103,1 млрд. құраса, 2007 жылы 480,7 млрд. теңге немесе ІЖӨ-нің 3,7 пайызы болды. Ал 2010 жылы ол 898,8 млрд. теңгеге немесе ІЖӨ-нің 4,2 пайызына жетті. Оылайша 2011 жылы білім беруге арналған мемлекеттік инвестициялар 2001 жылмен салыстырғанда 8,7 еседей артты. Қазақстан 2009 жылы Адам дамуы индексі бойынша алғаш рет жоғарғы деңгейлі елдер қатарына енді (82 -орын). Ал 2010 жылдың өзінде бұл көрсеткіш бірден 16 пунктке жақсарып, Қазақстанның 66- орынға орнығуына мүмкіндік берді.

Халқаралық деңгейдегі отандық кадрларды дайындау бойынша оң қадамдардың бірі халқаралық «Болашақ» стипендиясын тағайындау болды. 1993-2010 жылдар аралығында 7 мыңнан астам адам аталған бағдарламаның стипендияты болды. 2010 жылы Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған үшінші мемлекеттік бағдарламасы қабылданса, ол білім беруден мектепке дейінгіден бастап жоғарғы білімге дейінгі барлық деңгейін түбегейлі модернизациялауға бағытталды. Бүгінде Қазақстан Еуропа білім беру кеңістігінің (Болон үдерісі) толыққанды мүшелігіне өткен Орталық Азиядағы тұңғыш мемлекет болып табылады. Жоғарғы білім беру қайта құрамдалып, кадрларды дайындаудың үш сатылы моделі (бакалавриат- магистратура – PhD докторантура) енгізілді [5].

Бұл кезеңде Қазақстан ғасырға теңесетін ғажайып жолды жүріп өтті. Бұл жолда бәрі де болды. Ұлт ретінде жұтылып кетудің қасіретті қаупі қара бұлттай торлаған ауыр саяси-экономикалық жағдайда еліміз өз тәуелсіздігін жариялады. Парасатты басшы мен ел бірлігі арқасында Тәуелсіздіктің қаймағы бұзылмай 25 жылға жетті. Бүгінде әлем жаңалықтарына төтеп берердей білімді жастары, білікті қарлары бар, болашағы зор тұғырлы мемлекет қатарындамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Серік Өмірбаев. Биіктерге бастау. Дала мен қала – 2012. 21 мамыр. 6-7 бет
2. Смағұл Елубай. Тәуелсіздік тағдыры. История Казахстана. 2016/11. 9-11 бет.
3. Сұңғат Әліпбай. 25 жылдың 25 сәті. Егемен Қазақстан 7-қазан 2016. 3 -бет.
4. Н. Назарбаев. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің бірінші жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзінен. Алматы қаласы. 1992ж. 16 желтоқсан.
5. www. egemen.kz “Егеменнің арнаулы жобасы” 14 желтоқсан 2011ж.

УДК 8 Қаз (12)

Қ-43

Курманғалиева Б.К.

«Т.Аманов атындағы №16 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, Семей қаласы

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ

*«Мұратымыз – Мәңгілік Ел! Тәуелсіз мемлекетіміз Еуразияның осынау алып кеңістігінде мәңгілік өмір сүретін болады. Мәртебесі биіктеп, өсе берсін, өркендей берсін
Ұлы Дала елі – Мәңгілік Ел – Тәуелсіз Қазақстан!
Н.Назарбаев «Ұлы Дала ұлағаты»*

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: «Сонымен біз тәуелсіз мемлекет құрдық. Өз тарихымызда тұңғыш рет осындай қалыпта, осындай аумақта құрдық. Біздің уақытымыздың бұлжымас

фактісі, міне, осы!» – деген сөздері ғалам кеңістігінде уақыт бейнесінде таңбаланып қалған тарихи сөздер.

Бұл жыл – еліміз үшін мерейлі жыл. Қазақстан Тәуелсіздігіне – 25 жыл. Тарихи тұрғыдан алсақ, үлкен мерзім емес. Бірақ Президентіміздің бастауымен еліміз барлық бағытта да елеулі жетістіктерге жетті. Жиырма бес жыл мерзім біздің мемлекетіміз үшін қалыптасу кезеңі болып қана қойған жоқ, бүгінгі күні еліміз өзгелерге үлгі болатын деңгейге жетті. Өркениет көшінің бел ортасынан орын алдық. Ел Тәуелсіздігімен тел өскен ұрпақ әлемнің маңдайалды елдеріндегі қатарластарымен үзеңгі қағыстыратын дәрежеге жетті. Өз тарихында «мың өліп, мың тірілген» қазақ Елбасының сындарлы саясатының арқасында бүкіл әлемге танылды.

«Мен үшін елімді дамыған мемлекеттердің сапына тұрғызып, санатына қосудан үлкен мақсат жоқ» дейді Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Осы мақсаттарға қол жеткізуде талмай еңбек етіп келе жатқан мемлекет басшысы Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы қарсаңында «Ұлы Даланың ұлағаттары» атты еңбегін жариялады. Еңбектің өн бойы тұнып тұрған тағлым. Халық көшін алға бастар даңғыл жол.

Ширек ғасыр ішінде еліміз жеткен жетістіктер аз емес. Сыртқы саясатта бірнеше елдермен дипломатиялық қарым-қатынасқа түсіп, бірнеше елдерде өз елшіліктерін ашты. Сауда-экономикалық, мәдени-әлеуметтік байланыстар орнады.

Біз бүгінгі таңда барлық алыс-жақын мемлекеттермен достық қарым-қатынас орнатқан, 130-дан астам ұлттар мен ұлыстар өзара келісімде өмір сүріп жатқан елміз. Біз барлық конфессиялар мен тілдер құрметтелетін, тәуелсіз өркендеген Қазақстанда өмір сүріп жатырмыз.

Елбасы «100 нақты қадам» - Ұлт жоспарын ұсынды. Онда халық көптен күткен ұтымды шешімдер бар.

Елбасы: «Ұлттың бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен анықталады. Әлемдік білім кеңістігіне толығымен кіру білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап ететіні сөзсіз», - деген. Яғни, бүгінгі ұрпақ білімсіз болса, жерасты байлығымыздың арқасында экономикамыздың қарқынды дамығанынан келер еш пайда жоқ. Аға ұрпақты алмастыратын бүгінгі жастар білімді болса ғана, қазақ халқы іргелі елдермен иық тірестіріп, еңсесі биік болмақ.

Осы ширек ғасыр уақытында еліміздің білім саласында да оң өзгерістер болды. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу – әлемдік білім кеңістігіне еркін енуді көздейтін заман талабынан туындап отырған басты мәселе. Әлемдегі барлық мемлекеттер белгілі бір уақыт өткен сайын өздерінің білім беру жүйесін, оқыту әдістемесін жетілдіріп отырады. 12 жылдық білім берудің басты мақсаты – өзінің және қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсенді өсуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзіртті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Бүгінде білім беруде нәтижелі жетілдірудің құралы ретінде практикада жаңа оқыту технологиясын кіргізуге батыл шаралар қолдану. Сондықтан Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы ойлай білетін және шығармашылықпен жұмыс істейтін қабілеті бар тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Тәуелсіздік алған жылдарда мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспар қабылданды. Бұл Ұлттық жоспар – білім саласын жетілдірудің негізгі бағыттары. Ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықтың негізгі механизмдері мен ерекшеліктері сараланып көрсетілген.

Жаңа формация мұғалімі- рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген.

ақпаратты қалыптастыруда, дыбыстық және психикалық ақауларды анықтау кезінде, өнер саласында, мысалы сахналық өнер кезінде т.с.с. көптеген салаларда пайдалануға мүмкіншілік береді [4].

Осындай, терең білімдер студенттерде құзыреттілік «білім», «білік» және «дағды» сияқты ұғымдарды қамтуға әсерін тигізеді. Алайда, бұл білім, білік, дағдының сипаттамаларының жаңаша жай ғана жиынтығы емес, сонымен бірге ол білім алушылардың шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Осы негізде, қазіргі заманның студент тұлғасын қалыптастыру, олардың кәсіби маман ретінде көрінісін білдіретін құзыреттілігін қалыптастыру білім беру саласындағы маңызды мәселенің бірі екендігі даусыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. <http://www.izden.kz/diplomdyk-zhumys/psihologiya/66> Ғылыми жұмыстар жинағы. © izden.kz
2. Психология и этика делового общения. Теоретические основы психологии и этики делового общения. Для студентов. – М.: СГУ, 2002. – 57 с.
3. Практикум по общей, экспериментальной и прикладной психологии: Учеб. пособие/В. Д. Балин, В. К. Гайда, В. К. Горбачевский и др., Под общей ред. А. А. Крылова, С А. Маничева. – СПб: Питер, 2000. - 560с
4. Психодиагностические методы в комплексном лонгитюдном исследовании студентов / Под ред. А.А. Бодалева, И.М. Палея, М.Д. Дворяшиной. М., 2014. 248с.

УДК 378:372.854

Әбілқасова С.О., Алмагамбетова С.Т., Калимолдина Л.М.

Алматы технологиялық университеті

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ХИМИЯДАН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚТЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазақстан экономикасында болып жатқан қазіргі заманғы жағдайлар мен процесстер бәсекелік орта жағдайында өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыруға қабілетті химик-технологтарды дайындауда техникалық инновациялар нарығының дамуын талап етеді. Ғылыми-техникалық прогресстің дамуының қарқыны Қазақстандағы инновациялық жүйенің қалыптасуы жоғары білім ордаларынан инновациялық типтегі шығармашылық ойлауға қабілетті, жаңашыл ақпараттарды тауып, талдай алатын мамандарды дайындауды қажет етеді. Алға қойылған мұндай міндеттерге жету үшін оқу процесінде электронды оқулықты үнемі пайдалану қажет.

Қазіргі ақпараттандыру заманында жоғары оқу орындарында оқулықтарды пайдаланумен қатар, электрондық ақпарат көздерін, соның ішінде электрондық оқулықтарды пайдалану студенттердің ой-өрісін дамытып, білімдерін тереңдетіп, танымдық белсенділігін арттырады, логикалық ойлау жүйесін қалыптастырып, шығармашылығын дамытады [1,15б.].

Электрондық оқулық пен оқытудың негізі мақсаты - оқыту процесін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту болып табылады. Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек оқытушының айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Оқу процесінде компьютерлік оқулықтар, есептер жинақтары, энциклопедиялар, тестілеу мен бақылау, анықтамалық жүйелер және басқа да оқытудың компьютерлік құралдары (ОКҚ) кеңінен қолданыс табуда. ОКҚ-ын білім берудің ақпараттық технологияларының негізгі бір түрі ретінде қарастыруға болады. Білім берудің кез келген саласында «Электрондық оқулықтарды» пайдалану жоғары оқу орындары студенттерінің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне

жағдай жасайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында электрондық оқулықтарды пайдаланбай, студенттер оқу процесін толық меңгере алмайды.

Электрондық оқулық дегеніміз – мультимедиялық оқулық, сондықтан электрондық оқулықтың құрылымы сапалы жаңа деңгейде болуға тиіс. Электрондық оқулық студенттердің уақытын үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және студенттің ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге зор ықпал етеді. Студенттердің өзіндік жұмыс дайындауында мазмұны қиындау бір үлкен тақырып бойынша қосымша бейнехабар және клиптерді пайдалану қажетті элемент болып табылады. Электрондық оқулық таңдап алынған ақпаратты көшіріп алуға мүмкіншілік туғызады [2,376.]. Электрондық оқулықтың ең қажет элементі - аудиохабарлар. Берілген тақырып бойынша бейне-дәрістер тыңдауға, химия сабағынан виртуалды зертханалық жұмыстарды орындауға болады.

Электрондық оқулықты пайдалану оқытушының да ғылыми-әдістемелік потенциалын дамытып, оның сабақ үстіндегі еңбегін жеңілдетеді. Оқытудың әр сатысында компьютерлік тесттер арқылы студентті жекелей бақылауды, графикалық бейнелеу, мәтіндері түрінде, мультимедиялық, бейне және дыбыс бөлімдерінің бағдарламасы бойынша алатын жаңалықтарды іске асыруға көп көмегін тигізеді. Электрондық оқулықтарды қарапайым оқулықтарға қарағанда пайдалану ыңғайлы және оларда өзін – өзі тексеру жүйесі бар. Осы электрондық оқулықтың *артықшылығы* болып табылады. Сондықтан, өзін – өзі тексеру жүйесі студент пен оқытушының арасындағы байланысын алмастырады. Электрондық оқулықтарды пайдалану студенттердің, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды [3,60б.].

Студент әр пән бойынша оқу материалын көру арқылы қабылдауды қамтамасыз ететін түрлі суреттер, сызбалар, фотосуреттерді көре алады, тест тапсырмаларын орындай алады. Сондай-ақ электронды оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде студенттің бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық жұмыстар орындайды. Әрбір оқушы таңдалған тақырып бойынша тапсырмалар орындап, виртуалды зертханалар қорытындысын шығарып, карталар және схемалармен жұмыс жасауға дағдыланады. Оқытушы үшін электрондық оқулық бұл күнбе-күн дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны әрбір оқытушы өз педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып, ары қарай жетілдіре алады.

Қазіргі ақпараттандыру қоғамында электронды оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес, сондықтан электронды оқулықтың құрылымы сапалы жаңа деңгейде болуы тиіс.

Бір жағынан электрондық оқулықтың келеңсіз жақтары да бар. Жоғары оқу орындарының студенттері өзіне қажетті ақпараттарды толығымен ғаламтор көздерінен алады. Ғаламторда керекті ақпараттар, материалдар қазақ тілінде айтарлықтай толық емес. Сондай-ақ, психологиялық, педагогикалық талаптардың, пәнаралық байланыстардың жоқтығы сияқты кемшіліктер. Көрнекілік материалдарда бірыңғай таңдау, студенттің жеке ерекшеліктерін, денсаулық жағдайын және оқып үйретудегі мамандық бойынша бағыты ескерілмейді. Ең үлкен кемшілігі - фрагменттік бағдарлама. Ол материалды толық қамтуы немесе оқулықтарды толық аудару, берілген материалдағы санитарлық, гигиеналық нормалардың сақталмауы, компьютердің графикалық мүмкіншілікті қолданылуының нашарлығы және әлсіздігі.

Оқытушыларға және студенттерге арналған кітаптар, көрнекі және техникалық құралдар оқулықтың мазмұнына сәйкес жасалады. Электрондық оқулық – негізгі мәтіндегі және мәтіннен тыс компоненттерден тұратын жүйе. Әр компоненттерінің өзі жеке бөліктерден – элементтерден тұрады, оны сызба түрінде былай көрсетуге болады:

Оқулық					
Мәтіннен тыс компоненттер			Негізгі мәтін		
Меңгеруді ұйымдастыру аппараты	Иллюстративті материал	Бағдарлау аппараты	Негізгі	Қосымша	Түсіндірме

Мәтін – оқулықтың негізгі компоненті. Негізгі мәтінде теориялар мен заңдар, химиялық элементтер және олардың қосылыстары туралы мәліметтер, құбылыстар мен ұғымдардың белгілері және анықтамалары, қорытындылар мен жалпылаулар, зертханалық және тәжірибелік жұмыстарға нұсқаулар беріледі.

Жоғары оқу орындарының оқулықтарында қосымша мәтіндерінде биографиялық және ғылыми мәліметтер, кесте түріндегі сандық мәліметтер, анықтамалар берілген. Түсіндірме мәтіннің элементтеріне жататындар: оқулыққа, оның бөлімдері мен тарауларына кіріспе; ескертулер мен түсініктемелер, сөздіктер, анықтамалар, суреттер, диаграммалар, графиктерге түсініктер, формулалардың және өлшем бірліктерінің жиынтық кестелері т.б.

Мәтіннен тыс компоненттердің меңгеруді ұйымдастыру аппаратына сұрақтар мен есептер, нұсқау материалдар, кестелер, жаттығулар жатады. Мәтінмен байланысты қызметіне қарай иллюстративті материалдар: жетекші, теңдес мәнді және көмекші деп үшке жіктеледі [4,136.].

Электронды оқулық, әсіресе химия сабағынан өте ауқымды және қажетті көрнекі құралдардың басым бөлігін алмастыра алады. Мысалы, улы заттарды оқып-үйренгенде виртуалды әлем біздің денсаулығымызға нұқсан келтірмейтіндей химиялық эксперименттер жасауға мүмкіндік береді. Электрондық оқулық көмегімен қажетті құрал-жабдықтар болмаған жағдайда химиялық тәжірибелерді кең көлемде жүргізуге болады. Слайд-дәрістерді қолдану көрнекілікті, дәстүрлі әдістермен салыстырғанда, кең ауқымды ақпарат пен жоғары дәрежелілігін қамтамасыз етеді.

Химияның қазіргі кездегі екпінді дамуы мен күрделенуінен оны оқыту әдісі де өзгеріп, жетілдіріліп отырады. Қазіргі заманға сай химия оқулығы – бұл ғылыми тереңдік пен педагогикалықтың материалды қызықты баяндаумен үйлесімділігі болып табылады. Ол оқу процесіне техникалық ақпарат құралдарын (компьютер, телевидение және т.б.) жиі кірістіруді ескереді [5,456.].

Қазіргі жоғары оқу орындарындағы кредиттік жүйеге байланысты бір дәріске аз уақыт беріледі, студенттерге көп материалдарды өз беттерінше игеруіне тура келеді. Химия пәнінен бір ғана тақырыпты өткенде қосымша көптеген оқулықтармен қатар электрондық оқулықтарды да пайдалану қажет болады. Мысалы, «Химиялық элементтердің периодтық жүйесі» тақырыбында периодтық жүйенің ашылу тарихы, периодтық жүйенің маңызы сияқты т.б. бөлімдері дәріс барысында қамтыла алмайды. Оларды студенттер өз беттерінше оқып танысып, электрондық оқулықтармен дұрыс жұмыс істей білуі тиіс.

Электрондық оқулықтармен жұмыс істей алу мүмкіндіктерін тексеру мақсатында 1-курс студенттеріне тапсырмалар берілді. СӨЖ (студенттің өзіндік жұмысы) бойынша «Негізгі химиялық түсініктер» тақырыбына өзіндік жұмыс дайындағанда, екі студент қана химиядан электрондық оқулықтарды пайдалана отырып орындаған, ал көпшілігі интернет ресурстарынан қысқаша материалдарды пайдаланған болып шықты. Алдыңғыларының жұмыстары сапалы, берілген тапсырма толығымен орындалған болып шықты. Кейінгілерінің жұмыстары сапасыз, тапсырма толығымен орындалмаған, көпшілігі ғаламторда қазақ тілінде материалдың аздығынан деген себептер айтты.

Химия пәнінен қазақ тіліндегі электрондық оқулықтар саны аз, есесіне орасан мол қазақ тіліндегі оқулықтарды кітап сөрелерінен табуға болады. Электрондық оқулықтармен қатар, химиялық анықтамалықтар, қосымша және көмекші құралдар, терминологиялық

сөздіктерді қазақ тілінде еркін пайдалануға мүмкіндік туылса студенттерге де, оқытушыларға да үлкен жеңілдік болар еді.

Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда ақпараттық технологияны, электрондық оқулықтарды пайдалану маңызды роль атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Зимина О.В. Печатные и электронные учебные издания в современном высшем образовании: теория, методика, практика/М.: Изд. МЭИ, 2003. -336 с.
2. Береснева Е.В. Современные технологии обучения химии. М.:Центрхимпресс, 2004.
3. Қақатаева Б.Р. Болашақ химия мұғалімінің әдістемелік біліктілігін қалыптастыру технологиясы// «Хабаршы». Жаратылыстану сериясы, 2008. №1(3). 60-64 бб.
4. Нұғыманұлы И.Н. Химический язык и обучение химии//Алматы. 1992.
5. Беспалько В.П. Образование и обучение с участием компьютеров/М.:Изд. Моск. психол.-соц. ин-та. 2002. -352с.

УДК 502/504;574

Зайнуллина А.Ш., Абильсеитов Б.Т.
Алматинский технологический университет

РОЛЬ ОБРАЗОВАНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

В Алматинском Технологическом Университете дисциплина «Химия» и «Экология и устойчивое развитие» читается на 1 курсе. В настоящее время в связи с новыми тенденциями, вызовами и проблемами экологическое образование должно подняться на качественно новый уровень, что связано с противоречием между требованиями, предъявляемыми к человеку современная эпоха глобальных экологических катастроф, и реальным уровнем экологической культуры молодежи [1].

Одной из основных причин ухудшения экологической ситуации в стране является низкий уровень экологической культуры общества. В этой связи формирование экологической культуры является основной задачей, стоящей в экологической сфере [2,3]. Поэтому вопрос внедрения экологических учений во все этапы образования становится в настоящее время всё более актуальным. Целью экологического образования является постепенное формирование на протяжении жизни экологических знаний, экологической культуры, активной жизненной позиции по вопросам защиты окружающей среды [4-6]. Поэтому реализацию экологического просвещения необходимо начинать с раннего возраста и на протяжении всего обучения (например, «Экознайка» в начальных классах, «Юный эколог», «Экологический патруль» - в старших классах) [7]. Особо следует отметить, что экологическое образование должно быть построено по индивидуальным образовательным траекториям с учетом возрастных особенностей.

Экологическое образование направлено на формирование систематических знаний о взаимодействии природы и общества, умений и навыков изучения и охраны окружающей среды.

Экологическое образование должно носить непрерывный характер, начиная с раннего детства, далее в средней школе, а затем в ВУЗе. В процессе непрерывного экологического образования главенствующая роль принадлежит высшим учебным заведениям. Экологическое образование должно сформировать экологическое мировоззрение и экологической культуры студентов. По статистике 15% руководителей высшего эшелона в мире принимают решения, от которых зависит судьба 85% ресурсов планеты [4].

Поэтому наша цель дать нашим студентам, будущим инженерам-технологам необходимую экологическую подготовку. Экологическая культура как один из главных

факторов в гармонизации отношений общества и природы становится в настоящее время всё более актуальной. И первостепенную роль в этом процессе играют экологическое образование и воспитание [8].

Экологическое образование – это последовательный процесс обучения и воспитания человека, который ставит перед собой цель формирования системы научных и практических знаний. В систему экологического образования входят несколько принципов: научность, интеграция, непрерывность, систематичность и взаимосвязанность раскрытия различных аспектов экологии [9]. Экологическому образованию принадлежит интегративная роль и на него возложено решение следующих педагогических функций:

- формированию и развитию целостной картины мира;
- формированию способностей прогнозировать как свою, так и деятельность других людей;
- нравственное воспитание в процессе обучения, формирование нравственных ценностей, направленных на осознание студентами своей роли в создании гармоничных отношений между обществом и природой

В настоящее время наиболее часто применяют следующие модели экологического образования:

1. однопредметная
2. многопредметная
3. смешанная.

Каждая из этих моделей имеет свою специфику и преимущества. Выбор модели зависит от цели, дисциплины и задачи, которую ставит перед собой преподаватель.

Целью экологического образования в ВУЗе является перестройка мировоззрения студентов таким образом, чтобы девиз экологов «Думай глобально, действуй локально!» стал методологическим ориентиром в формировании мировоззрения и экологической культуры.

Современная экология является результатом межпредметного синтеза нескольких разделов естествознания и ряда гуманитарных наук [10].

Межпредметные связи выполняют в обучении экологии ряд функций: методологическую, образовательную, развивающую, воспитывающую, конструктивную функции.

Существуют несколько видов межпредметных связей: внутрицикловые и межцикловые. Виды межпредметных связей делятся на группы, исходя из основных компонентов процесса обучения.

Содержательно-информационные межпредметные связи делятся по составу научных знаний, отраженных в программах экологических курсов, и бывают: фактические, понятийные, теоретические.

Кафедра «Химии, химической технологии и экологии» Алматинского Технологического Университета готовит студентов по двум специальностям: «Химическая технология органических веществ» и «Экология». Для реализации межпредметных связей и реализации экологического подхода к изучению курса химии можно студентов химиков и экологов объединить для решения общей задачи, связанной с химическими проблемами экологии, экологическими проблемами химических, нефтегазоперерабатывающих, заводов, горнорудных, угледобывающих шахт, экологическими проблемами промышленных городов.

При изучении процесса круговорота углерода, кислорода, серы, азота и других элементов по экологии студенты должны акцентировать внимание на том, как ведет себя то или иное вещество в атмосфере, почве водной среде и какие воздействие они оказывают на биологические системы. На основе межпредметных связей полученные данные связывают с составом, строением и свойствами веществ на основе знаний, полученных при изучении дисциплины «Химия».

Знания по химии позволяют экологам решать задачи наиболее безвредного вхождения промышленного производства в природные циклы, делая его частью какой - либо

экосистемы. При оценке состояния объектов окружающей среды или качества готовой продукции знания химических методик химико-аналитического контроля, позволяет получить информацию, необходимую для последующего принятия решений о предотвращении поступлений вредных веществ в атмосферу. На лабораторных работах по химии можно провести анализ продуктов питания на содержание нитратов и связать полученные результаты с темой: «Экология здорового питания». Связь химии с экологией дает возможность раскрыть особую роль химии в сложившейся экологической ситуации. Можно привлечь студентов к исследовательской работе. Дать задания по СРС например, по изучению состояния природной среды их родного города, «Экология и окружающая среда Алматы», «Экология Алматы и устойчивое развитие» и многие другие.

На основе межпредметных связей у студентов формируются умения решать межпредметные познавательные задачи разных видов: 1) объяснять природные явления и процессы с помощью знаний смежных предметов; 2) решать задачи комплексного характера; 3) выполнять экспериментальные работы межпредметного характера; 4) осуществлять перенос знаний из смежных предметов; 5) составлять многостороннюю комплексную характеристику комплексных проблем, например, экологических.

Большой интерес у студентов вызывают количественные задачи межпредметного содержания, требующие для своего решения применения знаний по математике, физике, химии[11].

Задачи с химико-экологическим содержанием можно разделить на три типа [2-3]:

1. Задачи с химической характеристикой природных объектов;
2. Задачи об источниках загрязнения, видах загрязнителей окружающей среды;
3. О природозащитных мероприятиях и ликвидации последствий загрязнения;

Экологическая культура как один из главных факторов в гармонизации отношений общества и природы становится в настоящее время всё более актуальной. И первостепенную роль в этом процессе играют экологическое образование и воспитание. В этой связи перед преподавателями экологических дисциплин стоят большие задачи и предъявляются повышенные требования, так как они несут ответственность за экологическую культуру и воспитание будущих специалистов, а значит и за будущее нашего общества и мира в целом.

ЛИТЕРАТУРА

1. Парахонский А.П. Роль образования в формировании экологической культуры // Успехи современного естествознания. 2005. № 2. С. 46-47.
2. Парахонский А.П. / Роль образования в формировании экологической культуры // Успехи современного естествознания. 2005. № 2. С. 46-47.
3. Степанов С.А. / Формирование экологической культуры молодежи в рамках образования // Вестник РУДН, серия Психология и педагогика. 2008 . № 4. С.69-73
4. Захлебный А. Н., Дзятковская Е. Н., Грачев В. А. / Концепция общего экологического образования в интересах общего устойчивого развития // Вопросы современной науки и практики . 2012. № С39. С. 55-59.
5. Моисеев Н.Н. / Экологическое образование и экологизация образования // Экология и жизнь. 2010. №8. С. 4-6.
6. Мухоматдинова Л.А. / Экологическое образование как основа воспитания экологической культуры человека // Природоохранное сотрудничество: Россия, Монголия, Китай. 2010. № 1. С.187-189.
7. Захлебный А.Н., Дзятковская Е.Н. / Новые перспективы развития школьного экологического образования // Современные наукоемкие технологии. 2005 . № 10. С.19.
8. Чуйкова Л. Ю. / Концепции экологического образования, построенные на идее формирования экологической культуры. // Гуманитарные исследования. 2012 . № 2. С342-35211.
9. Тюрикова Г.Н., Ладнова Г.Г., Тюрикова Ю.Б. / Социальная экология 2-издание // М.: «Академия» 2012.С 78-85.

10. Зайнуллина А.Ш., Жайлау С.Ж. Проблемы межпредметных связей в преподавании органической химии в технологическом ВУЗе. - Материалы Международной научно-практической конференции «Стратегия развития пищевой и легкой промышленности», 4 июня 2004 г., Алматы, стр. 339-341.
11. Безуевская В.А. Химические задачи с экологическим содержанием //Химия в школе №3, 2000. С.59-61.

УДК 37.012

Агумбаева А.Е., Мүфтиев Б.Ө.

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ БҮГІНІ МЕН ЕРТЕҢІ

Әлеуметтік-экономикалық дамуда білім беру жүйесі жетекші орын алуда. Себебі, білімді ұрпақ – ел ертеңі. Сол себепті, қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Бүгінгі таңдағы мұғалімдердің міндеті – нақтыланған білімді қызықты әрі пайдалы етіп оқушыларға жеткізу. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Өскере дамып келе жатқан әлемде білім – ең негізгі бағаланушы ресурс болып табылуда. Барлық мемлекеттерде білімге негізгі көңіл бөлінуде. Осы орайда, заман талабына сай маманданған педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр.

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс-әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады.

Ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру шараларын жетілдіру қажет. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ, педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгінгі, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі.

Қазақстан Республикасының 12 жылдық білім беру ұжырымдамасында педагог кадрлардың кәсіби-тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру басты мақсат екендігін атай келе, 12 жылдық білім беруде педагог төмендегідей құзыреттіліктерді игеруі міндетті деп көрсетілген.

1. Арнайы құзыреттілік- өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілеті.

2. Әлеуметтік құзыреттілік- кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті.

3. Білім беру құзыреттілігі – педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті.

Ендеше құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Студенттер оқытушы қауымнан тек білімге ғана емес, өмірге үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Демек, болашақ педагогтеріміз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы: жедел шешім қабылдаушы: ерекше ұйымдастырушылық қабілетті: нақты бағыт- бағдар беруші болып шығуы - бұл қазіргі заманның талабы. Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ мұғалім - қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзыреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Психологтер де, педагогтер де адамның рухани интеллектуалдық, кәсіби шығармашылықпен өзін-өзі дамытуы өмірінің әр кезеңінде әр қалай деп көрсетеді. Мысалы, ұлы педагогтер А.Дистерверг, К.Ушинский, А.Макаренко, В.Сухомлинский, т.б мұғалімдік еңбекті адамтану ғылымы, адамның жан дүниесі, рухани әлеміне бойлай алу өнері дей отырып, педагогикалық шеберліктің дамуына зор үлес қосқан. Осы тұрғыдан алып қарағанда педагогикалық шеберлік-кәсіби әрекетті жоғары деңгейге көтеретін мұғалімнің жеке қасиеттерінің, оның білімі мен білігінің жүйесі.

Ең бірінші кезекте мұғалімнің «өзіндік жаңалығы» болуы қажет. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірибесін толық көшірмей, жаңа ортаға икемдеп, өзіндік іс- әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек. Қазіргі кәсіптік-педагогикалық қызмет қандай мұғалімді талап етеді. Мұғалім – оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан- жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді.

Қазақ мектебінің бүгінгі жайы мен ертеңі, оқушылардың білімділік және тәрбиелік деңгейі шешуші дәрежеде мұғалімге, ата-анаға және қоғам қауымдастығына жүргізілген жұмыстарға, ізденісіне байланысты. Бастауыш сыныптарға арналған бағдарламалар педагогикалық үрдісті жаңаша қарауды талап етеді. Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты – жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру болса, оқытудағы негізгі мақсат - өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Жеке тұлғаның дамуында маңызды роль атқаратын оқушының өз бетінше жұмысын тиімді ұйымдастыра білу; сол арқылы материалды саналы меңгертудің жүйесін жасау; оқушының түрлі дара қабілеттерін арттыру.

Өз бетінше жұмыс қазіргі жеке тұлғаны қалыптастыру және тәрбиелеуде, білім берудің приоритетін түбегейлі өзгертуде, яғни бұрынғыша оқушыны пәндік білім, біліктердің белгілі бір жиынтығымен қаруландыруды түбегейлі өзгертуде.

Өзіндік жұмыстың негізгі мақсаты оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту. Мұғалім сабақта әдіс - тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс - пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға

мүмкіндік туғызып отыру қажет. Әдіс – тәсілдер арқылы өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлануына және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып оларды сөйлетуге үйретеді. Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы қабілеті әртүрлі балардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан - жақты тануды ойлап, оқушылардың шығармашылық деңгейін бақылап отыру әрбір мұғалімнің міндеті.

Отбасының жетекшілік маңызы онда тәрбиеленіп жатқан адамның тән-дене және рухани дамуына әсер етуші ықпалдар мәні мен мағынасының тереңдігіне тәуелді келеді.

Ата-ананың ұйымдастыру және бағыттаушы ролін, ата-анамен бала арасындағы өзара қатынастың сипатын, бала тәрбиесіне әсер ететін жанұяның мақсатты адамгершілік бағыттарын, баланың жанұядағы араласатын іс-әрекетінің алуан түрлілігін, ата-ананың тәрбие құралдарын, тәсілдерін, әдістерін пайдалана алу қабілеттерін, баланың белсенділігінің дәрежесін көруге болады.

Ата-ана арасындағы, ата-ана мен бала арасындағы, балалардың арасындағы өзара қатынас педагогикалық процестің тәрбиелік механизмдері болып табылады.

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі, сғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда білім ордасы – мектеп, ал мектептің жаны – мұғалімдердің басты міндеті - өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу.

Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады.

Рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлғадағы ең басты қасиеттердің бірі - тіл байлығы, өз ойын нақты, терең мағыналы әрі көркем жеткізе білетін, шешен де ойлы сөйлей білетін, Абайша сөйлегенде сөзі жүрекке жылы тиетін, сөз құдіретін игерген адамдарда да тұлғалық қасиет болады. Рухани адамгершілікке тәрбиелеудің басты мақсаты оқушылардың белсенді өмірлік жолын, қоғамдық борышқа саналы көзқарасын, сөз бен істің бірлігін қамтамасыз етіп, адамгершілік нормаларынан ауытқушыларға жол бермеуді қалыптастыру болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР 2005-2010 жылдарға арналған білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы
2. Дамитов Б.К. Жоғары білім бойынша заңды және нормативті құжаттар жинағы. ҚР Білім және Ғылым Министрлігі.- А., 1996.-132б.
3. Современное состояние высшего образования в Республике Казахстан// Вестник высшей школы- А., 2005.-С.92.
4. Закон Республики Казахстан от 27.07.2007 N319-3 «Об образовании»
5. <http://www.edu.gov.kz>
6. Алшанов Р. Частное образование в Казахстане: становление и современные вызовы // Казахстанская правда, 2007, 2 ноября, №175
7. Данилова Т.В. Методика оценки конкурентоспособности вузов// Качество и конкурентоспособность в 21 веке: материалы 5 Всероссийской научно-практической конференции.- Чебоксары: Изд-во Чуваш.ун-та., 2006.-С.137. OECD, 2006, Education at a Glance: OECD Indicators 2006.-257 с.

ТАЛАНТТЫ ЖӘНЕ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖАЙЫНДА

Қай оқытушы болсын студенттерге сапалы білім беруде жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін соған қолайлы орта туғызуға мән береді. Талантты және дарынды балаларды оқыту дегеніміз – ойлауды, талқылау мен жан-жақты жоспарлауды талап ететін күрделі мәселе. Әртүрлі теория мен стратегиялар студенттерді оқытудың мазмұнын анықтауға қажетті бағдарламалар деп түсінеміз. Тәжірибеге негізделген талдау студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыруда көпшілік студентке талантты және дарынды балаларға арналған тапсырмаларды іріктеп оқыту арқылы нәтижелі оқу деңгейіне жететіндігін көрсетті.

Оқытушы студенттің талантты немесе дарынды екенін қалай анықтай алады? деген сұрақтың мазмұндық жағы әртүрлі. Мәселен, бала бір пәннен ғана емес, бірнеше пәннен біз күткеннен әлдеқайда жоғары деңгейде болуы мүмкін. Филология факультетінде оқитын кейбір студенттер әдебиеттік пәндерден гөрі, тіл саласына қатысты пәндерге бейім болып, тілдік талдауларды еш қиындықсыз жүргізе алады. Яғни біреуі сөйлеуге бейім болса, кейбірі жазуға, жазбаша түрде талдау, саралау жасауға икемді келеді. Сондықтан осындай студенттердің қабілетін, біліктілігін, әлеуеттік мүмкіндіктерін ашып көрсетуі үшін оларға жағдай туғызу керек.

Зерттеушілер талантты және дарынды балалардың бойында мынадай қасиеттер болатындығын айтады: *есте сақтау қабілетінің жоғары болуы; ақпаратты тек біліп қана қоймай, оны дұрыс пайдалана алуы; оқу үдерісінің қалай жүретінін басқалардан гөрі жақсы біліп, өздерінің оқуын реттей алуы; жоспарлауға көп жұмсаса да, жоспарын тез жүзеге асыруы; ақпаратты толықтырып, олардың қайшылықтарын анықтап, мәніне тезірек жетуі; өзгелерге қарағанда ойлау қабілеті жақсы ұйымдастырылған, оқуда және проблемаларды шешуде балама шешімдерді көріп, қабылдай алуы; қызығушылығын арттыру үшін күрделі ойын мен проблемаларға ұмтылуы; ерте жасынан бастап ерекше қабілеттерін ұзақ уақытқа шоғырландыра алуы; ерте жасынан сөйлей, оқи және жаза білуі* т.б. [1, 67].

Яғни оқу үдерісінде «ерекше» балалардың мүмкіндігін байқаудың, оны басқалардан ажырата алудың сабақты қызықты әрі тартымды өткізуге ықпалы зор. Себебі баланың бәріне ортақ берілген тапсырмалар оларды қызықтырмай, басқалардан бұрын жылдам орындап, бос отыруға әкелуі мүмкін. Сондықтан оларды ынталандыратын, ары қарай терең ойлануға жетелейтін қиын да күрделі тапсырмаларды жекелей ұсыну тиімді болмақ.

Оқытушы талантты және дарынды балаларды оқытуда мыналарға мән беруі керек секілді:

- баланың оқу қажеттілігін анықтап алуы;
- инклюзивті тәжірибеге сүйене отырып, түрлі тәсіл ұсына білуі;
- талантты және дарынды балалардың түсініктерін ажырата алуы;
- талантты және дарынды балалар үшін түрлі тәсіл ұсынуы;
- күрделі тапсырмалар құруға арналған тәсілдерді білуі;
- талантты және дарынды балалар үшін топта бірлескен тапсырмаларды жоспарлай алуы; дағдыларын анықтай алуы;
- «ерекше» балаларды оқытуда даралап оқытуға мән беруі;
- тереңдетілген тапсырмаларды әзірлеп, талдау алуы т.б.

Оқытушы ретінде белгілі бір тақырып бойынша топқа ортақ тапсырма беріп, барлығының орындауын талап етемін. Ол тапсырмаларды талантты және дарынды балалар оңай, тез арада аяқтап шығуы мүмкін. Тапсырма толық орындалып болған соң, міндетті түрде топтан кері байланыс аламын. Сол кезде студент алдағы уақытта қандай мәселеге басты назар аудару керектігін нақтылап атап көрсетеді. Студенттердің талап-тілектерін

ескере отырып, талантты және дарынды балалар үшін жеке-жеке тапсырма, күрделі мәселелерді қамтитын сұрақтар беремін. Сол арқылы оқу үдерісінің әлдеқайда нәтижелі болатынына көз жеткізе аламын.

Мысалы, қазақ диалектологиясы пәнінен жүргізілген семинар сабақта талантты және дарынды балалар деп саналатындарға жоғары деңгейлі күрделі тапсырма ұсындым [2, 85]. Оларды бір топқа біріктіріп, топтық жұмыс жүргізуін талап еттім.

1-тапсырма

1. Оңтүстік сөйленістерінің басты ерекшеліктерін сипаттап көрсет.

2. Батыс және оңтүстік сөйленістерінің түйісетін шегі, шегарасы қайсы?

3. Оңтүстік және батыс сөйленістеріне тән ортақ сипаттар

4. Оңтүстік және батыс сөйленістерінің пайда болуына, шығуына әсер еткен жағдайлар

Осы сұрақтарды ұсынып, мен студенттің материалды қаншалықты деңгейде игергенін, теориялық білім сапасының дәрежесін анықтай аламын. Яғни тапсырманы орындап болған соң күтілетін нәтиже, табыс критерийлері мынадай болуы керек деп топшыладым:

Талантты және дарынды балалардың өзін шартты түрде **А, В, С** деңгейлі деген үш топқа бөлдім.

А тобына жататын төмен деңгейлі студенттер мына критерийлерге жауап беруі тиіс:

1. Оңтүстік сөйленістеріндегі басты ерекшеліктерді атайды, бірақ неліктен басты ерекшеліктері екенін таратып сипаттай алмайды;

2. Батыс және оңтүстік сөйленістерінің түйісетін шегін, шегарасын айтады, неліктен түйісетіндігін, қандай негізге сүйеніп екеуінің шегін айқындаймыз дегенді айта алмайды.

3. Батыс және оңтүстік сөйленістерінің ортақ сипаттарын көрсеткенімен, фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ортақ ерекшеліктерін нақтылай алмайды.

4 Осы сөйленістердің пайда болуына әсер еткен жағдайларды санамалап көрсете алмайды.

В тобына жататын орта деңгейлі студенттер мына критерийлерге жауап беруі тиіс:

1. Осы сөйленістерге тән басты ерекшеліктерді сипаттап, неліктен басты ерекшелігі дегенге түсініктеме береді.

2. Оңтүстік және батыс сөйленістерінің түйісетін шегарасын географиялық орналасуымен түсіндіреді.

3. Сөйленістердің екеуіне де ортақ сипаттарды нақты мысалдармен ажыратып, түсіндіре алады.

4. Сөйленістердің шығуына ықпал еткен жайттарды нақты пікірлерге сүйеніп, сипаттап бере алады.

С тобына жататын жоғары деңгейлі студенттер мына критерийлерге жауап беруі тиіс:

1. Басты ерекшеліктерді сипаттап қана қоймай, оны ғылыми тұрғыдан дәйектеп, осы ерекшеліктерге қосымша ретінде мыналарды да қосуға болады деп, өз ұсыныс, идеяларын алға тартады.

2. Екі сөйленістің түйісу шегарасын географиялық орналасуымен де, тарихи деректермен де, ғылыми тұрғыдан да салғастыра отырып, түсіндіріп бере алады.

3. Екеуіне де ортақ ерекшеліктерді тіл тарихымен байланыстырып, ғылыми негізде салыстыра отырып дәлелдей алады.

4. Сөйленістердің шығуына әсер еткен жайттарды туыстас түркі тілдері материалдарымен салыстырып, оларды бүгінгі қолданыстағы шынайы тілдік деректер арқылы нақты көрсете алады, ғылыми тұрғыдан дәлелдеуге айрықша мән береді, ғалымдардың еңбектерінен дәйектемелер келтіреді, батыс және оңтүстік сөйленістерінің бір-бірінен айырмашылықтарын ажырата білудің қажеттілігі қанша? деген сауалға да тұшымды жауап бере алады.

Осы секілді тапсырма беру арқылы талантты және дарынды балалар өз ішінен іріктеліп шығады, олардың жауаптары критерийлерге сәйкес келуіне қарай бағаланады.

2-тапсырма

1. Қазақ тіліндегі жергілікті тіл ерекшеліктері сипатына қарай қандай сөйленістік топтарға бөлінеді? Бұлай бөлуді ғалымдар қай қағидатқа сүйеніп негіздеген?

2. Диалектілердің келешегі бар ма? Яғни уақыт өте келе олардың мүлдем жойылып кетуі мүмкін бе? Әлде жоқ па? Осыны мысалдармен қалай дәлелдей аласыз?

Аталған сұрақтарға дәйекті түрде нақты жауап берілуі тиіс. Жауаптары ғылыми негізге қазықталған, нақты дәлелдемелерге сүйенген, сенімді түрде болуы керек. Бұл тапсырмада талантты және дарынды балалар деп аталатындарға жұптасып екеуара сұхбаттасуға мүмкіндік беріледі. Сұрақтарды бір-біріне қоя отырып, әрі белсенді тыңдайды, әрі белсенді түрде жауап береді. Қосымша да сұрақтар қояды. Идеяларымен бөліседі, ортақ тұжырым жасайды. Бар ойын мәселені талқылауға шоғырландырады.

Яғни екеуара пікірлесу арқылы материалды жақсы түсініп, өз іс-әрекетінде (практика жүзінде) қолдануына мүмкіндік алады.

Бұған оқулық, монографиялар, әдістемелік құралдар, лингвистикалық карта, интерактивті тақта, флипчарт, парақшалар, түрлі-түсті қарындаштар, бор, алдын ала дайындалған сауалдама кестесі т.б. ресурстарды пайдалануға болады.

Қысқаша айтқанда, осы сияқты тапсырмаларды беру арқылы талантты және дарынды балалардың оқуға, тануға, білуге белсенділіктерін арттырып, өз мүмкіндіктерін жан-жақты көрсетуіне жағдай жасауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Студентке арналған нұсқаулық. Бірінші басылым. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015. – 185 б.

2. Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. Оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 200 б.

ӘӨЖ: 316.62:324

Сатиева Ш.С., Юсупова Л.А.

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

СТРЕСС МЕНЕДЖМЕНТ – ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫ БОЛДЫРМАУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

"Жанжал" (конфликт) сөзі латын тілінен аударғанда "қақтығыс" дегенді білдіреді. Ағылшын социологы Э.Гидденс жанжал екі жақтан жұмылдырылған күрестің қайнар көзі, әдістері мен құралдары қандай екеніне тәуелсіз әрекет етуші адамдар мен топтардың арасындағы шынайы күрес деп көрсетті. Жанжалдар - адамдар арасындағы өзара қатынас және әлеуметтік байланыстың ең мәнді жағы, сондықтан кең мағынада олар әлеуметтік деп қарастырылады. Ғалымдардың пікірінше, жанжал "қарама-қайшы бағытталған мақсаттардың, мүдделердің, пікір позицияларының, оппоненттер көзқарастарының немесе өзара әрекеттесу субъектілерінің қақтығыстары" немесе әлеуметтік қауымдастық пен индивидтердің қарама-қайшы тенденциялары мен мүдделерінің артуымен сипатталатын адамдар қатынасы, әлеуметтік топтар, әлеуметтік институттар, қоғам жүйесіндегі қарама-қайшылықтардың дамуының жоғары сатысы [1]. Конфликт элементтері: екі қатысушы немесе конфликттің екі жағы; жақтардың қызығушылығы мен құндылықтардың өзара сәйкессіздігі; қарама-қарсы жақтың қызығушылығын, жоспарын бұзуға бағытталған мінез-құлық; басқа жаққа әсер ету үшін күш қолдану; екі жақтардың мінез-құлығы, әрекеттерінің қарама-қайшылығы. Сыртқы орта сипаты, үшінші қатысушының болуы; қатысушылардың өзіндік ерекшеліктері: агрессивтілік, авторитеттілік. Конфликттік қатынастың стратегиясы мен тактикасы: жақтардың өзара тәуелділігі, яғни бір адамның белсенділігі басқа адамның әрекетін анықтайды, ал бұл әрекет бірінші субъектінің жауап реакциясын тудырады. Жағдайды конфликтілік деп ұғыну, яғни екі жақ бір-бірінің әрекетін мақсатына жетудегі,

әдейі жасалынған қастық деп бағалайды. Мінез-құлық стратегияларын таңдау: компромисске келу немесе рационалды шешім қабылдау [2]. Қоғамдық дамудың бағыттарының кездесуі ақпарат саласында бәсекеге түседі. Саяси мағынадағы жанжал анағұрлым үлкен жанжал болып саналады. Олар қызығушылықты арттырады. Зерттеу үшін келесі саяси жанжалдар таңдалды- биліктік, билікті- экономикалық, этноконфессионалды, конфенционаларалық. Әлеуметтік жанжалды саясаттандыру барысында өзекті сауалдарды анықтап алған жөн және БАҚ осы жүйеде қатысумен мәселелерді шешу нұсқаларын ұсыну қажет. Мәселені шешудің деңгейі мен жағдайы. Ресейлік әлеуметтік саясаттандыру жанжалдануда БАҚ жүйелік қатысуын зерттеу жұмыстары кездеспейді. Берілген мәселемен философия, әлеуметтану, саясаттану т.б. еңбектерімен байланысты. Ғылым әлемінде бұл мәселеге М Вебер, Э. Дюркгейм, Г Зиммель, Т. Парсонс, Г Алмонд, Д. Истон сияқты зерттеушілер зең қойып, қызығушылық танытқан. Әлеуметтік жанжалдың әртүрлігін анықтауға мына ғалымдардың жұмысы үлес қосқан Л. Козер, Д Галтунг, Р Даль, Р Дарендорф, Э Тоффлер, П. Бурдьё, Л Санистебан, С. Хантингтон, әлеуметтік жанжалды алдын алу үшін және мағынасын терең ашу үшін К. Митчелл, Л. Крисберг, Дж Рубин, Д. Пруитта сияқты зерттеушілердің жұмыстары ықпал еткен. Әлеуметтік жанжалды барлық салада түпкілікті зерттеу және динамикалық көрсеткіштерінің әрекеттері К. Боулдинг, М Дейч, С. Шикман еңбектерінде көрсетілген, әлеуметтік жанжалдың жалпы қағидалары К. Райт, Д. Бернард еңбектерінде де көрсетілген [3].

Біздің зерттеу назарымызға жарияланымдар, теле – радиобағдарламаларға арналған әлеуметтік жанжалдар: өңірлік органдары-атқарушы және заң шығарушы билік, өңірлік атқарушы билік органдары мен органдар жергілікті өзін-өзі басқару субъектілері саясат және экономика, ұлттық бағдарлы топтарының мүдделері өкілдерінің, діни конфессиялар, сондай-ақ жағдайларда туындайтын байланысты ұйымдастыруға және өткізуге байланысты сайлау науқанына шоғырланған көптеген шаралар болды. Барлығы 108 басылымдардың, журналдар мен газеттер, 20-дан астам теле - және радио бағдарламалары талданды. Алынған нәтижелердің тәжірибелік маңыздылығы әлеуметтік парадигманың әзірленуі. Соның нәтижесінде, конфликтология жүйе ретінде деңгейлік түсініктемелерді зерттеуге мүмкіндік береді. Құрылымдық қақтығыс - бұл тұрақты элементтер, динамикалық, өзара байланысты және ұйымдастыратын тұтас жүйесінің жиынтығын құрады. Элементтері құрылымы - объективті мәні (көзі) қақтығысын білдіретін мәні алшақтық қатысушылар арасындағы дау; себептері, мүдделері, тараптардың ұстанымдарын, халқымен, негізінде қарама-қайшылықтарды, ауыспалы сол немесе өзге нысанын немесе сатысын қақтығыс; тараптар қақтығыс, т. е. субъектілері, тікелей немесе жанама түрде тартылған дау үшін билік мәртебесі мен ресурстары саласындағы саясат құралдары; жанжалды сипаты; қақтығыстар т.с.с. Категориялық қайшылықтар маңызды ұғымымен түсіну үшін табиғат пен мәнін әлеуметтік жанжал ретінде көрсетуге іргетасын объективті жағдайлар, онда ол жүргізіледі және қызмет етеді. Қарама-қайшылықтар қоғамда өзіндік ерекше түрде ашып көрсетеді, оның мәні басым қозғаушы күші болып табылады. Әлеуметтік қақтығыс, объективті және субъективті қайшылықтар, проявляющихся өзара іс-қимыл тараптар өзгеше атмосфераға толы болды, бүкіл жүйесі мәнінде қарама-қайшылықтар, кез келген мұқтаж, тиісті рұқсат көрсете отырып айналды. Мысалы, тәсілі рұқсат кейбір қайшылықтар бар саясат саласындағы, жатуға мүмкін емес саясат, экономикалық саласында, және керісінше. Ішкі және сыртқы қайшылықтар, негізгі және негізгі емес, антагонистік және антагонистикалық емес, құрылымдық және функционалдық болып бөлінеді. Бір қарама-қайшылықтар болуы мүмкін оған тән тұтас бір тарихи дәуірі басқа - шағын уақыт- кезеңіне жеткізіледі.

Осылайша, қақтығыс табиғаты бойынша түрлі салаларымен, қоғам өмірінің байланыстығын анықтауға болады. Әлеуметтік жанжал жағдайды субъект пен әлеуметтік процес барысымен түсіндіріледі. Бұл жағдайлар оның мүдделеріне қысым жасалмайды, ал қажеттілік қанағаттандырылмаса, онда тиісті дәрежесі жағымсыз жағдайда туындайды.

Осыған орай, У.Вейтен, М.Ллойд еңбегіндегі стресс менеджменті туралы қарастырылған [4]. «Стресс» терминін көптеген ғалымдар мағынасын әртүрлі жағдайларда

пайдаланды. Томас Houlmz екі адамның күрделі талаптарын қозғау, (мысалы, ажырасу сияқты) ынталандыру оқиға ретінде стрессті анықтайды. Ганс Селе сияқты басқа да ғалымдар стрессті, оқиғаларға аландаушылық туындаған физиологиялық қозудың жауабы ретінде анықтайды. Бірте-бірте, психологиялық ғылымға көзқарасы оның бастапқы нүктесін жеңіске бастайды. Ричард Елазар мен оның әріптестері әзірлеген стресс бұл транзакциялық моделі. Бұл үлгіде жеке тұлғаны ынталандыру емес, қатерді сезінуі, реакция, ынталандыру және жауап арасындағы өзара іс-қимыл барысындағы арнайы, емес әрекеттерді стресс дейді. Елазар сараптамасы бойынша, ұқсас оқиғалар бір адамға стресс болуы мүмкін және басқа адамдар үшін стрестік жағдай емес екенін көрсетеді. Мысалы, кейбір адамдар үшін үлкен аудитория алдында қарым қатынас жасау шынайы рахатты әрекеттерді орындауға арналған мүмкіндік болады. Басқа адамдар үшін, ол жағымсыз, азапты уақыт кезеңі болуы мүмкін. Осылайша, Лазарус олардың өзара іс-қимыл арқылы анықталғандай стресс сипаты, ынталандыру емес, деген қорытындыға келеді [5]. Стресс кезінде адам оқиғаларды бағалауға және оларға бейімдеуге қалай әрекет жасауға болатындығына байланысты әрекет етеді. Бұл теория тұрғысынан, біз қауіп төндіретін немесе біздің саулығымыз үшін қауіп ретінде қабылданатын кез келген мән-жайлар ретінде стрессті анықтауымызға болады. Сондықтан стрестік жағдайлармен оларды жеңуге біздің қабілетіміз бен күшімізді сезінуге болады. Бұл болашақта біздің дене қауіпсіздік қауіп-қатер, өзін-өзі бағалау, бедел немесе ақыл әрекетке қауыптың алдын алу жүсеге асырады. Стресс - күрделі ұғым, сондықтан толығырақ бұған қарап көрейік. Күнделікті өмірде стресс сөзі, әдетте, апат, соғыс немесе табиғи апат ретінде қорқынышты нәрсе кескініне дейін ерекшеленеді. Аталған іс-шаралар, күмән жоқ стресстік болып табылады. Оған ғылыми-зерттеулер, әдетте мазасыздану, депрессия, және нашақорлық осындай апаттардың өсуінен зардап шеккен адамдар т.с.с. нәрселердің бәрі адам бойында мазасыздандық тудырады.

Осындай ерекшеліктердің алдын - алуында студенттермен превентивтік жұмыстардың жүргізілуі маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Анцупов А. Я., Шипилов А. И. Конфликтология.— М.: ЮНИТИ. 2011.
2. Ликсон Ч. Конфликт. — СПб.: Питер, 2007.
3. Наследов А.Д. Математические методы психологического исследования. СПб. 2006.
4. Weiten W., Lloyd MA. Psychology Applied to Modern Life: Adjustment in the 90s. 4th ed. Pacific Grove, California: Brooks / Cole Publishing Co., 1994. P. 60-93
5. Lazarus R. S., Folkman S. Stress, appraisal and coping. N.Y.: Springer, 1984.

ӘОЖ 044.413

Султанова Г.А.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ПРОГРАММАЛЫҚ ҚАМСЫЗДАНДЫРУДЫ ҚҰРУДА ТЕХНИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДАУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі уақытта жаңа технологиялардың жылдам қарқынмен дамуына байланысты, программалық қамсыздандыруды құрудағы технологияларда өзгеруде. Программалық қамсыздандыруды құрушылар қазіргі нарықта бірден-бір қажет етілетін мамандар болып табылады. Программалық қамсыздандыруды құру барысында техникалық тапсырмаларды жетілдірудің актуалды мәселелерін шешу үшін әртүрлі мүмкіндіктерге қол жеткізеді. Программалық қамсыздандыруды құру құрамына жүйелік және арнайы программалық өнімдер, сонымен бірге техникалық тапсырма енеді.

Программалық қамсыздандырудың талаптарын орындаудағы мақсаттардың бірі ақпараттандыру болып табылады. Жоғарыда айтып өткендей мекеме қызметінің

жұмыстарын нақты ақпараттар арқылы орындаушыға көрсету қажет, ал мекеменің жұмысын басшысымен қойылған тапсырмалары мен мәселелерін программалық қамсыздандыруды құруда енгізу арқылы шешуге тырысу қажет. Техникалық тапсырманың ақпараттық бөлімі толығымен аяқталған және архивтеліп қысылған болуы тиіс. Техникалық тапсырма ақпараттардан тұратындықтан, программалық қамсыздандыруды құру технологиясы дәлелденуі және зерттелуі үшін тапсырыс беруші мәліметтер береді. Техникалық тапсырманы орындауда келісім сөздерді ауызша жүргізуде пайда болған әртүрлі көзқарастарды, қарама-қайшылықтарды қиыстыра білу қажет [1].

ACHIEVABLE – достижимая. При постановке цели педагог должен учитывать все имеющиеся у него ресурсы. Конечно, на современном уроке необходимо ставить достаточно высокие цели, требующие определённых усилий. В то же время цели не должны быть завышенными или заниженными. В конечном итоге и те, и другие цели потеряют свою значимость.

REALISTIC – реалистичная. Цель обязательно должна быть ориентирована на результат. При формулировке цели необходимо помнить, что важны не только объём выполненной работы, но и конечный результат.

TIMED – определённая по времени. Формулируя цель, педагог должен чётко представлять себе сроки её достижения. Цель должна быть выполнима за определённый промежуток времени.

Для повышения мотивации учащихся к процессу обучения можно рекомендовать классификацию образовательных целей в соответствии с таксономией Б. Блума [4]. Таксономия – это учение о принципах и практике классификации и систематизации. Согласно таксономии Б. Блума, образовательные цели разбиваются на три области: когнитивную, аффективную и психомоторную.

Когнитивная (познавательная) область. Сюда входят цели от запоминания и воспроизведения учебного материала до решения проблем, при котором ученик переосмысливает имеющиеся знания и применяет их в новых условиях. К данной области относится большая часть целей обучения, выдвигаемых педагогами на каждом уроке.

Аффективная область. Умения в этой области отражают эмоциональную реакцию школьника. Аффективные цели находятся в тесной связи с человеческими взаимоотношениями.

Психомоторная область. Умения в этой области описывают способность ребёнка выполнять манипуляции с различными инструментами. Психомоторные цели связаны с развитием практических навыков учащихся.

Согласно таксономии Б. Блума все мыслительные навыки можно рассмотреть следующим образом: знание, понимание, применение, анализ, оценка, творчество.

На уровне знания цели соответствуют механическому воспроизведению изученного материала. Например, на уроке химии в 9 классе по теме «Азотная кислота и ее соли» школьники просто повторяют новые сведения об азотной кислоте.

Цели, относящиеся к уровню понимания, должны быть направлены на то, чтобы учащиеся могли изложить изученный материал своими словами. На этом этапе ребята с пониманием по-своему рассказывают о новом материале. В этом помогает учитель, который формулирует цели на уровне применения, предполагающие практическое использование учеником полученных знаний при выполнении заданий различной степени сложности. В связи с этим школьники выполняют различные упражнения, опираясь на новые знания.

Чтобы продемонстрировать уровень анализа, школьники должны уметь разделить пройденный материал на отдельные части и определить взаимосвязь между ними. Например, ребята разделяют материал на следующие части: строение молекулы азотной кислоты, ее физические и химические свойства, получение, а также особенности ее солей.

На уровне оценки учащиеся представляют своё личное отношение к изученному материалу. Они определяют качество усвоения данной темы.

Для того чтобы продемонстрировать уровень творчества, ученики применяют свои творческие возможности для представления рассмотренного материала в новой форме. Школьники прогнозируют области возможного применения полученных знаний об азотной кислоте и ее солях в жизненных ситуациях.

Цель обучения определяет то, чему стремится научить учеников учитель, конкретизируя свои «стремления» в вопросах:

- Какие знания необходимы ученикам?
- Какие ключевые идеи должны усвоить ученики?
- Какие вопросы должны быть проанализированы и исследованы учениками?

Результаты обучения демонстрируют учителю степень успешности его деятельности по достижению запланированных целей обучения на уроке.

Результаты обучения должны быть:

- ориентированы на личность ученика;
- выражены в форме глагола, характеризующего приобретённый навык;
- согласованы с общей целью обучения учеников [5].

ЛИТЕРАТУРА

1. Об особенностях организации образовательного процесса в общеобразовательных школах Республики Казахстан в 2016-2017 учебном году: Инструктивно-методическое письмо. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2016. – 277 с.
2. Постановление Правительства РК № 292 «О внесении изменений и дополнений в постановление Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 года № 1080 "Об утверждении государственных общеобязательных стандартов образования соответствующих уровней образования"», Астана, 2016.
3. Идришева З.Е., Ултанбаева С.Е. Практическое руководство по проведению Исследования в действии. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Центр педагогического мастерства, 2015. – 42 с.
4. Омарова Ж.З. Таксономия образовательных целей на уроке химии на тему «Сера и её соединения» с применением SMART-критериев // Химия в Казахстанской школе. 2015. №6. С.6-11. (Журнал).
5. Руководство для учителя. Первый (продвинутый) уровень, АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2012. – 280 с.

Имангалиева М.Е.

ШЖҚ «Талдықорған медициналық колледжі» МКК

БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ АКТЕРЛІК ШЕБЕРЛІК АРҚЫЛЫ ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН ДАМУ

"Театр кез келген сабаққа көмекке келеді және де ол үшін жасандылықтың қажеті жоқ тек оның формалық қана емес, әдістемелік қабілетін түсіну қажет."
О.Лапина, театртанушы әрі оқытушы

Педагогикалық шеберлік үнемі жетіліп отыруды қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу өнері. Ол өнерге балаларды сүйетін және өз қалауымен жұмыс істейтін әр педагогтің қолы жетуі мүмкін. Педагог – өз ісінің шебері, жоғары мәдениетті, өз пәнін терең меңгерген, ғылым мен өнердің тиісті салаларынан хабардар, жалпы, әсіресе балалар психологиясының мәселелеріне қанық, оқыту мен тәрбиенің әдістемесін жетік игерген маман. [2]

Заман ағысына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған маман – уақыт талабы. Кеше ғана көк туын желбіретіп шаңырақ көтерген егемен елімізді өркениетке жетелейтін білім бастауында мектеп, ал сол мектепте жас ұрпақ бойына білім негізінің мәңгілік іргетасын қалаушы- ұстаз тұрады. «Мұғалімдер- қоғамның ең білімді, ең отаншыл, білгілеріңіз келсе, ең «сынампаз» бөлігі болып табылады», – деп Елбасы Н. Ә. Назарбаев бекер айтпаса керек. Сондықтан да бүгінгі таңда тәуелсіз елімізге білікті маман, өз ісінің шебері қажет. Ал педагогикалық шеберліктің негізі неде?

Шебер педагог білімді, тәжірибесі мол, жан-жақты бола отырып, оқушыларды жеке тұлға етіп қалыптастыру мақсатында білім мен тәрбиені ұштастыра алуы қажет. Әр оқушының дарындылығын айқындау, олардың дамуына қолайлы жағдайлар жасау, мектеп, жанұя, мұғалімнің ролін анықтау, студенттер мен мұғалімдер ұжымын қалыптастыру – педагогикалық шеберлікті жетілдіруге негізделеді деп есептейміз.

Мұғалімнің шығармашылық әлеуеті жайында педагог-психологтар В.И.Андреева, Т.Г.Браже, Ю.Н.Кулюткина, М.Г.Мерзляковский, И.О.Мартынюк, В.Г.Рындак зерттеген. [3]

«Тәуелсіз елге – білікті маман» демекші, педагогикалық шеберліктің негізі, білім мен тәрбиені ұштастырумен қатар – педагогтардың жаңа технологияны меңгере білуінде және оны өз тәжірибесінде қолдана алуында. Педагогикалық көзқарас бойынша, «технология» ұғымы – дәстүрлі оқыту әдістерінен басқа, ерекше үлгіде ұйымдастырылған «педагогикалық өндіріс» деген пікір өз уақытында педагог-ғалымдар тарапынан сынға алынғаны белгілі. Осы сыннан соң бірте-бірте «педагогикалық технологияны» оқыту үрдісінің құрамдас бөлігі ретінде сипаттап, оны дидактикалық үрдістер мен оқыту құралдарымен жабдықтауда жаңа ақпараттық технологияға негіздеу туралы мәселе қозғалады. Ұстаз өз пәнін ғана емес, дүние сырын, қоғамдағы өзгерістерді, адам мінездерін, өнердің қуат әсерін білетін жан болуы қажет.

Біздің ойымызша, инновациялық технологиялар оқытуды ізгілендіру, яғни оқу құралдарын оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетінде пайдалануға көмектеседі. Оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың шарттарының өзі мұғалімнің әрдайым ізденісте, өздігінен білім алудың жағдайын туғызады. Ол педагогикалық шарттарға:

- инновациялық ізденіс қажеттілігі;
- инновациялық әдіс-тәсілдер жайлы білім;
- инновациялық әдіс-тәсілдерінің тиімді жолдарын қарастыру;
- инновациялық әдістерді меңгеру;
- инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану және білім беруді ұйымдастыру

формалары;

➤ инновациялық әдіс-тәсілдерінің нәтижесінің болуы; инновациялық әдіс тәсілдердің озық тәжірибелерін бекіту жатады.

Инновациялық іс-әрекетті басшылыққа ала отырып, педагогикалық шеберліктің басқа құрауыштарының маңыздылығын жоққа шығармаймыз.

Адам қажырлы еңбегімен табиғатты өзгертсе мұғалім жалпы жасампаз еңбегімен **жаңа адамды** қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп өмірге дайындайды. Оқушыларын тек біліммен қаруландырып қана қоймай, назарын, білгендерін жадында сақтауға, қабілетін, ойлауын, тіл шеберлігін ұштауға, дүниеге деген құштарлығын, өмірге деген көзқарасын дұрыс қалыптастырып, ықыласын, сенімін, төзімділігін, іскерлігін, ізденімпаздығын тағы басқадай танымдық қасиеттерін жетілдіріп, адамгершілігі мол азамат етіп тәрбиелеуді өзінің өмірлік мақсаты, ізгілік мұраты деп санайды. [2]

Педагогикалық шеберлік – тек қана мұғалімнің жалпы, жан – жақты және әдістемелік сауаттылығы ғана емес, ол – әр сөзді оқушылырға жеткізе білу, олардың толық қабыл алуы. Ұстаздық шеберлік: 1) мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның идеялық нанымды, моральды бойына сіңірген адам екендігі; 2) пәнді жетік білген, ойын толық жеткізетін және оқушылардың бойында әдеп, әдет, дағды сияқты моральдық нормаларды сіңіре білгендігі; 3) оқыту мен тәрбиелеудің әдіс – тәсілдерін меңгерген, білгенін қызықты да, тартымды өткізе алатын, педагогикалық әдеп пен талантын ұштастырған адам ғана шеберлікке ие болады.

Педагогикалық шеберлікте педагогикалық техника деп аталатын мәселеге мән беріледі. Мұғалім әр сөзін дұрыс сөйлеп, нық айтуы тиіс, оның жүріс – тұрысы, қозғалысы, отырып – тұруы оқушыларға ерсі болмайтындай дәрежеде болуы керек.

«Актерлік шеберлік арқылы педагогикалық шеберлікті дамыту» тақырыбындағы шығармашылық жұмысымды іздену барысында К.С.Станиславский жазған

актер шығармашылығының ғылыми сахналық теориясымен байланыстыру арқылы педагогикалық мамандықты кәсіби тұрғыдан дамытуға болатындығын дәлелдей түсті. К.С. Станиславский «Менің өмірім, өнерім» атты кітабында «Әртіс өз бетімен, өз еркімен іштей және сырттай жұмыс жасауы тиіс және жеке рөлмен іштей және сырттай жұмыс, кездесетін тосын жағдайлар, кідіріс, әрекет, әрекетті бағалау, конфликт және оларды шешу, костюм, гримм, көркемдік безендірулер, бұлардың бәрі оқушылардың таным, үрдісін: қиялын, талғамын, есін, ойлауын, зейінін, қабілетін дамытып қана қоймай, өзін көпшіліктің ортасында еркін әрекет етуіне, ойын ортаға ашық сала білуге, адам бойында бала кезден қалыптасып қалған кейбір ұялшақтық, қорқақтық шешімге келе алмаушылық деген сияқты жағымсыз факторлардың болуына әсер етеді». Сахна жүйесі мен оқыту жүйесін байланыстыру әдісін көпетеген елдерде оқу орындарында кеңінен қолданып жүр. Мәселен, Чехославакияда Мейерхольдтың «Моторлы қозғалыс кардинациясы» ілімін әлі күнге дейін мектеп оқытушылары қолданып келеді. Бұл ілімде оқытушы өз қимыл- әрекетін басқара алуы, үйлесімді жест, әдемі мимика, жағымды дауыс тембрі т.б. қарастырылады және оған арнайы жаттығулар жасалады. [1]

Жүйе жасау үрдісінде К.С. Станиславский орыстың материалистік физиологиясын салушы И.М. Сеченевтің «Мидің рефлексі» атты еңбегін пайдаланады. Содан соң Павловтың шартты рефлекс туралы ашқан жаңалықтарын байланыстыра келе кейіпкержандылық өнерінің негізгі принципі; сана арқылы санадан тысқарылыққа, ерікті түрден еріксіздікке бару арқылы кейіпкер образын ашатын актерге сахнада шабыт беретін, сахнаның сыр құпиясын ашып берді.

К.С. Станиславский жүйе жасау үрдісіндегі И.М Сеченевтің «Мидің рефлексі» туралы ілімін қолдануы, актердің сахнада ашылуына жол берсе, ал педагогикада оқытушы шеберлігін қалыптастыруға байланысты пайдалануға болатындығы ескеріледі. Мәселен: ұзақ тәжірибелі зерттемелердің көрсеткіштері бойынша жас жеткіншектердің 40 пайызы жасқаншақтықтан жапа шегеді екен. Жасқаншақтық және өзіне- өзі сенімсіздіктің емі, не нәрседен көп қорықса, сол мәселені шешушінің ролін өзіне орындату. Рөлді орындау барысында оқушы әлсіз, ұяң кейбір жерлерін ұмытып, өзінің шынайы қалпынан басқа адамның кейпіне келеді. Аяғында жұмысының нәтижесінен рахат табады, осындай бөгде

кейіпкерлердің жан дүниесіне ене келе кемшілік жерлерін байқайды. Қоғаммен байланысты мінез- құлық, дағдыны қалыптастырады. Тапсырма қиындаған сайын ол өзінің күш жігерін, іскерлігін түгел пайдаланады. Тапсырманы қайтсем дұрыс орындаймын деген ой, оның басқа жағымсыз факторларының қабаттасуына мұрша бермейді. Бұл мен емес, менің кейіпкерім деген- міндет оның ойынша қол жеткізу мүмкін емес болып көрінетін әрекеттерді орындауына мұрса береді. Осылайша түрлі кейіпкерлерді сомдаудың барысында өзіне тиесілі сенімділік пайда бола бастайды. «Сана арқылы санасыздыққа, ерік арқылы еріксіздікке, шарттыдан шартсыздыққа» ауысу үрдісі жүреді. Режиссура классиктері; К.С. Станиславский, В. Немирович-Данченко, В. Мейерхольд, А. Таиров, А. Папов пластика іліміне зор көңіл бөлген. Атақты режиссер, өнер қайраткері халық әртісі, профессор Маман Байсеркенұлы өзінің «Сахна және актер» атты кітабында «Ерттеулі аттай көз тартар ерекше бітім, адам тәнінің көркемдік қасиеттері жойылып барады. Әсемдіктің орнына әсемпаздық, сұлулықтың орнына сұмпаиылық, көріктілік орнына кердеңдеушілік, адыраңдаған, едірендеген, ербеңдеген тұрпайы қимылдар мен қозғалыстар көбейіп кетті. Соның салдарынан сөз бен сымбаттың келісімділігі өзара үйлесім өрнегін таппайтын болды»- деп ренішпен жазады. Сол секілді оқытушылардың тек сөз әрекетімен ғана емес тұлға қимыл-әрекетімен де жаттығуы керек екенін естен шығармаса дейміз. Егер жазушы алдына белгілі бір мақсат қойса, ол оның сол тақырып жөнінде айтайын деген идеясы болып есептелінеді. Режиссерлерде де көкейкесті мақсат болады, сол іспеттес оқытушылардың да ашылатын жаңа тақырыбының негізгі түйіні мақсаты, идеясы бар. Оқушыларды шығармашылық ізденісі арқылы көру, есту зейіндерінің көлемін кеңейтіп дамыту барысында ойын, арифметикалық есептеу, тіл мәдениеті, дауыс тембрі, дұрыс қимыл, әдемі жест, қарапайым қимылдар, орындықта шусыз отырып тұру, аяқтың адымын дұрыс алу т.б. әрекеттерге арналған жаттығулар жасалынады. [1]

Педагогика пәнінде тақырыптар өте бай. Мысалы; «қанатты сөздер» тапсырмасында оқушылар сабақ соңында оқып шыққан мәтіндерден, қай оқушы қай жерде оқу мәнерін бұзды, қай сөзде дыбыс екпінін дұрыс қоймады, деген кемшіліктерді талдаумен сабақты аяқтайды. Қай кезде рөлдік ойындар ойналады. Мысалы: сот, хатшы, айыпталушы, адвокат, куәгерлер т.б. Бұл рөлдік ойындар оқушылардың сөйлеу мәдениетін, пікір таластыру мәдениетін, сөйлеу мазмұндылығына құралады. Онымен қоса образдық талғам, сенімділік, жест, мимика үйлесімділігі де есепке алынады. Ойын сабақ соңында ойналып, талданады. Әрине оқушылар кәсіби әртіс боламғандықтан олар кейіпкерлерді шамалары келгенше, өз қиялының зердесі жеткенінше сомдайды. Дегенімен, өз тәжірибиемнен біліп түйгенім, олардың жастық жалындары, білуге, үйренуге құштарлығы, адами тазалығы жеке тұлға ретінде қалыптасуына үлкен нәтиже береді.

Білімгерлердің әр дайындықта (репетицияда) кейіпкерлеріне жаңа мінез (образ) жасау арқылы біреудің жан- дүниесіне кіруге үйренеді, өздерінше философиялық тұрғыдан талдау жасайды. Бізге белгілі кәсіби деңгейді көтерудің мынадай салалары бар:

- Кәсіби бағыт;
- Кәсіби білімділік;
- Педагогикалық техника;
- Педагогикалық қабілеттілік;
- Педагогикалық мәдениет;

Осы айтылған салалардың бәрін «актерлік шеберлік арқылы педагогикалық шеберлікті дамыту принципіне сүйене отырып қалыптастыруға болатынына көз жеткіздік.

Ішкі органикалық – эмоционалды кедергілерді жеңудің ең қысқа жолы ол – театрландырылған ойындар арқылы берілген жол. Ойлау және сөйлеуді үйрену, сөздің құпияларын тану, әлемдегі заттар мен құбылыстарды сезіну, өзін –өзі тәрбиелеуде таптырмайтын құрал.

«Актерлік шеберлік» арқылы жеке тұлғаның эстетикалық талғамын адамгершілік рухани қабілетін әдеби шығармашылық қиялының дамуына және қалыптасуына жағдай жасау.

1. Білімгерлердің жеке шығармашылығын дамыту
2. Жалпы мәдениеттілігін дамыту.
3. Театр өнер саласындағы білім тәжірибиесін, дағдысын қалыптастыру.
4. Сахна заңдылықтарын, қозғалыс техникасын, сөйлеу шеберлігін (ырғақты интонация, логикалық сөйлеу т.б.) қалыптастыру. [1]

Спектакльмен жұмыс, сахнада жасалынатын сахналық тренинг- жаттығулар мен этюдтардан бастап, қимыл қозғалыс дағдыларының шығармашылық үйлесімділігіне, әрбір мәтіннің өзіндік құпия кілтін табуға және оны өзгеше дауыспен (қайғылы, қуанышты, ашулы, құпиялы т.б.) бөліп айта білуге үйрету. Комплексті ырғақты, әуенді икемді ойындар мен жаттығулар тұлғаның қоршаған ортамен үйлесуіне еркін де мәнерлі қозғалуына әсерін тигізеді. Актерлік шеберлік арқылы педагогикалық шеберлікті дамыту бірнеше тарауларға бөлініп, жүйелі түрде мақсатқа жетуді көздейді. [4]

Педагогикалық шеберліктің негізі – балалардың өз еркімен дамуына жол ашу, оқу – тәрбие процесінде оқушылармен педагогикалық ынтымақтастықтар жұмыс атқарудың формаларын, әдістерін дамыту, шәкіртке деген қамқорлық пен сүйіспеншілікті арттыру педагогикалық шеберліктерінің басты сипаты болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байсеркенұлы М. «Сахна және актер» Алматы, 1992ж.
2. Көшімбетова С. «Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары», пғк дисер Тараз, 2004, 113-б.
3. Якушева С.Д. Основы педагогического мастерство Москва «Академия» 2009 г.
4. //Білім шапағаты 2010 №2 Жумадилова С.М. «Актерлік шеберлік» арқылы педагогикалық шеберлікті дамыту

УДК 37.01:13

Феталиева Н.Ю.

Карагандинский Государственный Университет им. Е.А.Букетова

ФИЛОСОФИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КАК ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПАРАДИГМА

Сама сфера образования сегодня включена в ряд глобальных проблем современности, таких как экологическая, демографическая, социальная и др. Уже это, в свою очередь означает ее актуальность. Кроме того, глобальные проблемы обозначают общемировые проблемы: они касаются всех и могут быть разрешены всем человечеством. Как это возможно?

Здесь не только необходимо осознание проблемы на уровне мирового масштаба, но и осознание значимости вариантов их разрешения для общества и мира в целом. Поэтому наличие философской рефлексии здесь очевидно. В свою очередь это шанс возрождения самой философии. Поиски же путей гармоничного объединения человечества – основная проблема философской глобалистики.

Таким образом, само образование далеко не чуждо философии. Ведь оно более древняя, глубокая область бытия, нежели экономика, политика и др. Оно ближе человеческой сущности, поскольку составляет основу человеческого бытия, заключающегося в становлении – образовании. Платон указывает, что государственная должность, состоящая в воспитании мальчиков и девочек гораздо значительнее самых высоких должностей в государстве [1, 98]. Президент нашей Республики, Назарбаев Н.А. отмечает, что «конкурентоспособность нации определяется уровнем ее образованности» [2, 3].

То есть, само значение образования для человека, общества и государства огромно и бесспорно. И это не удивительно, поскольку именно оно является непосредственным и работоспособным агентом будущего. Отсюда следует, что человек-образование-общество –

это единая система, и наличие кризиса в одном из составляющих частей автоматически означает кризис другого. Так в результате прагматизации образования (преобладание технологической и выхолащивание гуманитарной и гуманистической составляющей, отсутствие понимания универсальности знания) возникает серьезная социальная проблема – экологический кризис, и как следствие, через свою деятельность человек становится опасен для себя самого.

Затрагивая проблему образования, мы приходим к проблеме человека. Это еще раз показывает необходимость философского осмысления образовательной среды. Поэтому возникновение философии образования не является случайным. Разработка ее проблем, задач и функций как никогда актуальна.

Во-первых, это несоответствие внутреннего содержания образования с внешними изменившимися условиями, то есть неизбежно транслируемая система знаний, умений и навыков, которые необходимо усвоить каждому, беспомощна при решении задач и проблем, стоящих перед современным человеком. Поэтому он осознает бессмысленность в получении образования, что приводит к проблеме отчуждения человека от образовательной сферы. Отсюда, падение престижа образования и статуса университета. Этому также способствовала прагматическая направленность последнего, разведение гуманитарного и технического образования, забвение гуманитарных культуuroобразующих, а значит человеческих ценностей. И как следствие, субъект-объектная парадигма отношений и также догматическое отвлеченное понимание самих образовательных категорий: прежде всего, самого образования, гуманитарного образования, идеи университета и некоторых других.

Во-вторых, установившаяся информационная модель общества ставит новую проблему отношения человека и компьютера. Обучающийся (человек), посаженный за компьютер, попадает в мир заданный, поскольку в нем уже все известно, нужно только найти правильный ответ (задачный уровень). Это влечет за собой отсутствие интереса и способности к самостоятельным открытиям. Таким образом, обучающийся (человек) занимается псевдодеятельностью в псевдореальности. К тому же он вообще перестает ценить живое общение: здесь культура общения без личного присутствия, но в режиме диалога. Сам компьютер в будущем может реально претендовать на роль учителя. Поэтому нужно определить его место в образовательном процессе и, вообще, осознать необходимость отношения человечества к технике как к средству, но не как к цели.

В-третьих, с образованием новых независимых государств изменился и социальный заказ на образовательную деятельность. Встала проблема необходимости вхождения в мировое образовательное пространство. Система же образования, существуя по старым государственным стандартам, не смогла нормально функционировать в условиях рынка. Отсюда невостребованность ряда специалистов или их перепроизводство. Выпускник прежней системы, человек – профессионал в области только своего знания оказался не способным к перестройке совмещению и организации новых видов деятельности, то есть оказался не способным и к саморазвитию.

Поэтому реформирование образовательной системы в нашей Республике также нуждается в осмыслении. Например, идея непрерывного образования приравнивается к прохождению пяти образовательных уровней. С позиций же философии образования эта идея и есть формирование потребности в непрерывном образовании в самом человеке. Отсюда идея самообразования. Или указание на изменение содержания образования от знаниецентрического к компетентностному. С точки зрения же философии образования, в результате подобного изменения получим человека – специалиста, владеющего определенной суммой знаний, умений и навыков, то есть компетентного только в какой-либо области. Скорее изменение должно привести к личностноцентристскому образованию. Тогда на выходе будем иметь человека универсальной направленности, а компетентность здесь всего лишь свойство личности.

Таким образом, ясно, что педагогика сама не может разрешить «собственные» проблемы, что доказывают многочисленные реформы и нововведения, оказывающиеся часто

безуспешными. Потому что эти проблемы касаются не только образовательного процесса, но и человека и общества. Отсюда, беспомощность педагогики и возникновение философии образования как необходимости осмысления кризисной ситуации бытия человека и становления его в современном мире (в частности в сфере образования).

Современный мир же сегодня может быть представлен новым мировидением – синергетикой. Образование, согласно ее позиций, является открытой системой, в которой, как и в любой другой подобной системе, господствуют не порядок, стабильность и равновесие, а неустойчивость, нелинейность и хаос. То есть, есть смысл говорить о синергетике как методологии нового научного знания, и системы образования в частности [3;55-70].

Ответом на вызов этим актуальным проблемам, считаю, является философия образования, которую мы определяем как образовательную парадигму со сложившимся проблемным полем, задачами и функциями.

Относительно возникновения философии образования в периодических изданиях представлены две основные точки зрения. Первая – это взгляд самих педагогов, которые считают, что философию либо вообще следует «удалить» из педагогики, либо отождествить с ней. Вторая – это взгляд философов, по мнению которых, философия образования также или признается самостоятельной областью знания или нет. Но и в том и в другом случае философы (в отличие от педагогов) признают наличие в образовательной сфере проблем, носящих философский характер.

Поэтому возникновение философии образования является оправданным. По моему мнению, в ее проблемное поле входит интроспективное рассмотрение исходных образовательных категорий, раскрытие их смысла, и как следствие, переориентация образовательной деятельности. Но самая главная проблема – это преодоление отчуждения от образовательной сферы. Результат разрешения первой проблемы заложит тот необходимый фундамент в построение новой образовательной парадигмы, решение же второй проблемы означает понимание образования как принципиально гуманитарного, культуuroобразующего, а значит подлинно человеческого.

Необходимо сконструировать образовательную сферу, ориентированную на формирование человека универалистской направленности. Это, в свою очередь, идея принципиально гуманитарного образования. Гуманитарный с латинского означает, относящийся к человеческому обществу, человеку и его культуре. Значит центром, такового образования, является человек, а не сумма знаний, умений и навыков. Обращенность к человеку указывает на необходимость философского осмысления образовательной среды.

С позиций философии образования можно попытаться наполнить забытым содержанием, возродить сами образовательные категории. Например, образование, гуманитарное образование, университет как идею универсального образования.

Образование - не есть сумма знаний, умений и навыков, а есть образование. Образование себя с помощью образа, который человеку нужно самостоятельно найти и восстановить. Поэтому он должен работать с текстом (первоисточником), где есть возможность выхода на смысл, а значит воссоздание мысли автора через себя. Это и будет подлинным становлением, образовыванием человека, личности благодаря его собственной работе. То есть, образование, по преимуществу, есть самообразование.

Гуманитарное образование – это не совокупность социально-гуманитарных дисциплин, а имманентная основа самого образования. Это есть культуuroобразующее, а значит подлинно человеческое образование. Но научить человека работать таким образом и сформировать у него потребность в самообразовании должна именно образовательная среда.

Университет – высшее учебное заведение, ориентированное не столько на формирование человека-профессионала, интересы которого касаются лишь узких сфер знания (как правило, прагматических и технизированных), сколько на личность, человека универсального знания, осознающего свою ответственность перед обществом и миром в целом.

Через такую идею образования представляется возможным преодоление отчуждения человека от образовательной среды, возрождение системы образования и статуса университета, а значит и философии именно в век технологий.

Важно, что с помощью нового мировидения, синергетики можно еще глубже понять смысл и его значение для человека и общества. Синергетические категории (нелинейность и неустойчивость, флуктуации и бифуркация, самоорганизация и аттрактор, необходимость и случайность, порядок и хаос) работают в этой системе.

Образование как образование. Здесь идея синергетики о самоорганизации как о самообразовании.

Гуманитарное образование как культуuroобразующее. Здесь идеи нового мировидения о синтезе культур (Восточной и Западной), гуманитарного и технического образования, микрокосма – человека и макрокосма – мира.

Университет как вуз, ориентированный на формирование личности. Идеи синергетики о нелинейности мышления, состоянии хаоса, самоорганизации др.

Итак, сегодня система образования стоит перед необходимостью решения проблем, связанных с поиском путей и способов формирования совершенно иной и культуры мышления, и культуры организации всех видов коммуникации, и культуры организации любого вида профессиональной деятельности. Что по своему инновационному потенциалу действительно может обеспечить максимальную степень самостоятельности и готовности каждого члена общества к наиболее эффективным видам деятельности в новых социальных реалиях, соответствующих идеалам построения гражданского общества, утверждения рыночных отношений и создания правового государства. Естественно, что подобная смена социального заказа на качество выпускников системы образования потребует коренного и действительно инновационного изменения процессов организации всех видов образовательной деятельности. Для чего нужен поиск путей и способов формирования «качественно иной рефлексивной культуры мышления», привитие «иной, новой культуры организации всех видов коммуникации», разработка стратегий по овладению «иной культурой организации любого вида деятельности вообще» [4, 118-119].

Ясно, что выше обозначенная проблема находится в состоянии разработки, представляя собой обширное поле для исследовательской деятельности.

ЛИТЕРАТУРА

1. См. Платон Диалоги: Пер. с древнегреч. – М.: ООО «Издательство АСТ»; Харьков: «Фолио», 2001.
2. К конкурентоспособному Казахстану, конкурентоспособной экономике, конкурентоспособной нации: (Послание Президента народу Казахстана) // Индустриальная Караганда. – 2004 (23 марта). - № 34.
3. См. Венгеров А. Синергетика и политика // ОНС. – 1993. - № 4.
4. Батулин В.С. Состояние и проблемы постсоветского образования в контексте теории деятельности // Вестник Оренбургского государственного университета. – 2012. – №7. – С. 114-120.

УДК 82-1: 821.512.122

Тулегенова Ш.И.

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

«ЖАСАУЫЛ ҚЫРҒЫНЫ» ДАСТАНЫНДАҒЫ КЕЙШТЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Фольклор, ауыз әдебиеті сонау ықылым заманнан бері қарай ғасырдан ғасырға жалғасып, халық жадында келеді, мәңгі жалғаса бермек. Қазақ халық поэзиясынан сусындап өскен ақын, ауыз әдебиеті нұсқаларын жырларына үлгі-өрнек ете отырып, «қалың елдің

күндегі тұрмыс қазанында қайнап пісіп, дүниеге келген» халықтық тілді өз сөзімен қолданып, айтпақ ойын шашыратпай түйіп, дәл де айқын етіп, айшықтап, әсерлеп жеткізе білген, яғни, ақын жырларының «ел аузынан түспейтін» құндылығы – осы халықтығында жатса керек.

Сазды Әйет Сарыарқада Түйемойнақ,
Сарыжайлау, сабатына бие байлап,
Отырып уық тастам көшпелі елдер
Ететін ала шаңдақ үнемі ойнақ.
Тірілген шыбын-шіркей шілде шалып,
Көк майса құлпырған кез жер жасарып.
Өткен күз ел көшкеннен бермен қарай
Қонбаған жалғыз ауыл ірге салып [1,520].

«Жасауыл қырғыны» дастаны осылай басталады. Кедір-бұдырсыз, мінсіз құйылған өлең. Себебі – буын, бунақ саны өзгермейді (Н.Ахметбеков жырларында буын, бунақ саны үнемі біркелкі сақталып отырады) Бұл өлеңнің ырғағын да бірқалыпқа түсіріп, әуенге салып айтуға жеңілдетеді. «Ақын тілі сөздің дұрыстығының, тазалығының, дәлдігінің үстіне, көрнекті, әуенді болу жағын да талғайды» (А.Байтұрсынов). оның үстіне жер, ел атауларына орай соған үндес, әрі күш беретін, әрі айқындай түсетін, дәлірек айтқанда, эпитетті (айқындауды) – «заттың, құбылыстың айырықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөздерді» (З.Қабдолов) пайдаланған сарыарқаның алдына сазды Әйетті, Сарыжайлаудан кейін сабат сөзін алуы өлеңге көрік те, беріктік, күш-қуат беріп тұр. Өлең төрт буынды түбірлі ұйқаспен қамшыдай шебер өрілген.

«Уық тастам» - қазақ менталитетіне ғана сай өлшем. Оқыған сәтте көкейіңе қонып, көкірегіңді оятып, ұлттық сезіміңді қытықтап, жаныңды әлдебір сағынышқа бөлейді.

Ақын синоним сөздерді таңдап алады. Бұл жерде басқа қай өлшемді алса да дәл осындай болып шықпас еді. Мәселен «уық тастамның» орнына «он қадам», «он метр», «таяқ тастам» десен де әсері жоғарғыдай болмасы анық. «Ететін ала шаңдақ үнемі ойнақ» та жайдан-жай айтыла салынбаған. Бұл оқушыға алдағы болар оқиғаны меңзету, «жасауыл қырғынына» апарар, соған бастар, соған барар жол.

«Тірілген шыбын-шіркей шілде шалып» кез келген ақынның тіліне орала бермейтін тіркес. Ақын бұл жерде шілденің жылуының бар тіршілікті, тіпті шыбын-шіркейге дейін тірілткенін бейнелей айтып отыр. «Көк майса құлпырған кез жер жасарып» - жерге жан бітіріп, оның сонылығын «жалғыз ауыл ірге салып» ел қонбағандығымен дәлелдей жеткізеді.

Бұдан әрі дастан «Жағалап жанбауырлай Бестөбені, Ызғындай қызыл-жасыл көш келеді» деп жалғасады, қандай әдемі сурет?! «Жанбауырлай» дейді автор. Бұл сөз көбіне-көп бауырымен жорғалаушыларға, соның ішінде жыланға байланысты айтылған. Ақын соны әдейі көштің қандай көш екендігін жеткізу мақсатында алған. Өйткені, көш жәй көш емес, елге бүлік алып келе жатқан көш. Кейін «Айбыны жұрт көңіліне қорқу салды, Аңсызда бір аждаға келгендей боп» деп бұл тұспалын нақтылай түсіп, еселей жеткізеді.

Көш Шаңдақкөлге «еңкейіп келе жатыр». Ақын тағы да синоним сөздерді таңдап қолданған. «Жақындап», «таяп», «жуықтап», «жанасып» демейді, «еңкейіп келе жатыр» деп көзбен көріп тұрғандай айтады.

«Жағаның жасыл тартқан балқашында, көш алдында тіккен шатыр көрінеді. Шатырдың тіреулері жалт-жұлт етеді. Ішінде күжілдеген кілең бөрі, жамбастарында селебелер жарқылдайды. Жасыл сырлы керегелер жайылып, оқалы үзік, дөдегелер ат үстінен сырықпен көтеріліп жабылад».

Жанды сурет жалғаса түседі:

Тартылып жібек белбеу, шым зерлеген,
Ақ киіз оймышталған күн көрмеген,
Алтындап шаңырағына шоқ орнатып,
Шеңбері шымқай күміс күмбезденген.

Ақ үйлер жұмыртқадай қатарласып,
Иесіз жер ен даланы мысы басып,
Бәрінің тәңірісіндей ортасында
Аңғарын бір ақ орда тұрған ашып.
Қаңтарып ылғи жарау атты парлап,
Нарларды қызыл бұйра шапқатарлап.
Қақтырып қайың қазық, желді тартып,
Тулатып асау, тағы құлын байлап.

«Селебе», «дөдеге», «оқалы үзік», «белдеу» қазір жиі айтыла бермейтін көне сөзге (арахизмге) айналып бара жатқан киіз үйге байланысты атаулар. Ал «Шапқатарлау» - түйені айқастырып қаңтару екен. «Алтындап шаңырағына шоқ орнату» да көбімізге беймәлім әшекей. «Қызыл бұйра» нарлар, «қайың қазық», «асау, тағы құлын» тың айқындаулар.

Одан әрі хан ордасының іші-сырты суреттеледі. Ертедегі, аңыз әңгімелер оқып, батырлық, ғашықтық эпостарды жаттап айтып өскен ақын қиялға бай. Көргенін қалт жібермейді, сезімтал да аңғарғыш. Бәрін көз алдында жандыдай елестетеді. Сондықтан сен де сол хан сарайын көріп тұрғандайсың.

«Ылғи шонжарлар жиналған ордада сары қымыз сапырылып, қырық кісі бұйым емес хан ордасы лық толып, дәл осы күн тығыз. Ауылдан аулағырақ бір дінгек тұр. Сырғауылдан ұзын желді тарттырған және бір ат байлайтын, шамасы ат шаптырым (асырап айту!) ағаш керте жасалған. Қамшыларын ерлерінің басына іліп, бәрі жаяу жүріп келеді. Ордаға тексеріп, аты-жөнін әбден біліп, рұқсатпен кіргізеді. Желіге қатар-қатар мал – буыршын, боталы інген, нар байланған. Семіз ат, тайлы бие ноқталанып, желіні толтыруға ыңғайланған. Жұрт қақырмай, жөтелмей шарт жүгініп, қатты күліп, бейсауат сөз сөйлемейді. Ызындап шыбын даусы естілмейді. Үстіне бұлған ішік жамылып, екі көзі шарт жұмылып, үйді де, әскерін де сайлап, хан ақ аюдың бөстегінде отыр. Жанында тап беріп бір кісіге шабатындай терісіне жандандырып жүн тыққан жолбарыс, босағада жабысып қарауыл тұр. Шектеулі ыдыс-аяқ шылдырлап, алтын-күміс шай құралы жарқырайды. Хан тұсында қынабынан суырылып, өткір қылып салбырап ілулі тұр».

Ханның кескін-келбеті де ерекше. Болып жатқан, болғалы тұрған оқиғаның ішінде өзің жүргендей күй кешесің.

Төртбақты адам екен бойы тапал,
Қайқы мұрт, бурыл жирен селдір сақал.
Қой көздер тарамданып тарғыл тартқан,
Отты ұшын зәреңді алып оқтай атар.
Дөң мұрын иегіне біткен еңке,
Секілді кесек томар жатқан келтек.
Кетеді кейде ілгері, кейде кейін,
Сөйлесе басындағы алтын телпек..
Ежелден елде өшпенді кегі бардай,
Түнеріп ашылмайды хан қабағы..
Бұл қазақ қайдан білсін ханның ырқын?
Кернеген тәкаппарлық іші-сыртын.
Бір кенеп көкірегін, шаңқ етті хан
Кірпідей тікірейтіп селдір мұртын.

Хан образы өз сөздері арқылы да ашыла түседі:

Жауап бер, жарлығыма көне ме елің?
Ас, ғұшыр, малдан зекет бере ме елің?
Арқада ардаланып кетіпсіңдер
Ортаңда болмаған соң төрелерің.
...Үш жүздің баласының ордасы бұл,
Жоқ сенің менен басқа иелерің.
Қолымнан ешкім бөліп ала алмайды,

Сен қазақ, азығым да, атым да сен.

Нұрхан оқиғаны суреттеуге асқан шебер: «Ел жатып, түн аударып (бейнелі сөз!) дамылдаған. Түндіктерді жамылмаған бір үй жоқ. Ала таңға бір ұйқыдай қалғанда дауылдаған бір екпін қатты соғады. Көп жылқы көлдің бойын дүрілдетіп, жалқұйрықтары суылдатып, гуілдетіп, тұяқтары су сабатын солқылдатып, қалың елдің үстімен өтіп барады. Тақырда ат тұяғын тақылдатып, тебініп үзенгісін шақылдатып, жылқыны үсті-үстіне сойылдап, қайың құрықты шатырлатып сындырып, қараңғыда балта, кетпен жоғалып (бейнелеп айту), сойыл біткен оңайлықпен таптырмай, таңасқан арқандаулы аттар да кикудан үрке шауып, арқандарын үзіп кеткен, жау қарқыны қатты. Қойшының да тай-тулағы жоғалып, аспанды қара бұлт басқан, көзге түртсе, көргісіз, анда-санда найзағай жарқылдайды (Егіздеу – параллелизм!) «Екі ұдай нәрсені, құбылысты, ұғымды, сезімді қатар қойып, жұптап суреттеу» - З.Қабдолов өлеңнің эмоциялық қуатын күшейте түскен.

Зар қағып қатын-бала еңіреді,
Ың-жың боп кетті ауылдың төңірегі,
Ит үріп, түйе боздап, қой дүркіреп,
Сиырлар азан-қазан мәңіреді.
Жау қақты көн қарағай дабылдарын,
Дабылдың естігенде ел қағылғанын –
Тығылды қыз-келіншек жер ошаққа,
Жамылып ат, түйенің жауларын.
Ауылды қаптаған жау келе басты,
Найзаның ұшыменен түндік ашты, -
Қалған ел қамтамада қайда барсын? –
Тұра алмай жауға қарсы үйге қашты...»

Нұрхан ақын кейіпкерлерінің істеген ісі арқылы жауыздығын көрсетіп, халықты одан түңілдіреді.

Ақын поэмалары мен өлеңдерінде бейнелі, бедерлі сөздер жиі ұшырасады: «Торғайдың тусыраған қара отына жылжымай айдау жеген мал күрмелді», «Халықты қайырымымен қандырушы еді», «Дүниенің домбырасын бұрай-бұрай», «Ыңырсып сары самаурын келді қайнап», «Қабағы бір жабылып, бір ашылып, желдетіп құйды аспаннан қара нөсер», «Өкпек жел мұз өкпесін жегідей жеп, іркілдеп жөнелді қар егіле кеп», «ойрандап зымыстанның ақ қаласы» (Ақ қала деп автор қарды айтып отыр), «Күнгей бет көңілденіп сала берді», «Көтерем көк сиыр да көтеріліп, бұтына байлап келді қойдың санын», «Ұяттың оты көзден шашылып тұр, сәбилік өткелінен өтпегендей», «Сыры бар сыпасынған сыртындағы, шаланы көрсетпейді ұртындағы»... Неткен бедер, неткен бейнелі сөздер.

Теңеулері де жаңа, дәл: «Желгенде жер үйіріліп қала берді, бетіндей диірменнің дөңгеленіп», «Қайғының мас болғандай нашасына», «Ұмтылды төсегінен тұрды Балым, ұядан ыршып ұшқан ала үйректей», «Сәбидей алақанын шапалақтап», «Жыланша қыс та келді жерді жалап», (Өрі бейнелі сөз!), «Желігіп желді күнгі көшкен бұлттай, жөнелді қалың сарбаз соғысарға», қымызды піспектеген кемпірдей-ақ, көк аспан көк сабасын күрпілдетті»...

Көріп отырсыздар, зер салып оқыған адамға бірден аңғарылатыны – ақын өлеңдері халықтық нақышқа толы.

Қоңыр жел, зауал ауа екіленіп,
Үйілген жал-жал қарды екі бөліп,
Ала бұлт Ақжайықтан ойнап шығып,
Шығысты шыр айналды шеті келіп.

Автор алғашқы екі жолда көктем желіне жан бітіріп, оны іс-қимыл үстінде көрсете, екінші екі жолда ала бұлтқа тіршілік беріп, оны Ақжайықтан ойнатып шығарып, бір шетімен Шығысты шыр айналдыртады. Сөйтіп өлеңді құбылтып, құлпырта түседі. Құбылтудың (троптың) бұл кейіптеу түрі. «Кейіптеу – ертегілер мен аңыз әңгімелерде жиі қолданылатын тәсіл» (З.Қабдолов). сонымен бірге бұл гипербола! Шумақта айқындау да, аллитерация, ассонанс та, образды сөз де бар. Өлең динамикасы қуатты, иірімді. Оқиға – іс-әрекет бірінші

жолда басталып, екінші, үшінші жолға ұласып, алғашқысы кейінгілеріне поэтикалық екпін беріп, төртінші жолда түйінделеді. «Поэтикалық энергия – ақындық рухтың сәулесі» (Тұрсынжан Шапаев).

Нұрхан ауыз әдебиетінде жиі ұшырасатын троптың бір түрі – ұлғайтуды (гипербола) орнымен дәл тауып қолдана біледі:

Алтыншаш арқасында алпыс өрім,
Көрінер күн шұғыласы бұрымынан.
Шұрқырап жылқысы өсті буырылдан,
Тозаңы күндік жерден суырылған.
Ай қасқыр сиыр өсті ақ бауырдан,
Әукесі ақтүндіктей қатпарылған.
Мысалды Ұлытаудың бұлағындай,
Қаймақ, сүт, май шұбырып ақтарылған.

Асырып айту осындай-ақ болар! Бірақ сенімді! Өйткені ақын сендіріп айта білген!

Бұл халық поэзиясында бар дәстүр. Дәстүр – шығармашының өзіне дейінгі ақын-жыраулар поэзиясының озық үлгілерінен үйренуі, әсерлеу, бейнелеу құралдарын, өлеңнің өлшем-өрнектерін өз өлеңдерінде сол қалпында қайталамай, орнымен қолдана білуі, дамытуы. Дәстүрсіз жаңашылдық жоқ. Ақын бұрынғы ақын-жыраулар дәстүрін сақтай отырып, өзіндік үнін, бет-бейнесін, бедерін, қолтаңбасын табуы керек. Ол талант қарымына байланысты. Әйтпесе бұрынғы ақындар айтып кеткен, жүріп өткен жолдан аса алмай, солардың көлеңкесінде қалады. Ал шын талант иесі өз соқпағын табады. Сөйтіп дәстүр жаңашылдыққа бет бұрады. Жаңашылдық қайтадан дәстүрге жетелейді. Осы үрдіс осылайша ғасырлардан - ғасырға жалғаса береді.

«XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар мен ақындар халық ауыз әдебиетінің көптеген жанрлық үлгілерін пайдаланып, ұстартқан болса, бұл дәуірдегі жыраулар мен ақындар мұрасынан олардың көркемдік тәсілдерінен кейінгі дәуір ақындарының талайы үлгі алғандығы аңғарылады. XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар мен ақындар қолданған сөз тіркестері мен жыр жолдарының, бірқатар көркемдік әдістері мен кейбір ойлардың кейінгі ақындарға сол күйінде, не өзгерген, ұстарған жағдайда кездесуі олардың арасындағы дәстүрлі байланысты танытады».

Нұрхан да өзіне дейінгі халық поэзиясының бедерлі, бейнелі көркем, нақыштарынан гүлдерден бал жинаған бал арасындағы бойына нәр, күш-қуат алған. Сөйтіп оны өз жырларында сәтті қолданған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ахметбеков Н. «Жасауыл қырғыны». Амангелді.-Алматы: Жазушы, 1990 ж.
2. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Екінші басылуы. Алматы, 1998 ж.

УДК 4 Р(07)
К 13

Кажигулова Г.К.

КГУ «Средняя общеобразовательная школа №16 им.Т.Аманова»
города Семей

ФОРМИРОВАНИЕ МОТИВАЦИИ КАК СПОСОБ АКТИВИЗАЦИИ ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ ИНТЕРЕСОВ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА

Мышление - это навык, его можно развить и улучшить, если знать как. Одним из важных условий в преподавании русского языка как второго является мотивация учебной деятельности. Выбор приёмов и методов обучения проводится с учетом потребностей целей и интересов учащихся. Существует ряд механизмов формирования мотивации:

познавательный интерес, стремление к самореализации, мотив успеха, коммуникативный интерес, эмоциональный фон урока.

На основании анализа урока мотивации учащихся в группах с казахским языком обучения были определены следующие целевые ориентиры в изучении русского языка:

-решение проблемы перехода от знания - догмы, в знания - мысли, выдвижение на первый план активных форм организации учебного процесса;

-создание условий для самореализации, саморазвития личности и выдвинуты следующие задачи обучения:

- активизация общения

- ориентация урока на успех ученика;

- создание комфортной атмосферы для общения, взаимодействия, сотрудничества.

Исходя из данных задач обучения, активная познавательная деятельность невозможна без эмоционального, интеллектуального, волевого напряжения. С этой целью в практике преподавания русского языка возможно использование технологии встречных усилий учителя и учащихся (ТВУ). Данная технология состоит из нескольких этапов. Содержание первого этапа (разминка)- психотренинговые упражнения, обязательно связанные с темой урока, цель которого- создать эмоциональный настрой на совместную учебную деятельность. На контрольно-подготовительном этапе используется прием «Погружение», который проводится по «учебной цепочке» в форме «Передай другому». Прохождение третьего этапа - постановка цели, создание ситуации вызова. Цель «вызова» заключается в создании ситуации преодоления.

На различных уроках был апробирован прием «Цель и цели», когда цель урока составляется по плану, предложенному учителем.

На этапе «Сотворчество», главной целью которого является поддержка интереса, активности, усилий, возникших на других этапах и сведение этих усилий в совокупное знание по данной теме можно использовать прием «кластера», направленного на создание коллективного опорного сигнала, когда идеи группируются в определённые блоки и располагаются вокруг ключевого слова.

На рефлексивном этапе урока идет осмысление результатов работы, где используется приём «эссе»- выполнение пятиминутного письменного задания, которое помогает учащимся определить уровень усвоения материала по изучаемой теме.

В практике обучения русскому языку в группах с казахским языком обучения целесообразно использование когнитивной методики, которая заключается в преподавании языка на познавательной основе.

Стандартизированный план урока в рамках когнитивной лингвометодики складывается из следующих компонентов:

1. Сообщение темы и цели урока
2. Общая характеристика семантического поля
3. Характеристика языковых средств
4. «Проблемные точки», «дискуссия»
5. Анализ текстов
6. Тренировочные упражнения

Элементы когнитивной лингвометодики были использованы на уроке русского языка по теме «Качество языковой личности». Учащимся было предложено с целью определения семантического поля понятий «добро» и «зло» составление терминологической карты по схеме: лексическое значение, оценочность, сравнение, составление текстов- доказательств и проведение дискуссии по темам : «Зло есть то, что уничтожает жизнь или препятствует ей», «Добро то, что служит сохранению и развитию жизни», «Не будь зла, мы просто не смогли узнать, что такое добро». Использование данной методики способствует развитию познавательной активности, разговорной речи и логического мышления учащихся.

Мотивация изучения предмета, активным действиям учащимся в процессе самостоятельного «открытия» новых знаний, разнообразию информации и способов

действий в процессе учебного труда, обогащению словаря учащихся способствует создание энциклопедии одного слова. Эта работа проводится при изучении раздела «Лексика» и заключается в том, что учащиеся рассматривают лексическое значение, этимологию слова, подбирают слова- синонимы, слова- антонимы, родственные слова, приводят примеры использования данного слова в русских пословицах и пословицах народов мира, в афоризмах и крылатых выражениях, в названиях и текстах художественных произведений, в названиях газет, журналов, рекламных приложений, художественных и документальных фильмов, картин художников.

Работа по созданию энциклопедии одного слова позволяет развивать у учащихся ключевые компетенции по русскому языку. Знакомясь с лексическим значением слова в толковом словаре, учащиеся одновременно узнают об орфоэпических нормах и грамматических формах данного слова, об употреблении их в речи. Работа со словарями синонимов, антонимов, фразеологизмов, со сборниками пословиц и поговорок обогащает словарный запас учащихся, формирует навыки точного и правильного употребления слова в той или иной ситуации, позволяет избегать речевых ошибок и недочетов, делает их речь яркой и выразительной. Все это способствует формированию лингвистической компетенции учащихся. Использование различных источников информации, интернет-ресурсов позволяет формировать культуроведческую компетенцию.

Данные психолого-педагогические и методические уровни преподавания русского языка в группах с казахским языком обучения способствует формированию положительных мотиваций к усвоению знаний, интеллектуальному развитию и творческому мышлению учащихся.

ЛИТЕРАТУРА

1. Белобородов Н.В. Социальные творческие проекты в школе. - М.:АРКТИ,2006.
2. Гузеев В.В. Планирование результатов образования и образовательная технология-М.: Народное образование, 2001.
3. Пахомова Н.Ю. Метод учебного проекта в образовательном учреждении. - М: АРКТИ, 2003
4. Савенков А.И. Игры, дающие старт исследовательской деятельности.// Директор школы, 2004, №1,стр. 46-50.
5. Савенков А.И. Исследование на дому. Методические рекомендации// Исследовательская работа школьников, 2002, №1, стр. 34-35, №2 стр. 73-78.

ӘӨЖ: 373.37

Нурланова С.С., Ахметова И.А., Келгенова А.Қ.
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*"Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін
ең алдымен азаттық пен білім қажет".
Шоқан Уәлиханов*

Жалпы білімнің жүйесі – қоғам дамуымен бірге дамып, әрдайым үнемі өзгеріп отырады. Ол әр елдің экономикалық ерекшеліктеріне қарай қалыптасып, үнемі үздіксіз жетіле отырып, барынша күрделене түседі.

Бүгінгі жаңа қоғамда мұғалімнің ішкі жан дүниесі де жаңаша, демек болашақ ұрпақтан үлкен үміт күтілуде.

Білім ордасы - жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру, бірнеше ғасырлар бойы жиналып сақталған мұраларын келешек ұрпақ игілігіне жеткізе алатын мәдени ошақтар,

ұлттық тәлім – тәрбие орталығына айналмақ. Ұлттық мектеп тағдыры қай қилы заман да да, қай ұлттың болсын көзі ашық, көкірегі ояу, ұлтжанды азаматтарын толғандырып келген ең өзекті мәселелердің біріне саналды.

Тәуелсіздік алған алғашқы күннен-ақ Қазақстан білікті мамандар даярлау мен білім саласын әлемдік стандарттарға сай реформалау мәселесіне баса назар аударды. Тәуелсіздікті баянды етуде білімнің маңыздылығын жоғары бағалап, экономикалық және қаржылық қиындықтарға қарамастан осы салаға барынша қолдау көрсетті.

Использование электронно-образовательных ресурсов при работе над проектами, создание презентаций позволяют стимулировать деятельность учащихся, осуществлять рефлексию процесса. Каждый учитель знает, как оживляет урок использование видеоматериалов, которые можно включить в презентацию. Так, например, на уроке по творчеству Александра Блока очень заинтересовал учащихся просмотр «Живого журнала» о поэте. Нельзя не сказать об исключительной возможности показа отрывков из театральных спектаклей, художественных фильмов по тому или иному произведению. Это всегда одни из самых любимых уроков учащихся. Так, например, при проведении урока-дискуссии по пьесе Чехова «Вишневый сад» очень удачным оказался просмотр монолога Лопатина из спектакля театра «Современник». Таким образом, применение ИКТ на уроках литературы также приводит к целому ряду положительных результатов: – создание учителем и учащимися медиатеки, включающей в себя презентации по биографиям и творчеству писателей; – повышение качества обучения; – усиление мотивации учащихся к изучению предмета; – рациональное распределение времени урока. Работа с программой Microsoft Publisher дает возможность получить реальный продукт своей деятельности в виде газеты, журнала, книжки-малышки, буклета и т. д. Она используется для оформления результатов групповой работы, выпуска информационных листов. Так, например, нами была оформлена программа к школьному спектаклю по повести А. С. Пушкина «Барышня-крестьянка». Электронные словари и энциклопедии позволяют мобильно получить дополнительные знания и

использовать их на уроке. Среди таких полюбившихся электронных изданий программа «Словари школьника», которая включает в себя толковые словари Ожегова, Даля, Ефремовой, Лопатина, словарь синонимов, словарь иностранных слов и т. д. Бесценна помощь таких словарей и энциклопедий при подготовке домашних заданий, а также при подготовке к различным интеллектуальным конкурсам и олимпиадам по предмету. Особенно хочется отметить возможность подготовки качественного дидактического материала. Это могут быть программы-тренажеры, тесты различной сложности, индивидуальные задания, карточки, наглядный материал.[7].

А сколько вариантов проведения словарной работы для учителя русского языка и литературы. Дидактический материал, представленный в компьютерном варианте, повышает производительность труда учителя и учащихся на уроке; увеличивает объем использования наглядности на уроке; экономит время учителя при подготовке к уроку. Применение ИКТ эффективно при подготовке и проведении учителем различных форм урока: мультимедийной школьной лекции, урока-наблюдения, урока-семинара, урока-практикума, урока – виртуальной экскурсии. Использование ИКТ на уроках русского языка и литературы позволяет наполнить уроки новым содержанием, результатом такой работы становится всестороннее развитие учащихся и учителей, повышение качества образования. Эффективность учителя определяется, прежде всего, одним из главных его результатов: готовностью и способностью выпускников школы нести личную ответственность не только за собственное благополучие, но и благополучие общества, в котором он живет.

ЛИТЕРАТУРА

1. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. — Переиздание — М.: Педагогика-пресс, 2012. — С. 5.
2. Воронщиков С.Г. Учебно-познавательная компетентность школьников: опыт системного конструирования. // Завуч. Управление современной школой. — №6. – 2007.
3. Андреев В.И. Педагогика творческого саморазвития. Инновационный курс. Книга 2. Изд-во Казанского университета. – 1988 г., 153с.
4. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. – М., 1987г., 240с.
5. Ипполитова Н.А. Совершенствование механизмов речи школьников на уроках русского языка // Русский язык в школе.- 1995. -№3.-С. 3-8
6. Ксензова Г.Ю. Перспективные школьные технологии. – М.: Педагогическое общество России, 2000г., 224 с.
7. Поташкина Ю.А. Обучение русскому языку.- Воронеж, 2004 – 203 с.

ӘОЖ 616.89-008.441.44

Жанибекова Г.О., Шарап Ә.Ж.
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

ЭМОЦИОНАЛДЫҚ КҮЙІНУ СИНДРОМЫНЫҢ ПЕДАГОГ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТІНЕ ӘСЕРІ

Психологиялық сөздікте эмоция анықтамасы: эмоция (латынның «emoveo»-«толғану», «күйзеліс» мағынасын береді) субъект қажеттіліктеріне объективті қасиеттермен негізделген құбылыстар және ситуациялардың өмірлік мәнін жанама түрде уайымдаудың психологиялық бейнесі. Адамға эмоция не үшін қажет екенін анықтай келе, олардың функциялары мен рөлдерін бір-бірінен ажырату қажет. Эмоция функциясы -бұл ағзадағы эмоциялар атқаратын жұмыс. Біржақты табиғи белгі, ал олардың рөлі -бұл эмоцияны қандай да бір жағдайда көрінуінің сипаты мен дәрежесі, ол функциялармен немесе табиғи белгісінен басқа да бір жағдайға әсер етумен анықталады. Эмоция рөлі оң және теріс болуы мүмкін. Эмоция функциясы өз мақсатына сәйкес табиғатынан тек қана оң болуы тиіс.

«Теріс» эмоциялар (ашу, ыза және т.б.) И.Б. Додонов пікірі бойынша «оң» эмоцияларға қарағанда неғұрлым маңызды биологиялық рөл атқарады. «Теріс» эмоция – бұл ағзадағы қауіп, үрей белгісі. «Оң» эмоция – бұл қайтарылған саулық белгісі. Соңғы белгі жөнінде сөз қозғаудың реті жоқ, себебі жақсы жағдайға эмоциялық бейімделу тез қалыптасады. Үрей белгісі болса қауіп аластатылмайынша берілуі тиіс. Осының салдарынан тек қана «теріс» эмоциялар тоқырау болып келеді. Бұл жағдайларда адам денсаулығы шын мәнінде қатерге ұшырайды.

“Эмоционалды күйіну” терминін 1974ж. американдық психиатр Дж.Х. Фрейденбергер кәсіби көмек кезіндегі толық эмоционалды атмосферада клиенттер мен пациенттермен қарқынды және тығыз қарым-қатынаста болатын сау адамдардың психологиялық жағдайларын сипаттау үшін еңгізген.

О.В. Бойко «психикалық күйіну феномені» терминін қолданды. Оның мағынасын «тұлғаға мамандықтың жағымсыз әсерінің пайда болуы» деп түсіндіреді. Эмоционалды күйіну синдромы – адамдармен жұмыс істейтіндердің яғни оқытушылардың ең қауіпті кәсіби ауруы. Эмоционалды күйіну синдромы педагогтың кәсіби іс-әрекетіне ықпалы жайлы мәселесі психология ғылымында өзекті мәселе болып табылады. Оқытушының педагогикалық іс-әрекеттегі спецификасы қарым-қатынас заңдылығымен, белсенді эмоционалды әрекеттестіктен тұрады. Сонымен қатар, студенттердің тұлғалық психикалық дамуын басқару оқытушының басты іс-әрекеті болып саналады. Мұны тек саналы түрде өзінің пайда болған эмоциясын ретке келтіре алатын: басқаның ойы мен өз ойының ашықтығын, сезімін, өзіне және өзінің студенттеріне сене алатын, қиындықты жеңе білуге қабілетті педагог ғана жемісті іске асыра алады. Кәсіби күйіну-бұл синдром, психологиялық күйіну және эмоционалды күйіну құрылымына байланысты көзқарастар бар. Қазіргі мәліметтерге сүйенсек, «психологиялық күйіну» әлеуметтік - аймақ кәсібінде көрінетін физикалық, эмоционалды және ақыл-ой қажуының күйі деп түсіндіріледі. Д. Гринбердің пікірі бойынша «күйіну» эмоционалды, және когнитивті физикалық мазасыздануды сипаттауды келесі белгілермен көрсетеді: жоғары сезімінің азаюы, денсаулығының нашарлауы, жұмыс ретінің өзгеруі, өзін бағалаудың төмендеуі т.б.

Кәсіби күйіну синдромы- бұл адам-адам қатынасында жұмыс жасайтын: мұғалімдер, әлеуметтік қызметкерлер, психологтар, менеджерлер, дәргерлер, жуналистер, кәсіпкерлер, саясаткерлерде болатын ең қауіпті кәсіби дерт. Алғашқыда бұл термин өзіндік дәрменсіздік, қажу, әрекетсіздік күйі ретінде анықталды. Ең алдымен зерттеуші мамандардың бірі К.Маслач өз «Эмоционалды күйіну-аяушылық үшін төлемі» атты еңбегін жазды. Адам-адам формасында жұмыс жасаушы маманға қарым-қатынастың түрлі аспектілерін үнемі эмоциямен нақтылап отыруы тиіс. Олар мәселені белсенді түрде қою және шешу, зейінді қабылдау, визуалды, дыбыстық және жазбаша ақпаратты тез қорытындылап, есте сақтау, шешім қабылдау қажет.

Н.А. Аминова мен Л.Г. Федоренконың зерттеулері бойынша 20 жылдан кейін педагогтарда «эмоционалды «күйіну» басталады, 40 жылға қарай барлық мұғалімдер «күйінеді». Одан бұрын, жүйке жүйесіне шалдыққан пациенттерге қарағанда жас педагогтардың көрсеткіш деңгейлері әлеуметтік бейімделуге төмен болып, іс-әрекеттерінде дөрекілік, сенімсіздік, мазасыздық пайда бола бастайды.

Кәсіби күйінудің кезеңдері:

Бірінші кезең:

-Эмоцияның тұншығуы басталады:маман оны байқаған болады: бәрі дұрыс сияқты, бірақ жаны жайсыз және көңілсіз;

-Жақсы эмоциялар жоғалады;

-Беймазалықтың, қанағаттанбаушылық туындайды

Екінші кезең:

-Оқушылармен, әріптестермен түсінбеушілік туындайды;

-Әріптестердің немесе оқушылардың арасында араздық ара- қатынас ақырын көріне бастайды, басында жақатпаушылық содан кейін тітіркенудің тұтануы болады.

Үшінші кезеңі:

-Адам өмірдің қымбат екені туралы ойлауда тұйықталып, өмірге, әлемге деген эмоционалдық қарым-қатынастына, тіпті жеке өмірінеде, барлығына селқос, қауіпті болады.

Оқытушының кәсіби іс-әрекетінде қысым жайлы бірнеше авторлар (Водопьянова Н. Е., Старченкова Е. С. және т.б.) маңызды анықтама береді. Оқытушылардың арасында психосоматикалық және невротикалық күйінудің жоғарылауының пайда болуын атап көрсетті. [1]. Педагогтың кәсіби іс-әрекетінде үлкен эмоционалдық қысымға, әртүрлі педагогикалық ситуацияларға, оқытушы еңбегіндегі кәсіби қиыншылықтар мен жауапкершілікке байланысты «эмоционалдық күйіну» синдромының дамуы жоғарылауда. Оның салдарынан агрессивтілік, тұлғаның адамгершілік-құндылық ориентациясының жағымсыз жағына қарай өзгеруіне, тітіркенгіштік, мазасыздыққа алып келеді. Бұл ретте, мұғалімнің жұмыс істеу ерекшеліктері, эмоционалдық дағдылары, оның эмоциялық өзін-өзі реттеуі, стресске төзімділігі оның кәсіби маңызды қасиеттер құрылымына енуі керек. [2]. Бұл кәсіби деформация толыққанды оқу үдерісін басқаруға, қызмет көрсетуге, қажетті психологиялық көмек көрсетуге кедергі келтіреді. Нақты педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, бүгінгі күні өте анық байқалатын факті ретінде студенттерге деген қызығушылығының жоғалуын, оны жеке тұлға ретінде қабылдамауын, кәсіби қарым-қатынаста эмоциялық жағынан жеңілдету қажет. Бейқамдылық, мазасыздық, қамқорсыздық жалпы дезадаптацияланған педагог, физикалық және эмоциялық азыңқы, өз мамандығына, өзіне сенімін жоғалтқан адам оқушыларға үйлесімді жаңа қызмет шарттарын енгізуге көмектесе алмайды. Осыған байланысты эмоционалдық күйіну симптомын қалыптастыратын негізгі себептерін анықтап, алдын алу шараларын жүргізу қажет.

Эмоционалдық күйіну синдромының (burnout) қатарына тұлғалық деформация феномендері және көпөлшемді құрылым, психологиялық уайым салдарынан туындайтын теріс жинақ, күнделікті жоғары эмоционалдық шиеленісті қарым-қатынас жатады. Кәсіби қарым-қатынаста күйіну ұзаққа созылатын стресстің жауап реакциясы болып табылады. [3].

Педагогикалық қызметте маңызды компоненттерінің бірі болып оның мотивациясы табылады. Педагогикалық қызмет мотивациясы құрылымын мынадай бөліктерге бөлуге болады: сыртқы себептері – мотив жетістіктері, белгілі бір білім беру мекемесінде беделді жұмыс, еңбекке ақысын төлеудің адекватты себептері. Ішкі себептері – бағдарлану үрдісі мен өз қызметінің нәтижесі, тұлғалық және кәсіби өсу мотиві, өзін-өзі белсендіру, өзін-өзі жетілдіру мотиві.

Сондықтан, оқытушының кәсіби іс-әрекетіне байланысты эмоционалдық күйіну синдромын зерттеу проблемаларын табысты шешу мақсатында К. Замфирдің әдістемесі мен А. Реаннің модификация әдістемесі көмегі арқылы анықтауға болады. Осы әдістемені таңдау себебіміз, сұрақтарға жауап берген кезде зерттелінуші тұлғалық алаңдаушылық жағдайлардың бүгінгі ерекшеліктеріне бағдарланады. Жауаптарда өзінің ережелері мен жағдайды субъективті қабылдауы, кәсіби қызметімен байланысты алаңдауы көрсетіледі.

Мектепте жұмыс жасайтын психолог күйзелісті шақыртқан жағдайларда, педагогтарға жиі көмек көрсетуге мәжбүр. Біріншіден психологтың міндеті кәсіби күйінуінің алдын –алу бойынша жұмыс жүргізуді іске асыру болып табылады.

Осылайша оқытушыларда эмоционалды күйіну синдромының белгілері мыналарды қалыптастырады: басқа адамдардың мазасыз жағдайын түсіне білу мен өзінің сезімдерін дұрыс білдіре білу, белсенді тыңдай білу, шиеленісті жағдайды ретімен шеше білу, еркін түрде пікір алмасу оқытушының кәсіби іс-әрекетінде және тұлғалық өзіне-өзі баға беруінде жетістікке жету мотивациясын жоғарылатады.

Қорыта келе, эмоционалды күйіну синдромының қауіптілігі оған күн өткен сайын ілгерілеу мен таралу тән екендігінен тұратындығын атап өту қажет. Бұл үдерісті тежеу өте күрделі болады. Осы қырында әралуан психосоматикалық аурулардың асқынуы, жаңа аурулардың дамуы мен тіпті қан құрамының өзгеруі мүмкін. Осы кезеңде өзін жайлы ойлау әрекеттері әрине, күтілген нәтижені бермейді. Және тіпті дәрігердің кәсіби көмегі де шапшаң

жеңілдеуге алып келмейді. Сондықтан ең абзалы-эмоционалды күйіну синдромының пайда болуының алдын алу, «оны тамырымен тұншықтыру» керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Водопьянова, Н. Е., Старченкова, Е. С. Синдром выгорания: диагностика и профилактика. / Водопьянова Н. Е.- СПб. : Питер, 2005.-212 с.
2. Пряжников, Н. С., Ожогова, Е. Г. Стратегии преодоления синдрома «эмоционального выгорания» в работе педагога : Психологическая наука и образование. -№2.-2008. -С. 108
3. Ронгинская, Т. И. Синдром выгорания в социальных профессиях : Психологический журнал. -М. : Наука, 2002. -Т. 23. -№ 3. -С. 85-95.
4. Психология субъекта профессиональной деятельности: Сб. научн. трудов Научн. ред. А. В. Брушлинский, А. В. Карпов. М. -Ярославль : Диа-пресс, 2001. -286 с.

УДК: 81.116

Хаирова Г.М., Рахметова А.Т., Рымкулова Ж.Н.

Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ЯЗЫКА ИНТЕРНЕТ-КОММУНИКАЦИИ В УСЛОВИЯХ ПОЛИКУЛЬТУРНОГО ПРОСТРАНСТВА КАЗАХСТАНА

Известно, что только то государство может успешно развиваться и гармонично вписаться в ряд ведущих стран мира, которое сумеет создать для своих граждан достойные условия для приобретения качественного и современного образования.

Президент страны Н.А.Назарбаев поставил высокую планку перед отечественным образованием. Оно должно стать конкурентоспособным, высококачественным, таким, чтобы выпускники казахстанской школы могли легко продолжать обучение в зарубежных вузах.

Важнейшей стратегической задачей образования является, с одной стороны, сохранение лучших казахстанских образовательных традиций, с другой стороны, обеспечение выпускников школ международными квалификационными качествами, развитие их лингвистического сознания, в основе которого – овладение государственным, родным и иностранными языками.

Казахстан, оставаясь полиэтническим и поликонфессиональным государством, переживает на сегодня сложный и противоречивый период своего культурно-языкового развития, о чем свидетельствует сложившаяся языковая ситуация, характеристика которой дана в Концепции языковой политики Республики Казахстан. Следует отметить, что практически во всех документах в области языковой политики стреложней идеей является необходимость овладения несколькими языками.

Концепция языковой политики Республики Казахстан определяет русский язык как основной источник информации по разным областям науки и техники, как средство коммуникации с ближним и дальним зарубежьем. В этой связи новое звучание приобретает проблема языкового образования. Исходным при этом является идея о том, что изучение любого языка должно сопровождаться изучением культуры носителей этого языка. Причем этот процесс должен протекать синкретно, не в отдельных плоскостях. В связи с этим было бы правомерно говорить о полилингвокультурном образовании, результатом которого должно стать многоязычие граждан общества. Слагаемыми этого многоязычия должны явиться родной язык, который закрепляет осознание принадлежности к своему этносу, казахский язык как государственный, владение которым способствует успешной гражданской интеграции, русский язык как источник научно-технической информации, иностранный и другие неродные языки, развивающие способности человека к самоидентификации в мировом сообществе.

Язык является средством коммуникации людей вне времени и пространства. Коммуникация явление социальное, происходит в разных местах, в разное время и с разными собеседниками. Возможности языка используются людьми в зависимости от речевой ситуации. Легко заметить, что в зависимости от ситуации мы используем по-разному возможности языка. Одна из важных задач лингвистики – выяснить, как люди применяют язык в процессе коммуникации. Использование языка зависит главным образом от ситуации общения, от конкретных условий, в которых оно протекает. Еще один важный параметр ситуации – характер отношений между партнерами. Имеет большое значение также такие параметры, как время и место коммуникации.

В последнее десятилетие особой популярностью среди людей всех возрастов, а особенно молодежи, пользуется общение в сети Internet. В нашем веке глобальных компьютерных технологий этот вид общения стал крайне разнообразным и обладает как определенными преимуществами, так и недостатками. Интернет-общение, как вид коммуникации, сформировался не так давно, но, не смотря на это, имеет характерные черты, которыми отличается от других видов коммуникации. В первую очередь, это язык, которым пользуются партнеры во время общения.

Проблема исследования формулируется следующим образом: каковы лингвистические особенности общения посредством сети.

Объектом исследования являются многочисленные Интернет-сайты, в частности – конкретные сайты социальных сетей (www.vkontakte.ru, www.odnoklassniki.ru), чаты, форумы, а также тексты, отобранные нами из непосредственного общения с иностранными и русскими партнерами по переписке в ICQ, SKYPE и прочих программах-мессенджерах.

Интернет был изобретен в конце 60-х годов XX века и может считаться в прямом смысле детищем периода «холодной войны» между СССР и США. В это время военное ведомство США получило приоритетное финансирование проекта «DARPANET» (Defence Advanced Research Project Agency), целью которого было создание надежной связи между географически удаленными компьютерами для обмена данными и проведения расчетов с использованием для установления такой связи ресурсов телефонной линии. [I, 11, 54]

Зарождение Интернет-общения в мире произошло в конце 80-х начале 90-х годов XX века в связи с внедрением протокола IRC (Internet Relay Chat) финским программистом Jarkko Oikarinen, который решил расширить примитивную программу для сообщений типа «talk» в UNIX и создал популярную и по сей день технологию Chat. Электронная почта (E-mail) появился в 1971 году, когда американский компьютерщик Рэй Томлинсон создал программу «Sendmsg», тогда же появилась и принятая сейчас система адресации с собакой "@". [I, 7, 223]

На данный момент можно выделить следующие формы общения в Интернете:

- чат (т.е. IRC (Internet Relay Chat);
- форумное общение;
- ICQ; Skype и прочие мессенджеры;
- социальные сети (www.vkontakte.ru; www.odnoklassniki.ru);
- переписка по E-mail.

Сленг (от англ. slang; s(sub) — приставка, указывающая на второстепенность; lang (language) — язык, речь) — набор особых слов или новых значений уже существующих слов, употребляемых в различных человеческих объединениях (профессиональных, социальных, возрастных и др.). Необходимо различать сленг и просторечные выражения. Сленг могут использовать в своей речи и образованные люди, представители определённой возрастной или профессиональной группы (например, «ака» или «ЗЫ» в компьютерном сленге). Часто этим как раз и подчёркивается принадлежность к определённой группе людей. Просторечные (большой частью грубые) выражения отличают людей низкого образовательного уровня. В обычной речи эти слова используются для усиления эмоциональной окраски высказывания. Слова, служащие смягчающей заменой других также не относятся к сленгу, а являются эвфемизмами. [II, 6]

Интернет - это средство связи, которое позволяет людям общаться в режиме прямого диалога, но в письменном виде. До некоторого времени настоящей проблемой для Интернет-пользователей было выражение интонаций, эмоций и чувств посредством сети. Но, как известно, на сегодняшний день темпы развития компьютерных технологий можно назвать гигантскими, что позволило пользователям со всего мира быстро найти решение проблемы выражения эмоций в Интернет-общении. То, что в телефонном или прямом разговоре было бы выражено интонацией, в Интернет-общении выражают смайликами или эмограммами. 19 сентября 1963 года появился самый веселый символ Интернета - смайлик. За 40 лет, которые прошли с момента появления первого вида эмотиконов или эмограмм, сменилось уже несколько поколений смайлов.

В 1971 году французский предприниматель Франклин Лоуфрани предпринял попытку зарегистрировать эмограмму как свою торговую марку. Ему удалось сделать это в более чем 80-ти странах. Smiley Licensing - корпорация Лоуфрани, утверждавшего, что именно он изобрел смайл в 1968 году в Париже, начала действовать по всему миру, кроме Соединенных Штатов.

Однако спустя 10 лет американский художник Харви Бэлл все-таки решил запатентовать свой "авторский" смайл, куда включил собственные инициалы. На сегодняшний день в США существует компания World Smile Corporation, возглавляемая сыном Харви - Чарльзом Бэллом, которая и владеет данным товарным знаком. Именно Харви Бэлл предложил отмечать международный день улыбки 1 октября. Последним его подарком миру стала идея использовать прибыль World Smile Corporation исключительно в благотворительных целях. Умер Харви Бэлл 12 апреля 2001 года в возрасте 79 лет. [II, 3]

В результате анализа многочисленных сообщений электронной почты, форумов, чатов и непосредственной переписке с зарубежными и русскими друзьями в социальных сетях, ICQ и SKYPE мы постарались проследить характерные лингвистические особенности языка, используемого во время Интернет-общения. В итоге, мы выявили лингвистические особенности, присущие данному виду коммуникации.

Во время Интернет-общения широко употребляются следующие лексические формы:

1. Аббревиатуры - (итал. *abbreviatura* - сокращение, от лат. *abbrevio* - сокращаю) - это сокращенная форма слова или группы слов, используемая вместо целого слова или словосочетания. [I, 6, 5]

Например: WWW – World Wide Web; etc.

Аббревиация сокращает материальную оболочку коммуникативных единиц, увеличивая тем самым скорость поступления информации от пишущего (говорящего) к читающему (слушающему). [II, 14]

Наибольший интерес представляют такая разновидность аббревиатур, как акронимы. Именно использование разнообразных видов акронимов и является на сегодняшний день неотъемлемой чертой современного Интернет-общения.

2. Акронимы (греч. *akros* — высокий, *опута* — имя) - это аббревиатура, образованная из частей слов исходного словосочетания (обычно начальных букв), произносимая как единое слово, а не побуквенно, как остальные виды аббревиатур. [I, 1, 538]:

ИМНО [In My Humble Opinion] - "По моему (скромному) мнению", используется как окончание длинного высказывания, которое указывает, что это просто Ваше личное мнение, на которое имеет право каждый человек.

LOL [Laughing Out Loud] - "Громко смеюсь" - Ваш собеседник сказал что-то смешное или абсурдное.

ROFL [Rolling On Floor Laughing] - "Катаюсь по полу и умираю от смеха" - Вы услышали что-то ну очень смешное или очень глупое.

BB [Bye Bye] - "Счастливо!" - удобная форма для того, чтобы быстро попрощаться, etc.

Все примеры, указанные выше, являются лишь некоторыми, наиболее ярко иллюстрирующими употребление акронимов в сетевом общении.

3. Комбинация цифр и букв в одной лексической единице или фразе:

3SUM threesome; F2F face to face, etc.

Анализируя все встретившиеся комбинации букв и цифр в словах, фразах или предложениях, мы выделили определенные закономерности, из которых акцентируем внимание на следующих:

1) В процессе коммуникации слоги, слова, фразы и даже целые предложения графически заменяются цифрами.

2) Цифра 1 (one) фонетически и графически может заменять слова и слоги one:

NE1 – anyone; NO1 – no one;

3) В английском языке фонетическое оформление цифры 2 (two) совпадает со словами to, too:

2NITE – tonight, F2T – free to talk;

4) Цифра 8 (eight) может заменять часть слова:

H8 – hate, GR8 – great;

5) Цифра 4 (four) ставится вместо предлога for:

B4 – before, 4U – for you etc.

При образовании сокращений пользователи Интернета проявляют удивительную изобретательность и прилагают различные творческие усилия. Например, в некоторых аббревиатурах буквы алфавита используются для обозначения целых слов.

В ходе анализа электронных сообщений с точки зрения методов выражения эмоций и интонаций собеседников, нами сделаны следующие выводы:

1. В целях повышения эмоциональной окраски общения и выражения возникающих в процессе общения чувств и эмоций, пользователи часто используют эмограммы.

2. Большинство эмограмм имеет в своем составе буквы латинского алфавита, проценты и скобки. Данные эмограммы являются базовым набором выражения эмоций Интернет-собеседника.

3. Оригинальности и замысловатости, сближению с реальностью способствует включение в эмограмму таких символов, как цифры, плюсы, минусы, точки, тире, различные виды скобок (круглые, квадратные, фигурные).

4. Все эмограммы, используемые в процессе общения, разделяются по происхождению на два вида: западные (смайлики) и японские. Для современного Интернета характерно преобладающее использование западных эмограмм.

5. Повышает наглядность информации и способствует передачи большого спектра эмоций (от негодования до восторга) применение заглавных букв, большого количества восклицательных знаков, жаргонных выражений. Кроме того, знаки препинания служат для выражения эмоций и чувств, заложенных собеседником, что влияет на формирование в оппоненте идентичных эмоций и чувств.

Подводя итоги научно-исследовательской работы, следует подчеркнуть, что ее цель нами достигнута. В процессе работы, занимаясь в целом изучением языка Интернет-коммуникации, мы определили и рассмотрели характерные особенности Интернет-языка. Достижению данной цели способствовала реализация комплекса задач. В ходе научно-исследовательской работы:

- изучение основных вех в развитии технологий Интернет-общения;
- рассмотрение видов и особенностей средств сетевого общения;
- выявление и объяснение причин распространенности употребления специфической лексики во время общения в Интернет;
- анализ языка сетевой коммуникации и выявление его соответствующих специфических особенностей и характеристик;
- составление мини-словарика современного Интернет-собеседника.

В ходе работы были сформулированы выводы, имеющие практическую ценность в наши дни. В частности, на основе анализа текстовых сообщений, сделаны выводы:

1. «Полиязычие – основа формирования поликультурной личности»

2. В Интернет-общении наиболее распространенными лексическими формами являются аббревиатуры, а именно акронимы.
3. Все акронимы, используемые в процессе коммуникации, подразделяются по значению и выполняемой ими функции на акронимы выражения мнения, эмоций и оценки, приветствия и прощания, компьютерной терминологии и электронной переписки.
4. В процессе коммуникации слоги, слова, фразы и даже целые предложения заменяются графически цифрами.
5. В современных акронимах фонетическое оформление цифры 1 (one) совпадает с слогом one, won; цифры 2 (two) совпадает со словами и слогами to, too; цифра 8 (eight) фонетически и графически заменяет части многих слов и слогов ate, eat; цифра 4 (four) заменяет предлог for.
6. В процессе коммуникации был выработан специальный язык, для которого свойственно широкое употребление аббревиатур. В данном случае речь идет не только о способе общения с помощью коротких сообщений, но и о новом интернациональном языке, которому свойственна простота, свободное отношение к нормам и традициям, эмоциональность и широкое употребление аббревиатур.
7. Тенденция к экономии языковых средств является универсальной и обусловлена потребностями человеческого мышления и общения, а именно, наиболее экономично с помощью семантически емких, но меньших по форме (размеру) знаков выразить многообразие объективного мира с его сложными связями и отношениями между предметами и явлениями.
8. С расширением аудитории Интернет-пользователей в последние годы, активизировался процесс адаптации английских аббревиатур на русский манер.

ЛИТЕРАТУРА

1. Аксенова, М. Е., Петрановская, Л. Г. Аванта +. Языкознание – М.: Аванта +, 2005.- 704 с.
2. Гак, В.Г. Сопоставительная лексикология. - М.: Международные отношения, 2000. - 178 с.
3. Голденков, М. А. Осторожно! Hot Dog! - М.: ЧеРо, 1999. - 272с.
4. Гальперин, И.Р. О термине «сленг». – М.: ВЯ, 1956, №6.

Интернет – ресурсы

1. [Http://www.acronymfinder.com](http://www.acronymfinder.com)
2. [Http://www.archvuz.ru](http://www.archvuz.ru)
3. [Http:// www.membrane.ru](http://www.membrane.ru)
4. [Http://www.mojbred.com](http://www.mojbred.com)

ӘОЖ 373.3

Сексенғали Э.С.

Жамбыл жалпы білім беретін негізгі мектебі, Батыс Қазақстан облысы, Жамбыл ауылы

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫ БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кезекті халыққа жолдауын мынадай жолдармен бастаған болатын: «Мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат — Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол — «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті».

Бұл орайда елең еткізген жаңалық — тұңғыш мемлекеттік ресми идеология, яғни «Мәңгілік Ел» идеясының жариялануы. Бұл — Қазақстан Республикасының ұлттық идеясынан келген түйін-тұжырым. Мәңгілік Ел отандастардың бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны десек қателеспейміз. Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы

армандаған мақсаты ғана емес, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асу. «Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстандықтардың алдында тұрған аса маңызды міндет – «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асыру. Бұл маңызды идеяның іргетасы мектепте қалануы тиіс. Бұл идеяны жүзеге асыру үшін мектептерде мақсатты түрде тәрбие жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар оқыту процесінің тәрбиелік мәнін күшейту қажет. Оқытылатын пәндер оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттері мен патриоттық сезімдерін және азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруға, ұлттық сана-сезімді дамытуға бағытталуы тиіс.

Жарқын болашақты қалыптастыруда Қазақстандық патриотизмнің, азаматтықтың, сонымен қатар, әлеуметтік белсенді, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру процесі жүріп жатыр. Ұлттың жалпықазақстандық ділін, мәдени, ұлттық-тарихи дәстүрлерін ескере отыра, зияткерлік, рухани және шығармашылық әлеуетін жаңғырту үшін жағдайлар жасалуда.

Оқушылардың санасында білімнің беделділігі, өз денсаулығын сақтаудағы экономикалық мүдделілік сияқты жаңа позитивті ойлар артуда; отбасы, достары, денсаулығы, қоршаған орта, қызықты жұмыс, мансабының өсуі оқушылардың дәстүрлі өмірлік құндылықтары болып қала беретінін әлеуметтік зерттеулер көрсетіп отыр.

Мектептерде оқушыларды Қазақстан тарихының бастауларына, туған елінің мәдениетіне, ана тіліне, қазақ әдебиетіне деген сүйіспеншіліктерін ояту мақсатында көптеген іс-шаралар атқарылуда. Сонымен бірге, мектеп бағдарламаларында оқушылар тұрып жатқан өңірдің табиғаты, мәдениеті және экономикасының жергілікті ерекшеліктерімен байланысты материалдарға жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінсе деген ой туындайды.

Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы — 2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына арналған Жолдауында атап көрсетілгендей, егеменді дамудың жылдарында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды.[1]

Президент сондай-ақ, белсенді, білімді және дені сау азаматтар қалыптастыру, жаңа қазақстандық мәдениетті дамытуға жаңа серпін беру міндетін қойды. 2020 жылғы қазақстандық жастарды патриот, білімді, дені сау, жауапкершілікті және жігерлі, инновациялық экономика жағдайында табысты жұмыс жасайтын, бірнеше тілді меңгерген, қазақ халқының құндылықтары мен мәдениетін бойына сіңірген, әлемде танымал және құрметті тұлға ретінде көреміз.

Қазақстандық қоғамның Мәңгілік елге бағытталуы жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жас ұрпақты тәуелсіз Қазақстанның даму тарихының субъектісі ретінде, жаңа идеялар мен бағдарламаларды тасымалдаушы ретінде, ерекше түрдегі әлеуметтік құндылық ретінде қабылдау миссиясын атқарады.

«Мәңгілік ел» ұлттық идеясында өскелең жас ұрпақ тәрбиесіне аса мән берілген. Осы ұлттық идеяны қалыптастыру үшін ең алдымен ұлағатты тәрбие мен сапалы білім берудің қажеттілігі анық көрсетілген. Мектеп қабырғасынан бастап, туған ел, отан, туған жер, киелі табиғат ұғымының маңыздылығын білу, ұлттық құндылықтардың оның ішінде салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тарихтың маңызын бойларына сіңіріп өсіру ең басты қағидат болуы қажет.

Оқушылардың ұлттық сана сезімін оятуға, бойындағы мәліметтерін дамытуға бағытталған әртүрлі маңызды шаралар өткізуге нақты іс әрекеттер жасалуы керек. Тәрбие сабақтарында ұлттық киім, құнды жәдігерлер туралы үнемі айту, соларға қызықтыру, оларды шынайы өмірмен байланыстыру әрекеттерін жиі үйретіп отыру қажет.

«Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» – қашанда жастардың жарқын болашағына бағыт-бағдар беретін маңызды құжат. Жолдау білім беру мекемелерінде, ғалымдар арасында үлкен серпіліс жасады. Тәрбие көп қырлы, сан алуан сипатты, күрделі, қоғамдық, әлеуметтік, ұлттық, жалпыадамзаттық, халықтық, көп жақты феномен. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы – жастар тәрбиесіндегі стратегиялық бағдар беретін негізгі идеология тұрғысынан бүгінгі білім беруде тарихи тағылым ретінде

кабылданып отыр. «Мәңгілік Ел» идеясы үздіксіз білім беру жүйесінде оқытылатын барлық пәндердің мазмұнында толықтай кірістіруді қажет етеді. [2]

Сонымен қатар, Елбасы айтқан ана тіліміз Мәңгілік елдің мәңгілік тіліне айналуы үшін бірқатар маңызды іс-шараларды жүзеге асырып, соның нақты нәтижесінен қорытынды шығаруымыз қажет.

«Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды. Қазақ тілін даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білген жөн» деген Елбасы сөзін біз оқушылардың көкейіне жеткізуіміз керек.

Мектеп жасындағы балаларды ана тілінде еркін сөйлетуге бағытталған танымдық шараларға ойлау, көру көрнекілігін жиі қолданған дұрыс. Әсіресе қазақ тіліндегі басты қасиеттер мен құндылықтарды оқушылардың өздеріне айтқызып, олардың өз жүректерінен шыққан пікірімен де санасып отыру қажет.

Барынша ана тіліміздің тазалығын сақтаудың жолын бойларына сіңіре беру қажет. Мақал-мәтел, өлеңдер, жаңылтпаштар, нақыл сөздерді жаттатып қана қоймай мағынасына терең бойлауға баулу басты міндетіміз. Оқушыларды мектепте бірлікке тәрбиелеу, бір-бірінің ынтымақтастықта жұмыс істету, берекелі орта қалыптастыру бағытындағы іс-шаралар Мәңгілік ел идеясындағы басты құндылық екенін ескеріп отыру қажет. Әр мағыналы іске балаларды үнемі қатыстырып, көшбасшылыққа ұмтылудың іргетасын мектептен бастау Елбасымыз көрсеткен Мәңгілік ел идеясын жүзеге асырудың басты құралы екенін ұмытпағанымыз абзал. Осыған байланысты баланы ұлттық қасиеті жоғары, маңызын жоғалтпаған дәстүрдің озық үлгілерімен сусындатып, оның мағынасын ашатын шараларды жиі өткізу қажет. [3]

Біздің ата-бабаларымыз жете алмаған мұрат-мақсаттар, мүмкіндіктер, біздің алдымызда айқара есігін ашып тұр, біз өз кезегімізде осы мүмкіндіктерді іске асыру барысында бар күш-жігерімізді аямай, табысты жұмыс жасауымыз қажет.

Қазақстанды жарқын болашаққа жетелейтін жас ұрпақ бабаларымыз аңсап өткен тәуелсіздіктің туын жықпай, желбіреті білуі тиіс. Өйткені, бабаларымыздың ұлан байтақ жерін қалай қорғағанын, бостандықты қалай аңсап-қадірлегенін білеміз. Жастар сондай текті ұрпақтың ұрпағы екенін сезініп, осы «тәуелсіздік», «мәңгілік ел» ұғымдарын саналарына сіңіріп, қастерлеуге міндетті.

Мәңгілік Ел — жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен Астанада асқақ рухымыз бен мәңгілік мұраттарымызды паш етіп тұрған «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасының салынуы «Мәңгілік Ел» идеясының мелекеттік идеологияға айналғандығының бір дәлелі. «Мәңгілік Ел» сөзінің терең тарихи тамыры және үлкен мағыналы мәні бар.

Түрік шежіресінде «мәңгі» сөзі «Тәңір», «Құдай», «Алла» сөздерімен мағыналас қолданылды. Осыдан кейін, «Мәңгілік Ел» «Алла Тағаланың елі, халқы» дегенді білдіреді және мемлекет пен ұлттың уақытпен шектелмеген тұмары болады деуге толық негіз бар. Мәңгілік Ел ұлттық идеясының негізгі мәні — мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті.

Сонымен сындарлы оқытуға негізделген сабақтарда оқушылар өз білімдері мен көзқарастарын ортаға салуға, білімдерін толықтыра алуға, өзі шешім қабылдай алуға ғана мүмкіндік беріп қоймай, болашаққа өзіндік көзқараспен қарауға, әрбір айналада болып жатқан құбылысқа баға бере алуға, өзіндік өмірлік ұстанымдарын қалыптастыруға, тіпті тиімді мамандық таңдауға үйренеді.

Ата-бабаларымыз ерте бастан ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берген. Өз ұрпағын адал еңбекке, өнер-білімге тәрбиелеп, өмірге бейімдеп, жанұяның, Отан намысын қорғауға тәрбиелеуі үлкен ұлағаттылықты байқатады. Әр халықтың тәлім-тәрбиесі ұлттық құндылықтың маңызды белгісі.

Оқушының ұлттық қасиеттері: меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, инабаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайлылық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани-байлық, махаббат т.б сияқты қасиеттері арқылы ерекшеленеді. Құндылықтар сезім арқылы қабылданады, ал сана арқылы оны түсінуге болады, сол арқылы тұлға құндылығы қалыптасады. Тұлғаның қалыптасуы өмірге келген сәтінен басталады, жеткіншек және жасөспірім шақта жедел жүреді.

Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуы ұлттық дәстүрлерімізді меңгеруі мен құрметтеуінен туындайды. Жеке тұлғаның құндылық түсініктеріне әсер ете оқыту, оның ең алдымен, әдептілігіне баса назар аударуды қажет етеді. Өйткені ол-халқымыздың ұлттық психологиясының өзегі, оның ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық санасының тәжірибелік көрнісі, барлық кісілік қасиеттерінің жиынтығы.

Қорытындылай келе, өскелең жас ұрпаққа, Мәңгілік елге айналу үшін тәуелсіздікті сақтау, елдігімізді нығайту басты мақсат болып табылатынын үйретуіміз керек. Өйткені, тәуелсіздік ұғымы халқымыздың мұраты, ғасырлар бойғы арманына айналған, сонау алаш тұлғаларының зердесі мен өнегесімен келген аманат дүние болатын.

Мәңгілік Ел ұлттық идеясы дегеніміз — өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы хақ мұраттарымыз!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы
2. Пірәлиев С., педагогика ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі, профессор// «Мәңгілік ел және этнопедагогика мәселелері»
3. Тасмағамбетов И. //«Мәңгілік Ел» - ұлттық идея ретінде, «Егемен Қазақстан», 2015ж

ӘӨЖ: 372.2.01

Абугалиева Г.С., Хасанова А.Ж.

Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қаласы

БАЛАЛАРҒА ТІЛІН ДАМУДА КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫҢ ӘСЕРІ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде күннен – күнге жаңарту үстіндегі әлемде бейімделу қабілеті жақсы жетілген бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды. Жетекші ғалымдар мен практиктер жүргізген көптеген педагогика – психологиялық зерттеулер нақты мектепке дейінгі жастың зияткерлік, тұлғалық, әлеуметтік және эмоцияналдық дамуын анықтайтын шарт екендігін дәлелдеді. Уақытылы берілген мектепке дейінгі білімнің балаға, оның фундаментальды білімнің дамуына тигізер үлесі зор.

Қазақ елінде тұңғыш рет «психология», «педагогика» құралдарын жазған Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаевтар өз еңбектерінде балаларды жан – жақты дамыта тәрбиелей отырып, олардың психологиялық үрдістерін (ақыл – ой, қиял, есте сақтау, зейін, сезім, қабылдау, т.б.) жетілдіру, ана тілінде сөйлеуге үйрету мәселесіне ерекше назар аударды.

Сөз – тілдің негізі. Көркем мәтіндегі сөздер тілдің бейнелік құралдары болып табылады. Қылыштай кесіп түсетін өткір де дәл, сезімге әсер етіп, сөйлеуде жандандыратын, ойлаудың икемділігі мен тездігін дамытатын, балалардың сөздік қорын жетілдіре түсу қызметін атқаратын болғандықтан, сабақтың барысында баланың жүрегін толқытып, бойын балқытып, қиялын шарықтатындай жағдай туғызу керек. Мектепке дейінгі бағдарламада бала тілін дамыту жұмысына баса көңіл бөлінген. Бұл жай құбылыс емес, керсінше,

баланың техникалық қасиеттерінің дамып – жетілуіне әсер ететін үрдіс. Сондықтан мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту жұмысы – тәрбие жұмысының ұйтқысы.

Балалардың сөйлеу белсенділігін арттырып, ой – өрісін кеңейтіп, бағдарлай білуге үйретіп, қатынас құралы ретінде көркем шығармаларды пайдаланудың маңызы аса зор. Көркем шығармаларды оқып беру, оқылған шығарма мазмұнын айтқызу барысында баланың ойлау қабілеті, тілдік қоры дамып, ой – өрісі кеңейеді.

Мақал – мәтелдердің тәрбиелік мәні күшті, балаларды жақсылыққа баулып, жамандықтан аулақ болуға үгіттейтін өнеге сөздердің мағынасын талдап, соған орай белгілі бір қорытынды жасалады. Балалардың өмірге көзқарасын кеңейтіп, сөздік қорын байытуға бағыт беру, сөз шеберлерінің ғажайып өнерін сипаттауда балаларға көркемдік білім беру еді. Балабақшада оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасында 2 жастан 3 жасқа дейінгі балаларға әдеби шығармаларды оқу, тіл дамыту жұмысы арнайы бөлім, 2-ден 3 жасқа, 3-тен 4 жасқа дейінгі балаларға халық ауыз әдебиеті үлгілерінен «Бесік жыры» сияқты ойнақы өлеңдер, санамақтар беріледі.

Көркем шығармаларды тыңдауға бала сәби кезінен-ақ құмартып, қызығады. Қысқа ертегі, өлең оқып берсе, тез жаттап алады. Жаттау арқылы баланың тілі жетіледі. Әдеби кейіпкерлердің жақсы ісіне сүйсінеді, жаманынан жиренеді – бойын қорқыныш билейді. Сәбилерде жақсы және жаман іс-әрекет жөнінде түсінік пайда болады. Сөйлеу тілі жетіле түседі. Ал тілінің дамуы – баланың бойында қабылдай – ести білу сияқты психологиялық процестердің бірте-бірте қалыптасуына негіз болады. Мектеп жасына дейінгі балаларға оқып беретін шығармалар, негізінен, үш салаға бөлінеді:

1. ауыз әдебиеті нұсқалары;
2. классик жазушылардың шығармалары;
3. қазақ жазушыларының шығармалары.

Осы саладағы шығармалар тәрбиешіге арналған бағдарламалық, материалда нақты жүйеге бөлініп берілген.

Әдеби шығармаларды оқу мен сабақты жоспарлауда мына жағдайларды өте мұқият ескеру қажет:

- әрбір шығарманы оқып берерде баланың жас ерекшелігі, осыған байланысты тәрбие жұмысының мақсаты мұқият ескерілуі қажет. Шығарманың лайықтысын ғана алу керек. Мысалы, сәбилер (3-4 жасар балалар) алғаш рет балабақшаға келді делік. Олардың көпшілігі әлі дұрыс сөйлей алмай, балабақшада болатын жайттармен, ойыншықтармен әлі таңыс емес. Сондықтан алғашқы үш-төрт айда тәрбие жұмысының бәрі, оның ішінде әдеби шығарманы оқып, тыңдату көбінесе ойын түрінде өтіледі. Ол үшін ойынға негіз боларлық, суретті шығармалар керек. Көлемді шығарманың лайықты бөлімінен кейбір үзінді ғана алынады.

- ана тілге арналған жоспар 14-15 күнге лайықталады. Жоспарда қандай шығарма оқылуы керек, оған байланысты бақылау жұмысы, суреттер, ойындар нақты көрсетіледі. Әрбір ойынның мақсаты белгіленеді (білімнің бекіту немесе сөздің дыбыстық жағын дұрыс айтуға жаттықтыру сияқты).

- оқылатын шығарма тәрбие жұмысының әр саласын қамтитын болсын. Мысалы: жануарлар, жыл мезгілдері, еңбек, мерекелер туралы және тазалыққа, ұқыптылыққа, әдептілікке баулитын шығармалар.

- сәбилер тобында (3-4 жас) тәрбиеші шығарманы мәнерлеп жатқа айтып беруі керек. Бұл тұста тәрбиеші балаларды түгел бақылап отыратын болады. Тәрбиешінің шығарманы жатқа айтып беруі балаларға қызықты болады, оларды жалықтырмайды. Өйткені бала тәрбиешіні тыңдай отырып, әр сөзді дұрыс айтуға тырысады. Сәбилерге тапқы арнайы жаттату қиын. Сондықтан тәрбиеші өзі жатқа айта отырып, шығарманың қажетті шумағын ойын ретінде қайталау кезінде біртіндеп өзіне ілесіп айтуға үйретеді.

- көркем шығарманы оқығанда шығарманың мазмұнына лайықты лайықты суреттерді пайдаланған жөн. Өйткені бұл жастағы балалар өз беттерімен оқи алмайды. Ал шығарманың мазмұның сурет арқылы жылдам түсінеді. Бала кейде кітаптың бетін ашып

отырып, суреттің астына жазылған өлең жолдарын дәл тауып, өз бетімен оқып отырғандай әңгімелеп береді. Сондықтан тәрбиеші қажетті шығарманы оқудан бұрын, суретті көрсету арқылы әңгімелеседі. Соңынан шығарманы оқып береді. Ересек балаларға шығармаға байланысты қажетті суретті шығарма оқылған соң берген дұрыс. Өйткені шығарманы оқудан бұрын сурет көрсетілсе, балалардың барынтасы сол сууретке ауады да, тәрбиеші оқығанда зейін қоймайтын болады. Оқылған шығарманы әңгімелеп айтуға үйрету сабағының үлгі жоспарын төмендегіше құруға болады:

1. тәрбиешінің кіріспе әңгімесі
2. тәрбиешінің әңгімені оқып беруі
3. оқылған әңгіме, ертегі мазмұнын көмекші сұрақтар қоя отырып айтқызу
4. шығарманы қайталап оқу, шығарма мазмұның балаларға айтқызу.

Мұндайда қысқа әңгіме, ертегі мазмұның бір балаға, көлемді шығармалардың мазмұнын бірнеше балаға айтқызуға болады. Егер әр алуан жастағы балалар аралас болса, алдымен ересек, естияр балалар әңгімелер айтады, сәбилер тыңдап отырады.

Әдеби шығармаларды оқып, тыңдату (ересек топта, әңгімелеп беру, әңгімелету, жаттату сияқты сабақ түрлері экскурсия, бақылау, санау, музыка, бейнелеу өнері сабақтарымен байланыстыра жүргізілгені жөн. Бұл сабақтар бірінің мазмұның бірі толықтырып отырса, тіпті жақсы. Ендеше мектепке даярлау мәселесінде әдеби шығармалармен таңыстыру ерекше орынға ие екенің ескеру қажет.

Бағдарламаға сай мұндай жұмыс баланың жас ерекшелігіне қарай, сабақ мақсатына сәйкес берілетін білім-дағдылар бір-бірімен байланыстыра өтіледі. Осылай оқыта отырып тәрбиелеу, тәрбиелей отырып оқыту принципі сәбилер тобынан бастап баланы өзіне қойылған сұрақты түсінікті, оған дұрыс, толық жауап беруге, өзі басқаға сұрақ қойып, жауап алуға, үйрету міндеті іске асады. Осы білім-дағдыларды меңгерте отырып, тәрбиеші баланы айналасындағы адамдармен амандасу, әдепті сөйлесу, алғыс айту, жылы шырайылық білдіру сияқты мінез-құлық әдептеріне үйретеді. Мысалы, сәбилер тобында Ә.Дүйсенбиевтің «Не деу керек?» деген өлеңінен үзінді оқығанда тәрбиеші мына мақсаттары көздейді: өлең түріндегі шығарманы тыңдай білуге, жатқа айтып үйрету; «рахмет», «кешіріңіз», тағы басқа ізеттілікті аңғартатын сөздерді айтуға дағдыландыру, осы сөздерді күнделікті қолдануға білуге баулу, тағы басқа. Ал Қ.Мырзалиевтің «Ойыншықтар» өлеңінде ересек балалар тобында оқығанда тыңдай білуге үйрету, өлеңде аталған ойыншық жануарлар туралы сұрақтар қойып, олар туралы білімдерін жетілдіру қажет. Тәрбиеші қай тақырыпта қандай шығарма оқыса да, әр заттың, іс-қимылдың сөздік атауларын бала түсініп, дәл таңа білуге тиісті. Әдеби шығармаларды оқу, тіл дамыту жұмыстарындағы басты әдістердің бірі – сөздік жұмысын жүргізу.

Мектеп жасына дейінгі мекемелерде балалар өздігінен оқи алмайтыны анық Сондықтан мәтін оқуға, әңгімелеп айтуға үйрету, көркем сөздермен таңыстыру жұмысы бағдарлама талабына сәйкес тақырыптық принциптерге негізделеді. Ол принциптер – айналадағы дүниемен, қоғам өмірімен, табиғатпен таңыстыру, дүние таңымын, ой-өрісін жетілдіру, зейінін, қабылдауын бағдарлай білу, қабілеттерін дамыту болып табылады. Осы мақсаттарға орай әдеби шығармаларды оқу, алған білімдерін тиянақтау, жалпы сөздік қорларын молайта отырып, мағынасы ұқсас, мағынасы қарама-қарсы сөздерді меңгерту, көрген-білгендері жөнінде алғашқы иұғымдарын қалыптастыру міндеті қойылады.

Шығарма оқу, тіл дамыту жұмысында сәбилер (2-3 жас аралығында) тобында тыңдау қабілетін дамыту, шағын өлеңді жатқа айтуға, ауызша әңгімелеп берген ертегі, әңгімелер беруге үйрету көзделеді. Ал естиярлар мен ересектер (4-6 жас аралығы) шығарманы тыңдай отырып, оның (әңгіме, ертегі) мазмұнын жүйелі әңгімелей білуге, кейіпкерлердің іс-әрекетін түсініп, өзінше талдап, ойын қорытындылай білуге, кейбір үзінділерді жатқа айтуға, мазмұнға сай әңгіме құрауға, бейнелі сөздерді дәл тауып айтуға, өздігінен салыстыра сипаттай білуге, үйренуге тиісті.

Сабақты мынадай жоспар бойынша өткізуге болады:

- 1) тексті оқудан бұрын текстке байланысты баланың не білетінің анықтау ниетімен әңгімелесу;
- 2) шығарманы оқу «сәбилерге ауызша айтылады»;
- 3) әңгімелесу;
- 4) әңгімелету; (суретпен, суретсіз, ойыншық)
- 5) экскурсия, бақылау

Халықтық тәлім-тәрбиедегі санамақтар баланы тез санауға және де ауызша есептерді тез үйренуге тәрбиелейді. Мен өзімнің іс-тәжірибемде балаларға арнап «Ойлайық та, ойнайық», «Шешендікке баулу», «Ойнай біл, ойлай біл», «Сергіту жаттығулары», «Әдемілік, әдептілік» атты кітапша жинақтадым. Бұл кітапшаны 5-6 жастағы балалармен ойын түрінде өткізілетін сабақта қолдануға болады. Санамақты халық негізінен жас балаға сан үйрету мақсатында шығарған. Санамақтар әрі сан үйретеді, әрі дүние танытады, әрі баланың қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілетін дамытады. Балаларды шешендікке баулуда билермен хандардың, ақын-дар мен шешендердің, данышпандардың өнегесін үнемі үйретіп отыру қажет. Халық ауыз әдебиетінің ішіндегі балалардың ең сүйіп тыңдайтыны ертегілер. Балаларға ертегіні әңгімелеп бергеннен кейін оны сахналап қойып, және қуыршақ, саусақ театрлары арқылы көрсетіп үйреткен тиімді. Халық ауыз әдебиетінде мақал-мәтелдер негізінен елдікті, ынтымақты, инабаттылықты қамтиды. Тіл дамыту, айналамен таныстыру сабақтарында батырлық, ерлік, достық, туыстық, табиғат, туған ел, жер жөнінде мақал-мәтелдерді қолданған жөн.

Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс, анық сөйлеуге үйрететін, тілін жаттықтыруға бейімдейтін жанр жаңылтпаштар мен жұмбақтар. Жаңылтпаштар арқылы сөздерді дұрыс сөйлеуге жеке дыбыстарды алмастырмай дұрыс айтуға үйретеді, ал жұмбақтар баланы байқағыштыққа, тапқырлыққа баулап, ой-қиялын ұштауға әсер етеді. Мектепке дейінгі балаларды өз ана тілінде сөйлеуге үйретуде, тәрбие мен білім беру жұмыстарын ұйымдастыруда олардың сөйлеу тілін дамытуға, сөз құрастырып сөйлеуіне, сөздік қорының молаюына баса көңіл бөлген жөн. Сәбилердің дүние танымын кеңейтіп, ойын өрістетіп тіл байлығын жетілдіруде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Балабақшада тіл дамыту жұмыстарын айнала қоршаған ортамен, сондай-ақ көркем әдебиетпен таныстыру арқылы жүзеге асыруға болады. Балаға әңгімелеп айтуға, оқып тыңдауға, жаттауға арналған материал оның даму деңгейіне, жас шамасына лайықты болғаны жөн. Әдеби шығармалардың тілі жеңіл де, көркем, балаға түсінікті, олардың сөз қорын жаңа сөздермен байытатындай болуы керек. Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс, анық сөйлеуге үйрететін, тілін жаттықтыруға бейімдейтін жанр жаңылтпаштар мен жұмбақтар. Жаңылтпаштар арқылы сөздерді дұрыс сөйлеуге жеке дыбыстарды алмастырмай дұрыс айтуға үйретеді, ал жұмбақтар баланы байқағыштыққа, тапқырлыққа баулап, ой-қиялын ұштауға әсер етеді. Мектепке дейінгі балаларды өз ана тілінде сөйлеуге үйретуде, тәрбие мен білім беру жұмыстарын ұйымдастыруда олардың сөйлеу тілін дамытуға, сөз құрастырып сөйлеуіне, сөздік қорының молаюына баса көңіл бөлген жөн. Сәбилердің дүние танымын кеңейтіп, ойын өрістетіп тіл байлығын жетілдіруде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Балабақшада тіл дамыту жұмыстарын айнала қоршаған ортамен, сондай-ақ көркем әдебиетпен таныстыру арқылы жүзеге асыруға болады. Балаға әңгімелеп айтуға, оқып тыңдауға, жаттауға арналған материал оның даму деңгейіне, жас шамасына лайықты болғаны жөн. Әдеби шығармалардың тілі жеңіл де, көркем, балаға түсінікті, олардың сөз қорын жаңа сөздермен байытатындай болуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы // Егемен Қазақстан, 1999, 1 маусым.
2. Қазақстан Республикасы азамат тарихының жаңа әлеуметтік-экономикалық мінез-құлқын қалыптастыру тұжырымдамасы. –Алматы; 1999, 40 б.
3. Қазақстан Республикасы этникалық-мәдени білім беру тұжырымдамасы. //Егемен Қазақстан, 7 тамыз, 1996

4. Қазақстан Республикасының гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. Алматы, 1994, 37 б.

ӘОЖ: 63.321.96.(576)

Илипов М.Т., Болатұлы Н.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ ЖҮЙЕСİNДЕГІ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАР: САЯСАТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ (2011-2015 жж.)

Қазақстан Республикасында Ұлттық бірыңғай тестілеу 2004 жылы енгізілді. Ұлттық бірыңғай тестілеу - жалпы білім беру ұйымдары бітірушілерінің мемлекеттік қорытынды аттестаттауы мен орта білімнен кейінгі жоғары білім ұйымдарына қабылдау емтихандарын біріктірді.


Араға 12 жыл салып, Білім және ғылым министрлігі ұлттық бірыңғай тестілеудің форматын өзгертіп, орта білім беру саласында жаңа реформа қабылдады. Осыған орай, жаңа өзгерістерге қоғамда ашық дискуссиялар басталды.

Саясаттанулық талдаудың негізгі мақсаты – ұлттық бірыңғай тестілеу жүйесіндегі соңғы бес жылдағы трендтерді анықтап талдау.

Қазіргі таңда, Қазақстанның білім беру жүйесіндегі ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысты мынадай тенденциялар байқалады:

Біріншіден, мектеп бітірушілер арасында ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысатын оқушылар саны жыл сайын азаюда (1-сурет). 2011 жылы ҰБТ-ға мектеп бітірушілердің жалпы санының 79% қатысса (125 993 бітіруші), 2015 жылы 66,9% (83 262 бітіруші) қатысқан [1,208-б].

1-сурет. ҰБТ-ға қатысқан мектеп бітірушілердің үлесі (2011-2015 жж.)



Мектеп бітірушілерінің ҰБТ-ға қатысу ынтасының төмендеуін келесідей себептермен түсіндіруге болады:

Біріншіден, оқушылардың орта білімді аяқтағаннан кейін шет елдік ЖОО түсуге дайындалуы. Ф. Эберт атындағы Қордың Қазақстандағы өкілділігі 2016 жылы жариялаған «Орталық Азияның жастары. Қазақстан» атты әлеуметтанулық сауалнама негізінде дайындаған аналитикалық еңбегінде Қазақстандық жастардың 47,6% жоғарғы білімді шет елде алуды қалайтынын көрсеткен (2-сурет). Жоғарғы білімді алуда мектеп бітірушілер үшін ең тартымды елдер қатарына Ресей, АҚШ, Қытай және ЕО елдерін атап көрсеткен. Мұндағы, қызықты факт: орыс этникалық өкілдері Ресейде, қазақ жастары Батыста (ЕО, АҚШ) және Қытайда білім алуға талпынады [2,63-64 б].

2-сурет. Жоғарғы білімді қайда алар едіңіз?




Екіншіден, ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 ж. 22 мамырдағы №320 бұйрығына сәйкес халықаралық, республикалық ғылыми жобалар байқауына және жалпы білім пәндерінен олимпиадаларға қатысып жеңімпаз болған білім алушылар ҰБТ-ға қатысудан босатылады [3].

Үшіншіден, ҰБТ-ға қатысуға талаптанған мектеп бітірушілеріне мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері, ата-аналар тарапынан психологиялық «қысымдардың» болуы.


Байқалып отырған екінші тенденция – ҰБТ-дағы орташа баллдың төмендеуі. 2015 жылдың орташа баллы 2011 жылдың деңгейіне жете алмады (3-сурет) [4, 209 б].

3-сурет. ҰБТ-дағы орташа баллдың деңгейі (2011-2015 жж.)




Аймақтар бойынша тұрақты түрде (2012-2015 жж.) ҰБТ-дағы орташа баллдың ең төмен деңгейін Атырау облысы (4-сурет), ең жоғарғы деңгейді Алматы қаласы көрсетті (5-сурет) [5,6,7,8].

4-сурет. ҰБТ-да Атырау облысы бойынша орташа балл деңгейі.



5-сурет. ҰБТ-да Алматы қаласы бойынша орташа балл деңгейі.




Үшіншіден, ҰБТ-ға қатысушы орыс тілді мектеп бітірушілерге қарағанда қазақ тілді мектеп бітірушілердің саны күрт азайып келеді (6-сурет) [5,6,7,8].

6- сурет. ҰБТ-ға қатысушы мектеп бітірушілердің саны (оқу тілі бойынша)



Төртіншіден, ҰБТ-дағы республика бойынша орташа балл деңгейінің төмен болуына қарамастан, қазақ тілді және орыс тілді мектеп бітірушілердің орташа балл деңгейінің жоғарылауы байқалуда. Дегенменде қазақ тілді мектеп бітірушілердің орташа балл деңгейі орыс тілді мектеп бітірушілердің деңгейінен аса алмауда (7-сурет) [5,6,7,8].

7-сурет. ҰБТ-ға қатысушы мектеп бітірушілердің орташа балл деңгейі (оқу тілі бойынша).



Бесіншіден, жыл сайын ҰБТ-дағы тапсырмалар базасының сапалық жағынан жаңаруы және күрделенуі. Мысал ретінде ҰБТ-да міндетті пән ретінде келетін «Қазақстан тарихы» пәнінің сұрақтар базасына 6-11 сыныптағы хрестоматиялар бағдарламасындағы тақырыптардың енуі. Сонымен қатар, базаға бірнеше жауапты сұрақтардың енуі.

Соңғы байқалып отырған тенденция, бұқаралық ақпарат құралдарындағы соңғы шыққан материалдарға қарап қоғам арасында ҰБТ-ға деген жағымсыз пікірдің сақталуын байқауға болады. Бұл қазақ тілді және орыс тілді БАҚ-та бірдей деңгейде байқалады.

Ұлттық бірыңғай тестілеу Қазақстанның білім беру жүйесіндегі аса маңызды, бірақ іс жүзінде жұмыс істемейтін элемент болып табылады. ҰБТ-ның маңызды болатын себебі:

Біріншіден, ол оқушының болашағын айқындауда шешуші роль атқарады (жоғары білімге қол жеткізу);

Екіншіден, мектептің және мұғалімдердің жұмысы ҰБТ нәтижелері арқылы бағаланады; ата-аналар, оқушылар мен мұғалімдер түгелдей ҰБТ қорытындысына үміт артады.

ҰБТ-ның барлық жауаптары нақты бір ақпаратты жаттап алуға негізделген. ҰБТ мазмұны тұтастай ұлттық стандарттарға сәйкес келсе де, ҰБТ оқушылардың біліміне өте төменгі талаптар қояды әрі оқушылардың зияткерлік міндеттерінің дамуына ықпал етпейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан, 2015 год., Астана: АО«ИАЦ», 2016. 450 с.
2. Молодежь Центральной Азии. Казахстан. На основе социологического опроса. Под научным руководством проф. Клауса Хурельмана (Германия, Берлин). Алматы, 2016. – 440с.
3. Постановление Правительства Республики Казахстан от 13 мая 2016 года №292 О внесении изменений и дополнений в постановление Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 года №1080 «Об утверждении государственных общеобязательных стандартов образования соответствующих уровней образования».
4. Статистика системы образования Республики Казахстан. Национальный сборник – ИАЦ: Астана, 2015 – 2016.
5. Анализ результатов единого национального тестирования (ЕНТ-2012). Аналитический сборник. - Астана: НЦОСО, 2012. 73 стр. 6. Анализ результатов единого национального тестирования (ЕНТ-2013). Аналитический сборник. - Астана: НЦОСО, 2013. 54 стр. 7. Анализ результатов единого национального тестирования (ЕНТ-2014). Аналитический сборник. Г. Кусиденова, А. Алина - Астана: НЦОСО, 2014. 70 стр. 8. Анализ результатов единого национального тестирования (ЕНТ-2015). Аналитический сборник. Л. Забара, С. Боранбаева - Астана: АО ИАЦ, 2015. - 64 стр.

ӘОЖ: 326.1

Серикова Н.У.

п.ғ.к., Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

ҰЛТТЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕНГЕН ҰРПАҚ- ТҰҒЫРЫ БИІК ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТІРЕГІ

*Қазақстан тәуелсіздігіне 25 жыл:
«жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!
Н. Ә. Назарбаев*

2016 жыл –барлық қазақстандықтар үшін елеулі жыл.Тәуелсіздік – ата-бабамыздың ежелден келе жатқан арманы. Халқымыздың бостандыққа ұмтылысының және өшпес қайсар рухының арқасында тәуелсіздікке қол жеткіздік. Бұл күнге дейін жеткен ұмытылмас оқиғалар – ел бостандығын қорғау соғыстары мен ұлт-азаттық көтерілістердің тарихымызда өшпес өнеге, өлмес мұра ретінде сақталатыны рас.

Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Қазақстан халқының жарасымдылығы мен ынтымақтастығы *Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты көреген саясатының нәтижесі деп білеміз.*

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып - көркеюі жолында жан

терінді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екенінді ұмытпа!» деп ескертті. Бұл әсіресе өскелең ұрпақ үшін құнды қағида болуы хақ... Біз өз еліміздің жетістіктерін қорғауға тиіспіз. Ұлттық қауіпсіздікті нығайту әрбір азаматтың, өз елі патриотының қасиетті парызы болып саналауы тиіс.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: Еліміздің болашақта қандай болатыны балаларымыздың бойына өзіміз қандай тәрбиені сіңіретінімізге тікелей байланысты делінген.

Бұл стратегиялық міндетті шешудің жаңа жолдарының бірі ұлттық тәрбие. Ұлттық рухта тәрбиеленген ұрпақ тәуелсіз елдің тірегі боларға еш күмән жоқ. Ендеше, *Тәуелсіз елімізде* өткен заманның ұрпақ тәрбиесіндегі халықтың озық сал-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын қайта жаңғыртып, бүгінгі өскелең өмір талабына сай пайдалану аса қажет болып отыр. *Ұрпақ тәрбиесі-келешек қоғам мұрагерлерін тәрбиелеу ісі.* Ол мемлекеттік маңызы зор, аса жауапты ісі. Дені сау, сезімі сергек, ақыл-ойы жетілген *«сегіз қырлы, бір сырлы»* абзал азамат өсіру ісі халқымыздың ғасырлар бойғы ой-арманы болып келді.

Ал, қазақта *сегіз қырлы азамат дегенді* еңбексүйгіш, бауырмал, батыр, өнерлі, өнегелі, шыншыл, әділ, адал болу деп түсінген. *«Сегіз қырлы, бір сырлы»*, жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеу үшін бар мүмкіндікті сарқа пайдаланып, *халық педагогикасында* «Сегіз қырлы, бір сырлы», адам тәрбиелеуде *төмендегідей қағидаларды ұстанған:*

ақылды, арлы, намысқой азамат болуын қарастыру; еңбексүйгіш, елгезек етіп тәрбиелеу; тән сұлулығын қарастыру, әсемдікке баулу; адамгершілік қасиеттерге (ізгілікке, имандылыққа, қайырымдылыққа, адалдыққа) тәрбиелеу; Отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, бүкіл адам баласын сүйуге тәрбиелеу; «Жігітке жетпіс өнерде аз», «Өнер өрге сүйрейді» деп қарап, өнер мен білімді насихаттау; табиғатты, қоршаған ортаны аялауға, әсемдікке тәрбиелеу; денені шынықтыруға тәрбиелеу.

Ғылыми педагогиканың бастау бұлағы болған осынау халық педагогикасының жоғарыдағы қағидаларын оқу-тәрбие үрдісінде жас ұрпақ тәрбиелеуде ту етіп ұстап, «Халқын сүйген-салтын сүйеді, Отанын сүйеу үшін, оның салтын, заңын сүйеді ұрпағына тағлым еткен *халқымыздың көп ғасырлық тәлімі терең тәрбиесін жалғастыру тәуелсіз елдің алдындағы баршамыздың басты парызымыз.* Бұл орайда тәрбиенің бастау бұлағының ошағы болар отбасының, білім беру мекемелерінің алдында тұрған жауапты істе ұлттық рухы биік, елін-жерін сүйетін, оны қастерлейтін ұрпақ тәрбиелеу мәселесіне тың қарауымыз қажет.

Қазақ халқы қашанда отбасындағы бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Отбасы тәрбиесі – бұл жалпы тәрбиенің ең басты бөлігі. Онда ескерілетін басты мәселе ата-ана мен бала арасындағы сыйластық болып табылады. Бұл дәстүр халқымыздың ежелден келе жатқан-ұлттық ерекшелігінің бірегейі болған. Бала өзінің ата-анасы түгіл, бүкіл жасы үлкен буынның алдынан кесе-көлденең өтпеді кісіліктің келбетіндей түсінуі тиіс. Бұрынғы ата-бабаларымыздың салып кеткен сара жолы бойынша, ата-ана мен бала арасындағы сыйластық, аса үлке этикалық заңдылықтарға бағынатындықтан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жатқан қадыр-қасиетімен өзара үндесіп жатқанын түсінуіміз қажет.

Әр отбасы ешбір қан төгіссіз, бейбіт жолмен, *атқан таңдай арайымен жеткен еркіндігі бар тәуелсіз елдің*, бүкіл мемлекеттің бір бөлігі екендіктерін түсінуі тиіс. Отбасы белгілі бір дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы болуы қажет. Осылайша, *ұрпақ тәрбиесі-* мемлекеттік маңызы зор, аса жауапты ісі дей келе, ұлттық рухы биік ұрпақ тәрбиелеуде *халықтық педагогиканың құндағымен өсіріп*, ата-баба тәлімін биікте ұстағанымыз асыл. Елдігімізді танытар асулары көп алдағы уақытта ұлттық рухта тәрбиеленген ұрпағымыз – гулденген тәуелсіз елдің тірегі болары сөзсіз!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика: Әдіснама, Теория, Тәжірибе.- Алматы, 2013. – 254 б

2. Бөллев Қ. Қазақ отбасылық тәрбиесі. Алматы, 2014-153 б.
3. Кукушин В.С., Қалиев С. Этнопедагогика. Алматы, 2014.-336 б.
4. Қали Н. Тәуелсіздігі мақтанышым// Егемен Қазақстан-2016ж.

УДК 342.7

Тастекеев К.К.¹, Мырзатаев Н.Д.

з.ғ.к., доцент¹, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей

ЖОҒАРЫ БІЛІМ САЛАСЫН БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Еліміздің жоғары білім жүйесі әлемдік білім кеңістігіне еніп, белсенді түрде реформалар басынан кешіруде. Реформа, ең алдымен жоғары білімнің басқару және құқықтық реттеу салаларында айқын көрініс тауып отыр. Білім беру және оқу үдерісі кредиттік технологияға сәйкес ұйымдастырылып, халықаралық білім стандарттары мен білімнің сапасын бағалау бойынша тәуелсіз агенттіктердің критерийлері басшылыққа алынуда. Нәтижесінде, жоғары білім және ғылыми кадрлар дайындау жүйесінде түбегейлі өзгерістер орын алды. Әлемдік білім кеңістігіне шығынсыз ену мақсатында жоғары оқу орындары ұйымдастырушылық және құқықтық тұрғыдан түрлі аккредитация, аттестация және өзге де іс-шаралар жүргізуде. Мемлекеттік органдар мен тәуелсіз халықаралық және ұлттық агенттіктер түрлі бағалау критерийлерін басшылыққа алып, жоғары білімнің сапасын анықтауға тырысуда. Жоғары оқу орындары ұлттық және әлемдік рейтингтік агенттіктердің тізімінде мейлінше жоғары топтықтан көріну мақсатында өздерінің стратегиялық жоспарларын жасап, дамудың жаңа жолдарын іздеу үстінде. Жоғары білім және ғылыми кадрлар дайындау саласындағы мұндай ауқымды реформалар ұлттық жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім саласын басқаруда ықпалын заңмен айқындау тиіс және ол өзекті.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласына қойылған міндеттер: елдің индустриялық-инновациялық дамуының қажеттіліктеріне сәйкес келетін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету; жоғары білім берудің еуропа аймағына кіруді қамтамасыз ету; білім, ғылым және өндірісті біріктіруді қамтамасыз ету, зияткерлік меншік өнімдері мен технологияларды коммерцияландыру үшін жағдай жасау.

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді шешу елдің жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының еңбек нарығының қажеттілігіне икемді, корпоративтік басқару принциптерін енгізе отырып академиялық еркіндікті кеңейтуге, тұғырнамалық қолданабалы ғылыми зерттеулер мен өзге де ғылыми-техникалық, тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыруға және жүргізуге қатысатын зерттеу университеттерін құру есебінен, сондай-ақ Назарбаев университетінің қабырғасында жоғары кәсіби мамандар мен жас ғалымдарды даярлау арқылы қамтамасыз етілетін болады. Дегенмен жоғары білім саласын басқарушы кадрларда саяси бостандық шектелген, Президенттің қалауымен білім беру ұйымдарының басшыларын тағайындау өзектілікке әлі де болса ие. Азаматтық қоғамның саяси фундаменти болып құқықтық мемлекет және демократия табылады [1]. Аталған міндеттерді шешу құқықтық тұжырымдамасы жасалып қана «білім беру концепциясы» негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

Жоғары білім саласын басқару алдындағы негізгі міндет кәсіпқой, сапалы, бәсекелестікке қабілетті мамандарды даярлау.

Бүгінгі таңда жоғары білімді басқаруда ақиқатты жасырудың және қолданыстағы заңнаманың олқылықтары мен қарама-қайшылықтарға толы болуының нәтижесінде жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім алып шыққан мыңдаған түлектер жұмысқа орналаса алмай, дипломы бар жұмыссыздардың қатарын толтыруда. Білім және ғылым министрлігінің ресми мәліметтеріне сүйенетін болсақ, 2011 жылы елімізде 148 жоғары оқу орны қызмет етіп, 620442 студент білім алды. Соның ішінде, 140533 студент мемлекеттік грант бойынша

білім алған екен [2]. Ал енді бір студенттің бір жылдық шығыны жуықтап санағанда 500 000 теңгені құрайтындығын ескерсек, мемлекеттен бөлінетін қаржының бір жылдық шығыны 70 млрд соманы құрайтындығын байқаймыз. Министрліктегі әкімшілік қызметшілерден бастап университет басшылығындағылар, яғни «менеджерлер» жұмыс барысында шынайы нәтижеден гөрі, формальды есеп беру маңызды екендігіне көздері жеткен. Сондықтан да, жоғары оқу орындары білімнің сапасын көтеру мен экономикаға қажетті мамандар дайындау емес, формализммен айналысып, уәкілетті органға есеп берумен әуре. Осының нәтижесінде бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында оқытушы-профессорлық құрамға қарағанда университеттің құрылымдық бөлімшелерінде қызмет етуші «менеджерлердің» саны басым. Дәлірек айтатын болсақ, бүгінде жоғары білім саласы белшесіне дейін формализмге батқан. Формализмге келгенде бірінші орында оқу процесіндегі ретсіздік пен бассыздық. Соңғы бес жылда заңгер мамандар даярлау бойынша Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ҚР Жоғары соты, Ішкі істер министрлігі, Бас прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті және өзге де республикалық және жергілікті мемлекеттік құқыққорғау органдармен ынтымақтастық жөнінде меморандумдар жасады. Бірақ бұл мәселеден де күрделісі, бітіруші курстың студенттерін жұмыспен қамту мәселесі күн тәртібінен әлі күнге түсер емес.

Жоғары білім саласындағы басқару мен қолданыстағы заңнамаға зерттеу жүргізудің нәтижесінде мемлекеттің білім саласындағы саясаты жүзеге аспай жатқандығын көруге болады. Нәтижесінде, жоғары білімі бар мамандарды дайындауға жұмсалған миллиардтаған қаржының босқа кетіп жатқандығына, куә болудамыз. Қазақстандық жоғары оқу орындары халықтың білім алуға деген сұранысын қанағаттандырып, еңбек нарығындағы жағдайды ескермей отыр. Әсіресе, жеке меншік жоғары оқу орындары осы саладағы заңнаманың олқылықтарын пайдаланып, еңбек нарығындағы жағдайдың тығырыққа тірелуіне әкеп соқты. Нәтижесінде жұмыс берушілердің мүдделері ескерілмей қалып отыр.

Сондықтан да, бүгінгі таңда жастарды жұмыспен қамтуды қолдаудың жаңа кешенді жүйесін жасау қажет. Бұл жобаға Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Білім және ғылым министрлігі және оның Жастар ісі жөніндегі комитет және өзге де министрліктер мен жергілікті органдар ат салысуы қажет» [2]. Мұндай жағдайдың шешімі Үкіметтің араласуынсыз шешілмейтіні анық. Яғни, орталықтандырылған жүйеге сәйкес ҚР Үкіметінің қаулысының негізінде барлық салалық министрліктерді кемінде мемлекеттік қаржы есебінен грантта оқыған студенттерді жұмыспен қамтуын міндеттеу қажет. Мұнда кеңестік кездегі жас мамандарды жолдама арқылы жергілікті жерлерге жұмысқа жіберу тәжірибесін енгізген орынды болар еді. Немесе Кельн университеті 1388 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан, Германия мен Еуропада алдыңғы бестікке кіретін жоғары оқу орны, QS World University Rankings бойынша 2013 жылы 243 орынға иеленген классикалық университет [3]. Мысалы, Германияның заңгерлер дайындау процесінде жергілікті әділет органдары маңызды рөл атқаратыны анық көрініп отыр. Болашақ заңгерлердің кәсіби тәжірибеден өту процесіне жоғары оқу орнына қарағанда, жергілікті мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдары мүдделі екендігі көңіл толтырады.

Соңғы кездері уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан болашақ түлектердің білімін жұмыс берушілер бағалауы қажет деген пікірлер жиі айтылуда. Алайда, мұндай жағдай барлық отандық жоғары білім беру жүйесінде көрініс таппай отыр деуге болады. Өзге де дамыған елдердің тәжірибесіне тоқталып кетсек, келесідей жағдайды байқаймыз. Швецияда кәсіби білім мен еңбек нарығы арасындағы өзара байланыстар мемлекеттік деңгейде қатаң реттелген. Данияда жоғары оқу орнының түлегіне жұмысқа бейімделуге ұзақ уақыт қажет етілмейді, себебі оқу орнында теориялық сабақтарға қарағанда тәжірибелік жұмыстарға және кәсіпорындарда тағылымдама алуға көп көңіл бөлінеді. Шотландиялық біліктілік басқармасының мақсаты – еңбек саласы мен білім беру саласының тығыз байланысын қамтамасыз ету. Ол кәсіби білім беру қызметі нарығында тұтынушылар мен өнім өндірушілер арасында өзара байланысты ұйымдастырады. АҚШ-та кәсіби білім мен еңбек нарығы арасында байланыс орнату мақсатында түрлі бағдарламалар жұмыс істейді [4].

Осы саладағы қатынастарды реттеуге бағытталған актілерге тоқталайық. Жоғары білім саласына арналған халықаралық конференцияларда қабылданған құжаттарда жоғары оқу орындары, мемлекет және экономикалық сектор арасында әріптестік қатынастар орнату қажеттігі айтылады. Гавана конференциясы комиссиясының бірі (1996) еңбек нарығының қажеттілігін болжай алатын механизмдерді қолдана отырып, білім бағдарламаларын реформалауды ұсынады. Дакарлық конференция (1997) еңбек нарығымен тығыз байланыс орнату қажеттігін айтады. Палерма конференциясы (1998) жоғары оқу орындарының басты мақсаты түлектердің бойында іскерлік және бастамашылық қасиетін дамытып, жұмыспен қамту мәселесін шешуге бағытталған.

Кәсіби біліктілігін арттыру және жұмыспен қамтылу деңгейін көтеру үшін келесідей ұсыныс жасалады: әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, студенттердің кәсіби тәжірибеден өтуін шынайы етіп, мемлекеттік стандарттармен шектемей, ұдайы тәжірибелік тағылымдамалардан өтуге мүмкіндік жасау керек. Бұл бастамалардың нормативтік негізін жасап, тиісті уәкілетті органдар деңгейінде актілер қабылдау қажет.

ЖОО-лар мен колледждер түлектері үшін біліктілікті бекітудің тәуелсіз жүйесін құру жөніндегі жұмыстарды белсендірек жүргізу біліктіліктің нәтижесі болып табылатыны анық. Оған дәлел ретінде, Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты жолдауында: «Әрбір адам, соның ішінде, әсіресе, жастар белгілі бір кәсіптік саладан өз болашағын көргісі келетіндігін мойындау қажет. Бұл өте қалыпты жағдай. Өйткені, адам өзінің қайда бет алғандығын анық көрген кезде ғана биікке қарай күш-жігермен ұмтылады. Сондықтан да, біліктіліктің ұлттық жүйесін (БҰЖ) құру жөніндегі барлық жұмыстарға барынша екпін берілуі қажет. Олар тек нормативтік маңызға ие болып қана қоймай, сонымен қатар, әрбір кәсіп үшін «жол картасы» да болуы қажет» [5] деген болатын.

Донгук университетінің профессоры, саясаттану саласы бойынша Phd докторы Мионг Хо Пак сұхбатында: «Негізінен, біздің жүйеміз ашық болғандықтан білім беру саласындағы барлық жетістіктер сырттан әкелінген. Тек шетелде ашылған тың менталитетімізге, ішкі қоғамдық ерекшелігімізге сай бейімдеп алғанбыз. Бізде АҚШ-тан, Еуропадан, Қытайдан және Ресейден бітіріп, солардың ғылымын меңгеріп келген кадрларымыздың арқасында көптеген саланы игеріп, алға бастық. Біздің білім жүйесі озық дәстүрлердің жинақталған көрінісі. Біздің жетістігіміз озық білім-ғылымды сәтті кәдеге асыруда» [6]. Ұлттық жоғары білім беру жүйесінің өзіндік ерекшелігін сақтап дамыту маңызды екеніне дәлел іспетті.

Білім мен ақпарат ұлттық шекараны әлдеқайда оңай жеңетін кеңістік болып табылады. Сол себепті жаһандану кезеңінде дистанциялық білім беру кең таралуда, мұнда жаңа технологияларды ашудың нәтижесі маңызды болды. Студенттің орналасқан жері дәл бүгінгі күнде білім алу үшін маңызды болып есептелмейді, бірақ оның оқытушымен тұрақты қарым-қатынасы қалыптаса қоймайды. Тілдік барьер деген де бар. Көптеген дистанциялық бағдарламалары бар сайттар ағылшын тілінде, сондықтан ағылшын тілін білмеу компьютер сауаттылығын білмеген тәрізді қазіргі заманғы білім алуда үлкен кедергі болып табылады [7]. 2010 жылдың наурыз айында Қазақстан ресми түрде Болон декларациясына қосылып, Еуропалық жоғары білім аймағының 47-ші толық құқылы мүшесі атанды. 60 қазақстандық университет Университеттердің ұлы хартиясына қол қойды. Осылай мамандарды даярлаудың Болондық декларация ұстанымдарына негізделген үш деңгейлі моделіне өту жүзеге асырылды: бакалавр - магистр - Ph.D докторы. Жоғары және жоғары оқу орнының кейінгі білім беру саласын құқықтық басқару заңмен бекітілді. Алайда осыған дейінгі жоғары және жоғары оқу орнын бітіргендердің аспиранттар, университетті бес жыл оқыған мамандардың құқықтық мәртебесі заңмен айқындалмай бакалавр дәрежесіне төменеуі де қоғамда көптеген өзекті мәселелерді туындатты. Болон жүйесінің енгізілуі кезінде құқықтық тұрғыдан жан-жақты зерттелгендігін Ж.Д. Бұсұрмановтың мына пікіріне саяды. Болондық жүйе ұлттық білім беру жүйесіне шектеу емес керісінше мамандықтарды, ғылыми дәрежелерді өзара тануға бағытталған деген пікірде. Сонымен қатар Лиссабон конвенциясы нормаларымен жартылай келісуге немесе ішін ара шарттық шектеулер қою арқылы қол қою

құқығы берілген. Үрдісті бастаушы Еуропалық елдер Ұлыбритания, Германия, Франция, Испания осы құқықтарын пайдаланып құжатқа көптеген шарттық шектеулер қою арқылы өз елдерінің төл тәжірибелеріне аз шығынмен енетіндей өз елдерінің қалыптасқан үрдісті енгізуге тырысып бақты. Мысалы Германия екі деңгейдегі кандидат және ғылым докторлақ білім жүйесін қалдырды. Сондай-ақ алдыңғы қатарлы элиталық ЖОО, жоғары білім берудегі Еуропалық одақтың флагманы Оксфорд, Кембридж, Париждік политехникалық мектеп одақтың ережесін елемей, Болондық жүйеніден тыс, өз даму жүйелерінде қалып отыр. Тек Қазақстан Республикасы ғана Болондық процеске жан-жақты аса дайындықсыз еніп кетті, дегенмен жоғары білім саласына түбегейлі реформа жүргізбей де еруге құқығымыз болғандығын айтады [15, 5]. Қытайдың атақты философы Конфуций айтқан екен: «Егер де маған ел басқару мүмкіндігі туса, ең алдымен сол елдің тіл және білім мәселесін қолға алар едім. Себебі тіл бірлігі болмаса, пікір бірлігі болмайды және идеология дұрыс жүргізілмейді. Идеология дұрыс жүргізілмей, ортақ түсіністік таппаған елде бірлік болмайды. Сондықтан бәрінен де бұрын адамдар арасындағы бірлікті ұстап тұрған тіл және білім мәселесі маңызды» [9,8 б.]. Әсіресе бүгінгі таңда, еліміз жаһандану және интеграция процесіне белсенді қатысу кезінде жоғары білімсіз алға қарай даму мүмкін болмай отыр.

Ғылымды іс жүзінде және тиісті деңгейде қаржыландырудың маңыздылығын бүкіл әлем мойындап отыр. Бұл мәселеге қатысты ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Д. Нөкетаева былай дейді: «..шетелдік сарапшылардың сөзіне сенсек, егер мемлекет ғылымды қаржыландырудың көлемін ішкі жалпы өнімнің 1 пайызынан төмендетсе, онда ондай мемлекеттің ғылымы құлдырауға ұшырайды екен. Ал, ол 0,5 пайыздан төмен болса, онда ғылым саласын қайтып қалпына келтіру мүмкін еместігін, ғылым жүйесінің қирайтындығын алға тартады. Дамыған елдер ғылымға орта есеппен ЖІӨ-нің 3 пайызындай қаржы жұмсайды. Даму жолына түскендері де осыған шамалас. Ал бізде бұл көрсеткіш 0,3 пайызға да жетпейді. Осының өзінен-ақ біздегі ғылым дамуының қандай деңгейде екендігін көруге болады» [10]. Бүгінгі таңда еліміздің жоғары білімі мен ғылымы үлкен реформаны басынан кешіруде, алайда реформаның үлкен қаражат қажет ететіндігі әлі де ескерілмей отырған сыңайлы. Бүгінгі таңдағы білім мен ғылымға жұмсалып жатқан қаржы тым жеткіліксіз, нақтырақ айтқанда оқытушы-профессорлық құрамның жалақысына қосылып жатқан ақша нарықтағы инфляцияның негізінде келтірілген шығынды жаба алмай келе жатыр. Сондықтан жоғары білім саласы әлі толық автономды болуға дайын емес әлі де мемлекеттік қолдауды қажет етеді.

Т. Шульцтың еңбектері Халықаралық валюталық қор және Әлемдік банк сияқты ірі ұйымдардың кәсіби және техникалық білім беру салаларына инвестиция салуына түрткі болды [11].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған жолдауында: «XXI ғасырда білім беру ісін дамыта білмеген мемлекет құрдымға кетері хақ. Сондықтан біз болашақта жоғары технологиялық және білікті өнеркәсіп мамандарының шоғырын қалыптастыруымыз қажет. Бұл орайда, Қазақстандағы жоғары оқу орындарының міндеті - әлемдік стандартқа сай білім беру, ал олардан алынған дипломдар дүние жүзі мойындайтындай болуы қажет. Біз әрбір Қазақстан азаматтарының дұрыс мүмкіндіктермен жоғары білім алуына кепілдік беруіміз қажет», - деген болатын. Стратегиялық «Қазақстан-2050» бағдарламасының жүзеге асырылуы білім мен ғылым жүйесін басқаруды жаңа бағытта дамуы мен ерекше жуапкершілікті жүктегенін көрсетеді.

Халықты жұмыспен қамту туралы Заңның 4-бабында Халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері және бағыттары айқындалған. 4-баптың 2-тарауында Жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясаттар көрсетілген. Осы баптың 3) тармақшасында білім беру жүйесін еңбек нарығының қажеттеріне және инвестициялық саясатты ескере отырып, оның даму перспективасына сай кадрлар даярлау ісіне бағдарлауға бағытталғандығы айтылған [12]. Білім және ғылым саласын басқарушы тиісті өкілетті органдар мен лауазымды тұлғаларға еңбек нарығына қажетті мамандарды даярлау жүктелгендігі айқындалып отыр. Осыған орай ЖОО туралы заңға жұмыс берушілер,

қызметкерлер және қоғамдық ұйымдар өкілдерінің жұмыспен қамту саясатын әзірлеу мен іске асыруға қатысуын қамтамасыз ететін норманы енгізу қажет. ЖОО басқарушы тарап пен жұмыс берушілер формальді түрде ғана шартқа отырады. Оған бұқаралық құралдардаға ақпараттар дәлел болса керек. ЖОО басшылары формализмнен нақты іске көшпесе еліміз еуразия көшінің соңында қалатыны сөзсіз. Сондықтан да, елу елдің қатарында боламыз десек жұмыс берушілер, қызметкерлер және қоғамдық ұйымдар мен жеке жұмыспен қамту өкілдерін ЖОО басқарушыларын қызметке қою мен алу саясатын әзірлеу мен іске асыруға қатысуын қамтамасыз ету қажет. ЖОО да жұмыспен қамту саясатымен үйлестірілген, қосымша жұмыс орындарын ашу ісін ынталандыруды қолдайтын шығармашылық, интеллектуалдық, өнер тапқыштық, коммерциялық, қаржы, және инвестиция саясатын кешенді жүргізуге бағытталған жаңа форматы заң қажет.

Халықты жұмыспен қамту туралы Заңның 9-бабындағы жұмыс берушілердің халықты жұмыспен қамтуға қатысуы да қазіргі таңда өзекті мәселе. Жұмыс беруші ЖОО қызметкерлерді кәсіби даярлау және ЖОО өндіріс ішінде оқыту жүйесін дамытуға қатысуы тиіс. Сондай-ақ, кадрларды техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары арқылы даярлауды ЖОО біріге отырып енгізу қажет. ЖОО құрылымдық өзгерістер барысында білікті қызметкерлердің кадрлық әлеуетін сақтау және ұтымды пайдалану керек. Қазіргі таңда ЖОО басшысы жаңадан тағайындалса барлық құрылымдық бөлімдер мен бөлімшелер, декандар мен меңгерушілердің орын алмасуына алып келуде. Ал барлық басшы бөлімдері ауыстырылған соң кезек қатардағы педагог оқытушы құрамның да орын ауысуы жүргізіледі. Бұл ЖОО сыбайлас жемқорлықтың барлығының дәлелі ғана емес, сонымен қатар жаңа басқарушы келуімен командалық кадр саясатын өзгерту ғана емес, ЖОО қалыптасқан бүкіл білім беру жүйесімен білім алушыларға кері әсерін тигізетін құбылыс. Сондықтан да, тағайындалған жаңа басшы жұмыстан шығарған немесе орындарын ауыстырған әрбір факті бойынша тиісті уәкілетті орган алдында жауап беруі және ЖОО-ның басшысының интернет ресурсында тиісті ақпаратты енгізуі тиіс. ЖОО басшысы жұмысқа қабылдау үшін бос жұмыс орындары туралы ақпараттарда еңбек саласындағы кемсітушілік сипаттағы талаптарға жол бермеуге міндетті. ЖОО басшыларының кадрлық жауапкершілігін Қазақстан Республикасының білім туралы заңдарына сәйкес күшейту қажет.

Қазіргі таңдағы жоғары білімді басқаруды құқықтық арттырудың өзекті мәселесі шетелдік мамандарды тарту. Қазіргі таңда елімізде көптеген ЖОО қоса мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдар, мекемелер, кәсіпорындар, т.б., шетел мамандарын тарту қалыптасқан үрдіске айналды. Әрине, шетелден шақырылған мамандарға заң бойынша үлкен талаптар қою қажет. Өйтпесек қазіргі таңда кез келген шара немесе мәселеге шетел мамандарын тарту қалыпты үрдіске айналып, республика көлемінде белең алып бара жатыр. Шетелдік мамандарды тартуды ұйымдастыруды экономикалық және құқықтық тұрғыдан талдап, міндеттер мен жауапкершілікті заң шеңберінде айқындап, шетелден шақырылған мамандарға жұмыс жоспарын, атқаратын қызметтік міндетін бекітіп беру қажет. Себебі, Қазақстанда шеттен келген саны бар сапасы жоқ мамандар толып кетті. Жоғары білім деңгейінде дамыған және дамушы елдер арасындағы қалыптасқан сәйкессіздік үлкен қауіп тудырып, экономикалық теңсіздікті күшейтеді. Пайда болып жатқан мәселелерді біртіндеп жою үшін, жоғары білімді қолжетімді етіп, кіріс деңгейіне тәуелсіз, ұлттық және халықаралық дәрежеде осыған сәйкес саясат жүргізіледі [13, 54б.]. Қазіргі кезде Қазақстанның техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) жүйесі келесі жағдайларды басынан кешіруде. Білім алушылардың кәсіптік оқуды және іс тәжірибесін ұйымдастыратын базалық өндірістік институттар жоқ. Монопольді жұмыс беруші ретінде мемлекеттің рөлі елеулі шектелді. Кадрлық потенциалды дайындауды реттейтін қалыптасқан нормативтік-құқықтық база, елде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің талабына әрқес сәйкес келмейді. Жұмыс беруші ұйымдар, кәсіподақтар және басқа әлеуметтік әріптестер кәсіптік білім беру және кадрларды дайындау мәселелерінің шешімін табуға араласпайды. Қазақстан ТЖКБ жүйесін жоспарлау және басқару ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау

нәтижесінде басқарудың негізгі екі жолы көрсетілді: орталықтанған басқару және жергілікті мекемелерге басқаруда кейбір жеңілдіктер беру. Білім беруді орталықтан басқарудың негізгі айырмасы бүкіл ел аумағында мемлекеттік білім беру жүйесіне қатаң түрде біртектес әкімшілік басқару жасау болып табылады. Білім беру үрдісі Білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сай жүзеге асырылады. Мұндай кезінде белгілі артықшылыққа ие болған қатаң түрде бір орталықтан басқару кейінгі кезде істе кедергіге айналып отыр. Бұл білім беруді жақсартудың жаңа жолдарын іздеуді қиындатуда. Сондықтан, Қазақстанда білім беруді басқару мен жоспарлауда жергілікті органдарға ерік беру тенденциясы күшейе түсуде [14, 23].

Қазіргі уақытқа дейін қолданылып келген заң аталған міндеттерді атқаруға мүмкіндік беріп келген болса, онда “Білім туралы” жаңа Заңды қабылдау қандай қажеттіліктен туындады. Адамзат қоғамы бүгін аса жылдам қарқынмен дамып келеді. Өркениет көшінен қалмай, ғылымы мен білім беру жүйесі озық елдердің, қатарында боламыз десек, заман талабын ескеріп, соған сәйкес қадам жасауға тиіспіз. Сонымен арада өткен көп жыл уақыт ішінде: заман ағымы, уақыт өлшемі едәуір өзгерді; жаһандану процесі қарқын алды; білім беру экономиканы дамытудың басты факторына айналды. Әлемнің көптеген елдерімен тығыз байланыс орнатып, саяси-экономикалық және ғылыми-мәдени қарым-қатынастарымызды едәуір тереңдете түстік. Қазіргі күн сайын жаңарып жатқан қоғамда өзгелермен иық тірестіріп қатар тұрып, батыспен байыпты сұхбат құрып, шығыспен шынайы қатынас орнатып, түстіктегі жұрттармен тең сөйлесе алатын іргелі ел болуымыз білікті мамандарға тәуелді екендігіне тағы да көз жеткіздік. Ал білікті маман дайындау – білім берудің моделіне, құқықтық базасына тікелей байланысты [15, 76].

“Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды” құру біздің алдымызға үлкен мақсаттар қойып отыр. Ол – жеке тұлғаның және қоғамның, “парасатты экономиканың” қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бәсекелестікке қабілетті білім беру жүйесін қалыптастыру. Осындай мақсатқа қол жеткізу үшін қолданыстағы заңның мүмкіндіктері жеткіліксіз болып қалды. Сондықтан “Білім туралы” жаңа Заңды қабылдау – заң шығаруға әуестенушіліктен туындаған іс емес, бұл заман талабы болып отыр. Сонымен қатар, бұл Заңды қабылдау – Мемлекет басшысының Жолдауларында анықталған және Қазақстанда білім беруді дамытудың 2005-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында белгіленген міндеттерді шешу үшін де қажет. Елбасы өзінің “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” атты Жолдауында “Дүние шаруашылық байланыстары жүйесіне белсене кіріскен осы заманғы белді мемлекеттердің барлығы дерлік бәрін де “парасатты экономиканың” жолына тіккен еді [16] деп атап көрсетті. Бұл дегеніміз – білім беру білімнің қайнар көзі ретінде аса маңызды басымдық әрі қоғамды дамытудың негізі болып отырғанын көрсетеді. Сондықтан бүкіл қазақстандықтардың толыққанды жоғары білім алуға қолжетімділігін қамтамасыз ету өзекті мәселеге айналып отыр. Мұндай мәселенің шешімін табу бүкіл ел аумағындағы жоғары және жоғары білімнен кейінгі тегін білім беру қызметінің құқықтық негізін жасауды қажет етеді.

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы (2014.18.02. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) көптеген міндеттерді шешуге мүмкіндік берді. Нақтылай түссек заң: 4-бапта Қазақстан Республикасы Үкіметінің білім беру саласындағы құзыреті: білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлейді және іске асырса. Аталған заңның 5-бабы бойынша білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті білім беру саласындағы уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді орындайды: білім беру саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асырады, салааралық үйлестіруді жүзеге асырады, білім беру және ғылым саласындағы халықаралық бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады.

Жоғары оқу орындарының кадрлық саясаты негізінен ұйымның мәртебесін анықтайды. Сондықтан әр ұйымның басшысы өз ұйымының (компания, кәсіпорын, жоғары оқу орны) өзге басқару құрылымдары мен ұйымдардың басшыларының арасында мәртебесін өсіруге, қоғам мен басқару құрылымдарында өз мүмкіндіктеріне сенім қалыптастыруға мүдделі. Сәйкесінше ұйымның бет-бейнесінің негізін кадр, олардың тәжірибесі және

біліктілігін (квалификация) құрайды [17,3]. Р.А. Фатхутдинов белгілегендей, жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігі сыртқы және ішкі еңбек нарығында бәсекеге шыдай алатын мамандарды дайындау; бұл саладағы бәсекеге қабілетті жаңалық енгізу; қызметтің бүкіл саласында тиімді саясатты жүргізуге негізделеді [18,29]. Жоғары оқу орындарындағы кадрлық саясаттың маңызды бағыты ретінде оқытушы-профессорлық құрамның ғылыми-педагогикалық біліктілігін арттыру жөнінде жоғары оқу орнының жүйесін іске асыру болу керек. Әрбір жоғары оқу орнының мәртебесі оның орналасу жерімен, кафедра мен зерханалардың соңғы үлгідегі оқу-ғылыми жабдықтармен шоғырлану дәрежесімен емес, керісінше жоғары біліктілікті ғылыми-педагогикалық ұжымның болуымен анықталады. Әрине, негізгі қорлар мен жабдықтарға ауқымды қаражатты салуға болады, бірақ ғылыми-педагогикалық құрамында кәсіби білімді, мықты профессорлар мен оқытушылар, ғылыми қоғамдастық мойындаған ғалымдарсыз «білім беру ұйымдарының әлемдік деңгейіне» шығу мүмкін емес [17].

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында басты мақсат болып экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру көрсетілген [19]. Соған сәйкес мемлекет саясатының білім саласындағы басты бағыттарына білім беру жүйесін жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету, жоғары білікті ғылыми және ғылыми – педагог кадрларды даярлау жатқызылған. Жоғары білім республика экономикасының барлық салалары үшін құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды кәсіби даярлауды қамтамасыз етуде, ғылым мен өндірісті біріктіруде маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында барлығы 139-ЖОО бар, оның 67-жеке меншік болса, ал қалғаны 9-ұлттық, 33-мемлекеттік, 16-акционерленген, 13-азаматтық емес, 1-халықаралық ЖОО мемлекет қаражатынан жабдықталғандығы белгілі, [20] онда 620442 студент білім алады. Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамына келетін болсақ, мемлекеттік ЖОО-да ғылым докторлары 2,1 мың, ғылым кандидаттары 8,9 мың, ал жеке меншік ЖОО-да ғылым докторлары 1 мың, ғылым кандидаттары 4,9 мыңды құрайды [21]. Алайда ЖОО ғылым докторы мен профессорлар ғылыми атағы бар оқытушы құрам тікелей білімгерлерді тәрбиелеу мен білім берумен айналыспауы өзекті болып отыр. Аталған ғылыми шенділер университет қабырғасындағы әкімшілік басқарушылық қызмет атқарып келуде. Мысалы, 148 жоғары оқу орныды басқаратын ректорлардың бәрінде ғылыми атағы бар. Олардың төрттен алты арасында проректорлары бар, олар да ғылыми шенді. Декандар мен кафедра меңгерушілері де ғылыми атағы барлар. Жалпы саны орташа есеппен мыңнан аса ғылым атағы бар профессорлық оқытушы құрам тікелей өз оқытушылық міндетімен айналысуға мүмкіндігі жоқ. Оған мемлекеттік қызмет саласында қаншама ғылыми атақ иегерлері қызмет етуде екенін қосыңыз. Заңнамалық тұрғыдан оқытушы профессорлық құрамға университет қабырғасында әкімшілік қызметпен салыстырғанда көп пайда әкелетін білім беру мен ғылыми зерттеулермен жобалармен айналысу басым бағыт болатындай әлеуметтік көтермелеу тетікті заңмен қарастыру өзекті. Сонымен қатар декан (меңгеруші) ректоратқа есеп беретіндіктен, жоғарыдан қысым одан әрі күшейеді, себебі басқарушылық шешімдердің орындалуын қамтамасыз етуге декан міндетті болып қала бермек, ал қайта құру кезінде ондай міндеттер көлемі көбейе түседі. Тәуекел танытуға дайындық, қаржылық, маркетингтік мәселелерді шешу және экономия тұрғысынан бағалай білу қабілеті ортаңғы буынның басшыларында болуы талап етіледі. Осылайша басқару кәсіби қызметке айналуға, сондықтан сәйкес білімді талап етеді. Жоғары оқу орындары үшін басқарушы кадрларды арнайы дайындау өзекті мәселеге айналуы қажет [22]. Сондықтан жоғары және жоғары білім саласын басқаруды ғылыми атағы бар профессорлық оқытушы құрамды заңмен шектету қажет. Олардың орнына білім беру саласында кем дегенде бес жыл еңбек өтілімі бар, арнайы мамандандырылған кәсіпқой менеджерлермен алмастыру өз жемісін береді деп ойлаймыз.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілгендей, білім беру сапасы, бірінші кезекте, сапалы

даярлығы бар оқытушылармен айқындалады. Осы бағдарламада шешуді қажет ететін кадрлық мәселелердің қатары да белгіленген. Жоғары оқу орындарын кадрлармен қамтамасыз етуде кері үрдіс орын алған: профессор-оқытушы құрамын жүйелі даярлау жоқ, қоса жұмыс атқару кеңінен таралған. Жастарды ғылымға тарту үшін жағдайлар жасалмаған. Кадрлардың қартаюы байқалады. Ғылыми қызметкерлердің орташа жасы – 55-те. Шешуді қажет ететін кадрлық мәселелердің қатарына сонымен қатар саладағы еңбекақы деңгейі мен елдегі жалақының орташа деңгейінің арасындағы сәйкессіздіктен туындаған техникалық және кәсіптік білім жүйесінен кадрлардың өзге елге кетуі жатады. Оқытушы-профессорлық құрам мен әкімшілік-басқарушылық персоналды дамыту және қолдау. Кадрлық құрам - әрдайым едәуір мөлшерде инвестицияларды сала отырып, дамытуды қажет ететін ресурс. Кадрларды жаңарту үшін тиімді конкурстық механизмдерді қалыптастыру және ашық халықаралық еңбек нарығынан зерттеуші-оқытушыларды тарту қажет.

1999ж. Болон декларациясында алға қойылған негізгі мақсаттың бірі "сапамен қамтамасыз ету саласында бірыңғай критерийлер мен әдістерді дайындау үшін еуропалық қауымдастықты дамыту" болып табылады.

1995ж. ЮНЕСКО өзінің бас конференциясында қабылдаған шешімді орындау үшін "Жоғары білім реформалары мен дамуы" атты бағдарламалық құжаттама жасаған болатын, онда "жоғары білім сапасы жоғары білімге қатысты қызметтің барлық негізгі функциясы мен түрлерін қамтыған жан-жақты беталыс" ретінде анықталған. Ережедегі 151 құжаттың 18-і тікелей сапаға қатысты. Жоғары білім сапасы осы жүйенің контекстуалдық шеңберіне берілген пәннің институционалды міндеттері немесе жағдайларымен нормаларына айтарлықтай тәуелді көп қырлы ұғым болып табылады". ЮНЕСКО-ның осы ережесіне сәйкес жоғары білім сапасына айтарлықтай ықпал ететін білім беру ісінің үш жағы бар — қызметкерлер мен білім бағдарламаларының сапасы, студент дайындау сапасы және жоғары оқу орнының инфрақұрылым сапасы.

Кейінгі жылдары Еуропа Одағы елдерінде білім сапасы мәселесі жоғарыда аталған және басқа да көптеген форумдарда талқыланып, оқу орындарында оған көбірек көңіл бөлінді. Мұны ұйымдастыруда негізгі рөл: сапаны бағалау мен қолдаудың өзара тиімді белгілері мен механизмдерін өңдеу мен пайдалануға бөлінеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Указ президента Республики Казахстан о Концепции развития гражданского общества в Республике Казахстан на 2006-2011 годы от 25 июля 2006 года № 154.
2. Выступление Министра образования и науки РК Б.Т. Жумагулова на заседании Правительства РК «О реализации поручений Главы государства по вопросам молодежной политики». -Астана, 20 ноября 2012 г. // http://www.edu.gov.kz/ru/about/o_ministerstve0/ministr/vystuplenija/
3. Мировой рейтинг вузов по QS World University Rankings // <http://www.topuniversities.com/university-rankings/world-university-rankings/2013>
4. Седунова С.Ю., Королева В.В. Модели организации сотрудничества вуза и Работодателей // <http://pskgu.ru/projects/pgu/storage/wg6110/wgpgpu09/wgpg>
5. Ермағанбетова С. Заңгерлер даярлау-үлкен жауапкершілік //Егемен Қазақстан.-Астана.-2012ж.-5б.
6. Мионг Хо Пак. Білім мен табиғи ресур келешекте Қазақстанның еңселі елге айналуына мол мүмкіндік береді. Сұхбаттасқан Сағидоллаұлы Қ.//Алаш айнасы.-Астана.-2013жыл.-8б.
7. Нуртазина Р.А. Образовательная политика Республика Казахстан в условиях глобализации. Алматы, Ғалым, 2004.-285 с.
8. Алтынбасов Б.О. Современные проблемы высшего и послевузовского образования в РК. - сборник материалов круглого стола. -Астана, 2012.
9. Әбсаттарұлы Ф. Мемлекеттік тілді дамытудың жана мүмкіндіктері // Ақиқат. - Астана.2010ж.-8б. <http://qazaqtili.wordpress.com>

10. Нөкетаева Д.Ж. Ғылымға бөлінген қаржы. ЕгеменҚазақстан. 5 маусым 2010 жыл // <http://www.egemen.kz/7945.html>
11. Человеческий капитал // <http://ru.wikipedia.org/wiki>
12. Халықты жұмыспен қамту туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149 Заңы. <http://www.enbek.gov.kz/node/248391>
13. Барабанов О. Н., Лебедева М. М. Глобализация и образование в современном мире / Глобализация: человеческое измерение. М., 2002. С. 54—77.
14. Даумова Б.А. «Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасындағы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің жағдайы және даму тенденциялары (салыстырмалы педагогикалық талдау)». Магистірлік диссертация. //Өскемен қаласы.2013ж. -23б.
15. Түймебаев Ж., «Білім туралы» жаңа заң сапалы білімге кепілдік береді //Егемен Қазақстан.- 2007. -16 тамыз. -7б.
16. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2007 жылғы 28 ақпандағы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауы // "Егемен Қазақстан" 2007 жылғы 1 наурыз N 55.
17. Владимиров А.И. О кадровой политике в вузе. – М.: ООО «Издательский дом Недра», 2011.
18. Фатхутдинов Р.А. Управление конкурентоспособностью вуза // Высшее образование в России. 2006. № 9.
19. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001118>
20. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі, ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығы, «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің статистикасы» ұлттық жинақ. Астана – 2013 жыл. <http://www.edu.gov.kz/kz/>
21. Білім және Ғылым министрлігі сайты. <http://www.edu.gov.kz/kk>
22. Верстина Н.Г., Милорадова Н.Г. Проблемы кадрового обеспечения вузов в процессе преобразования системы высшего профессионального образования. Перспективные проекты развития Российского образования. 2013.

УДК 378.12

**Калдыкозова С.Е.¹, Темирбекова Г.А.², Рыскелдиева Ж.А.¹,
Тукебаева А.Б.¹, Идирисова Г.Ж.³**

ЮКГУ им. М.Ауэзова¹, ЮКГПИ², Медицинский колледж «Авиценна»³, Шымкент

ОБУЧЕНИЕ ТЕРМИНОЛОГИИ БУДУЩИХ ИНЖЕНЕРОВ

В эпоху интеграции отечественного образования в международное образовательное пространство, мобильности специалистов, глобализации научно-технической деятельности возрастает потребность Казахстана в конкурентоспособных специалистах. В связи с этим качество высшего образования характеризуется не только объемом знаний по специальности, но и способностью будущих выпускников к полиязычной профессиональной коммуникации. Безусловно, эффективная профессиональная коммуникация невозможна без знаний терминологической лексики специальности, так как профессиональная компетенция будущего инженера складывается не только из его теоретических знаний и практической готовности осуществлять различные виды профессиональной деятельности, но из знания необходимой терминологии и умения использовать ее в речи. Овладение терминологией специальности отвечает потребности профессионального общения и способствует формированию и совершенствованию профессиональной коммуникативной компетенции. В основе данной компетенции лежат развитые умения понимать и создавать профессионально значимые высказывания, а также умения контролировать речевое поведение: оценить

речевую ситуацию, составить прогноз предстоящего сообщения, выбрать соответствующую форму изложения и языковые средства, адекватные цели общения. Современная техническая терминология – обширная и сложная система.

ХХ ғасырдың 1960-жылдарынан ұлттық әдебиетімізде ауыл өмірі мен тұрмысының өз алдына дербес көркемдік әлемге, жетекші, көркемдік, тарихи – мәдени жағдайға айналуының әлеуметтік, эстетикалық негіздері бар. Осы уақытта халық өмірінің терең қатпарларына, ұлт тарихы мен тағдырына, мәдениетіне деген көзқарас әркілы өзгеріске ұшырағаны, әлеуметтік мәні күшейе түскені көпшілікке мәлім. Қазақы ауыл психологиясының қала тіршілігі мен мәдениетіне кірігуі мен бейімделуінің күрделі жағдайда жүріп жатқандығын жіті бақылап отырған авторлар бұл құбылыстың идеялық, адамгершілік негіздерін ашуға, жетістік кемшіліктерін, болашағын бағамдауға күш салды.

Сонымен бірге ауыл өмірін суреттеудің негізгі себебі, ауыл – туған халқымыздың әдет – ғұрпының, өмір сүру салты мен ұлттық психологиясының, ана тілі мен халықтық төл философиясының бастауы алтын бесігі, осы қадір – қасиеттердің бәрін қаймағын бұзбай ғасырлардан ғасырларға сақтап келген алып рухани қоймасы секілді. Сондықтан қазақ

жазушылары ауыл өміріне тән ситуациялардан әрбір детальды ерекше ыждағаттылықпен зерттеді.

Жазушы Б.Шаханұлының айрықша зерттегені – адам тағдыры, ауыр кезеңдегі ауыл көрінісі.

Көркем әдебиет туындыларын қаншама тақырыпқа теліп, кесіп-пішіп тастасақ та, әдебиет негізінен бір-ақ тақырыпқа арналады. Ол – адам тақырыбы. Автор мейлі мұнайшыны, мейлі геологты, мейлі малшыны алсын ең негізгі нысанасы – адам, оның тағдыры.

«1970 – 80 жылдары басқа кезеңдерге қарағанда қазақ әдебиетінде, оның ішінде әсіресе повесть жанрында адамгершілік, адамның рухани жан дүниесі, адам мен қоғам, адам мен орта мәселелеріне тереңдеп баруға тырысқан осынау тақырыпты заман, уақыт талабына сай биік көркемдік деңгейде бейнелеп беруді мақсат еткен шығармалар көбірек жазылды». [2,83]

Бір ерекшелігі осынау тақырыптан тыс қалған, бұл тақырыпта қалам тербеменген қаламгерлер некен – саяқ. Ауыл өміріне, тарихи тақырыпқа көбірек ден қойған Т.Әлімқұлов, Ә.Кекілбаев, С.Мұратбеков, М.Мағауин, Т.Нұрмағанбетов, Д.Исабеков, Ж.Түменбаев, сияқты қаламгерлер де бүгінгі заман, бүгінгі қоғам, бүгінгі адам мәселесін көтеретін тақырыптарға жиі – жиі ат басын тіреп отырған. Солардың қатарында өзіміз сөз етіп отырған Б.Шаханұлы да өзінің шығармасының сюжеттік желісін осынау мәселелер арнасынан тапқанын аңғарамыз.

«Жазушыны не нәрсе қатты толғандырса, толқытса, сол түптің түбінде оның болашақ шығармаларының тақырыптарына айналады». [3,9] Осы тұрғыдан келгенде Б.Шаханұлы өз повестеріне тақырыпты дәл тауып, нақ басып қойған, атаған. Себебі шығарма тақырыптары баяндалатын оқиға желісін толық ашып, сюжетке сай дұрыс тандалған. Сондықтан жазушы тақырыптары арқылы айтар ойын, шығарма идеясын өз оқырмандарына жеткізе білді деуге болады.

Б.Шаханұлы тақырып таңдауда оқырман ойынан да, өз мақсатынан да шыға білген. Тақырыпты жалаң түрде емес, астарлы, мағыналы етіп таңдаған. Сонымен бірге тақырыпты өзінің өмірлік тәжірибесі негізінде алған деп айта аламыз.

Б. Шаханов шығармаларының жанрлық табиғатына, композициялық құрылысына етене байланысты анық көрінетін бірнеше өзіндік ерекшеліктері де көзге түседі. Бұл орайда жазушының әсіресе повесть жанрын жетік меңгергендігін, оның ең таңдаулы деген көркем дүниелерінің де басым көпшілігі осы жанрдың еншісінде екендігі тегін емес. Жазушы шығармаларында шұбалаңқылық жоқ, қандай тақырыптағы шығармасын алмаңыз, алдымен қаламгердің нақтылық, дәлдік, қысқалыққа ден қоятынын байқаймыз. Оның шығармаларының бас – аяғының өте жинақы, ықшамды, жұмыр, шымыр келетіндігі сондықтан Б.Шаханұлының бүкіл шығармашылық мұрасы осыны дәледейді.

Сонымен, Б.Шаханұлы шығармашылығы еркін ақыл - ой мен қажырлы еңбекті тоғыстырған көркемдік кестесі келісті, өзгеше әлем. Өйткені, қалам тартқан қай тақырыбын да сана сүзгісінен өткізіп, өрелі ой айтудың құралына айналдыратын жазушының арман аңсары да асқаралы. Әрине, біз жазушының суреткерлік қыры жөнінде бірде жалпы шолу, бірде нақтылы талдаулар арқылы зерттеу мақсатына сәйкес ой-тұжырымдар түйіндедік. Ал, әрбір мәселені тереңдей қарастырып, өзге қаламгерлермен одан әрі салыстыра қарастырғанда, айтылар ойларға негіз боларлық жайлар да жеткілікті. Ол алдағы іргелі зерттеулердің еншісі деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ әдебиетінің тарихы, 8 – т. Алматы: Қазақпарат, 2004.
2. Алпысбаев Қ. Тарихи шығарма: таным және көркемдік. – Алматы: Жалын, 1999.
3. Шаханұлы Б. Ақын – жазушыны біріктіретін ұлттың, халықтың мүддесі // Қазақ әдебиеті газеті. 2010, №35, 10 – қыркүйек.

ФОРМИРОВАНИЕ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ

На сегодня стало очевидным, что выход из кризиса и прорыв к экономическому и социальному прогрессу является реальным только на основе новой методологии мышления и действия, иного мировоззрения, отличающихся повышенным вниманием к смыслу происходящего и качеству целей и идей. Поэтому важным условием для выполнения Стратегии «Казахстан-2050» остается, прежде всего, мировоззренческий прорыв, необходимость изменения нашего сознания. «Стратегия «Казахстан-2050» - это гармоничное развитие «Стратегии Казахстан-2030» на новом этапе. Среди первостепенных целей Глава государства обозначил создание современных и эффективных систем образования.

Системе образования довольно сложно успевать за технологическими изменениями в производственной среде. Логика инновационного процесса потребовала коренного поворота в направлении развития науки в университетах, то есть превращения их в исследовательские университеты. Это понятие «Исследовательский университет» закреплено в Законе РК «О науке», что свидетельствует о зрелом представлении роли этих университетов в инновационном развитии страны.

Известно, что развитие регионов обуславливает развитие страны, значит, успешность инновационного развития Казахстана напрямую зависит от правильной региональной инновационной политики. Отсюда вытекает, что экстраполяция на регионы общей инновационной модели объективно ставит университеты в центр их социально-экономического развития. И успешными эти вузы могут стать только при условии их превращения в регионах в исследовательские университеты.

Задачи повышения образовательных услуг и эффективности научных исследований до уровня международных стандартов задают параметры принципиально нового этапа в развитии университетов, и эти задачи требуют существенных изменений в стратегическом планировании их деятельности. К нерешенным проблемам можно отнести недостаточную выстроенность системы управления ресурсами-персоналом, финансами, материальными и нематериальными активами. В настоящее время предусмотрено осуществление совместных образовательных программ с ведущими зарубежными вузами, которые последовательно приведут к получению новых знаний и разработку технологий для инновационной экономики Казахстана. Поэтому вузы приступили к модернизации своей системы науки и образования, состоящей из взаимосвязанных мероприятий, проектов, необходимых для последовательной трансформации в инновационные университеты. Для достижения поставленной цели требуется решение ряда задач. Одна из них - подготовка высококвалифицированных специалистов для инновационной экономики и развития кадрового потенциала университетов. В этом важном направлении университеты ориентируются на передовой опыт Назарбаев Университета, созданного и работающего по самым современным международным стандартам в области подготовки высококвалифицированных кадров.

Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы [1] в качестве приоритетных задач формулирует развитие национальной системы высшего образования и интеграцию в европейскую зону высшего образования. Решение таких задач предполагает вхождение в ключевые мировые рейтинги (в частности, включение, по меньшей мере, двух вузов Казахстана в рейтинги лучших мировых университетов), увеличение числа публикаций ППС вузов страны в международных журналах, повышение квалификации ППС и т.д.

Государственная политика в области науки и образования предусматривает целый комплекс мер, направленных на сохранение преемственности научных кадров, привлечение

талантливой молодежи в наукоемкие сектора экономики, к преподавательской деятельности в высшей школе. Внедрению инноваций в сферу науки, укреплению ее кадрового потенциала способствует новая модель управления наукой, являющаяся главной составляющей Закона «О Науке». Механизмы реализации этой модели, предусматривающие внедрение новой системы ранжирования казахстанских вузов, исключение научных исследований из процедуры государственных закупок, укрепление научно-исследовательской базы вузов, расширение международного сотрудничества, повышение статуса молодого ученого должны быть направлены на повышение мотивации молодежи у научной деятельности в стенах вузов. В современной системе образования должны быть созданы условия для развития личности обучающегося, его творческих способностей, приобретения им опыта практической деятельности в различных сферах, для обучения на протяжении всей жизни. Стремительный рост экономики требует развития у обучающихся исследовательских компетенций. От современных учебных заведений требуется уже не простое включение исследовательских методов в образовательную практику, а целенаправленная работа по формированию и развитию культуры исследовательской деятельности, способности к ее практическому воплощению.

Сейчас при вузах и НИИ созданы советы молодых ученых с целью профессионального роста докторантов, магистрантов и студентов, для координации организационной, информационной деятельности молодых ученых. Вместе с тем для формирования нового поколения казахстанских ученых, повышения престижа и привлекательности карьеры в научной сфере необходимо принятия адекватных мер, направленных на повышение социального статуса ученого.

Развитие ведущих университетов мира в настоящее время определяется переориентацией их деятельности, которая теперь больше связана с дифференциацией образования, внедрением достижений научно-технического прогресса, ориентацией полученных знаний на удовлетворение потребностей, прежде всего личности и общества (а не только государства, как было ранее). В то же время в Казахстане пока не наблюдается реального взаимопроникновения высшей школы и индустриального сектора экономики. Предприятия, инерционно предпочитая традиционный путь развития, не высказывают желания активно сотрудничать с учеными, так как это требует дополнительных усилий и ресурсов, причем не малых. У предприятий сегодня масса других проблем, которые, вытесняя вопросы долгосрочного планирования развития на задний план, делают практически нереальной переориентацию части финансовых потоков на решение перспективных задач. В этих условиях высшая школа может и должна взять на себя роль катализатора процессов такой переориентации, занять доминирующее положение во всем спектре кадровых и научных потребностей производства. Другими словами, высшая школа должна ускорить формирование интеллектуального капитала и научно-технического потенциала предприятий. А государству, видимо, следует взять на себя роль координатора, организационно и финансово стимулирующего этот процесс. Суть стратегий прорыва точно выражается формулой «обгонять, не догоняя»: первыми выходить на качественно новую ступень развития. Это решение задачи развития экономической системы, которое предполагает четыре последовательно связанные ступени.

Первая ступень-образование. Только выход на качественно новый уровень образования позволит обеспечить рывок в науке и производстве. Вторая – наука. Лишь прорывы в науке позволят создавать технологии нового поколения. Третья-модернизация всего хозяйственного комплекса на базе новых технологий. Четвертая ступень - полномасштабное решение социальных задач. Попытка перескочить через эти ступени чревата срывом всей программы. Например, если игнорировать необходимость перехода образования на новый уровень, не будет рывка в науке, а модернизация сведется к копированию технологий уже пройденного этапа развития.

Современное образование основано на индивидуализации и дифференциации образования, альтернативности образовательных систем и учебных заведений, гибкости и

динамичности учебно-программной документации, адаптивности к изменяющимся условиям социально-экономической среды [2,13].

В быстро меняющемся мире происходит скорейшее обновление содержания образования, что сказывается на сроках действия образовательных стандартов. Например, западные коллеги определяют наш образовательный стандарт как «регулирующий» образовательный процесс, а не проектирующий «пороговый результат». Система образования в Казахстане должна стать динамично развивающейся и способной адекватно реагировать на ускоряющиеся мировые процессы глобализации и информатизации.

В связи с этим система образования должна нацеливаться на формирование нового типа специалиста, который умел бы самостоятельно добывать, обрабатывать, анализировать необходимую информацию и эффективно использовать ее в нужный момент. Этого можно добиться с переходом на многоуровневую подготовку специалистов высшей квалификации (бакалавр — магистр — доктор). Мировая образовательная практика выработала эффективную систему обучения, которая получила название кредитной технологии обучения. Кредитная технология обучения — это сложная система, требующая для успешного функционирования множества согласованных факторов, в том числе определенных условий, включающих учебно-материальное обеспечение (использование базового учебника, отвечающего требованиям Европейского стандарта, для организации СРС — лингафонные кабинеты, компьютерные классы, видеозалы) [3]. При кредитной системе обучения очень важно, чтобы вуз обеспечивал учебный процесс в полном объеме всеми необходимыми информационными источниками: учебными и методическими пособиями, электронными учебниками, доступом к сетевым образовательным ресурсам, активными раздаточными материалами и т.п.

Необходимость присоединения Казахстана к Болонскому процессу продиктована объективными процессами, происходящими в мировой образовательной сфере деятельности. Казахстан, провозгласивший себя демократичным, открытым государством с рыночной экономикой, не может быть в стороне от международных тенденций современного мира. Присоединение Казахстана к Болонскому процессу обеспечит:

- 1) расширение связей Казахстана с зарубежьем в области высшего образования;
- 2) устранение угрозы изоляции в мировом образовательном пространстве;
- 3) расширение перспектив обмена студентами, преподавателями, учеными-исследователями с вузами европейских стран;
- 4) увеличение возможностей предоставления образовательных услуг иностранным студентам (экспорт высшего образования из Казахстана);
- 5) освоение новых образовательных технологий и рациональных форм организации учебного процесса.

Отсутствие гибкости образовательной траектории, учебная загруженность студентов, краткосрочность периодов обучения, отрыв от производства — все это негативно сказывается на качестве высшего образования в целом и на уровне подготовленности специалистов в частности. Развитие дистанционных форм поможет сделать обучение в вузе максимально удобным и привлекательным. По мнению экспертов, дистанционное образование войдет в XXI в. как одно из наиболее эффективных (и перспективных) систем подготовки специалистов. Это повлечет за собой рост профессиональной мотивации преподавателей и повышение результативности их научно-педагогической деятельности.

Если раньше система образования выполняла преимущественно роль транслятора социального опыта, то теперь она становится катализатором социальной мобильности человека. Открываются широкие возможности для постижения интеллектуальных и культурных ценностей, позволяющих личности быстро продвигаться по социальной лестнице. Изменение образовательной политики предполагает определенную переоценку уже сложившихся стереотипов и подходов к научно-педагогической деятельности. Некогда основательная и качественная система образования перестала отвечать привычным запросам общества. Выпускникам вуза должны прививаться умения, позволяющие совмещать

аналитические способности с практическими навыками работы в условиях внедрения современных технологий. Это непременно повлечет за собой изменение системы оценки качества образования, которая, в отличие от нынешней, будет способствовать определению уровня креативной состоятельности специалиста.

В соответствии с современными темпами жизни становится необходимой многообразная, многоуровневая и многовекторная подготовка, предоставляющая индивиду возможность успешной адаптации к быстрым и резким трансформациям социума. Свободное обучение в условиях инновационной парадигмы базируется на принципе самостоятельности и ведущей роли личности в процессе своего обучения.

В условиях формирования в Казахстане конкурентоспособной системы генерации, распространения и использования знаний введение кредитной системы обучения позволит решить необходимую задачу — превратить вузовское образование в процесс не только учебно-образовательный, но и научно-познавательный. Его составляющая — обучение студентов («думающая рабочая сила» в будущем) не только научным знаниям как таковым, но и методологии их получения и применения, чтобы привить им способность к непрерывному самообразованию и профессиональному росту в условиях системной трансформации общества. Лишь следуя этому, можно будет говорить о самодостаточности образования как социального института и его качестве [4,11].

Высшая школа Казахстана как флагман системы непрерывного образования страны и ее интегратор вошла в XXI в. в ситуации быстрых изменений, в условиях информационной революции и глобализации сфер жизненного пространства.

Проблемных вопросов в организации и развитии науки Казахстана сегодня немало, но уже намечены конкретные пути их решения, укрепляется материальный и кадровый потенциал отечественной науки.

Новые вызовы XXI века требуют подготовленных и ориентированных на активное внедрение инноваций кадров. Их качественная подготовка будет более эффективной только на базе партнерства государства, бизнеса, науки и образования.

ЛИТЕРАТУРА

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. Режим доступа: онлайн [http://www.kgu.kz/doc/strateg_doc/5_GPRO_RK.pdf Доступ 31.07.2013], свободный.
2. Рахимбек Х. Перспективы компетентностного подхода в национальных моделях высшего образования // Вестн. АПН Казахстана. — 2005. — № 4-5. — с. 39, 44.
3. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2005-2010 годы. education.kz
4. Мусин Е.А., Сактаганова З.Г. Концепция развития системы образования республики Казахстан.- 2015, С.-1-6.

УДК: 330.004.69(574)

Айдарханов М.Х.

Государственный университет имени Шакарима города Семей

НЕОБХОДИМОСТЬ МОДЕРНИЗАЦИИ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ТЕОРИИ КАК БАЗОВОЙ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ НАУКИ В СИСТЕМЕ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Динамика развития экономической мысли основывается на новых современных тенденциях развития обособленных хозяйственных отношений, национальных экономик и мировой глобализации. В системе экономического образования это вызывает необходимость модернизации, прежде всего, экономической теории как базовой науки.

Студенты, прошедшие курс экономической теории, порой не вникают в содержание не сложных комментариев экспертов по актуальным проблемам современной экономики, включая понимание смысла новых экономических понятий и явлений. Вместе с тем, сегодняшняя экономическая теория для многих государств постсоветского пространства по существу остается теорией до 20 столетия. Не используются достижения экономической мысли (новые парадигмы) 21 века, включая исследования лауреатов нобелевской премии по экономике.

Вузовская типовая учебная программа по экономической теории для специальностей финансово-экономического профиля соответствует типовым учебным стандартам, заложенным еще в период становления рыночной экономики на пространстве СНГ. Типовая программа не претерпела необходимых изменений в плане ее осовременивания (1).

Включая в содержание экономической теории новые тенденции развития, не следует ограничивать важные принципы методологии экономической теории: фундаментализм, академизм и системность. В базовой экономической науке отмечаются противоречивые друг к другу классическая и кейнсианская фундаментальные направления, вокруг которых сформировались и развиваются неоклассические, некейнсианские, а также смешанные, сочетающие два фундаментальных направления, теории и концепции.

Вопросы ограниченности ресурсов (факторов) при повышающихся потребностях потребителей, предприятий и государства должны быть сквозными и, в той или иной степени, отражаться в каждом разделе курса, а не только во вводной части экономической теории. Так, в макроэкономической части экономической теории, это причины образования бюджетного дефицита и государственного долга. В свое время большое внимание проблеме государственного долга уделял великий Адам Смит. В частности, выявляя причины образования государственного долга, он писал: «Бережливость, ведущая к накоплению, сделалась одинаково редкой как в республиканских, так и в монархических странах... Страсть к некоторой пышности, к великолепным зданиям и к другим публичным украшениям часто одинаково господствует в трезвом по внешности сенате маленькой республики, как и в развращенном дворе величайшего короля» {2, с.417}. В этой связи поднимается вопрос смягчения проблемы ограниченности ресурсов и выбора. При этом повышается экономическое значение таких понятий как «бережливость», «накопление», и не только на макроэкономическом, но и на микроэкономическом уровне.

В методологии экономической теории, на наш взгляд, объяснение причинно-следственных связей несколько односторонне и обусловлено действием экономических законов. Тогда как по природе причинно-следственных связей экономические поведения сталкиваются со множеством противоречий. Например, единовременный рост заработной платы может привести к росту нежелательной инфляции или массовой безработице, что наоборот, сдерживает цены и саму инфляцию. Эта закономерность иллюстрируется кривой Филипса.

В структуре экономического цикла каждая фаза выражает те или иные противоречивые причинно-следственные связи. Так, пик экономического подъема может привести к «перегреву» экономики и вызвать новую волну кризиса. Сохраняется подход в объяснении экономического кризиса как негативного явления, но фаза кризиса указывает на «болевы точки» экономики и вызывает причинно-следственную необходимость «лечения» и даже создает мотивы для инновационного развития. В этой связи, одно из ведущих причин экономических кризисов выступает ограниченность природных экономических ресурсов, что вызвало активные действия субъектов экономики по поиску и созданию альтернативных источников энергии, по построению «зеленой экономики».

При изучении экономической теории следует обратить более пристальное внимание методу научной абстракции. В частности, это касается экономических законов (спроса и предложения, убывания предельной производительности переменного фактора и др.), которые имеют объективный характер с критерием «при прочих равных условиях». Так, закон спроса действует только при изменении ценового фактора, тогда как другие факторы

спроса остаются неизменными (доход, предпочтения потребителя и др.). Хотя на практике это не совсем так, на спрос воздействует одновременно множество факторов. Но в чем заключается ценность представленного примера абстрактного характера экономической теории? А в том, что явление спроса рассматривается в чистом виде и указывает на типичные изменения объема спроса в ответ на изменение уровня цены на данный товар. Особенности воздействия ценовых и неценовых факторов иллюстрируются графическими упражнениями. В целом, студент изучает экономические явления и закономерности в их сущности, что подчеркивает фундаментальность базовой экономической науки.

В содержание типовой программы по экономической теории через призму многих разделов нужно внедрять и рассматривать такие актуальные категории как экономические интересы, экономическая безопасность, конкурентоспособность, диверсификация, инновационное развитие.

Вместе с тем, экономическая теория в ее нынешнем состоянии нуждается и в сокращении сложившегося слишком большого по охвату методологического и терминологического содержания. На наш взгляд, для восприятия студентами, только изучающими основы экономики, являются сложными внедренные в типовую учебную программу некоторые положения микро, макроэкономики и международной экономики как последующих обособленных экономических дисциплин. Например, стоит ли в курсе экономической теории рассматривать кардиналистскую и ординалистскую теории максимизации полезности потребителей, или, положение фирмы на рынке совершенной конкуренции. Эти положения повторяются и подробно анализируются в курсе микроэкономики и представляют лишнюю преграду для первоначального восприятия студентами, впервые овладевающими базовую экономическую дисциплину. Лучше, целесообразно овладеть понятиями моделей конкуренции: совершенная конкуренция, монополистическая конкуренция, олигополия, монополия, монополия, монополия.

При изучении экономической теории для восприятия студентами представляют сложность такие вопросы как: модель Вальраса и модель Патинкина; склонность к потреблению и склонность к сбережению, мультипликатор; дефляционный и инфляционный разрыв; производные инвестиции и акселератор; парадокс бережливости. Они системно изучаются в курсе макроэкономики.

Таким образом, следует придерживаться преимущества экономической теории как изначально экономической дисциплины, затем - микроэкономики, макроэкономики и международной экономики. У студента, отягощенного усложненными положениями, значительно снижается интерес к познанию теоретических основ экономики. Следовательно, студент-экономист, впервые знакомясь со своей специальностью, нуждается в усилении познавательной, практической, воспитательной и занимательной сторон экономической теории как базовой дисциплины.

В микроэкономической части целесообразно более глубокое изучение рационального поведения потребителей и производителей, особенностей бюджета семьи. В частности, в содержании экономической теории, особенно в ее микроэкономической части, должны быть представлены так называемые теории игр. Нобелевскими лауреатами по экономике за достижения в области теории игр и экономической теории стали целых 16 ученых. Теория игр используется не только для предсказания и объяснения экономического поведения. Были предприняты попытки использовать теорию игр для разработки теорий этичного или эталонного поведения. Экономисты и философы применяли теорию игр для лучшего понимания хорошего достойного поведения. Многие исследователи рассматривают теорию игр не как инструмент предсказания поведения, а как инструмент анализа ситуаций с целью выявления наилучшего поведения для рационального игрока. Не обязательно выиграть и тем более навредить другим игрокам, но обязательно сделать лучший для себя ход, независимо от того, что подготовят для вас окружающие. И даже лучше, если этот ход будет выгоден и для других игроков.

В макроэкономической части следует заострить внимание таким актуальным вопросам как: современные направления антикризисных и стабилизационных мер государства; государственный долг, состояние дефолта и роль финансовой политики; инфляция и дефляция, их государственное регулирование; валютные курсы и политика девальвации национальной валюты, факторы их определяющие.

В международной части экономической теории нуждаются в проработке такие вопросы как: экономический аспект глобальной проблемы ускоренного потепления климата; социально-экономические последствия массовой нелегальной миграции, международного экстремизма и терроризма; функциональная роль крупных межгосударственных объединений и мировых компаний; основные индексы деловой активности, показатели благополучия населения по странам мира.

Нами накоплен опыт написания учебников и учебных пособий по базовым экономическим дисциплинам, рекомендованных МОН РК{3}. Учитывая это, предлагаем рекомендации по модернизации типовой учебной программы по экономической теории в виде таблицы. Предлагаемая таблица предполагает примерное равновесие по содержанию между добавлениями и сокращениями применительно к содержанию типовой программы по экономической теории:

№	Структурная часть экономической теории	Целесообразно сократить	Целесообразно добавить
1.	Принципы экономики	Остановиться лишь на ведущих экономических школах.	Современные концепции, в том числе, лауреатов нобелевской премии по экономике 21 века.
2.	Принципы экономики	Избегать широкого определения предмета экономической теории	Более углубленное изучение ограниченности ресурсов, причинно-следственных связей, метода научной абстракции.
3.	Принципы экономики	Исторический аспект от натурального к товарному хозяйству. Уравнение денежного обмена Фишера.	Экономическая безопасность, эффективность. Парето-эффективность. Диверсификация и кластерное развитие.
4.	Микроэкономическая часть теории	Коэффициенты эластичности спроса по цене и доходу. Закон убывания предельной полезности.	Потребительское поведение: рациональное потребление, бережливость и накопление.
5.	Микроэкономическая часть теории	Формулы минимизация издержек и максимизация прибыли производителя. Производственная функция.	Теория игр Дж. Нэша.
6.	Макроэкономическая часть теории	Слагаемые национального дохода и личного дохода.	Более выражено: экономические функции государства.
7.	Макроэкономическая часть теории	Особенности макроэкономического равновесия краткосрочного и долгосрочного периодов. Равновесие Нэша.	Человеческий фактор экономического роста: уровень, качество жизни населения. Приоритеты ГРЭ Республики Казахстан.

		Функциональная роль государства, инвестирования, накопления и сбережения в обеспечении макроэкономического равновесия. Парадокс бережливости.	Дефляция, ее преимущества и недостатки. Государственное регулирование экономических циклов: стимулирующая и сдерживающая политика, политика автоматических стабилизаторов.
8.	Макроэкономическая часть теории	Противоречивый характер экономических кризисов, мотивы для инноваций и экономических реформ. Финансово-экономический кризис 2007-2009 годов. Финансовая пирамида.	Антикризисные меры и политика по социальной защите в РК. Значение минимальной заработной платы, расчетных показателей, прожиточного минимума и потребительской корзины.
9.	Макроэкономическая часть теории		Государственный долг, основные показатели, направления финансирования. Дефолт. Приоритеты фискальной политики РК. Валютные курсы и политика девальвации.
10.	Основы теории международной экономики и глобальные проблемы.	Международное разделение труда и специализация.	Межгосударственные экономические объединения и союзы (ЕС и др.). Международные показатели деловой активности и развития стран мира. Индекс Доу-Джонса. Социально-экономические аспекты нелегальной миграции населения, терроризма и религиозного экстремизма. Демократические основы развития общества, их воздействие на экономический рост.

ЛИТЕРАТУРА

1. Высшее образование. Типовые учебные программы по специальностям «5В050600 – Экономика», «5В050600 – Бухгалтерский учет и аудит» «5В050600 – Финансы». Экономическая теория..-Алматы 2014.
2. Адам Смит «Исследование о природе и причинах богатства народов». Книга 5 «О доходах государя или государства», раздел3 «О государственных долгах».- Государственное социально-экономическое издательство- Москва, Ленинград, 1935 г.
- 3.М.Х.Айдарханов Основы экономической теории (учебник). Изд-во «Фолиант»- Астана 2008; М. Айдарханов, С. Жұмашбекова Микроэкономика (оқу құралы) «Фолиант» баспасы - Астана 2011; М. Айдарханов, Л. Габдуллина Макроэкономика (оқу құралы) «Фолиант» баспасы - Астана 2013;

Манапова А.Х.

«№8 жалпы орта білім беретін көркемдік – эстетикалық білім және тәрбие беру мектеп - кешені» КММ, Семей қ.

«СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ» СТРАТЕГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

Біздің елімізде ұрпақ болашағын қамтамасыз ету кең жолға қойылған. Ендігі мақсат - білім мазмұнын жаңарта отырып, ұлттық құндылықты ескеріп еліміздің даму үрдісін жеңілдететін білімді ұрпақ дайындау. Білімді ұрпақты оқытумен қатар тәрбиелеуде де озық технологиялардың берері көп.

Қазіргі кезеңде оқушылардың білімге құштарлығы өз мәнінде емесі де анық, сондықтан білім беру жүйесін жаңаша құруды қостаймын. Білім беру процесінде жаңа технологиялардың жүйелі түрде эксперимент ретінде жүргізіліп, ғалымдармен бірге жұмыс жасалса ғана нәтижелі болары сөзсіз. Ол үшін әдістемелік құралдар мен оқулықтардың жазылуына мектеп мұғалімдері көбірек тартылса іс оңға басар деген ойдамын.

Жаһандану процесінде, ұлттық мектептің моделін жасау, білім берудің құрылымын өзгерту, педагогтарды қайта даярлықтан өткізе отырып, кәсіби білікті педагог дайындау, сол арқылы ел болашағын ойлайтын ұрпақ тәрбиелеу кезек күттірмейді.

«Сын тұрғысынан ойлау» стратегиясының тиімділігі. Білікті арттыру жүйесінде соңғы уақыттарда отандық педагогикалық технологиялармен қатар шет елдік, оның ішінде әлемдік озық идеялар негізінде жобаларды қолдану жақсы нәтиже беруде. Солардың бірі - Америкалық педагог - ғалымдар Чарльз Темпл, Куртис Мередит, Джинни Стилл ұсынған «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» -RWCT жобасы [1,15 б].

Белгілі ғалым Дайана Халперн: «Сыни ойлау - ойлаған нәтижеге жету үшін танымдық техникаларды пайдалану арқылы шығармашылықпен әрі қарай бағыттай ойлану. Сыни ойлау - белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап, оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үрдіс» екенін атап көрсеткен. Сыни ойлау - адам өмірінің бір саласы. Олай дейтініміз - бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен өздері үшін ненің маңызды әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинақтап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата алуға көмектеседі. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы - білімнің дайын күйінде берілмеуі. Бұл жобаның мақсаты - мұғалімдердің түрлі ерекшеленетін оқу әдістерін қалай іске асыру керектігін түсінуіне және кәсіби даму жолында өсуіне көмектесу [2,7 б].

Сыни ойлауды дамыту жобасы ол біздің ұйымдастырушы еліміздегі кәсіби деңгейлері жоғары ұстаздармен бірлесе жұмыс жасайтын Халықаралық білім қауымдастығымен байланыстығы кәсіби волонтерлер корпусының кәсіби білімі мен қабілеттіліктерінің негізіне сүйенеді. Сондықтан бұл жоба табысқа жету үшін мұғалім мен оқушының тәжірибесіне негізделген. Тәжірибе арқылы мұғалім оқыту әдістерінің үйренуші мен үйренуге қалай әсер ететіндігін біледі.

«Сын тұрғысынан ойлау» стратегиясы «Тарих». Сабақтарда оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау негізін қалыптастыру технологиясының алатын орны ерекше. Себебі сыни тұрғыдан ойлау оқушылардың білім алуында жаңа фактілерді, мысалдарды, бұрынғы оқығандарымен салыстыру арқылы танымдық белсенділіктері мен ойлау қабілеттерін арттыруға зор ықпалын тигізеді. Сыни тұрғыдан ойлау - оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттырады, олардың бірін - бірі құрметтеуін, түсінуін, дұрыс қарым - қатынас жасауын қалыптастырады, дүниеге деген түрліше көзқарастарды түсінуді жеңілдетеді, оқушыларға өз білімдерін түрліше жағдаятта барынша тереңдетуге, тұлғалық іс - әрекеттердің жаңа түрлерін жасауға мүмкіндік береді [5,73 б].

Жобадағы сабақ құрылымының ерекшеліктері: сабақ құрылымы 3 фазадан тұрады: 1) қызығушылықты ояту; 2) мағынаны тану; 3) ой толғаныс

Қызығушылықты ояту - оқушылардың бұрынғы білімдері мен сезімдеріне немесе әсерлеріне еніп, жаңа білімге мазмұн қалап, болашақта зерттеу жүргізуге күш алып орындалуға тиісті тапсырмалар жөніндегі жеке және топтық түсініктерді қалыптастыруына көмектеседі. Оқушы болашаққа көз жеткізіп, жаңадан таныстырылған тақырыпты зерттеу жұмысының алдына мақсат қояды.

Мағынаны тану фазасы - жаңа мәліметпен, жаңа идеямен немесе жаңа мазмұнмен танысады. Жаңа білімді бұрынғы біліммен біріктіре отырып және жаңа ақпараттың жаңа мазмұнға қолдануды қарастырады. Белгісізден белгілі идеяның маңыздылығы жөнінде шешім қабылдайды [3,13 б].

Ой толғаныс фазасында - үйренуші жаңа білімді өз меншігіне алады. Ой толғау арқылы оқушы өзінің ойын нақтылайды, құбылыстары мен мұғаліммен кері байланыста болып, мәліметтер жинағы мен құрылым мағынасын сынақтан өткізеді.

Оқушы танымын арттырудағы тиімді әдіс - тәсілдері.

Топтық әдіс: Сабақ үлгісімен таныстыру; Жұмыс жасайтын топтағы сабақты неден және қандай іс - әрекеттен бастауды шешу; Жеке немесе жұппен жұмыс жасау үшін талқыланатын мәселе жөнінде ой қозғау салу; Топқа ой қозғалу және талқылау; Оқу мен ойлануға қатысты бірлесіп жұмыс жасау; Оқыған мағлұматты талқылау.

Талдау: Қатысушылардың түсінігі мен ісі бойынша таным деңгейімен танысу; Қатысушылардың мағынаны ажырата білу деңгейімен таныстыру. Істің орындалуын жоспарлау: Бұл әдісті қай жерге, қалай қолдануға болатынын анықтау; Қатысушыларға үйретілген әдістер бойынша сабақ жоспарын жасату [4,6 б].

Шәкірт тәрбиелеуде «Сын тұрғысынан ойлау» стратегиясының алатын орны. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы қазіргі таңда, білгенін өмірге пайдалана алатын шәкірт тәрбиелеуде алатын орны ерекше.

«Сын тұрғысынан ойлау» стратегиясы бойынша жүргізілетін жұмыста оқушылардың: 1) өз бетінше тұжырым жасау, қорытындыға келу, 2) ұқсас құбылыстар арасында тиімдісін таңдай білу, 3) мәселені шеше білу, 4) пікірталасты жүргізе білу қабілеті қалыптасады.

«Сын тұрғысынан ойлау» стратегиясының дамытпалы оқу мен үндес екендігі көрінеді. Сын тұрғысынан ойлау мен дамытпалы оқытудың: 1) мақсаттары, 2) міндеттері, 3) әдістері, 4) алынатын нәтиже бойынша жақын екендігін байқауға болады.

Сын тұрғысынан ойлаудың маңыздылығының нәтижесі: 1) әдіс түрлері, 2) белсенді практикалық іс - әрекетте болу, 3) басқалармен қарым - қатынас жасай білу, басқаларды тыңдай білу, 4) қажет болса өз көзқарасын өзгерту, 5) топтық тұжырымға келе білу, 6) топ алдына шығып, өз тұжырымын айта білу, қорғай білу. Осының бәрі өздігінен білім ала білуін, сын тұрғысынан ойлау іскерлігін, кейбір әдістемелік тәсілдерді дағдыға айналдыруын қалыптастырады.

Демократиялық қоғамда өз көзқарасы, пайымдауы бар, өз - өзін жетілдіріп отыратын, айналадағы үдерістерге сыни көзбен қарап, жауап бере алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының 2015 – жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Егеменді Қазақстан, 28 – желтоқсан, 2003 ж.
2. «Қазақстан мектебі» ғылыми – педагогикалық журналы. № 12, 2002 ж.
3. Б. Әбдіғұлова «Білім берудегі жаңа үрдістер» // «Қазақ тарихы» журналы, №5, 2005 ж.
4. М. Валиева «Білім беру технологиялары және оларды оқу – тәрбие үрдісіне енгізу жолдары» /Әдістемелік нұсқау/.
5. З. Қарабаева «Жаңа педагогикалық технология негізінде оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру» // «Қазақстан тарихы» әдістемелік журнал, № 12, 2004 ж.

Абдуова Н.М.

докторант, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

«АСЫЛБЕК-ГҮЛЖАҒАН» ДАСТАНЫНДАҒЫ ДІНИ МОТИВТЕР

Қазіргі кезде дәстүрлі діндердің қағидаларын ұстана отырып, өздерінің әрекеттерін жүзеге асыратын түрлі секталық ағымдар көбейіп кетті. Олар үгіт-насихаттарын, әсіресе, жастардың арасында кеңінен жүргізіп, түрлі жағымсыз іс-шараларға баруға ықпал жасауда. Осындай келеңсіз қылықтардан құтылу үшін дәстүр мен дінді сабақтастыра отырып зерделеу қажет. Осы мәселеге орай еліміздің Бас мүфтиі Ержан қажы көпшіліктің санасына сіңіп орныққан, қалыптасқан әдет-ғұрыптарды дәстүрлі дінмен ұштастыра отырып түсіндіруді күн тәртібіне шығарды. «Әлхамдулилла, ата-бабаларымыз сан ғасырдан бері аңсап өткен тәуелсіздікке қол жеткізудің арқасында асыл дініміздің қайнар бұлақтарымен қайта қауышып жатырмыз. Халқымыз дербестікпен бірге дәстүрлі мәдениетіне, тілі мен дініне толыққанды ие болып, оларды заманға сай дамытуға мүмкіндік алды» [1, 3]. Ал, ұлттық дәстүрдің қайнар көзі ауыз әдебиетінде, нақтырақ айтқанда фольклорда жатқандығы баршаға мәлім. Ал, фольклордың қомақты саласы-эпикалық туындылар.

Зерттеуші-ғалым Р.Бердібаев: «Эпос зерттеу жұмысының өте маңызды саласының бірі – оларды жанрлық түрлерге қарап жіктеу, стадиялық қатарын анықтау, жыр түрлерінің көп қабаттылығын көрсету, олардың өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын аңғарту, өзге елдер эпосымен типологиялық салыстырулар жасау болып табылады» [2,50] деп жазды. Жалпы сюжетті шығармаларды айтқанда алдымен назарға түсетіні – мотивтер. Сондықтан, фольклорда мотивсыз сюжетті туынды жоқ. Ал, мотив дегеніміз ойға әбден орныққан, қаншама ғасырлар бойына қолданыста болып қалыптасқан дәстүрге айналған иірімдер. Мұның өзін екі топқа жүйелеуге болады. Атап айтқанда, ғұрыптық мотивтер діни мотивтер. Ғұрыптық мотивтерге ғажайып туу мотивін, мүшелі жас мотивін т.б. жатқызуға болады. Сондай-ақ, діни мотивтердің де бірінеше түрлері бар. Діни дастандарды зерттеген М.І.Әбдуов: «Аңыздарда, ертегілерде, эпикалық жырларда кездесетін, жыршыға да, тыңдаушыға да мәлім, әбден орныққан мотивтер діни дастандар да жан-жақты қолданыс тауып отырған. Сонымен қатар, діни негізде де туындаған мотивтер де баршылық» [3, 121] дей келіп, діни мотивтерді Алладан бала тілеу мотиві, Аллаға жалбарыну мотиві, иман келтіру мотиві, Алладан хабар алу мотиві деп бірнеше топқа бөледі. Бірақ, мұнан діни мотивтер тек қана діни дастандарға ғана тән екен деген ұғым тумауы керек. Олар өзге эпикалық жырларда да кеңінен қолданыс тапқан. Әсіресе, лиро-эпостық жырларда жиі ұшырасады. Өйткені, салт-дәстүрмен біте қайнасып кеткен дін қағидалары ұлттық мұраларда өзінің заңды көрінісін тапты. Сондықтан да, зерттеуші Ә.Молдаханов: «Халықтың көшпелі өмір салты, ондағы неше алуан тұрмыстық әдет-ғұрыптар айқын белгі нышандармен халық ауыз әдебиетінің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» сияқты лиро-эпостық жырларында көркем бейнеленіп, ұрпақтан-ұрпаққа өшпес, өлмес фольклорлық мұра ретінде жалғасып келеді» [4, 194] деп жазды.

Лиро-эпостық жырлардың арасында әлі де болса зерттелмеген, жан-жақты қарастырылмаған туындылардың бірі – «Асылбек-Гүлжаған» дастаны. Шығарманың өзегі екі жастың арасындағы махаббат. Десек те, сүйіспеншілік мәселесінен гөрі Гүлжағанның ақылдылығы, парасаттылығы, қиын-қыстау кезеңдерде жол тапқыштығы, тығырықтан шыға білуі, бір сөзбен айтқанда ананың кеменгерлігі ерекшеленіп көрсетілген. Бірін-бірі ұнатып қосылған екі жас, қараниетті адамның кесірінен ажырасады да, көптеген қиындықтарды бастарынан өткеріп барып, Гүлжағанның ақылдылығының арқасында қайта қосылады. Әрине, мұндай қыздардың бейнесі ауыз әдебиетінде кеңінен сомдалған. Атап айтқанда ертедегі Аққайшы, аңызда Қарашаш, қаһармандық жырда Құртқа және тағы басқалары.

Бірақ, біздің көздеген мақсатымыз діни мотивтердің қызметін айқындау болғандықтан енді соған назар аударайық.

Мотивтердің ішінде жан-жақты зерттеуге негіз болған, көптеген ғылыми пайымдаулар мен пікірлер айтылған және халық ауыз әдебиетінде жиі қолданыс тапқаны түс көру. Оның қай топқа жататындығы, атап айтқанда ұлттық сана-сенімнің негізінде туындаған, дәстүрге айналған мотивке ме, әлде, діни мотивке ме әлі айқындала қоймаған мәселе. Осы түс көру «Асылбек-Гүлжаһан» дастанында да өзінің орынды қолданысын тапқан. Шығарманың кіріспесі Кәрімбай мен Сәлімбай тәрізді достық қарым-қатынаста болған екі байдан басталады. Бұл бастама «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырындағы Қарабай мен Сарыбайды еске салады. Кәрімбайдың Қасымбек, Сәлімбайдың Асылбек деген ұлдары болады. Есейген шағында Асылбекті Гүлжаһанға үйлендіріп, Қасымбек оларға күншілдікпен қастандық жасауды ұйымдастырады. Осы сәтте түс көру мотиві іске қосылады. Ол жырда былайша берілген:

Асылбек базар шыға даярланды,
Ол үшін керуен түзеп базар малды.
Жүруің бұл сапарға емес мақұл,
Гүлжаһан түс көрдім деп азарланды.

«Түсімде ат-тоныңмен сайға түстің,
Күте алмас қасырет-қайғы жолға түстің.
Ат-тоның, киіміңмен садаға деп,
Құтқардым себебімен еңбек күштің».

Асыл айтты: «Базарға барам, - деді,
Меншікті өзгермесін талап, - деді.
«Түс түлкінің нәжесі» деген бар ғой,
Кіргізбе көңіліме алаң», - деді [5, 271].

Шығарманың оқиғасы осы түстен кейін барып өрбиді. Яғни, Гүлжаһанның түсі оқиға желісінің күрт бетбұрыс алуына басты бағыт болып тұр. Бұл, әрине, әбден қалыптасқан дәстүрлі қолданыс. Өйткені, түс осындай оқыс өзгерістерге қызмет жасамаса, өзінің мәні мен маңызын жойған болар еді. Зерттеуші Г.Пірәлиева былай дейді: «Түс көру тәсілінің эпикалық сөз өнеріндегі көркемдік қызметі мен атқарар міндетін атап айтар болсақ, түстің қай жанрлық түрде бүкіл сюжетті ұстап тұратын негізгі темірқазық екендігі. Түс мотиві кездеспейтін әдеби мұра бізде некен-саяқ» [6, 69]. Яғни, біз сөз етіп отырған шығармаларда да түс көру өзінің тиісті қызметін атқарып тұр екен.

Түсті көру бар да, оны жору бар. Егер астарын ашып, түйінін шешіп берсе, ол сол қалпында өмірде орындалады. Бұл жұмбақ құбылыс. Осы жағдай көркем шығарманы әсерлі етуге таптырмас құрал болды. Туындыны өмірге әкелуші авторлар мұны жіті аңғарып, түс көруді тиімді детальдың көзіне айналдырды. Осы жұмбақ шешім тұрғысынан келгенде мұны діни мотивке де жатқызуға болады. Себебі, діни мұраларда оны өте көп қолданыс тапқан десек артық айтқандық болмас. Сонымен қатар, түске байланысты тұшымды пікір айтқан Г.Пірәлиева: «Қазақ сөз өнерінің ескерткіштерінде түс көру мотиві фольклор мен ауыз әдебиетінде, әсіресе, Пайғамбарлар туралы аңыз-әңгімелерде көп кездеседі. Бұларда адам «санасынан тыс» көрінетін таңғажайып күштердің, Пайғамбарлардың, Қыдыр аталардың, әруақты бабалардың түске еніп, аян берулері – дәстүрге енген, бүкіл адамзаттың көркемдік ойлау жүйесінде мойындалған құбылыстар» [6, 55], - деп жазды.

Дастандағы келесі бір діни мотив – тағдырға сену. Яғни, адамның өмір жолы алдынала белгіленіп, жазылып қойылған, сондықтан, одан қашып құтылу мүмкін емес. Тағдыр мәселесі тікелей діни наным-сеніммен байланысты. Бұл әрекет бір жағынан адамның көңіл-күйіне айрықша әсер етеді де, жүйке жұмысының қалыпты жұмыс жасауына септігін тигізеді. Осыған орай мотивтың бұл түрі өте жиі қолданылған деп айта аламыз. Ақын-

жыраулар мұрасында арнауларда, толғауларда да кездесіп отырады. Дастанда Гүлжаһанның Асылбекке жазған хатында көрініс берген:

Жатырмын мін таба алмай сөзіңізден,
Көрейік мәжілістесіп өзіңізбен.
Жазымыштан озымыш болмайды дегендер бар,
Тағдыр күш бұйырмаса өзге сізден [5, 267].

Бұл жерде Гүлжаһан өзінің Асылбекке тұрмысқа шығуына келісімін бере отырып, оны өз басына тән тағдырдың жазуы деп түсіндіреді. Әрине, мұның аясындағы жасырын меңзеу – шарасыздық, көнбеске, мойын ұсынбасқа амалдың жоқтығы. Осы тағдырға тән көрініс Гүлжаһанның ашық теңізге қайықпен шығып, ішерге асы, жүзуге ескегі болмаған шақта, тығырыққа тіреліп, амалсыз жағдайға түскенде байқалады.

Тағдырым мені айдаған,
Тар қайыққа байлаған.
Ауызға жейтін жемім жоқ,
Боламын қайтып, қайта адам!

Қалмады халім өлмекке,
Тағдырыма көнбекке.
Таланым тасып, бақ кетті,
Айналып қайта келмес те [5, 276].

Бір айта кететін жәйт, тағдырға сену, тағдырға мойын ұсынып, көну шығармалардың бойында айрықша қуанышты жағдайға тап болғанда айтылмайды, назардан тысқары қалады, тек қиналғанда, басқа іс түскенде, ауыртпалық келгенде ғана қолданысқа келеді. Бұл адам болмысының негізін аңғартады.

Фольклорлық туындылардың басым бөлігінде айқын көрініс тапқан Аллаға сену мотиві. Ислам әлемімен тығыз қарым-қатынасқа түскен әдеби-мәдени көрнекіліктер дінді айта отырып, насихаттауға жан-жақты кірісті. Ислам қағидаларының ел ішіне еркін тарауына, діни сауатты өнерпаздар үлкен үлес қосты. Молдалардың баяндауынан гөрі, ел жүрегіне әбден орныққан поэзия арқылы санаға сіңіру зор жетістіктерге қол жеткізді. Біз қарастырып отырған дастанның мазмұнынан Аллаға сену мотивін жиі кездестіреміз. Соның бір көрінісі қайық үстінде келе жатқан Гүлжаһанның жалбарынуында байқалады.

Тағдырым бүгін шешілді,
Тапсырдым хаққа ниетімді.
Мені бүгін көрмесе,
Маған да өмір есіл-ді.

Кең дүние маған тарылды,
Кімге айтамын зарымды.
Бар ғаламның қожасы,
Көрмесең өзің халімді! [5, 277]

Бұл тұста Аллаға сену мотиві жалбарыну үлгісінде көрініс берген. Тіршіліктің барлық мүмкіндігінен қол үзгенін кейін, амалсыздан Жаратушыға жалбарынуға тура келіп отыр. Тағы да шарасыздыққа тап болғандағы жағыдай.

Гүлжаһан аралға тап болғанда Аллаға сенудің үш түрлі жалбарыну түріндегі бағыты аңғарылады. Алғашқысы тағдырға мойын ұсына отырып, ауыр азаптың нәтижесінде азып-тозғаны:

Тағдырым, үкіміңе көндім-ау мен,
Сонда да үмітім көп, рахыметің кең.
Айрылған тұрмысы мен ел-жұртынан
Дүниеде пендең бар ма, менімен тең? [5, 280]
Екіншісі, қиындықтың шегіне жеткені сондай, амалсыздан өлім тілейді.
Мен қалайша аралда тұрмыс етем

Қала ма мына аңдардан жаным есен?

Безіндім бүйтіп тірлік еткенімнен,

Ажал бер шын белімді будым бекем. [5, 280]

Өзіне-өзі қол жұмсаудан аулақ, бірақ, ажал тілеп тұр. Мұның өзі діни қағидаға қайшы құбылыс. Осыны аңдаған Гүлжаһан бірден ниетін өзгертеді.

Болмаса бір себептер келтіре көр,

Дұшпанға мені аңдыған ете гөр тор.

Алшаңдап бала күннен өскен басым,

Осылай азып-тозып болам ба қор [5, 280].

Үмітсіз-шайтан. Жаратушы ниетің түзу болса, тілегіңді береді. Олай болса, діни қағидаға қайшы әрекет жасамау керек. Түйін осы. Міне, Аллаға сену мотивінің дастандағы шешімі осындай.

Түйіндей келгенде айтарымыз, эпикалық жырлардың бойында діни мотивтердің өте мол түрлерін табуға болады. Және олардың тәрбиелік маңызы да айрықша болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Малғажыұлы Е. Дін мен дәстүр. – Алматы: ЖШС «Vuinur print», 2013, - 192 б.
2. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы: Ғылым, 1982, - 232 б.
3. Әбдуов М.І. Қазақтың діни эпосы. Монография. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006, - 254 б.
4. Молдаханов Ә. Әуезов және фольклор: Монография. – Алматы: Дәуір, 2005, - 248 б.
5. Қазақ халық әдебиеті. Көп томдық: Т.І: Дастандар. – Алматы: Жазушы, 1990, - 304 б.
6. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. Монография. – Алматы: Алаш, 2003, - 328 б.

ӘӨЖ: 821.512.122: [398+2]

Ельшибекова Н.Х.

магистрант, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

БӘДІК АЙТЫСЫНДАҒЫ ДІНИ НАНЫМ-СЕНІМДЕРДІҢ КӨРІНІСІ

Дін жалпы адамзаттың даму тарихында бірге қалыптасып, бірге жетіліп келе жатқан рухани құндылық болып табылады. Адамзат әлемімен тығыз байланысқа түскенімен бір ғасыр немесе он ғасырдың жүзі болды деп кесіп айтуға болмайды. Олай болса, діни наным-сенімді адамзаттың санасынан өшіру де мүмкін емес. Бұл жағдай кезінде тәжірибеден өткен Кеңестік дәуір тұсында дінді жоюдың бірнеше әрекеттері қарастырылған болатын. «Дін – апиын» деген ұғымды көптің санасына сіңіруге талап жасаған да Кеңестік саясат болатын. Бірақ, діннің адам баласымен байланысқаны сондай, аталмыш қоғамның да оны жоюға күші жетпеді. Оның өзіндік бірнеше себептері де бар. Солардың бірі, дін адамгершілік қағидаларының басты бөлігі болып табылатын мәдениетпен, тілмен, әдебиетпен, халықтық философиямен тығыз қарым-қатынасқа түсіп кеткен еді. Ендеше, халықтық мұралар жайында зерттеу, зерделеу жұмыстары жүргізілген кезде діни қолданыстарды және олардың атқарып тұрған қызметін айналып өту мүмкін емес.

Қазіргі кезде діннің халықпен біте қайнасқанын анық аңғарып отырғанын көптеген зиянды ағымдар оны өздерінің жеке жоспарларының мүддесі үшін бұрмалап қолдануға әрекет жасау үстінде. Олар әсіресе, өздерінің осы әрекеттерін жастардың арасында кеңінен таратуға бар күштерін жұмсауда. Осындай келеңсіз құбылыстардан бүгінгі жастарды сақтандыру үшін дәстүрлі діндердің халықтың рухани мұрасындағы қолданылу аясын оқытып үйрету қажет-ақ. Сондықтан, діннің фольклордағы, әдебиет әлеміндегі өзіндік ықпалын аша түсу үшін арнайы зерттеу жұмыстарын да жүргізу керек.

Көне дәуірде қалыптасқан діни сенімдердің сипатын толығымен бойына сіңірген рухани дүниелердің бірі – айтыс болса, солардың арасындағы алғашқы көріністер бәдік айтысында байқалады. С.Сейфуллин өзінің әдеби зерттеулерінде: «Ислам дінінен бұрынғы күштілер табы үстемдік жүргізгенде көп «аруак», көп «тәңірі иелерге» құлшылық қылған заманнан қалған әдеттің бірі – «бәдік» айту» [1, 177], - деп атап көрсеткен болатын. Нақтырақ айтқанда, бәдікке байланысты ғылыми пікірлер М.Ғабдуллиннің, Ә.Қоңыратбаевтың, Ә.Молдахановтың, Б.Абылқасымовтың ғылыми еңбектерінде кездеседі. Бәдік – қыз бен жігіт айтысының бір түріне жатады. Бұл жердегі бір ерекшелік айтыстың мақсаты не қыздың, не жігіттің жеңіп, не жеңілуі емес, келген сырқаттың ауылдан немесе елден аластатылуы. Ол кездегі ұғым түсінік бойынша айтыса отырып, сырқатты елден, ауылдан «көш» деген мағынада иірімдер қолданса, ол ауру біржолата кетеді деп ойлаған. Фольклортанушы ғалым Ә.Қоңыратбаев былай дейді: «Бұл өлеңдерде ертедегі тотемдік ұғымдардың ізі бар. Адам табиғат сырын жете түсінбей тұрған кезде әрбір аурудың иесі бар деп ойлап, мерез, пес, рак, топалаң, қарасан, кебенек сияқты ауруларды өлеңмен емдеген. Аурудың иесіне адамның киесі қарсы қойылған. Бәдік жырларында магия, тотемизм, мифологиялық сарындар бар. Оны дуализм дейміз» [2, 56]. Ғалымның осы айтқан пікірін зерттеуші, наным-сенімдер ғұрпының фольклорын алғаш рет жарыққа шығарған Б.Абылқасымов өзінің еңбегінде қуаттай түседі: «Бәдіктің басқа жанрларға қарағанда көнелігі оның анемистік сенімдерге қатыстылығынан да көрінеді. Арбаудың магиялық сенімдерге, бақсы сарынының шаманистік сарындарға қатысты туып, дамығаны анық. Десе де, оларды көп жағдайда магиялық жоралар ағайындастырып, бас қостырады. Бұл түсінікті де. Өйткені әртүрлі наным-сенімдерге қатыстылығына қарамастан, аталған үш жанрда да сөздің магиялық күші роль атқарады» [3, 6]. Сондықтан, бәдік айтысындағы магиялық қолданыстардың жүзеге асуы қалыптасқан заңдылыққа байланысты. Енді айтысқа назар аударып көрелік.

Жігіт: Қара тауым дегенде қара тауым,
Тау басынан соғады қара дауыл.
Сіздің үйге бір бәдік бар дегенге,
Қаптай көшіп келеді біздің ауыл. [1, 178]

Айтысты бастаған жігіттің сөзінде ауылдың тұтастай көшіп келе жатқандығы айтылады. Негізінде аурудан қорыққан болатын болса, көшіп кетуі керек еді. Бірақ, сол ауруы бар үйге жаппай келе жатқандығын айтады. Яғни, мұндағы мақсат қазақтың «көп қорқытады, терең батырады» деген мақалының мазмұнымен байланыста қолданылып тұр. Егер көпшілік келетін болса, ауру қашады деген ұғым, түсінік жатыр. Енді қыздың жауабына назар аударып көрелік.

Қыз: Бәдік кетіп қалыпты таудан асып,
Таудан арғы бұлтпенен араласып.
Енді екеуміз бәдікті тауып алып,
Шын құмардан шығалық сабаласып. [1, 178]

Қыздың жауабында да, ауруды қорқыту, үркіту бар. Үйден қашқан бәдікті іздеп тауып алып, соққыға жығу, қажет дегенді меңзеп тұр. Осы тұста тағы бір айта кететін мәселе, аурудың қандай түрі болмасын айтысқа түскенде бәдік деген бір-ақ түрмен қолданылады. Яғни, халықтың түсінігінде адам баласына ауыртпалық әкелетін қиын аурулардың киесі бәдік. Сондықтан аурудың өзін емес, оның киесін қуу керек. Киесі қашқан ауру өздігінен-ақ кетіп қалады. Бұл сол кездегі діни наным-сенімнің бір көрінісі болып табылады.

Айтыстың әрқарайғы жалғасы бәдікті әрнәрсеге жабыстыру болып табылады.

Жігіт: Жемір бәдік дегенге, жемір бәдік,
Қу қыздардың шекесін кемір бәдік.
Семіз қыздың ішіне кіріп кетіп,
Бүйрек майын же-дағы семір, бәдік.

Қыз: Бәдік кетіп барады мекесіне,
Ешкі арғын білдірмес текесіне.

Онан көшер жайыңды мен айтайын,
Бар да жабыс жігіттің шекесіне. [1, 178]

Келтірілген өлең жолдарынан біздің үш түрлі мәселені аңғаруымызға болады. Алғашқы екеуі көне дәуірдегі діни наным-сенімге байланысты. Біріншіден, аурудың киесі – бәдік, түсінік бойынша белгісіз жаққа ұшып кетуі мүмкін емес, бір затқа, не бір нәрсеге орнығу керек. Екіншіден, бәдікті әртүрлі жағдайға бағыттаса, ол шатасып, қайда барарын білмей, соңынан шаршап басы ауған жаққа кетіп, тауға ма, тасқа ма орнығуы мүмкін деген ұғым. Бұл екеуі жаңағы біз айтқан діни сенімге жатады. Үшіншісі, айтыстың өзінде ширату мақсатында оның мазмұнына қыз бен жігіттің арасында шиеленісті туғызу болып табылады. Бұл суреттеу жігіттің тарапынан «семіз қыздың ішіне кіру», ал, қыздың тарапынан «жігіттің шекесіне жабыс» деуі дәлел бола алады. Айтыс тұрғысынан келгенде, негізгі мақсат қыз бен жігіттің арасындағы сайысты тоқтатып алмау. Осыдан кейін барып, айтыстың мазмұнында магиялық тәсілдер көрініс бере бастайды. Көне дәуірдің ертегілерінде, мифтік әңгімелерде сиқыршыға қатысты қолданыстар жиі көрініс беретіндігі жасырын емес. Ондағы сиқырлық әрекеттер көпшілігінде бір уыс топырақ арқылы жүзеге асып жатады. Бұл жәйіт әсіресе «Мың бір түн» ертегілерінде өте жиі қолданыс тапқан. Бұл көне дәуірдегі топыраққа сену, топырақтың қасиетін бағалау негізінен келіп туындаған болса керек. Осы топырақтың магиялық қасиеті бәдік айтысында былайша көрінеді:

Қаратаудан кей бәдік асып кеткен,
Аулақ жерде қыздарды басып кеткен.

Етегіне бір табақ топырақ салып,

Көрген қыздың көзіне шашып кеткен. [1, 179]

Фолькоршы ғалым Ә.Молдаханов осындай магиялық нанымға қатысты былай дейді: «Зерттеушілердің пікіріне қарағанда, магиялық наным-сенім кең тараған құбылыс. Ол кез келген діннің, оның ішінде мәдениет пен рухани дамудың төменгі сатысында қалыптасқан қарапайым формадан бастап бүгінгі жер жүзіне кеңінен тараған басты діндердің бәрінің құрамдас бөлімі. Демек, кез келген рухани мәдениеттен орын тепкен әмбебап құрылыс» [4, 211].

Айтыстың барысында бәдікті заттық жағдайлармен қоса, затсыз сипаттарға да көшіріп отырған. Мысалы:

Ыстық үйдің көш, бәдік, пешіне көш,
Сұлу, сұлу, қыздардың шашына көш.
Онан көшер жайыңды мен айтайын,
Жұма менен айт күннің кешіне көш. [1, 179]

Осы өлең жолдарындағы жұма немесе айт бұлар дерексіз сипаттарға жатады. Бір айтыстың бойында бәдікті көшіруге арналған қырықтан астам заттық және затсыз нұсқаулар қолданылады. Айтыстың барысында дәулетті адамдарды да пайдаланудан тысқары қалмаған. Мәселен:

Бай ауылдың көш, бәдік, құртына көш!

Көшіп кеткен әр жерде жұртына көш [1, 180], - деген жолдар біздің пікірімізді айғақтай түседі.

Халық ауыз әдебиетінде бәдік негізінен айтыс түрінде жиі кезігеді. Десек те, бәдіктің өлең түрінде де, айтыс емес нұсқасы да бар. Мұның себебі, бәдікті көшіруге байланысты көпшілік жиналған ортада айтысқа түсетін қарсылас ақынның болмауына да байланысты. Мұндай жағдайда бәдікті көшіріп ауруды жазам деген өнерпаз көшіру міселесіне қатысты толғау тектес өлеңін шығарған. Бір сарындас болғандықтан ел ішінде бәдіктің өлең түріндегі нұсқасы қызықты бола қоймаған. Ал қызықсыз туындыларды халықтың қабылдамауы табиғи заңдылық. Сондықтан, мүмкіндігінше бәдікке жиналғанда айтысатын қарама-қарсы жақтың болуы қадағаланып отырған. Нәтижесінде, айтысу үлгісінде туындаған шығармалар түрлі шиеленістерден тұратын болғандықтан, көптің ықыласына бөленген. Бәдіктің айтыс түріндегі нұсқасының көп болуы осы жағдайға байланысты.

Бәдік айтысын ислам дінімен тікелей байланыстырып қарауға болмайды. Оның өмірге келуі де, ел ішіне кеңінен тарап қалыптасуы да, исламға дейін жүзеге асқан. Бірақ, исламдық наным-сенімде бәдікті қуаттайтын ой-пікірлер кездеспейді. Десек те, сөздің, жекелеген дыбыстың әрқайсысының өзіне тән қуаттылығымен әсерінің болатындығын жоққа шығармайды. Соның нәтижесінде, әрбір дыбыстың сандық мағынасы да араб грамматикасында ажыратылып берілген. Әбжад қолданысы осы негізден туындаған деп пікір айтуымызға болады.

Бәдік айтысындағы келесі бір назарға ілігетін құбылыс, қыз бен жігіттің арасындағы әзіл-қалжың. Мұндай әрекет бәдікке жиналған жастардың көңіл-күйін сергітіп отыру үшін қолданылған болса керек. Мысалы:

Бұрын заман бар екен бұқпа бәдік,

Күндіз-түні жегелі жұппа бәдік.

Үлкен қыздың ішіне кіріп кетіп,

Ойбай өлдім десе де шықпа, бәдік [1, 181], - деген жігіттің әзіліне қыз да сондай шымшыма сөздермен жауап қатады.

Үлкен кәрі, көш, бәдік, кісіге көш!

Ақ меруерттей жігіттің тісіне көш!

Онан көшер жайыңды мен айтайын,

Жасөспірім жігіттің ішіне көш [1, 180].

Осындай әзілдермен әрі көптің көңілін көтере отырып, әрі сырқаттанып жатқан адамның көңілін аулай отырып, соңғы түйінінде екеуінің біріге отырып, бәдіктен құтылудың жолын тапқандығын сездіртеді.

Бәдік кетіп барады шатқа таман,

Тағы жүрді мінгелі атқа тамам.

Құдай оңдап бәдікті қолға берсе,

Итерелік бәдікті отқа тамам [1, 180].

Айтыс аяқталғанан кейін, ырым түрінде сырқаттанып жатқан кісіні айналып жүріп, бетінен орамалмен желпиді. Бұл соңғы түйін бәдікті көшіргендіктің белгісі.

Бәдікке қатысты айтыстың мазмұнына назар салатын болсақ, ол адамға ғана арнап айтылмаған, малға да бағытталған. Өздерінің өмір тұрғысын төрт түлік малмен толық байланыстырған. Көшпенді халық адам баласын қандай деңгейде құрмет тұтса, өмір сүруге қажетті төрт түлік малды да құнын төмен түсірмеген. Оны «Мал-жан аман ба?» деген амандасу рәсімінен де аңғаруға болады.

Бәдікті өткізу үшін жан-жақтағы көрші ауылдарға алдын-ала арнайы бір күнді белгілеп, хабаршы жіберген. Хабар тиген ауыл-ауылдың жастары бәдікке толығымен қатысып отырған. Осыған орай, фольклортанушы ғалым М.Ғабдуллин былай дейді: «Ауру адамды немесе ауру малды емдеу үшін ертеде арнаулы кеш өткізген. Мұны қазақтар «бәдік кеші» деп атаған. Бұл кешке жұрт, әсіресе жастар жиналып, ауруды ортаға алып емдемек болған. Адамға не малға індеп жіберетін құдай бар деп түсінген халық, «бәдік кешінде» сол құдайға тіл қату, ықпал ету, өлең арқылы өтініш жасау, жалынып-жалбарыну ырымын істеген» [5, 62]. Біздің бәдік айтысын діни наным-сенімге жатқызу себебіміз де ғалымның осы пікірінің өзі де айқындап тұр. Яғни, айтыстың аясында жаратушыдан тілек тілеу, оған жалбарыну көріністерінің жатқандығы анық.

Сонымен, түйіндей келе айтарымыз, айтыстың көне түріне жататын бәдік, наным-сенім тұрғысынан келгенде ауру-сырқаудан жазатын құрал болса, мәдени тұрғыдан келгенде қыз бен жігіттің арасындағы әзіл-қалжыңның үлгісі деп қабылдауымыз керек. Дегенмен, бәдік айтысының аясында діни қағидалардың, діни мотивтердің көрінісінің жатқандағы ақиқат.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сейфуллин С.С. Шығармалар. Алтыншы том. – Алматы, «Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет» баспасы, 1964. - 454 б.

2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, Ана тілі, 1991. – 288 б.
3. Наным-сенімдер ғұрпының фольклоры: Хрестоматия. Құрастырушы: Б.Ш.Абылқасымов. – Алматы, 2004. – 224 б.
4. Молдаханов Ә. Әуезов және фольклор. Монография. Алматы: Дәуір, 2005. – 248 б.
5. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, «Мектеп» баспасы, 1974. – 320 б.

ӘОЖ 681.51


Тунгатарова А.Т., Боранкулова Г.С.
М.Х.Дулата атындағы Тараз мемлекеттік университеті

АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІН АНЫҚТАУ

Индустриялық өндіріс көлемін барынша ұлғайту, экономика – математикалық басқару әдістерін дамыту, адам өміріндегі барлық өндіріс салаларына, үлкен шапшаңдылыққа ие, жады көлемі айтарлықтай үлкен ЭВМ - ді енгізу, басқару формуласын сапалы өзгертіп, айтарлықтай тиімділігін арттырған, автоматтандырылған басқару жүйесін құруда негіз болды. Компьютерлік техниканың артықшылығы, басқарудың қиын заңдарын жүзеге асыруда, үлкен көлемді ақпаратты жинақтау және қайта өңдеу кезінде байқалады.

АБЖ – «адам - машина» бұл жүйе, басқару жүйесін автоматтандыруға қажетті, автоматтандырылған ақпаратты жинақтау және қайта өңдеуді қамтамасыздандыруға арналған. Басқару аумағына адам мүлде қатыспайтын автоматтандырылған жүйелерге қарағанда, АБЖ басқару аумағында адам үлкен рөл атқарады.

Деректерді қайта өңдеудің жеңілдетілген құрылымдық схемасын АБЖ-да қарастырайық (сурет 1.1). Цифрлармен деректерді қайта өңдеу қадамдары көрсетілген. Схеманы қарастыра отырып, 1, 2, 3, 4, 8, 9 қадамдары өзінде адам қатысуын қажет етпей, техникалық құралдар жүзеге асыра алатын көптеген операцияларға ие екенін байқаймыз. Ал 5, 6, 7 қадамдары қойылған сұраныстарды адам көмегімен жүзеге асырады, 7 қадам өзінде үлкен жауапкершілікке ие элементтерді алып жүргендіктен мүлде адам көмегінсіз жүзеге аса алмайды.



Сол себепті адамды аса ауыр жүйелерді басқару контурынан ығыстырып тастауды емес, техникалық жүйелер және адам арасындағы функционалды басқаруды дұрыс бөліп меншіктеуді, адам шығармашылығын қажет ететін жоспарлы сұраныстардан және оған жүктелген сұраныстардан босатуды қарастыру қажет.

АБЖ ның маңызды ерекшеліктері үлкен ағымдағы ақпараттың болуы, қиын ақпараттық құрылымы, аса қиын ақпаратты қайта өңдеу алгоритмдері болып табылады. АБЖ да ортақ қасиеттері және ерекшеленетін артықшылықтары қиын жүйелердегідей, келесілер болып табылады:

- өзара байланысты және өзара жұмыс атқаратын көптеген элементтердің болуы, элементтердің бірінің функционалдық мінезінде өзгеріс болуы басқа да элементтердің функционалдық мінезіне және түгелдей жүйеге әсер етеді;

- жүйе және оған кіретін әртүрлі элементтердің басым бөлігі көпфункционалды болып табылады;

- жүйеде элементтердің өзара байланысы ақпараттық, энергетикалық, материалдық т.б. алмасу арналары бойынша жүзеге асуы мүмкін;

- жүйеге кіретін барлық элементтердің әртүрлілігіне қарамастан, қиындық және ұйымшылдықтың бірігуін анықтайтын, барлық жүйеде ортақ мақсаттың, ортақ міндеттің болуы;

- құрылымның өзгеріп тұруы (байланыс және жүйе құрылымы), көпрежимді функционалдық мінез қамтамасыз етеді;

- басым жағдайларда жүйеде және сыртқы ортада элементтердің өзара байланысы стохастикалық мінезде болады;

- жүйеде жұмыс атқаратын автоматтандыру үлкен дәрежеге ие, көбінде автоматтандыру және есептеу техникасын оңтайлы басқару және ойлау мен қолдан жұмыс атқару механизациясында үлкен қолданысқа ие.

- орталықтандырылған немесе автономды бөліктерін қадағалаудың сәйкес келуін қарастыратын, жүйенің басым көпшілігін басқару иерархиялық мағынаға иеленеді.

Басқару процессінде адам рөлінен байланыс формасы және «адам-машина» тобын оператормен және ЭЕМ - мен функционирлеу мен ЭЕМ және бақылау құралдары және барлық басқару жүйелері арасындағы байланысты екі классқа бөлуге болады:

- Ақпараттық жүйелер, технологиялық және өндірістік процесс барысында ақпаратты қолайлы түрде жинау және таратуды қамтамасыз етеді. Сәйкестендірілген есептеулердің нәтижесінде басқару процессі ең жақсы әдіспен өтуі үшін, қандай басқарулық әрекеттер жасау керектігі анықталады. Негізгі рөл адамға тиесілі, ал машина оған қажетті ақпаратты беру үшін көмекші рөлді атқарады.

- Басқару жүйелері, ақпаратты жинауымен орындаушы командаларға немесе орындағыш механизмдерге тікелей ақпарат таратумен қамтамасыз етеді. Басқару жүйелері әдетте уақыттың шынайы масштабында, яғни технологиялық немесе өндірістік операциялар қарқынында жұмыс істейді. Басқару жүйелерінде машинаға маңызды рөл тиесілі, ал адам қандай да бір себептерге байланысты есептеуіш құралдар жүйесі шеше алмайтын аса күрделі сұрақтарды шешеді және бақылайды.

Жоғарыда айтылғандай, автоматтандырылған жүйе - объектілерді басқару бойынша шешім қабылдауға және өндеуге арналған күрделі адами - машиналық комплекс. Тиімді АЖ құру үшін келесі құрылу принциптерін сақтау қажет:

Жүйелік жақындату принципі. Жобаланатын объект жоғары басқару позициясынан қарастырылуы тиіс. Жобалау басқару объектісін, басқару бөлімдерін және ішкі ортаны мұқият жүйелік анализден өткізуден басталады. Осыған қарама-қарсы, жобаланатын жүйенің алдында тұрған мақсаттар анықталады. Әрбір мақсат үшін бір немесе бірнеше тиімділіктің шарттары жасалынады. АЖ-ні енгізу экономикалық көрсеткіштердің және экономикалық ынталандыру әдістерінің жетілдіруімен қатар жүреді.

Жаңа тапсырмалар принципі – ЭЕМ - ға және басқада техникалық құралдарға ауыстырғанда түзілетін формалармен, әдістер және басқару тапсырмаларымен шектелу

жеткіліксіз. Басқару тапсырмасын тек есептеу көлемі тұрғысынан ғана емес, басқаруды толықтай жеңілдететін техниканың мүмкіншіліктеріне басты назар аударылады.

Бірінші басшының принципі - АЖ-ні құру және енгізу тапсырыс беруші ұйымның бірінші тұлғаларының тікелей басқаруында болады. Тапсырыс берушінің функциялары: жүйе мақсаттарын қалыптастыру; жүйе тиімділігінің және жалпы концепциясының шарттары; әртүрлі басқару тапсырмаларын енгізудің кезегін және басымдылығын анықтау; ақпараттық базаның құрылуына қатысу; ұйымдық іс-шараларды іске асыру, штаттық қызметкерлер бірлігін бөлу. Әзірлеушінің функциялары: техникалық тапсырманы әзірлеу; техникалық жобаны әзірлеу (жүйе құрылымын, тапсырманы шешудің алгоритмін, әрбір тапсырманың ақпараттық базасын, техникалық құралдар комплексін таңдау); жұмыс жобасын әзірлеу (күжаттар формасы, жұмыс бағдарламалары, пайдалану бойынша нұсқаулықтар); әзірленген жүйені пайдалануға енгізу.

Жүйенің үздіксіз дамуының принципі - жаңа тапсырмаларды енгізу мүмкіндігі және қолданыстағы тапсырмаларды шешуге енгізілгендердің сапасы төмендемей жұмыс атқаруы.

Құжат айналымын автоматтандырудың принципі - модель бойынша ЭЕМ - да есептеулерді орындаумен шектелу жеткіліксіз, сондықтан барлық кезеңдерді сонын ішінде бірінші ақпараттың жиналуын, оның берілуі, өңделуі, сақталуы және алынған нәтижелерді АЖ - нің нақты қолданушыларына дейін жеткізуді автоматтандыру қажет.

Ақпараттық база бірлігінің принципі - жекеше емес барлық басқару тапсырмаларын шешу үшін қажетті ақпарат, магнитті тасымалдағыштарда жиналады және үнемі жаңарып отырады.

Енгізудің бір реттілігі және ақпаратты көп реттік қолданудың принципі - кез - келген құжат, объект немесе құбылыс бойынша ақпарат, жүйеге тек бір рет енгізілуі тиіс. Бұл принципті орындамау жүйе жадының істен шығуына әкеледі, мысалы, енгізілген құжат немесе құбылыстың бірнеше қарсы пікірлері туындауы мүмкін, бұл жүйе жадын бітеп тастап оның істен шығуына себеп болады.

Тапсырмалардың және жұмыс бағдарламаларының комплекстілігінің принципі - тапсырмалардың көпшілігі өздері арасында тығыз байланысқан, демек оларды бөліп шешу барлық жүйелердің тиімділігін төмендетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. В.Н. Брюханов, М.Г. Косов, С.П. Протопопов «Теория автоматического управления»: Учеб. для машиностроит. спец. вузов. - М.: Высш. шк. 2000.
2. Зайцев Г.Ф. Теория автоматического управления и регулирования.- 2-е изд., перераб. и доп. Киев. Издательство Высшая школа Головное издательство, 1989.
3. LabVIEW для всех Дж. Трэвис, Дж. Кринг. 2010.

ӘӨЖ: 851:15.45

Тортаева Э.К.

М.Х.Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік Университеті

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ МОДЕЛЬДЕРІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

Қазіргі заманғы білім кеңістігіндегі жаңалықтар кеңінен қанат жайып, күннен-күнге қарыштап дамуда. Ұлы ағартушымыз Ыбырайша айтқанда көзді ашып- жұмғанша айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған ғажайып қоғамның барлық мүмкіндіктерін пайдаланып отырмыз. Солардың бір куәсі ретінде қашықтықтан оқыту білім беру саласында пайдаланылуда.

Қашықтан оқыту - білім беру мекемелерінен қашықта орналасқан адамдардың дамуы мен оқу әрекетін мақсатты және әдістемелік ұйымдастырылған түрде, қазіргі заманғы

ақпараттық технологиялардың көмегімен басқара отырып оқытудың бір түрі: оқулықтарды және т.б. баспа басылымдарын, оқытылатын материалдарды компьютерлік телекоммуникациялар арқылы жүргізілетін бейнетаспалар, пікірсайыстар және семинарлар, ұлттық және аймақтық теледидар мен радиостанциялар арқылы оқу бағдарламаларын тарату, кабельдік теледидар және электронды пошта, екі жақты бейнеконференциялар, телефон арқылы кері байланыспен бір жақты бейне таратулар және т.б. түрінде ұйымдастырылатын жұмыс түрі.

Қашықтықтан оқу технологиялары қашықтықтан оқу сабақтарын on-line режимінде немесе off-line режимінде өткізуге негізделген.

On-line режимі – нақты уақытта жүзеге асырылатын оқудағы өзара әрекет ету үрдісі.

On-line режиміндегі байланыс - оқытушының (тьютордың) тыңдаушымен қарым-қатынасы.

«On-line» режиміндегі оқу сабағы берілген уақыттағы оқу үдерісінің өзара әрекетін камтиды (бейнеконференция, форум, чат, телефон бойынша байланыс) [1].

Қашықтықтан білім беру модулі: білім ақпаратын білім алушыға жеткізуін, сонымен қатар тыңдаушының оқу курсы бойынша меңгеретін білімін тексеруін қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдар, әдістер және ұйымдастыру шаралар кешені;

Мультимедиа (ағыл. multimedia лат. multum – көп және media, medium - жұмылдыру, құрал) пайдаланушыға графикамен, мәтінмен, дауыспен, видеомен жұмыс істеуге рұқсат беретін аппараттық және бағдарламалық құралдар кешені.

Қашықтан оқыту процесін ұйымдастыруда оқытудың білім беру, тәрбиелеу, дамыту, дәйектілік, жүйелілік ұстанымдарының мақсатқа сай қолданылуы басшылыққа алынады. Пәннің жұмыс оқу жоспары мен білім алушылардың жекелеген оқу жоспары білім беру процесінің негізі болып табылады.

Қашықтан оқытуда гипер тілдегі жаттығу тапсырмалар, электронды оқулықтар, тест тапсырмалары, интернет жүйесі, телефон т.б. құралдарды пайдалану арқылы және төменде сипатталған технологиялар бойынша іске асырылады [2].

- **Кейс-әдісі (кейс - технология)** – өндіріс жағдайларын модельдеу мен шешуге мамандырылған кәсіптік дайындау жүйесі.

- **CD-ROM технологиясы.** Курс CD дискісі түрінде беріледі. Курс компьютер көмегімен үйде немесе жұмыс орнында оқытылады;

- **Желілі технология.** Курс білім ұйымдарының оқу серверіне желілі қатынас арқылы оқытылады.

- ▶ **Интернет-курстары (интернет-технология)** – сабақтарға қатысуды интернет желісі құралдарының көмегімен ойластыратын, ашық қашықтан оқу процесінің бөлімі.

- ▶ **Ақпараттық - білім беру ортасы** – пайдаланушылардың білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруына бағытталған ақпараттық қорлар, қарым-қатынас хаттамалары.

- ▶ **Виртуалды білім беру ұйымы** – оқытуды ақпараттық (компьютерлік) технологиялардың қолдануға сүйене отырып ұйымдастыратын оқу орындарының жаңа үлгісі [3].

К.Ж.Шабденова өз еңбегінде оқу сатыларын игеру үшін топтастыру, тығыз байланыс, кейс, кәсіби даярлық немесе қайта даярлау нұсқаларын ұсынады.

Топтастыру нұсқасы. Қашықтан оқыту нұсқасының мөлшері және алуан түрлі тәсілдері көпқырлы нысандарды зерттеу, дәл бағдарлау үшін топтастыруды қажет етеді. Топтастыру - жалпы сызба нұсқасының формасы бойынша ұсынылатын, олардың арасындағы байланыстарды бейнелейтін құрал ретінде пайдаланылатын, нысандардың көпқырлылығын дәл бағдарлауға арналған нысандар жүйесі [4].

Тығыз байланыс нұсқасы. Білім алушылар қашықтан оқу кезінде педагог кадрлардың жетіспеушілігі болған жағдайда бұндай проблемаларды сезінбейді, себебі қашықтан оқыту әдістемесі бұл жағдайды бәсеңдетеді. Қашықтан оқыту кезінде білім алушылар тьюторлармен жүзбе-жүз кездесуді, мүмкіндік болса, аптасына бір өткізген дұрыс. Ондай

мүмкіндік болмаған жағдайда өз бетінше оқып, білім алу барысында тьютормен телефон, телефакс, электронды пошта және байланыстың басқа да құралдарының көмегімен кеңес алуына болады.

Кейс нұсқасы. Білім алушыларға кейс нұсқасы бар «кейс» тапсырылады және кіріспе сабағы өткізіледі. Білім алушылар өзінің жұмыс тобымен, тьютор, сабақты ұйымдастыру жоспары және оқытушының әдістемесімен танысады. Содан кейін қашық аймақтағы білім алушыларға CD-ROM-ға, аудиокассеталарға жазып, жұмыстың үлгілерін жіберуге болады. Сондай-ақ арнайы жүйемен барлық оқу материалдары бар мәтіндерді ИНТЕРНЕТ қызметінің WEB беттеріне салып ұсынуға болады [5].

Кәсіби даярлық немесе қайта даярлау нұсқасы. Оқытудың барлық жүйесі практикалық және ұйымдастырушылық тәжірибесі бар адамдарды оқытуға даяр болуы керек. Оқыту курсына білім алушылар телефон арқылы, тіпті тікелей кездесіп ақыл-кеңес алуына болады. Сөйтіп тұрақты байланыс жасауды қамтамасыз етеді. Бұл оқу барысында туындаған өзекті мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Курс соңында білім алушылар өздерінің білім деңгейін ретке келтіру, топтық жұмыстың практикалық дағдыларын дамыту, тәжірибе алмасу және іскерлік байланысты орнықтыру үшін көшпелі жексенбілік мектепті ұйымдастыруына болады.

Т.П.Воронина, В.П.Кашицин, О.П.Молчановалар еңбектерінде қашықтан оқыту технологиясын дамытудың төрт модельді кезеңдерін анықтайды. Олар: ашық, телешоулық, дәстүрлі және сырттай модельдер.

Л.Керімов, А.Әлиева және басқа да отандық ғалымдар мынадай төрт түрлі модельді ұсынады: кейс технологиялық модель, корреспонденттік оқыту, радиотелевизиялық модель, желілік оқыту.

Келесі ғалымдар тобы қашықтан оқытудың мынадай ұтымды модельдерін сұрыптайды:

1. Кейс технологиялық модель.
2. Корреспонденттік модель.
3. Желілік оқыту моделі.
4. Іскерлік ойындар моделі.

Кейс технологиялық модель бойынша оқытылатын пәннен кешенді оқу материалдары әзірленеді. Мұндай оқыту кезінде жекелген нысандарды жинақтауды көздеген жалқыдан жалпыға келу әдісі пайдаланылады. Бұл әдіс оқытуды белгілі тәртіппен жүргізуге, жүйелі оқытуға игі ықпал етеді. Кейс құрамына пәнге қатысты төмендегідей материалдар жинақталады:

- Оқу бағдарламасы;
- Қарапайым және мультимедиялық компьютерлік оқыту бағдарламалары;
- Оқу құралдары (тірек конспектілері, дәріс конспектілерінің жоспары);
- Аудиокассеталар (тапсырмалар жүйесі);
- Бейнекассеталар (шолу дәрістері, телеконференциялар);
- Жұмыс дәптерлері (тапсырмаларды орындау үлгілері, өзіндік жұмыстар);
- Білім алушылардың өзіндік жұмыстарының жоспар кестесі, өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруға арналған нұсқаулар;
- Практикалық сабақтарға арналған сұрақтар;
- Курсты оқып-үйренудің әдістемелік нұсқауы;
- Әдебиеттер тізімі;
- Тестілік сұрақтар (бастапқы, аралық, қорытынды).

Корреспонденттік модель. Білім алушылар білімін бағалауды журнал-жұмыстық дәптер түрінде зерделеумен өзін байқап көреді. Оқытудың мүмкіндік қарқыны баяу, қалыпты және шапшаңдатылған болынып бөлінеді. Журнал нұсқаулар оқу материалдары, бақылау тапсырмалары, аудиокассеталардың жинақтамаларынан тұратын дидактикалық материалдарды қамтиды [6].

Желілік оқыту моделі. Жоғарыда келтірілген моделдердің ішінен желілік оқыту ИНТЕРНЕТ желісін қолдануға негізделгендіктен, кез келген жоғары оқу орындары үшін оны қашықтан оқыту жүйесінің моделі ретінде таңдау тиімді болып саналады.

Іскерлік ойындар моделі. Білім алушылар оқу-танымдық қызметінің негізгі формасы - дидактикалық материалдармен өз бетінше жұмыс. Сонымен бірге оқытудың тиімділігін арттыру үшін «іскерлік ойындар», «топтық пікір сайыстары» кеңінен пайдаланылады. Дербес түрде өз бетінше орындалатын тапсырмалар білім алушылардың ойлау қабілетін жетілдіруді қамтамасыз етеді. Іскерлік ойындар білім алушыларды өздеріне тиісті кәсіби біліммен қаруландырады.

Электронды күйде немесе бейнекөрініс түріндегі топтық пікірсайыстарда проблемалық мәселелерді талқылау кезінде білім алушылардың өзіндік көзқарастары қалыптасады.

Осындай мотивацияны арттыру үшін оқу-әдістемелік жұмыс негізгі амалдар, тәсілдер және жаңа техникалар арқылы жүзеге асырылады.

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланатын әдістер мен ғаламтор секілді қазіргі тәсілдер жеке бағдарламалық бағытта көмегін тигізеді, білім алушылардың қабілетіне қарай оқытудың дифференциясын қамтамасыз етеді және пәнге деген қызығушылығын арттырады. Бүгінгі таңда компьютер адамзат өмірінің әр саласында белсенді қолданылуда [7].

Психологиялық тұрғыдан қарағанда да қашықтан оқытудың тиімділігі мол. Оқу-әдістемелік жұмыстың тиімділігін, практикалық сабақтың қызығушылығын қамтиды.

Қазіргі уақытта адам іс-әрекетінің барлық салаларына ақпараттық коммуникациялық технологиялар кеңінен қолданылатын болды және оның маңыздылығы барған сайын арта түсуде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Андреев А. А. Введение в дистанционное обучение. Учебно-методическое пособие. - М.: ВУ, 1997 г.
2. Ахьян А.А. Виртуальный педагогический вуз. Теория становления. - СПб.: Изд-во «Корифей», 2001. - 170 с.
3. Гусев Д.А. Заметки о пользе дистанционного обучения.
4. Зайченко Т.П. Основы дистанционного обучения: Теоретико-практический базис: Учебное пособие. - СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2004. - 167 с.
5. Зайченко Т.П. Инвариантная организационно-дидактическая система дистанционного обучения: Монография. - СПб.: Изд-во «Астерион», 2004. - 188 с.
6. Малитиков Е.М., Карпенко М.П., Колмогоров В.П. Актуальные проблемы развития дистанционного образования в Российской Федерации и странах СНГ // Право и образование. – 2000. – №1 (2). – С. 42–54.
7. Полат Е.С, Моисеева М.В., Петров А.Е. Педагогические технологии дистанционного обучения / Под ред.Е.С.Полат. - М., «Академия», 2006.

ӘӨЖ: 751:11.5

Тортаева Э.К.

М.Х.Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік Университеті

ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ, БІЛІМ САПАСЫНЫҢ ДЕНГЕЙІН КӨТЕРУ

Білім саласына енгізілетін инновацияның жобаларды жүзеге асыруда әлемдік тәжірибені енгізу – кезек күттірмейтін ауқымды мәселе, білім беруді реформациялаудың мақсаты – жеткіншектерді сапалы біліммен қамтамасыз ететіндей білім берудің тиімді жүйесін жасау, ұлттық білім деңгейін әлемдік білім кеңістігіне кіріктіру.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасында білім беру саласына «заманауи технологияларын енгізу үшін оқу орындарының педагог кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау тұрақты түрде іске асырылатын болады» деп атап көрсетілген. Сондықтан бүгінгі таңда педагогтардың алдында білім беруде түйінді құзыреттілікті меңгеру қажеттілігі туындап отыр. Екінші жағынан, еліміздің халықаралық экономикалық қауымдастыққа енуі білім беру саласындағы өзгерістерге байланысты жаңа жағдайда жұмыс істеуге қабілетті педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Біздің болашақтағы жоғары технологиялық және ғылыми қарқынды өндірістер үшін кадрлар қорын жасақтауымыз керек» деген сөздері бар. Демек, білімгердің шығармашылық қабілетін дамыту, қазіргі технологияны тиімді пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу – оқытушының басты міндетінің бірі болып отыр [1].

Бұл үшін инновациялық технологияны жетік меңгерген, өз тәжірибелерінде негізі қалыптасқан, өзіндік кәсіби ұстанымы бар оқытушылар қажет. Кәсіби тұрғыдан ойлай білетін, жауапкершілігі мол, кез-келген жаңа форматты оқытушы бола алады.

Оқытушы – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана оқытушы. Бүгінгі шәкірттеріміз елімізді әлемге танытатын, оны өркендететін тұлға болғандықтан, жан-жақты тәрбие беріп, білім нәрімен сусындатып отыратын оқытушы. Ол білімгерлерге тек білім беруші ғана емес, бәсекеге қабілетті білімді де білікті жеке тұлға қалыптастырушы. Білім беру мазмұны – өте күрделі процесс. Білім беру мазмұны дегеніміз – жеке тұлға құрастырудағы адам баласының іс-әрекет, тәсілдері меңгеруі мен жүйелі білім алуы, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру, ақыл-ой мен сезімін дамыту, таным арқылы көзқарасын құрастыру болып табылады. Қазіргі заманауи білім беруде әр оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуда. Өйткені, мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Технология – бұл қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы деген ұғымды білдіреді [2].

Жаңа технологиялардың мақсаты мен тиімділігі:

- шығармашылықпен жұмыс істей алатын жеке тұлға қалыптастыру;
- демократиялық білім беру;
- білім берудің ұлттық үлгісін қалыптастыру;
- білім сапасын көтеру;
- өзін бағалай білу және өзгелердің ой-пікірімен санасуға, құрметтеуге басқаны баулу;
- әр білімгер өз мүмкіндігінше дамиды;
- жауапкершілігі, қызығушылығы артады;
- пікір айтуға, жаңаша ойлауға жағдай туғызады;

«Мен шәкірттерімді ешқашан да үйретпеймін; мен тек олардың үйренуіне тиімді жағдайлар жасауға тырысамын», - деп ұлы ғалым А.Эйнштейн айтқандай интербелсенді оқыту іскерлік пен ынтымақтастықты, білімгерлердің мүдделері мен қызығушылығын, өзара сыйласымдылығын, бірлескен іс-әрекеттерге негізделеді. Сондықтан интербелсенді әдістердің мақсаты мен шарттарын үнемі қадағалау міндетті:

1. Жағымды психологиялық орта орнату;
2. Білімді игеруге деген қызығушылықты (мотивация, ынта, ұмтылыс) тудыру;
3. Білім игеруде үйренушілерді сәттілікке бағыттау;
4. Білім игеру процесін коммуникативтік процесс деп түсініп, бірлескен әрекеттерді

қолдану.

Қазіргі таңда білім сапасын жоғарылатуда оқытушының алдына мынадай міндеттер қойылған:

- Оқытудың жаңа технологиясын пайдалан отырып, білімгердердің жеке басының дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасау;
- Оқытушылардың біліктіліктерін жетілдіру, алған білімдерін оқу-тәрбие жұмыстарында шығармашылық шеберлікпен қолдану, кәсіби деңгейін жоғарылату;
- Интерактивті әдісті пайдалану арқылы білімгерлердің белсенділігін арттыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту, құзіретті тұлғаны қалыптастыру.
- Білімгерге сапалы білім беру үшін оқытушы жұмысының мазмұны мен технологиясын мониторинг арқылы жаңарту;
- Шығармашыл оқытушыларға және авторлық бағдарламасы бар оқытушыларға қолдау көрсету.

Қазір жоғарғы оқу орындарында оқыту технологияларының жекелеген элементтерін сабақта қолдануда көптеген жұмыстар жүргізілуде [3].

Жалпы оқытушылардың алдындағы басты міндет – білімгерге сапалы білім беру. Осы негізде әр оқытушы оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін өз сабағында қолдануға тырысады. Сол әдіс – тәсіл арқылы білімгердің сабаққа деген қызығушылығын, шығармашылық ізденісін, пәнге деген сүйіспеншілігін қалыптастырады.

Заманауи басты міндеттердің бірі – Жоғарғы оқу орындардағы білім сапасын жоғарылату. Осыған орай, оқыту үрдісінде жаңа инновациялық технологияларды орынды қолданау талап етіледі.

Осы негізде оқытудың түрлі технологиялары жасалып, тәжірибеге енгізілуде. Педагогикалық технологияға алғаш анықтама берген ғалымның бірі–В.П. Беспалько. Орыс ғалымы В.П. Беспалько «Педагогикалық технологияны – практикада іске асатын нақты педагогикалық жүйе, жоба», - деп көрсеткен.

Бұл педагогикалық жүйе тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, мақсатты, бір-бірімен өзара тығыз байланыстағы әдіс-тәсіл деп қарастырады. Осылайша педагогикалық технологияға әртүрлі ғалымдар анықтама береді. Осы анықтамалардың бәрінде педагогикалық технологияны тиімді қолдану барысында біздер, оқытушылар келешек ұрпақтың еркін дамуы, жан-жақты білім алуын, шығармашыл, білімгердің жеке тұлға болып қалыптасуына жағдай жасаймыз, әрине білім сапасын жоғарылатуда бірден-бір ықпал бар демекпін. В.Ф. Шаталовтың «Тірек белгілері арқылы оқыту технологиясын» білімгердің білім, білік, дағдыны қалыптастыру барысында қолданамыз. Әр білімгердің өз жазбасының жариялылығын, түзете отырып, өсуге жағдай жасаймыз. Ақын-жазушылардың шығармашылық жолын, өмірбаян оқыту барысында оқушылар бұл технология элементтерін кеңінен қолданады. Сызба, тірек белгілері арқылы өз жобасын жасайды.

«Оқытудың төл технологиясы» саналатын Нұрша Оразханованың сатылай кешенді талдау технологиясы шет тілі сабағында тиімді қолдануға тырысамыз. Сатылау кешенді талдау арқылы білім алушының ізденушілік, зерттеушілік әрекетін қалыптастырып, одан әрі ізденуге жетелейміз. Фонетикалық талдау, сөйлем мүшесіне талдау, шығарманы кешенді талдау барысында бұл технологияның орны ерекше. Талдау жұмыстарын жүргізу барысында қызығушылық танытып, шетел тіліне деген сүйіспеншіліктері одан әрі арта түседі, білімі тұрақтанады.

Үш деңгейден тұратын оқу мен үйретудің моделі бар. Алған білімінің пайдаға асуы, келешекте қажетке жарауын қалыптастырады.

Бірнеше ақпаратты талдай, жинақтай отырып ішінен қажеттісін алуға үйретеді. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы қызығушылықты оятып, мағынаны танып, ой толғаныс кезеңдерінде барлығын саралап, салмақтайды. Ондағы ой шақыру, топтастыру, ой толғау, зерттеу, еркін жауап, Джиксо, Сэккуэй әдістері оқушылар білімін байқауда өте тиімді. Жоғарғы сынып оқушылары мен колледж студенттері өз бетімен оқу дағдыларын игеруге бейім, өзіндік көзқарасқа ие. Осы орайда шетел тілі сабақтарында «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту», «Деңгейлеп саралап оқыту технологиясын», «Дамыта оқыту технологиясын» қолданамыз [4].

Еліміздің білім беру жүйесінде қолданылып жүрген әр технологияның нәтежиесі – оқушының сапалы білім алуы мен шығармашылық деңгейінің жоғарлылығымен өлшенуі тиіс. Алдымызда тұрған басты талаптың бірі – рухани дүниесі бай, жан-жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеу. Шығармашылық қасиет әр баланың табиғатында бар. Біздің міндетіміз оқушы бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерді ашу. Шығармашыл оқытушының шығармашылығымен орындалған жұмыс нәтежиесінде білімгер ішкі мүмкіндіктерін дамытады. «Бұлақ көрсең көзін аш» демекші, баланың қабілеті мен талантын дамытуды неғұрлым ертерек бастаса, соғұрлым оның қабілеті толық ашылуы мүмкін. Бұл жұмыстардың нәтежиелі жүргізілуі оқытушыға байланысты. Осы орайда сабақта жүргізілетін жұмыстар.

1. Дидактикалық әдіс-тәсілдер қолдану
 - СТО;
 - Модульдік технология;
 - Проблемалық оқыту;
 - Дидактикалық ойын түрлері;
2. Ақпараттық коммуникациялық құрылғыларды қолдану
 - Интернет;
 - Интерактивті тақта;
 - Электрондық оқулық;
3. Тереңдетіп оқыту
 - Үйірме;
 - Арнайы курс;
 - Бағдарлы оқыту;

Сонымен қатар, төмендегідей сабақтан тыс жұмыстар жүргізіледі.

1. Жеке тұлғалармен жұмыс
 - Пәндік олимпиадаға қатысу;
 - Интеллектуалды марафонға қатысу;
 - Ғылыми жобалар байқауы;
 - Әр түрлі даңгейдегі байқаулар, сайыстар.
2. Топпен жұмыс
 - Әдеби кештер;
 - Конференция;
 - Сайстар;
 - Байқаулар;
 - Дебат.

Білім сапасын көтеру, компьютерлендіру, интернет, электрондық оқулықтар даярлаудың білімгердің қазіргі заман талабына сай білім алуына, білім сапасын көтеруге тигізетін әсері мол. Бұндай ақпараттандырумен берілетін білім мазмұнының өзгерері сөзсіз. Қазіргі таңда әр оқушы компьютерлік технология арқылы интернет, электронды желі, электронды пошта арқылы дүниежүзілік білім әлеміне еніп, онда өзінің қажетін өтейтін білімді толығымен алуға, қажетті ақпараттық мәліметтерді, ғылым саласына байланысты озық тәжірибелерді, осы мәселенің шет мемлекеттердегі жағдайымен танысуға мүмкіндік алып отыр деп айтуға болады [5].

Жаңа инновациялық технологияны оқу үрдісіне пайдалану, білім сапасының деңгейін көтеру, күнделікті тұрмысқа ауқымды енуінің нәтежиесінде электронды оқыту туындап отыр. Электронды оқыту интерактивті жүйе жеке компьютер мен бүгінгі талапқа сай құрылғыларымен толық жабдықталуының (интернет, интерактивті тақат, мультимедиялық кабинеттер, бейнемагнитофон, дискілер, теледидар кешендері) нәтежиесінде қол жеткізуге болады [6].

Бүгінгі күні барлық білім ордаланыда интерактивті тақталар орнатылған. Интерактивті тақталар-бейнеконференциялар, мектепаралық бірлескен сабақ өткізу үшін пайдаланатын ерекше жүйе. Интерактивті тақталар арқылы пәндік көрнекі құралдарды

бейнематериалдар арқылы көрсетуге болады, оны қолдану арқасында өте көп уақыт үнемдеуге болады. Материалды ұғыныңқы, толымды етіп түсіндіру, бірден жауап алу, қате жауапты табан астында анықтау мүмкіншілігі – бұл жүйенің басты артықшылығы.

Бүгінгі ұрпақтың жылдар жылжып өткен кезде қандай болатыны тікелей оқытушыға байланысты. Сондықтан да билік- қоғам мұғалім үш бұрышты ырғақты, түсіністікпен жұмыс істеп, жалпыұлттық мүддеге қызмет етуі тиіс. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстанның оқытушысы жан-жақты, терең білімді тұлға болуы керек.

К.Д. Ушинский оқушыларды сабаққа тарта білу, оларды сабаққа қызығушылығын арттырып, білімге құрату керектігін баса көңіл бөлген. Білімгерлердің қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан әр сабақта бұрыннан белгілі әдіс-тәсілдерді қайталай бермей, инновациялық технологияларды пайдалану қажет.

Бүгінгі жас ұрпақ тек белгілі бір білімдердің иесі болып қана қоймай, сонымен бірге, ең бастысы, қоғам мүшесі және өз Отанының азаматы болуы тиіс. Сондықтан да Қазіргі білім беру жүйесін жаңа инновациялық технологияларды қолдана отырып, жаңа сапалық деңгейге көтеру – отандық педагогиканың алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Өзін- өзі тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға, өзін-өзі дамытуға, жеке қоғамдық мүдделерді үйлестіре білетін жан-жақты мәдениетті, шығармашыл, құзіретті тұлғаны қалыптастыруда білім беру стандарттарына сәйкес келетін білім берудің жоғарғы сапасын қамтамасыз ету ұстаздарға тікелей байланысты дегім келеді. Білім сапасын жоғарылату – адами капиталды молайтудың шешуші факторы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы дамыған мемлекеттің жаңа саяси бағыты» - Қазақстан халқына Жолдауы -Егемен Қазақстан, 2012 жыл 17 қаңтар.
2. Назарбаев Н.Ә. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына /Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінде оқыған лекция-Егемен Қазақстан, 2006, 27 мамыр.
3. В.С.Кукушкин. Педагогикалық технологиялар. Алматы. 2002.
4. Таубаева Ш.Т. ,Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововедений в системе образования. Алматы, «Ғылым», 2001. «Қазақстан мектебі» // 2010 жыл.
5. Қисымова Ә.Қ.Оқыту технологиялары – Алматы, 2007 ж.
6. Абдуллина Г.Интерактивті оқыту таным белсенділігінің қазіргі бағыты-Ұлт тағылымы, 2009,№2,176.

ӘӨЖ: 37.035.6 (574)

Баймуқанова Т.М., Пазылбек К. Б.

Е. А. Бөкетов атындағы Қарғанды мемлекеттік университеті

ЖАСТАРДЫҢ БОЙЫНДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ ДАМУ

Сөзді Елбасымыз Н. А. Назарбаев сөзінен бастағым келеді «Әрбір адам біздің мемлекетімізге, оның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің проблемалары да, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс. Әрбір адам бала кезінен Қазақстан – менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн»

Патриотизм - [грек, patris - отан, атамекен] - өзінің жеке және топтық мүдделерін жалпы елдің мүдделеріне бағындыратын, оған адал қызмет етіп, өз Отанын қорғауды мақсат тұтатын, Атамекеніне деген терең сүйіспеншілік сезімі.

Патриотизм – отбасына, туып-өскен ортасына, топырағы мен табиғатына, еліне деген құрметтен бастау алады. Өз ұлтын, жерін сүйіп, оның мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын адам ғана шынайы патриот бола алады. Оны зорлықпен, нұсқаумен жүргізу мүмкін емес [1].

Студент жастар қоғамның әлеуметтік құрылымында ерекше орын алатының ескере отырып Президентіміз Н. А. Назарбаев Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуына қатысты жақында жазылған Бағдарламалық тапсырмалық мақаласында ерекше ескерте келіп «Мен жас ұрпақтың ел болашағы үшін маңызын атап көрсетіп келдім және атап көрсете беремін. Мемлекет әрбір жас адамның өз еліне міндетті түрде қажет болуы үшін бәрін де жасайды»

Дәл бүгінгі шақта көтеріліп отырған маңызды мәселелер қатарында жастарды патриоттық сезімге баулып өсіру өзекті саналады. Қазақстанның кез келген азаматын отансүйгіштік, патриоттық рухта тәрбиелеудің орны бұрын да бөлекше болған, бүгін де маңызын жойған емес. Кез келген елдің дамуы саналы азаматтар қатарының көбеюімен де байланысты. Себебі болашақ – қазақ жастарының қолында.

Қазақстан тарихы мектептерде, орта арнаулы және жоғары білім беру мекемелерінде оқытылуда, тарихтың жарқын беттері бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихатталуда, қаһармандарымыздың есімдері ұлықталып, олардың аттары елді мекендерге, көшелерге, мектептерге, түрлі мекемелерге берілуде.

Алайда тарихтың ақтандақтарын оқып-үйрену жеткіліксіз, түрлі тарихи және ғылыми теориялардың арасындағы келіспеушіліктер мен айырмашылықтар, жастардың төл тарихына деген қызығушылығының айтарлықтай аз болуы, өзге, әсіресе батыстық идеология мен теориялардың басымдық ықпалы бұған көп кедергі жасауда. Көп ретте жастардың бұқаралық, тіпті кейде арзан мәдениетке елтіп, этномәдени, дәстүрлі, ұлттық бастаулардан алыстап кетуі, өкінішке қарай, қалыпты және кеңінен тараған үрдіске айналды [2].

Одан шығудың басты жолы қазіргі білім беру мекемелерінде этномәдени білім мен тәрбие беруге ерекше көңіл бөлу.

Жастардың бойында патриотизмді дамытатын ортаның бірі – ол жоғарғы оқу орындары

- ЖОО мұғалімдер студенттерге сыртқы білімді ғана бермей (теория, практика және т.б.), сонымен қатар ішкі білімді (рухани-адамгершілік, патриотизм туралы білім т.б.) берсе;

- Патриотизмге шақыратын іс-шаралар өткізілсе;

- Патриоттық сезімді оятатын конкурс-концерттер өткізілсе;

- ЖОО патриотизмге қатысты әлеуметтік видеолар, патриоттық би-әндерді араластырып флешмобтар өткізілсе;

- Ер-азаматтарымызға әскери борышты өтеу міндеті туралы насихаттар жоғары түрде өткізілсе;

- Өз Отаның сүйюге шақыратын лекциялар өткізілсе;

жастардың бойында Елге деген махаббат ашылары анық. [3]

Бұл тұрғыда алғанда, Республикамыздың оқу-тәрбие мекемелерінде белгілі деңгейде әр түрлі шаралар жүргізілуде. Мәселен, біздің Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде “ҚР Тәуелсіздіктің 25-жылдығына арналған патриоттық әндерге қойылым жасау” атты іс-шара жүргізілуде. Бұл іс-шараның басты мақсаты Туған Елге деген сүйіспеншілік сезімімен Елім деген мақтан тұтарлық сезімдерді ояту.

Факультетімізде өткізілген «Мен армандаған Отбасы» атты іс-шара жастардың бойында отбасылық, жұбайылық өмірге дайындаудың әлеуметтік маңызы бар мәселе екені мәлім.

Сонымен қатар, Тәуелсіздіктің 25-жылдығына арналған «брейн ринг» өткізілді. Жоғарыда аталған барлық іс-шаралардың мақсаты жастардың бойында патриоттық сезімді қалыптастырудың бір көрінісі іспетті.

Осылай, Мемлекетіміздің әрбір жоғарғы оқу орындарында жастарды патриоттық сезімге баулитың іс-шаралар өткізілсе, Қазақтан жастарының бойында Елге деген мәртебе өсер.

Қорыта келгенде, келешекте ел тізгінін қолға алатын жастардың барынша білімді, жан-жақты, білікті болуы қаншалықты маңызды болса, олардың Отанына деген сүйіспеншілігінің мол болуы басты қажеттілік болса керек. Өйткені, елін, жерін сүймеген азамат Отанына адал қызмет ете алатыны күмән тудырады. Ұлтының патриоты болған адам ана тіліне бей-жай қарай алмайды. Тілін, елін құрметтеп өтеді. Сондықтан да, еліміздің әрбір азаматы Туған елін құрмет тұтып, сүйіспеншілігін іс жүзінде көрсетке, Өз Отаның сүйетін патриот болса, келешек ұрпақ Қазақ жерін сақтап қалатыны анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Патриотизм - қоғамды біріктіруші факторлардың бірі. / Ж Қажым. - Электрон. текстовые дан. // Саясат. - 2007.
2. Патриотизм личности в условиях глобальных социальных отношений: качественно новые аспекты его содержания. / Т Калдыбаева. - Электрон. текстовые дан. // Саясат. - 2007.
3. Қазақстандық патриотизмді дамутудың кейбір теориялық мәселелері / М. Н. Маяузов. - Электрон. текстовые дан. // Саясат. - 2007.

УДК:16.31.51;14.35.09

Нурсейтова А.К.

Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова

ИЗ ИСТОРИИ РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

В эпоху капитализма возникали различные уточнённые концепции эксплуатации угнетённых народов, подавления их национальных культур и языков; выдвигались требования об уничтожении так называемых «примитивных» языков и культур национальных меньшинств.

Так, в своё время оренбургский генерал – губернатор предлагал в открывающихся школах обучать детей – казахов на русском языке, игнорируя их родной язык, что вызвало отрицательное отношение видного деятеля Н.И.Ильминского, который ратовал за организацию русско-казахских школ. И в своём «Самоучителе русского языка для киргизов»- первом учебном пособии на казахском языке – Н.И.Ильминский придерживался принципа сравнения русского языка с казахским в процессе обучения, т.е. опоры на родной язык обучаемых. Реализации этого принципа служил материал о быте и обычаях казахов.

Как отмечал И.Алтынсарин, в «Самоучителе» «порядок постепенного учения детей русскому языку изложен превосходно»[1, 329].

Этого же принципа придерживался и сам И.Алтынсарин в своём «Начальном руководстве к обучению киргизов русскому языку», отличающемся последовательностью и систематичностью изложения учебного материала. Он подчёркивал во вступлении, что «для киргизских детей прежде, нежели они приступят к чтению русских книг с объяснением прочитанного, необходима некоторая систематическая подготовка к пониманию как отдельных слов, так и основных грамматических правил»[2, 228]. Правила эти излагал Алтынсарин по-казахски, считая, что тот, кто учит детей-казахов русскому, должен знать их родной язык. А в «Киргизской хрестоматии», призванной «служить читательной книгой для киргизских детей», он стремился представить материал, понятный для всякого возраста, занимательный и удобный для лёгких переводов, и сделать эту учебную книгу «согласной с народным духом».

Лучший педагогический опыт своего времени отразили учебники многих деятелей народного просвещения конца XIX - начала XX века, занимавшихся проблемами преподавания русского языка в русско-казахских школах. Многие из них придерживались идеи развития гармоничного двуязычия.

Положительное значение детского двуязычия в плане раннего понимания и осознания равноценности других языков и культур, преодоления национальной замкнутости прекрасно понимали многие деятели народного образования, оставившие заметный след в методической науке Казахстана: И. Алтынсарин, Н. И. Ильминский, В. В. Катаринский, А. В. Васильев, А. Е. Алекторов, Н.А. Бобровников.

Е.Н. Нұрахметов “Тіл – мәдениеттің тарихын, салт-дәстүрін сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа беру арқылы белгілі бір ұлтты құрайтын ең негізгі және ең күшті қару” деген ойымен тілдің мәдениеттегі орнын анықтап берсе, Құнанбаева С.С. тілді жалпы адамзат мәдениетінің трансляторы ретінде қарастырады. Яғни тілді оқытуда тілдің мәдени танымдық және когнитивтік-коммуникативтік қызметтеріне баса назар аудару қажет. Ғалым пікірінше, “Қазіргі кезеңде көптеген ғылыми еңбектерде мәдениетаралық қарым-қатынастың аспектілері ретінде «тіл-сана-мәдениет» қарастырылуда. [1]

Қазіргі қоғам өмірінде болып жатқан саяси-әлеуметтік және экономикалық өзгерістердің еліміздің білім беру жүйесіне де ықпалы үлкен. Мемлекетіміздің халықаралық байланыстары барған сайын күшейе түсіп, еліміздің қай саласында болмасын шет елдермен қарым-қатынас орнаған. Бұл қарым-қатынасты нығайтып, жандандыра түсу үшін шетел тілін жете меңгерудің маңызы зор.

Қазақ елінің тәуелсіздігін алып, басқа елдермен саяси, экономикалық және мәдени байланысқа түсуі ағылшын тілін оқытудың маңыздылығын көрсетіп, оның мақсатын анықтап берді. Басқа тілді қоғамда, мәдениетте өз орнын таба білу үшін сол елдің тілін ғана меңгеру аз, сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетін де меңгеру керек. Жаңа әлеуметтік мәдени кеңістіктің пайда болуы білім беру жүйесінің алдына халықаралық мәдени-кәсіптік қарым-қатынастарды жүзеге асыра алатын, яғни мәдениетаралық құзыретті мамандар даярлауды мақсат етіп қоюда.

Ағылшын тілі мұғалімі ағылшын тілін меңгерумен қатар, сол тілде сөйлейтін халықтардың мәдениетін білуі тиіс, сол халықтардың мәдениетін жетік біле тұра ағылшын тілі мұғалімі ағылшын тілін оқыта біледі, ағылшын тілінде сөйлете біледі және ағылшын тілінде сөйлейтін халықтардың сөйлеу мәдениетімен қатар салт дәстүрлерін, әдет ғұрыптарын оқыта біледі.

Қазіргі кезде коммуникативті тәсілмен тығыз өзара байланыста арнайы мақсаттар үшін шетел тілін оқытуға мәдениетаралық тәсіл дамуда, немесе солай аталатын лингвистика саласындағы білімнің мәдениетаралық парадигмасы. Оның компетенттік тәсілмен үйлесуі лингводидактикада оның басқа лингвомәдени қауымына тиістілігін саналық және есепке алу негізінде коммуникация бойынша басқа тілді серіктеспен сөйлеу қатысымын құру қабілеттілігі ретінде түсіндірілетін мәдениетаралық құзыреттілік ұғымының пайда болуына алып келді.

Көптеген шетел, орыс және өзіміздің отандық ғалымдарымыз «мәдениетаралық қарым-қатынас» ұғымын зерттеумен айналысып келеді және әр ғалым бұл ұғымға әр қырынан өзінің анықтамаларын беруде. Ғалым С.С. Құнанбаеваның пайымдауынша, «Мәдениетаралық қарым-қатынастың соңғы нәтижесі – мәдениетаралық қатысым субъектісін қалыптастыру» дейді [3, 86 б.].

Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі ұрпақтың байлығы мен мәдениетіне саналы, ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлігі мен кәсіби шеберлігіне, кәсіби құзырлылығына да байланысты екенін естен шығармауымыз қажет.

«Құзыреттілік» ұғымы бүгінгі күні оқыту үрдісінде білімді қолданудың ақырғы нәтижесі ретінде қарастырылуда. Оқыту үрдісінде «құзыреттілік» ұғымы білім алушылардың білімі мен тәжірибесін, дағдылары мен біліктерін белгілі бір мәселені шешуде қолдануы. Оқыту үрдісіндегі құзырлылықтарға ғалымдар әртүрлі анықтамалар берген.

Ғалымдардың пікірлерін басшылыққа ала отырып, біз «құзырлылық» ұғымына – білім алушылардың жеке тұлғалық психологиялық ерекшеліктеріне байланысты меңгерген білімдерін, дағдылары мен біліктерін, танымдық және тәжірибелік іскерлігін өмірде дұрыс қолдануы деген анықтама бере аламыз.

«Мәдениетаралық құзыреттілік» ұғымына келетін болсақ, ол - мәдениетаралық қарым-қатынас үрдісінде жеке тұлғаларға қарым-қатынастық жағдайдың әсерін бағалауға, вербальді және вербальді емес құралдарды тиімді пайдалануға, коммуникативті ниеттерді іс жүзінде жүзеге асыруға және кері байланыс арқылы байланыс нәтижелерін тексеруге мүмкіндік беретін білім мен дағдылар жиынтығын айтамыз.

Мәдениетаралық қарым-қатынас пен мәдениетаралық құзыреттілік мәселелері көптеген шетел, орыс және отандық ғалымдардың зерттеу объектісіне айналған. Мәдениетаралық оқытудың ұйымдастыру мәселелері, мазмұны мен формалары, әдістері мен технологиялары М. Бирам, А. Томас, А.Шмидт, Д. Деардорф, Н. Дэвис, И.И. Халеева, С.Г. Тер-Минасова, Н.М. Громова, Н.Д. Гальскова, А.П. Садохин, Н.Ф. Коряковцева, Д.Б. Гудков, Ю. Рот және Г. Коптельцева, В.П. Фурманова, Р.Д. Льюис, А.А. Леонтьев, И.А. Зимняя, С.С. Құнанбаева, Г.М.Касымованың зерттеулерінде қарастырылған.

Біздің мақаламыздың қарастыратын мәселесіне келетін болсақ, ежелден келе жатқан шығыс ойшылдарының еңбектерінде де адамның тек жеке тұлға болып қалыптасуына ғана емес, оның рухани адамгершілік құндылықтарын дамытып жетілдіру мәселесіне, сонымен қатар адам мен адамның арасындағы қарым қатынас, мәдениетаралық қарым қатынас мәселелерін қозғап, жазылған бірнеше еңбектер бар, соның ішінде Отырар (Фараб) ойшылдарының ең атақтысы, топ жарғаны «Шығыстың Аристотелі» атанған ұлы ғұлама Әбунасыр әл-Фараби.[2]

Әл-Фараби логика, әуен (музыка), астрономия, педагогика және басқа да ғылымдар бойынша көптеген еңбектер жазған. Ибн Хаукаль өз еңбегінде әл Фараби жайлы: «Ол - аса ірі мұсылман философтарының бірі. Олардың ешқайсысы да оның деңгейіне жеткен жоқ. Әбу әли ибн Сина да (980 – 1037 жылдары) өзінің шығармаларын жазу үстінде оның еңбектерін пайдаланғанын, сол арқылы мәшһүрлікке қолы жеткенін еске алады», деген.

Әл-Фараби өздігінен оқып-жетілген ғалым. Әл-Фараби педагогика, психология, эстетика мен акустика, астрономия мәселелерін де терең зерттеп, мәдениет пен ғылымға жемісті үлес қосқан. Сондай-ақ ол парасаттылық пен ағартушылықты жақтаған үлкен гуманист. Әбунасыр - халықтарды бейбіт өмір сүруге, достыққа шақыра отырып, адам баласының білім мен парасатты ойын терең бағалаған кеменгер. Әбунасыр метофизика, тіл білімі, логика, география, этика, т.б. ғылым салаларын қамтитын жүз елуге тарта трактаттар жазып қалдырыпты.

Өзінің еңбектерінде әл-Фараби адамның мәдениетаралық құзыреттілігін дамыту мәселесін қозғаған, яғни басқа ұлт өкілдерімен тілдесе білу іскерлігін қалыптастыруға, мәдени білімінің кеңеюіне, интеллектісінің дамуына, үйреніп жатқан тілінің әлем мәдениетінде алатын орнын түсінуге және сол тілде қатысым арқылы сөйлеу ерекшеліктерін қалыптастыруға баса назар аудару қажет екенін түсіндіреді.

Ғұлама әл-Фараби мінсіз адам идеясының астарында айтылатын он екі қасиет нағыз мәдениетті тұлғаның болмысын айғақтайтын сапалар екендігін сипаттайды. Олар: адамның мүшелері мүлде мінсіз болуға тиіс, айтылған сөзді ұғып алатын алғыр болуы, өзі түсінген, көрген және аңғарған нәрселерді жадында жақсы сақтайтын және ұмытпайтын болуы, алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі болуы, өткір сөз иесі болып, өнер білімге құштар болуы, шындық пен шыншыл болуы, батыл ержүрек болуы керектігін атап көрсеткен еді. Бүгінде «Өз бойына туа біткен табиғи қасиеттің он екісін біріктірген адам ғана мінсіз адам аталады», деген ұлы ғұламаның тұлғаға берген сипаттамасы бүгінгі мәдениетаралық құзыретті тұлғаның моделін айқындайтын сапалар деп қабылдауға болады.

XI қасырдағы аса көрнекті ғалымдардың бірі - Жүсіп Баласағұни ғылымның табиғаттану, математика, астрономия, тарих, араб, парсы тіл білімі сияқты салаларымен де айналысқан. Жүсіп Баласағұни, аты-жөніне қарағанда, Қарахандар мемлекетінің көрнекті қаласы және астанасы болған Баласағұн қаласында дүниеге келген. Атақты дастанын «Құдатғу білік» (Құтты білік) Баласағұн қаласында бастап, Қарахандар мемлекетінің шығыс бөлігінің астанасы Қашқарда аяқтаған. Ол өзінің еңбегінде: «Арабша, тәжікше кітаптар көп, ал бұл - біздің тіліміздегі тұңғыш даналық жинағы», - деп, түркі тіліндегі кітаптардың жоқтығын айтады. Бұл кітап ел арасында тез тарап, авторы тірі кезінде ақ абыройлы атаққа ие болған. «Құдатғу білік» орта ғасырлар ескерткіштерінің ең көлемдісі және көркемдігі жағынан зерттеушілерін таң қалдырған әдеби көркем туынды. Орталық Азия мен Қазақстан жерін мекендеген түркілер мәдениетінің жарық жұлдызы деп атарлық әдеби мұра. [2]

Өзінің осы еңбегінде түркі тілдес халықтардың тарихы мен қоғамдық-саяси өмірі, әдет-ғұрпы, наным-сенімдері туралы мағлұматтар бере отырып, адам баласының жеке тұлға болып қалыптасуына, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға, соның ішінде мәдениетаралық қарым-қатынас құзыреттілігін қалыптастыруға көп көңіл бөлді.

Махмұд Қашқари - түркі халқының XI ғасырда өмір сүрген аса дарынды перзенттерінің бірі. Ол Жүсіптің замандасы. Бүгінгі дейін ғалымның туған жылы белгісіз, ғалымдар оның атақты шығармасы «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі сөздерінің жинағы») 1072 немесе 1078 жылдары жазылған деп шамалап жүр. Бұл «жинақ» «орта ғасырлардағы түркі тілдес халықтардың энциклопедиясы» деп атауға тұратын шығарма, сол кездегі тайпалар туралы нақты материалдан құрастырылған үш томдық әйгілі еңбек. Қашқаридың бұл еңбегі аталған жерлердегі халықтардың мәдени және рухани байланыстарын анықтауға мүмкіндік береді. [2]

А.Н.Кононовтың сөзімен айтқанда: «Түркі тілдерінің сөздігі» - XI ғасырдың түркілердің өмірі, олардың материалдық мәдениеті, бұйымдары, тұрмыс жайлары, этнонимдері мен топонимдері, қызмет адамдарының дәрежесі. Тағам, сусын түрлері, үй жануарлары мен аумағындағы жабайы аң құстар, мал шаруашылығы, өсімдік дақылдары, астрономия терминдері туралы, күнтізбелер, ай, апта, күн аттары, ауру түрлері, дәрі атаулары, анатомиялық терминология, минералдар мен материалдар туралы, әскери, спорт және әкімшілік терминологиясы, түрлі тарихи және мифтік қаһармандардың есімдері, діни және этностық терминология туралы, балалар ойындары мен ермектері және адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті туралы бірден-бір деректеме болып табылады». [3]

Сөзімізді қорытындылайтын болсақ, ежелден келе жатқан шығыс ойшылдарының еңбектері адамның тек жеке тұлға болып қалыптасуына ғана емес, оның рухани адамгершілік құндылықтарын дамытып жетілдіру мәселесіне, сонымен қатар адам мен адамның арасындағы қарым-қатынас, мәдениетаралық қарым-қатынас мәселелеріне арналған. Аталған ұлы шығыс ғұламаларының еңбектері болашақ мамандардың сабыр мен төзімділіктің, байсалдылық пен ұстамдылық сияқты жоғары мәдениеттіліктің көрсеткіштерін ғана емес, сонымен қатар болашақ мамандардың мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруға да бағытталғандығын аңғарамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құнанбаева С.С. Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы. – Алматы: 2010. – 324 б.
2. Сарбасова Қ.А. Қазіргі қазақ педагогика ғылымындағы әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқаридің тәлім-тәрбиелік идеялары. П.ғ.д. автореф. Қарағанды, 2008. 40 бет
3. Кононов А. Н. История изучения тюркских языков в России. Л., 1972.

УДК 801.3

Есимбекова К.Т.

Семей қаласындағы физика-математикалық бағыттағы «Назарбаев Зияткерлік мектебі»

СӨЗДЕРДІҢ АУЫСПАЛЫ МАҒЫНАДА ҚОЛДАНЫЛУЫ ЖӘНЕ ТРОПТАРДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАРЫ

Сөздерді тура мағынасынан бұрмалап, бейнелеп қолдануды әдеби тілде ауыстыру (троп) деп атайды. Тілдің стильдік мүмкіндігі жалпы халық шаруашылығының, халықтың заттық және рухан мәдениетінің даму дәрежесіне сәйкес бірте-бірте жетіле түседі, кеңейіп отырады. Сөздің түрлі ауыспалы мағыналары белгілі бір стильдік қажетке байланысты, сөздің негізгі (тура) мағынасынан келіп шығады. Ауыспалы мағына екі түрлі: бірі-жалпы халықтық стильде, екіншісі- оған керісінше, яғни белгілі бір автордың сөз қолдануында жалғыз-ақ рет не өте сирек кездесетін ауыс мағынада келеді. Ол әдетте контекстік ауыс

мағына деп аталады. Сөздің тура, ауыспалы және контекстік мағыналарын төмендегі мысалдардан анық көруге болады: Күйме алыстап барып, сар көделі белден аса берді (М.Әуезов). Ұзақ кешкен тірлікте қай белдің астында жүрсем де, артымда отырған бір бел - өзің едің (М.Әуезов). Қазір бетпақдаланың ойы мен қыры көкпеңбек бояқтай (Ә.Көшімов). Қыр жолаушысы сияктанған саптамасы бар. (М.Әуезов). Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма ... Тәтті ауыздан дәм кетпей (А.Құнанбаев). Осы үзіндідегі бел, қыр, тәтті есімдері өздерінің тура мағынасында да, сондай-ақ ауыс мәнде де жұмсалған.

Сөздердің ауыс мәнде қолданылу тәсілдерінің ішіндегі ең маңыздысы –метафора. Белгілі бір зат не құбылыс атауы басқа бір зат не құбылыстың түрі,тұлғасы, кимыл-әрекет ұқсастықтарына қарай ауысып аталу тәсілін метафора деп атайды. Грек тілінен аударғанда метафора «metaphora» -ауысу деген мағынаны білдіреді.

Ағылшын тілінде метафораға мынадай анықтама беріледі: Metaphor is defined as the substitution of one idea or object with another, used to assist expression or understanding. The definition of metaphor is generally divided into “living” and “dead” metaphors, which refer to metaphors which are still considered “novel” versus those which have been incorporated into normal usage. The dividing line between these two is very hazy, and may depend on the culture, language, region, dialect or jargon it is found in. The term “metaphor” meant in Greek “carry something across” or “transfer”, which suggests many of the more elaborate definitions below:

1. Metaphor is a comparison between two things, based on resemblance or similarity, without using “like” or “as”
2. Metaphor is the act of giving a thing a name that belongs to something else;
3. Metaphor is the transferring of things and words from their proper signification to an improper similitude for the sake of beauty, necessity, polish, or emphasis.
4. Metaphor is a device for seeing something in terms of something else
5. Metaphor is understanding and experiencing one thing in terms of another.
6. Metaphor is a simile contracted to its smallest dimensions.

А.Ричардс өзінің 1936 жылы жарық көрген “The Philosophy of Rhetoric” атты еңбегінде метафораға төмендегідей анықтама береді: Metaphor is in two parts: the tenor and the vehicle. The tenor is the subject to which attributes are ascribed. The vehicle is the subject whose attributes are borrowed. Мысалы: All the world’s stage, And all the men women merely players; they have their exits and their entrances; (W. Shakespeare.As you like it).

Бұл метафоралық мысалда world(әлем) сөзі stage (сахна) сөзімен салыстырылып бейнеленеді. Ұлы ойшыл Аристотель өзінің Poetics еңбегінде метафораға төмендегідей анықтама береді:Metaphor is the application of a strange term either transferred from the genus and applied to the species or from the species and applied to the genus, or from one species to another or else by analogy.

Тарихи ономазиология немесе тарихи лингвистика тұрғысынан метафораға келесі анықтама беріледі: Metaphor is a semantic change based on similarity, i.e. a similarity in form or function between the original concept named by a word and the target concept named by this word. Mouse- small, gray rodent / mouse- mouse –shaped computer device.

Метафора тәсілі негізінде ұқсату заңына жатады. Метафора қазақ тілінде де өте көптеп кездеседі. Мысалы, *иненің көзі, бұлақтың көзі, істің көзі, күн көзі* дегендегі **көз** сөздері адам не жануардың көру мүшесі –көзге ұқсату арқылы аталған ауыспалы мағынадағы сөздер. Метафоралық тәсіл арқылы пайда болған ауыс мағыналардың барлығы дерлік жалпы халықтүсінікті байырғы сөздерден жасалады.Мысалы: өткір пышақ-өткір көз, өткір жігіт, өткір ой; Құстың қанаты –қол қанат, әскердің қанаты, сол қанат; салқын су- салқын сөз, салқын жүз. Ағылшын тілінде:a cheerful man- a cheerful room-cheerful thought, a cheerful talk, a cheerful conversation; a smart boy (lad)-a smart answer, smart society, smart pace, smart retort; a sharp knife- sharp words, sharp pain, etc.

Сөздің тура мағынасы сияқты ауыспалы мағынасы да жалпы халыққа түсінікті болып келеді. Бірақ метафора тәсілі арқылы жасалған ауыспалы мағыналар жалпы түсініктілігімен қолдануы жағынан бірдей болып келе бермейді. Көркем әдебиеттегі күнделікті қолданылып

жүрген метафоралардан әлдеқайда образды, әлі халыққа тарамаған күйде келеді. Мысалы: Оңашадан әдилеп ойдың гүлін, Тыныштыққа армансыз тойдым бүгін. (Қ.Мырзалиев)

Әлсін-әлі жүректі дір еткізіп

Санада сағыныш ән балалайды. (М.Мақатаев)

«Асаркөл» жолына бұрыл дедіңіз, қона кетті көкірегіме.

Шаяхмет құданың құдіретіне шек келтірген сөзге ергісі келмей сөздің бетін жаққа басқа аударды. Осы келтірілген үзінділердегі гүлін (ойдың), тойдым (тыныштыққа), балалайды (ән) деген сөздер біріншіден, образдылығымен ерекшеленіп тұр, екіншіден, жалпы халық ойдың гүлін, тыныштыққа тойдым, ән балалайды деп айтпайды. Ал, қона (кетті көкірегіме), еру (сөзге), бетін (сөздің) аударды деген сөздер де метафора тәсілімен ауыспалы мағынаға ие болғанымен жоғарыда метафора сияқты образдылық жоқ және осылайша жалпы халық айта береді. Олай болса метафоралар өзара жіктеледі, соңғы мысалдағы метафоралар көркем әдебиетте метафора ретінде қаралмайды. Сондықтан бұндай ауыспалы мағыналы сөздерді қазақ тіл білімінде тілдік метафора деп атайды. Метафора қолдану сипатына қарай тілдік (сөздік) метафора және поэтикалық (сөйлеу кезінде туатын контекстік) метафора болып екіге бөлінеді.

Тілдік метафора жалпы халық тілінде: сөйлеу, жазу, оның ішінде әдеби шығармаларда да кең қолданылады. Бірақ олар әдебиетте көркем образ, суреттеу құралы ретінде емес, стиль аралық лексика түрінде қолданылады. Мысалы: таудың басы, өзеннің басы, қос басы, шөп басы, сөз басы, әскер басы; кітап беті, істің беті, судың беті, жердің беті т.б. Ағылшын тілінде: the head of the mountain, neck of the bottle, neck of a violin, neck of a shirt, head of the chair, head of the table, head of the stairs, head of the page, head of the procession, head of the family, head of state, mouth of a cave, mouth of a sack, mouth of a bottle, mouth of the river т.б. Тілдік метафора сөзге жаңа мағына қосып, оның семантикалық шеңберін кеңейтіп, әрдайым үздіксіз дамытып отырады. Тілдік метафора дәстүрлі метафора деген де атқа ие. Дәстүрлі метафоралық тәсіл бойынша ұқсату заңына сүйеніп, қазақ тілінде көп мағыналы сөздер шыққан. Мысалы: аяқ деген сөздің ең алғашқы заттық мағынасы деп адам мен жан-жануардың жүру-тұру қызметін тақаратын мүшесін түсінеміз. Мұнан кейін үстел мен орындық тәрізді жансыз заттардың тіреуішін де аяқ деп ұқсатып айтқан. Бас пен аяқтың бірі жоғары, екіншісі төмен келуіне қарай (ауылдың басынан кіріп, аяғынан бір-ақ шықтым деген мысалдағы) үшінші мағына пайда болған. Кейінгі кезде жаңа техниканың тұрмысқа кеңінен енуімен байланысты, екіаяқты велосипед, үшаяқты мотоцикл деп те ұқсатып аяқ сөзіне жаңа мағына қосылды. Сөздің мағына жақтан қорланып дамуы осы тәріздес жаңа сапа элементтерінің біртіндеп молаюы арқылы іске асады.

Мүше деген сөздің ең алғашқы мағынасы анатомиялық жеке атауларды білдіру болған. Мысалы, Дәулет құсын бауыздап, аспазшы әйелдің қолына берді де, бір мүшесін қалдырмай ас деді. (И.Байзақов). Мұнан соң сый ретінде біреуге берілетіні үлес, сыбаға мағынасын білдірген: батырдан сауға, мергеннен мүше деген (мақал). Кейін белгілі бір ұйымға кірген адамды айтатын болдық. Мысалы: Абылайхан ұжымға мүше болып кірді. Сонымен бірге қазақ тіл білімінде сөйлем мүшесі, үйірлі мүше, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше деген терминдік мағына пайда болды. Тілдік метафора мынадай ұқсастықтар негізінде тууы мүмкін:

А) тұлға ұқсастығы. Мысалы: қанат- ұшақтың қанаты; құлақ –адамның құлағы, қазанның құлағы, домбыраның құлағы; жон- малдың жоны, таудың жоны; ағылшын тілінде :wing-bird’s wing, the plane’s wing;

ә) қимыл ұқсастығы. Мысалы: аяқ-адамның аяғы, үстелдің аяғы; серік- адамның серігі, жерсерігі, ағылшын тілінде:foot of a man, foot of a table;

б) ұғымдардың бір-біріне қатыстылығынан туатын ұқсастық. Мысалы; жіңішке-жіңішке жіп, жіңішке бел, жіңішке өзен; сұлу-сұлу адам, сұлу табиғат; ащы- ащы тұз, ащы зар, ащы өмір; өткір -өткір пышақ, өткір ой; құлау- аттан құлау, сынақтан құлау; қану- шөлі қану, ұйқысы қану т.б.

Поэтикалық метафора ойды әсерлі айқын етіп жеткізу үшін қажет. Метафораның бұл түрі көркем шығармаларда өте жиі қолданылады. Мысалы: Баладай екі өркеші- шөл кемесі- Түйем де басқа малдан кем түспейді («Айтыс»). Ақындар айтыс өнерінде түйені –шөл кемеге теңеу арқылы өз ойын соншама әсерлі етіп жеткізеді. Метафора шешендік сарындағы өсиет өлеңдерден, мақал-мәтелден, айтыс жырларынан, жұмбақ пен жаңылтпаштардан т.б. ауыз әдебиетінің үлгілерінен кездеседі. Бір затты екінші затқа ұқсастыру мақал –мәтелге жаңа мағына береді, оның ғибраттық күшін арттырады. Мысалы, Шешенің судай төгілген, Тыңдаушың бордай егілген.

Алыс жол –атқа сын, Ауыр жол-ерге сын дейтін екі шумақта шешеннің сөзі- аққан суға, тыңдаушының ықыласы- үгілген борға ұқсастылған. Ал, екінші шумақтағы ауыр жол да өз мағынасында емес, адам өмірі, өмірде болатын қиын уақиғалар (мәселен, соғыс, жұт т.б.)мағынасында қолданылған. Сондықтан да жол деген сөз ауыспалы мағынада өмірде кездесетін қиыншылық, ауыртпалықтарды елестеткендей әсер береді.

Сонымен метафораның ең басты стильдік ерекшелігі –оның бейнелілігі, ойды бейнелі түрде жеткізетіндігінде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы, «Санат», 1997ж.
2. Знаменская Т.А. Стилистика английского языка. Москва, «Астрель», 2004ж.
3. Скребнев Ю.М. Основы стилистики английского языка. Москва, «Астрель», 2003ж.
4. Croft W. "The role of domains in the interpretation of metaphors and metonymies". *Cognitive Linguistics* 4-4: 335-370, 1993.
5. Fass, Dan. "Metonymy and metaphor: what's the difference?". Morristown, NJ, USA: 1988

ӘОК 004.9

Жетимекова Г.Ж.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

3D МАХ ПАКЕТІНДЕГІ РЕАКТОР МОДУЛІНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІН КӨРСЕТЕТІН БЕЙНЕМАТЕРИАЛДАРЫН ҚҰРУ

Компьютерлік модельдеудің өндірістік процесте бөлінбейтіндей бөлшегі болуының ең маңызды қасиеттерінің бірі – заттың нақты физикалық параметрлеріне көшірме жасау және осы параметрлер арқылы виртуальды модель жасау мүмкіндігі. Модельмен жұмыс істеу барысында белгілі бір уақыт аралығында заттың білінбейтін қасиеттерін болжауға мүмкіндік туады.

Компьютерді пайдалану арқылы объектілердің қасиеттерін нақты өмірдегідей емес, яғни жаңа қасиеттерді құрастыра аламыз. Нақты өмірде бола алмайтын қасиеттерді, яғни нақты емес және нақты объектілердің қасиеттерін біріктіру арқылы нақты объектілердің қасиеттерін ала аламыз. Мысалы, адам ешқандай ұшу құрылғысы арқылы аспанға ұша алмайды, ал суретші өз суретінде адам моделі аспанға ұша алатындай етіп жасай алады, бұлшық еттерінің қозғалысы, т.б. Нақты бұндай әрекеттер өмірде болмайтынын білеміз, алайда ол іс-әрекеттерді тек компьютерлік графикада қолдана алу мүмкіндігі туды. Мұнда нақты және нақты емес қасиеттерді біріктіре аламыз:

- Кино мен теледидардан;
- Internet желісінде тірі (live) Web-беттер жасау;
- Дизайнерлік және баспалық фирмаларда;
- Жарнама саласында;
- Құжат жүзінде бар, бірақ нақты өмірде әлі жоқ жұмысты өндірісте сұраныс берген адамға көрсетуде;

– Ойын кейіпкерін жасауда.

3D графика пиксельдік, жазықтықтық (2D) кескіндермен емес, 3 координатасы бар модельдермен жұмыс жасайды. Осы себеп арқылы, 3D Studio MAX программасымен жұмыс істеу керек. Үшөлшемді графика өзінің нақты физикалық құбылыстары арқылы суретшінің жұмысын жеңілдетеді, атап өтсек, жарық, көлеңке, тұман, т.б.

Қазіргі кезде үшөлшемді модельдеудің және анимацияның пакеттерінің көп түрлері бар: Maya, Softimage 3D және Light Wave 3D. 3D Studio MAX пакеті толық саймандар жиынымен қоса, түсінікті интерфейспен жабдықталғандығымен ерекшеленеді.

3D Studio MAX объектілі-бағытталған бағыт ұстанады және келесідегідей технологияларды қолданады: Windows DLL (Dynamically Linked Libraries) немесе PLE (Procedural Linking and Embedding), яғни басынан қосылғанда барлық модульдерді қоспай, тек жұмыс барысында қажеттілерін шақырады. Сондықтан, жүйе жедел жақты үнемдейді. Осы арқылы кез келген құрастырушы 3D Studio MAX пакетін C++ қосымшаларымен толықтыра алады. Мысалы, Например, Kinetix фирмасы, комплексты ұйымдастырушы, кейіпкерлерді жасау үшін Character Studio модулін ұсынады, ал қазір одан басқа қосылу модульдері (plug-ins)

Программа ең басында Windows NT үшін жазылған, бірақ Windows 95/98 ОЖ-мен де жұмыс істей алады [1].

Кез келген өндірісте қолданушы компьютер және даму кезеңдері бар:

– Бастапқы идеялар және материалдарды жинау (Visualizing). Бұл кезеңде дизайнер мен компьютерлік суретші проектіге қажетті ақпарат жинайды.

– Нұсқалар кезеңі (Sketching). Осы кезең арқылы ойдағы заттарды формаға келтіру кезеңі өтеді (дизайн). Нұсқалар қағазда жасалады. Олар негізгі формалардың нұсқауларын енгізеді. Ол арқылы тапсырушыдан кеңістікті алу үшін тиімді. Анимацияны құру барысында кәсіби фирмаларда желілік(сюжет) панельдер құрылады. Олардың құрамында схемалық объектілер, олардың қозғалу машығы, мәтіннің және басқа ақпараттың синхронизациясы кіреді.

– Модельдеу кезеңі (Modelling). Бұл кезеңде компьютерлік модельдер құрылады.

– Модельді құру барысында бірнеше суретшіге есеп қойылады. Осы арқылы модель бірнеше ұсақ бөлшектерге бөлінеді. Проектіні құруда бірнеше суретші объектілер мен сахналық XRef жүйесін қолдана отырып, бір уақытта жасай алады.

Суретші объектілерді құру үшін тиімді әдісті қолданған жөн. Мысалы, органикалық формалар (бет, өсімдік, аңдар) NURBS-технологиясы арқылы құрылады. Ал әртүрлі салу механизмдері полигонды модельдеу арқылы ұйымдастырылады.

Компьютер тек санаулы саймандар жиынынан тұрады. Суретші оңайдан қиынға барады. Жұмыстың нәтижесі сәтті болу үшін 3 қағида ұсынылады: тәжірибе, инструментариймен жұмыс істеу дағдысы және кеңістіктік сана.

– Тексерістен өткізу кезеңі (Refining). Бұл кезеңде модель өзінің соңғы түріне келтіріледі, яғни өнім шығуға дайын. Компьютерлік моделдер соңғы тексеруден өткізіледі (рендеринг).

Компьютерлік графика мынадай ұғымдарға сүйенеді: модельдер, олардың қасиеттері мен параметрлері.

Сахна дегеніміз, қандай да бір іс-әрекетті құруда қолданылатын объектілер жиынын айтамыз.

Модельдеу – модельді құру және олардың параметрлерін беру.

Уақыт аралығында объектілердің параметрлерінің өзгеруі анимация деп аталады. Объектілердің параметрлері — оның формасы мен кеңістіктегі орнын көрсететін мінездемесі. Қасиет деп, объектінің формасына қатысы жоқ мінездемелерді атаймыз. Қасиеттеріне мыналар кіреді. Түсі, аты, жарық шығару, көлеңке боуы, т.б. Объектілердің қасиеттерін және параметрлерін алу үшін төмендегідей қасиет орындалады [2].

1 Объектіні ерекшеле;

2 Тышқанның оң жағын басып Properties (Свойства) пунктін таңда немесе келесі команданы орында: Edit, Properties (Правка, Свойства).

3 Object Information (Информация об объекте)тобында келесілер көрінеді:

- Name (сахнадағы объект аты);
- Dimensions (3 ось бойынша контейнердің габаритті өлшемдері);
- Vertices (төбелер саны);
- Faces (қыр саны);
- In Group (объект кіретін топ);
- Renderable (сахна біткенде объектінің орны);
- Cast Shadows (объектінің көлеңкесі бар ма);
- Receive Shadows (объект көлеңкелі бола ала ма);
- Material Name (материал аты);
- Backface Cull (көрінбейтін шыңдар).

4 Проекция терезесінде объектіні көрінетіндей ету (See-Through).

5 User Defined (Определенное пользователем) бөлімінде объекті туралы түсініктеме енгізе аласыз;

6 Сахна туралы толық ақпарат алу үшін келесі команданы орында: File, Summary Info (Файл, Суммарная информация).

Компьютерлік графика объектілер құрылатын сандар мен формулаларға сүйенеді. Объектіні құру үшін кірпіш керек. Осы кірпіш арқылы кез келген конструкцияны құра аламыз. Оны біз төбе деп атаймыз (1-сурет). Төбелер өзара түзулермен бірігеді — қабырғаларлар құрайды. Үш төбе бірігіп, жазықтық түзеді. Оны қыр деп атаймыз. Қырлар бірігіп, бетті құрайды. Қырлар жазық болғандықтан, жазықтық бетін түзу етіп салу үшін қырлар санын көбейту қажет. Қисық беттер үшін келесідей анықтама бар: қырлар неғұрлым көп болған сайын, соғұрлым объект дұрыс көрінеді.

Төбелердің орнын ауыстыра отырып, сендер қабырға мен қырлардың орнын ауыстырасындар. Нәтижесінде, объектінің формасы өзгереді. Бұндай модельдеу төмен деңгейлі деп аталады.

Жақында жаңа модельдеу технологиясы пайда болды. Оның аталуы: біртекті емес рационалды B-сплайндар (Non-Uniform Rational B-Splines, NURBS). Объект NURBS төбе мен қырлары жоқ, ал формасы бағыттауыш төбелерден тұрады, олар өзара қисықтармен қосылған

Объектілер параметрленген және параметрленбеген болуы мүмкін.


Параметрленген объектінің қасиеті форма арқылы құрылады, оған радиус, ені, ұзындығы, биіктігі кіреді. Ал параметрленбеген объектінің мұндай айнымалылары жоқ.

Параметризация — объектінің формасы мен параметрлерін өзгертуші құрал-сайман. Сонымен қоса, параметризация арқылы объектінің қалай құрылғанын біле аламыз.

Оның мысалын көрейік (2 сурет). Айталық, "цилиндр" объектіміз бар (0 деңгей), содан соң іс-әрекеттермен объектіні өзгертейік (модификаторлар арқылы) M1 (қысу) и M2 (бүктеу). Нәтижесінде, деформацияға ұшыраған цилиндрді аламыз (схема M1+M2 белгісі арқылы).

Параметризацияның принципі, қажет болған уақытта кез келген кезеңде біз объектінің формасын өзгерте аламыз.


Схеманы қарастырайық, M1 белгісінднгі M1 (қысу) модификаторы жойылған.



1 – сурет. Параметризация принципінің кескіні

Көп объектілер басқа объектілерден тұрады және солардың негізінде құрылады. Мұндай объектілер құрылымды (Compound) деп аталады, ал құрастырушы объектілер подобъектілер (Sub-Objects) деп аталады. Подобъектінің мысалы ретінде, қыр немесе төбе.

Подобъектілерге 3D Studio MAX-та ену үшін келесі әрекет жасалуы тиіс: Sub-Object (Подобъекты) панеліндегі Modify (Изменить). Батырманы басқанда сары түске өзгереді. Төбені редакциялау деңгейі таңдалған (Vertex).



2 – сурет. Ішкі объектілерді таңдау

Егер объектіні құрастырушылармен емес, объектінің өзімен жұмыс істегіңіз келсе, Sub-Object (Подобъекты), батырмасын басыңыз, ол сұрға боялғанша.

Модификатор дегеніміз, объектілерге қолданылатын 3ds max арнайы операциясын атаймыз. Әрбір модификатор белгілі атау мен объектіні қосымша қасиеттермен толықтырады. Модификатор жұмысының тиімділігі - бір объектіге бірнеше модификаторларды қолдануға болатындығы және объектіге қатынау кезінде тізбектілігін өзгерте алу мүмкіндігі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Джанабаев Ж. Ж. Компьютерная графика - Алматы, 2001. – 400с.
2. Мэрдок, Келли Л. 3D MAX R3. /библия пользователя. Москва: изд. дом «Вильямс», 2001 – 1040с.

Жунисбекова Д.А.¹, Райымбеков Б.Н.², Адилова Т.Ә.¹

п.ғ.к., доцент¹, физика пәні мұғалімі², ¹М.Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті¹, ²Т.Тәжібаев ат. №47 мектеп-гимназия², Шымкент қ

СТУДЕНТТЕРДІҢ БОЙЫНА ҚҰНДЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Әлемдегі бәсекелестікке қабілетті елу елдің санатына қосылу үшін еліміздің білім беру жүйесінде де күрделі өзгерістердің туындайтыны белгілі. Сондықтанда әлемдік өркениеті дамыған елдермен терезе теңестіретін, бәсекелестікке қабілетті елу елдің санатына қосылу үшін, елімізге тәрбиелі, білімді ұрпақ керектігі айтпасақ та түсінікті.

Қазіргі қоғам алдында тұрған күрделі мәселелердің бірі - білім салаларында оқитын әр бір жас ұрпақтың бойына бәсекеге қабілетті құндылық қасиеттерді қалаптастырып, дамыту мәселелеріне айрықша көңіл бөлінуде.

Заман талабына сай жоғары оқу орындарында студенттерді жан-жақты тәрбиелеу мақсатында Өзін-өзі тану курсы бағдарламасы енгізіліп, оқытудың қазіргі заманғы интерактивті инновациялық технологияларын қолдану арқылы өткізіледі.

Жоғарғы оқу орындарында студенттер әлеуметтік жағдайлармен бетпе-бет кездесіп, өмірлік мәні бар, өзіндік шешімдерді талап ететін міндеттер тұрады. Өзіндік даму үрдісі: студент болу, тұлғалық даму ретіндегі білім алуға бет бұруды; кәсіптік таным мен өзін-өзі тану, болашақ өмірлік серігін іздеу бағытында сезімдік-эмоционалдық қарым-қатынас аясы кеңейеді.

Өзін-өзі тану пәнін оқу арқылы студент жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесі мен өзінің тағдыры, мінез-құлқы, іс-әрекеті арасындағы байланысты ұғынып айналадағы өзінің рухани жауапкершілігін сезіну тиіс. Ол:

- тұлға аралық және топтық қарым-қатынас туралы білімдерін кеңейтеді;
- құндылық танымның түрлі ұғымдарын игеруді үйренеді;
- жанжалсыз, үйлесімді қарым-қатынас жасауға жаттығады.

«Құндылық қасиеттер» және оның бастау көздерін тану үшін жас ұрпаққа «құндылық» деген ұғымның мәніне терең тоқталуымыз керек.

Құндылықтар – тәрбие мен оқыту үрдісіндегі адмгершілікке бағытталған идеялар. Оларға: әділдік, шындық, қайырымдылық, мейірімділік, жеке тұлға, бостандық, махаббат, шығармашылық т.б жатады. Құндылықтар идеяларды қабылдау немесе қабылдамау сенімі мен сезімі арқылы айқындалып, ақыл-ой, сана арқылы қабылданады, ол құрметтеу, қошаметтеу, қабылдау арқылы білдіріледі. Бұл жеке тұлғаның сезім мен ақыл-ойдың бірлесуі арқылы қабылданады, сана арқылы қабылданады. Соның нәтижесінде тұлға құндылықты игеріп, іс-әрекет етеді.

Осы құндылықтардың қайнар көзі халықтың мол мұрасында. Ол мұра - халық пен бірге пайда болып, бірге жасасып бірге дамып келе жатқан құнды дүниелер.

Халықтың тілін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын бойына сіңірген жас ұрпақ тәрбиелеу үшін ұлттық құндылығымызды бағалай білуіміз қажет. Әр халық ұрпағының қайырымды, адал, әділ, ержүрек, кішіпейіл, ар-намысты т.б. болып өскенін тілеп, халық өзінің әдет-ғұрпына, салт-дәстүрі арқылы ықпал етеді.

Қазақ халқының философиялық дүниетанымының басты категориясы - өмір. Адам өмір кешіп жатқан дүние – құндылықтар дүниесі. Материалдық және руханилық болып бөлінетін осы құндылықтардың ең бастысы - өмір. Ол өзінен басқа құндылықтардың өмір сүруіне қажетті бірден – бір шарт және өлшем, өмір болмаса, құндылықтарда жоқ. Осы тұрғыдан талдасақ, адам үшін ең басты құндылық, ең бағалы нәрсе - өмір. Қазақ халқы өмір мен өлімді салыстыра келіп, «Мың күнгі тамұқтан бір күнгі жарық», «Өлі арыстаннан тірі тышқан» немесе «Тірі адам тіршілігін жасайды» деп, өмірді жоғары бағалап, адам тіршілікте өзінің өмірін барлық бағыттарда мүмкіндігінше өміршең етіп жаюы керек, өмір туралы

көбірек ойланып, оның әр күнін бағалап, маңдайға жазылған өмірді гүлдендіруге, жандандыруға, мәнді өткізуге ұмтылуы тиіс. Бұл іс адамның өз қолында. Өмірге мән беретін адамның өзі, оның іс-әрекеті. Дүниеге екі келмек жоқ, өмірден өз орнын таба білуге адамның өзі жауапты.

Қазақ халқы өмірді бейнелеу үшін «дүние» ұғымында қолданады. («Дүние» ұғымы болмысты, материалдық байлықты, бүкіл әлемді бейнелеу үшін де қолданылатынын ескерте кеткен дұрыс). Дүние - өмірдің ерекшеліктерінің бірі – оның өткіншілігі, «Дүние – жалған», «сұм дүние», «дүние - арман» сөз тіркестері осыны жеткізеді, өмірдің шолақтығын, көзді ашып – жұмғанша өте шығатынын ескертіп, оны бағалап қадірлеуге шақырады.

Өмірдің құндылығын және оның мәнін анықтаушы - өмір мен диалектикалық бірлікті құрайтын өлім. Философия ғылымында өлім мәселесі өмірдің мәні секілді «мәңгілік», шешімі қиын мәселелер қатарында. Қазақ қашанда өлімді өткінші өмірдің заңды нүктесі деп философиялық сабырлықпен қабылдады. Өлім алдындағы субъективтік үрей мен күйзелісті қазақ халқы мәселеге жан-жағына терең үңіліп, байыпты көзқарас қалыптастыру арқылы жеңіп отырды. Қазақ түсінігінде өлімді жеңетін мәнді, адамшылыққа, өзіңе ғана емес, айналаңа халқыңа жасаған жақсылыққа толы өмір.

Араласу категориясы қазақ дүниетанымында адам мен қоғамның, адам мен адамның арасындағы қарым-қатынасты бейнелейді. Адам болмысының өзі үнемі дамып, өзгеріп және жаңарып отыратын араласу үрдісі, ол адамның мәндік ерекшелігі. Адам болмысы араласу арқылы, оның өзіндік «Менінің» «Басқамен» үздіксіз жүріп отыратын диалогында ғана айқындалады. Адам өзін қоршаған ортамен: табиғатпен, қоғаммен, басқа адамдармен араласуға мәжбүр деуге болады.

Араласу категориясын белгілі қазақ философы Қ.Ш. Нұрланова өте жақсы талдап, оның бес деңгейін көрсетті: қарым-қатынас, келіп-кету, сіз-біздесу, араласу, іштесу. Араласу қазақ үшін терең мазмұнға ие, ол өмір кеңістігінде өзінің туысқандарымен, Отандастарымен, адамзаттың басқа өкілдері мен бірге өмір сүру тәсілі. Қазақ араласуға неге құштар деп ойлансақ, оның негізінде малдың қамы мен ұзақ уақыт бойы табиғат аясында оқшау өмір кешу жатыр.

Намыс – қазақ халқының түсінігінде ең жоғарғы адами қасиеттердің бірі, қазаққа әлі күнге дейін күш беретін екі қасиет – намыс пен аруаққа сыйыну. Намыс өз бойына сан қырлы биік мағыналар мен асыл құндылықтарды жинаған. Ол қазақ өмірі мен біте қайнасқан ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан ұғым. Намыстың ғылыми сипаттамасын беруге талпынсақ, оны әрбір адамның өзінің еркіндігі мен тәуелсіздігін, рухы мен жанын, ар-ұяты мен сенімін, саналы тіршілік етуші ретіндегі «Менің» аса жоғары, асқақ, өр дәрежеге қадір тұту, қастерлеу сезімін ақыл-оймен ұштастырып, сана деңгейінде игере білуі деген анықтама беруге болады.

Ақиқат намыс жалған намыстан жоғары, ол ақылмен үндеседі, оған бағынады. Мұның жақсы мысалдарын қазақ халқының қаһармандық және лиро-эпостарынан табуға болады. Қазақ батыры әдетте өр мінезді, қызба, көзсіз ер, оның намысты рухани-психологиялық күші ретінде бейсана деңгейде сыртқа шығады. Жеке басының намысына шаң тигенде ол ештеңені де мойындамайды. Бірақ қазақ батыры намысты ақыл деңгейінде де түсіне білді, жеке намысты ұлттық намыспен толықтырады. Батырлар жырындағы қарапайым жеке намыс одан күрделі рулық, жүздік және ұлттық намыс дәрежесіне дейін бірте-бірте дамиды. Батыр үшін ұлт, халқы намысы оның өзінің жеке намысынан, тіпті өмірінен де қымбат. Қамбар, Алпамыс, Кенесары, Наурызбай, Ағыбай батырлар ұлт намысы жолында өлімге бас тіккен.

Қаһармандық жырларды мол суреттелген жеке және ұлттық намыстың ұлттық рухани-құндылықтық феномен екендігін қазіргі заманда ерекше есте сақтап, тәрбиелілік, білімділік, даналық, ұстамдылықпен ұштастыра отырып, ұлт, мемлекет деңгейіне көтеруге әбден болады.

Парыз – адамды өз болмысын адамгершіліктік құндылықтарға сай қалыптастыруға мәжбүрлейтін, ол үшін ішкі міндетке айналатын рухани қажеттілікті бейнелейтін этикалық категория.

Маңыздылығы жағынан парызды ар-ұжданмен қатар қоюға болады. Ар-ұждан секілді парызда адамның адамгершілік санасын, тәртібін бақылап және реттеп отыратын ішкі механизм. Сана деңгейінде түсінік атқарылған осындай парыз ғана адамға өзінің рухани адамгершілік туатын ашуға еркін өзін өз тағдырының қожасы ретінде сезінуге, өзін - өзі жасап қалыптастыруға, өзінің табиғи сезімдерін шектеп олардан ақыл-ойын жоғары қою арқылы адамшылық бастауларын дамытуға, сөйтіп, адамзатпен өзінің алдындағы парыздың атқарылуына мүмкіндік береді. Қазақ халқы парыз ұғымын адам болуы, адамшылықпен адамгершілікке жету мақсатымен тығыз байланысты қарастырылады. Ақыл-ой адамға басқа тіршілік етуші мақұлықтар секілді инстинктер деңгейінде өмір кешу үшін емес, жоғары адами мақсаттарды орындау үшін берілген, сондықтан да өзінің табиғи қасиеттерін ақыл – ойдың көмегімен сүйене отырып, жан – жақты дамыту, адам деген қасиетті атаққа сай болу – адамның басты парызы.

Кісілік – адам болып өмір сүрудің жоғары деңгейі. Қазақ адамгершілігі биік, ағайын-бауыр, дос-жаран арасында, жалпы қоғамда беделді адамның «жақсы кісі» деп сипаттайды. Кісілік жақсы адам ұғымынан жоғары деп ойлаймыз. Жақсы адам өзіне, шағын ортасына ғана жақсылық жасауы мүмкін. Ал кісілікке өзі мен туған – туысқандарының қамын ғана емес, бүкіл қоғам мүддесін көбірек ойлаған адам жетпек. Бұл оның адамгершілік сипатын көрсетеді. Табиғат берген ақылды даналықпен, көргенділікпен және мейрімділік, жанашырлық, адалдық, қарапайымдылық секілді жақсы қасиеттермен ұштастыра білген адам ғана кісілікке жете алады деуге болады. Қазақтың «кісілік» ұғымы қазіргі «тұлға» ұғымына сәйкес деп ойлаймыз.

Біз осылайша қазақ дүниетанымының негізгі ұғым – категорияларына ғана тоқталп, студенттің бойында өнер, әдебиет арқылы туған топырағына деген сүйіспеншілігін, ыстық ықыласын тудыруы қажет. Сондықтанда, студент жүрегінде Отанжандылық, Отансүйгіштік сезімдерін оятуда әдебиеттің зор ықпалы бар. Мысалы, халақ ауыз әдебиетіндегі батырлар жырында батыр әке-шешесінің жалғыз, құдайдан тілеп алған баласы, батырдың қай-қайсысы болмасын күн санап өсіп, елін тайсалмай қорғайтын батырлар болып бейнеленеді. Батырлар жырының түпкі негізінде халықымыздың осындай батырымыз, елін сүйетін азаматымыз болса екен деген арманы жатыр.

Жас ұрпақ тәрбиелеуші әрбір тәрбиеші, ұстаз құндылық-бағдарлы тәрбие үлгісін ұстанып, оны өмірмен байланыстыруы үшін жалпы адамзаттық және халықтық, мәдениетті, білімді, тәрбиені игеріп, өз бойына дарыта білгені жөн.

Себебі болашақ ұстаз-студент үшін ең жоғары адамгершіліктің үлгісі. Ол студент жүрегіне ұмытылмас із қалдырады.

Елбасымыздың сындарлы саясаты: «Қазақстан Халықтарының Рухани даму қорын құру туралы мәселесін жете зерделеу керек. Қор тұрақты мониторинг жүргізіп, мемлекеттік, жеке меншік әріптестіктің көмегі мен жаңа тиісті қоғамдық ұйымдарды қатыстыру арқылы халықтардың мәдени құндылықтары мен дәстүрлерін қолдап отыруы тиіс», - деп атап көрсетті. Себебі рухани құндылықтар жеке тұлғаның дамуының өзегі болып табылады. Сонымен қатар рухани құндылықтар адамның өмірдегі өз орнын табуға және рухани әлемінің дамуына себепші болады. Жеке тұлғаның жетіле түсуін қамтамасыз ететін, дүниенің күрделі құрылымын түсіндіретін рухани даму өзектері, идеалдары, сонымен бірге адам мен әлеуметтік топтардың тәртібі мен іс-әрекетін қадағалайтын нормативті жүйе болып табылады.

Білім шырағын жағушы әр бір тәрбиеші, ұстаз қазіргі қоғам талабына сай бәсекеге қабілетті құндылықтарды өз бойына жинақтап, сезімтал, сергек т.б. қасиетерді бойына сіңіріп, сол қасиеттерді шәкірттердің бойына дарыта білуі қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан - 2030. Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. - Алматы: Білім, 1997. - 176 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. - Егемен Қазақстан. - 2004. - 10 наурыз.

УӘЖ 51 (07)
Н 83

Нурмагамбетова Ш.С.

Радиотехника және байланыс колледж, Семей қ.

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ЖОБАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазіргі қоғамда экономикалық, әлеуметтік, саяси және адамгершілік проблемаларды шешуде білім сапасының рөлінің зор екені ескеріліп келеді. Ақпараттар легі бірте-бірте ұлғайып келеді, сондықтан қазір мектепте, тіпті жоғары оқу орындарында бүкіл өміріне жететін білім алу мүмкін емес. Қазіргі білім беру жүйесінің өмір сүруі мен дамуының негізгі принципі – оның үздіксіздігінде. Ол үшін білім беру процесінде оқушының рөлін өзгерту керек. Педагогикалық процесті ұйымдастыруға жанаша қарап, сол жананы өмірге енгізу қажеттілігі туындап отыр. Оқу және білім беру қызметін ғылыми тұрғыда ұйымдастыру қазіргі таңда жаңа педагогикалық технологияларды енгізу арқылы жүзеге асырылып жатыр.

Жобалап оқыту технологиясы оқушының жеке тұлғасына көзқарасты өзгертеді. Ол оқушыны оқу үдерісін ұстазбен бірге тең дәрежеде жүзеге асырушы ретінде қарастырады, оның жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп отырады. Мұғалім мен оқушы қарым-қатынасы психологиясын қайта құру, қайта қарау жұмыстары жүргізіліп келеді. Бірінші кезекте оқушыға субъект ретінде қарау керек. Оқытудың мазмұны мен түрі толығымен түседі, яғни әдістемелік жүйе адамгершілік тұрғыдан байи түседі.

Жобалап оқыту технологиясының қолжетімділігімен, қабылдау шапшаңдығын арттыруымен, барлық мұғалімнің қолдануына тиімді екендігімен ерекшеленетінін тәжірибе көрсетіп отыр. Одан басқа, технология кез-келген сыныпта, кез-келген пән бойынша қолданыла береді, оның жан-жақтылығы осында.

«Педагогикалық технология – барлық жағынан ойластырылған, жобалау, ұйымдастыру және оқу процесін жүзеге асыру барысында оқушы мен мұғалім үшін барлық жағдайды жасауды көздейтін педагогикалық қызметтің моделі. Технологияны дұрыс жүзеге асыру үшін ең алдымен төмендегі әдістемелік принциптерді сақтау қажет:

1. мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне сену керек;
2. оқу үдерісінің кез-келген кезеңінде оқушылардың білім-білік, дағдыларына кепілдік беру;
3. оқу үдерісін тақырып жағынан жобалау;
4. баланың дұрыс дамуы;
5. кертартпа іс -әрекеттер мен шектеулерді жоя отырып, дәстүрлі мектеп қорын дұрыс пайдалана білу
6. оқу үдерісінде оқушы мен мұғалімнің бірлескен жұмысын дамыту;
7. мұғалімнің өзін жайлы сезінуі және оқушының өзін жайлы сезінуі;
8. оқыту технологиясын жобалауда мазмұны мен жүйелілігінің бірлігінің болуы;
9. әрбір оқушының жалпы білім беру стандартының базалық деңгейін міндетті түрде меңгеруі;

10. Оқу технологиясын жобалауда міндетті нормалардың сақталуы (Бұл принцип бірінші рет мұғалімдерге бала денсаулығы мен дамуына нұқсан келмейтіндей етіп оқытуға шек жасайды. Бірінші сыныптан соңғы сыныпқа дейін барлық мұғалімдер ғылыми негіздегі кеңестер мен психолого-педагогикалық және физиологиялық бағыттағы шектеулерді ескеріп, орындап отырады.)

Педагогикалық технологияларда басты назар оқушының дамуына аударылады.

«Педагогикалық технология – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартып отыратын және соңғы нәтижеге кепілдік беретін технологиялық іс-әрекеттер жиынтығы.

В.М. Монахов оқу үдерісінің моделін қарастырады, өйткені оқу үдерісін зерттеу мүмкін емес, тек оқу үдерісінің моделін ғана зерттеуге болады. Оқу үдерісінің ақпараттық моделін таңдау немесе құру технологияландыру үшін басты нәрсе болып табылады.

Оқу процесін жобалау технологиясы бойынша мұғалім жұмысының кезеңдері:

1. Оқу процесін технологиялық карта атласы түрінде жобалау;
2. Жобаны шынай оқу процесінде жүзеге асыру, оқу процесінің сапасы жөнінде ақпарат жинау;
3. Жинақталған ақпаратқа талдау жасау;
4. Жүргізілген талдау негізінде жобаға өзгерістер енгізу.

В.М.Монаховтың жобалап оқыту технологиясы жобалау кезінде де және оны жүзеге асыру кезеңінде де қолданылатын мынадай бес түрлі сатылардан тұрады:

- мақсат қою (кіші мақсаттар жүйесі)
- диагностика
- оқушының өзіндік жұмысының мөлшері
- жобаның логикалық құрылымы;
- түзету

Оқу үдерісін технологияландыруда басты нәрсе – тақырыптарды дәстүрлі жағдайда емес, мағыналық ұқсастықтарына қарай таңдап алу көзделеді. (оқу тақырыптарының шегі 6-8 сабақтан 22-24 сабаққа дейін).

В.М. Монаховтың педагогикалық технологиясында оқу үдерісін жобалаудың басты үш объектісі анықталған:

- 1) технологиялық карта (ТК);
- 2) оқушы дамуының ақпараттық картасы (ОДАК) (ИКРУ);
- 3) сабақтың ақпараттық картасы (САК) информационная карта урока (ИКУ).

ТК, ОДАК және САК В.М.Монаховтың технологиясында мұғалімдердің іс-тәжірибесінен өтіп, бекіген.

ТК мен ОДАК жобалаудың, атап айтқанда, оқушыны дамытуға бағытталған оқу үдерісін жобалаудың жаңа қырларын ашып көрсетті.

Технологиялық карта – бұл оқу үдерісін тақырыбы бойынша жобалаудың «паспорты» болып табылады. ТК оқу үдерісінің бес бағытын қамтитын бес құрамнан тұрады. Барлық бес құрамы бір-бірімен тығыз байланысты:

- кіші мақсаттардың мазмұны диагностиканың мазмұнын анықтайды;
- диагностиканың мазмұнынан үй жұмысының мазмұны, көлемі және ауырлық деңгейі анықталады;
- үй жұмысы көлемінің жеткілікті не жеткіліксіз екені диагностика жүргізілген кезде анықталады;
- логикалық құрылым – бұл оқу үдерісінің мазмұн мен жүйе жағынан бірлігі
- түзету – мұғалімнің диагностикадан өтпеген оқушымен тікелей жұмысының бағдарламасы.

Технологиялық картаның құрамына толық тоқталайық.

1. Мақсат қою.

Мақсат қою – бұл мұғалімнің өзі анықтайтын кіші мақсаттар жүйесі. Атап айтқанда, бағдарламаның мазмұнына талдау жасай отырып, білім беру стандарты талаптарына, өзінің

жеке әдістемелік іс-тәжірибесіне сүйене отырып, мұғалім тақырыптың негізгі мазмұнын мақсат қою тіліне айналдырады. Кіші мақсаттар белгілі бір жүйемен жүргізілуі керек.

Оқу тақырыбының кіші мақсаттары тақырыптың көлеміне қарай 2-5 аралығында болады.

Кіші мақсаттар қою мұғалімнен міндетті түрде оқушыларға түсінікті арнайы әдістемелік тілмен жазылуын және нақты жеткізе білу дағдысын талап етеді. Сондықтар мақсаттар «білу», «түсіну», «жасай білу», «елестете алу», «сипаттама бере білу» және т.б. сөздермен беріледі.

Мұғалімнің әдістемелік шеберлігі кіші мақсаттарды нақты және дәл қоя білуінен, яғни тақырыптың басты сұрағын анықтай білуінен көрінеді

Кіші мақсаттар қоя отырып, біз жеке тұлғаға бағытталған жұмысқа алғашқы қадам жасаймыз және екі маңызды нәтижеге жетеміз:

-мұғалім тақырыптық жоспарлаудан кетіп, алдағы оқу процесін жобалауды кіші мақсаттар жүйесі түрінде көретін болады (бұл жаңа әдістемелік ойлаудың бастамасы);

-оқушы үшін оның білімі мен дағдысына қойылатын талаптардың нақты және жаңа жүйесі құрылады.

Кіші мақсаттарды құру процесі (мақсат қою) технологияда ең негізгісі болып табылады. Өйткені кіші мақсаттар диагностика құрылымының мазмұнын, оқушының өзіндік жұмысының көлемін және түзету мен логикалық құрылымының мазмұнын анықтайды.

В.М.Монахов технологияның әдістен басты айырмашылығы: әдіс – оқу процесін жүргізу үшін мұғалімге берілетін кеңестердің бірлігі, ал технология соңғы нәтижеге жетудің кепілі деп есептейді. Монаховтың технологиясында соңғы нәтиже диагностикада арнай жасалған өзіндік тексеру жұмысы арқылы жүзеге асырылады.

2. Диагностика.

Диагностика – бұл кіші мақсаттардың орындалуын (әрбір кіші мақсаттың орындалғанын не орындалмағанын) анықтау үшін мұғалім құрастырған өзіндік тексеру жұмыстарының жүйесі.

Әрбір кіші мақсатқа өз өзіндік жұмыс (ӨЖ) үлгісі құрылады. Мұғалім технологиялық картамен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру үшін үнемі кіші мақсаттар мазмұнына өзіндік жұмыстың сай келуін қадағалап отыруы керек.

В.М.Монахов «Диагностика» бөлімінің мәнін мынадай ережелер арқылы береді:

Ереже 1.ӨЖ екі түрлі тапсырмалардан тұрады: білім беру стандарты (бағдарлама) деңгейіндегі тапсырмалар және жоғары деңгейдегі тапсырмалар.

Ереже 2.Стандарт деңгейіндегі ӨЖ төрт тапсырманы қамтиды: екеуі – стандарт деңгейінде, екеуі – жоғары деңгейде.

Ереже 3. ӨЖ-тің жалпы деңгейі:

- 1)білім стандарты деңгейіндегі тапсырмалар;
- 2) білім стандарты деңгейіндегі тапсырмалар;
- 3) «жақсы» деген баға деңгейіндегі тапсырмалар;
- 4) «үздік» деген баға деңгейіндегі тапсырмалар.

Ереже 4. Алғашқы екі тапсырма бірдей деңгейде, жеңіл және оқушыларға толық түсінікті болуы керек.

Ереже 5. Кез-келген оқушы өзінің алдыңғы нәтижелеріне қарамастан тапсырмаларды берілген ретпен орындайды.

Ереже 6. «Жақсы» деген бағаға арналған №3 тапсырма №1 және №2 тапсырмаларға қарағанда анағұрлым қиындатылуы тиіс. Оның қиындатылуы кіші мақсаттардың мазмұнына сай болуы керек.

Ереже 7. №4 тапсырма №3 тапсырмаға қарағанда ауыр болуы тиіс.

В.М. Монахов өте қарапайым, екі жақтылық пен екіұштылыққа жол бермейтін оқушыларды бағалау жүйесін ұсынады.

Оқушы жетістігін бағалау жүйесі:

-№1 және №2 тапсырмаларда қателіктер жіберген оқушылар түзету тобына кіреді.

-№1 және №2 тапсырмалар орындалса, «Үй тапсырмасын мөлшерлеу» бөлімінде мөлшерленген тапсырмалар көлемі беріледі.

-№1 және №2 тапсырмаларды орындаған оқушы « сынақтан өтті», яғни «қанағаттанарлық» деген баға алады (стандарт деңгейін қанағаттандырады).

Оқушы білімін бақылау мен бағалаудың басты тиімді жақтары:

1. Оқушының стандарт деңгейін меңгеретініне кепілдік беріледі.
2. Оқушы мен мұғалім тең дәрежеде (ӨЖ үлгілері алдын-ала берілген)
3. Оқушылар өздерінен талап етілетін білім-білік, дағдыларды нақты біледі: ашық, айқын.(Мұғалім соңғы сәтте тапсырма деңгейін, ауырлық деңгейін өзгерте алмайды)
4. «Жүктеме нормасы», «талап нормасы», «баға нормасы» іске асырылады.
5. В.М.Монахов технологиясында оқушыға жеке тұлға ретінде сыйластықпен қарау ұсынылады, яғни оқушы қандай бағаға жауап бергісі келетінін өзі таңдайды. Біздің ойымызша, осыдан бастап оқушының өзін дамытуға деген талпынысы осыдан басталады.

3. Үй тапсырмасын мөлшерлеу (оқушының аудиториядан тыс өзіндік жұмысы)

Бұл бөліктің негізгі **практикалық тұрғыдағы** мақсаты – арнайы жасалған жаттығулар жүйесіндегі белгілі бір тапсырмалап көлемін өз бетінше орындау арқылы оқушыны диагностикаға дайындау.

Адамгершілік тұрғыдағы мақсаты – оқушыға қандай бағаға жауап беруді таңдау құқығы беріледі. (бұл жерде тәрбиелік мән де бар.

Одан басқа, басты мақсат - мөлшерден тыс жүктемеден арылады.

Мұғалім кіші мақсаттарға жету үшін қажет аудиториядан тыс өзіндік жұмыс мазмұнын өзінің әдістемелік тәжірибесіне сүйене отырып анықтайды.

Әрине, мұғалімнің қателесуге құқығы бар. Ең бастысы, «Диагностика» бөліміне дер кезінде өзгеріс енгізу керек.

ТК құрастыруда ең маңызды кезең – үш бөліктің кез-келгеніне: мақсат қою, диагностика, үй тапсырмасын мөлшерлеуде алдыңғылардың маз

Мұғалім кіші мақсаттарды анықтап алғаннан кейін, оған диагностикалау жолдарын анықтағаннан кейін, енді оқушыны тиісті деңгейге жеткізетін өзіндік жұмыс мөлшерін анықтайды.

4. Оқу процесінің логикалық құрылымы —оқу процесіндегі сабақтар жүйесінің жалпы құрылымы.

Оқу процесінің логикалық құрылымы кіші мақсаттар санына қарай бөлінетін сабақтар тізбегі. Кіші мақсаттар, яғни сабақтың басты сұрақтары оқушының жақын арадағы даму аймағын анықтайды және әр бөліктегі алынған білім өзіндік жұмыспен бекіп отырады.

Оқу процесінің логикалық құрылымында оқушы дамуының өзіндік бағдарламаларына ерекше көңіл бөлінеді:

- танымдық қызығушылығын қалыптастыру және қолдау бағдарламасы;
- ойын дамыту бағдарламасы;
- есте сақтау қабілетін дамыту бағдарламасы;
- тілін қалыптастыру және дамыту бағдарламасы;
- оқу еңбегіне қарым-қатынасын тәрбиелеу бағдарламасы және т.б.

5. Түзету – диагностикадан «сынақ» ала алмаған оқушыларға, яғни стандарт деңгейін меңгермеген оқушыларға арналған. Бұл өз кезегінде осындай оқушыларды стандарт деңгейіне жеткізудің бағдарламасы болып табылады.

Бұл бөлікте технология авторы үш нәрсеге ерекше көңіл бөлуге кеңес береді:

Бірінші – мұғалімнің пікірі бойынша осы бөліктегі кіші мақсаттарға жету жолында кездесетін қиындықтар

Екінші – осы тақырыпта оқушыларға кездесетін үнемі жіберілетін қателіктер

Үшінші – оқушыны білім беру стандарты деңгейіне көтеретін әдістемелік және педагогикалық сипаттағы шаралар жүйесі.

Осы үш ұстаным әр кіші мақсаттарда қайталанып отырады.

Сонымен, технологиялық карта –барлық оқушылардың түгел дерлік пән бойынша, тақырып бойынша міндетті деңгейде бағдарламаны игеруіне мүмкіндік беретін, ал анағұрлым қабілетті оқушыларға жоғары деңгейде білім алуға мүмкіндік беретін оқу процесінің нақты сызбасы.

ТК өзіне оқу процесінің басты компоненттерін біріктіреді. Бірақ ол сабақ туралы толық ақпарат бермейді. Сабақ мазмұны сабақтың ақпараттық картасында (САК) толық сипатталады.

САК-сы келесі құрылымдардан тұрады:

- 1) сабақтың міндеті;
- 2) сабақ мазмұны;
- 3) мұғалімнің әдістемелік құралдары;
- 4) оқушы-мұғалім қарым-қатынасының нәтижесі.

Сабақтың ақпараттық картасының негізгі міндеті : диагностиканың нәтижелі болуын басқару және «үй жұмысын мөлшерлеу» бөлімінің нәтижелі орындалуын басқару.

Педагогикалық технологияның басты құндылығы – сабақтың басым бөлігі оқушыны дамытуға кетеді. Дамыту міндеттері (немесе оның болмауы) нақты, анық, сабақ-сабақ бойынша оқушы дамуының ақпараттық картасында (ОДАК) көрсетіліп отырады.

ОДАК-да дамыту міндеттері, оқу-танымдық процестің мазмұны, мұғалімнің әдістемелік құралдары, даму бағыттары көрсетіліп қойылады.

ОДАК — біздің зерттеуіміз үшін өте қызықты.

Осыған дейінгі тәжірибе жобалап оқыту технологиясы тікелей оқушыларға арналғанын, өйткені қазіргі технологияландыру процесі оқушының білім беру процесіндегі рөлін өзгертуге бағытталғанын көрсетеді. Технологиялық карта оқушыға бақылау жұмыстарына дұрыс дайындауға мүмкіндік береді. Диагностика оқушыны жүйелілікке үйретеді, оқушының әрбір сабаққа дайындықпен келу дағдысы қалыптасады. Алдын-ала қарастырылғын үш деңгейдегі үй тапсырмасы мен бақылау кесіктері оқушыға өзінің оқу траекториясы мен дамуын өзі анықтауына мүмкіндік береді. Оқушы технологиялық картамен алдын-ала танысу арқылы мұғалім қашан және нені сұрайтынын, қай жауапқа қандай баға алатынын біліп отырады. Технологиялық карта мұғалім мен оқушы, мұғалім мен ата-ана, оқушы мен ата-ана арасындағы байланысты тиімді дамытады.

Гимназия мұғалімдері технологиялық картамен жұмыс барысында біршама қиындықтарға, түсінбеушіліктерге тап келгенін айтады. Бірінші қиындық — өтілген тақырыптағы ең бастысын қосымша оқу материалынан ажырата алмау. Мұғалімдер көбіне оқушыға барынша кең, толық ақпарат беруге тырысады да, ол ақпарат кейде меңгерілмей қалады. Кез-келген оқу курсы – бұл ғылымның бір бөлігі, сондықтан мұғалімнің міндеті – оқу материалындағы ең бастыны тауып, соны оқушы санасына жеткізу. Монахов технологиясымен танысу мұғалімдерді осыған үйретті. В.М.Монахов технологиясымен жұмыс істеу барысында кей материалдардың мазмұнын қайта құруға, орнын алмастыруға тура келеді. Әсіресе жаттығу жұмыстары ерекше көңіл бөлуді қажет етеді, өйткені оқулықта берілген жаттығулар кейде қате беріледі, кейде шым-шытырық, оқушының түсінуіне қиын, кейде бірыңғай бір деңгейге арналған немесе оқушыны жалықтыратындай болып келеді. Орыс тілі пәні мұғалімі Омарова Ж.Б. бұл технология мұғалімнің өзіне сын көзбен қарап, өзін қайта құруына көп көмектескенін айтады. Мұғалім технологиямен жұмыс істеу арқылы сабақ түсіндіру барысында мағынасы терең, ойды дәл жеткізетін сөздерді тауып айтуға тырысатын болғанын, дауыс ырғағына, екпініне, кідіріске ерекше мән бере бастағанын айтады.

Диагностика мазмұны да ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Іс-тәжірибе барысында мұнда да қиындықтар кездесіп жатты. 1-2 тапсырмада нақты жаттығулар берісе, ал 3-4 тапсырмаар шығармашылық сипатта болды, яғни сәйкесін таңдап алу, ойлап табу, мысал келтіру т.б. 3-4 тапсырмаларда оқушылар мұғалімнің өз мысалын қайталап айтса, ал 1-2 стандартқа сай берілген тапсырмалар оқушы үшін қиын болып шықты. Мұғалімге технологиялық картаны қайта құруға тура келді.

Диагностиканың мұғалімдерге ұнайтын жағы – мұғалім оқушы қатесіне талдау жасау барысында оқушының оқу материалының қай тұсын меңгермегенін, қай анықтаманы жаттамағаны немесе қай материалды мүлде білмейтіні анық көрініп тұрады. Осыған байланысты оқушыға қай тұсты игеру керектігі жөнінде толық бағыт беруге болады. Диагностикадан кейін коррекция бөлімінде оқушылардың өздеріне қателерін тапқызып, дұрыс жолын түсіндіруге үйретуге болады. Сондай-ақ диагностика дайындық кезіндегі жаттығу жұмыстары кезінде мұғалімге оқушымен жеке жұмыс жасауға мүмкіндік туады. Көбіне оқушылар тапсырманы орындап отырып, өз жауаптарының дұрыс не бұрыстығын тексеріп беруді, сұрайды бұл жағдайда мұғалім дұрыс жауабын айтпай, оған бағыт беріп, қайдан іздеуге болатынын айтады, оқушы өзі ізденеді. Бұл көптеген оқушыларға ұнайды да.

В.М. Монахов технологиясы бойынша жұмыс мұғалімнен оқу материалын тыңғылықты, дұрыс таңдап алуды талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.Л. Зимин, Е.К. Хеннер. Повышение квалификации работников образования в области информационно-коммуникационных технологий. Информатика и образование; 2004; № 12; 1-4 бб
2. В.А. Каймин. Курс информатики: состояние, методика и перспективы. Информатика и образование; 1990; №6; 26-31 бб.
3. Е.К. Хеннер, А.П. Шестаков. Информационно-коммуникационная компетентность учителя: структура, требования и система измерения. Информатика и образование
4. Б.Ә. Әбдікәрімова. «Жаңа ақпараттық технологияларды кредиттік оқыту жүйесі бойынша студенттің өздік жұмысын ұйымдастыруда қолдану» // ҚарМУ Хабаршысы: Педагогика сериясы. Қарағанды. №3. 2005. Б. 100-105.
5. Абылайхан С.М. Қазіргі педагогикалық технологиялар. Лекциялар жинағы. Қарағанды 2008ж.
6. Манабаева А.Ш., Абылайхан С.М., Алшынбаева Ж.Е. Қазіргі білім беру технологиялары. Оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды, Санатбаспасы, 2007, 80б.

ӘОЖ 371.351

Кудушева Н.А.¹, Токсанбаева А.А.²

¹Абай атындағы Қазақ ҰПУ¹, ²Қ.А.Яссауи атындағы № 123 мектеп- гимназиясы², Алматы қ.

ТҰЛҒАНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНДА АНЫҚТАЛУЫ

Өзін-өзі дамыту – бұл тұрақты түрде өз-өзімен жұмыс жасау, жеке қасиеттерді жетілдірудегі жаңа білімді өндіру. Бұл процесс өмірде табысқа жету үшін маңызды болып табылады. Өзіне сенімді болмау, үнемі өмірден қандай да бір соққы алу немесе белгілі бір арман-мақсатқа жете алмауға тосқауыл болатын тұлғаның өзін-өзі дамытуы болып табылады. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс», - деп Елбасы Н.Ә. Назарбаев айтып өткендей, әр адам үнемі дамып, жетіліп, үйреніп отыруы қажет [1].

Тұлғаның өзін-өзі дамытуы мәселесін зерттеудің теориялық базасын әр индивидтің сыртқы әсерлер арқылы дамуға ғана емес, сонымен қатар өзін жетілдіруге деген ішкі қабілеттері де бар деп есептейтін гуманистік психологияның көрнекті өкілдері А. Маслоу [2], К.Рождерс [3], Г. Олпорт[4] көзқарастары құрайды.

Тұлғаның өзін-өзі дамыту мәселесі Г.И. Метельскийдің тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін зерттеген еңбектерінде қарастырылады [5]. Ол өзінің тәжірибелік зерттеуінде тұлғаның өзін-өзі тану үрдімінде жинақталатын білімдер, қабілеттер және дағдылар жүйесі алуан түрлі педагогикалық міндеттерді шығармашылық тұрғыдан шешудің маңызды

шарттарының бірі екендігі туралы болжамды негіздейді. Педагогикалық шеберліктің алуан түрлі деңгейлеріндегі тұлғаның біраз тобын зерттей келе, ғалым олардың өзін-өзі дамытуындағы, өзінің даму үрдісі мен нәтижесінің, оның жетістіктері мен кемшіліктерінің ерекшеліктерін танудағы да өзекті айырмашылықтарды көрсетіп берді. Ғалым тұлға бойындағы рефлексияға, өзін-өзі дамытуға қабілеттіліктің дамуының үш сатысын жіктей келе, тұлға өз іс-әрекеттерінің ішкі бір бөлігін көріп-біліп, пайымдап, тек жекелеген жақтарына ғана түзетулер енгізу – төменгі деңгейге тән құбылыс екендігіне тоқталды.

Өзін өзі дамытуға қатысты ойларында Л.С. Сапожникова өзін-өзі жасауға аса қызығушылық танытпай, өз күш-жігерін жұмсамай жеке тұлғаның дамуына қол жеткізу мүмкін емес дейді. Жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдіруі оның дамуының көрсеткіші, ол жеке тұлғаның психикалық дамуының белгілі бір кезеңінде белсенділік пен дербестікті жүзеге асыру қажеттілігі ретінде пайда болатындығын атап өткен. Осы мәселеге қатысты ойды ғалым Л.И. Анцыферова: «Жеке адам өзінің ілгері қадам басуының жаңа мақсаттарын, жаңа мінсіздігін, жаңа өлшемдерін өзі жасаған кезде ғана даму шын мәнісінде орын алады», – десе, Д.И. Фельдштейннің пікірінше, жеке тұлғаның қалыптасуы – өзін-өзі айқындаудың, өзін-өзі көрсете алудың өзіндік беталысы, болашағы бар дамудың ерекше түрі болып табылады. Бұл жердегі түйінді ойлар даму әмбебап тектік жан иесі ретінде адамның негізгі қажеттілігін – өз аясынан асуды көрсетеді дегенге сайып келеді [6].

Ж.Ы. Намазбаева адамның әлеуметтік-саяси өзгерістерге дайын болуы, оның психикасындағы және мінез-құлқындағы «ішкі» және «сыртқы» факторларға байланыстылығы туралы пікірінде, адам психикасы нақты өмір шындығына тәуелді екендігіне тоқталады [7]. Оны есепке алмаудың тұлғаның жетілуіне қауіпті екендігіне назар аударады. Сондықтан қазіргі психология субъектінің ішкі белсенділігін зерттеуі тиіс, тек сонда ғана оның өзін-өзі ынталадырып, өзін-өзі жүзеге асыруы орын алады деген тұжырым жасайды.

Айтылған пікірлер «өзін-өзі дамыту» ұғымының өзіне тән сипаттамалары туралы: біріншіден, ол жеке тұлғаның педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік, физиологиялық, философиялық, т.б. сияқты жан-жақты үрдістері болып табылатындығы, екіншіден, бұл үрдістер негізінен жасампаздық мәнге ие екендігі, үшіншіден, олардың жеке тұлғаның барлық өрістерін қамтитын, қарама-қайшылыққа толы сандық және сапалық өлшемдері болатындығы жайында қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Өзін-өзі дамытудың мәнін біздің ойымызша, тұлғаның «дамуы» мен оның «өзін-өзі дамытуы» ұғымдарымен байланыста қарастырылуы тиіс. «Психологиялық» сөздікте «даму» мөлшерлік өзгерістердің белгілі бір өлшем шегінен шығып сапалық өзгерістерге айналуы делінсе, «тұлғаның дамуы» ұғымы жеке адамның әлеуметтенуі мен тәрбиесі нәтижесінде әлеуметтік қасиеті ретінде жеке тұлғаның қалыптасу үрдісі деп түсіндіріледі. Осы үрдістің барысында қалыптасатын қабілеттер мен қызметтер жеке тұлғаның бойында тарихи қалыптасқан адами қасиеттерді қайта жаңғыртады.

Даму мен өзін-өзі дамыту бір-бірінің қайнар көзі бола тұра, бірін-бірі байыта түседі. Өзін-өзі дамыту жеке тұлғаны билеп алып, өз нәтижелерінің белгілі бір деңгейіне қол жеткізе отырып, оқу мен тәрбие ықпалымен одан әрі дамудың ең жақсы немесе ең жаман алғышарттарын жасайды. Егер оқу мен тәрбие дамудан айтарлықтай озып, ең жақын даму өрісінде болса, олардың дамытпалы нәтижесі болатыны белгілі.

Бұдан шығар қорытынды: өзін-өзі дамыту – жеке тұлғаның бойында қайта қалпына келмейтін сапалық өзгерістердің оның өз еркіне байланысты орын алуы және жеке тұлғаның өз дамуына өзі жауап беруі. Бірақ бұл бірден жүзеге аспайды, ол жеке адамның дамуының белгілі бір кезеңінде орын алады. Баланың баршаға таныс «Мен өзім» деген сөзі өзін-өзі дамытудың бастауы болып табылады. Бірақ өзін-өзі дамыту қажеттілігінің жеке тұлғаның тұрақты қасиетіне айналуы үшін біршама уақыт қажет.

Жеке тұлғаның қалыптасуының бастапқы кезеңдерінде оның белсенділігі қарым-қатынас барысында ересектердің ықпалын қабылдауға даярлығы түрінде көрінеді. Бірақ өсе келе бұл даярлық өз мінез-құлқын өз бетінше реттей алатын жеке тұлғаның өзіндік

санасының даму қарқынына байланысты өзгеріске ұшырайды. Өзін-өзі дамыту үрдісі жеке тұлға өз алдына мұндай міндет қоймаған кезде де аяқ астында пайда болуы мүмкін. Оны жеке тұлғаның даму үрдісі дайындағандықтан, сол үрдістің қажетті кезеңі болып табылады.

Өзін-өзі дамыту - «субъект-субъект» бағдарындағы шығармашылық іс-әрекеттің ерекше түрі, ол «өзіндік» үрдістерінің тиімділігін нығайтуға және арттыруға бағытталған, олардың арасында жеке тұлғаның өзін-өзі тануы, өзін-өзі басқаруы, шығармашылықпен өзін-өзі айқындауы, шығармашылықпен өзін-өзі көрсетуі мен өзін-өзі жетілдіруі жүйе құрушы болып табылады. Төртіншіден, өзін-өзі дамыту жеке тұлғаның белсенді түрде өзіне-өзі ықпал етуі мен өз-өзімен әрекеттестігі кезінде орын алады.

Өзін-өзі дамыту - адамның ішкі дүниесінің өзгеріске ұшырауы. Бұл адамның өмір сүруі барысында, өз жеке тұлғасын айқындап, оның негізін қалап, өз болмысының мәнін түсіну арқасында жүзеге асады. Оған білім алу, басқа да танымдық әрекетпен айналысу сияқты сыртқы факторлар әсер етеді. Орта арнайы білімнің өзіндік жауапкершілігі бар іс-әрекет ретінде жеке тұлғалық қабылдау білім негізінде өзіндік негізін қалауға, кәсіби құзыреттілікке бағытталуы кәсіби мамандарды шығарудың шарты болып табылады.

Өзін-өзі дамыту арқылы жеке тұлға өз қабілетін жүзеге асырып, өзін-өзінің психикалық сапаларын жетілдіреді, соның нәтижесінде өзі өмір сүретін қоғамдастықтың өзіндік дамуына ықпал етіп, қоғамның мәдени-тарихи дамуына өз үлесін қосады. Сондықтан заманауи қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуде жас маманның жеке тұлғасының өзін-өзі дамытуының мәні аса зор. Педагогикалық жоғары оқу орындары алдында тұрған түлектердің мәдениеттің қарқынды дамуы жағдайында оқуға және өз бетінше жұмыс істеуге деген қабілеттерін қалыптастыру мен оны әрдайым жетілдіру міндеті әрқашан өзекті міндет болып қала береді.

Жеке тұлғаның қалыптасу үрдісі оның кіретін сан алуан әлеуметтік қатынастарында жүзеге асатындығы белгілі. Бұл қалыптасу ережелерін қоғам белгілеп қойса да, жеке адамның өз ойын білдіру, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі таныту, өзін-өзі айқындау, өзін-өзі көрсету қабілетінің маңызы зор. Ал өзін-өзі дамыту дегеніміз – жеке тұлғаның ішкі белсенділігі арқасында орын алған даму.

Өзін-өзі дамыту жүйесінде өзін-өзі ретке келтіріп отыруының маңызы зор. Тұлғаның өзін-өзі реттеуі (латын тілінен аударғанда белгілі бір ережеге бағыну) өзінің физикалық, психикалық жай-күйін және істерін басқара білуі болып табылады. Бұл – шаршағыштықты, абыржуды, күйзелісті азайту құралы, солқылдақтықты және қорқынышты жеңу, әрекеттің мотивтерін өзгерту, *көңіл-күйдегі* толқыныстарды қалпына келтіру тәсілі. Өзін-өзі реттеу арқылы адам өзін лайықты күйге келтіруіне болады, өзінің өзіне беретін ақыл кеңесін орындауға үйренеді. Өзін-өзі реттеу – жеке әрекеттің, ойлардың, себептердің, сезімдердің, көңіл-күйлердің жігерлі түрде өзгеруі. Оған өзін-өзі бақылау, өзін-өзі талдау мен бағалау, өзін-өзі детерминалдандыру арқылы толығымен үйренуге болады. Бұл ретте И.И. Чеснокова: «мінез- құлықты ретке келтіруде өзін-өзі реттеу үрдісі барлық кезеңінің өзегі болып табылады», – деген пікірімен қосыламыз.

Өзін-өзі ретке келтіру үрдісінде әлеуметтік өзара әрекеттестіктің әр түрлері жағдайларында өзін-өзі бағалау үздіксіз дамиды, түзетіледі, тереңдейді, сарапталады. Өзін-өзі бағалау адамның өзіндік көңіл-күйінің байқалуымен, жұмыстағы күмәнданғыштық және шексіз берілуге тікелей байланысты. Өзін-өзі бағалау адамның психофизиологиялық және психологиялық уайымдары, өмірлік тәжірибесі, туған кездегі болған қарым-қатынастар жүйесімен детерминалданады. М.М. Сеченев өзін-өзі бағалау мен көңіл-күй арасындағы байланыс жайында өз кезінде: балалық шақтағы көңіл күйден адамға өз сана актілеріне сыни көзқараста қарауға мүмкіндік беретін ересек жастағы өзіндік сана қалыптасатындығы туралы пікір білдірген .

Өзін-өзі бағалау мазмұны, тұлғаның күрделілігі мен көпқырлылығы сияқты. Ол оның моральдық, адамгершілік, құндылықтары, қарым-қатынас мүмкіндіктері әлемін қамтиды. Тұлғаның тұтас өзін-өзі бағалауы оның психикалық әлемінің әртүрлі қырларынан құралады. Шынайы, нақты өзін-өзі бағалау иллюзиялардан, орындалмаған армандардан құтқарып,

олардан бас тарттырып, қолдан келетін мәселелермен кәсәби тұрғыда айналысуға ұмтылдырады. Өзін-өзі бағалаудың болмауы тұлғаның өзін-өзі жоғалтуына әкеледі, ал өзін-өзі бағалауды сақтау ол өзіндік «менді», өзінің мәнін сақтау болып табылады. Адамның құндылықтары мен жауапкершілік, тәртіптілік сияқты сапалары оның басқаларды бағалауына негіз болады. Өзін-өзі бағалаудың қалыптасуына тұлғаға басқалардың беретін бағасы қатты әсер етеді. Өзін-өзі бағалау өте динамикалық, қозғалмалы қатынас болып табылып, жағдайға қарай өзгеріп тұрады. Кәсіби өзін-өзі бағалау тұлғаның өзіндік бағасымен байланысты. Өзін-өзі бағалаудың өсуі тұлғаның сенімділігін арттырады.

Өзін-өзі бағалау «Мен тұжырымдаманың» жүйекұраушы компоненті болып табылады. Адамның «Мен» бейнесі өзіне-өзінің бағасын сезіну және өзгелердің бағасының қатынасынан тұрады.

Қорыта келе, демократиялану мен ізгілендіруі, әлемдік кеңістікке кірігуге байланысты қоғамда жүріп жатқан тарихи үрдістердің негізгі кейіпкері, оларды тудырушысы да, іске асырушысы адам. Ал оның дамуы үшін психологиялық, әлеуметтің жағдайлардың жасалуы қаншалықты қажет болса, өзінің бұл жолда тынбай әрекет етуінің маңызы одан да жоғары. Ол жолда қателеспеу үшін әр адам өз «менін» айқындап, өзі туралы түсініктерінің болуы, болашағын бағдарлап, биік мақсаттар қоя алуы, оларға жетуде басқалармен әрекеттесе білуі, жаңашыл идеяларды қабылдай білуі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, Астана, 14 желтоқсан, 2012 жыл.
2. Маслоу А. Мотивация и личность. - СПб.: Питер, 2008. – С. 352.
3. Роджерс К.Р. Взгляд на психотерапию. Становление человека. - М.: Издательская группа Прогресс; Универс, 1994. - С.480.
4. Олпорт Г. Личность в психологии. М.: КСП; СПб: Ювента. При участии психологического центра “Ленато”, СПб, 1998. С. 103—112.
5. Метельский Г.И. Психологические особенности гностической деятельности учителя. - Л., 1980.– С.252.
6. Фельдштейн Д.И. Мир Детства в современном мире (проблемы и задачи исследования). - М.: Воронеж: МПСУ; Модек, 2013. — С. 335.
7. Намазбаева Ж.И. Жалпы психология, Оқулық,-А: Абай атындағы ҚазҰПУ, Психология институты,-2006

ӘОЖ 371.351

Момбиева Г.А.¹, Момбиева Ұ.А.²

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы,¹ М.Тынышпаев атындағы қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент колледжі²

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Тұлғаның әлеуметтік–психологиялық бейімделу мәселесі психология ғылымындағы және психология ғылымының басқа да аймағындағы күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Тұлғаның әлеуметтік–психологиялық мәселесі ауқымды түрде теориялық және қолданбалы маңызды иеленеді. Адамды қоғамға, әлеуметтік топқа және ұжымға енгізудегі, адам мен әлеуметтік тәжірибені меңгеру механизмінде, қарым–қатынас және мәдени тәжірибелерге бейімделу және әлеуметтену процесі маңызды механизм болып табылады.

Кез келген қоғамның қандай болуы оны құраушы субъектілердің күш-жігеріне байланысты. Қазіргі ғылыми әдебиеттерде, әлеуметтік-гуманистік ғылымда жастар мәселесі ауқымды орынға ие. Соңғы жылдары жүргізілген түрлі әлеуметтік, психологиялық

зерттеулер жастар бойында жалпы құндылық, нормативті дағдарыстың бар екенін көрсетіп отыр. Қазіргі өзгермелі қоғам жағдайында, күрделі эконномикалық және саяси өзгерістер жастарға ғана емес, жалпы адам психикасына елеулі әсер ететіні белгілі. Осыған байланысты адамның әлеуметтенуін зерттеу адам мен оны қоршаған орта қатынасының динамикасын күшейтетін факторлардың өсуімен, қоғамның адамға қоятын талаптарының көбеюімен, сондай-ақ психология ғылымының негізгі зерттеу объектісі – тұлға, оның қалыптасуы мен дамуы мәселесінің маңыздылығымен байланысты ерекше аukumды орын алып отыр.

Тұлғаның әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерінің қалыптасуына әсер ететін қарым-қатынас, таным, еңбек деп қарастырылатындықтан әлеуметтену тұлға дамуының үрдісі ретіндегі үш негізгі аймақтың ортақ мінездемесі болып, индивидтің сыртқы ортамен әлеуметтік байланысын кеңейту болып табылады. А.Н.Леонтьевтің пайымдауынша, адам әлеуметтенудің бүкіл үрдісінде көптеген іс-әрекет түрлерімен айналысады. Мұнда үш негізгі маңызды үрдіс өтіледі. Біріншіден, бұл әр іс-әрекет түрінде болатын және оның түрлері арасындағы байланыс жүйесінде бағдар болады. Ол әр тұлға үшін маңызды іс-әрекет аспектісін анықтауы, игеруі болып табылады. Осындай бағдардың жемісі ретінде іс-әрекетті тұлғалық таңдау деп атауға болады. Оның негізінде екінші үрдіс туындайды, яғни - негізгі таңдалған іс-әрекет төңірегінде орталықтану және басқаларды оған бағынышты ету. Үшіншіден, іс-әрекетті жүзеге асыру барысында тұлға жаңа рөлдерді, олардың мәнділігін игереді. Осындай жаңартулардың қысқаша мәнін іс-әрекет жүйесіндегі дамушы индуктивті көрсетуде оның іс-әрекет субъектісі ретіндегі мүмкіндіктерінің кенею үрдісі айқындалады. Өкінішке орай, оның психологиялық аспектісі жағынан зерттеу мәліметтері аз [1].

Психологияда бейімдеу тұлғаның ішкі күйінің қоршаған орта мен үйлесуі ретінде анықталады. Бейімдеуді күзетуші өзгертулер организмнің барлық деңгейлеріне әсер етеді, яғни молекулалықтан іс-әрекетті психологиялық «регуляциялауға» дейін. Психологиялық бейімделу құрылымына танымдық, эмоционалды-еріктік, мотивациялық және практикалық аспектілер енеді. Оның тиімділігі тұлғаның өзін қабылдауының және өзінің әлеуметтік байланыстарының теңдігіне тәуелді болады.

Бобнева М.И. «Әлеуметтену мен әлеуметтік-психологиялық бейімделу процесі тығыз өзара байланысқан деп көрсетеді. Психологиялық механизмдер, бейімделу процесінде тұлғаның әлеуметтік орта мен өзара әрекет етуін жеке алғанда, жанама түрде тұлғаның мотивациялық құрылымы, психикалық құрылымы, кейбір даралық ерекшеліктер индивидтің әлеуметтеу процесінде әлеуметтік жағдайдың әсерімен құрылады. Тұлғаның әлеуметтенуі, тұлғаның қоғамда, нақты бір ұжымда бейімделуі үшін қажетті жағдай болып табылады» деп тұжырымдайды [2].

Әлеуметтік-психологиялық бейімделу түсінігін қысқаша қарастыратын болсақ, жеке адам мен топтың өз ара қатынасының жағдайын жеке адам созылмалы емес ішкі және сыртқы қақтығыстарсыз басты әрекетке сәтті қосылуы, негізгі социогенді қажеттіліктерді қанағаттандыруы, оның топ ұсынатын рөлдік күтілімдеріне қарсы шығуы, өзінің ісін көрсету және шығармашылық қабілеттерін еркін көрсету жағдайы әлеуметтік-психологиялық бейімделу деп аталады.

Бейімделу үдерісін студенттің топпен, әртүрлі мәдениет өкілдерімен және бейімделу топтарының өзгеруімен ұзақ уақыт байланыста болудың тікелей нәтижесі ретінде түсіне отырып, біз үшін психологиялық бейімделу тиімділігінің көрінісі қызығушылық туғызады, яғни студент психологиясында жаңа психикалық үлгілерді (жекелеген психикалық үдерістерден тұлғалық қасиеттерге дейін) құндылық бағдарларының өзгеруі ретінде (өзінің міндетін ой елегінен өткізу, қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершіліктің пайда болуы, адамгершілік жетілуге тұрақты түрде ұмтылу), индивидтің жаңа әлеуметтік қондырғылары, рөлдік мінез-құлықтары ретінде (қоғамдық, экономикалық, оқу-тәрбие, кәсіби, құқықтық және т.б. қатынастарға енуі) көру мүмкіндігін береді. С.С.Гиль атап көрсеткендей, практиктер арасында нақты әлеуметтік орта бейімделу үдерісін өз қорларымен және тұлғалық өсуді тек өз мүмкіндіктерімен қамтамасыз етеді деген түсінік жоқ, жас адам оларды өз дамуында қолдануы мүмкін, тек сонан соң ғана осы жүкпен ары қарай өседі.

Сондықтан бұл жол, өміршең және әлеуметтік кеңістік, «жас адамның осы жолда қозғалуын мүмкін ету үшін, баспалдақ тәріздес ұйымдастыру, құрылымдау» қажет. Әдетте, бейімделудің сыртқы қырын ерекше атайды, ол ауыл жастарының жаңа ортадағы әлеуметтік және мәдени өмірге белсенді түрде қатысуы барысында, оның мүшелерімен толыққанды тұлғааралық әрекеттесуде және өмірдің толықтығы мен қанағаттанарлық сезімде көрінетін оның ішкі қырында көрініс табады. Бейімделудің табысты өтуі нәтижесінде студент жаңа мәдени ортаға, ЖОО-ғы немесе колледждегі оқу-тәрбие үдерісіне үйлесіп, сәйкестеніп қана қоймай, оның дәстүрлерін, ерекшелік түрін қабылдайды және осыған сәйкес әрекет етеді [3].

Студенттік кезең негізінен 18-22 жас аралығында өтеді. ЖОО-ғы оқу мерзімі жеткіншек жасының екінші кезеңімен немесе ер жетудің бірінші кезеңімен сай келеді, бұл кезең тұлғалық сипаттың қалыптаса бастау күрделілігімен ерекшеленеді, яғни адам өміріндегі ерекше кезең болып табылады. Студенттік кезеңнің проблемаларын көптеген зерттеулерден алынған мәліметтер (Б.Г.Ананьев, В.А.Сластенин, В.А.Якунин, А.А.Реан, И.А.Зимняя және т.б.) студентті психологиялық-педагогикалық ұстаным (позиция) тұрғысында оқу-тәрбие іс-әрекеттерінің ерекше субъектісі ретінде сипаттау мүмкіндігін береді. Студент мотивтің (түрткінің) екі түрімен: жетістікке жету мотиві мен танымдық мотивпен сипатталатын оқу-тәрбие іс-әрекетінің субъектісі ретінде алға шығарылады.

Студентті оқу-тәрбие іс-әрекетінің субъектісі ретінде қалыптастыру педагогикалық іс-әрекеттің аспектілерінің бірі және жауапты психологиялық-педагогикалық міндет болып табылады. Мәселенің бұлайша қойылуы студенттің табысты оқуы үшін қажетті оқу тәрбие әрекеттерін, нақты оқу материалында оларды орындау бағдарламасын және оларды қалыптастыру бойынша жаттығуларды айқын ұйымдастыруды анықтауды талап етеді. Бұл жағдайда ЖОО немесе колледж оқытушысының педагогикалық іс-әрекетінің мазмұндық аспектісін пәндік, метапәндік және көппәндік ретінде қарастырған жөн, мұның негізінде шетелдік студенттің жаңа құндылық бағдардың, оның мотивацияларының қалыптасуы, әлемге көзқарасын қалыптастыру және осы әлемдегі өзінің орнын анықтау жатыр. Зерттеушілер субъективті-психологиялық жаңа білім беруді оқытудың мазмұны мен процедураларын ұйымдастыру нәтижесі ретінде түсінудің мүмкіндіктерін атап көрсетеді.

Студент атану - жас адамда өз қабілет, мүмкіндіктеріне сенімін нығайтады, толыққанды және қызықты өмірге үмітін жалғайды. Сонымен қатар екінші және үшінші курстарда оқу орнын, мамандықты, кәсіпті таңдаудың дұрыстығы туралы сұрақтың кездесуі де жиі байқалады. Үшінші курстың аяғына қарай кәсіби өзіндік анықталу туралы толық шешіледі. Бірақ та, осы уақытта келешекте мамандық бойынша жұмыс жасаудан бас тарту сияқты шешімдер де қабылданады. В.Т.Лисовскиймен берілген мәліметтерге сүйенсек Ленинградтық төрт үлкен жоғарғы оқу орындарының тек 64% жоғары курс студенттері өздері үшін олардың болашақ кәсіптері олардың негізгі бейімділіктері мен қызығушылықтарына сәйкес келеді деп шешкен. Студенттердің көңіл-күйлеріндегі өзгерістердің жиілігі байқалады – оқу алғашқы айларындағы тамашалаудан оқу ортадағы тәртіп, оқыту жүйелері, жекелей оқытушыларды скептикалық бағалауы [4].

Адамның кәсіби таңдауын кездейсоқ факторлар анықтап жататыны жиі кездеседі. Бұл құбылыс әсіресе оқу орнын таңдауда келеңсіз, себебі бұндай қателіктер қоғамға және жеке адамға мәнді зиян келтіреді. Сондықтан да жоғарғы мектепке немесе колледжге түсуші жас адамдармен кәсіби бағдар беру жұмысын жүргізу өте маңызды. Жоғарғы оқу орнында оқытылатын қандай да бір кәсіпті меңгеру үшін, қажетті қабілеттерді анықтау үшін профиограммалардың күйі бұрынғы сипаттамасы талап етіледі. Адам психикасына ұсынылатын профиограмманың талаптарына сәйкес үш деңгейді көрсетеді:

- 1) абсолютті қажетті;
- 2) салыстырмалы қажетті;
- 3) қалаулы

Осы профиограммаларды қолдану жақсы нәтижелерді береді.

Студенттің табысты іс-әрекетіне қажетті жағдай ішкі дискомфортты сезінуді жоғалтатын және қоршаған ортамен қайшылықтың болуының алдын алу. Ол үшін таңсық

болған оқу орнындағы оқу ерекшеліктерін меңгеру болып табылады. Алғашқы курстарда студенттік ұғым пайда болады, ақыл-ой әрекетінің ұжымдастырудың дағды-үйреністері қалыптасады, таңдалған кәсіпке сәйкестік сезіледі, тұрмыстың бос уақыттың және еңбектің оптималды тәртібі жасалынады, жеке адамның кәсіби мәнді қасиеттеріне өзіндік тәрбиелеу мен өзіндік жасалулар бойынша жұмыс жүйелі түрде орнығады.

Бірінші курстардың оқу орнына бейімделу үрдісіне орай жүргізілген көптеген зерттеулер келесідей негізгі қиындықтарға жіктеледі екен: кешегі мектептің ұжымындағы оқушылардың оның өзара көмегі мен моральдік қалауының кетуімен байланысты жағымсыз күйзелістер; кәсіпті таңдаудағы мотивацияның белгісіздігі, оған жеткіліксіз психологиялық даярлық, мінез-құлық пен іс-әрекетті психологиялық өзіндік реттей алмаушылық, оның күнделікті бақылауға ашылуын педагогтардың талап етуі, жаңа жағдайда еңбек пен демалыстың оптималды тәртібін қарастырып іздеу жұмыс пен өзіндік қызметті реттеу, әсіресе үй жағдайынан жатақханаға ауысу кезінде, соңғысы өзіндік жұмысқа дағдының болмауы, конспект жасай алмау, алғашқы еңбек көздерімен, сөздіктермен, анықтама сілтемелермен жұмыс жасай алмаушылық. Барлық осы қиыншылықтар өзінің шығуына байланысты әр түрлі. Оның кейбіреулері объективті құрыла алмайтын, енді біреулері субъективті сипатта және де әлсіз даярлықпен, мектеп және жанұя тәрбиесіндегі ақаулармен байланысты.

Студенттердің оқу орнына бейімделуі Е.В.Старовойтенко бойынша келесідей жіктеледі:

а) кәсіби бейімделу, оқу үрдісінің мазмұны, сипаты, жағдайлары мен ұжымдастырылуына икемделу, оқыту және ғылыми өзбеттілік дағдыларының жасалуы;

б) әлеуметтік-психологиялық бейімделу – индивидтің топқа, онымен өзара қарым-қатынасқа икемделуі, өзіне тән мінез-құлық стилінің анықталуы.

Басқаша айтсақ, «бейімделу қабілет – ешқандай ішкі дискомфортты сезінбей және қоршаған орта мен қарама-қайшылықсыз адамның қоршаған ортаның әлеуметтік, физикалық, әр түрлі талаптарына бейімделе алу қабілеті». Бейімделу – бұл белсенді іс-әрекеттің алғы шарты және оның тиімділігінің қажетті шарты. Бұдан индивидтің қандай да бір әлеуметтік рөлінің жақсы қызмет етуі үшін бейімделудің жағымды маңызы көрінеді [5].

Зерттеушілер бірінші курс студенттерінің оқу орнының жағдайына бейімделуінің үш түрін көрсетеді:

1) формальды бейімделу, студенттердің жаңа ортаға, жоғарғы мектеп құрылымына, ондағы оқыту мазмұнына және оның талаптарына қатысты;

2) қоғамдық бейімделу, яғни, бірінші курс студенттерінің топтық ішкі бірігуі және жалпы алғанда топтардың басқа студенттермен қосылу үрдісі;

3) Дидактикалық бейімделу, жоғарғы мектепте студенттердің оқыту жұмыстарының түрлері мен әдістеріне байланысты бейімделу.

Көпшілік бірінші курс студенттері кеше ғана мектептегі мұғалімдерінің назары мен қамқорлығын сезінген олар оқу орны жағдайында алғашында дискомфортты сезінеді. Оларды жоғарғы оқу орнындағы жаңа іс-әрекеттері – ол жауапкершілікті тәуелді қатынастардың сапалы өзгеше жүйесі. Онда ең бірінші орынға өз мінез-құлқын өз бетімен реттеу қажеттілігін, өз ісі мен тұрмысының ұйымында бостандық дәрежесінің болуы қойылады.

Сонымен, қорыта келгенде, әр студенттің бейімделу үрдісі әр түрлі жүреді. Еңбек стажы бар жас адамдар студенттік өмірмен тұрмысқа жеңіл және тез бейімделеді, ал кешегі оқушылар – академиялық жұмысқа жақсы бейім. Студенттік топтың міндеті – жалпы оптималды іс-әрекет үшін жағдай жасау.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Леонтьев А.Н. Избранные психологические произведения: в 2 т. Т. 1 - М., 1983. - 286 с.
2. Психологический механизм регуляции социального поведения / Отв. ред. М.И.Бобнева, Е.В.Шорохова. - М.: - Наука, 1978. - 311с.

3. Гиль С.С. Изучение проблемы самореализации личности в процессе подготовки социальных педагогов в многоуровневой системе педагогического образования /С.С. Гиль // Многоуровневое педагогическое образование. - Вып. №6.- Омск: Изд-во ОмГПУ, 1996. - С.142-147.
4. Лисовский В.Т. Ключевые принципы социальной защиты молодежи / В.Т. Лисовский // Социальная работа. - 1994. - №1, - С, 57-59.
5. Старовойтенко Е.В. Культурная психология личности: монография / Е.В. Старовойтенко, - М.: Академический проект; Гаудеамус, 2007. -160 с.

УДК: 376,3

Омар Б.С.

КГКП я/с №53 «Алмагуль», г.Караганда

СОЦИАЛЬНАЯ АДАПТАЦИЯ ДОШКОЛЬНИКОВ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ СРЕДСТВАМИ ЛЕКТЕКИ

В современных социально-политических условиях в нашем государстве первостепенными стали задачи построения новых отношений между личностью, обществом и государством. Одной из современных и эффективных форм социализации детей дошкольного возраста с особыми образовательными потребностями (ООП) является лекотека.

В лекотеке нашей дошкольной организации коррекционно-развивающие занятия проводятся с детьми с нарушением речи и зрения, дети с ЗПР, с синдромом Дауна, ранним детским аутизмом, после кохлеарной имплантации, с множественными нарушениями, с детьми, имеющими разное состояние здоровья, разный уровень развития.

Каждого особого ребенка обследует команда специалистов, которые могут оказать ему коррекционную помощь. После проведения командной оценки, специалисты лекотеки (дефектолог, логопед, психолог, тифлопедагог и др.) составляют индивидуальную развивающую программу (ИРП), опираясь на сильные стороны в развитии ребенка, на его возможности и потребности.

ИРП строится на основе современных программ для детей с особыми образовательными потребностями, утвержденных Министерством образования и науки РК. Кроме этих специальных программ, специалистами нашей дошкольной организации были разработаны адаптивные программы для работы с детьми с ООП, которые помогают повысить качество коррекционной работы.

Основными видами работы с ребенком в лекотеке являются индивидуальные и групповые занятия. Все занятия с детьми проходят в игровой форме, так как игра, по мнению Д.Б. Эльконина, представляет собой важнейшую и эффективную форму социализации ребенка, обеспечивающую освоение мира человеческих отношений [6].

Индивидуальные занятия направлены на развитие и поддержку способностей ребенка в соответствии с его возможностями, и планируются с учетом зоны его ближайшего развития. Для того, чтобы ребенок легче адаптировался к новой обстановке и новой деятельности, чувствовал себя в безопасности, индивидуальные занятия обычно проводятся в присутствии родителей. Родители становятся участниками игры, знакомятся с новыми методами и формами работы с ребенком. После занятия родителям выдается домашнее задание с рекомендациями по отработке полученных навыков в играх дома.

С целью формирования навыков социального поведения проводятся групповые занятия. Общение с другими детьми дает ребенку с ООП новые впечатления. Ребенок учится доброжелательно относиться к сверстникам, играть и заниматься вместе со всеми, у него начинают развиваться навыки совместной игры. Учитывая повышенную утомляемость, неустойчивость внимания детей с ООП в течение всего занятия педагог меняет виды

деятельности. Характер и объем учебного и игрового материала, применяемого на занятии, обязательно адаптируется специалистами лекотеки к возможностям каждого ребёнка на данный момент [3].

Для повышения интереса детей при планировании коррекционных занятий специалисты лекотеки широко используют элементы авторских методик М. Монтессори, Глена Домана, Никитина, Х. Кюизенера.

Методы Монтессори-педагогике оптимально подходят для ребенка с любым уровнем умственного, психического, речевого развития, поскольку реализуют индивидуальность в обучении. Так, выполняя упражнения в практической жизни дети учатся ухаживать за собой, своими вещами и окружающей обстановкой. Используя рамки с застежками (пуговицы, кнопки, молнии, пряжки, шнурки, банты) дети упражняются в умении самостоятельно одеваться и застегивать пуговицы и ремни, обуваться, завязывать шнурки. Упражнения по уходу за окружающей средой (вытирание пыли, сметание со стола, мытье посуды, стирка кукольного белья и т.д.) помогают ребенку с ОВР научиться соблюдать чистоту, аккуратно обращаться с вещами, убирать их на место.

Подобные упражнения М. Монтессори развивают не только память, внимание, волю, но и не менее важны для социального развития ребенка с ограниченными возможностями и в первую очередь для формирования у него навыков социального поведения, ознакомления с культурой поведения в обществе, обучения навыкам повседневной деятельности и личной гигиены.

С материалом М. Монтессори по сенсорному развитию педагоги организуют различные игры и упражнения. Так, игры с розовой башней способствуют развитию глазомера, знакомят ребенка с понятиями «большой-маленький». Игры с цветными табличками «Найди пару», «Зажги огоньки в доме», «Разноцветные дорожки» развивают зрительные функции цветоразличения основных цветов спектра и их оттенков. Действуя с «Геометрическим комодом», ребенок знакомится с плоскостными геометрическими фигурами, учится методом проб и ошибок заполнять прорези соответствующими по форме фигурами, составлять пары одинаковых по форме и размеру фигур. Упражнения с «шершавыми табличками» способствуют развитию у детей осязания и тактильного восприятия. Также развитию осязания и мелкой моторики рук способствуют игры на сортировку предметов (орехи, пуговицы, шарики и т. д.). В игре «Волшебный мешочек» - дети развивают умение узнавать на ощупь предметы и определять материал, из которого они сделаны [1].

Самостоятельная работа с материалами М. Монтессори позволяет детям стать более независимыми, самостоятельными и адаптированными, что просто жизненно важно для детей с проблемами в развитии.

Методика Х. Кюизенера, элементы которой используются педагогами лекотеки в работе с детьми с ООП, универсальна, она не вступает в противоречие ни с одной из существующих методик, а наоборот, удачно их дополняет. Палочки Х. Кюизенера просты и понятны детям, упражнения с ними предлагаются детям в игровой форме [4]. Подбор упражнений осуществляется с учетом возможности детей, уровня их развития. Использование в работе палочек Х. Кюизенера помогает сформировать у ребенка с ОВР представление о цвете, длине, ширине, высоте, научить сравнивать и измерять предметы. В дополнение к набору палочек Х. Кюизенера мы используем альбомы для детей младшего и старшего дошкольного возраста «Волшебные дорожки», «На золотом крыльце» и др. В альбомах подобраны игры, которые научат ребенка различать цвет, сравнивать предметы по величине, ориентироваться на плоскости, познакомит с понятиями «одинаковые» и «разные». Очень нравится детям игра «Дорисуй картинку». На цветной схематичный рисунок из альбомов дети накладывают подходящие по величине и по цвету палочки. Рисунок становится объемным, появляются заборчики, дорожки, домики, как бы оживают сказочные персонажи, животные, птицы и цветы.

Для интеллектуального развития успешно используем кубики Никитина. Данная методика подразумевает подачу обучающего материала в игровой форме. Упражнения, которые педагоги предлагают выполнять при помощи кубиков, легко изменяются, подстраиваясь под индивидуальный уровень развития каждого ребенка. Дети с удовольствием конструируют из кубиков башни, поезд, собаку с опорой на образец, или придумывают свои постройки. Особенно ценным является то, что игры с кубиками Никитина рассчитаны на совместную игру детей вместе с родителями. Принимая активное участие в играх ребенка, родители, воспитывающие ребенка с ОВР, начинают лучше понимать своего ребенка и взаимодействовать с ним.

Оптимизировать педагогический процесс, индивидуализировать обучение детей с ООП, и значительно повысить эффективность педагогической деятельности помогает педагогам лекотеки использование компьютерных технологий. Разработанные на основе методики Глена Домана компьютерные обучающие пособия «Умница», «Гений с пеленок» и «Интеллектуал», позволяют детям с ОВР легко усвоить большой объем информации об окружающем мире животных и растений, предметах и их назначении с помощью иллюстраций, фотографий, рисунков, которые очень точно, реалистично и доступно отображают объекты окружающего мира. Они демонстрируются изолированно, изображения не перегружены лишними деталями, доступны для восприятия детьми с ООП.

Программа работы с использованием компьютерных пособий «Умница», «Гений с пеленок» и «Интеллектуал» состоит из 2-х этапов. На первом этапе педагоги просто знакомят ребенка с предметом. На экране появляется надпись, затем изображение и озвучивание названия предмета или явления. На втором этапе ребенку в доступной форме сообщается новая, постепенно усложняющаяся от ступени к ступени информация о предмете или явлении. Следует отметить, что информация на диске – это не единственно правильный вариант. Эту информацию педагог подбирает в соответствии с возрастом, возможностями и интересами каждого ребенка, посещающего Лекотеку, а также в соответствии с задачами, которые он ставит на занятии.

Практика работы с детьми с ОВР показала, что использование компьютерных игр или мультимедийных презентаций, как на индивидуальных, так и групповых занятиях, позволяют сделать их эмоционально окрашенными, привлекательными, вызывают у ребенка живой интерес, являются прекрасным наглядным пособием и демонстрационным материалом. В лекотеке успешно функционирует медиатека. Здесь имеются разработанные педагогами презентации по всем лексическим темам, они озвучены сказками, стихами, динамическими паузами по теме.

Апробированные педагогами компьютерные игры («Компьютер для малышей», «Планета чисел для малышей», «Занимательная арифметика», «Занимательная геометрия», «Времена года», «Уроки тетюшки Совы», «Лесная школа») в сочетании с традиционными методами способствует быстрой адаптации детей, повышают их интерес к коррекционным занятиям, преодолению имеющихся проблем в развитии детей. У детей появляется заинтересованность в занятиях, они лучше воспринимают и усваивают материал, увеличивается речевая активность, совершенствуются навыки общения с другими детьми и взрослыми.

Широко в системе психокоррекционной помощи специалисты лекотеки используют разные виды арттерапии: музыкотерапия, изотерапия, имаготерапия, пескотерапия, эманотерапия, которые способствуют социальной адаптации ребенка с проблемами в развитии. Применение той или иной арттерапевтической техники определяется вариантом и характером имеющегося у ребенка нарушения [5].

Арттерапия применяется в работе со всеми детьми, посещающими лекотеку независимо от их диагноза. Изобразительная деятельность с использованием нетрадиционных техник является своеобразным средством коррекции эмоционально-волевой сферы. В работе с детьми используются такие нетрадиционные технологии как хеппинг - пальчиковая живопись, ниткопись, кляксография, монотипия, рисование на мокрой

бумаге, обрывная аппликация, рисование по трафарету и с помощью печаток и оттисков. Также большие возможности для развития детей с ОВР предоставляет использование техники пластилинография и тестопластика - создание объёмных или рельефных фигур, картин и даже целых композиций из пластилина и солёного теста. Во время лепки у детей развивается тонкая моторика пальцев, воображение, дети приобретают новый сенсорный опыт.

С большим удовольствием дети занимаются в оркестре шумовых музыкальных инструментов «Музыкальный шанырак». В оркестре дети не только обучаются игре на музыкальных инструментах, дети прежде всего учатся общаться по-новому. У них появляется ответственность за правильное исполнение своей партии, собранность, сосредоточенность. Оркестр объединяет детей, воспитывает волю, помогает преодолеть нерешительность, робость, неуверенность в своих силах.

Значительное место в коррекционной работе с детьми с ОВР занимают праздники и развлечения. Красота обстановки, торжественность музыки, общее приподнятое настроение – все это делает праздники эмоционально насыщенными. Все дети принимают активное участие в празднике, каждый из них имеет возможность показать, на что он способен, и почувствовать себя равноправным в атмосфере общей радости.

Вовлечение семьи в процесс развития ребёнка, поиск ресурсных возможностей внутри семьи — одна из важнейших задач Лекотеки. Важно отметить, что вся коррекционная работа в Лекотеке проводится совместно с родителями воспитанников и планируется так, чтобы родители были не пассивными наблюдателями, а активными участниками процесса. Такое сотрудничество со специалистами Лекотеки помогает родителям, применять полученные знания и умения в воспитании своих детей дома и принять ребёнка таким, какой он есть. В результате конструктивной работы родители вырабатывают позитивные установки по отношению к себе, своему ребёнку, что позволяет им формировать у него такие навыки, которые помогут адаптироваться и семье, и ребёнку[3].

За время посещения Лекотеки произошли позитивные изменения в развитии детей. У детей повысилась социальная активность, уменьшился страх чужих людей, дети стали более эмоциональными, у них повысилась самостоятельность в разных видах деятельности, повысилась степень общительности, расширился словарный запас, улучшилась координация движений и навыки самообслуживания. Все родители положительно отзываются о качестве коррекционных занятий специалистов лекотеки, указывают на эффективность развития социализации детей благодаря расширению границ общения.

ЛИТЕРАТУРА

1. Абрамова Г.Б. Уроки Монтессори // Коррекционная педагогика: методика обучения и воспитания детей с нарушением развития. – 2012.- №1.- С.5-7.
2. Бахметьев А. Говорящая ручка «Знаток». ООО «Знаток плюс»
3. Ильина, С.К. Лекотека в ДОУ. // Воспитание и обучение детей с проблемами в развитии. - 2011.- № 6.- С.12-15.
4. Киселёва Т.Ю. Умные кубики // Дошкольное воспитание.- 2013.- С. 32-34.
5. Леонидова М.Т. Развиваем малышей // Дошкольное образование в Казахстане.- 2014.- С.19-21.
6. Эльконин, Д.Б. Психология игры. - 2-е изд. – М.: Гуманит. изд. Центр ВЛАДОС, 2007. – с. 234.

К ИСПОЛЬЗОВАНИЮ ТРЕНДОВ ДИНАМИЧЕСКИХ РЯДОВ ДЛЯ ПРОГНОЗИРОВАНИЯ, РЕШЕНИЯ ЗАДАЧ УПРАВЛЕНИЯ ПЕРСОНАЛОМ УЧЕБНОГО ЗАВЕДЕНИЯ

Как известно, в современных условиях воздействия внутренних и внешних переменных факторов, влекущих за собой повсеместные изменения, в том числе в экономике, менеджеры ВУЗа должны предугадывать изменения и их влияние на результаты работы с тем, чтобы адекватно на них реагировать. Одним из методов, позволяющих решить такую задачу, является прогнозирование, представляющее собой предсказание будущего, которое опирается на накопленный опыт и текущие предположения относительно будущего. Ко всему, прогнозирование является одной из важнейших функций управления персоналом [1,2].

Первостепенную роль в прогнозировании играют статистические методы. При этом важное место и значение занимают динамические ряды. Для их описания требуется определенная модель. Модели отличаются большим разнообразием, из которых наиболее распространенными являются экономикоматематические.

Прогнозированию, как и любому другому процессу с использованием динамических рядов, присущ алгоритм, который включает следующие шаги:

1. Выбор совокупности моделей динамических рядов.
2. Оценка конкретной модели (в рамках совокупности), которая позволяет получить искусственные данные, отвечающие важнейшим характеристикам анализируемого ряда.
3. Представление прогноза ожидаемого значения будущего поведения модели, для которой сделана оценка.

Границами прогноза являются доверительные интервалы и при условии, если используемая модель корректная, будущее наблюдение с вероятностью, например, 95%, попадет в эти границы [1,3].

При анализе динамического ряда, используются различные методы и подходы в прогнозировании. В данной работе кратко дано как теоретическое описание основных методов анализа трендов динамических рядов, так и их практическое воплощение.

Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, мұғалім тек қана білімді алып жүруші ғана емес, сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Осыған орай сабақ беру үрдісінде кәзіргі күннің, яғни инновациялық әдістерді оқытудың интерактивті оқыту моделі болып табылады.

Көптеген жаңашыл әдістер интерактивті оқыту әдістемесімен тығыз байланысты. «Интерактив» сөзі «interact» (ағылшын тілінен алынған), «inter»-үйлесімді, «act»-қимылдау. Интерактивті оқыту-бұл алдымен, диалогтық оқыту. Диалог дәстүрлі оқыту әдістерінде де қолданылады, бірақ тек «мұғалім-оқушы» бағытында немесе «мұғалім-сынып» бағытында жүреді. Ал интерактивті оқыту әдістемесі бірнеше бағытта: «оқушы-оқушы» (жұппен жұмыс

істеу), «оқушы-сынып» (топпен жұмыс істеу), «оқушы-аудитория» (презентация), «оқушы-компьютер», т.б.

Интерактивті оқыту-бұл бүкіл сынып оқушылары таным үрдісінде қатынасқан және оқушылардың білгендері мен ойлағандарын жеткізуге мүмкіндік алатын оқу үрдісі, таным қызмет түрі. Таным үрдісінде әрбір оқушы бірігіп жұмыс істей отырып, өзінің жеке үлесін қосудан қатар, біліммен, идеямен, іс-әрекет қабілетімен алмасу жүреді. Мұнда оқушылар тек қана жаңа білім алып қана қоймай, коммуникативті біліктілігін арттыра алады: өзгенің пікірін тыңдай білу, әр түрлі айтылған ойларды саралай және бағалай білу, дискуссияға түсу және т.б.

Сабақ кезінде оқушылардың өзара және оқушы мен мұғалімнің арасында қатынастың мейлінше көп болуын оқытудың және білім берудің интерактивті әдісі деп атайды. Интерактивті әдістің мақсаты жай ақпарат беріп қана қоймай, оқушыларды өздіктерінен жауап іздеуге бейімдеу. Интерактивті әдістеме кең ауқымды мақсаттар мен арақатынас түрлерін қамтиды. Алайда қандай әдістеме қолдансаңыз да негізгі бөлімнің көзі оқушылардың өмірлік тәжірибесінде. Білім беру үрдісінде оқушылар мынадай адамдармен өзара қатынаста болады:

1. мұғаліммен (оқушы мұғалімнің сұрағына жауап бергенде);
2. шақырылған адамдармен (ата-аналар, басқа ұйым өкілдері, немесе сыныптың өзі қандай да бір ұйымдар мен адамдарға баруы мүмкін);
3. басқа оқушылармен (жұппен жұмыс істеу);
4. шағын топпен (3-5 оқушы);
5. үлкен топпен (көбінесе әртүрлі рөлдік ойындар, пікірсайыстар, сыныптағы пікірталас т.б.);
6. оқушылар тобымен және халықпен (топ әлеуметтік сұраулар алады.);
7. кейбір техника түрлерімен (компьютермен).

Интерактивті әдісті қолданатын мұғалімдер дәл осы өзара қатынас үрдісінде білім беру нәтижелі болады деп сенеді. Олардың ойынша, оқушылар тек осылай тез үйреніп, пікірталас кезінде білгенерін есте сақтай алады деп есептейді. Бұл мынадай себептерге байланысты:

- Оқушылар ақпарат алып қана қоймай, шешімді табу жолы мен шешімнің дұрстығын немесе бұл ойдың ұсынылған нұсқаларының ішіндегі ең жақсысы екендігін қисынды түсіндіре білулері, және өз ойларын дәлелдеулері керек;
- Қисынсыз құрылған шешімдер дау туғызатынын білетіндіктен оқушылар өздерінің идеяларын терең талқылайды.
- Оқушылар мәселені шешу барысында өздерінің және басқалардың тәжірибелерін қолданады. Мұндай жалпы білім қоры жеке оқушының біліміне қарағанда молырақ келеді.
- Мұғалім де оқушылардан кейбір нәрселерді біліп, үйрене алады.

Жұптасып немесе шағын топпен жұмыс істеу қарым-қатынасының артықшылығы:

1) оқушылар сынып алдында айта алмағандарын немесе тек мұғалімге айтатын ойларымен шағын топтарда өздерінің құрдастарымен бөлісе алады.

2) оқушылар өздерінің жеке пікірлерінен өзге жақсы пікірлердің бар екендігін біледі.

Интерактивті әдісті қолданатын мұғалімдердің айтуы бойынша, тек қана ақпарат беріліп, оны талқыға салмай, бірден жаттығуға көшетін сыныптарда мұғалімдердің сөзі оқушы есінде нашар сақталады. Сонымен қатар, олардың ойынша, мұндай жағдайларда оқушыларға көбіне құнды ресурстарды, яғни сыныптастарының идеяларын пайдалануға мүмкіндік берілмейді. Зерттеулерге сүйенсек, «Біз істеген нәрселеріміздің 80 пайызын, оқығанымыздың 20 пайызын, ал естігеніміздің 10 пайызын есте сақтайды екенбіз».

Жұмыс жасаудың жалпы тәртібі:

Төменде курс барысында орындауға тиіс көптеген интерактивті сабақтар мен жаттығулар жиынтығы көрсетілген. Оқушылар маңызды теориялық материалмен танысып, оны түсінді делік.

а) Дайындық. Бұған келесі қадамдар жатады:

- Оқушыларға әртүрлі жаттығуларды орындату барысында қандай ұғымдарды бекіту керектігін алдын ала анықтау арқылы тапсырманы таңдау.

- Тапсырманың құрылымы сіздің сыныбыңыздың шама-шарқымен сәйкес келу-келмеуін анықтап алу.

- Осылардың барлығына көз жеткізген соң, сіз сыныпта бұл тапсырманың қалай орындалатынын ойластыруыңыз қажет. Осылайша сіз оқушылардың тапсырмаға қатысты реакциясын алдын ала болжап, тиісінше айтар жауабыңызды да жоспарлай аласыз.

Берілген тапсырманы талқылау барысында оқушыларға түсініксіз болады-ау деген кейбір тұжырымдарды анықтап алу.

б) Топтың құрамын анықтау (кім кіммен бірлесіп, жұпта, «үштікке», «төрттікке» жұмыс істейтіндігін белгілеу.)

в) оқушылар жұмыс істей бастайды.

г) топтардың жұмысын бақылау.

Егер оқушылар бірдеңені түсінбей немесе тапсырма шеңберінен шығып бара жатқанын көрсеңіз, бүкіл сыныпқа немесе топқа қайтадан бағыт беруге тура келуі мүмкін. Оқытудың интерактивті әдістерін енгізу барысында, оқушылар бұл тәсілмен жұмыс жасап үйренбегендіктен барлық жағдайда бақылауда ұстау өте маңызды. Егер топтар ойдағыдай жұмыс істеп жатса, олардың біріне мұғалім ретінде емес, жәй қатысушы ретінде бақылауға болады. Сонымен қатар тіпті кейбір оқушылардың өз қалауымен сөйлегісі келмеген жағдайдың өзінде, әркімнің өз ойын айту құқығы қорғалуын қадағалап, отырғаныңыз жөн. Бұған сабақтың басқа кезеңдерінде де назар аударуыңызға тура келуі ықтимал.

г) Шағын топтардағы талқылау барысының аяқталуы.

д) Түйін жасау.

Жоғарыда көрсетілген сызбадан тек бірінші қатары жоқ әдеттегі сынып бөлмесін көріп тұрмыз. Кәдімгі сыныпта мұғалім өзінің көп уақытын «мені тыңдаңыздар» деп көрсетілген аумақта өткізіледі. Бұл жағдайда мұғалім тіке тұрғандықтан оқушылар соған сәйкес бастарын жоғары көтеріп алдыға қарап отырады. Бұл жылдар бойы қалыптасып қалған әдет, жоғарғы үстемдікті көрсетіп «сөйлемендер, тек мені ғана тыңдаңыздар» деген ойға жетелейді. Әрине тапсырма берген кезде біз «мені тыңдаңыздар» аумағында болуымыз керек, алайда пікірталас басталған кезде қайда тұруымыз қажет? 1-ші позицияда болуы немесе басқа топпен бірге отыруы жақсы нұсқа, себебі сіз «мені тыңдаңыздар» аумағынан алыстасыз. Мұнда мұғалім топқа қосылады немесе жоғарғы нәтижеге жету үшін жүресінен отыруы немесе оқушылармен бірге жайғасуы қажет.

Көп жағдайда сыныптың жақсы оқитын оқушылары ғана сұрақтарға жауап береді де, қалғандары үнсіз отырады. Егер сұрақ қандай да бір дәйекке қатысты және қате жауап беру ықтималдығы жоғары болса, оқушы өз еркімен сұранып, сынып алдында жауап беру үшін жеткілікті дәрежеде сізге сенім білдіруі керек. Алғашқыда «Сіз білесіз бе?» дәстүрлі сұрағының орнына «сіз қалай ойлайсыз?» деген сұраққа үйренгенше, сіз кейбір оқушылармен өзара әрекетке көшуден аулақ болуды жөн деп ойлауыңыз мүмкін. Мұның орнына оқушылардың өзара қатынасын негізгі тірек етіңіз. Сонда сіздің рөліңіз көшенің күрделі қиылысындағы жол реттеушісінің рөліне сәйкес келеді. Сіз пікірлер ағымын реттеп, оның өз мақсатыңызбен бағытталуын және өз пікірлерін айтқысы келгендердің құқығының қорғалуын қадағалауға тиіссіз.

Оқушылар пікірлері мен идеяларын еркін айтуға ұмтылу үшін мұғалім келесі әдістерді қолдануға болады.

1) Олардың жауабы дұрыс емес деп айтпаңыз, мұның орнына басқа оқушылардың бұл пікірімен келісетіндігін немесе келіспейтіндігін сұраңыз. Егер қарастырған мәселені бүкіл сынып дұрыс ұғынбаса, сонда сіз көзқарасыңызды түсіндіруге болады.

2) Олардың айтқан пікірлері үшін алғысыңызды білдіріңіз. Енжар оқушылардың пікірін жиі сұраңыз. Кейбір оқушылар енжар көрінгенімен олардың айтуға батылы жетпесе

де басқаларға ұқсамайтын ерекше пікірлерімен ойлары болуы мүмкін, бұл сыныптың мәселеге басқа көзқараспен қарауына әсерін тигізеді.

Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, мұғалім тек қана білімді алып жүруші ғана емес, сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Осыған орай сабақ беру үрдісінде кәзіргі күннің, яғни инновациялық әдістерді оқытудың интерактивті оқыту моделі болып табылады.

Интерактивті әдістерге:

1. Проблемалық шығарма әдістері
2. Презентациялар
3. Пікір-таластар
4. Кейс-стадийлер
5. Топпен жұмыс
6. Миға шабуыл әдісі
7. Сын тұрғысынан ойлау әдісі
8. Викториналар
9. Мини зерттеулер
10. Іскерлік ойындар
11. Рөлдік ойындар
12. Инсерт әдісі (белгілеулер әдісі, 7-10 минут ішінде оқушылар эссе жазады).
13. Блиц-сұрақтар әдісі
14. Анкета алу әдісі т.б.

Ақпаратты беру мұғалім мен оқушының қарым-қатынастық принципіне негізделген. Жоғарыда көрсетілген әдістер оқушының екпінділігін арттырып, алынған мәліметтерді шығармашылық тұрғыдан қайта өңдеу болып табылады.

Оқытудың интерактивтік моделінің негізгі критерийлері:

1. Емін-еркін пікір таласқа түсу мүмкіндігі
2. Белгілі бір материалды емін-еркін баяндау
3. Топтық тапсырмалардың қолданылуы және сол арқылы ұжымдық іс-әрекеттерді дамыту
4. Жазбаша жұмыстарды орындау.

Нарықтық қатынастар негізінде қалыптасып келе жатқан Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіндегі негізгі приоритеттердің бірі оқушылардың мүдделерін қолдау болып табылады. Осыған орай әрбір мұғалімнің ең негізгі міндеті әрбір оқушының білім алуға деген қызығушылығын арттырып әрбір оқушының шығармашылық шабытының тууына жағдай жасау. Осының негізінде ең негізгі педагогикалық міндет шешіледі: Қазақстан Республикасының азаматын қалыптастыру, өмірлік мамандығын анықтау және оның өмірге деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру. Осыған орай әрбір оқушының оқыту процесіне тартылуының соңғы нәтижесі оның білімділігі мен құзыреттілігіне байланысты. Сонымен қатар, қазіргі қоғамның ақпараттандырылуы білім беру үрдісіне түбегейлі өзгерістер әкеп, оқыту методикаларының негіздерін түбегейлі қайта қарастыруды талап етіп отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Амоношвили Ш.Е., Лысенко С.Н. т.б. Педагогикалық ізденіс. Алматы «Рауан» 1980.
2. Бегалиев Т. Педагогика. Оқу құралы. Тараз 2000.
3. Давыдов В.В. «Проблемы развивающего обучения» М.: Просвещение 1986.
4. Жұмабаев М. «Педагогика» Алматы. Мектеп 1989.
5. Заньков Л.В. «Беседы с учителями» М.: Просвещение 1981.
6. Мамметова.М Интрективті әдіспен білім беру. // Қазақстан мектебі.-2009, №9. 48-50 бет.
7. Молдағалиев.Б, Махимова.А, Сатқанова.Г, Интерактивті оқыту әдістері // Қазақстан мектебі.-2006, №9. 16-18 бет.

8. Мұқанбетулла.К Интрективті оқыту жүйесімен // мектебі.-2004, №5. 16-20 бет
9. Қоғамдық пәндерді оқыту әдістемесі Интерактивті оқыту әдістері // Қазақстан тарихы.2007, №11. 24-26 бет.
10. Ахатаева.А Интерактивті әдісті пайдалану негізінде оқыту // Қазақстан тарихы әдістемелік журналы.-2005, №7. 5-9 бет.

ЖОЖ 372.894(574)

Мукатаева З.К.¹, Өмірбеков К.С.²

т.ғ.к., профессор м.а.¹, Тарих-педагогика факультетінің 3 курс студенті², Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ ӨЗ-ӨЗІН ДАМУЫҒА, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ТЕХНОЛОГИЯ

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл процесс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалылық қағидасы бекітілген, бұл білім мекмелерінің мұғалімдерін, педагогтарына өзін оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық процсті кез келген үлгімен құруға мүмкіндік береді.

Модульдік оқыту технологиясы – білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Ал «модуль» дегеніміз – іс-әрекеттің мақсатты бағдарламасы белгілеген деңгейіне (жоспарланған алдағы нәтиже) жету үшін сұрыпталған, дидактикалық өңделген білім, білік, дағдының белгілі мазмұнының бірлігі және оның әдістемелік нұсқауы немесе аяқталған оқу ақпараты болып табылатын модульдік бағдарламаның негізгі құралы. Басқаша айтқанда, адамның өзіндік дамуының шамасы. Жалпы «модуль» сөзі «оқытудың мазмұны мен технологиясын» білдіреді. «Модуль мазмұны» өзіндік мағына беретін оқу материалының көлемі ретінде ұсынылады.

Бұл оқыту технологиясының ерекшелігі-оның білімді меңгеруге емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді яғни, жадының алуан түрлерін есту, көру, қимыл және т.б ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай-ақ тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі өзектілендіру, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, ойын, танымдық жән шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға; белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталуы. Бұл технологияның тағы бір ерекшелігі дарынды балалармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеу мүмкіндігі болып табылады.

Модуль – оқу мазмұны мен технологияны біріктіріп тұрған мақсатты функционалды байланыстырушы. Оқу модулі, негізінен, үш құрылымды бөліктен: кіріспе, сөйлесу бөлімі және қорытынды бөлімнен тұрады. Әр оқу модулінде сағат саны әртүрлі болады. бұл оқу бағдарламасы бойынша сол тақырыпқа, тақырыптар тобына немесе тарауға бөлінген сағат санына байланысты. Зерттеулер нәтижесі 7-12 сағаттан тұратын оқу модулінің неғұрлым тиімді екенін көрсетті. Оқу модулінің өзгешілігі – жалпы сағат санына қарамастан, кіріспе және қорытынды бөлімдерге 1-2 сағат беріледі. Барлық қалған уақыт сөйлесу бөлімінің меншігінде болады.[1;97]

Модульдік оқытудың өзегі – оқу модулі. Оқу модулі ақпараттардың аяқталған блогынан, бағдарламаны табысты жүзеге асыру бойынша берілген мұғалімнің нұсқауларынан және оқушының іс-әрекетінің мақсатты бағдарламасынан тұрады. Модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі,

оқытудың әдісі мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Барлық жаңа технологияның алдына қоятын мақсаты – оқушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, оларды өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылықтарын қалыптастыру.

Кіріспе бөлімінде мұғалім оқушыларды оқу модулінің жалпы құрылымымен, оның мақсат-міндеттерімен таныстырады. Содан соң мұғалім осы оқу модулінің барлық уақытына есептелген оқу материалын қысқаша (10-20 минут ішінде) сызба, кесте және т.б. белгілік үлгілерге сүйене отырып түсіндіреді. Оқушылардың оқу материалын қайта жаңғырту деңгейін, қарапайым білік пен дағдыларды және білімін іс жүзінде бірнеше рет қайта қолдануы сөйлесу бөлімі сабақтарында жүзеге асырылады. [2;62]

Сөйлесу бөлімінде танымдық процесс сыныпты 2-6 адамнан шағын топтарға бөлу арқылы, негізінен, оқушылардың өзара әрекет етуіне құрылған. Оқушылар қандай да бір деңгейдегі тапсырмаларды өздері таңдайды. Тапсырмаларды қарапайымнан күрделіге қарай кезең-кезеңімен орындау міндетті емес. Оқушы тапсырманы өзінің орындау мүмкіндігіне қарай таңдауға ерікті. Оқу модулінің сөйлесу бөлімінің тағы бір ерекшелігі бар. Зерттеу көрсеткеніндей, оқытудың белсенді және ойын формаларын кеңінен қолдану оқушылардың оқу материалына бірнеше мәрте 13-тен 24 ретке дейін қайта оралып, жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Оқу бөлімінің қорытынды бөлімі – бақылау. Егер сөйлесу бөлімінің барлық сабақтарында оқушылардың бір-біріне көмегі, бірін-бірі оқытуы, түрлі ғылыми көздерді пайдалануы құпталынып келсе, енді қорытынды бөлімде оқушы өзінің сөйлесу бөлімінде алған білімін, білгі мен дағдыларын ешкімнің көмегінсіз көрсетуі тиіс. Оқушы білімін бақылаудың формалары ретінде тестілік тапсырмалар, бақылау жұмыстары, сынақ, зертханалық жұмыстар немесе эксперименттік есептер оқу пәнінің ерекшелігіне орай, оқу модулінің қорытынды бөлімінде беріледі.

Модульдік оқыту технологиясының жеке тұлғаның өз-өзін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыратын бірден-бір технология. Модульдік оқыту технологиясының тиімділігі: 1) қысқаша сызбалар арқылы түсіндірілуі; 2) оқушылардың әрбір сабақта іс-әрекетін бағалау үшін диалогтық қарым-қатынас негізінде танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру, 3) барлық тақырыптар бойынша тест, сынақ жүргізу. Оқушыларға: 1) өз ойларын толқы жеткізе алмауы; 2) материалды мұғалімнің жеңілдетіп түсіндіруін қалауы; 3) нақты фактілерге мән бермеуі; 4) білімді жинақтауға мән бермеуі.

С.И. Ожеговтың пайымдауынша «Модуль дегеніміз – белгілі бір тақырып ішіндегі бөліктердің өзара топтастырылған жүйесі». Ал «технология» гректің «шеберлік» деген сөзі. Яғни, модуль — тұтас жүйенің бір бөлшегі, пәннің негізгі заңдылықтарын ашатын ұғымдардың бір-біріне байланысты элементтердің жиынтығы. Модульдік технология дегеніміз-білім алушының ішкі мүмкіншілігіне, қабілетіне қарай өз бетімен ізденуіне, әрекет етуіне лайықталған дидактикалық құрылым, адамның өзін-өзі дамуының амалы, жолы. [3;45]

Оқыту технологиясының біз әзірлеген нұсқасының бір ерекшелігі – оның білімді меңгеруге емес, жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерін, яғни жадының алуан түрін (есту, көру, қимыл-қозғалыс және т.б.), ойлау, ынта, қабылдау қабілеттерін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай-ақ жеке тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас жасау, ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, белсенді сөздік қорын (ауызша және жазбаша тілде) дамытуға бағытталуында.

М.М.Жанпейісованың технологиясында модуль 3 құрамды бөліктен тұрады:

- 1.Кіріспе
- 2.Сөйлесу
- 3.Қорытынды.

Әр оқу модулінің сағаты әр түрлі болады. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесі 7-12 сағаттан тұратын оқу модулінің неғұрлым тиімді екенін көрсеткен. Осы оқу модулінің

ерекшелігі жалпы сағат санына қарамастан кіріспе және қорытынды бөліміне 1 немесе 2 сабақ саны бөлінеді, ал қалған сағаты сөйлесу сағаты болады.[4;8]

Кіріспе бөлімде мұғалім оқушыларды оқу модулінің жалпы құрылымымен, оның мақсат-міндеттерімен таныстырады. Сонан соң осы оқу модулінің барлық уақытына есептелген оқу материалын қысқаша (10-20 минут ішінде) сызба, кесте, және т.б. белгілік үлгілерге сүйене отырып түсіндіреді. Оқушылар бұл кезеңде бағдарламаның аталған тарауын неге және не үшін оқып үйренулері керектігін, өздері нақты нені меңгеріп, үйренулері тиіс, алдағы жұмыстың негізгі оқу міндеті қандай екенін түсінуі қажет.

Сөйлесу бөлімінде оқушылардың оқу материалын қайта жаңғырту деңгейі, қарапайым білік пен дағдыларын және білімін іс жүзінде бірнеше рет қайта қолдануы жүзеге асырылады.

Тақырып мазмұнына «өсу» бағытымен — қарапайымнан күрделіге, репродуктивтік тапсырмалардан шығармашылық сипаттағы тапсырмалар мен зерттеушілік қызмет элементтеріне қарай бірнеше мәрте қайта оралып отыру әр оқушыға оқу материалымен жұмыс істей отырып, өз қабілеттерін, жадын, ынтасын, ойлауын, жазбаша және ауызша тілін дамытуға мүмкіндік береді.

Оқушылардың танымдық қызметі әрбір оқушының әрбір берілген оқу материалын сабақта үш күрделілік деңгейінде тыңдау, жазу, көру және айтуға мүмкіндігі болатындай етіп құрылған. 3,4-сабақтардан бастап оқушыларға стандарт талаптарына сай тапсырмалар беріледі (III және II деңгейлер)

I деңгей тапсырмалары дарындылықтың екі түріне, яғни интеллектуалдық және креативтік дарынды балаларға арналған. Оқушылар қандай да бір деңгейдегі тапсырмаларды өздері таңдайды. Тапсырмалар қарапайымнан күрделіге қарай кезең-кезеңімен орындалу міндетті емес. Оқушы тапсырманы өзінің орындау мүмкіндігіне қарай таңдауға ерікті. Оқу модулінің қорытынды бөлімі – бақылау. Бұл бөлімде оқушы өзінің сөйлесу бөлімінде алған білімін, білігі мен дағдыларынешкімнің көмегінсіз көрсетуі тиіс.

Егер сөйлесу бөлімінде оқушыларға үш деңгейлік (жеңілдетілген стандарт, стандартты, стандарттан жоғары) тапсырмалар берілсе, қорытынды бөлімде барлық оқушыларға мемлекеттік білім стандартына сай бірдей тапсырмалар беріледі. Зерттеушілік сипаттағы тапсырмалар бөлек есептеледі. Олар баяндама, хабарлама, реферат түрінде болуы және оқушылардың ғылыми қоғамына (ОҚҒ), конкурстарға ұсынылуы мүмкін.

Сонымен, қорыта айтқанда, қазіргі қоғам талабына сай, оқыту процесін тиімді ұйымдастыру үшін жаңа технологияларды қолдану керектігі сөзсіз. Мұғалімнің әдістеме түрлерін әр сабақтың қоятын мақсатына сай талғап, шеберлікпен тиімді қолдануы оқушының қызығушылығын арттырып, тілге қабілетін, өзіндік ізденістерін дамытуға ықпал етеді. Жаңа технологияларды қолдану барысында студенттердің пәнге ынтасы, белсенділігі артып, білім сапасы тереңдейді. Ізденімпаздық, дербес ойлау, өзіндік қорытындылау қабілеттері дамиды

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Педагогикалық ізденіс. Құрастырушы И.Н. Баженова.-Алматы, Рауан, 1990. 574 бет.
2. Қамзина М. «Модульдік оқыту технологиясы»//Тәрбие құралы. 2005 . 120 б
3. Жадрин М.Ж. «ҚР-дағы жоғарғы білім беру дамытудың тенденциялары мен мәселелері». Алматы 2002 . 170 б
4. Исакова Р., Ерназарова З. «Жаңа технологияны пайдалану әдістері». Қызылорда, 2004 . 250 б
5. Жанпейісова М. М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы. 2002;
6. Бейсембаева. З. Модульдік оқытудың мәні мен маңызы, // Қазақстан жоғарғы мектебі, 2000, №2;

7. Әзімбаева Г. Оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін дамытудағы модульдік оқытудың ролі // Білім, 2005, №2;
8. Қобландина З. Модульдік оқыту технологиясын жүзеге асыру жолдары // Бастауыш білім, 2003

ӘОЖ: 929:82

Сұлтанғалиева Р.Б.¹, Мұханбетова Ж.Ө.²

ф.ғ.к, қауымдастырылған профессор¹, 2 курс магистранты², М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қаласы

С.ЕЛУБАЙДЫҢ «АҚ БОЗ ҮЙ» РОМАН-ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕР ӘЛЕМІ: ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ХАРАКТЕР

Ақиқатты жазар жазушы, қаламы үшкір қаламгер Смағұл Елубай өзіне тән жазушылық үнімен, ұлт тарихының қилы кезең көріністерін, ұлттық болмысты, ұлттық кейіпкерді шебер сомдауымен ерекшеленіп, жаңашыл ізденістерімен дараланып, қазақ прозасында өзіндік із қалдырды.

Жазушының ұлт тарихын насихаттайтын, сұрапыл кезеңнің сұсты көріністерін көз алдымызға әкелетін, тарихи ақтандақтарды бүгінгі жас ұрпақтың санасына жеткізетін шоқтығы биік туындыларының бірі – «Ақ боз үй» роман-трилогиясы. Трилогия ХХ ғасырдың жиырмамыншы-отызыншы жылдарындағы қызыл үкіметтің асыра сілтеушілігінен туған зобалаң жылдардың ауыр зардаптарын, қылышынан қан тамған озбырлықтарын, қуғын-сүргін оқиғаларын, ұлттық дәстүрімізді, рухани құндылықтарымызды жоғалту көрініс тапқан тоқырау заманынан сыр шертеді.

Шығармадағы әр кейіпкердің ішкі жан-дүниесіне терең үніле білген жазушы шиеленіске толы оқиғалар арқылы кейіпкерлердің өзіндік тұлғасын таныта түсуді мақсат етеді. «Ауыл жастары Хансұлу, Шеге, Ждақай, Қозбағар, Бұқарбай, Сұржекей, бұлардан ересек Бұлыш, Балқия; Мажан балалары Мотан, Шотан, Қапан – бұлардың қасында Әзберген (Пахраддиннің баукеспе болып кеткен інісі); Шәріп, Қауқаш, Мажан бай мен Пахраддин бай (бұлар орташа болып есептеледі); Асан, Апанас, Калашников – большевиктер, партия қызметкерлері; ескілікті көп білетін, көпті көрген Дәу апа (Бұлыштың шешесі), ауыл-үй арасының сөзшең кемпірі Торқа (Қозбағардың шешесі) – бәрі де бүгін мен келер күнді бірге атқарысып жатқан, бірақ, ойы да, ісі де әрқилы, қарама-қарсы мінез-пиғылдың адамдары. Осы кейіпкерлер шыққан тегіне, өскен ортасына қарамай, өмірді түсінуі, ұғуы жағынан ойда жоқта топтасып, жұптасып, ойда жоқ тұстан дара кетіп, адасқанның алды жөн, арты соқпақ жайларды бастарынан кешіреді» [1, 56 б.]. Автор осы секілді әр қилы кейіпкерлердің мінез-құлықтары, іс-әрекеттері арқылы жаңадан орнап жатқан саясаттың, тәртіптің тигізер зардабын шынайы суреттейді.

Романда Пахраддин бейнесі асқан шынайылықпен сомдалған. «Пахраддин кең иықты, мол денелі, сақал-шашы көкбурыл тарта бастаған ат жақты, сұлу көзді, келбетті кісі» [2, 18 б.]. Бұл портрет арқылы кейіпкердің сыртқы түр-әлпеті, кескін-келбеті ғана емес, сонымен бірге оның мінез-құлық ерекшеліктері, толық образы айқындалады. «Айрықша сұлу мінезді Пахраддин – байлығы тасып бара жатпаса да, ел арасында әділ билігімен, тілді, шешендігімен атағы шыққан сырбаз да сұңғыла жан, ауыл ағасы» [3, 80 б.]. Романның өн бойында сан қилы оқиғаға кезіксе де, кәмпескелеуге ұшырап, қуғындалса да, құлазыған елсіз далада аштықтың азабын тартса да, Пахраддин көркем мінезімен, байсалдылығымен, шыдамдылығымен, кеменгерлігімен көрінеді. Автор «Пахраддиннің портреті белгілі әдебиет зерттеушісі, академик Зейнолла Қабдоловтан алынды. Сол кісінің мәдениеті, сөйлеу тәсілі, сөз саптауы, жүріс-тұрысы, кеменгерлігі, ақылдылығы, кербездігі – бәрі Пахраддинге берілді» [4],- дейді сұхбатында. Ел сыйлаған би қалпынан, қуғындауға ұшырап, елсіз шөл далада нәр боларлық азық таба алмай шыбын жаны шырқырап жатса да, сабырлы, байсалды

қалпын сақтай білген Пахрадинге таң қаларымыз анық. Пахрадиннің шыдамды болуына қиын күнде қолдаушысы болып, әрдайым жанынан табылған аяулы жары, Хансұлуының анасы, сұлу мінезді Сырғаның да септігі бары айқын.

Жүрегіне ізгілік ұялаған, ибалы да инабатты Сырға образы жазушы тарапынан ерекше ілтисипатпен суреттеледі. «Босаға жақта ас қамымен үнсіз қозғалып жүрген ашаң тұлғалы Сырға бәйбіше бұрқылдап қайнаған самауырдың оң бүйірін ала сызыла кеп тізе бүкті. Жаңа түскен келіндей бір тізерлей отырып шайсандықтан су жаңа орыс фарфорын шығарып, қытай жібегімен сүртіп, жұмыртқадай тізілтіп қойып жатыр» [2, 55 б.]. Сырбаз талғам иесі Сырға үсті-үстіне шиеленіскен оқиғалардың бәріне түсіністікпен қарайды, Пахрадинге кінә тақпайды, болып жатқан қиындықтың бәрін заманнан көреді. Пахрадиннің де ханшасындай сыйлайтын жарының аштықтан бұратылып, көз алдында солып бара жатқаны жанына батады. «Жүрегі шымырлады Пахрадиннің. Жан дүниесі алай-дүлей болды. «О, кер заман! Кер заман!» - деп іштей күңіреніп кетті. Мына Сырға аяғын керіліп басатын кербездің өзі емес пе еді?! О, кер заман, көрмегенді көрсеттің-ау, сен заман! Қайран асығым, асылым, Сырға. Әйел затының падишасы – Сырға. Қыз күнінде сені жұрт бейіштен үзіліп түскен гүл ме деуші еді. Сені қолға түсіру көктегі жұлдызды көксегенмен тең еді. Қайран кермиығым, кербезім! Керілген кер маралым! Кенеп дорбаны иығыңа салғаныңды көргенше, Пахрадиннің шыққыр көзі неге шықпайды» [2, 224 б.]. Бұл – жаралы арыстандай аһ ұрған Пахрадиннің ішкі жан айқайы.

Романда асқан шеберлікпен суреттелген образ – ақ боз үйде сыланып бой жеткен, Пахрадинбай мен Сырғаның қанаттыға қақтырмай өсірген қызы Хансұлу образы. «Ай сырғасы дір етіп, ақ тамағы бүлкілдеп төмен қарап ойлана қалыпты Хансұлу. Қасы, көзі қиылып бір тізерлеп, шоқиып қана отыр» [2, 259 б.]. «Қарлығаштың қанатындай дірілдеген қиғаш қас. Тұнық, қара нәркес көз. Қайқы кірпік. Алма мойын. Омырауы толық. Құмырсқа бел» [2, 373 б.]. «Хансұлу... үстінде белін шүберекпен қынай бұған қара-барқын камзол. Басында ақ жаулық, иегінің астынан орап тартып алған. Бұтында – шалбар. Аяғында – етік. Аш белі бұраңдаған, арық, сұңғақ бойлы Хансұлу» [2, 395 б.]. Шебер сомдалған образ. Романның өн бойында ерке, наз қылығы мен тік мінезін қатар, үйлесімді ұстай білген Хансұлу өмірі өзгеріп, сан-саққа жүгіріп отырады. Бірақ, өмірі әр алуан күйге түссе де, мінезі, жан-дүниесі, өмірге деген құлшынысы, басқалардың оған деген көзқарасы еш өзгермейді.

Сыншы Б.Сарбалаұлы роман-трилогиядағы Хансұлудың ерекше болмысы турасында былайша тұжырымдайды: «Бойжеткен Хансұлу. Нағыз Ару, Ана, Адам Хансұлу. Хансұлу десе, Хансұлу! Бұл енді Смағұлдың ғана сәтті сомдаған кейіпкері емес, қазақ әдебиетіндегі өзгеше бір Қазақ қызы, Қыз Жібек, Баян сұлу, Ұлпан, Әйгерім, Тоғжандар қатарын толықтыратын дара тұлға десек дұрыс» [5, 11 б.]. Хансұлу өмір қиындығын көп көреді. Мәпелеп өсірген әке-шешесінен, ақылшы Дәу апасынан да айырылады, қорғаны боп жүрген күйеуі Шеге де «шпион» деген жала жамылып, бірнеше рет қамалады. Бұның бәріне Хансұлу қасқайып қарсы тұрып, балалары Түгелханын ержеткізуді, Үмітін бойжеткізуді ғана ойлайды. Алғашқы «Ақ боз үй», «Мінәжат» романдарында бетінен жел қақпай, етегіне шаң тимей, тал шыбықтай бұралып, ойын-сауықтың ортасында қол жетпес жақұттай жарқырап бой жеткен Хансұлу, соңғы «Жалған дүние» романында жасы жетпіске жетіп, самайын ақ шалған, қарақаттай жанарын мұң торлаған кәрі бейне ретінде көрінеді.

Шығармадағы Хансұлудың жары, Түгелхан мен Үміттің әкесі Шеге Қаспақовтың образы қарама-қайшылықта суреттелген бейне. Бір кезеңдерде билікке араласып, жаңашылдықты қолдап, ел алдында құнды пікір айтып жүрген саналы, салиқалы, білімді, ақылды жігіттің тағдырдың тәлкегіне ұшыраған, «таптық жау», «шпион» деп айыпталып, азапты күндерді басынан кешіп, жарынан, балаларынан алыста жүрген халі кімді де болса бей-жай қалдырмайды. Еш айыбы болмаса да тройканың шешімімен жеті жылға Сібірге айдалған Шегенің көрген азабын, мына суреттеуден-ақ көруге болады. «Жүдеу, арық. Сақал-шашы өсіп кеткен. Үстінде – көнетоз пиджак, шалбар. Аяғында – сірісі жырық, қисық табан етік. Басында біреуден қалған ескі кепкі. Жел «уф» десе ұшып кетердей әлсіз, жадау. Тірі

аруақ, көлеңке тәрізденіп жылжиды, баяғы Шеге жоқ, тепсе, темір үзетін» [2, 391 б.]. Тіпті, түрме ішіндегі төбелестер, бастықсымақтардың соққыға жыққаны, күйзеліс, қайғы Шегенің жүйке жүйесіне әсер етіп, талма ауруына шалдықтырады. Оған себеп, Шегенің істемеген жұмысы, жұмсалмаған жері қалмайды. Ангара жағасындағы Богучан деген жердегі лагерь бұны тіпті азапқа салады. Ағаш кеседі, кескен ағаштарын атпен жағаға сүйрейді, сорттап сал жасап, өзенге ағызады. Шеге күннен-күнге қияли болады, өзімен-өзі сөйлесетін жағдайға жетеді, Хансұлу мен Түгелханның бейнесін көз алдына елестетіп тілдесіп жүреді. Осы бір суреттеулер қызыл үкіметтің асыра сілтеушілігінен туған зобалаң жылдардың шырмауына шырмалған дәрменсіз ұрпақтың ауыр тағдырынан мағлұмат бергендей. Шеге бостандыққа шықса да кеңеске деген сенімі жоғалады. Кеңеске үркіп, болашағына күмәнмен қарайды, ертеңі не боларын білмейді, енді қай күні қандай айып тағар екен деген ой маза бермесі анық.

Жазушы рухы биік, өр кейіпкер ретінде Бұлыштың анасы Дәу апаны алады. Жасынан ерлігімен, батылдығымен танылған Дәу апаға ешкім қарсы шыға алмайды. «Дәу апаның бейнесі екі адамның бейнесінен жасалды. Оның мінезі менің шешемнің мінезі болса, дәулігі, биіктігі Алуаш жеңешемнің түр-келбетінен алынды» [4] - дейді жазушы. Қызыл үкімет «бандит» деп жала жапқан Бұлыш қаза тапса да, жайына қалдырмай артында аңырап қалған анасы Дәу апаны қамауға алады. Батыл ана ол кезде де беріспейді, соңғы демі қалғанша қарсыласып бағады. «Қайда әлгі, Сұржекей дегендерің?! Шақыр бермен, көзіме көрінсін! Әкесінің құны қалғандай атқа мінгелі аңдығаны Бұлыш болып еді. Күн бермеп еді, құмға кашса да қуғындап, елден, жерден бездіріп, ақыры өліп құтылып еді, осы «қызыл көздің» құрығынан. Енді Бұлыштың өзінен ала алмаған өшін шешесінен алмақ екен ғой. Құдайдан безген жендет. Шақыр бермен. ЕНКВ болмақ тұрмақ, анау мұртты құдайы – Сталиннің кіндігінен салбырап түссе де, ит терісін басына қаптайын, харам неменің!» деп, Дәу апа ат қора түрмені басына көтеріп дар-дар айқайлады» [2, 357 б.]. Жүректілігін танытқан Дәу апаның қайсар мінезі, қайтпас қиқарлығы, шынайы болмысы оқырман бойында батылдықты оятады, «арам қолмен берген ас» деп, нәр татпаған күйі теріс қарап алты күн жатып, тар қапаста жан тапсыруы таң қалдырады.

Шығармада Дәу апаның немересі, Бұлыш мерген мен Балкия сұлудан қалған жалғыз тұяқ Едіге сонау бала кезінен Хансұлуға қорған болар азамат, қолғабысын тигізер жәрдемші болады. Ауылдың ер-азаматтары майданға аттанып, Хансұлу тәрізді жас келіншектердің бәрі дерлік мал бағуға шығып, шықпағаны жан-жаққа қаражұмысқа айдалып жатқан заманда, «бір отарколхоз малы мойныңда: өлтірсең, жоғалтсаң – сотталасың. Өстіп шыбын жанын шүберекке түйіп жүргенде, көмекке осы бала Едіге келді. Қалай қуанбасын Хансұлу. Арқасын тауға сүйегендей болып қалды» [2, 161б.]. Есейе келе қайнысы Едіге баяғы қазақ қырылған ашаршылық туралы деректер жинап, кітап жазып жүрген жазушы ретінде танылады. Едіге сол бір сұрапыл заманның сұсты күндері, халықтың ауыр тұрмысы, ашаршылықтың зардабы жайлы сол заманды көзбен көрген Хансұлу секілді көненің көздерімен сыр шертісіп, айтқан әңгімелерінен керектісін көкейге тоқып, жазып алып отырады.

Жазушы романды Едіге мен Өктем үннің диалогы арқылы өрбітеді. Едіге осы бір қым-қуыт тіршіліктен көңілі қалып, өмірден түңіліп кеткен еді. Өмірге лағнет айтқан Едігені Өктем үн тез арада өз орнына түсіре қояды. «Өлім келмей тұрып өмірдің қадірін біліңдер» - демей ме?! Едігеге айту арқылы барша адамзатқа Өктем үннің де жеткізгісі келіп тұрғаны осы бір ой. Өктем үн одан сайын күшейе түсіп, Едігенің жасаған қателіктерін бетіне басады. Едіге ызаға булығыады, халықтың түбіне жеткен «ішкенге маз, жегенге тоқ» болып жүрген Өктем үн секілділер екендігін айтады, кімнің қолында тары болса, соның артында қыт-қыттап жүретін тауыққа ұқсатады, құрдымға кетіп бара жатқан қазақтың тілі мен дініне жанашырлық етер азаматтың жоғына қынжылады. «Кете берді Едіге. Осы кеткені кеткен. Кейін қайтпақ емес. Біржола кетеді. Мына заман, мына қоғам, мына тозақ тірліктен өстіп, қашып құтылады. Қашып барады Едіге... Жоғалады. Сөйтіп, тағы бір Жер бетіндегі проблема бітеді. Сталиннің айтқаны келсін. «Адам бар ма – проблема бар, адам жоқ па –

проблема да жоқ» деген... Едігемен ұстасқан, Едігемен тістескен заман!!! Кер заман!!! Мен жеңілдім. Сен жеңдің. Мен жалғыз да, сен – көпсің. Сен қал! Мен кеттім! Қарамды батырдым. Қош..... Дүниеден осылай өтті Едіге» [2, 511 б.]. Осылайша елінің болашағын, ұрпағының келешегін ойлап жан ауыртқан Едігенің де дәм-тұзының таусылар уақыты келген еді.

Профессор Т.Сыдықов «Ақ боз үй» трилогиясындағы Едіге бейнесі турасында: «Трилогияны табандап, түсініп, талдап оқып шыққан адам Едіге қоғамына риза болмады, ойлағаны отарлап алған елдің астамшылығынан іске аспаған соң көкірегінде қыжылы оянып, уақытын тозаққа балап, одан құтылудың жолын іздеді, тоқырау заманы талайдың түбіне осылай жетпеді ме деген сұрақ қоюы кәдік» [6, 109 б.] – деп тұжырымдайды.

Жазушы келер күннің жұмбағын болжап, лайықты шешімін тауып, елді бітістіріп, алдағы күннен хабар беріп отыратын көріпкел ретінде Лабақ ахунды суреттейді. «Лабақ ахун деген дін адамының прототипі ауылымыздағы Сұлтан ахуннан алынды. Ертеректе жиырмасыншы жылдары ашаршылық кезінде қаза болды» [4] - дейді жазушы сұхбатында.

Лабақ ахунды ауыл адамдары әулиедей сыйлайды, ахунның тау тауға соғылатын, теңіз ернеуінен шығатын заманды болжап, көбірек тілге алуынан алдағы уақытта халқының басынан өтетін зұлмат күндерден хабар беріп отырғандығын байқаймыз. Лабақ ахун бейнесінің романдағы суреттелуіне тоқталсақ: «Ай астындағы үйден ақ шапанды, ақ сәлделі, сақал-шашы аққудай, ұзын бойлы, сексеуілдей қураған тірі аруақ шал шықты. Қолында домбыра. Лабақ ахун еді бұл» [2, 58 б.].

Кәрі жырау үлкен қоңыр домбырасын күмбірлетіп абыз әуенге салған кезде жұрт сілтідей тына қалып тыңдайды. «Лабақ ахун өлең сөзді қылыштай жарқылдатып ата дұшпанмен, бейне, өзі алысып жатқандай аласұрды. Кәрі жанары от шашып, бүкіл қайрат-қыжалы ыршыған он саусақтан саз боп ышқынып, қызыл тілден оқтай борап жатты» [2, 60 б.]. Жыр-дастандарды көштей тізіп, жиналған қауымның таңдаған жырын көсілте жырлайды. Ел арасынан бірлік кеткен, тыныштық жоғалған уақытта да ауыл халқы Лабақ ахунға жүгінеді. Шаршау дегенді білмейтін қарт абыз дана сөздерімен жұртты түгелдей аузына қаратады, оның келуімен бірге ынтымақ та, бірлік те күшейеді, дау-жанжал, ұрыс-керіс сап тыйылады. Ахун құты қашып, өкіметтің салған құрығынан босай алмай дағдарып отырған жұртына жайлы қоныс боларлық жер іздейді. Хорезм, тәжік, түрікпен елдерінен жайлылық таба алмай, ақыры Ауғанстанға тоқталады, жұрты бір ауыздан келісіп, көш алдын өзі бастап жолға шығады.

Романда көрініс тапқан тағы бір оқиға – есінен танып, аштықтан бұратылып, жарық дүниемен қош айтысып жатқан Пахраддиннің Лабақ ахунмен тілдесуі. «Айтқаным келіп, болжағаным болды ма? Тау тауға соғылар, теңіз ернеуінен шығар, мағырптан бір от, машырықтан бір от көрінер дегенмін. Аспаннан Ғайса түсер, жерден Мәді шығар дегенмін. Адамзат ғарасат майданына жиналар. Сол жерде Құдайдың жүзін көрер. Құдай алдында һәмме адам ұлына ұлы сот болар дегенмін. Сол күнге жеттік, міне!» [2, 252 б.] - дейді ахун. Ел-жұрттың, жастардың азғындағанын, бейіт тыныштығын бұзып, мешіттерді құлатып, аштыққа ұшырап, тышқан аулап күн көріп, жан-жаққа бытырап кетіп жатқандығын жеткізеді.

Осылайша өрілген Лабақ ахун бейнесі романның діни сарынын күшейте түседі.

Жазушы Смағұл Елубай «Ақ боз үй» трилогиясындағы кейіпкерлерінің өмір жолдары арқылы өрбіген әр қилы оқиғалар, шым-шытырыққа толы өмірлік жол тораптары мен оған деген өзіндік көзқарастары, кейіпкерлерінің сол оқиғалардан шығу жолдары, іс-әрекеттері арқылы көркем идеяны шебер жеткізе білген. Осы ерекшелігі тұрғысынан да қаламгер өз оқырмандарын кейіпкерлердің әлеміне енгізіп, шығармада баяндалған оқиғаларға араластырып, баурап алып кетеді. Бұл трилогияның негізгі идеясының тереңдігі мен автордың толық жеткізе білуіне байланысты болса, ал негізгі идеяны жеткізе білу – жазушының асқан шеберлігінде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Базарбаев М. // Ақ боз үй // Кітапта: Р.Нұрғали. Жеті томдық шығармалар жинағы. Қазақтың 100 романы. Астана : Фолиант, 2005.
2. Елубай С. Ақ боз үй: Роман-трилогия. Алматы: Атамұра, 2008. – 520 бет.
3. Жанұзақова Қ. «Ақ боз үй» трилогиясындағы адам мен қоғам мәселесі // Қазақстан мектебі, №1, 2010. – 80 бет.
4. Қаламгермен сұхбат. Алматы, 23 тамыз, 2016 жыл.
5. Сарбалаұлы Б. Смағұл соқпағы // Қазақ әдебиеті, №23-24, 25 қазан, 2007 жыл.
6. Сыдықов Т. С. Тамұқтан жеткен үн немесе Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» трилогиясының философиялық астары // ХІХ ғасыр әдебиетін оқыту мен зерттеудің өзекті мәселелері және Шернияз Жарылғасұлының әдеби мұрасы: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 109 бет.

УДК 81'246.3:378

Исмаилова Г.К., Хасенова К.Е.

Государственный университет имени Шакарима города Семей

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ ПОЛИЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Образование – это та сфера, от разумного устройства которой зависит благополучное решение насущных проблем страны и от которой, в конечном счете, зависит ее процветание. Актуальной задачей образования Республики Казахстан является развитие языковой компетентности студента (а именно: реальное владение тремя языками - казахским, русским, английским). Еще в 2007 году был принят проект «Триединство языков», который стал приоритетным в образовательной политике государства. Сама идея проекта была подсказана сложившейся языковой ситуацией многонационального Казахстана, где проживают представители более 130 национальностей.

Как подчеркивает президент республики Казахстан Н.А.Назарбаев: «...Казахстан уникален и силен своей многонациональностью. На его земле сформировалось уникальное поликультурное пространство... Поликультурность Казахстана – это прогрессивный фактор развития общества. Евразийские корни народов Казахстана позволяют соединить восточные, азиатские, западные, европейские потоки и создать уникальный казахстанский вариант развития поликультурности» [1].

В Послании народу 2007 года «Новый Казахстан в новом мире» лидер нации отметил, что в целях обеспечения конкурентоспособности страны и ее граждан предложена поэтапная реализация культурного проекта «Триединство языков». Согласно проекту необходимо развитие трех языков: казахского как государственного языка, русского как языка межнационального общения и английского как языка успешной интеграции в глобальную экономику [1].

Данное требование вполне соответствует мировым стандартам. Общеизвестно, около 70 % населения земли полиязычны, и эта цифра максимальна в тех странах, где проживают представители разных национальностей. Полиязычность - это одно из важнейших условий, необходимых для конкурентоспособности индивида. Таким образом, для достижения успешности в современном информационном и техногенном мире владение хотя бы тремя языками является велением времени: чем больше человек знает языков, тем лучше он приспособлен к условиям, предлагаемым жизнью.

Итак, полиязычие – это проект, в успешной разработке которого заинтересованы государство, система образования и каждый гражданин.

Международный стандарт уровня владения несколькими иностранными языками требует от нас формулирования концепции полиязычного образования, предполагая

образование новой полиязычной личности при организованной определенным образом системе обучения. Студенты нуждаются в специальных технологиях обучения. Необходимо обеспечить одинаковое качество преподавания на всех трех языках, кроме того, главным вопросом является идентичность содержания учебных дисциплин при преподавании на нескольких языках [2].

Основной целью учебного процесса в высших учебных заведениях является формирование и развитие профессиональной иноязычной компетенции учащихся. В наше время, когда уровень знаний зависит от возможности получения качественной информации, полное профессиональное образование обеспечивается только при условии владения обучающимся как минимум тремя языками.

Иностранный язык для будущих специалистов выступает как средство коммуникации в их профессиональной деятельности. Следствием этого является изменение требований к иностранному языку как учебному предмету в высшей профессиональной школе, в число которых входит приобретение студентами коммуникативной компетентности и знаний социокультурного фона. Иностранный язык необходим будущим специалистам как средство коммуникации и как источник профессионального роста, так как он предоставляет возможность приобщения к богатейшему мировому опыту, способствует самоопределению, самореализации и социальной адаптации личности. Не случайно ЮНЕСКО провозгласил XXI век веком полиглотов [3].

Безусловно, формирование и воспитание полиязычной личности – дело далеко не одного дня, и потому Государственной программой развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы был заявлен поэтапный переход на полиязычное образование [4].

В настоящее время в мировом образовательном процессе широко обсуждается новая система ценностей и целей образования, возрождается концепция личности, основанная на идеях природосообразности, культуросообразности и индивидуально-личностного развития. Появляются новые парадигмы образования, в которых педагогическая действительность отражается с помощью нового языка науки. В научный оборот входят такие понятия, как: полиязычие, образовательное пространство, поликультурная образовательная среда, образовательные технологии.

Современная образовательная ситуация в Казахстане требует не только принципиально новых моделей описания образовательного процесса, но и внедрения в практику инновационных парадигм. Тема поликультурного образования становится сегодня более чем актуальной.

Поликультурное образование - это не просто диалог культур, но и общение, погружение в специфику другой культуры, умение адекватно реагировать на проявления другой культуры, развитие собственной личной культуры, обогащение своего духовного мира. Условия в современном Казахстане идеально подходят для воспитания поликультурной личности, целью которой является повышение уровня своей собственной культуры в целом: культуры общения, культуры речи, культуры умственного труда.

В этой связи преподаватели должны использовать различные виды, формы и методики преподавания: например, проведение олимпиад по полиязычию среди студентов, конкурсы на лучшее знание иностранного языка, проведение презентаций по изучаемым дисциплинам, различные форумы.

Необходимым условием для получения качественных знаний в условиях полиязычия должно стать применение научно-методической литературы: учебно-методические пособия на казахском, русском, английском языках, методические указания для проведения практических и лабораторных работ, идеографические словари на английском, русском и казахском языках.

Более интенсивно развивать данное направление позволят различные методики преподавания иностранного языка и базисные категории методики.

Базисные категории методики - это исходные положения методики преподавания иностранного языка. В своей совокупности они образуют систему обучения языку и находятся друг к другу в определенной иерархической зависимости.

Цель обучения – это заранее планируемый результат деятельности по обучению иностранному языку. Цель обучения оказывает влияние на выбор содержания обучения и достигается при помощи наборов приемов, методов и средств обучения.

Задачи обучения – это конкретная реализация целей обучения в конкретных условиях обучения. Задачи обучения являются отражением целей обучения.

Содержание обучения – совокупность того, что обучающийся должен освоить в процессе обучения иностранному языку. В структуре содержания обучения выделяются:

- средства обучения, то есть комплекс приспособлений, с помощью которых осуществляется управление деятельностью преподавателя и студента в процессе обучения иностранному языку;

- знания, навыки и умения, необходимые для владения иностранным языком.

Знания по иностранному языку включают в себя знание системы языка и правил и функциональный аспект, то есть как этой системой пользоваться.

Навыки – это действия и операции, достигшие уровня автоматизма. Это значит, что в процессе обучения иностранным языкам стратегиям и технике должно быть отведено определенное место на занятиях. Обеспечивая условия, необходимые студентам для управления своей учебной деятельностью, преподаватель не только дает студентам понятие о существующих учебных стратегиях, но и знакомит студентов с их типом восприятия и переработки информации, а также показывает им необходимые действия, требующиеся для систематической тренировки и приобретения данных стратегий. Главные признаки навыка – отсутствие поэлементного сознания и безошибочность.

Умения – это способность осознанно совершать действия не только в привычных, но и в изменяющихся условиях, опираясь на сформированные навыки и приобретенные знания. Главные признаки умения – осознанность, самостоятельность, продуктивность или способность находить наиболее эффективные решения.

Приемы обучения – это конкретные действия и операции преподавателя, элементарные методические поступки, направленные на решение конкретной задачи преподавателя на определенном этапе практического занятия. Прием – это наименьшая обучающая единица в деятельности преподавателя. Он является начальной ступенью в иерархии базисных понятий методики: прием – способ – метод обучения.

Способы обучения – это группа приемов, направленных на решение учебных задач.

Методы обучения – это совокупность способов взаимосвязанной деятельности преподавателя и обучающихся, направленных на достижение целей обучения.

Принципы обучения – исходные методические положения, отражающие закономерности обучения иностранному языку. Принципы обучения определяют требования к базисным компонентам процесса обучения иностранным языкам – целям, содержанию, формам и методам обучения.

Подходы к обучению – это определенная точка зрения на сущность иностранного языка как предмета обучения. В подходах к обучению отражаются принципы обучения. Подходы к обучению определяют стратегию или общий план обучения иностранному языку и реализуются в приемах, способах и методах обучения ИЯ.

Формы обучения – определенным образом организованная совместная деятельность преподавателя и студентов, например, лекция, практическое занятие. Форма обучения может быть различной и зависит от плотности общения в процессе обучения. Обучающийся одновременно является и субъектом учебно-познавательной деятельности, и субъектом общения, вступившим то в опосредованное общение, например через книгу, то в общении непосредственное – с преподавателем или другими студентами.

В последнее время преподавателями нашего университета разработано много методических приемов, новшеств, новаторских подходов к проведению различных форм

занятий. Это занятия в форме соревнования и игры: конкурсы, турниры, эстафеты или так называемые лингвистические бои, дуэли, КВНы, деловые игры, ролевые игры, кроссворды, викторины, тандем-технологии. Проводятся также занятия, основанные на формах, жанрах и методах работы, известных в педагогической практике: исследование, проектный метод, облачная технология, анализ первоисточников, комментарии, мозговая атака, интервью, репортаж, рецензирование.

В настоящее время произошли серьезные изменения в методике обучения иностранному языку. Речь идет, в первую очередь, об общей стратегии ситуативно-коммуникативной направленности учебного процесса, о понимании практической цели обучения, а именно, овладении языком как явлением социальным, служащим средством общения в устной и письменной формах, что находит отражение в тактике обучения. Студент должен получить всестороннее развитие, приобрести необходимую общую и профессиональную культуру, профессиональное воспитание, готовность включаться в профессиональную деятельность. Преподаватель должен обеспечить воспитание широко образованной, социально активной личности, а это возможно только при условии повышения качества учебно-воспитательного процесса. Каждый преподаватель должен осознавать цели, структуру и систему обучения, а также уметь использовать формы и приемы, включаемые в syllabus УМКД, уметь творчески использовать учебные, воспитательные и развивающие возможности предмета. Иными словами, необходимо овладевать методическим мастерством, чтобы обучить английскому языку на уровне современной теории, практики и функциональных составляющих. Реализация основных направлений образовательной реформы нашла отражение в усовершенствованной Концепции программы полиязычного образования в Государственном университете имени Шакарима г. Семей, которая предусматривает обучение иностранному языку в два этапа:

1. На первом этапе (1 курс) предполагается овладение студентами четвертым европейским уровнем В2, что означает умение студента понимать информацию средней сложности на темы личной, общественной, учебной и профессиональной областей жизни, говорить бегло и грамматически корректно;

2. На втором этапе (2-3 курсы) предполагается обучение профессионально-ориентированному общению в рамках конкретной специальности, что означает целенаправленное формирование понятийно-терминологического аппарата по конкретной специальности, расширение информационной базы на материале аутентичных текстов, умение вести дискуссию, аргументировать, решать типовые профессионально-ориентированные задачи.

Обучение иностранному языку для специальных целей (Language for Specific Purposes/LSP) предполагает продолжение развития профессионально-ориентированного владения иностранным языком на более продвинутом уровне, овладение умениями научной полемики и академического письма.

Содержание иноязычного учебного процесса традиционно включает 4 вида речевой деятельности: чтение, аудирование, письмо, говорение.

Профессионально-ориентированные задачи решаются в процессе преподавания профессионально-ориентированного языка (европейский уровень C1) и языка для специальных целей LSP (уровень C1- C2).

Реализация положений данной Концепции иноязычного образования вызвала необходимость комплексной и глубокой модернизации иноязычного образования на всех уровнях, в том числе на уровне использования современных технологий.

ЛИТЕРАТУРА

1. Назарбаев Н.А. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана. - Астана, 2007.
2. Кондубаева М.Р. Научно-исторические основы формирования культуры речи двуязычного учителя-словесника: автореф. дис. ... д-ра пед. наук. – Алматы, 1995. – 339 с.

3. Кунанбаева С.С. Современное иноязычное образование: методологии и теории.- Алматы, 2005. – 264 С.
4. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2011-2020 годы.

ЖОЖ 372.894(574)

Мукатаева З.К.¹, Нұрмұханбет Ә.²

т.ғ.к., профессор м.а.¹, тарих-педагогика факультетінің 4-курс студенті², Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ОҚЫТУДЫҢ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты 2014 жылғы 17 қаңтардағы тағы бір кезекті жолдауында «Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасында алдағы жұмыстың ұзақмерзімді басымдықтары белгіленген», – деп көрсетіп, осы үлкен мақсатқа жету жолдарының ішінде «бірқатар мәселелерді шешуіміз» керектігін атап өтті. Осыған сәйкес Елбасы жеті нақты міндеттерді ұсынды. Дамыған елдердегідей сапалы білім беру жүйесін қалыптастыру үшін ғылым мен білімге байланысты Жолдауда «Қазақстан ғылымының әлеуетін арттыру» қажеттігі айтылды. Сондықтан «шетелдерден инвестиция тартуды толықтай елімізге білім мен жаңа технологиялар трансферттеу үшін пайдалану керек». Сондай-ақ «...белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар» тәрбиелеу бағытында жұмыс жасау қажеттігі айтылды. Шешілуі тиіс мәселелердің ішінде Елбасы «Болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты»,–екенін жеткізіп, «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар», – деп көрсетті және бұл мақсатқа жету үшін «...ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда ауқымды жұмыстың күтіп тұрғанын» жеткізді. Сонымен қатар Президент орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді дамыта түсу үшін оларды «...Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс»– деді. Яғни жас ұрпақты тәрбиелеу мен білім беруде мұғалімдер қауымына ерекше жауапкершілік пен міндет жүктеліп отыр. Соның ішінде патриоттық тәрбие беру мен оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруда және оны кеңейтуде тарихшы мұғалімдердің орны ерекше.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 16-бабында білім беру жүйесінің міндеттерінің бірі ретінде «оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану» көрсетілген. Оқушылардың тарихқа деген қызығушылығын арттыру үшін де мына заманда сапалы білім берудің тиімді жолдарын таңдау, тарихи және мәдени мұралармен таныстыру, қосымша элементтерді пайдалану мен тарихи деректерді оқып үйренуге дағдыландыру, баяндама, рефераттар, хабарлама жасату, өз бетінше оқып білім алып шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау сияқты жаңа педагогикалық технологиялар мен инновациялық бағыттарды, әдістер мен тәсілдерді енгізу қажет екені бесенеден белгілі.

Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім беру жүйесін, білім берудің мақсатын, мазмұнын мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды, іскерлікке қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу,

талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

XXI ғасырда әлемдегі қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарламалар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті.

Дүние жүзіндегі инновациялық процестердің барлығы кез - келген мемлекеттің экономикалық дамуының жоғары деңгейін қамтамасыз етумен бірге, ғылыми-техникалық ілгерілуін де едәуір жылдамдатады. Өйткені, мемлекет дамуының негізі болып табылатын инновациялық саясат кез - келген бәсекеге қабілетті мемлекеттегі ғылым дамуының бағытын анықтайды. Сондықтан да ғылыми-техникалық процесс бүкіл әлемде «инновациялық процесс» - ұғымымен тығыз байланыста болуды талап етеді. Инновациялық процесс жаңа бір өнімнің алынуын білдіреді де, ол идеяның пайда болуынан бастап, оның коммерциялық тұрғыда жүзеге асырылуына дейінгі ұзақ жолды қамти отырып, әр түрлі қарым-қатынастар (өндіру, алмасу, тұтыну) кешенін өз қарамағына алады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті—оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» – деп атап көрсеткендей, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру.

Осы орайда, білім берудің мақсаты—қазіргі қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтардың негізінде еркін бағдарлай білетін, қойылған мақсатқа танымдық қызмет жасау арқылы жете алатын, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Оны жүзеге асыру—білім беру мекемелерінде жеке тұлғаның танымдық белсенділігін арттыруға септігін тигізетін оқу процесін ұйымдастырудың тәсілдерін, әдістері мен нысандарын іздестіруге өзекті сипат береді.

Білім беру мекемелерінің алдына қойып отырған мақсаты - инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқу мен тәрбие жұмысын дамыту, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытында жеке тұлғаға жүйелі, нақты білім беру. Алайда, инновациялық педагогикалық технологияларды қажетті деңгейде қолдану және осы арқылы жеке тұлғаның білім деңгейін, шығармашылық қабілетін қоғамдық сұранысқа сай қалыптастыру барлық білім беретін мекемелердің дағдылы ісіне айнала қойған жоқ. Әлі де болса көптеген оқу орындары оқыту процесін ұйымдас тыру мен жүргізуде оқытудың дәстүрлі әдістері мен тәсілдерін пайдаланумен шектелуде. Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану оқу процесін сапалы түрлендіруге, жаңашыл жобаларды енгізуге, оны тиімді басқаруға негіз болып, әрбір білім мекемесінде өзіндік даму жолын табуға, әрбір мұғалімге өзінің әдістемелік жүйесін құруға септігін тигізеді еді. Сондықтан қазіргі кезеңде оқытудың инновациялық технологияларын оқу орындарының практикасына белсенді түрде ендіру – қоғам талабы.

«Технология»—ұғымы соңғы кездері ең көп қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Технология ұғымының оқытудың технологиясы, педагогикалық технология, білім беру технологиясы, тәрбие технологиясы, қарым-қатынас технологиясы, даму технологиясы, қалыптасу технологиясы, модульдік технология, топтық оқыту технологиясы сияқты психологиялық-педагогикалық ұғымдармен байланысы саналуан. Жоғарыда аталған технологиялардың қай түрі болмасын, өзінің мәнін анықтап, сипаттама беруді қажет етеді. Қазіргі кезеңдегі ғылыми айналымда «технология» және технология мен байланысты жеке ұғымдарға берілген анықтамалар баршылық. Алайда білім беру жүйесінде дәл қазіргі кезеңде жүріп жатқан процестердің технологиясының мәнін ашып, түсіндіретін жалпы анықтама әлі де болса бір жүйеге келген жоқ

Білім беру жүйесі басқару органдарынан, түрлі типтегі және деңгейдегі білім беру мекемелерінен, жүйенің жұмыс істеуі және дамуын қамтамасыз ететін қаржы қорлары мен материалдық объектілерден, ғылыми орталық тардан тұратын күрделі құрылым болып табылады. Технологиялық тәсіл білім беру жүйесінің кез-келген саласында (басқару, білім беру, қаржыландыру, мониторинг т.б.) қолданылуы мүмкін. Сондықтан, «білім беру технологиясы» – деген сөз тіркесін бірыңғай түсіндіру мүмкін емес. Бұл ұғымды тек қана оқытушы мен оқушы арасындағы арнайы ұйымдастырылған процестерге ғана қатысты қолданады. Егер осы процесті оқыту процесі деп атайтын болсақ, онда оған технологияның осы салаға арналған жиынтығы жатады.

«Технология» ұғымы «tehne» – өнер, шеберлік, «logos» – ілім, білім, оқу, ғылым деген мағыналарды білдіретін, грек тілінен енген екі сөзден тұрады. Сондықтан, «технология» – терминін «өнер туралы ғылым» немесе «шеберлік туралы ғылым» деп аударуға болады.

АҚШ пен Батыс Европада ХХ – ғасырдың екінші жартысынан бастап оқыту процесінің технологиясын жасау бағытындағы ізденістер белсенді түрде жүргізіле бастады. Осы уақытта оқыту үрдісіне техникалық құралдардың енуіне байланысты «білім берудің технологиясы» – термині кеңінен қолданыла бастады. Кейінірек, түрлі техникалық құралдарды қолдану әдістері жөніндегі еңбектердің ықпалымен бұл терминдер «педагогикалық технология» деп атала бастады. 60-жылдардың ортасында технологиялық әдіс шет елдерде кеңінен қызу талқылана бастады. Мұнда негізгі екі бағыт көзге түсті. Біріншісі, бұрынғыша технологиялық әдісті, техникалық құралдарды қолданумен байланыстырылса, екіншісінің құрамында оқу процесінің өзін ұйымдастырудағы технологиялық әдістер дами бастады да педагогикалық технология «оқытудың технологиясы» деген термин пайда болды.

60-жылдардың аяғы мен 70-жылдардың бас кезінде АҚШ, Англия, Франция, Италия, Жапония т.б. көптеген елдерде оқытудың технологиясын жасау, дамыту жұмыстарымен айналысатын мекемелер жұмыс жасай бастады. Дегенмен, оқыту процесі білім беру процесінің бір ғана бөлігі болып табылатындықтан, «оқытудың технологиясы» терминінің мағыналық аясы өте тар. Мұндай олқылық «тәрбиенің технологиясы», «дамыту технологиясы», «қалыптастыру технологиясы» – ұғымдарына да тән. Қазіргі кезеңде батыста білім беру саласындағы технологияны белгілеу үшін «білім беру технологиясы» – ұғымы пайдаланылып жүр. Осы ұғымның ғана мейлінше аясы кең, білім берудің түрлі салаларында (басқаруда, материалдық жабдықтауда, қаржыландыруда, біліктілікті арттыруда, кадрлар даярлауда, түрлі оқыту мекемелеріндегі оқыту процесінде және т.б.) қолданылатын кез келген технологияны қамти алады. Сондықтан, «білім беру технологиясы» - терминін бүкіл білім беру жүйесін технологияландыру заңдылықтарын зерттейтін ғылыми пәнге қатысты қолданған дұрыс болар еді. Бірақ, әзірше бұл термин көп жағдайда тек мектептегі оқыту процесі төңірегін сипаттауда ғана қолданылып жүр.

«Білім беру технологиясы» – ұғымын мұғалімдер мен оқушылардың білім берудің жоспарланған мақсаттарына бағыттталып, арнайы ұйымдастырылған өзара қарым-қатынас процесі технологиясы ретінде қолданамыз. Білім берудің технологиясына – оқытудың техникалық құралдары, білім беруде қолданылатын ақпараттық технологиялар, қашықтан оқыту да жатады.

Сырттай қарағанда, технологияның әдістемесі мен оқыту үрдісіндегі әдістемелік және технологиялық әдіс-тәсілдер арасында қарама-қайшылық жоқ. Себебі, «оқытудың әдістемесі» – ұғымы «білім беру технологиясы» – ұғымынан әлдеқайда кең. Дәлірек айтсақ, әдістеме «не үшін, неге және қалай оқыту керек?» – негізгі үш сұраққа жауап беруге тырысады. Ал, технология болса, мақсат белгілі болып, оған жетудің нақты іс-әрекетін, жолдарын анықтау қажет болған сәтте ғана іске кіріседі. Олай болса, технология әдістемелік процестің құрамына еніп, әдістемені жүзеге асыруға қызмет етеді деген қорытынды жасауға болады.

Педагогикалық технологияларға барлық елдер ғалымдары қызығушылық танытуда. Шетел зерттеушілері педагогикалық технологияны психология, элеуметтік философия,

басқару және мақсат қою теориясы, техника, қарым-қатынас, аудиовизуалды білім беру және кибернетика элементтерінен тұратын пәнаралық конгломерат ретінде қарастырады.

Сонымен, педагогикалық технологияны – оқыту үрдісін түгелдей қолдану және бағалау, сол сияқты, білімді адамдар мен техника ресурстарын ескеру арқылы білімді игеру, және осы жолда тиімді түріне жету үшін оларды жоспарлаудың жүйелі әдісі ретінде қарастыруға болады.

Білім берудің технологиясы педагогикалық пән ретінде дидактикадан кейінгі орынды алады. Оқытудың технологиясын – қолданбалы дидактика десе де болады. Бір сөзбен айтқанда, оқытудың технологиясы – оқыту іс-әрекетінің әдіс-тәсілдері мен құралдарын ұйымдастыру және қолдану теориясы.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру тұлғаның интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдас тыруына көмектеседі. Қазіргі педагогика жаңалықтарын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу – оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. Осы жолда педагогикалық технология оқыту мақсатына жетудің тиімді, нақты жолдарын көрсетеді. Оқытудың жаңа технологиясы іс-әрекеттің жоспарланған нәтижесіне жетудің шартты тәсілі ретінде қарастырылатын жаңа әдістердің жиынтығынан тұрады. Оның дәстүрлі оқыту технологиясынан ерекшелігі мынада:

- білім алушы тұлғаның интеллектуалды дамуы аз уақыт ішінде қабылдау дәрежесінің жоғары мөлшеріне жетуіне бағытталғандығы;
- білім алушы мен мұғалімнің белсенділігінің сәйкес болуы;
- мұғалім мен білім алушының өзара қарым-қатынасында жауапкершіліктің міндеттілігі.

Оқытудың дамыту функциясы білім алушы тұлғасын жетілдіруге бағытталған арнайы дайындалған кейбір оқыту технологиясында, әдістемелік жүйелері мен әдістерде жүзеге асырылады. Оларға бүгінгі өркендеп келе жатқан жаңа сипаттағы жаңа технологияларды жатқызуға болады. Олар: «Дамыта оқыту технологиясы», «Модульдік оқыту технологиясы», «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы» т.б. жатады.

Әр мұғалім болашақ үшін қызмет істейді. Ол әр оқушыны жеке тұлға ретінде көріп, оның өміріндегі өз орнын табуына, сынып ұғымын қалыптастыруға, ата-аналармен ынтымақтасуға тырысады, оқуда қиындық көріп жүрген оқушыға көмек көрсетеді. Ол үшін жалықпай жаңа инновациялық технологияларды өз жұмысында пайдаланып, сонымен қатар оқушыларды мадақтап, ынталандырып отырғаны орынды.

Қазіргі кезде көпшілік ұстаздар өз тәжірибелерінде сабақ сапасын арттыруда, жақсы білім дәрежесіне жетуде әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып келеді. Оқушыға білімнің білігін, тәрбиенің тәлімін бере отырып, оқушылардың демократиялық қасиеттерін, таңдау бостандығын, өздігінен іздену қабілеттерін, жеке тұлғаны дамыту мақсатында мектеп қабырғасында тек қана оқушылар емес, сонымен қатар ұстаздар қауымы да шығармашылық іс-шараларға белсене ат салысу керек. Әрбір нақты сабақтың сапасы мен тиімділігі оның мақсаты мен нәтижесінің сәйкестігі бойынша анықталуы тиіс. Сабақ барысында мұғалімнің және оқушының іс-әрекеттерінің жиынтығы әрдайым белгілі нәтижеге жетуге қандай жолмен, қандай әдіс-тәсілдер және жұмысты ұйымдастыру арқылы жетудің мүмкіндігі мұғалімнің теориялық және практикалық білім деңгейіне, шеберлігіне, шығармашылық ізденісіне тәуелді. «Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады», – деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, мұғалімнің ізденісі жан-жақтылығы, құзыреттілігі арқылы айқындалады. Әр ұстаз білімін жетілдіру мақсатында жаңа технологияларды, сонымен қатар, көрнекілік әдістерді де қолданудың маңыздығын түсіне отырып, оны оңтайлы қолдана білуі керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз! Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2011 жылғы 28 қаңтар // «Егемен Қазақстан», 29 қаңтар 2011 жыл.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы <http://adilet.zan.kz> сайты. Жаңа педагогикалық технология: оқу құралы. Бұзаубақова К.Ж. – Алматы: Жазушы, 2004. – 208б.
3. Инновациялық педагогикалық технологиялар: оқу құралы. Сарбасова Қ. – Алматы: Атлас баспасы 2001, 2006. – 175б.
4. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде: оқу құралы. Жанпейісова М.М.; Ауд. Қайшыбекова Д.А. – Алматы, 2002. – 180б.
5. Жаңа технологиялар арқылы шығармашылыққа баулу. Әлкен С. // «Қазақстан тарихы» №1 2006 ж.
6. Қарсыбаева Р.Қ. Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту технологиясының ерекшелігі // «45-Минут» №1 2009 ж.
7. Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар. <http://www.akorda.kz/> сайты, 18 қаңтар 2014 жыл.

ӘӨЖ: 37373

Кемербаева Г.А.¹, Байбазарова З.²

«№27 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ тарих пәнінің мұғалімі¹, «№19 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ тарих пәнінің мұғалімі²

БҮГІНГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ

«XXI ғасырда нені оқыту керек және XXI ғасырға оқушыларды қалай дайындайды?» деген мәселе. Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі-оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады.

Қазақстанның жан-жақты дамуының бірден-бір жолы ғылымды әр қырынан меңгеру қажет болып отырғаны белгілі. Елбасымыз Қазақстан халқына «Бәсекеге қабілетті халық үшін», «бәсекеге қабілетті экономика үшін» - деген жолдауында: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдың бірі» -деген. Қазіргі заман талабына сай, Елбасының халыққа Жолдауы білім беру ісінде де жыл сайын өзгерістер енгізіп отыр. «Жаңа технологиялық құзірет» бағдарлай білу өз бетінше білім беруде стратегиялық міндеттерін табысты шешуге мүмкіндік береді: таңдай білу, талдай білу, өзгерте білу, сақтай білу, жеткізе білу, жүзеге асыра білу», - деп атап көрсеткен[4] Осыны жүзеге асыруда жаңа формацияның педагогы қажет. Мұғалімдердің жаңа ұрпағы, білім деңгейі жөнінен әрдайым саналып келгендей, біршама емес, әлдеқайда жоғары болуы тиіс.Бұл-уақыттың талабы. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Ол - балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде жүзеге асырылуы орынды. Жаңа тұлға оқушыны дамыту жолдары: өзін-өзі өзектендіру, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамушы тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған. Демек, мектеп оқушыларының ғылым, білімнің қоғамдық қажетті деңгейі мен қамтамасыз ету, оларды Отандық, ұлттық және әлемнің мәдениет арналарына сусындату қажет.

Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер және жүріп жатқан күрделі жаңғыру үдерісі жағдайында бүгінгі таңдағы түбегейлі мәселе – адамды іс жүзінде қоғамдық дамудың басты тұлғасы ету заңды құбылыс. Мемлекетіміз жүргізіп отырған тіл саясаты бойынша қоғамымыздағы әрбір азаматтың мемлекеттік қазақ тілін тегін үйренуіне толық құқығы бар. Ал білім беру мазмұнында тілді оқытудың маңызы ерекше,

адам тіл арқылы қоршаған ортаны таниды, басқалармен тілдік қарым-қатынасқа түседі, логикалық ойлау қабілеті дамиды, ақпараттар қабылдайды, өз ойын ауызша да жазбаша да жеткізе алу мүмкіндігіне ие болады[1]. Демек ХХІ ғасырдың бастапқы кезеңін басынан кешіріп отырған 130 ұлттан құралған тәуелсіз Қазақстан қоғамы да тіл үйренуі өзекті мәселе болып отыр. Осыған байланысты қазіргі білім мен біліктілікті арттырудың дамуында жаңа тенденциялар байқалады. Негізгі күш тіл үйренушінің тілдік тұлғасын дамытуға, оның қалыптасуы мен жетілуіне жұмсалады. Қазіргі уақытта біліктілікті арттыру жүйесінде мемлекеттік тілді оқытуда жеке тұлғаның өмірі, құқығы мен бостандығы жоғары құндылық болып саналатын Қазақстан Республикасының Конституциясы басшылыққа алынады, білім беруді ізгілендіру мен демократияландыру ұстанымдары анықтайды. Ол «білгір адам» парадигмасын ауыстыратын «білікті тұлға», «қатысымдық тұлға», «құзыретті тұлға» парадигмасы болып табылады[6].

Әлемдік практикада өткен ғасырдың 40-жылдарында қолданысқа ене бастаған «үздіксіз білім беру» термині ересек адамдарға білім беру жүйесі ретінде қарастырылады. Дәстүрлі өмірлік білім беру идеясының орнына өмір бойы білім алу идеясын басшылыққа алудың дұрыстығы заман талабынан туындап отыр. Жеделдете оқыту жүйесі педагогикалық жүйелердің бөлігі бола отырып, адамның белгілі бір деңгейдегі еркіндік дәрежесін жүзеге асырады, яғни оны сол мезетте қажет болатын белгілі бір іс-әрекетке бағыттайды.

Еліміз дамыған елдерден үлгі алуға тырысқан ҚР-сы өз ішіндегі жаңашылдықтарды басқа елдермен тығыз қарым-қатынас жасау арқылы енгізіліп келеді. Америка Құрама Штаттары сондай елдердің ішінде ең маңызды орынға ие. Сонымен қатар Халықаралық PISA, TIMSS Әлем елдеріндегі білімнің азығы – Сингапур, Жапония, Финляндия елдерінің білім жүйесіндегі ерекшеліктерін бір-бірімен салыстыра, білім сапасын көтеру мәселесі қарастырылған. Мұндай реформалау білім жүйесінің жақсаруын, даму динамикасын, эволюциясын көрсетеді және әрдайым болып тұрады [5].

Қазіргі таңда білім, ғылым және мәдениет мәселелерімен айналысатын Халықаралық институттармен де ынтымақтасу өте маңызды. Олар өте көп және олардың көбісі ЮНЕСКО басшылығымен жұмыс атқарады. Сонымен қатар Қазақстанда жұмыс жүргізіп жатқан шетел оқу-ағарту бағдарламалары да Қазақстан білімін реформалауға әсерін тигізбей қоймайды.

Қазіргі таңда Қазақстан бүкіл әлемдік білім кеңестігіне ену табалдырығында. Өмір ағымына қарай білім беру жүйесінің моделі күрделі өзгерістерге ұшырап отыр. Сондықтан заман талабына сай жаңа мазмұнда білім беруді ұйымдастыру 12 жылдық оқытуға көшумен тікелей байланысты. Ондағы өзекті мәселе әлемдік білім кеңестігіне шығудағы Қазақстанның жаңа ұлттық білім моделін қалыптастырудың тиімді жолын анықтауында.

12 жылдық мектепке көшуге байланысты жұртшылық арасында «Бір жыл қосқанда не өзгереді? Бұл мемлекеттік бюджетке артық жүктеме түсіреді. Жеткіншек текке мектепте бір жыл артық отырып қалады» деген секілді көптеген сұрақтар туындап, екі түрлі пікір пайда болған еді. Ресми көзқарас 12 жылдық оқуды қолдады, ал бейтарап жұртшылық пікірі оған қарсы болады. Осындай болашақты бағамдайтын маңызды үлкен шара мерзімді басылымдар мен теледидар беттерінде, жиылыстар мен конференцияларда жан-жақты талқыланды. Нәтижесінде Үкіметтің шешімімен «12 жылдық білім беру тұжырымдамасы» қабылданды, оған сәйкес оқу бағдарламалары мен байқау оқулықтары жазылып, эксперименттік тексеруден өткізілуде.

Жалпы білім беретін орта мектептегі оқу мерзімін неліктен бір жылға ұзартуымыз керек? Дүние жүзі елдері, атап айтсақ, барлық елдердің 80 пайызы 12 жылдық оқу жүйесімен жүреді. Аса дамыған елдерде, Мысалы, АҚШ-та, Англияда, Швейцарияда, Канадада, Германияда орта жалпы білім беру ұзақтығы 12 не 13 жыл, ал Жапонияда, Италияда-12 жыл. Шет елдерде біздің орта білім туралы құжатымыз-аттестатымыз танылмай отыр. Екіншіден, шет ел мектептерінде 12-13 жылда оқитын білімді біз 11 жылға сиғызып береміз. Сондықтан қазір 11 жыл оқитын балаларға оқу жүктемесі көп түседі. Жоғары сыныптарда, өз қалауымен пәндерді таңдап оқу уақытын қоса есептегенде, оқушыға түсетін оқу жүктемесі 36 сағат

емес, 41-42 сағатқа жетті. Егер 12 жылдық мектепке көшетін болсақ, оқу жүктемесі біршама жеңілдейді[3].

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, білім берудің жаңа сапасына қол жеткізу 12 жылдық жалпы білім беретін мектептер жағдайында мүмкін болады, ол білім туралы құжаттардың айырбасталуын, бейіндік оқытуды, көп тілдікті қамтамасыз етеді.

Қазақстанда 12 жылдық білім беруге көшуді 6 жастан бастау көзделеді, бұл жас мектепте білім алуға неғұрлым қолайлы, адам дамуының физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес деп есептеледі. Бастауыш мектепте оқу жүктемесін ұлғайтпай-ақ, шетел тілі мен информатика негіздері енгізіледі. Негізгі мектепте базалық білім беру 10-сыныпта аяқталады, біріктірілген курстар, алдын ала бейіндік даярлау енгізіледі[2].

11-12 сыныптарда әлеуметтік-гуманитарлық, жаратылыстану-ғылыми және техникалық бағыттар бойынша бейіндік даярлау алдындағы жұмыстар міндетті болып есептеледі. Кәсіптік мектептер мен лицейлерде білікті жұмысшы кадрларды даярлау жүзеге асырылады. Бұдан да жоғары біліктілік алу үшін қосымша бір жылдық оқу мерзімі көзделіп отыр.

Орта білім берудің мазмұны мектеп бітірушінің дербес және лайықты өмір сүруі, білім алуын едәуір жоғары деңгейде жалғастыруы немесе еңбек рыногында өзінің орнын табуы үшін құрылады. Бұл жерде мемлекеттің 12 жылдық ақысыз білім беруге кепіл болатынын айту керек.

Тағы бір үлкен мәселе, ол 12 жылдық мектептердің құрылымы туралы. Дүниежүзі елдері тәжірибесінде әр елдің, әр мемлекеттің өзіне тән орта білім жүйесі мен мектеп үлгісі, орта мектептердің әрқайсысының қалыптасқан өзіндік ішкі құрылымы бар. Мұны төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте 1 Жалпы орта білім беретін мектептердің құрылымы

Елдер	Мектепсатылары / Білім беру ұзақтығы		
	Бастауыш	Негізгіжалпығаміндетті	Орта жалпы
Венгрия	4	8	12
Болгария	4	9	12
Куба	6	9	12
Өзбекстан	4	9	12
Чехия	4	9	12
Швеция	6	9	12
Жапония	6	9	12
РесейФедерациясы	4 (3)	9 (10)	11 (12)
Германия	4 (6)	9 (10)	12 (13)
Литва	5	10	12
АҚШ	6	10	12
Франция	5	10	12
Эстония	5	10	12
Ұлыбритания	6	10 (11)	12 (13)
Қазақстан (бүгін)	4	11	11
Қазақстан (келешекте)	4	10	12

Жалпыалғанда, дүниежүзіелдерінде орта мектепұшсатыдантұрады: бастауышоқу 3-6 жылдық, негізгі орта мектеп 3-6 жылжәнежоғары орта мектеп 2-4 жыл. Біздіңелде 12 жылдықмектептердіңбастауышсатысы 4 жылдықболадыдепшешілді. Тарихи зерттеулер нәтижесі Қазақстанда әр кезеңде де мектептегі оқу мерзімінің жоғары сатыдан ұзарып отырғанын көрсетеді. Еңалдымен, елімізде 4 жылдық бастауыш мектеп құрылған. Содан кейін барып, екі сатылы 7 жылдық мектептер ашылған. Ал, соңғы 50 жылда жалпы білім беретін мектептер 7 жылдықтан 8 жылдыққа ауысты, одансоң 9 жылдық, 10 жылдық, 11

жылдық мектептер құрылды. Бүгіндері ел алдына, оқу-білім қызметкерлер іалдына 12 жылдық оқуға тиімді көшу мәселесі қойылып отыр.

Дүниежүзінде міндетті негізгі білім жүйесі де әртүрлі. Мысалы, Германияда барша оқушыға алғашқы 4 жылдық оқуғана міндетті деп айтуға болады, өйткені одан әрі балалар өз қалаулары және қабілеттеріне қарай оқуларын кәсіптік мектептерде жалғастыра береді [6].

Францияда 5 жылдық элементар мектепті бітірген бала оқуын жалпы білім беретін 4-5 жылдық колледждерге жалғастырады. Жалпы айтқанда міндетті оқу мерзімдері түрліше: 8 жылдық (Италия, Венгрия, Канада), 9 жылдық (Швеция, Жапония, Куба, Болгария, Чехия, АҚШ) және т.б. Барлық оқушыларға 11-12 жылдық білім беруді ешбір ел міндетіне алып отырған жоқ. Зерттеу барысында 20-дан астам елдің 55 пайызында міндетті оқу-9 жылдық, 32 пайызында 10 жылдық, қалғандарында 8 жылдық.

Дүниежүзі елдері мектептерінің біразында жоғары мектепке оқушылар оқу үлгеріміне қарай және мектеп берген мінездеме негізінде арнайы мемлекеттік комиссияның шешімімен қабылданды[5].

Өз ойым бойынша, Болон конференциясына кіруге ұмтылу, білім беру саласының әлемдік стандартқа сай келуі үшін 12 жылдық білім жүйесін қабылдау қажеттігі-өмір талабынан туындап отыр. елбасының мемлекеттік саясатын қолдай отырып, экономиканы, экологияны жақсартуға арналған талаптар да қазіргі кездегі білім, ғылым жүйесіндегі үлкен өзгерістерге бағыт-бағдар беруде. Мемлекетіміздің ғаламдық саясатта үлкен беделге ие болумен бірге, саяси-экономикалық жағынан тұрақтануы білімнің сапасын арттыруға ықпал етуде.

Білім беру саласындағы бағдарлы мектептердің пайда болуы, лицей, мектеп-гимназиялардың білім беру жүйесін жаңа деңгейге көтеру үшін жүргізіп жатқан жұмыстары, ондағы оқытудың жаңа әдістері-дистанциялық оқыту, электронды оқыту жүйесі, тағы басқалары да елеулі жетістігіміз[1].

Адамзат дамуының тарихи және әлеуметтік тәжірибесі дүниетаным, шығармашылық, терең білімділіктің негізі – тіл екендігін де көрсетті.

Елімізде "Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған" Жол картасы бекітілгелі, Қазақстан мектептері алдында үш тұғырлы тіл білім беру жүйесіне 2018-2019 оқу жылынан бастап көшу талабы қойылғаны ел есінде. Тіпті, бұл жүйеге көшу толығымен 2023 аяқталуы тиіс. Осы ретте, бұл істің кезең-кезеңімен жүргізілетінін облыстық білім басқармасының қызметкерлері де айтады. Бүгінгі күні өңіріміз білім саласындағы үш тұғырлы тіл саясатын 2007 жылдан бастап қолға алып келеді. Мәселен, қазіргі таңда 19 мыңнан астам бүлдіршін 193 балабақша мен 182 шағын орталықтарда мемлекеттік тіл мен орыс және ағылшын тілінде білім алуды бастап кеткен.

Білім берудің жаңа парадигмасы бойынша, күннен күнге кең етек алып отырған білімді жүйелі түсіндірумен бірге, өз бетінше ізденіс әдістеріне басты назар аудару да орын ала бастаған. Бұл білім берудің әлемдік стандарттарына сәйкес келеді. Мұндағы ең басты міндет-оқушы алған білімін өз бетінше дамытып, іс-жүзіне асыруға қабілетті тұлға ретінде қалыптасуын ұйымдастыру.

Білім, ғылым жүйесіндегі реформа әр кезде әр түрлі деңгейде жүргенмен, тұтастай алғанда, бүкіл білім жүйесінің құрылымын өзгертті. Бұл мемлекеттің қалыптасуына, зиялы қауымның психологиясының өзгеруіне және ғылымның дамуына үлкен үлес қосуда. Қазіргі ойлау жүйесінің бостандығы ғылым мен білім жүйесі дамуының алғышарты болып табылады.

Тарихымыздың түбегейлі жаңаруы, ана тіліміздің ғылыми тілге айналуы да бүгінгі таңдағы үлкен жетістіктеріміздің қатарын толтырады. Білім берудегі негізгі мақсат-оқушыларды елжандылыққа баулу, өз Отанының патриоты болуға, жеке тұлғалардың қалдырған жалынды ойлары мен толғандыратын мәселелерге бағдарлау екені кім-кімге болса да айқын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қ.Р. «Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы».
2. Қазақстан Республикасының « Білім туралы » Заңы. Алматы 2008 ж.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011- 2020жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2010жыл.
- 4 Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан халқына Жолдауы». Елбасының «Қазақстан жолы» – 2050 Астана
- 5 Қазақстан мектебі. №12 Алматы. 2010ж
6. Қазақ тарихы. Ғылыми әдістемелік журнал №2 2015

ӘОЖ378.

Оралбекова Б.С.

аға оқытушы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

ТҮЛҒАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖАҢА КӨЗҚАРАС

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып жатыр. Осыған орай Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «бізге экономикалық қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет» делінген.[1] Сол білім беруді дамыту ісі жеке тұлғаға мәдени-тарихи құндылықтарды, нормалар мен дәстүрлерді , білім берудің арнайы таңдап алынған мазмұны мен нысандарын беру болып табылады. Нәтижелі білім алудың мәнісі сол, мұнда студенттің іс-әрекеті оның жеке басының әлеуметін іске асыруға негізделген және оның оқытылатын пәндер мен салаларға сәйкес келетін білім алуын талап етеді.

Сондықтан студенттердің алдында өмірге жан - жақты дайындалған, еңбек сүйгіш, ынталы, шығармашылықпен ойлайтын, интеллектуалдық және адамгершілік тұрғысынан бай, жоғары білімді жеке тұлғаны оқытып, тәрбиелеу қажеттігін дамыту мәселесі тұр [2].

Қазіргі таңдағы өзгерістер қоғамның шығармашыл әрекет пен шығармашыл тұлғаға мұқтаж екенін күнделікті өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Сондай басым бағыттардың бірі - жеке тұлғаға бағытталған білім беру.

Жеке тұлғаға бағытталған білім беру дегеніміз педагогикалық іс әрекеттің әдіснамалық жаңа бағыты, яғни баланың қайталанбас дара тұлға ретінде өзін- өзі тануын, өзін - өзі жетілдіре отырып дамытуын қамтамасыз ететін өзара тығыз байланысты идеялар, түсініктер және іс - әрекеттер жиынтығы.

Соңғы он жылдықта біздің қоғамымыздың қоғамдық-саяси және экономикалық шарттары білім және тәрбие берудің парадигмасының өзгеруіне алып келді. Авторитарлық-технократиялық парадигманың орнына білім және тәрбие беру ісінде гуманитарлық жеке тұлғаға бағытталған парадигма келді. Бұл жаңа парадигма студенттің толық тұлғалық дамуына бағытталған, оның өз бетімен оқуын дамыту, шешім қабылдай алу қабілеті, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Тұлғаға бағытталған жаңа көзқарас түсінігін айқындау үшін негізгі үш мәселеге тоқтала кеткеніміз жөн.

1. Тұлғаға бағытталған көзқарас ұғымын ашатын негізгі түсініктер:
 - адамның даралық ешкімге ұқсамайтын өзіндік ерекшелігі;
 - жеке тұлғаның үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік болмысы;
 - тұлғаның өзіне тән қасиеттері мен мүмкіндіктерін таныту үрдісі",
 - өзін және қоршаған ортаны тануда саналы, шығармашылық белсенділік көрсететін жеке тұлға әрекеті;
 - мендік тұжырымдаманың болуы;

- педагогикалық қолдау студенттің білім алуына, өмірлік, кәсіби өсуіне, психикалық қарым - қатынас бойынша алдын ала көмек беру іс әрекеті.

2. Студенттерге білім беру құрылымының негізгі ережелері мен бастапқы жағдайы:

- өзін - өзі белсендіретін тұлға ұстанымы;
- дарашылық ұстаным;
- субъектілік ұстаным;
- таңдау ұстанымы;
- шығармашылық табыс ұстанымы.

3. Технологаялық бөлік. Оған мыналар жатады:

- шығармашылық іс- әрекетке шақыру;
- студенттің жеке басының дамуын қолдау;
- студенттердің өз бетінше шешім қабылдауына, білім алудың мазмұны мен жолдарын

таңдауға еркіндік беру.[3]

Жоғарыда аталған түсініктемелер тұлғаға бағыттап оқытудың сипаттамасын айқындауға мүмкіндік береді, яғни жеке тұлғаға бағыттап оқыту дегеніміз студенттің қажеттіліктерін, ерекшеліктерін, іс әрекетін ескеретін, жан жақты, яғни интеллектуалды ойлау қабілетін, өз бетінше шешім қабылдай алатын, шығармашылық қабілетін дамытатын тұлғаның «мәдениетаралық қарым -қатынас субъектісін» қалыптастыру.

Жеке тұлғаға бағытталған оқыту — бұл жеке тұлғаның белсенділігіне жету. Барлық оқу процесін белсенділендіру жоспарында ең маңыздысы практикалық сабақтарда берілген мүмкіндіктерді барынша қолдану.

Жеке тұлғаны дамытуға бағытталған оқыту студенттерге ғылым негіздеріи үйретіп қана қоймай, әр оқушының бейімділігін анықтап, тұлғалық негізіне қарай білім беріп, табиғи қабілетін зерттеу арқылы оны болашақ мамандығына сәйкестендіру. Педагогикалық технологияда осы күнге дейін жеке тұлғаға бағытталған оқытудың мәнін анықтауда түрлі пікірлер болды. Тұлғалық көзқарас тұрғысы көптеген ғалымдардың күрделі нысанасы-тұлғаның өзі де сияқты бір ғана ұғыммен айқындалмайды.[2]

Жеке тұлғаға бағытталған оқытудың моделін құру үшін келесі түсініктерді айыруды қажет деп есептейді:

- түрлі дәрежелі амал - түрлі дәрежелі бағдарлама материалының қиындығына бағытталған болуы тиіс;
- өзгешілік амал - студенттің сыртқы ерекшелігі: білімі,
- қабілеті, білім беру орталығының типі бойынша бөлу;
- жекеше амал- студенттің біріңғай топ бойынша: үлгерімі,
- қабілеті, әлеуметтік-кәсіби ағымына қарай топтау;
- субъекті-жекелі амал - әрбір студентке жақын қарым қатынаста болу.

Жеке тұлғаға бағыттап оқытуда білім алушының жеке басы бірінші орында тұрады.

Әрбір адам тұлға бола отырып, бір жағынан жеке тұлға, екінші жағынан әлеуметтік типтік тұлға, яғни әлеуметтік маңызды сипаттарды қамтушы болып табылады.

Жеке тұлғаға бағыттап оқытуды Ариян М.А. былай дейді: «студенттер өздерінің әр түрлі параметрлері бойынша бөлінеді: оқу деңгейі, оқуға деген талпынысы, тілді меңгеруі, топта шетел тілінде қарым-қатынас жасай білуі, интеллектуалдық қабілеттері, шетел тілін оқуға деген мотивациялары». Ал И.Л. Бим жеке тұлғаға бағыттап оқытуды жеке тұлғаның құрылымы арқылы түсіндіреді және оны мәдениетаралық қарым-қатынаспен салыстырады. Жеке тұлғаға бағыттап оқыту студенттің мәдениетаралық қарым-қатынастың барлық компоненттерін игергенде жүзеге асады деген тұжырым жасайды.

Жеке тұлғаға бағыттап оқытуға Алексеев Н.А. келесі анықтаманы береді: Оқытудың мақсаты болып студенттің өзіндік ерекшеліктері деп, оның өзін-өзі бағалауы, яғни оқу процесінің субъективтілігін айтамыз. Жеке тұлғаға бағыттап оқыту - бұл оқу субъектісінің ерекшеліктерін ескеру ғана емес, сонымен қатар оқу шарттарын ұйымдастырудың басқаша әдіснамасы, оның өзіндік жеке функцияларын «өндіруді» айтады.[2]

Жоғарыдағы айтылған ойларды басшылыққа отырып, жеке тұлғаға бағыттап оқытудың сипаттамасын былайша қорытқым келеді: әрбір студенттердің ерекшеліктерін, қажеттіліктерін ескере отырып, оның оқу процесінде жан-жақты дамуын жүзеге асыру болып табылады, яғни тұлғаны оқытудың соңғы нәтижесі мәдениетаралық қарым - қатынасқа жету. Жеке тұлғаға бағытталған амалды қазіргі заманғы теория және парадигма ретінде қарау, білім беру жүйесінің барлық компоненттеріне әсер ететін (мақсатты, технологиялық, ұйымдастырушылық, прагмо-нәтижелі және т.б.) студентті оқу процесінің басты орталығы ету қажет, оқу әрекетінің белсенді субъектісі, жеке тұлғаның жан-жақты дамуын, студенттің барлық тұлғалық сипатын белсенділендіру, әсіресе, оның интеллектуалдық жағын, типологиялық ерекшеліктерін, мінезін, коммуникативтік қабілетін.[3]

Жаңа парадигмаға сай оқу процесінің орталығында студенттердің қажеттіліктері, қабілеті, мүмкіншіліктері тұрады. Студент мұғаліммен қатар оқу әрекетінің субъектісі ретінде танылады, ал мұғалім - ұйымдастырушы, кеңесші, әріптес болып табылады, яғни студент іс-әрекетінің педагогикалық көмекшісі болып табылады. Жеке тұлғаға бағытталған парадигма оқу жүйесінің барлық компоненттерін қамтиды.

Жеке тұлғаға бағытталған парадигма шетел тілін меңгеру үшін оқытудың барлық маңызды қазіргі заманғы амалдарына сәйкес келеді:

- әрекетшіл (адам іс-әрекет арқылы дамиды);
- әлеуметтік-мәдени (білім - бұл адамның мәдениетке енуі, айналуы);
- коммуникативті-когнитивті (қатынас және таным білім алудың негізгі әдістері);
- біліктілігі (тәжірибеге бағытталған білім берудің нәтижелі мақсатты бағытын анықтайды);
- ортаға бағытталған (тиімді білім беру орталығын жобалауға мақсатталған).

Студенттердің алған іскерліктері мен білімі, олардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктері, олардың жеке психо физиологиялық ерекшеліктерін ескеру педагогикалық біліктілік болып табылады. Сондықтан педагогикалық процесте оқу жоспарын және бағдарламаларын құруда жеке тұлғаға бағыттап оқытудың ерекше маңызы бар. Осы қаралған мәселе жеке тұлғаға бағыттап оқытуға оқыту үрдісіндегі тұлғалық бағыттылықты қалыптастырудың сипаттамасын беріп қана қоймай, сонымен қатар білім беру мекемелерінде оқытудың жаңа амалын қолдануға мүмкіндік береді және жеке тұлғаға бағытталған парадигма мектепті жаңартуға әдіснамалық негіз болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2006ж.
2. Мұсабеков Ө. Тұлғаға бағытталған білім. Қазақстан мектебі. 2007/1.
3. Алексеев Н. А. Личностно-ориентированное обучение: вопросы и практики: Монография.- Тюмень: Изд-во ТГУ, 1996.-216б.

УДК: 33

Орынканова Ж.М., Турусбекова А.С.

Государственный университет имени Шакарима города Семей
Казахстан, г.Семей

ГЕНДЕРНОЕ НЕРАВЕНСТВО В ВЫСШЕМ ОБРАЗОВАНИИ

Мировое сообщество, вступив в третье тысячелетие, так и не сумело решить проблему гендерного неравенства. Этот вопрос в своих исследованиях тщательно рассматривают зарубежные авторы, однако в Казахстане эта проблема не изучается столь крупно. В результате гендерная сегрегация носит скрытый характер, создавая «стеклянные» стены и потолок в реализации карьерной стратегии [1].

На современном этапе развития общество динамично развивается, но несмотря ни на что сохраняются стереотипы в разделении труда по половой принадлежности, существует разделение отраслей хозяйственной деятельности на «женские» и «мужские». Согласно статистическим данным, женщины составляют значительную часть трудовых ресурсов, обладая при этом высоким уровнем образования, что предполагает их существенный вклад в развитие экономики. При этом реально существующие гендерные стереотипы оказывают влияние на положение женщин на рынке труда, сопровождаются снижением их социального и профессионального статуса.

Одной из «женских» отраслей в экономике на протяжении многих лет является образование – эта сфера характеризуется рядом привлекательных для женщин факторов – относительно свободной занятостью, постоянством и длительностью трудового отпуска, социальной защищенностью. Но и в этой сфере, согласно статистике наблюдаются характерные для рынка труда в целом явления гендерной асимметрии [1].

Феминизация профессии характерна для всех уровней образования. В сфере высшего и послевузовского образования, в среднем двое из трех преподавателей - женщины (63% от общей численности) [2]. Соотношение мужчин и женщин на руководящих постах в сфере образования при этом кардинально отличается. Если в начальной и средней школе доля женщин-руководителей составляет - 57,8%, то уже в высшей школе лишь 14,4%. Такая же картина наблюдается и в структуре должностей, если женщин-доцентов в высших учебных заведениях республики 57% и мужчин – 43%, то женщин-профессоров уже значительно меньше – 34%. Что касается ученой степени, то женщин, имеющих степень кандидата наук, 60% и мужчин – 40%, а среди докторов наук доля женщин составляет 39% [3].

С чем связан такой разрыв? Это обусловлено целым рядом объективных причин. Это связано с конкуренцией с мужчинами – учеными, так называемый «эффект Матильды», и объективно существующими трудностями, которые связаны с ролью женщины в семье, воспитанием детей. Женщине необходимо одновременно быть «хранительницей очага», матерью, и в то же время, пытаться реализовать себя в профессиональной деятельности, построить успешную карьеру. В итоге мужчинам намного легче удается совмещать профессиональные и семейные обязанности, так как над ними не довлеют гендерные стереотипы. Согласно данным женщины, которые стремятся реализовать себя на профессиональном поприще, терпят «фиаско» в частной (личной) жизни. Об этом говорит увеличение доли одиноких и разведенных женщин, а также уменьшение количества детей в семье, по мере повышения научного статуса и профессиональной ролевой позиции [1].

Ситуация феминизации образования связана с уровнем заработной платы, так как образование, к сожалению, до сих пор остается одной из низкооплачиваемых сфер деятельности. В связи с чем, она остается не привлекательной для мужчин. В целом, до сих пор существует и асимметрия в уровне оплаты труда женщин и мужчин. Соотношение заработной платы женщин и мужчин в 2015 году составляет 65,9%, что ниже уровня 2009 года. Однако в системе образования разрыв не столь критичен и среднемесячная номинальная заработная плата мужчин составляет 82284 тенге, а у женщин – 76000 тенге.

Таблица 1. Соотношение среднемесячной номинальной заработной платы женщин и мужчин, в %

	2011	2012	2013	2014	2015
Отношение заработной платы женщин к заработной плате мужчин по всем видам деятельности	68	70	68	67	66
Отношение заработной платы женщин к заработной плате мужчин в системе образования	92	93	95	95	92

Данные таблицы позволяют говорить о реальной возможности преодоления гендерного неравенства в системе образования.

